Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті

ӘОЖ 94”1931/1933”(574.3) Қолжазба құқығында

САҚАБАЙ ТОЛҚЫНАЙ ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ

Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық тарихы: себептері, оқиғалар барысы, зардаптарын жою амалдары

8D02202 – Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
т.ғ.д., профессор
Сактаганова З.Г.
Шетелдік ғылыми кеңесші:
т.ғ.д., профессор
Лысенко Ю. А. (Барнаул қ. Ресей Федерациясы)

Қазақстан Республикасы
Қарағанды, 2026

МАЗМҰНЫ

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР..... 3

КІРІСПЕ..... 4

1 АШАРШЫЛЫҚ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ..... 20

1.1 Ашаршылық проблемасын зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері..... 20

1.2 Мәселенің тарихнамасы..... 35

1.3 Деректер базасының сипаттамасы..... 59

2 ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930- ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН СЕБЕПТЕРІ..... 76

2.1 1920-жылдардың II жартысы – 1930 жылдардың басындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау..... 76

2.2 Орталық Қазақстандағы қазақ ауылдарында байларды тәркілеу науқаны..... 94

2.3 Орталық Қазақстандағы ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру үдерістері..... 114

3 ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ..... 135

3.1 Ашаршылық сипаты мен ауқымы, халықтың аштықтан аман қалу стратегиялары..... 135

3.2 Ашаршылықтың экономикалық, әлеуметтік-демографиялық салдары..... 163

3.3 Ашаршылық зардаптарын жою амалдары..... 194

ҚОРЫТЫНДЫ..... 216

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ..... 219

ҚОСЫМШАЛАР..... 239

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ААК	– Аудандық атқару комитеті
АОМА	– Абай облысы мемлекеттік архивы
АТЖ	– азық-түлік жетіспеушілігі
БКП(б) ОК	– Большевиктердің бүкілодақтық коммунистік партиясы
БОАК	– Бүкілресейлік орталық атқару комитеті
ЖШИ БК	– Жұмысшы-шаруа инспекциясының бақылау комиссиясы
КСРО ХКК	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Халық комиссарлар кеңесі
КСРО ОАК	– Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Орталық атқару комитеті
НАМА	– Нұра аудандық мемлекеттік архивы
ОАМА	– Оскаров аудандық мемлекеттік архивы
ОГПУ	– Объединенное государственное политическое управление (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма)
РКФСР	– Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы
РКФСР ХКК	– Ресей Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасы Халық комиссарлар кеңесі
РҚЗТМА	Ресей қазіргі заман тарихы мемлекеттік архивы
Қазақ АКСР	– Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы
Қазақ АКСР ХКК	– Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Халық комиссарлар кеңесі
Қазақ АКСР Сауда ХКК	– Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы сауда халық комиссарлар кеңесі
ҚАКСР ОАК	– Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық атқару комитеті
ҚАМА	– Қарқаралы ауданы мемлекеттік архивы
ҚОМА	– Қарағанды облысы мемлекеттік архивы
ҚР ОМА	– Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивы
ҚР ПА	–Қазақстан Республикасы Президент архивы
РҚЗТМА	– Ресейдің қазіргі заман тарихының мемлекеттік архивы
ТОЗ	– Товарищество по совместной обработке земли (Жерді бірлесіп өңдеу бойынша серіктестік)
ҰОМА	– Ұлытау облысының мемлекеттік архивы
ШАМА	– Шет ауданы мемлекеттік архивы

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыста архив құжаттары, мерзімді басылым материалдары, ғылыми зерттеулер, ашаршылық куәгерлерінің жарияланған естеліктері мен сұхбат материалдары негізінде Орталық Қазақстан аймағындағы 1930-жылдардағы ашаршылықтың алғышарттары, себептері, әлеуметтік-экономикалық салдары, халықтың аман қалу жолдары, ашаршылықтың салдарын еңсеру шаралары талданады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. 1930-жылдардың бірінші жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік, демографиялық және рухани дамуында орны толмас зардаптар әкелген ашаршылық тарихы жүйелі, жан-жақты қарастыруды талап етеді. Бұл туралы Президент Қ.К. Тоқаев: «Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырды. Тиісті тарихи құжаттарды жинап, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек» - деп атап өтті [1]. Сондықтан еліміздің аумағы мен ондағы түрлі табиғи-климаттық жағдайдарды ескере отырып, ашаршылық тарихын нақты өңірлер мен аудандар бойынша зерттеу маңызды.

Бұл өзекті мәселе тек XX ғасырдың 80-жылдарының соңында ғана концептуалды тұрғыда қарастырылып, зерттеу нысанына айналды. Осы уақытқа дейінгі жарияланған архивтік құжаттар жинақтары, тарихнамалық материалдар талдауды, түсінуді және жүйелеуді және оқиғалар барысын өңірлік аспектіде реконструкциялауды талап етеді.

Қазақстандағы 1930-жылдардағы ашаршылықтың өңірлер бойынша ерекшеліктері, соның ішінде Орталық Қазақстандағы себептері, барысы және салдары жүйелі түрде қарастыруды талап етеді. Сонымен қатар отандық тарихнамада мәселенің өңірлік әлеуметтік-экономикалық, демографиялық және этномәдени ерекшеліктері мен сипаты жеткілікті деңгейде ашылмаған.

Орталық Қазақстан аймағының көшпелі мал шаруашылығына негізделген экономикасы, табиғи-климаттық жағдайы, әкімшілік-аумақтық құрылымы ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіру саясатының салдарын тереңдете түсті. Осы тұрғыдан алғанда, ашаршылық тарихын өңірлік материалдар негізінде зерттеу, кеңестік кезеңдегі әлеуметтік саясаттың салдарын түсінуге мүмкіндік береді. Зерттеудің өзектілігі тек өткенді тану мен болашаққа бағдар берумен ғана емес, сонымен қатар тарихи сабақ алу қажеттілігімен де байланысты. Ауыл шаруашылығы саласында реформаларды іске асырып, дамытуда өткеннің қателіктерін ескеру болашақта осындай апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда ашаршылық тарихын зерттеу – тек тарих ғылымының ғана емес, жалпы қоғамның стратегиялық мүддесіне қызмет ететін маңызды мәселе болып табылады.

Мәселенің зерттелу деңгейі. Теориялық-методологиялық тұжырымдар, тарихи деректерді пайдалану деңгейлеріне байланысты жарыққа шыққан

зерттеулердің кешені негізінде қарастырылып отырған проблеманың тарихнамасы үш топқа, топтар ішінде кезеңдерге бөліп қарастырылады: *шетелдік; кеңестік (соның ішінде Қазақ КСР зерттеушілері еңбектері); қазіргі отандық (1991 ж. бастап жарияланған отандық зерттеушілердің еңбектері)*.

Ашаршылық мәселесінің зерттеу тарихнамасын топтарға, оның ішінде кезеңдік құрылымдарға бөліп, жіктеп, жүйелеп қарастыру мәселені ғылыми тұрғыда жүйелеуге, әр кезеңдегі зерттеу ерекшеліктерін салыстырып бағалауға мүмкіндік береді.

1) шетелдік; Шетелде алғаш рет КСРО-дағы 1930-жылдардағы ашаршылық туралы мәліметтерді ағылшын журналисті М. Маггеридж [2], саяхатшы, фотограф, журналист Э. Майар [3], чех, неміс инженер, жұмысшылар хаттарында [4] жариялайды. Батыстық тарихнамада кеңестік ұжымдастыру мәселесін қарастырған авторлар ретінде қазақстандық зерттеушілер, 1934 ж. У.Х. Чамберлен, 1936 ж. А. Эвальдты [5] көрсетеді. Бұдан кейінгі зерттеулердің үзіліп қалуына кеңес ғалымдарымен ғылыми байланыстың болмауы, «қырғи қабақ соғыс» әсер еткені айтылады [6].

Қазақстандық тарихнамада американдық ғалым Д. Далримплдың 1964 ж. «Советский голод 1932-1934 годов» [7] мақаласы жарық көргені болмаса, 1980-жылдарға дейін ашаршылық тақырыбына байланысты проблемалар ғылыми зерттеулерде көрініс таппағаны атап өтіледі.

1980- жылдардың басы – 1990-жылдардың соңында шетелде КСРО-дағы ұжымдастыру, шаруалар тарихына қатысты М. Олкоттың [8], Р. Конквесттің [9], Л. Виолланың [10], Ш. Фицпатриктің [11,12] зерттеулері жарыққа шығады. Оларда аштыққа алғышарт болған ұжымдастырудың тарихы зерттелді. Бұнымен қоса Шығыс Азия елдерінің, оның ішінде Жапония және Оңтүстік Корея зерттеушілері де ұжымдастыру тарихына назар аударады. Жапон зерттеушісі Х. Окуда [13], Оңтүстік Кореялық тарихшы К. Ч. Чжин [14] еңбектерінде ұжымдастыру үдерісіндегі мемлекеттік биліктің рөлін және ұжымдастыру мен экономикалық саясат үдерісіне назар аударып, ашаршылықты ауыл шаруашылығындағы құрылымдық өзгерістердің салдары ретінде қарастырады.

1990-жылдар соңы - 2000-жылдары ашаршылық құбылысын зерттеудің географиясы ұлғайып, Қазақстандағы ашаршылық мәселесін жеке зерттеу нысаны ретінде қарастыратын зертттеулер пайда болды.

Американдық, еуропалық зерттеулердің қатарына И. Огайонның [15], Р. Дэвис пен С. Уиткрофттың [16], Н. Пианчоло [17-20], Р. Киндлер [21], С. Камерон [22], М.Таугер [23] еңбектерінде аштықтың себептерін анықтауға, оның экономикалық және әлеуметтік алғышарттарына ерекше назар аударылды. Ал, Т. Мартин [24], А. Грациози [25], М. Пейн [26] А. Томас [27] зерттеулері Қазақстандағы ашаршылық тек экономикалық немесе табиғи апат емес, орталық биліктің құрылымдық шешімдері, ұлттық саясат пен репрессивтік шаралардың нәтижесі болғанын көрсетеді. Шыққан тегі түрік

американдық зерттеуші М.В. Кашикчи зерттеуінде мәдени жад, аштық кезіндегі адамдардың тәжірибесіне назар аударады [28].

Ашаршылық тарихы бойынша жақын шетелдік, оның ішінде посткеңестік елдер қатарына негізінен Ресей, Украина, Қырғызстан, Өзбекстан зерттеушілерінің еңбектері қарастырылды. Ресейлік зерттеушілер ішінде ашаршылықты бұрынғы КСРО халықтарының трагедиясы ретінде одақ шеңберінде қарастырып, ғылыми тұрғыдан түсінуге И. Е. Зеленин [29], В.П. Данилов [30], Н. А. Ивницкий [31] үлес қосты. Кейінгі жылдары В.В. Кондрашин [32-33], Г.Е. Корнилов [34], А.П. Козлов [35-37], А.В. Грозин [38-39], Ф.Л. Синицын [40], Д.Н. Верхотуров [41-42] зерттеулері жарияланды.

Сонымен қатар ресей тарихнамасында 1990-2000 жылдар аралығындағы «архивтік революция» нәтижесінде 1930-жылдардағы ұжымдастыру, саяси-шаруашылық науқандар мен ашаршылық тарихына қатысты құжаттық материалдар жинақтары жарыққа шықты [43-46]. Бұл құжаттық жинақтарда 1990-жылдары ірі ресейлік архивтардағы құпия, қолжетімсіз болған құнды құжаттар ғылыми айналымға енгізілді.

Украиндық авторлардың ішінде С.В. Кульчицкий кеңестік аграрлық саясаттың тоталитарлық сипатын талдап, 1930-жылдардағы ашаршылықты мемлекеттік зорлықтың нәтижесі ретінде қарастырды [47].Ал, Н.М. Кузовова [48], Чарльз МакГрат қазақстандық Н.Ибадильдинмен [49] бірге жазған мақаласында, В.И.Сергейчук [50] пен В. Огийенко [51] ашаршылықты украин және қазақ халқының ортақ тарихи ауыртпалығы ретінде қарастырады.

Қырғызстан, Өзбекстан зерттеушілері қазақ ашаршылығын миграциялық (босқындық) зерттеулер аясында қарастырады. Қырғыз зерттеушілері З. Курманов [52], Ш. Батырбаева [53], Э. Битикчи [54], В. Жұмалиева [55] зерттеулері аймақтық өзара әрекеттестік, көші-қон және әлеуметтік дағдарыс тұрғысынан зерделеуде маңызды болып табылады. Өзбекстанда қазақстандық ашаршылықты Орталық Азиядағы кеңестік көпұлтты трагедия ретінде қарастырады [56].

2) кеңестік. Зерттеудің екінші тобына кеңестік кезеңде жарық көрген еңбектер енгізілді. Кеңес тарихнамасында Қазақстандағы ашаршылық мәселесі қатаң идеологиялық шектеулер аясында қарастырылып дербес ғылыми проблема ретінде ашық түрде зерттелмеді. Кеңестік авторлар негізінен ұжымдастыру үдерісін, ауыл шаруашылығын социалистік қайта құру мәселелерін және экономикалық көрсеткіштерді сипаттауға басымдық берді.

Кеңестік тарихнамада 1930-жылдардағы ашаршылық мәселесі қатаң идеологиялық бақылауда болды. И. Сталиннің жеке басына табынушылық шарықтаған 1930 жылдың басынан 1950 жылдардың басына дейінгі кезеңде жазылған зерттеулер мен оқулықтарда 1930-жылдардың 1 жартысындағы оқиғалар «кулактар саботажы», «астық дайындау науқанындағы қиындықтар» ретінде түсіндірілді [57-59].

1950-жылдардың соңы - 80-жылдардың ортасында ұжымдастыруды іске асыру кезіндегі жергілікті партия және мемлекеттік органдардың «қателіктері», «асыра сілтеушіліктерін» көрсеткен, оның жағымды экономикалық

нәтижелеріне назар аударған аграрлық тақырыптағы зерттеулер пайда болды [60-63]. Осы кезеңде Қазақ КСР тарихында ашаршылыққа себеп болған шаруашылық-саяси науқандар, ауылды кеңестендіру, ұжымдастыру мәселелеріне арналған зерттеулер жарыққа шықты [64-65] 1960-жылдары кеңестік билік пен партияның ауыл шаруашылығын жаңғыртудағы рөлі, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, колхоздастыру мәселелерін кеңестік-идеологиялық тұрғыда қарастырған А.Б. Тұрсынбаевтың [66], Г.Ф. Дахшлейгердің [67], А.Н. Нүсіпбеков [68] және халық шаруашылығы даму тарихына арналған [69] еңбектер жарияланды. С. Баишевтың 1970- жылдардың ортасына қарай зерттеулерде индустриализациялау, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудағы қателіктер мен тап жауларының күресі, мал басының қысқаруы, отырықшылыққа көшіру сияқты мәселелер қарастырылса [70], 1980-жылдардағы В. Григорьев пен Г. Дахшлейгердің еңбектері кеңестік аграрлық өзгерістер мен шаруалар тарихына арналды [71,72].

1980-жылдардың ортасы - 1990-жылдардың басында – қайта құру мен жариялылық жағдайында «архивтік төңкерістің» басталуы, ашаршылық мәселесін ашық түрде қарастыратын зерттеулердің пайда болуына жол ашты [73]. Сонымен қатар осы кезеңде ашаршылық тарихына жоғары партиялық билік назар аударады. КОКП ОК бас хатшысы М.С. Горбачев 1989 ж. наурыз пленумындағы баяндамасында жаппай ұжымдастырудың күштік әдістері мен оның үдемелі қарқынын, өндірістік үдерістерге волюнтаристік араласу мен құрғақшылықты аштықтың себептері ретінде көрсетеді [74]. В.П. Данилов [75], В.Б. Жиромская [76] мәселенің демографиялық аспектісін қарастырады.

Осы жылдарды Қазақстан зерттеушілері де 1930- жылдардағы ашаршылық мәселесіне жүйелі түрде назар аударып, 1988 ж. «Коллективизация в Казахстане и республиках Средней Азии: опыт и уроки» атты одақтық конференциясында қазақ, өзбек, қырғыз, ресей зерттеушілері мәселеге қатысты тұжырымдарын талқылайды [77] Бұдан кейін М. Қозыбаев, Ж. Абылхожин, М. Тәтімовтың мақаласы жарыққа шығуы тәуелсіздік қарсаңында ашаршылық мәселесін зерттеуге жол ашып берді [78].

3) *қазіргі отандық (1991 жылдан бастап жарияланған отандық зерттеушілердің еңбектері).* Зерттеушілердің үшінші тобы тәуелсіздік кезеңіндегі отандық ғалымдардың еңбектерін қамтиды. Бұл кезеңде Қазақстандағы 1930-жылдардағы ашаршылық мәселесі ұлттық тарихтағы аса ірі әлеуметтік апат ретіне қайта бағаланып, себептері мен салдарын кешенді түрде зерттеуге мүмкіндік туды. Қазақстандық зерттеушілер бұрын жабық болған архив қорларындағы құжаттарды ғылыми айналымға енгізіп, ашаршылықтың демографиялық аспектілерін, әлеуметтік-экономикалық құрылымға тигізген әсерін жаңа методологиялық ұстанымдар негізінде талдады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында отандық тарихнамада ұжымдастыру тарихына қатысты Ж.Б. Абылхожин, М. Қозыбаев, М. Тәтімов, Қ. Алдажұмановтың «ақтаңдақтар» [79], ұжымдастыру [80] тарихына қатысты бірлескен зерттеулері, Т. Омарбековтың бірнеше зерттеулері жарыққа шықты

[81,82]. Бұл зерттеулер отандық тарихнамада ұжымдастыру үдерісіне сыни көзқарастың қалыптасуына және үдерісті терең пайымдауға мүмкіндік берді. Кейінгі жылдарда сапалық жаңа кезеңнің қалыптасқанын көрсететін зерттеулер маңызды. Солардың ішінде Қазақстандағы тәркілеу науқандарына арналған С.А. Жакишеваның монографиялары тәркілеу саясатын зерттеудегі тарихнамада сапалық және пәнаралық зерттеу әдістерімен ерекшеленеді [83-84]. Сонымен қатар XX ғасырдың 30-жылдарындағы Қазақстандағы саяси науқандар, кеңестік биліктің зорлықшыл саясаты, ашаршылықтың себеп-салдары мен оны еңсеруге бағытталған іс шаралар С.О. Смағұлованың монографиясы мен бірқатар ғылыми мақаларында талданады [85]. Ашаршылықтың демографиялық тұрғыда саралауда А.И. Құдайбергенованың зерттеулері [86] маңызды болып табылады.

Ашаршылықтың демографиялық аспектілері А.Н. Алексеенко [87-88], М.Х. Асылбеков пен А.Б. Галиев [89], В. Козина [90] еңбектерінде сараланады. Бұл зерттеулер ашаршылық мәселесіне арналмаса да, оларда халықтың саны туралы мәліметтер ішінара түрде беріледі. 1920-1930-шы жылдардағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық және құрылымдық өзгерістерге талдау жасау бағытындағы Ж.Б. Абылхожиннің [91-92], ашаршылық салдарынан болған босқыншылық тарихына қатысты М. Малышева мен В. Познанскийдің зерттеулері маңызды болып табылады [93].

1990-шы жылдардың соңына қарай жаңа архив материалдары негізінде аграрлық өзгерістерге реформалар [94], жеке қожалықтарды жою [95], тәркілеу науқаны [96], аграрлық саясат [97], отырықшылыққа көшіруді аймақтық аспектілері [98] бойынша диссертациялар қорғалады. 2000-жылдары диссертациялар шығыс өңірдегі күштеп жаңғырту [99], шаруашылық науқандары үгіт-насихаттық қамтамасыз ету [100], оңтүстік аймақтағы шаруашылықтың күйреуі [101], оңтүстік-шығыс өңірдегі ауыл шаруашылық бірлестіктер [102] сияқты ғылыми ізденіс өрісінің тақырыптық және аймақтық кеңеюімен ерекшеленеді. Соңғы жылдары қорғалған диссертациялар ішінде Е. Стамшаловтың зерттеуінде 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағының босқыншылық тарихының аймақтық аспектілері сараланады [103].

Ашаршылық тақырыбына арналған «Нәубет» [104], «Зауал» [105], «Қызылдар қырғыны» [106], В. Михайловтың [107], Ж. Өмірбектің [108], публицистикалық сипаттағы жұмыстарының жарыққа шығуы ғылыми ортаның ғана емес көпшілік қауымның трагедияға деген қызығушылығын арттыра түсті.

Отандық зерттеушілердің назарынан ашаршылыққа алғышарт болған күштеп отырықшылыққа көшіру проблемасы да тыс қалмаған болатын. 2000-шы жылдары шыққан О.Мұхатова [109], Ж.Т Таңатарованың [110], еңбектерінде отырықшыландыру үдерісінің ауыр зардаптары көрсетіледі.

Ашаршылық тарихын аймақтық тұрғыда қарастыратын зерттеулердің ішінде «Шет өңірінің тарихы» монографиясының екінші тарауында М.С. Жакин Шет ауданындағы ашаршылықты ішінара түрде қарастырса [111], Т.

Аланиязов пен А. Таукенов [112], Қарсақпай, Шет өңірлеріндегі ұжымдастыру мен халық наразылықтарын зерделейді [113].

1990- жылдардың соңынан бастап бүгінгі күнге дейін ұжымдастыру [114], ұжымдастыру кезіндегі Қытайға көші-қон [115], аштық босқындары [116] қазақ ауылдарындағы трагедия [117-118] тарихына, кеңестік жаңғырту кезеңі құжаттары жинақталған бірнеше томдық «Ашаршылық.Голод» [119-121], құпиясыздандырылған нормативтік құжаттар [122], байлар мен кулактарды жою тарихы [123] бойынша архив құжаттар жинақтары жарияланды. 2022 ж. бастап Мемлекеттік комиссияның жұмысының нәтижесі ретінде өңірлері бойынша Ақмола (19, 23) [124-125], Солтүстік Қазақстан (32 том) [126], Павлодар (17 том) [127], Семей (20, 22 том) [128-129], Орал, Бөкей (28 том) [130], Түркістан (33 том) [131], Маңғыстау (16 том) [132], аймақтарындағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық тарихына қатысты және халық көтерілістері (4 том) [133], мәжбүрлі босқындар (5 том) [134], күштеп ұжымдастыру, отырықшылыққа көшіру, дайындау науқандары бойынша мемлекеттік актілер құжаттар жинағы (13 том) [135], тәркілеу науқанына қатысты құжаттар (25 том) [136] жинақтары жарыққа шықты. Орталық Қазақстандағы байларды тәркілеу, кулактарды жою т.б бойынша репрессиялық саясатты жүзеге асырудың аймақтық ерекшеліктерін көрсететін 29 том [137] зерттеу жұмысымызды жазуда аса құнды болды. Сонымен қатар өңірлік архив құжаттары мен естеліктер топтастырған жинақтар диссертацияны жазуда құнды болды [138-141]. Н.О. Дулатбековтің редакторлығымен З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманова және басқалар құрастырған жинақ Ұлыбританиядағы халықаралық баспада ағылшын тілінде жарияланды.

2020-2025 жылдар аралығында отандық ғылыми журналдарда мемлекеттік комиссия мен түрлі гранттық жобалар аясында жарияланған зерттеу нәтижелері ашаршылық тарихының зерттеудің өрістеуіне ықпал етті. Зерттеушілер мақалаларда аграрлық саясат, қуғын-сүргін, ұжымдастыру, саяси-шаруашылық науқандар, мәжбүрлі босқындар т.б тарихына республикалық деңгейде назар аударады [142- 152].

Қазіргі тарихнамалық пікірталас тұрғысынан Т.К. Алланиязов пен К.Н. Балтабаева мақаласында ресейлік «жалпыкеңестік трагедия» және украиндық «геноцид» интерпретацияларын салыстыра талдау арқылы Қазақстанның көшпелі шаруашылық ерекшелігін ескеретін, оқиғаны идеологиялық шектен тыс түсіндіруден арылтатын, тарихи жадты саясиланудан сақтайтын «қазақстандық академиялық ұстанымды» қалыптастыру қажеттілігі негізделеді [153].

Орталық Қазақстандағы ашаршылық проблемасын, аймақтағы босқыншылық, кеңес үкіметінің күштеу саясатын, үкіметке қарсы наразылықтардың алғышарттарын қарастыратын З.Г. Сактаганова [154], В.В. Козина, Д.А. Джумабеков [155-156], Б.К. Альжаппарова [157], А. С. Мусагалиева [158], С. Набиев [159] т.б ғылыми мақалалары апаттың себептерін, заңдылықтарын, жүргізілген науқандардың механизмдерін, аштықтың

әлеуметтік-экономикалық, демографиялық салдарын нақтылауға мүмкіндік береді.

Осылайша, ашаршылық мәселесін объективті зерттеуі үшін шетелдік, оның ішінде посткеңестік зерттеушілердің көзқарастарын салыстыра отырып, отандық тарихнамада өзіндік академиялық ұстанымды қалыптастыру қажет. Бұл көшпелі шаруашылық ерекшеліктерін ескере отырып, ашаршылықтың нақты ауқымын көрсетуге, оқиғаларды саяси-идеология тұрғыда бағалаудан сақтануға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, ашаршылық тарихнамасына зерттеудің 1.2 бөлімінде неғұрлым толық талдау жасалғандықтан, кіріспеде тақырыптың зерттелу деңгейіне қысқаша шолу берілді.

Зерттеу жұмысының мақсаты: 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстан өңіріндегі ашаршылықтың себептерін, ауқымын, сипатын және салдарын зерттеу болып табылады.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

- «ашаршылық, аштық» ұғымдарын, оның жіктелуін және ашаршылық тарихын зерттеудің теориялық-методологиялық негіздерін анықтау;
- зерттеу мәселесі бойынша тарихнамадағы негізгі тенденцияларды қарастыру;
- зерттеу тақырыбы бойынша деректік базаға оның ішінде республикалық және өңірлік архив құжаттарына талдау жасау;
- 1930-1933 жж. Орталық Қазақстан аумағындағы ашаршылықтың алғышарттары мен себептері ретінде 1920-шы жылдардың II жартысы - 1930 жылдардың басындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау мәселелерін зерделеу;
- Орталық Қазақстан аумағындағы қазақ ауылдарындағы тәркілеу науқанының механизмдерін зерттеу;
- Орталық Қазақстан аумағындағы ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру үдерістерінің ерекшеліктерін саралау;
- 1930-1933 жж. Орталық Қазақстандағы ашаршылық ауқымы мен сипатына баға беру, халықтың аман қалу стратегияларын анықтау;
- Орталық Қазақстандағы 1930-1933 жж. ашаршалықтың әлеуметтік-экономикалық және демографиялық салдарын сараптау;
- 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстан өңіріндегі ашаршылық зардаптарын жоюдағы, аштықпен күресудегі билік органдарының ұйымдастырған шараларын қарастыру.

Зерттеу жұмысының нысаны Орталық Қазақстан аумағындағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық болып табылады**.**

Зерттеу пәніне Орталық Қазақстан өңіріндегі 1930-жылдардағы ашаршылықтың алғышарттары, себептері, ауқымы, сипаты мен салдары жатады.

Зерттеу жұмысының деректік негізі. Зерттеу жұмысының деректік базасы 1 тараудың 1.3 бөлімінде толығымен қарастырылады. Сондықтан кіріспеде деректерге тек қысқаша сипаттама беріледі. Зерттеудің деректік негізі 7 топқа бөлінеді: *нормативтік-құқықтық құжаттар; іс қағаз құжаттары;*

статистикалық материалдар; мерзімді басылым материалдары; естелік, мемуарлық материалдар сияқты жеке тектік деректер; ауызша тарихи дерек ретіндегі сұхбат материалдары; жеке отбасылық фотоальбомдардан алынған фотосуреттер.

Диссертациялық зерттеуде қолданылған деректік базаның негізгі бөлігін 2 орталық республикалық: Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивы (ҚР ОМА), Қазақстан Республикасы Президент архивы (ҚР ПА); 3 облыстық: Қарағанды облысы мемлекеттік архивы (ҚО МА), Абай облысының мемлекеттік архивы (АОМА); Ұлытау облысының мемлекеттік архивы (ҰОМА); 4 аудандық: Қарқаралы ауданының мемлекеттік архивы (ҚАМА), Шет аудандық мемлекеттік архивы (ШАМА), Нұра аудандық мемлекеттік архивы (НАМА), Осакаров аудандық мемлекеттік архивы (ОАМА) және 1 ресейлік: Ресейдің қазіргі заман тарихының мемлекеттік (РҚЗТМА-РГАНИ) архиві қорларынан іріктеліп алынған құжаттар құрайды. Зерттеу барысында пайдаланылған Ресейдің қазіргі заман тарихының мемлекеттік архивінің құжаттары (РҚЗТМА-РГАНИ) авторға ғылыми кеңесші З.Г. Сактаганова тарапынан ұсынылды.

Зерттеуде архив құжаттармен қатар жеке тектік деректер ретінде естелік, сұхбат материалдары да қоланылды. Олар ресми архив материалдарын толықтырып, ашаршылық пен оның салдарларының тарихи-әлеуметтік қырларын тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен, ауқымы мен мазмұны жағынан сан алуан деректер кешені Орталық Қазақстан өңіріндегі 1930-шы жылдардағы ашаршылық тарихын жан-жақты қарастыруға және оның себеп-салдарын, әлеуметтік салдарын кешенді түрде айқындауға ықпал етеді. Қолданылған деректер негізінде ашаршылықтың аймақтық ерекшеліктері зерделенді. Түрлі деректерді – статистикалық мәліметтерді, ресми есептерді, хат-хабарларды, естеліктер мен сұхбат материалдарын салыстыра қарастыру деректерді нақтылауға және қарама-қайшылықтарды айқындауға жағдай жасады.

Зерттеудің теориялық-методологиялық негізі. Зерттеудің теориялық-методологиялық негізін модернизация теориясы, тоталитаризм теориясы және А. Сеннің ««азық-түлік құқығынан айырылу» («food enitlement decline»), Е. Осокина ұсынған «тұтыну иерархиясы», Т. Мартиннің «империя положительной дискриминации», Н. Пианчоланың ресурстарды әлеуметтік және құрылымдық теңсіз бөлу тұжырымдамалары құрайды.

1930-жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихын зерттеу барысында жалпығылыми және арнайы тарихи әдістер қолданылды. Талдау және жинақтау (анализ және синтез) әдістері зерттеліп отырған құбылысты әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және әкімшілік-саяси құрамдас бөліктерге жіктеп қарастыруға, кейін оларды өзара байланыста тұтас жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысында математикалық-статистикалық, салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық, проблемалық-хронологиялық және тарихи-жүйелік әдістері қолданылды Сандық көрсеткіштерді зерделеуде

математикалық-статистикалық әдіс қолданылды. Халық санының өзгеруі, көші-қон үдерістері, мал басының қысқаруы, өлім-жітім деңгейі және панасыз қалған балалар санының өсуі архивтік және жарияланған статистикалық материалдар негізінде жүйеленді. Орташа шамалар, пайыздық үлестер мен салыстырмалы көрсеткіштер есептеліп, уақыттық және аумақтық динамика анықталды. Сандық мәліметтерді белгілер бойынша топтастыру және кестелер құрастыру ашаршылық ауқымын нақтылауға, оның демографиялық әрі экономикалық салдарын айқындауға жағдай жасады.

Орталық Қазақстандағы жағдайды өзге өңірлердегі ахуалмен салыстыру арқылы ашаршылықтың ортақ заңдылықтары мен аймақтық ерекшеліктерін анықтауға салыстырмалы-тарихи әдіс жол ашады. Мұндай салыстыру көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктерін ескеруге, сондай-ақ табиғи, экономикалық және басқарушылық факторлардың арақатынасын саралауға мүмкіндік береді.

Тарихи-типологиялық әдіс дағдарыс жағдайындағы халық мінез-құлқының үлгілерін жүйелеу мақсатында қолданылды. Оның аясында бейімделу тәсілдері, өмір сүру стратегиялары, өзара көмек формалары, отбасылық және қауымдық қатынастардағы өзгерістер талданды. Бұл әдіс әлеуметтік реакциялардың қайталанатын белгілерін анықтап, дәстүрлі нормалардың трансформациясын көрсетуге жол ашты.

Проблемалық-хронологиялық әдіс зерттеу материалын кезең-кезеңімен қарастыруға негіз болды. Ашаршылықтың алғышарттары, өршу кезеңі және салдары тарихи реттілікпен талданып, мемлекеттік шешімдер мен қоғамдық реакциялардың динамикасы айқындалды.

Тарихи-жүйелік әдіс ашаршылықты өзара байланысты әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және әкімшілік факторлардың тұтас кешені ретінде қарастыруға мүмкіндік беріп, дағдарыстың ішкі логикасын, оның қалыптасу тетіктерін және ауқымды гуманитарлық салдарға алып келген факторлар жиынтығын кешенді түрде түсіндіруге жағдай жасады.

Жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтарды зерттеуде просопографиялық және биографиялық әдістер кеңінен қолданылды. Просопографиялық әдіс белгілі бір әлеуметтік немесе этностық топқа жататын адамдардың ортақ әлеуметтік сипаттарын, өмірлік тәжірибесін және мінез-құлық үлгілерін ұжымдық деңгейде талдауға бағытталған. Бұл тәсіл респонденттердің әлеуметтік шығу тегі, тұрмыс жағдайы, шаруашылық қызметі және тарихи оқиғаларға қатысуы сияқты ортақ белгілерін жүйелеуге және салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік береді.

Биографиялық әдіс жеке тұлғаның өмір жолын және тарихи оқиғаларды қабылдау ерекшеліктерін талдауға негізделеді. Ол әрбір респонденттің жеке тәжірибесі арқылы тарихи үдерістердің адам тағдырына әсерін айқындауға мүмкіндік береді. Осы әдістердің үйлесімі зерттеу материалдарын кешенді талдауға және тарихи үдерістерді жеке және ұжымдық деңгейде қарастыруға жағдай жасайды.

Осылайша, қолданылған әдістер жиынтығы 1930–1933 жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылықты тарихи тұрғыда жан-жақты, тұтас түрде талдауға жағдай жасады. Бұл ұстаным дағдарыстың ауқымын ғана емес, оның құрылымдық себептерін, әлеуметтік салдарын және өңірлік қоғамның ұзақ мерзімді өзгерістеріне ықпалын терең түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің хронологиялық шеңбері. Зерттеудің хронологиялық шеңбері 1920-жылдардың соңынан 1930-шы жылдардың ортасына дейінгі кезеңді қамтиды, бұл Орталық Қазақстандағы азық-түлік дағдарысының қалыптасу, өршу және салдарларын тарихи сабақтастықта қарастыру қажеттілігімен негізделеді. Төменгі шекара ретінде 1920-жылдардың соңы алынуы зерттеуде ашаршылықтың алғышарттарын талдауға бағытталған. Дәл осы кезеңде «Кіші Қазан» саясаты аясында қазақ ауылын жедел жаңғыртуға бағытталған түбегейлі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер басталды. Аталған саясат дәстүрлі қоғамдық қатынастарды қайта құруды, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықты орталықтандырылған жоспарлы жүйеге енгізуді көздеді. Осы үдерістер барысында дайындау науқандары күшейтіліп, бай шаруашылықтарын тәркілеу жүзеге асырылды, ауылдық ортада әкімшілік қысым артты. Мұндай шаралар меншік қатынастарының өзгеруіне, ресурстарды қайта бөлуге және дәстүрлі шаруашылық құрылымының бұзылуына алып келді. Бұл жағдайлар кейінгі дағдарыстың құрылымдық алғышарттарын қалыптастырды.

Зерттеуде ашаршылықтың аймақтағы алғаш көрініс табуы 1930 жылдың қыс айынан басталғаны архив құжаттары бойынша негізделеді. Сондықтан 1930–1933 жылдар негізгі кезең ретінде қарастырылады, себебі бұл уақыт ашаршылықтың ең шарықтау шегімен, жаппай демографиялық шығындармен, халықтың жаппай көші-қонымен және өңірдің әлеуметтік-экономикалық жүйесінің терең күйзеліске ұшырауымен сипатталады. Аталған жылдары ұжымдастырудың жедел әрі күштеу сипаттағы жүзеге асырылуы, астық және мал дайындау саясаты, сондай-ақ әкімшілік-әміршіл басқару тәсілдері өндірістік әлеуеттің күрт төмендеуіне және халықтың өмір сүру жағдайының нашарлауына әкелді.

Жоғарғы хронологиялық шекара ретінде 1934 жылдың алынуы дағдарыстың өткір кезеңінен салыстырмалы тұрақтану сатысына өту үдерісімен байланысты. Бұл кезеңде ауыл шаруашылығы өндірісінің ішінара қалпына келу белгілері байқалып, колхоздық жүйе институционалдық тұрғыдан орныға бастады. Сонымен бірге ашаршылықтың ұзақ мерзімді салдары – демографиялық өзгерістер, қоныстану құрылымының қайта қалыптасуы, дәстүрлі шаруашылық пен әлеуметтік қатынастардың трансформациясы – айқын көрініс тапты.

Осылайша, таңдалған хронологиялық шеңбер ашаршылықты жеке оқиға ретінде емес, «Кіші Қазан» саясаты, ұжымдастыру және кең ауқымды әлеуметтік-экономикалық жаңғырту үдерістері аясында дамыған күрделі тарихи үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл шеңбер 1930-жылдардың ортасына дейінгі оның салдарын еңсеру шараларын да талдауға жағдай жасайды.

Диссертацияның аумақтық шеңбері біртұтас әкімшілік, экономикалық және әлеуметтік жүйе ретінде қалыптасқан Орталық Қазақстан кеңістігін қамтиды. Аумақтық шеңберді анықтау 1920–1930-жылдардағы әкімшілік-аумақтық бөліністегі өзгерістерге негізделді. Бұл өзгерістер 1928 жылғы әкімшілік реформалар нәтижесінде Ақмола және Қарқаралы округтерінің құрылуымен, кейіннен округтік жүйенің жойылуы және аудандық басқаруға көшу барысында Орталық Қазақстан аумағының құрылымдық негізінің қалыптасуымен белгілі. Ал кейінгі әкімшілік өзгерістер (облыстардың құрылуы, округтердің қайта ұйымдастырылуы) бұл өңірдің ұзақ уақыт бойы тұрақсыз басқару жүйесінде дамығанын көрсетеді [160].

1930–1936 жылдардағы реформалар нәтижесінде қазіргі Қарқаралы, Нұра, Шет, Жаңаарқа және Ұлытау т.б аудандар Орталық Қазақстанның біртұтас тарихи-географиялық кеңістігі ретінде дамыды. Зерттеу шеңберіне Абыралы және Шұбартау аудандары да енгізілді, себебі олар Қарқаралы өңірімен тікелей шектесіп, 1928 жылдан бастап Қарқаралы округі құрамында қалыптасқан бірыңғай әкімшілік-аумақтық жүйеге кірген және кейінгі реформалар барысында әртүрлі облыстарға бөлінсе де, тарихи сабақтастығын сақтаған.

Осылайша, зерттеуде 1920–1930-жылдардағы тарихи-географиялық тұтастық негізгі критерий ретінде алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы 1930-шы жылдардағы ашаршылық тарихы өңірлік аспектіде қарастырылады. Отандық тарихнамада Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихы зерттеушілер тарапынан арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылмады. Зерттеу барысында бұрын ғылыми айналымға толық енгізілмеген архивтік материалдар негізінде, соның ішінде аудандық архивтерде сақталған құжаттар негізінде ашаршылықтың алғышарты, себептері, барысы мен салдары қарастырылады. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы төмендегі нәтижелерден көрініс табады:

- зерттеудің теориялық-методологиялық шеңберінде отандық, шетелдік зерттеушілердің ашаршылықты зерттеудегі теориялары, тұжырымдары жүйеленді, олардың негізінде Орталық Қазақстан аумағындағы аштықтың туындау факторлары, ауқымы, сипаты, ерекшеліктері, аман қалу стратегиялары зерттеледі;

- зерттеу барысында тақырыпқа қатысты тарихнамалық зерттеулер үлкен үш топқа және топтардың ішінде кезеңдерге авторлық нұсқада бөлініп қарастырылады;

- зерттеудің деректік базасында орталық, облыстық архвитермен қоса ғылыми айналымға бұрын толық енгізілмеген аудандық архивтердің материалдары қолданылады;

- Кеңес үкіметінің астық, мал,ет дайындау науқандарының Орталық Қазақстан жағдайында іске асу тетіктері жергілікті архивтік материалдар негізінде қарастырылады;

- Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың алғышарттары себептері ретінде тәркілеу, ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру саясаты өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, тұтас тарихи құбылыс ретінде қарастырылады;

- ОГПУ органдарының құжаттары негізінде Орталық Қазақстанда ашаршылықтың алғашқы белгілері 1930 жылы басталғаны көрсетіледі, ашаршылықтың ауқымы мен сипатын көрсету үшін адам шығынының көлемі, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс сипаты, көші-қон үдерістері және биліктің реакциясы сияқты критерийлердің жиынтығын қамтитын кезеңдеудің авторлық нұсқасы қолданылады және халықтың тарихи жады негізінде аман қалу стратегиялары анықталады;

- зерттеулер мен архив құжаттары негізінде ашаршылықтың Орталық Қазақстан аумағындағы экономикалық, әлеуметтік-демографиялық салдарлары зерттеледі;

- ашаршылық кезіндегі халықтың көші-қон қозғалыстары мен демографиялық өзгерістеріне аймақтық деңгейде баға беріліп, олардың әлеуметтік құрылымға тигізген салдары анықталады;

- әкімшілік күштеу әдістерінің жергілікті басқару органдары арқылы жүзеге асу ерекшеліктері көрсетіліп, ашаршылықтың тереңдеуіне ықпал еткен факторлар анықталады;

- ашаршылықтың зардаптарын жою амалдарын жоюдағы билік органдарының іс-әрекетіне баға беріліп, олардың аштықпен күресудегі тиімділігі сараланады.

Осылайша, зерттеу жұмысы Орталық Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық тарихын өңірлік және жүйелі тұрғыда толықтырып, Отан тарихының осы күрделі кезеңін түсінуге өзіндік ғылыми үлес қосады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Ашаршылықты зерттеудің теориялық-методологиялық негізі отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына негізделді. Олардың әдіснамалық ұстанымдары ашаршылық алғышарттарын, туындау себептерін, барысы мен салдарын әлеуметтік, экономикалық және мәдени контексте қарастыруға мүмкіндік берді. Бұл 1930-жылдардағы Орталық Қазақстан аумағындағы ашаршылықты тек табиғи немесе экономикалық дағдарыс ретінде ғана емес, әлеуметтік құрылымдар мен басқару тетіктерінің өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасқан күрделі тарихи құбылыс ретінде түсінуге жағдай жасады.

2. Ашаршылық тарихын зерттеу әр кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдай, идеологияға, архив құжаттарының қолжетімділігіне байланысты болды. ашаршылық мәселесін зерттеудегі шетелдік, кеңестік, отандық бағыттары өз ішінде бірқатар методологиялық шектеулерге ие: кеңестік тарихнамада мәселе идеологиялық себептермен бүркемеленіп, оның демографиялық және әлеуметтік салдары жүйелі түрде ашылмаған болса, посткеңестік кеңістікте зерттеулердің поляризациясы (жалпыодақтық апат пен «геноцидтік» интерпретация арасындағы қарама-қайшылық) бірыңғай теориялық модельдің қалыптасуына кедергі келтірді; шетелдік еңбектерде пәнаралық әдістер кең

қолданылғанымен, көшпелі шаруашылықтың ішкі құрылымдық ерекшеліктері жеткілікті деңгейде ескерілмеді. Отандық тарихнамада ашаршылық мәселесі кеңінен қамтылған, дегенмен, қарастыруды қажет ететін бірқатар бағыттар бар. Атап айтқанда, зерттеулердің теориялық және әдіснамалық негіздері толық қалыптаспаған, сондай-ақ дағдарыстық үдерістердің жергілікті ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік беретін аймақтық тәсілдер шектеулі. Сондықтан көшпелі шаруашылық ерекшеліктерін ескере отырып, ашаршылықтың ауқымын көрсетуде зерттеушілердің тұжырымдарын салыстырып, отандық тарихнамада өзіндік ұстанымды қалыптастыру керек.

3. Жеті негізгі топ бойынша жүйеленген зерттеудің деректік базасы 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық тарихын кешенді зерделеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Алайда, зерттеу барысында деректер кешені бойынша бірқатар қиындықтар туындайды. Біріншіден, демографиялық шығындар көбіне фрагментарлы сипатта келтірілген, ал ресми статистика барлық өңірлер мен әлеуметтік топтарды толық қамтымайды, бұл қаза болған адамдардың нақты санын есептеуді қиындатады. Екіншіден, архивтік материалдарда, әсіресе әкімшілік есептер мен хаттамаларда, құжаттардың идеологиялық ерекшелігі немесе жергілікті билік өкілдерінің жағдайды қолайлы түрде көрсетуге ұмтылуымен байланысты қайшылықты мәліметтер қамтылған. Үшіншіден, аштық куәгерлері мен ұрпақтарының естеліктері, тарихи оқиғаларды қалпына келтіру үшін маңызды болғанымен, олардың сенімділігі, субъективті қабылдауы және уақыт өте келе халық жадында сақталған деректердің интерпретациясы тұрғысынан сыни тұрғыдан бағалауды талап етеді. Аудандық архив құжаттарының едәуір бөлігі осы уақытқа дейін ғылыми айналымға толық енгізілмеген. Аудандық архивтерде мәселеге қатысты құжаттар толық қамтылып, сақталмаған. Қарқаралы, Шет, Осакаров, Нұра аудандары архивтерінде құжаттар қамтылса, Ақтоғай, Жаңаарқа аудандарында мәселеге қатысты құжаттар сақталмаған.

4. 1928-1933 жылдардағы Орталық Қазақстандағы саяси-шаруашылық науқандарды жүзеге асыру өңірдің шаруашылық құрылымына сәйкес келмеді. Қарқаралы, Шет және Қу, Жаңаарқа, Абыралы, т.б мал шаруашылығы басым аудандарда халық астық пен ет, мал дайындау бойынша шектен тыс жоспарларды орындауға мәжбүр болды. Бұл шараларды жүзеге асыру әкімшілік қысым мен қуғын-сүргінмен қатар жүрді, ал көлік және қойма инфрақұрылымының әлсіздігі экономикалық шығындарды күшейтті. 1929-1933 жж. Орталық Қазақстанның мал шаруашылығы аудандарында (әсіресе, Қарқаралы, Шет, Жаңаарқа, Абыралы т.б) мал саны орта есеппен шамамен 90% - 97% дейін қысқарды, ал халықтың едәуір бөлігі тұрғылықты жерлерінен босып кетуге мәжбүр болды, бұл аштықтың өрістетуінің өңірлік ерекшелігін айқындайды.

5. Тәркілеуден бұрын ауқымды дайындық жұмыстары жасалып, оның нормативті-құқықтық базасы жасалды. Тәркілеу жоспарына сәйкес Орталық Қазақстан аудандарының басым бөлігі жартылай көшпелі типке жатқызылды. Қарқаралы округінің ауқатты шаруашылықтары Қостанай округіне жер

аударылды. Тәркілеуді жүзеге асырған уәкілдер байлардың санын нормаға жеткізу үшін шаруашылықтарды бір-біріне қосып, орташаларды да байлар қатарына жатқызды. Байлардың тізімі үнемі өзгертілді, округтік комиссиялар декрет баптары бойынша мал саны жетпеген жағдайда бір категориядан екінші категорияға ауыстырды. Ауқаттылар арасында малдарын туыстарына таратып беріп, тәркілеуден аман қалу жолдарын қарастырған жағдайлар болған. Тәркілеу кезіндегі құқық бұзушылық әрекеттерге арыз-өтініштер жазылғанымен оларды өкілетті органдар қарастырмады. Тәркілеу негізінде дәстүрлі шаруашылық құрылымының күйреуі ашаршылықтың алғышарттарын қалыптастырды.

6. Ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіруде жергілікті кеңестік органдар мен партия ұйымдары мәселені ойластырмады, жауапты уәкілдер істің мән-жайын білмеді; колхоздар мен серіктестіктердің ұйымдастыру бағыты анықталмады*;* колхоздарды ұйымдастыруда жергілікті жердің табиғи-шаруашылық жағдайы ескерілмеді; халық колхоздарға күштеу, қорқыту арқылы стихиялы түрде біріктірілді, уәкілдер қызметтерін асыра пайдаланды. Қарағанды маңайындағы Шет, Қоңырат аудандарын отырықшылыққа көшіру осы өңірдегі өнеркәсіптік қалаларды азық-түлік базасын құру және лагерлер жүйесін жермен қамтамасыз ету үшін іске асырылды. Таза көшпенді аумақтарға қарағанда ұжымдастыру жартылай көшпелі аймақтарда жылдам жүрді. «Коллективтендіру байды батпаққа батырды, орташаны орға жығып, кедейді кеңірдектен алды» деген халық арасында тараған тіркес саясаттың мәнін бейнелі түрде сипаттайды.

7. Орталық Қазақстанда ашаршылық 1931 жылы емес 1930 жылы басталып, кезең бойынша өрістеді. *I кезең (1930 жылдың басы– 1931 жылдың басы)* **–** ашаршылық локалдық деңгейде басталып, біртіндеп өсу сипатында болды, негізінен ауданішілік, облысішілік көші-қонмен сипатталады, жаппай өлім-жітім байқалмады; *II кезең (1931 – 1932 жылдың ортасы)* – ашаршылықтың шарықтау шегі, өңірді аштық жайлап, халық жаппай қырылды, індеттер және аймақаралық көші-қон өрістеді; *III кезең (1932 жылдың соңы – 1933 жыл)* – ашаршылықтың біртіндеп бәсеңдеуі, шаруашылық құрылымының қалпына келуі, өлім-жітімнің төмендеуі, бірақ демографиялық және әлеуметтік зардаптар сақталды. 1930 жылдың көктем айларында еліміздің солтүстік, орталық және батыс аймақтарында аштық жағдайы ушыға түседі. Орталық Қазақстанда 1930 жылы ашаршылық локалды көріністерінен басталып, 1932 жылы жаппай сипат алды. Өңірде ашаршылық ауқымы қаладан гөрі (архив құжаттарына сәйкес әсіресе Нұра, Жаңаарқа, Абыралы, Қу, Шет, Қарқаралы т.б аудандарында) ауылдық жерлерде орасан зор болды. Ашаршылық Орталық Қазақстандағы тек қазақ ауылдарын ғана емес, сонымен қатар құрамы көпэтникалық елді мекендерді де қамтыды. Аштықтан аман қалу стратегиялары жеке, отбасы және қоғамдық деңгейде жүзеге асты, жеңіл формалардан бастап шектен тыс асоциальдық формаларға дейін жетті.

8. Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың экономикалық салдарынан жайылымдық, шабындық жерлерді пайдалану аумағы қысқарды, жем-шөп

базасы құлдырады, нәтижесінде мал саны күрт азайды, шаруашылық саны қысқарды. Әлеуметтік салдарынан панасыз, қараусыз балалар саны өсті, балалар ата-анасынан және туыстық байланыстарынан айырылды, отбасылар өздерінің негізгі мүшелерін жоғалтты, қауым ішіндегі өзара көмек пен қолдаудың дәстүрлі тетіктері іс жүзінде тоқырауға ұшырады. Адамдар тірі қалғанымен, олардың әлеуметтік болмысы, қалыптасқан қарым-қатынастары мен эмоциялық тірегі жойылды. Кейбір аудандарда (Нұра, Шет, Қарқаралы, Абыралы және т.б.) халық санының шығыны 70-77 % дейін жеткен. Демографиялық салдарынан ерлер арасындағы өлім деңгейі жоғары болды, некелесу мен бала туу көрсеткіштері төмендеді, демографиялық өзгеріске ұшырады, балалар мен егде жастағы адамдар үлесі қысқарды, ұл балаларды сақтап қалуға көбірек мән берді, демографиялық үдерістер тіркелмеуі, аймақ бойынша толық статистикалық деректердің болмауы кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік бермейді. Дәстүрлі шаруашылық құрылымының күйреуінен қазақтар маргинализацияланды. Ашаршылық қазақ халқының мәдени дамуында орны толмас моральдық шығын әкелді, ұрпақтар үшін психологиялық, мәдени және әлеуметтік салдары күшті болды.

9. Ашаршылықтың салдарын еңсеру мақсатында аштыққа ұшыраған халыққа бидай, тары, қара бидай түрінде азық-түлік, тұқым көмектерін, өнеркәсіптік тауарлар, қарыздар берді. Мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін халыққа мал берді. Астық тапсыру жоспарын төмендету, бірыңғай ауылшаруашылық салығын төмендету, одан босату сияқты жеңілдіктер қарастырылды. Берілген көмек жергілікті әкімшілік тарпынан ішінара талан-таражға салынып, ұрланды. Аштан өлгендерді тізімге енгізіп колхоз басшылары көмек алған. Көмек ашаршылық ауқымы ұлғайып, жағдай ушығып кеткенде кеш берілді. Берілген көмек мардымсыз болды, халықтың қажеттіліктерін толық өтей алмады. Кейбір көмек түрлері толық көлемде жүзеге асырылмады, қағаз жүзінде ғана қалды. Мемлекеттік көмек жеткіліксіз болып, бастапқы кезде аштықтың салдарын айтарлықтай жеңілдете алмады. Халықтың жағдайы тек 1930-жылдардың ортасына қарай ғана жақсара бастады.

Зерттеу жұмысының ғылыми және қолданбалық маңызы. Зерттеу барысында айналымға енгізілген архивтік деректер мен жасалған тұжырымдар Қазақстандағы ұжымдастыру, тәркілеу, отырықшылыққа көшіру үдерістерін зерттеуде деректік және теориялық негіз бола алады, Бұнымен қоса диссертацияның нәтижелері өңірлік тарих, тарихи демография және әлеуметтік тарих салаларындағы кейінгі ғылыми ізденістерге әдістемелік бағдар береді. Зерттеу жұмысының қолданбалық маңызы оның нәтижелерін жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы, өлкетану, XX ғасыр тарихы курстары бойынша дәріс, семинар сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеу материалдары оқу-әдістемелік құралдар, арнайы курстар мен элективті пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер әзірлеуге негіз болады. Бұнымен бірге диссертациядағы кейбір ғылыми қорытындылар ашаршылық құрбандарын еске алу, тарихи жадты жаңғырту, музей экспозицияларын әзірлеу, ғылыми жобаларды жүзеге асыру барысында қолдануға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері түрлі деңгейдегі ғылыми журналдар мен конференция материалдарында көрініс тапты. Диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 12 ғылыми мақала жарияланды. Олардың ішінде 5 мақала ҚР Ғылым және жоғарғы білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда (екеуі ағылшын тілінде) жарияланса, 7 мақала халықаралық конференция материалдарында жарыққа шықты. Соның ішінде 4-уі халықаралық деңгейдегі ғылыми конференцияларда баяндама түрінде ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Зерттеу жұмысының құрылымы алға қойылған мақсат пен міндеттерге сай негізделген. Жұмыс белгілеулер мен қысқартулар тізімінен, кіріспеден, үш тараудан, тоғыз бөлімшеден, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 АШАРШЫЛЫҚ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Ашаршылық проблемасын зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері

Диссертациялық зерттеудің методологиялық негізі ретінде ашаршылықты дәстүрлі қоғамның күштеп өзгертілуі және индустриалды модельге жедел көшу нәтижесі ретінде қарастыратын модернизация теориясы және оны биліктің құрылымдық тетіктерінің, идеологиялық бақылаудың, мемлекеттің репрессиялық саясатының салдары ретінде түсіндіретін тоталитаризм теориясы алынады.

Модернизация теориясы әлеуметтік-экономикалық ұйымдастырудың дәстүрлі формаларынан заманауи индустриалдық құрылымдарға өту үдерісі ретінде қоғамның тарихи дамуын қарастырады. Бұл теория ауқымды әлеуметтік трансформацияларды экономикалық, саяси және мәдени жаңарумен қоса жүретін құрылымдық өзгерістердің нәтижесі ретінде түсіндіреді.

Модернизация теориясының классикалық тұжырымдары У. Ростоу мен Т. Парсонс сияқты зерттеушілердің еңбектерінде әзірленіп, ұсынылды. У. Ростоудың «Стадии экономического роста» [161] еңбегінде дәстүрлі қоғамнан «жоғары жаппай тұтыну» сатысына өтетін бірізді кезеңдерден тұратын қоғамның сызықтық даму үлгісін ұсынады. Т. Парсонс модернизацияны дәстүрлі құндылықтардан универсалдық нормалар мен әлеуметтік әрекеттің рационалды типіне өтумен жүретін құрылымдық дифференциация мен әлеуметтік жүйені күрделендіру үдерісі ретінде қарастырды [162]. Модернизация теориясына сәйкес бұл үдерістің негізгі сипаттамаларына шаруашылық қызметтерді индустриализациялау, урбанизациялау, рационализациялау және орталық мемлекеттік институттардың рөлін күшейту жатады. Бұнымен қоса дәстүрлі шаруашылық жүргізу формалары мен әлеуметтік ұйымдасу біртіндеп әмбебап және стандартталған үлгілермен алмастырылады.

Модернизация эволюциялық та, үдемелі де сипатта болуы мүмкін. Үдемелі сипатта өзгерістер мемлекет бастамасымен, жеделдетілген қарқынмен, көбінесе аймақтық ерекшеліктер мен халықтың бейімделу мүмкіндіктері ескерілмей іске асырылады. Бұл аспект С. Хантингтонның еңбектерінде дамытылды. Оның еңбектерінде модернизация болжанбайтын салдары бар өте күрделі процесс ретінде түсіндіріледі. модернизация қиын және әрдайым сәтті бола бермейді. С. Хантингтонның пікірінше, модернизация ескі және жаңа құндылықтардың қақтығысын ынталандырып, нәтижесінде модернизация үдерісінің өзі тұрақсыздықтар мен дағдарысты тудырады [163].

Модернизация теориясын Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы оқиғаларды талдауға қолдану КСРО-да жүргізілген әлеуметтік-экономикалық саясатты дәстүрлі көшпелі қоғамды отырықшы аграрлық-индустриалдық трансформациялауға бағытталған күштеп модернизациялау түрі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Аталған теорияның шеңберінде мемлекеттік

орталықтандырылған модернизациялау бастамалары мен қалыптасқан шаруашылық формалар арасындағы қайшылықтарға ерекше назар аударылады. Бұл жаппай ашаршылық сияқты дағдарыстық құбылыстардың мәнін ашуда маңызды.

Егер модернизация теориясы ашаршылықты дәстүрлі қоғамның индустриалды модельге жедел ауысуының нәтижесі ретінде қарастырса, тоталитаризм теориясы осы трансформациялар жүзеге асырылған және гуманитарлық дағдарысты күшейткен саяси, идеологиялық және репрессиялық механизмдерді түсіндіреді.

Х. Арендт [164] және К. Фридрих, З. Бжезинский [165] ұсынған тоталитаризм теориясы тұрғысынан алып қарағанда, 1930-шы жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық тоталитарлық режимнің әрекетінің нәтижесінен туындаған орталықтандырылған жоспарлау, идеологиялық бақылау, репрессиялық шаралардың үйлесуінен болған жүйелі құбылыс болып табылады. Бұл теория аясында аштық тек экономикалық немесе табиғи себептермен ғана емес, ең алдымен биліктің құрылымымен түсіндіріледі. Ал, мемлекеттің күштеу әдісімен жүргізген қайта құрулары мен директивалық шешімдері дәстүрлі экономиканы өзгертіп, гуманитарлық дағдарысты ушықтырады. Сонда ашаршылық – 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың басындағы дәстүрлі көшпелі өмір салтының табиғи-шаруашылық жағдайы ескерілмей жүзеге асқан әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар, жеделдетілген модернизация жағдайында қабылданған саяси-әкімшілік шешімдердің тоғысында пайда болған тарихи құбылыс.

Дегенмен, қарастырылып отырған 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық мәселесін түсіну үшін зерттеуде аймақ пен әлеуметтік құрылымдарды тұтас жүйе ретінде қарастыруда, сондай-ақ табиғи-климаттық, әлеуметтік-экономикалық, саяси факторларды біртұтас шеңберде талдауда тарихи-әлеуметтік тұжырымдамаларды қолдану маңызды. Бұл тарихи үдерісті кешенді түсінуге жол ашады.

Алдымен, зерттеуде қолданылатын «аштық», «ашаршылық» ұғымдары мен оның типологиясын нақтылау маңызды. 1930-шы жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық алғышарттары, себептері мәселесін түсіну және оған талдау жасау үшін «аштық, ашаршылық» терминін ғылыми тұрғыда қарастыру керек. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «ашаршылық» – аш болушылық, жоқшылық деп берілсе, «аштық» – тамақ ішпегендіктен болатын күйзеліс, ашаршылық жоқшылық ретінде түсіндірілген [166, б. 76].

Аштықтың жаппай құбылыс ретінде бірнеше себептері бар. Оны түсіну үшін азық-түлікті өндіру, тарату және тұтыну үдерістерінің бұзылуына не себеп болатынына назар аудару қажет. Аштықтың себептерін анықтауға ағылшын статисті, әлеуметтанушы К. Вольфордтың зерттеулері негіз болады. Ол аштықтың себептерін табиғи және жасанды (қолдан жасалған) санаттарға бөледі [167]. Біріншісін адамнан тәуелсіз, соңғысын адам әрекетінің нәтижесі ретінде қарастырды. Табиғи себептердің қатарына құрғақшылық, су тасқыны, нөсер, жел, ауа-райының аптап ыстығы немесе суықтығы, зиянкес

жәндіктерден келетін залал, өсімдіктер мен жануарларға әсер ететін аурулар, індеттер жатады. Жасанды себептердің қатарына саяси және әскери қақтығыстың жойқын салдары, әкімшілік басқарудың нашарлығы немесе сыбайлас жемқорлық және экономикалық дағдарыс жатады. Мұндай жүйелі факторлар аштықтың тереңдеуіне, оның жаппай сипат алуына жол ашатынын атап өтеді [168]. Жүргізілген зерттеу нәтижелері 1930-жылдардағы Қазақстандағы, оның ішіндегі Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың туындауы мен ушығуында аграрлық секторда жүзеге асырылған әлеуметтік-экономикалық саясаттың шешуші рөл атқарғанын көрсетті. Ашаршылық кезінде жасанды себептер басым болып, тәркілеу, жаппай күштеп ұжымдастырумен қоса жүрген отырықшылыққа көшіру, ауылшарушылық өнімдерін дайындау науқандары қазақ ауылдарындағы ашаршылықтың негізігі себептеріне айналып, оның тереңдеп жаппай сипат алуына жол ашты.

Зерттеуде ашаршылық құбылысы тек физиологиялық әлсіреу немесе биологиялық тапшылық шеңберінде ғана емес, көпқырлы әлеуметтік үдеріс ретінде пайымдалады. Ол институционалдық құрылымдарға, әлеуметтік ұйымдасу формаларына және халықтың мінез-құлықтық тәжірибелеріне ықпал ететін кешенді құбылыс ретінде қарастырылады.

Осы тұрғыдан алғанда, П. Сорокиннің зерттеулерінде [169] негізделген әлеуметтанушылық тұжырымдамалар теориялық жағынан маңызды болып табылады. Онда дағдарыстық құбылыстар әлеуметтік жүйенің терең құрылымдық өзгерістеріне, сондай-ақ қоғамның нормативтік-құндылықтық іргетасының қайта қалыптасуына ықпал ететін фактор ретінде сипатталады. Сондықтан ашаршылықты әлеуметтік трансформация үдерістерімен сабақтастықта қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді болып табылады.

П. Сорокиннің зерттеуінде аштықтың түрлері, оның адамның мінез-құлқына, әлеуметтік жағынан ұйымдастырылуына әсері анықталады. Ол адамның тіршілігіне қажетті тағамдардың жетіспеуін – «сапалық», ал адам ағзасына тамақтың қажетті мөлшерде түспеуін – «сандық аштық» деп бөледі. Адам ағзасына тамақ қабылдауды толығымен тоқтатуды «абсолютті аштық» десе, ал салыстырмалы аштықты «сандық» және «сапалық» деп бөледі. Сандық салыстырмалы аштық – бұл ағзаға тамақтың жеткіліксіз мөлшерде түсуі. Ағзаның тіршілігі үшін қажетті белгілі бір заттардың азық-түлікте болмауын «сапалы аштық» деп көрсетеді. Тағамның сандық жағы оның калориясымен өлшенсе, ал сапалық жағы ондағы ақуыздардың, майлар мен көмірсулардың, дәрумендер мен аминқышқылдарының және т. б. болуымен өлшенеді [169, б.25].

П. Сорокин пайымдауынша, ұзаққа созылған азық-түлік тапшылығы жағдайында адамның мінез-құлқын реттейтін әлеуметтік, моральдық және мәдени нормалар әлсіреп, негізгі әрекет логикасы тіршілікті сақтауға бағытталған тағам іздеу стратегияларына қарай ығысады; бұл құбылыс жеке деңгейде өзін-өзі сақтау рефлекстерінің, ал қоғамдық деңгейде топтық ынтымақтастық пен әлеуметтік бақылау механизмдерінің трансформациясымен қатар жүреді. Осындай теориялық тұжырымдар аштықтың тек физиологиялық

құбылыс емес, сонымен бірге әлеуметтік құрылымдар мен қоғамдық қатынастарды өзгертуге қабілетті фактор екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, П. Сорокиннің тұжырымдамасы Орталық Қазақстан аумағындағы ашаршылық құбылысын талдауда әдіснамалық маңызға ие: ол азық-түлік тапшылығының халықтың мінез-құлқына, көші-қон үдерістеріне, әлеуметтік байланыстардың әлсіреуіне және күнкөріс стратегияларының өзгеруіне ықпал ету механизмдерін кешенді түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

«Аштық» мәселесін жаратылыстану және әлеуметтік ғылымдар арасындағы байланыс тұрғысынан түсінуге ресейлік тарихшы В.Т. Пашутоның тұжырымдары маңызды. Ол ашаршылық қарсаңындағы немесе ашаршылық жылдардағы табиғи-географиялық жағдайдың ауыл шаруашылығына әсерінің дәрежесін анықтау қажеттігі зерттеушілерді ауа-райы жағдайы, географиялық орта мен деревнялардағы өндіргіш күштерге жан-жақты талдау жасауға итермелейді деп есептейді [170, б.61-63]. В.Т. Пашутоның зерттеуі ашаршылық тарихын бір ғана мәселе төңірегінде емес бірнеше себептер кешені тұрғысынан қарастырады. Бұл тұрғыда ғасырлар бойғы экологиялық және әлеуметтік құрылымдарды, соның ішінде дәстүрлі көшпелі басқару үлгілерін, маусымдық мал жаю циклдарын және құрғақшылық пен қолайсыз климаттық жағдайларды талдау халықтың табиғи тәуекелдерге дайын екендігін көрсетуге мүмкіндік береді.

Ашаршылық табиғатын түсінуде әмбебап заңдылықтарға негізделген шетелдік зерттеушілердің тұжырымдары маңызды рөл атқарады. Р. Конквест [9, б.293] «ашаршылықты» тек экономикалық апат ретінде емес, дәстүрлі қоғамның мәдени ерекшелігін толық түсінбеу жағдайында жүргізілетін идеологиялық негізделген саясаттың нәтижесі ретінде қарастырады. Оның зерттеуі саяси-тарихи және өркениеттік талдаудың синтезіне негізделген, мұнда апат тек қате аграрлық саясаттың салдары ретінде ғана емес, сонымен бірге партия басшылығының терең – дүниетанымдық және мәдени соқырлығының салдары ретінде түсініледі. Аштықтың себептерін бағалауда Р. Конквест оның жасанды сипатын, оның негізінде халықтың нақты әлеуметтік және экономикалық құрылымына немқұрайлылық жатқанын атап көрсетеді.

Ол Қазақстандағы қайғылы жағдайдың, КСРО-ның басқа да ұлттық шеткері аймақтарындағыдай объективті мән-жайлардың нәтижесінде емес, қоғамның мәдени ерекшелігі мен дәстүрлі құрылымын ескермей жүзеге асырылған социалистік қайта құруларды күштеп енгізудің тікелей салдары ретінде туындағанын атап өтті.

Методологиялық тұрғыда Р. Конквест қазақстандық тәжірибені украиндық және ресейлік жағдаймен салыстыра отырып, салыстырмалы тәсілді қолданады. Бұл кеңестік аграрлық саясаттың жалпы ерекшеліктерін, сонымен қатар аймақтық ерекшеліктерін де анықтауға мүмкіндік береді. Оның талдауы мәдениеттердің алуан түрлілігін біртұтас социалистік үлгіге келтіруге бағытталған модернизациялық саясатқа өркениеттік сын тұрғысынан баға береді.

Р. Конквест тұжырымдамасы трагедияның анықтаушы факторлары ретінде институционалдық жауапсыздық, идеологиялық догматикаға назар аударады. Оның ұстанымы Қазақстандағы аштықты табиғи апат ретінде емес, саналы саясаттан туындаған жүйелі гуманитарлық апат ретінде қарастыруға мүмкіндік береді [9, б.293].

XIX ғасырдағы ирландиялық ашаршылық, сондай-ақ XX ғасырдағы Үндістандағы және африкалық ашаршылық туралы классикалық зерттеулер ашаршылық әрқашан саяси және әлеуметтік үдерістермен, меншік құқығының бұзылуымен және экономикалық теңсіздікпен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Бұл параллельдер қазақстандық ашаршылық кездейсоқ апат емес, тоталитарлық мемлекет саясатымен күшейтілген дәстүрлі шаруашылық және әлеуметтік құрылымдардың жойылуының қисынды салдары болды деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді [171]. Осы тұрғыда белгілі экономист ғалым А. Сеннің экономикалық аспектідегі «мүмкіндіктерді шектеу» тұжырымдары маңызды болып табылады. Ол «аштық – бұл тек азық-түліктің болмауы емес, оған қол жеткізудің шектелуімен байланысты мәселе» - деп көрсетеді [172, б.239].

Осы тұжырым бойынша, 1930-жылдардағы Қазақстан мысалында халықтың азық-түлікке деген құқығын шектеу аштық апатының негізгі факторы болды. Себебі, шаруашылығы негізінен мал өсіруге сүйенген халық тәркілеу мен ұжымдастыру науқандарының салдарынан негізгі күнкөріс көзінен айырылып, соның нәтижесінде азық-түлік ресурстарына қол жеткізу мүмкіндігінен де айырылды. 1920-жылдардың соңы 1930-жылдары жүзеге асырылған ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау науқандары нәтижесінде халықтың қолындағы күнкөріс көзін мемлекетке тапсыру, ортақтастыру ашаршылыққа әкелді. Осылайша А. Сеннің тұжырымдамасы ашаршылықтың табиғи себептерінен гөрі саяси-экономикалық себептерінің басым болғанын көрсетеді.

А. Сеннің Эфиопиядағы көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халық арасындағы аштықты қарастырудағы негізгі тұжырымдарын И. Огайон қолданады. А. Сен көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын халықтың арасында аштық егін шаруашылығымен айналысатын тұрғындарға қарағанда тез қарқынмен тарайтындығын салыстырмалы түрде анықтайды. Аштық кезінде адам шығыны көшпелі мал шаруашлығымен айналысатын халықтардың арасында едәуір жоғары болады деген қорытындыға келеді [15, б.208].

Эфиопияда дәнді дақылдар тапшылығы жағдайында көшпелі шаруашылық иелері астық сатып алу үшін малын жаппай сатуға мәжбүр болды. Нәтижесінде нарыққа ауыл шаруашылығы өнімдерінің шамадан тыс көп түсуі бағаның төмендеуіне ықпал етіп, айырбас шарттарын тиімсіз етті. Мұндай экономикалық теңгерімсіздік, түптеп келгенде, көшпелі халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауына және кедейлену үдерісінің тереңдеуіне алып келгендігі жайлы тұжырым жасалады. Бұл тұжырым қазақ даласындағы аштық кезінде отырықшы аудандарға қарағанда көшпелі аудандардағы халық аштыққа көбірек ұшырағандығын дәлелдей түседі.

Мысалы, 1930 жылы Шет ауданындағы егін екпеген ауылдарда тұқым тапсыру бойынша жоспарды орындау үшін кедейлер 1 пұт (16 кг.) бидайға жылқы немесе 1 бас ірі қара мал берген. Ал, Қу ауданның №14 ауылында мүлдем егін екпеген кедейлерге тұқым қорына 10 фунт бидай тапсыру міндеттелген, еріксіз олар 1 фунт бидайды 1 сомға сатып алуға мәжбүр болған. Осы аудандағы Каримов деген кедей 1 пұт астық үшін қолында бар барлық малын сатып жіберген. Берікқара ауданында да тура осындай жағдайлар орын алған [173, п. 70]. Егін екпейтін ауылдарға да тұқым қорын тапсыру жоспары берілгендіктен мал шаруашылығы басым аумақтарда тұратын халық күн көріп отырған малдарын сатып, астық тапсыру жоспарын орындауға мәжбүр болған.

Дегенмен, А. Сеннің көзқарасына қарсы шыққан ғалымдар да болды. Солардың қатарында П. Нолан болды. Ол XX ғасырдағы жаппай ашаршылық жағдайында, мысалы, Кеңес Одағында ұжымдастыру кезеңіндегі азық-түлік өндірісінің күрт төмендеуі миллиондаған адамдардың жаппай аштыққа ұшырауы мен өлімінің басты себебі болғанын дәлелдейді [174].

Жоғарыдағы тұжырымдамаларды ескере отырып, аштықтың себептері оның жағдайына байланысты әр түрлі болады деген қорытынды жасау орынды болады. Бірақ, аштықтың табиғи және қолдан жасалған себептерінің өзара әрекеттесуін қарастыруда А. Сеннің тұжырымы құндырақ.

Осы мәселе М.Эллманды аштықтың екі санатын ажыратуға итермеледі: біріншісі – онда азық-түлік жетіспеушілігі (АТЖ) міндетті болып, оның әсерін айтарлықтай жеңілдету мүмкіндігі өте аз немесе мүлдем болмаған (АТЖ1); екіншісі – табиғи себептер азық-түліктің көлемін айтарлықтай азайтып, өмірге үлкен қауіп төндірген, алайда үкіметтің әрекеттері нәтижеге айтарлықтай әсер еткен жағдайлар (АТЖ2). Екінші санаттағы жағдайларда, үкімет қандай да бір басымдықтарға сүйеніп әрекет етсін немесе етпесін, ірі аштықтың алдын алу мүмкіндігі пайда болып, немесе кем дегенде оның салдарын елеулі дәрежеде жеңілдетуге болады [175].

Аштықты азық-түлік тапшылығының нәтижесі ретінде ғана емес, ресурстарды әртүрлі аймақтар мен әлеуметтік топтар арасында біркелкі бөлмеудің салдары ретінде қарастыруға Н. Пианчоланың зерттеу тұжырымдары мүмкіндік береді [19]. Ол өз зерттеулерінде Е. Осокина ұсынған теориялық модель – «тұтыну иерархиясы» тұжырымдамасына сүйенеді. Аталған модель аясында ашаршылық тек азық-түлік тапшылығының салдары ретінде ғана емес, ресурстарды бөлудің құрылымдық теңсіздігімен де түсіндіріледі.

Тарихи, әлеуметтік және экономикалық талдау тоғысында қалыптасқан бұл тұжырымдама 1930-жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың себептерін зерделеуде маңызды теориялық негіз болып табылады. «Сталиндік тұтыну иерархиясы» моделін қолдану қазақ халқының жаппай қырылуын теориялық тұрғыдан түсіндіруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, ресурстарды орталық аймақтар мен индустриялық орталықтардың мүддесіне қарай қайта бөлу тетіктері айқындалып, сонымен қатар шеткері өңірлердің экономикалық тұрғыдан әлсіреуі мен кедейлену үдерісі көрсетіледі [176].

Оның шеңберінде ұжымдастыру және экономикалық дағдарыс жағдайында КСРО ресурстары Орталық аймақтардың – Мәскеу, Ленинград және басқа да ірі өнеркәсіптік орталықтардың пайдасына қайта бөлінді деп пайымдайды. Осы қайта бөлудің нәтижесінде шеткі өңірлер, оның ішінде Қазақстан өте осал жағдайға тап болғанын айтады.

Н. Пианчола қазақтардан олардың негізгі шаруашылық ресурсы – малдың едәуір бөлігін тартып алу кездейсоқ немесе мәжбүрлі шара емес, мақсатты сипаттағы үдеріс болғанын атап көрсетеді. Оның пайымдауынша, бұл әрекет орталық аймақтардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі қайта бөлу саясатының құрамдас бөлігі болды.

Осындай қайта үлестіру тетігі қазақ халқын негізгі күнкөріс құралдарынан айырып қана қоймай, экономикалық тәуелділік жағдайын күшейтті. Соның нәтижесінде өмірлік маңызы бар ресурстарға қолжетімділік шектеліп, қоғам ішінде экономикалық қана емес, әлеуметтік жіктелу мен иерархиялық қатынастардың тереңдеуіне де негіз қаланды деген қорытындыға келеді [19].

Методологиялық тұрғыдан алғанда, «тұтыну иерархиясын» талдау кешенді пәнаралық тәсілді қажет етеді. Ол үшін ресми және архивтік деректердің идеологиялық шарттылығы мен ықтимал бұрмалануын ескере отырып оларды сыни талдау; ресми құжаттардағы олқылықтардың орнын толтыру үшін ауызша және этнографиялық деректерді пайдалану маңызды. Н. Пианчола зерттеулерінде қолданылған «тұтыну иерархиясы» тұжырымдамасы Қазақстандағы 1930-1933 жылдардағы ашаршылықтың себептері мен тетіктерін терең түсінуде теориялық-методологиялық құрал болып табылады. Ол Кеңес Одағының экономикалық саясаты мен қазақ халқының трагедиясы арасындағы күрделі өзара байланысты ашуға мүмкіндік береді.

Ашаршылық мәселесін зерттеуде әлеуметтік-антропологиялық және микро-тарихи зерттеулер маңызды болып табылады. Бұл тұрғыда Р. Киндлердің зерттеулері аштық жағдайында халықтың өмір сүруінің мінез-құлқына, аштықты қабылдауына және күнделікті стратегияларына бағытталған [21]. Ол демографиялық шығын, мемлекеттік саясат пен экономикалық салдарлардан тыс әлеуметтік, мәдени және саяси тарихты күнделікті тәжірибені күштеуді сыни тұрғыдан түсінумен үйлестіреді.

Посткеңестік және батыстық тарихнамада басым болып табылатын пассивті құрбандардың бейнесін сынау Р. Киндлер тұжырымдамасындағы негізгі мәселе болып табылады. Ол зерттеулердің көпшілігі халықты оқиғалардың барысына әсер ете алмайтын белсенді емес объект ретінде бейнелейтінін атап көрсетеді. Р. Киндлер адамдардың дағдарысқа қалай бейімделуге тырысқанын, өмір сүру үдерісінде қандай әлеуметтік механизмдер қосылғанын немесе жойылғанын және ұзақ уақыт тамақтанбау мен өлім қорқынышының әсерінен адамның мінез-құлқы қалай өзгергенін зерттейді.

Методологиялық тұрғыдан Р. Киндлер А. Сеннің идеяларына сүйенеді. Атап айтқанда, «азық-түлік құқығынан айырылу» («food enitlement decline») тұжырымдамасы, аштық көбінесе азық-түліктің болмауынан емес, халықтың

белгілі бір топтарының өмірлік маңызды ресурстарға қол жеткізуінен айырылуынан туындайтынын көрсетеді. Алайда, Р. Киндлер экономикалық теорияларда А. Сен тарапынан қарастырылмай қалған маңызды мәдени, саяси және психологиялық аспектілердің бар екенін атап көрсетеді.

Осыған байланысты Р. Киндлер құрылымдық зорлық-зомбылықты, осалдық ұғымдарын және бейімделу механизмдерін талдауды біріктіріп, аштықтың, әлеуметтік негіздерді, моральдық нормаларды, отбасылық байланыстарды және адамдар арасындағы сенімді қалай бұзатынына назар аударады. Ол аштық жағдайындағы қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың динамикасына – қауымдастықтардың ыдырауына, зорлық-зомбылықтың өсуіне, маргинализацияға, босқындарды (көшпенділерді) шететту және ынтымақтастықтың дәстүрлі түрлерін жоюға ерекше назар аударады. Ол большевиктік саясат дағдарыспен күресіп қана қоймай, аштықты қазақ қоғамының қысымы мен трансформациясының құралы ретінде пайдалана отырып, оны саналы түрде күшейткенін көрсетеді.

Р. Киндлер методологиясы қарапайым халықтың, көшпенділердің, шаруалардың, мәжбүрлі босқындар, әйелдер мен балалардың әлеуметтік тұрғыдан төмен топтардың тарихтағы орнын зерттейтін тәсіл – «төменнен жазылған тарихқа» негізделген. Осы арқылы зерттеуші ашаршылық тарихын тек билік басындағылардың емес, қарапайым адамдардың тәжірибесі, күресі мен өмірі арқылы түсінуге тырысады. Р. Киндлердің көзқарасы саяси тарихты, мәдени антропологияны, күш қолдану теориясын және микроәлеуметтік қайта құруды қамтитын кешенді пәнаралық талдауға негізделген.

1930-1933 жж. Қазақстандағы ашаршылықты зерттеуде С. Камеронның еңбегі саяси, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік факторларды кешенді талдауға негізделген [22]. Ол аштықты кездейсоқ немесе тек табиғи құбылыс ретінде емес, кеңестік модернизация және ұлттық құрылыс саясатының жүйелік құралы ретінде қарастырады. С. Камерон, аштықты Кеңес өкіметінің дәстүрлі көшпелі қоғамды отырықшы қоғамға мәжбүрлеп айналдыруға бағытталған саналы стратегиясы ретінде қабылдауды ұсынады. Методологиялық жағынан зерттеу әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тарих әдістерін біріктіретін пәнаралық талдауға сүйенеді. Құрғақшылық пен су ресурстарының шектелуі сияқты табиғи-климаттық жағдайлардың қазақтардың дәстүрлі өмір салтына және дағдарыстың дамуына әсеріне назар аударылады. Бұл аштықтың себептерін, соның ішінде антропогендік және табиғи факторларды анықтауға мүмкіндік береді. С. Камерон аштықпен бірге жүрген репрессиялық саясатқа көңіл бөледі. Тәркілеу, күштеп отырықшылыққа көшіру, босқындарды қудалау қазақ халқының дәстүрлі өмір салтының бұзылуына ықпал еткенін атап өтеді. Зерттеуші адам шығынының көптігіне қарамастан, аштыққа байланысты үдерістер қазақ қоғамында жаңа ұлттық бірегейліктің қалыптасуы мен мемлекеттіліктің дамуында маңызды рөл атқарғанын атап көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, С. Камеронның тұжырымдамалары трагедияның терең механизмдері мен оның әлеуметтік-экономикалық салдарын жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді.

Ашаршылық тарихы мәселесін қарастыруда М. Таугер тарих методологиясына, «аштық» түсінігі анықтамаларына назар аударуды ұсынады. Ол тарихи құбылыстарды деректерге сүйене отырып талдаудың және идеологиялық түсіндірулерден аулақ болудың маңыздылығын атап көрсетеді. Оның методологиясы бойынша тарихшы оқиғаларды кең тұрғыда қарастырып, баламалы көзқарастар мен бастапқы деректерді ескеруі қажет, сондай-ақ тарих ғылымындағы кәсіби қағидаларды қатаң сақтауды ұсынады. Осы тәсіл аясында 1930-жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық тек белгілі бір топты жою құралы ретінде емес, табиғи катаклизмдер, экономикалық факторлар және дағдарысты жеңу бағытындағы мемлекеттік саясат сияқты күрделі әлеуметтік-экономикалық үдеріс ретінде қарастырылады. М. Таугердің қағидаларын қолдану зерттеудің шынайылығын қамтамасыз етеді және тарихи талдауды біржақты немесе идеологиялық немесе насихаттық құралға айналдырмайды [23, б.7-8].

Зерттеу барысында 1930-шы жылдардағы ашаршылық экономикалық саясаттың ғана емес, сонымен қатар кеңес мемлекеттінің ұлттық саясатының салдары ретінде қарастыратын тұжырымдар да зерделенді. Осы тұрғыда Т. Мартиннің «Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923–1939» зерттеуінде КСРО-дағы этносаяси басқару механизмдерін талдауда қолданған «империя положительной дискриминации» тұжырымдамасы маңызды [24]. Оның ұстанымдарына сәйкес ашаршылықты Кеңес үкіметінің ұлттық саясатының нәтижесі ретінде қарастыруға болады. Аталған саясат бір жағынан қазақтарды «титулды ұлт» ретінде қолдап, қазақ тілінің мәртебесін көтеру мен ұлттық кадрларды алға жылжытуды көздесе, екінші жағынан дәстүрлі шаруашылық құрылымына күштеп араласу арқылы оны жүйелі түрде ыдыратқан.

Т. Мартин дағдарыс жағдайында халықтың белгілі бір топтарын орталық билік сенімсіз немесе қауіпті деп қабылдауын сипаттайтын «қауіп сигналы» ұғымын ұсынады. Бұны ашаршылық жылдарындағы қазақ халқына қатысты мемлекеттік саясаттың өзгерісін қарастыруда қолдануға болады. Т. Мартиннің ұсынған зерттеу тәсілі ашаршылықты тек экономикалық апат ретінде емес, сонымен қатар қазақ қоғамын траснформациялауға және оны кеңестік даму үлгісіне бағындыруға негізделген этноска бағытталған саясаттың бір элементі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ашаршылық көшпелі өмір салтын жою, дәстүрлі институттардың автономиясын басу және республиканың демографиялық, мәдени бейнесін өзгерту арқылы жүзеге асырылған.

Т. Мартиннің тәсілін қолдану қазақстандық аштықты Кеңес Одағының әр түрлі этникалық топтарын басқару жөніндегі жүйелі саясатының бір бөлігі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Онда күштеу, бюрократиялық мәжбүрлеу және әлеуметтік инженерия «жаңа кеңес халқын» құрудың құралы болды.

Осылайша, шетелдік зерттеулерде ашаршылық әлеуметтік, экономикалық, саяси, экологиялық және репрессивтік факторлардың өзара әрекеттесуінен туындаған кешенді тарихи құбылыс ретінде қарастырылады. П. Сорокин ашаршылықтың жеке тұлға мен қоғамға әсерін зерттесе, В. Пашуто

ұзақ мерзімді әлеуметтік және экологиялық құрылымдарды, Р. Конквест институционалдық жауапкершіліктің жоқтығы мен идеологиялық догматизмді, А. Сен әлеуметтік-саяси факторлардың үстемдігін, соның ішінде халықтың азыққа қол жеткізу құқығының шектелуін, Н. Пианчола ресурстардың әлеуметтік және құрылымдық теңсіз бөлінуін, С. Камерон дағдарыстың механизмдері мен салдарын пәнаралық тәсілдермен, Р. Киндлер қарапайым халық тәжірибесін, ал Т. Мартин этносаяси аспектілер мен көшпелі қоғамның трансформациясын талдады. Осы тәсілдерді жиынтықта қолданылуы әсері әлеуметтік, мәдени және мемлекеттік құрылымдарға айтарлықтай ықпал еткен ашаршылықты жеке оқиға ретінде емес, құрылымдық, институционалдық және әлеуметтік факторлардың өзара байланысы арқылы қалыптасқан күрделі тарихи процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қазақ халқының тарихында табиғи-климаттық жағдайға байланысты негізгі тіршілік көзі - малдың қырылып, халықтың күйзеліске ұшырайтын ауыртпалық жылдары ғылыми зерттеулерде, халықтың ауызша деректерінде, өлең-жырларында, естеліктерде «ұлы жұт», «нәубет», «зобалаң», «зұлмат» сияқты түрлі атаулармен сипатталған.

Қазақ халқы мал-жан қырылып, қатты күйзеліскен ұшырайтын кезеңді «жұт» деп атаған. «Жұт – ғасырлар бойы қазақ халқының титығына жеткен ежелгі жауы болған. Малмен бірге адамдар қырылатын, аштықтан мыңдаған адамдар өлетін, олар көбінесе көмусіз қалатын. Сондықтан «аштан өлген кісінің моласы жоқ» делінетін. Мыңдаған шаңырақтар «ортасына түсіп», жүздеген ауылдардың түтіні сөнетін» - деп сипатталады [177, б.187].

Ғалымдардың зерттеулерінен көшпелі шаруашылықты жүргізу ерекшеліктеріне, даланың табиғи-климаттық жағдайына бейімделуіне сәйкес «жұт» мәселесіне байланысты белгілі бір заңдылықтарды анықтауға болады. Қазақ халқынының дәстүрлі күнтізбесінде «қоян», «мешін», «тауық» жылдары жұт жылдары болып есептелген. Қазақ даласының табиғи-климаттық жағдайына байланысты апаттық құбылыс ретінде жұт көшпелі шаруашылыққа айтарлықтай зиян тигізіп отырған. Әр жылдардағы жұттар ауқымы жағынан әртүрлі сипатта болған. Ауқымды жұттар кезінде төрт түлік мал жаппай қырылып, соның салдарынан халық кедейленіп, әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа ұшыраған. С.И. Ковальскаяның тұжырымы бойынша «тарихи деректерге сәйкес ірі көлемдегі жұттар шамамен әрбір 10-12 жыл сайын қайталанса, ішінара, локальды сипаттағы жұттар жыл сайын қазақ даласының әр түпкірінде болған. Өзінің ауыр салдарымен ерекшеленетін жұттар қатарында 1855-1856, 1867-1868, 1879-1880, 1891-1892, 1903-1904, 1910-1911 жылдардағы табиғи апаттарды атайды. Бұл кездегі жұттар қазақ халқының мал шаруашылығына ғана емес, жалпы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымына, халықтың тұрмыс деңгейіне, көші-қон үдерістеріне және этнодемографиялық жағдайына теріс әсерін тигізген» - деп есептейді [178].

Сипаты мен салдарына, көлеміне байланысты халықтың арасында жұтқа түрлі атаулар берген. Мал көп қырылған ауқымды жұттарды «ұлы жұт» деп атаған. Ондай жылдар жануарлар күнтізбесіне сәйкес көбінесе қоян жылдары

болған. Сондықтан 1867-1868 жж. «жалпақ қоян жұты», 1879-1880 жж. «ұлы қоян», 1891-1892 жж. «кіші қоян» немес «ақ қоян» деп аталған [179]. Осындай ауқымды жұттар кезінде жылқылардың 60 пайызы, қойлар мен түйелердің жартысы қырылған. Қазақтың ауызекі сөзінде «қоян жылғы жұт» деген ұғым қалыптасып, халықтың есінде қалған. Осы жылдары халықтың басына түскен ауыртпашылықтар халық ақындарының шығармаларында сипатталып, суреттеледі. Мысалы, 1891 жылғы қоян жұты Намаз ақын мен Құлтума Сармұратұлының айтысында былай делінеді:

«Еліңді зар еңіреткен қара қоян,
Сенің құрып қалғаның тәңірге аян,
Ішер тамақ, киерге киім таппай,
Бала-шағаң жеп өсті бақа-шаян», десе Майлықожа Сұлтанқожаұлы былай дейді: «Қоян жылы жаумады көктен жаңбыр,
Қабағы шаруалардың болды салбыр,
Қыста күні болғанда қар тынбады,
Хайуанға өлім жетті аштан әрбір,» [180].

І. Жансүгіровтың да шығармашылығында қоян жылындағы жұтқа байланысты мына үзіндіден байқауға болады:

«Болмаса түлкі алдырған, қасқыр атқан,
Бір қазақ таба алмайсың қысты ұнатқан.
Өтіпті «ақ қояндай» қырғын қыстар,
Түкірік түспей қатқан, жұрт жұтатқан» [177, б.187].

Дегенмен, қазақ халқының жұтап, малсыз қалуы тек «қоян» жылы ғана емес басқа жылдары да қайталанып отырған. Жұттарды тудыратын фактор көктайғақ, қардың қалың түсуі боран болған. Бір жыл ішіндегі борандардың ұзақтығы Орталық және Солтүстік Қазақстанда 300-450 сағатты құраса, Оңтүстік Қазақстанда 1-5 сағатты құраған [181, б.54]. Мысалы, «доңыз», «тауық», «мешін» жылдары да жұт жылдары болып есептелген. Себебі, халықтық тәжірибеге сәйкес ірі жұттар әрбір 6-8, 10-12 жылда қайталанса, кіші жұттар әрбір 3-4 жылда қайталанып отырған [181, б.100]. 1930-шы жылдардағы Торғай аумағындағы ашаршылық құрбаны болған ақын Ә. Нұртазаұлының (XIX ғ. екінші жартысы – XXғ. басында өмір сүрген) 1921-1922 жж. ашаршылық туралы жазған «Тас мешін» дастанынан алынған мына үзіндіден көрінеді:

«Тас мешін» жалғастырдың тауығыңды,
Сыпырып сансыз қызық, сауығымды.
Тоңқиған атпақылдың сақасындай,
Көркімен көрсетпедің ауылымды.
Аштықтан Қырға, Сырға тентіреттің,

Ағайын неше дос, жар, бауырымды» [182, б.41-45]. Сонымен, жоғарыдағы ұсынылған үзінділерден, «жұт» циклды түрде қайталанып, табиғи-климаттық жағдайлардың ықпалынан болып отырғанын айқын аңғаруға болады. Ақындар тарихи заңдылықтарды көркем тілмен жеткізіп, тарихи куәлік

ретінде қалдырды. Қазақ халқы бұндай жұт түріндегі ауыртпалықтарды Тәңірдің жазасы немесе сынақ ретінде қабылдаған.

Зерттеуші З.Г. Сактаганова «қазақтар бұндай жұттардан малдарының едәуір бөлігін жоғалтса да, демографиялық шығынсыз, дәстүрлі қоныстанған аудандарынан босып кетусіз шығып отырған. Сондықтан 1930-шы жылдардағы «ұлы жұт» ішкі себептерден немес індеттерден туындаған жоқ, оның себептері сыртқы факторларға байланысты болды» – деп тұжырым жасайды [154, б.125]. Себебі, көшпелі қазақтарда «жұт» сияқты төтенше табиғи құбылыстармен күресудің жолдары болды. Көктайғақ, қалың қар түскен кезеңдерде көшпелі халық малдың шөп тұтыну ерекшелігіне қарай оларды кезектесіп жаю арқылы жайылымды тиімді пайдаланса, локальды жұт кездерінде көшпелілер малдарын жұт жайлаған аумақтардан тыс жерлерге айдап әкетсе, кей жағдайларда малға жем-шөпті қарды қолмен тазалап беру арқылы аман алып қалып отырған. [181, б.100-101]. Бұл тұжырымдар 1920-1930-шы жылдардағы күштеу арқылы іске асырылған әлеуметтік және экономикалық өзгерістер дәстүрлі тіршілік ету механизмдерінің тиімділігін күрт төмендеткеніне көз жеткізеді.

Ашаршылық мәселесін зерттеуде отандық тарихнамада әзірленген теориялық әдіс-тәсілдер де маңызды. Ж.Б. Абылхожин, М. К. Қозыбаев және М. Б. Тәтімовтың бірлескен мақаласы 1930-жылдардағы Қазақстандағы ашаршылықты зерттеудегі зерттеу парадигмасының қалыптасуына әсер еткен іргелі зерттеулердің бірі болып табылады [78]. Авторлар аштықтың табиғатын, себептері мен салдарын әлеуметтік және гуманитарлық апат ретінде түсінуге кешенді және негізінен жаңашыл көзқарасты ұсына отырып, зерттеуді идеологиядан тыс қарастыруға негіз жасады. Зерттеудің теориялық көзқарасы кеңестік модернизацияның тоталитарлық сипаты туралы идеяға негізделген, онда аграрлық саясат дәстүрлі қоғамды күштеп өзгерту механизмі ретінде қарастырылады. Ұжымдастыру, тәркілеу және күштеп отырықшылыққа көшіру үдерістері, ең алдымен, қазақ халқы арасында шаруашылық құрылымының бұзылуына, жаппай көші-қон мен елеулі демографиялық шығындарға түрткі болған мемлекеттің бағытталған іс-әрекеттері ретінде түсіндіріледі.

Әдістемелік тұрғыдан бұл зерттеу себеп-салдарлық талдауды, тарихи-салыстырмалы және әлеуметтік-экономикалық тәсілдерді қолданумен ерекшеленеді. Зерттеу әртүрлі дереккөздерге, соның ішінде статистикалық материалдарға, директивалық құжаттарға, партиялық және кеңестік құрылымдар арасындағы хат-хабарларға сүйенеді, бұл жұмысқа эмпирикалық сипат береді. Мұндай архив материалдарына негізделген зерттеу аграрлық саладағы репрессиялық саясатты іске асырудың нақты тетіктерін анықтауға және олардың республиканың түрлі аймақтарындағы салдарын талдауға мүмкіндік береді. Ж.Абылхожин, М. Қозыбаев және М.Тәтімовтің зерттеулері ашаршылық мәселесін одан әрі тереңдетуге және кейінгі зерттеулердегі күрделі пәнаралық тәсілдерге көшуге негіз болды. Бұл зерттеу кеңестік модернизациялау жобасын оның гуманитарлық салдарларының объективі арқылы қайта қараудың методологиялық векторларын белгіледі. Зерттеуде ұсынылған теориялық-әдіснамалық бағдарлар Қазақстандағы 1930-

жылдардағы ашаршылықтың сыни және ғылыми негізделген талдауын құру үшін маңызды негіз болып табылады. Олар күштеп трансформациялау жағдайында мемлекет пен қоғамның өзара іс-қимылын түсінуге ықпал етеді.

Ж.Абылхожин жеке зерттеулерінде дәстүрлі құрылымдарды қарастырып, ашаршылық құбылысын қазақ қоғамының дәстүрлі әлеуметтік-экономикалық құрылымын зорлықпен өзгерту нәтижесінде пайда болған терең құрылымдық дағдарыстың заңды салдары ретінде қарастырады. Зерттеуші 1930- жылдардағы ашаршылықты тек табиғи факторлардың немесе жеке шаруашылық қиындықтардың нәтижесі ретінде емес, жеделдетілген модернизациялық саясаттың, оның ішінде ұжымдастыру науқаны мен әкімшілік-әміршіл басқару тәсілдерінің ықпалымен қалыптасқан жүйелік күйзеліс ретінде түсіндіреді. Ж. Абылхожиннің тұжырымдамасында дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың табиғи ортаға бейімделген тепе-теңдік механизмдерінің бұзылуы, меншік қатынастарының түбегейлі өзгеруі және ресурстарды күштеп қайта бөлу өндірістік процестің іркілуіне, жаппай демографиялық шығындарға және әлеуметтік құрылымның ұзақ мерзімді трансформациясына алып келген негізгі себептер ретінде қарастырылады. Осылайша, зерттеушінің методологиялық тәсілі тарихи феноменді кешенді талдауға, құрылымдық және әлеуметтік-экономикалық факторларды ескеруге және оқиғаның көпқырлы себептерін айқындауға мүмкіндік береді [91].

Зерттеуде кеңестік модернизациялау үдерісінің тоталитарлық сипаттағы трансформациялық тетіктерін анықтауда Т. Омарбековтың тұжырымдары пайдалы болды [81]. Т. Омарбеков зерттеулерінде ұжымдастыру саясатын қазақ халқының дәстүрлі өмір салты мен шаруашылық құрылымына қарсы бағытталған, орталықтандырылған күштеу тәсілі ретінде қарастырады. Методологиялық тұрғыдан алғанда зерттеушінің еңбектері тарих ғылымындағы тарихи-салыстырмалық, себеп-салдарлық, құрылымдық және проблемалық-талдамалық әдістерге негізделіп жазылуымен құнды. Т. Омарбеков қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымының күйреуін тек шаруашылық жүйенің өзгеруі ретінде ғана емес, сонымен бірге этностың өмір сүруіне қауіп төндірген, тарихи жад пен ұлттық бірегейліке нұқсан келтірген үдеріс ретінде бағалайды. Ол ашаршылықты тек әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде ғана емес, гуманитарлық апат деңгейінде зерделеу қажеттігін негіздейді. Зерттеу барысында кеңестік әкімшілік-әміршілдік жүйенің ерекшеліктеріне, жергілікті деңгейдегі орындаушы құрылымдардың рөліне және билік пен халық арасындағы қарым-қатынас сипатына да назар аударады. Бұл – зерттеудің құрылымдық-тарихи аспектілерін күшейтіп, кең көлемде талдауға жол ашады.

Жалпы алғанда, Т. Омарбековтың зерттеулері отан тарихындағы ұжымдастыру мен ашаршылық тақырыбын терең әрі кешенді түрде талдауға бағытталған алғашқы іргелі зерттеулердің бірі ретінде бағаланады. Бұл еңбек кеңестік аграрлық саясаттың табиғатын оның ұлттық болмысқа тигізген зардаптарын ғылыми тұрғыда зерделеуге, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған зерттеулердің қалыптасуына негіз жасайды.

Аштықтың себептерін, механизмдері мен салдарын талдауда пәнаралық және кешенді көзқарасқа негізделген. Қ. Алдажұмановтың тұжырымдамасы маңызды үлес қосады [183]. Оның теориялық және әдіснамалық ұстанымы зерттеу барысында ішкі (әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, басқарушылық) және сыртқы (идеологиялық, саяси, макроэкономикалық) факторларды қосуды талап етеді, бұл апаттың құрылымдық табиғатын жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Қ.Алдажұманов методологиялық тұрғыда синхронды және диахронды талдаудың үйлесіміне ерекше назар аударады. Синхронды тәсіл биліктің барлық деңгейлерінің – республикалық, одақтық және жергілікті – соның ішінде ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру саясатын жүзеге асыруға жауаптылардың қызметін бір уақытта зерттеуді қамтиды. Бұл басқару шешімдері мен оларды орындау тетіктері туралы көлемді түсінік береді. Диахрондық талдау көшпелі және жартылай көшпелі экономиканың эволюциясын күштеп жаңғырту қарсаңында және кезеңінде зерттеуге бағытталған. Ол қазақ қоғамының әлеуметтік және экономикалық ұйымдасуындағы құрылымдық өзгерістерді анықтауды көздейді [183]. Осылайша, Қ. Алдажұмановтың методологиялық ұстанымы құрылымдық талдау және институционалдық көзқарас қағидаттарына негізделеді. Оның зерттеулері ғылыми түсіндіруге тек экономикалық және саяси детерминанттарды ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік динамиканы, психикалық өзгерістерді, әкімшілік тәжірибелерді және халықтың қарсылығын қосу қажеттілігін көрсетеді. Бұл тәсіл 1930 жылдардағы трагедияның біртұтас және объективті бейнесін жасауға ықпал етеді.

Сонымен, тарихшылар белгілі бір оқиғаларды зерттеу барысында барынша мол дерек көздерін кеңінен пайдалану қажет. Бұнымен қоса, сол мәселеге қатысты өзінің пікіріне, көзқарасына сәйкес келмейтін дәлелдерді де назардан тыс қалдырмау керек. Баламалы көзқарастарды елемейтін зерттеуші құнды ғылыми зерттеу жұмысын ұсына алмайды. Егер зерттеуші өзінің нұсқасы жалғыз болып көріну үшін балама көзқарастарды әдейі жасырса, мұндай зерттеушінің еңбегін насихаттық құрал деп бағалауға болады» – деп тұжырым жасауға болады [23, б.7-8]. Сондықтан ашаршылық проблемасын қарастыруда біржақты көзқарасты ұстанбай, осы бағытта жарияланған зерттеулердегі тұжырымдар, заңдылықтар, көзқарастар, пікірлерді саралау керек.

Қазақстандағы аштықты теориялық-әдіснамалық көзқарас тұрғысынан зерттеу трагедияны тек табиғи немесе шаруашылық факторлардың нәтижесі ретінде ғана емес, ең алдымен мемлекеттік биліктің әрекеттеріне тәуелді әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде де жаңаша түсінуге мүмкіндік береді. Жүйелік, құрылымдық-функционалдық тәсілдерді қолдану 1930- жылдардағы ашаршылықтың көп деңгейлі сипатын, оның күштеп ұжымдастырумен, дәстүрлі көшпелі жүйені жоюмен және репрессиялық сипаттағы саясатпен байланысын ашады.

Қазіргі таңда ашаршылық проблемасын зерттеушілер пәнаралық әдістерге көбірек бет бұруда, бұл аштықтың демографиялық және өркениеттік салдарын түсінудегі олқылықтарды толтыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, отандық, шетелдік зерттеушілер еңбектеріне негізделген аштық феноменін қарастыратын теориялық-методологиялық зерттеулерге сүйене отырып, аштықты әсер ету деңгейіне қарай:

1. Физиологиялық аштық – тамақ пен өмірлік маңызды қоректік заттардың жетіспеушілігін сезіну;

2. Экономикалық аштық – бұл табыстың төмендігімен немесе ресурстарға қол жетімділіктің болмауымен байланысты азық-түлік сатып алуға қаражаттың жетіспеушілігі.

3. Әлеуметтік-саяси аштық –ұжымдастыру, мәжбүрлі көші-қон немесе тұтынуды әкімшілік шектеу сияқты құрылымдық, институционалдық және саяси факторлардан туындаған аштық деп жіктеуге болады.

1930-жылдардағы Орталық Қазақстан шеңберінде зерттелетін құбылыс аштықтың барлық үш түрін біріктіреді. Жұт пен құрғақшылық сияқты табиғи факторлар физиологиялық қауіп тудырады. Шаруашылықты ұжымдастыру және байларды тәркілеу экономикалық тапшылықты қалыптастырды, ал зорлық-зомбылық, күштеу әкімшілік шаралар мен дәстүрлі көшпелі шаруашылықтың жойылуы әлеуметтік-саяси ашаршылыққа алып келген болатын. Осылайша, ашаршылықты кешенді аналитикалық зерттеу тәсілдерін қажет ететін, физиологиялық, экономикалық, әлеуметтік және психологиялық аспектілерді қамтитын көп қырлы құбылыс ретінде қарастыру керек.

1930-жылдардағы Орталық Қазақстандағы аштық көпдеңгейлі және кешенді құбылыс ретінде қарастырылуы тиіс, ол бір мезгілде табиғи, экономикалық және әлеуметтік-саяси факторлардың ықпалымен қалыптасқан. Физиологиялық аштық табиғи жағдайлармен, атап айтқанда, құрғақшылық пен жайылымдардың өнімділігінің төмендігімен байланысты болса, экономикалық аштық – ауылшаруашылық өнімдерінің мәжбүрлеп алынуы мен дәстүрлі шаруашылық құрылымдарының бұзылуы арқылы көрінді. Ал әлеуметтік-саяси аштық әкімшілік қысым, ұжымдастыру саясаты және өмірлік маңызды ресурстарға қолжетімділіктің шектелуі салдарынан туындады.

Аштықтың кешенді табиғаты оның салдарын тек табиғи немесе экономикалық себептермен түсіндіруге болмайтынын көрсетеді. Ең маңызды рөлді дәстүрлі қоғамды трансформациялауға бағытталған мемлекеттік институционалдық шешімдер мен саяси стратегиялар атқарған. Аштық құбылысын пәнаралық тұрғыдан зерттеу оның құрылымдық, функционалдық және институционалдық алғышарттарын айқындайды. Бұл өз кезегінде 1930-жылдардағы Орталық Қазақстан аумағында ашаршылықты тек табиғи немесе экономикалық дағдарыс ретінде ғана емес, әлеуметтік құрылымдар мен басқару тетіктерінің өзара ықпалы нәтижесінде қалыптасқан күрделі тарихи құбылыс ретінде түсіндіруге жағдай жасайды.

Ұсынылып отырған ашаршылық мәселесіне арналған диссертациялық зерттеу дәстүрлі тарихи зерттеу аясында жазылды. Оның негізін қалыптасқан

теориялық-методологиялық ұстанымдар құрайды. Жұмыста оқиғаларды кезеңдеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау, әлеуметтік-экономикалық факторларды талдау сияқты дәстүрлі тарих ғылымына тән тәсілдер басшылыққа алынды. Бұл ашаршылықтың тарихи шынайылығын, оның алғышарттарын, барысын және салдарын объективті түрде ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, қазіргі тарих ғылымының даму үрдістерін ескере отырып, болашақта бұл мәселені жаңа ғылыми бағыттармен толықтырудың маңызы зор. Атап айтқанда, пәнаралық зерттеу тәсілдерін енгізу, антропологиялық, мәдени және экологиялық көзқарастарды қолдану ашаршылықты тек әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге адам тәжірибесі, мәдени жад және қоршаған ортамен өзара байланыс тұрғысынан қарастыруға жол ашады. Бұл «Анналдар» мектебінің өкілдері – М. Блок пен Л. Февр қалыптастырған ғылыми ұстанымдармен байланысты. Аталған бағыт бойынша қоғам өзара тығыз байланысқан, ішкі тұтастығы бар тарихи жүйе ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда тарихи үдеріс жекелеген оқиғалардың тізбегі ретінде емес, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және менталдық құрылымдардың өзара ықпалдасуы нәтижесінде қалыптасатын күрделі құбылыс ретінде түсіндіріледі.

Оның ішінде М. Блок тарихи үдерістерді тек саяси оқиғалар негізінде ғана емес сонымен қатар қоғамның күнделікті өмірі, шаруашылық құрылымы ерекшеліктері арқылы зерттеуді негіздеді. Л. Февр өткенді адамдардың дүниетанымы, сезімі, оқиғаны қабылдауы арқылы түсіну керектігін көрсетеді. Осы теориялық негіздер шеңберінде ашаршылық тарихын зерттеу тек статистикалық деректер мен экономикалық көрсеткіштерге сүйеніп қана зерттемей, халықтың аштық кезіндегі күнделікті өмір тәжірибесін, өмір сүру стратегияларын, үрей-қорқыныш, бейімделу, аман қалу тетіктерін талдауды қажет етеді. Бұнымен бірге экологиялық факторларды ескеру табиғи орта мен дәстүрлі шаруашылық жүйенің бұзылуы арасындағы байланысты түсінуге мүмкіндік береді.

Осы методологиялық ұстанымдар болашақта ашаршылық құбылысын тереңірек түсінуге, оның қоғам санасындағы көрінісін және ұзақ мерзімді салдарын кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді.

1.2 Мәселенің тарихнамасы

1930-жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық мәселесінің тарихнамасы ауқымды, оған әр кезеңдердегі саяси және идеологиялық жағдайлар ықпал етіп отырды.

Теориялық-методологиялық және тұжырымдамалық әдіс-тәсілдерге, қолданылған деректердің ерекшеліктеріне, қарастырылатын проблемалардың шеңбері мен тереңдігіне байланысты және осыған дейінгі жарыққа шыққан зерттеулердің кешені негізінде қарастырылып отырған проблеманың тарихнамасын үш топқа бөліп қарастыру тиімді: *1) шетелдік; 2) кеңестік (соның ішінде Қазақ КСР зерттеушілері еңбектері); 3) қазіргі отандық (1991*

жылдан бастап жарияланған отандық зерттеушілердің еңбектері) [184, б.99-100].

1) шетелдік; Қазақстандағы ашаршылық проблемасы бойынша шетелдік тарихнама *3 кезеңге* бөліп қарастырылады: *1 кезең* (*1930-жылдардың бірінші жартысы -1980-жылдардың басы*) – шетелдік баспасөзде КСРО-дағы ашаршылық туралы алғашқы хабарламалардың жариялануы. Ашаршылық туралы мәліметтер мерзімдік басылым беттерінде хабарлама, дипломатиялық мәлімдеме, жолжазбалар, куәгерлердің естелігі түрінде, публицистикалық сипатта болды. Алайда, бұдан кейін 1960-жылдардағы Д.Далримпл мақаласы болмаса, 1980-жылдарға дейін батыстық тарихнамада проблемаға қатысты зерттеулер үзіліп қалды. *2 кезең* (*1980- жылдардың басы -1990-жылдардың соңы*) – кеңестік ұжымдастыру, шаруалардың қарсыласу тарихы бойынша алғашқы зерттеулердің пайда болуы. Екінші кезеңде Қазақстандағы ашаршылық арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. М. Олкоттың еңбектерінде ғана Қазақстан жеке мәселе ретінде қарастырылды; *3 кезең* (*1990- жылдардың соңы - 2000-жылдар*) – Қазақстандағы ашаршылық пен оған себеп болған тарихи оқиғалар арнайы зерттеу нысанына айналған іргелі монографиялық зерттеулердің пайда болуы.

Шетелдік тарихнамалық кешеннің бірнеше ерекшеліктері мен сипаттамалық белгілері бар: біріншіден, түрлі деректерді, оның ішінде архивтік құжаттар, дипломатиялық хабарламалар,статистикалық мәліметтер мен куәгерлер естеліктерін пайдаланып; ашаршылық проблемасын әлеуметтік, экономикалық, демографиялық және саяси тұрғыда қарастырады; үшіншіден, аштықтың ауқымын, салдарын, дәстүрлі көшпелі өмір салтының бұзылуына назар аударады; төртіншіден, ашаршылықтың себеп-салдарын нақты тарихи және құрылымдық факторлар арқылы түсіндіріп, салыстырмалы тұрғыда талдайды.

1 кезең (1930-жылдардың бірінші жартысы) – батыстық басылымдарда КСРО-дағы ашаршылық туралы жарияланған хабарламаларда Ресей, Украина, Солтүстік Кавказ аумақтарындағы аштыққа ұшырағандар туралы мәліметтер жарияланды. 1933 ж. «Манчестер гвардиан» газетінде ағылшын журналисті М. Маггеридж Украина мен Солтүстік Кавказға сапар шегу туралы өзінің әсерлері туралы айтып, ауыл тұрғындарының ашаршылық көріністерін және адамдардың жаппай қырылуын сипаттайды [2].

КСРО-дағы 1930- жылдардағы оқиғалар туралы мәліметтерді 1932 ж. Түркістанға саяхаттап келіп, жеті ай өлкеде болған Э. Майар «От Небесных Гор до Красных песков» атты кітабында баяндайды [3]. Кейбір отандық зерттеушілер оның жаңа жүйенің дәстүрлі шаруашылықты күйретіп қана қоймай, Орта Азия халықтарының ұлттық санасын да өзгертіп жіберді деген пікірін атап өтеді. [185, б.29] Өкінішке орай, зерттеудің түпнегізіне сілтеме берілмегендіктен, еңбекпен танысу мүмкін болмады. Сонымен қатар КСРО-дағы аштық туралы жұмыс жасаған чех, неміс, американдық инженер, жұмысшылар Украина, Ресей жерінде көздерімен көрегендерін естеліктерінде аштық көлемінің өсуі, адамдардың өлексе жеу фактілерін баяндайды [4].

Батыстық тарихнамада кеңестік ұжымдастыру мәселесін ертерек қарастырған авторлар ретінде қазақстандық зерттеушілер 1934 ж. У.Х. Чамберлен, 1936 ж. Аманда Эвальд көрсетеді [5, б.13].

Шетелдік тарихнамада кеңес тарихына қызығушылық 1940- жылдардың ортасынан пайда бола бастайды. АҚШ алғашқылардың қатарында болды. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталған соң АҚШ-тың Қорғаныс және әскери-теңіз күштері министрліктері КСРО-ны зерттеуге үшін бірқатар бағдарламалар әзірлейді Бұл уақыттың бастапқы кезеңінде зерттеушілер мамандардың жетіспеу (оның ішінде орыс тілін білетін), КСРО туралы еңбектердің, газет-журналдардың және т.б болмауы сияқты қиындықтарға тап болады. АҚШ үкіметі кеңес Одағы бойынша бағдарламаларды дамыту жөнінде университеттер мен колледждерге мемлекеттік гранттар бөлу арқылы қиындықтан шығады. Нәтижесінде, 1940-жылдардың соңы 1950- жылдардың басында кеңес тарихын зерттейтін орталықтар, кеңестанушыларды дайындайтын ғылыми-зерттеу институттары ашылады. Сонымен қатар КСРО-ның фашизмге қарсы күресте жеңіске жетуі, «қырғи қабақ соғысқа» байланысты еуропалық ғылыми қауымдастықта да КСРО-ға деген қызығушылық пайда болады [6, б.27-28]. Шетелде кеңестану бағытындағы зерттеулердің дамуына Кеңес Одағы мен Шығыс Еуропадан келген эмигранттар да ықпал етіп, 1950-1960- жылдары шетелдік тарихнамада кеңестік репрессиялық саясат, тоталитаризм проблемаларына қатысты зерттеулер жарыққа шыға бастайды.

1964 ж. американдық Д. Далримплдың «Советский голод 1932-1934 годов» [7] атты мақаласы жарық көргеннен кейін 1980-жылдарға дейін ашаршылық тақырыбына байланысты проблемалар ғылыми зерттеулерде көрініс таппайды.

Осылайша, бірінші кезеңге жататын 1930- жылдардың бірінші жартысында жарияланған публицистикалық сипаттағы естеліктер, хаттар іргелі зерттеу болмаса да, сол кездегі КСРО-дағы ашаршылық туралы алғашқы мәлімет беретін дереккөз болып табылады. Оларда КСРО-дағы ашаршылық туралы мәліметтер жүйесіз болды. 1980-жылдардың басына дейін ашаршылық мәселесі батыстық зерттеушілердің тарапынан қарастырылмады. Оған *біріншіден*, кеңес мемлекетінің шетелдіктер үшін жабық болуы, шетелдік зерттеушілердің болып жатқан оқиғалардың шынайы картинасын көру мүмкіндігінің болмауы; *екіншіден*, проблеманы зерттеуге мүмкіндік беретін архивтік және басқа да материалдардың жоқтығы; *үшіншіден,* 1930-жылдардағы аштық туралы кеңестік баспасөзде де, тарихи-зерттеулерде де қарастырылмауы себеп болды. Ашаршылық проблемасы КСРО-дағы жабық тақырыптардың бірі болғандықтан шетелдіктер үшін деректік база болмады. Мәліметтерді аштықтан аман қалып, шетелге көшіп кеткен эмигранттардың, шетелдік инженерлер, жұмысшылардың естеліктерінен алды.

2 кезең (1980-жылдардың басы -1990-жылдар соңы) – кеңестік ұжымдастыру мен оған қарсы шаруалардың бас көтеру тарихы бойынша алғашқы зерттеулер пайда болды. 1980-жылдардың басында шетелдіктерді

қазақ даласындағы ашаршылық тарихымен таныстырған М. Олкотт 1981 ж. жарияланған «Наступление коллективизации в Казахстане» мақаласында: «Коллективтендіру саясаты Қазақстанның экономикалық дамуына, атап айтқанда ауыл шаруашылығын мемлекеттендіру мен жаңғырту және ауылдық жерлерде жаңа әлеуметтік-саяси тәртіпті орнатудың жолын жауып тастады. Бұл бағыт қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығын күйретіп, орасан зор адам шығынына әкелді » – деп тұжырым жасайды. Мақалада Кеңес Одағының қазақтарды ұжымдастыруға деген қызығушылығы және Қазақстандағы ұжымдастырудың кезеңдері талқыланып, 1928-1932 жж. аралығында мал басы 80%-ға кемігенін атап өтеді. Ұжымдастырудың 4 кезеңін: 1)1929 ж. қараша - 1930 ж. наурыз– тез ұжымдастыруға ұмтылу; 2)1930 ж. 3 наурыз - 1932 ж. тамыз – түрлі ұжымдық нысандармен эксперименттер; 3)1932 ж. қыркүйек - 1934 ж. қараша – ТОЗ немесе жерге орналастыру кооперативін пайдалану арқылы ұжымдастыруды қайта бастау; 4) 1934 жылы желтоқсан – ТОЗ-дан неғұрлым жетілдірілген ұжымдық формаларға көшу – деп көрсетеді [8]. Автор зерттеуі туралы «1970 жылдардың ортасында мен осы тарихи кезеңді зерттеуге кіріскенімде, Ленин кітапханасының арнайы коллекциясында жиналған 1920-жылдың басынан 1930 ж. дейінгі барлық мерзімдік басылымдар мен басқа да баспасөз материалдарына қол жеткізе алғанымды зор табыс деп есептеген едім» – деп атап өтеді [186, б.89]. М. Олкоттың бұл зерттеуі кейін шетелдік ғалымдардың қазақ даласындағы ашаршылық тарихын зерттеуге түрткі болғанын басқа зерттеушілер де атап өтеді [187, б.130].

Оған дәлел М. Олкоттың зерттеуі Р. Конквесттің «Жатва Скорби. Советская коллективизация и террор голодом» атты еңбегінің жариялануына негіз болады. Р. Конквест бұл тақырыпқа 1968 жылдан бастап кіріскен [5, б.13]. 1986 ж. Ұлыбританияда жарияланған бұл еңбекте негізінен Украинадағы ашаршылық мәселесі қарастырылады. Архив материалды жабық болуы себепті, Р. Конквест зерттеуін американдық (У. Чемберлен, Д. Далримпл, М. Левин т.б) ағылшын (Р. Дэвис), орыс, украин тілдеріндегі (В.П. Данилов, Н.А. Ивницкий, Ю.А. Мошков т.б) монографияларына, мерзімді баспасөз материалдарына негіздеп жазады. Еңбектің «Орталық Азия және қазақтар трагедиясы» атты тарауында автор Орталық Азия мемлекеттерінде ұжымдастыру үдерістері бойынша фактілерге тоқтала келіп, Қазақстандағы адам шығыны, шаруашылық санының қысқаруы, мал санының азаюы бойынша фактілер келтіреді [9, б.284-285]. Сонымен бірге 1932-1934 жылдардағы зұлматтың бастапқы себебін экономикалық және саяси қателіктен емес, большевиктердің адамзат мәдениеті мен оның табиғатын түсінбегендіктен, қазақтар арасындағы ашаршылық ұжымдастыру түрінде арнайы ұйымдастырылған науқанның салдары деген пікірді ұстанады. «Басқа отаршыл державаның бірде біреуінің тарихында осындай теңдесі жоқ бұрын-соңды болмаған адами және экономикалық апат болмаған, сондықтан оның осындай дағдарыстың себептері мен жағдайлары батыстық мамандардың назарын аударуға лайық» – деп тұжырымдайды [9, б.285]. Р. Конквест Қазақстанды арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырмаса да осы еңбегі арқылы бұндағы ашаршылықтың маңыздылығын көрсетіп берді.

Кеңес заманында аштық тақырыбы жасырын болғандықтан мәселеге қатысты барлық құжаттар мен мәліметтер құпия түрде сақталды. Кеңес Одағындағы 1980-жылдардың соңындағы жариялылық тақырыптың зерттелуіне сәл де болса жол ашты. Олардың қатарында кейінгі тарихнамалық зерттеулерде 1988 ж. шыққан «Министерство иностранных дел и Голод» атты еңбекті көрсетеді. Еңбекте ашаршылық проблемасы жаңа қырынан көрсетіледі. Атап айтқанда Ресей, Батыс Сібір, Қазақстан және Еділ бойын жайлаған ашаршылық туралы Ұлыбритания Сыртқы істер Министрлігі архивынан алынған құжаттардың ауқымды топтамасы жарияланды. Сонымен бірге жұмыста КСРО-дағы әлеуметтік жағдай, ауыл шаруашылғы, жаппай ұжымдастыру науқаны, ашаршылық тарихына қатысты құжаттар қарастырылады [185, б.30].

Ұжымдастыру бойынша кеңестік архив құжаттарына қол жеткізген шетелдік мамандардың алғашқыларының бірі – канадалық тарихшы Л. Виолла болды [10]. Ол алғаш рет КСРО-дағы шаруалар қарсылықтарының формалары мен стратегияларын талқылап, Сталиндік ұжымдастыру науқанына қатысқан жиырма бес мың жұмысшылардың қызметін қарастырады.

1994 ж. Чикаго университетінің профессоры кеңестанушы ғалым Ш. Фицпатриктің «Сталинские крестьяне. Социальная история Советской России в 30-е годы: деревня» [11] монографиясы (орыс тіліндегі нұсқасы 2001 жылы жарияланады) және оның жалғасы ретінде 1999 ж. «Повседневный сталинизм. Социальная история Советской России в 30-е годы:город» [12] зерттеуі (орыс тіліндегі нұсқасы 2008 жылы жарияланады) жарыққа шығады. Бірінші еңбектің ерекшелігі автор 1930- жылдардағы колхоз тарихына қатысты И.Е. Зеленин, Н.А. Ивиницкий, М.А. Вылцан және т.б кеңестік зерттеушілер монографияларын, шетелдік Р. Дэвис, М. Левин, Л. Виолла, Р. Конквест зерттеулерін және ресейлік 5 архивтың 10-нан астам қоры мен 1930-жылдардағы шаруалардың хаттары, арыз-шағымдары жарияланған мерзімді басылым «Крестьянская газета» газетінің архивін қолданады. Ш. Фицпатрик Қазақстандағы ашаршылық мәселесін тікелей қарастырмаса да, Одақ аясында астық дайындау мәселесі туралы: «азамат соғысы кезіндегі реквизициялау сияқты астық дайындау науқаны Украина, Солтүстік Кавказ, Орта Еділ аумақтарында шиеленіскен күрес спатына ие болды. Нақ осы жерлер, сонымен қатар Қазақстан 1932-1933 жж. ашаршылыққа ұшырады» – деп ұжымдастырудың басты мақсаты ретінде мемлекеттік астық дайындауды көлемін ұлғайту болғандығын атап көрсетеді [11, б.86]. Зерттеуде қазақтардың аштықтан босып кету туралы: «Қазақстанда көшіп кету бұқаралық сипатқа ие болды. Соңғы жылдары жарияланған кеңестік материалдар бойынша 1932 ж. 2 млн-дай көшпелі қазақ ұйымдастырылған колхоздардан кетіп қалды. Біреулері Қытай шекарасынан өтіп кетсе, енді біреулер малдарын Еділ жаққа айдап әкетті. Үшіншілері қайда бараларын білмеді. Қазақтар босып теміржол станциялары мен Қазақстан қалаларында толып кетті. Куәгерлердің айтуынша, Қарағанды маңында босып келген қазақтар қаптап кеткен» – деп жазады [11,б.104].

Л. Виола мен Ш. Фицпатриктің зерттеулері мәселені әлеуметтік тарих аясында қарастыруымен, ортақ методологиялық әдістерімен ерекшеленеді. Олар ұжымдастыру жылдарындағы шаруалар жағдайына, Сталиндік саясат нәтижесіндегі шаруалар дүниетанымындағы болған өзгерістерге талдау жасайды.

Осы жылдары ұжымдастыру тарихына Шығыс Азия елдерінің, оның ішінде Жапония және Оңтүстік Корея зерттеушілері де назар аударады. Бірақ, бұл авторлар ашаршылықты жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырмайды. Дегенмен, олар зерттеулерінде кеңестік экономикалық саясат пен ұжымдастыру үдерістерін зерделейді. КСРО-ның басқа аудандарындағы ашаршылық пен азық-түлік дағдарысын қарастырып, аймақтарды салыстыру арқылы жалпы заңдылықтарды анықтайды. Жапон зерттеушісі Х. Окуда [13] зерттеуінде сталиндік кезеңдегі Еділ бойындағы деревнялардың жағдайына назар аударады. Оңтүстік кореялық тарихшы К. Ч. Чжин [14] ұжымдастыру үдерісіндегі мемлекеттік биліктің рөлін қарастырады. Жалпы, бұл еңбектерде қазақ ашаршылығы тікелей қарастырылмаса да, ұжымдастыру мен экономикалық саясаттың құрылымдық салдарын зерттеу арқылы аштықты кеңестік көзқараста түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен бірге кейінгі зерттеулер үшін әдістемелік, тоериялық негіз бола алады.

Сонымен, 2 кезеңде яғни, 1980- жылдардың басы – 1990- жылдардың соңында шетелдік зерттеушілер аштыққа алғышарт болған ұжымдастырудың тарихын тереңірек зерттеді. Бірақ, бұл кезеңде де шетелдік ғалымдарға зерттеулерді толық және объективті жүргізуге кеңестік ғылыми еңбектерге, баспасөзге деген қолжетімсіздік, архив құжаттарының құпиялылығы мүмкіндік бермеді. Зерттеулерге кеңес ғалымдарымен ғылыми байланыстың болмауы және «қырғи қабақ соғыс» әсер етті.

3 кезең (1990-жылдардың соңы - 2000-жылдар) – бұл кезеңде аштық феноменін зерттеудің географиясы ұлғайып, Қазақстандағы ашаршылық мәселесін жеке зерттеу нысаны ретінде қарастыратын зертттеулер пайда болды. Атап айтқанда И. Огайонның «Седентаризация казахов в СССР при Сталине» атты еңбегі Қазақстандағы 1930- жылдардағы ашаршылық тарихына қатысты жарияланған алғашқы ірі монографиялық еңбек болды [15]. Еңбекте автор әлеуметтік қайта құру бағдарламасы ретінде отырықшылыққа көшіру саясатын талдап, «Ұжымдастыру - азық-түлік салығы- отырықшыландыру (седентаризация) – байларды тәркілеу сияқты 4 кезеңнен тұратын стратегия мал бағу жүйесінің жойылуының алғашқы салдары болды. 1930 ж. осындай саяси астарлы жаңалықтарды, әсіресе, салықтарды енгізу, бұрын-соңды болмаған ашаршылықтың басталуына әкелді» – деп көрсетеді [15, б.206-207]. Зерттеуде автор ҚР Орталық Мелекеттік архивы қорындағы көші-қон басқармасы, отырықшыландыру бойынша комитет, КазКСР Халық комиссарлар кеңесі, Орталық атқару комитеті, тәркілеу бойынша комитет және т.б ұйымдардың оннан астам құжаттарын, Алматы Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Шығыс Қазақстан облыстарының ауыл тұрғындарынан алынған сұхбат материалдарын, сонымен қатар орыс, қазақ, француз, ағылшын, итальян тілдеріне жарыққа

шыққан еңбектерді пайдалануымен құнды болып табылады. И. Огайон мал дайындау науқанын қазақ даласындағы ашаршылықтың себебі ретінде көрсетеді.

3 кезеңде жарыққа шыққан еңбектерде аштықтың себептерін анықтауға, оның экономикалық және әлеуметтік алғышарттарына назар аударылды. Кеңестер Одағындағы экономика тарихын зерттеуші ғалымдар Р. Дэвис пен С. Уиткрофт [16, б. 329] Қазақстандағы ашаршылықты толық қарастырмаса да, авторлар қазақ даласында ашаршылыққа себеп болған өзара байланысты бес факторды: 1) ұжымдастыру және тәркілеу; 2) қазақ халқын отырықшылыққа көшіру; 3) малды мәжбүрлеп ортақтастыру; 4) ауқымды астық дайындау; 5) ауқымды мал дайындауды науқандарын көрсетеді [16, б.329-332]. Зерттеуде Ресей мен Украина архивтарының 30-дан астам қорларындағы кеңестік орталық ведмоствалардың құжаттары пайдаланылған.

Итальяндық зерттеуші Н. Пианчоло қазақ даласындағы ашаршылық тарихына қатысты бірнеше зерттеулер жариялады [17-20]. Қазақстандағы ашаршылықтың еуропалық және американдық тарихнамасын талдай отырып, батыстық зерттеушілердің барлығы дерлік бір ауыздан «адам шығыны Кремльдің өз мақсаттарына жету үшін саналы түрде төлеуге дайын болған бағасы» деген қорытындыға келеді [18, б.116]. Ол ашаршылықтың негізгі себебі ретінде күштеп отырықшыландыру науқанын емес, қазақтардың аштықтан жаппай қырылуын түсіну үшін кеңестік «тұтыну иерархиясына» назар аударуды ұсынады [19, б.88-89]. Автор соңғы жылдардағы зерттеулерінде аштықтың негізгі себебі ретінде ауқымды мал, ет, астық дайындау науқандарын көрсетеді. [20]. Н. Пианчоланың зерттеулері Ресей (РҚЗТМА, РЭМА т.б), Қазақстан (ҚР ОМА, ҚР ПА) архивтарынан алынған бірқатар құжаттарды ғылыми айналымға енгізуімен құнды болып табылады.

Н. Пианчолоға қарағанда неміс тарихшысы Р. Киндлер «ашаршылықты қазақтарды мәжбүрлі түрде отырықшылыққа көшірумен байланыстырады. «Ашаршылық салдарынан қазақтардың көпшілігі ақыры отырықшы болып, кеңестендіру аштық арқылы жүзеге асырылды» - деп санайды [21, б.7-8]. Автор зерттеуінде Ресей, Қазақстан архивтарынан алынған 30-дан астам қордың құжаттарын зерделейді.

Американдық зерттеуші С. Камерон Қазақстандағы ашаршылықты гуманитарлық апат ретінде ғана емес, сталиндік модернизациялау мен ұлттық саясаттың негізгі элементі ретінде қарастырады. Ресей мен Қазақстандағы (Алматы, Семей қалалары) архивтерінің 40 астам архив қорының материалдарына, қазақ тіліндегі материалдар мен ауызша естеліктерге сүйеніп, С. Камерон жаппай ашаршылықтың себебі табиғи элемент емес, күштеп ұжымдастыру, отырықшылыққа мәжбүрлеп көшіру және астық, ет дайындаудағы шектен тыс жоспарлар болғанын көрсетеді [22, б.16-17].

1930- жылдардағы ашаршылыққа алғышарт болған тарихи оқиғалар мен құбылыстарды саралай келе, Н. Пианчола мен С. Камерон ашаршылыққа себеп болған фактор ретінде астық дайындау науқанын көрсетеді.

Шетелдік зерттеушілердің басым көпшілігі (М. Олкотт, С. Уиткрофт, Р. Дэвис, Р. Киндлер, И. Огайон, С. Камерон т.б) Қазақстандағы ашаршылық «геноцид» емес, қазақтардың аштықтан жаппай қырылуын «олардың көшпелі өмір салтына байланысты» және большевиктердің адамзат мәдениеті мен оның табиғатын түсінбегендігін көрсетеді. Американдық тарихшы М. Таугер ашаршылықты аграрлық дағдарыстардың, табиғи факторлардың және экономикалық саясаттың сәтсіздіктерінің нәтижесі ретінде қарастырып, оны «геноцид» ретінде қарастырудан бас тартады. Ашаршылықты саналы этникалық науқан ретінде мойындайтын зерттеушілерден айырмашылығы, М.Таугер құрылымдық себептерге және мақсатты түрде жою туралы дәлелдердің жоқтығына назар аударады [23].

Т. Мартин [24] А. Грациози [25], М. Пейн [26], А. Томас [27] сияқты зерттеушілер Қазақстандағы ашаршылық тек экономикалық немесе табиғи апат емес, орталық биліктің құрылымдық шешімдері, ұлттық саясат және репрессивтік шаралардың нәтижесі болғанын көрсетеді. Бұл зерттеулер ашаршылықты саяси себептері бар дағдарыс ретінде қарастырады. Т. Мартин Қазақстан мен Украинадағы ұлттық саясаттағы айырмашылықтар аштықтың таралу қарқыны мен ауқымдылығына тікелей ықпал еткенін және Қазақстандағы аштық Украинадағыдай кең ауқымды болмағанын түсіндіреді. А. Грациози ұжымдастырудың жүйелі сипаты, астық пен мал дайындауды, көшпелі тұрмыстың бұзылуына назар аударады, М. Пейн қазақтарды күштеп отырықшылыққа көшіруді орталық биліктің бақылау құралы ретінде көрсетеді. Британдық зерттеуші А. Томас диссертациялық зерттеуінде аштық проблемасын тікелей қарастырмаса да, микротарихи тұрғыда көшпелілердің азық-түлік қауіпсіздігіне мемлекеттік араласудың ықпалын көрсетеді.

Шыққан тегі түрік американдық зерттеуші М.В. Кашикчи зерттеулерінде мәдени жад, адамдардың аштық кезіндегі тәжірибесіне назар аударады. Оның зерттеулері ресми құжаттарда жоқ тәжірибелерді түсінуге мүмкіндік береді. Ол «Making Sense of Catastrophe: Experiencing and Remembering the Kazakh Famine in a Comparative Context» («Қайғылы қасіретті ұғыну: Қазақ ашаршылығын бастан кешіру және оны еске алу салыстырмалы контексте») мақаласында [28] негізгі дерек ретінде аштықтан аман қалғандардың естеліктері мен сұхбаттарын пайдалану арқылы аштық кезіндегі қоғамдағы әлеуметтік нормалар мен адамгершілік байланыстардың бұзылуын көрсетеді. Тарихнамалық тұрғыда М. Кашикчидің мақаласы куәгерлердің жеке тәжірибесін, олардың есте сақтау ерекшеліктерін және кейінгі ұрпақ арқылы қалыптасқан мифтерді салыстыра талдауымен ерекшеленеді.

Ашаршылық тарихы бойынша зерттеулер жүргізген жақын шетелдік, оның ішінде посткеңестік елдер қатарына Ресей, Украина, Қырғызстан, Өзбекстан т.б елдер жатады. Посткеңестік елдердегі зерттеушілердің еңбектері құпия болған құжаттарды алғашқылардың бірі болып пайдалануымен, аштықтың аймақтық ерекшеліктеріне назар аударуы және оны саяси шешімдермен қатар экономикалық факторлар мен әлеуметтік өзгерістердің салдары ретінде қарастыруымен ерекшеленеді.

Қазақстандағы ашаршылық тақырыбын зерттеуде белсенділік танытқан мемлекет – Ресей Федерациясы. Бұл кеңестік орталық биліктің апатқа әкелген саясаттағы рөлімен, сондай-ақ бай архивтік база мен зерттеу дәстүрінің болуымен және аштықтың КСРО-дағы ұжымдастыру мен қуғын-сүргін аясында қарастырылуымен түсіндіріледі. Бұнымен қоса, соңғы жылдары ашаршылық тақырыбының ресейліктер тарапынан зерттеудің өрістеуіне, мәселенің саяси сипат алуы түрткі болды.

Ашаршылықты бұрынғы КСРО халықтарының ұлы трагедиясы ретінде Одақ шеңберінде қарастырып, ғылыми тұрғыдан түсінуге И. Е. Зеленин [29], В.П. Данилов [30], Н. А. Ивницкий [31] үлес қосты. Олар КСРО-дағы 1930-жылдардағы ашаршылық – бұл бүкіл кеңестік шаруалардың трагедиясы, КСРО-да мәжбүрлі ұжымдастыруға және ауылшаруашылық өнімдерін, ең алдымен астық дайындауды, астық экспортының көлемін ұлғайту және өсіп келе жатқан өнеркәсіптің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін мәжбүрлеп жинауға себеп болған сталиндік үдемелі индустрияландыру моделін жүзеге асырудың нәтижесі деп баға береді.

Қазақтандағы ашаршылықтың басты себебі ретінде астық дайындау науқаны ғана емес, 1930-жылдардағы ет дайындау жоспарларының шамадан тыс болуын Н.А. Ивницкий көрсетеді. Ол ұжымдастыру жылдарындағы Қазақстандағы мал санының бірнеше есеге қысқарғанына қарамастан, 1931-1932 жж. ет дайындау жоспарының 255 500 тонна болып бекітіліп, Украинадағыдан 1,5 есе, Солтүстік Кавказ бен Батыс Сібір аумақтарындағы межеден 2,5 есе артық болғанын атап өтеді. Қазақстандағы мал санының қысқаруы, аштықтың салдарынан шаруашылықтардың азаюы, ОГПУ материалдары негізінде аштық шарпыған аудандардың саны мен аштықтың нәтижесінде Шығыс Қазақстан, Ақтөбе, Қарағанды аумағындағы індеттің таралуы, панасыз балалар санының өсуі мәселеріне тоқталады. Аштыққа ауыл халқы ғана емес сонымен қатар қала халқының да аштыққа ұшырағанын баяндап, Қарағанды шахталарында 1932 ж. жұмысшылар санының 4 мыңға дейін қысқарғанын айтып өтеді [31, б.239]. Адам шығынын өте жоғары болғанын және тек қазақ халқының саны ғана емес, Қазақстандағы өзге ұлт өкілдерінің санының да едәуір қысқарып, 1930 ж. республикада 3,9 млн қазақ болса, 1933 ж. 2,1 млн қалғанын көрсетеді [31, б.240]. Н.А. Ивницкийдің пікірінше, қазақ қоғамының көшпелі шаруашылық ерекшеліктерін елемеудің соңы миллиондаған адамның, ең алдымен, қазақтардың қырылуына алып келген. Оның зерттеулері тарихи апаттың табиғаты мен аймақтық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары ресейлік зерттеушілердің ішінде Қазақстандағы ашаршылық тарихына қатысты мәселелерді В.В. Кондрашин [32-33], Г.Е. Корнилов [34], А.П. Козлов [35-37], А.В. Грозин [38-39], Ф.Л. Синицын [40], Д.Н. Верхотуров [41-42] сияқты зерттеушілер қарастырды.

1930-жылдардағы ашаршылықты бүкіл КСРО халықтарының ортақ трагедиясы ретінде қарастыратын ресейлік зерттеушінің бірі В.В. Кондрашин [32, б.117-120]. Оның РКСФСР құрамындағы ірі аграрлық аймақтарындағы

(Еділ бойы, Оңтүстік Орал, Солтүстік Кавказ, Дон, Кубань т.б), сонымен қатар тікелей болмаса да Одақ шеңберінде Қазақстандағы ашаршылықтың себептері, көлемі мен салдарын сипаттайтын монографиялары мен бірнеше зерттеу мақалалары бар. Американдық тарихшы Д. Пеннермен бірлесіп ресей деревняларындағы 1932-1933 жж. ашаршылық туралы еңбек жариялаған [188]. В.В. Кондрашин 1929-1934 жж. аралығында ашаршылық Кеңес Одағының барлық ауылдық және қалалық тұрғындарын қамтып, Қазақстандағы ашаршылықтың драматизмі және салдары жағынан ерекше болғанын атап өтеді. Қазақстандағы ашаршылық апатына одақтық орталықтық жауапкершілігімен қоса, Қазақ Өлкелік комитеті бірінші хатшысы Ф. Голощекин мен оның «командасының» да едәуір кінәсі бар екенін айтады. КСРО-ның басқа аудандарымен салыстырғанда Қазақ АКСР халықтың табиғи және механикалық қозғалысын тіркейтін жүйенің болмауы ашаршылық құрбандарының санын нақты анықтау мүмкін еместігін, жанама мәліметтер негізінде аштықтан өлген қазақтар мен өзге ұлт өкілдерінің санын 1 млн шамасында көрсетеді [32, б.359].

Қазақстандағы ұжымдастыруды идеологиялық науқан ретінде ғана емес экономикалық механизм мен әлеуметтік эксперимент ретінде қарастыруға А.П. Козловтың зерттеулері мүмкіндік береді. Ол 1932-1933 жж. ашаршылық пен демографиялық дағдарыс тек Қазақстанға тән құбылыс қана емес, КСРО-ның барлық өңірлерінде жүргізілген кең ауқымды ұжымдастыру саясатының салдары ретінде саралайды [35-37].

Қазақстандағы ашаршылықты тарихнамалық және саяси-құқықтық тұрғыдан сараптайтын зерттеушілердің бірі А. Грозин. Ол аштық тақырыбын қарастыратын орыс тілді қазақстандық тарихнама мен публицистиканы «жады саясаты» тұрғысынан талдайды. Ашаршылықты ұжымдастыру мен азық-түлік дайындау жоспарын күштеп орындауының салдары ретінде бағалап, апаттың экономикалық және саяси себептеріне назар аударып, бұл тақырыптың ұлтшылдық пен саяси риторикада қолданылу мәселесін сынайды [38-39].

Д. Верхотуров Қазақстандық ашаршылық тарихын саяси тұрғыда қарастырып, ашаршылықты сол кезеңдегі саяси күрес пен әлеуметтік қақтығыстардың салдары ретінде түсіндіреді. Аштық проблемасын экономикалық, саяси негізде қарастырып, «геноцид» тұжырымын жоққа шығарады. Бұл бағыт ресейлік тарихнаманың бөлігі ретінде мемлекеттік саясат пен идеологиялық интерпретацияның ықпалын көрсетеді. Бір сөзбен айтқанда, Д. Верхотуров ашаршылықты жоспарланған ұлттық апат емес, әлеуметтік-саяси қақтығыстың салдары ретінде түсіндіреді [42]. Оның ашаршылықты тек саяси қарсылыққа байланыстыруы негізссіз, себебі, ол тарихи деректерді бір жақты қарастырып, ашаршылыққа ықпал еткен басқа факторларды қарастырмайды. Сондықтан ашаршылықты тек саяси фактормен байланыстыру тарихи шындықты бұрмалау болып табылады.

1990-2000 жж. аралығындағы «архивтік революция» нәтижесінде ірі ресейлік архивтардағы 1930-шы жылдардағы ашаршылыққа алғышарт болған ұжымдастырудың себептері, барысы, салдарын сипаттайтын құпия, қолжетімсіз

болған құнды құжаттар, оның ішінде Қазақстанға қатысты құжаттар да ғылыми айналымға енгізілді [43-46]. Бұл жинақтар зерттеудің деректік негізі бөлімінде толығырақ қарастырылады.

Украиндық зерттеушілер ішінде С.В. Кульчицкий зерттеулері украин шаруаларына қатысты кеңестік биліктің жүргізген саясатының мақсаттылығы мен оның геноцидтік сипатын дәлелдеуге бағытталады [47]. Кейінгі жылдары зерттеушілер Қазақстандағы ашаршылықты Кеңес үкіметінің ұжымдастыру, отырықшылыққа көшіру саясатының салдары ретінде қарастырады. Ашаршылықты Украинадағы «голодомормен» салыстыра отырып, ортақ себептер мен айырмашылықтарды талдайды. Мысалы, Н.М. Кузовова [48] ашаршылық кезіндегі қазақ жеріндегі украиндар қазақтармен бірге күйзеліске ұшыраған осал топ ретінде көрсетсе, Чарльз МакГрат (қазақстандық Н.Ибадильдинмен бірге жазған мақаласында) экономикалық себептерге мән беріп, ашаршылықты кеңестік саясаттың жоспарлы экономикалық элементі ретінде түсіндіреді [49], В.И.Сергейчук [50] пен В. Огийенко [51] ашаршылықты украин мен қазақ халқының ортақ тарихи ауыртпалығы ретінде қарастырады. Жалпы, украиндық зерттеушілер Қазақстандағы ашаршылықты кеңестік тарих аясында қарастырып, этникалық, саяси және жады саясаты тұрғысынан кешенді бағалайды.

Қырғызстан, Өзбекстан зерттеушілері қазақ ашаршылығын миграциялық (босқындық) аспектісінде қарастырады. Қырғыз зерттеушілері З. Курманов [52, б.181-189], Ш. Батырбаева [53, б.172-173], Э. Битикчи [54], В. Жұмалиева [55] зерттеулері аймақтық өзара әрекеттестік, көші-қон және әлеуметтік дағдарыс тұрғысынан зерделеуде маңызды. Олар ашаршылық кезіндегі Қырғызстанға мәжбүрлі түрде аштықтан босып барған қазақтар мәселесін, ашаршылық кезіндегі қырғыз-қазақ қатынастарының эволюциясын, миграциялық үрдістер қарқынын, олардың әлеуметтік-саяси алғышарттарын жүйелі түрде талдайды. Бұл зерттеулер ашаршылық кезіндегі аймақаралық өзара ықпалдастық пен кеңестік ұжымдастыру саясатының ортақ салдарын түсінуге мүмкіндік береді.

Өзбекстанда қазақстандық ашаршылықты Орталық Азиядағы кеңестік көпұлтты трагедия ретінде қарастырады және Қазақтандағы ашаршылық «мал дайындау, колхоздастыру» саясатының салдары ретінде бағаланып, аштықты экономикалық-саяси факторлармен байланыстырады [56].

3 кезеңдегі (1990 - жылдардың соңы 2000-ы жылдары) еңбектердің ерекшелігі ретінде Қазақстандағы 1930-жылдардың 1 жартысындағы ашаршылық проблемасының арнайы зерттеу нысанына айналуын, зерттеу географиясының ұлғаюын, ашаршылықтың себептері, барысы мен салдарына арналған іргелі монографиялық еңбектер жарыққа шығуын атап өту керек. Оған құпия болған архив қорларының қолжетімді болуы түрткі болды. Осы кезеңдегі шетелдік зерттеулер ашаршылық тарихнамасындағы посткеңестік зерттеулерге де өзіндік серпін берді.

2) кеңестік; Кеңестік тарих ғылымында 1930- жылдардың I жартысындағы ашаршылық проблемасын зерттеу ұзақ жылдар бойы қатаң идеологиялық бақылауда болып, «жабық» тақырып болды. Бұл кезеңдегі

зерттеулерде ұжымдастыру, ауылдағы таптық күрес, социалистік құрылыстың жетістіктері ғана қарастырылды. Зерттеулерде мәселе біржақты қарастырылып, баламалы ғылыми тұжырымдар мен көзқарастар болмады.

Ашаршылық мәселесі жеке зерттеу нысаны ретінде, ашық түрде қарастырламаса да жанама түрде жарияланған кеңестік зерттеулерді қарастыра отырып, мәселенің кеңестік тарихнамасы *3 кезеңге* бөлініп көрсетілді: *1 кезең* (*1920- жылдардың соңы- 1950 - жылдардың ортасы*) – ашаршылықты ресми түрде жасыру кезеңі. *2 кезең* (*1950- жылдардың соңы - 80- жылдардың ортасы*) – аграрлық тақырыпта зерттеулердің пайда болуы; *3 кезең* (*1980- жылдардың соңы - 1990- жылдар*) – қайта құру мен жариялылық жағдайында ашаршылық проблемасын ашық түрде қарастырған зерттеулердің пайда болуы;

1 кезең (*1920- жылдардың соңы- 1950-жылдардың ортасы*) – ашаршылықты ресми түрде жасыру кезеңі; Бұл кезеңде ашаршылық мәселесі кеңестік идеология, цензура ықпалында болып, кеңестік тарих ғылымында мүлдем қозғалмады, жабық болды. Аграрлық тақырыптағы жазылған еңбектерде ұжымдастыру саясаты сталиндік тұрғыда бағаланды.

Дегенмен, кейбір зерттеушілер пікірінше, Қазақстандағы аштық пен тәркілеу, ұжымдастыру мәселелері шетелге эмиграцияға кеткен М. Шоқайдың зерттеулерінде жариялаған. Елдегі болып жатқан жағдайды өз адамдары арқылы біліп отырған. Шетелдік қауымды баспасөзде мақала жариялап, дәрістер оқу арқылы қазақ даласындағы аштық жөнінде хабардар еткен [189]. М. Шоқай 1929-1933 жж. жарияланған мақалаларында ұжымдастыру, колхоздарға біріктіру мәселелерін сынап жазады. «Колхоздар мен совхоздар шаруаларды жеке шаруашылық жүргізу құқығынан айырып, оларды мемлекетке басыбайлы етіп қойды» - деп жазады [190, б.39,69, 373].

1920-жылдардың соңында тәркілеу науқанына қатысты публицистикалық сипаттағы еңбектер жарияланды. Оларға араб графикасы негізінде жазылған М. Қайыпназарұлы [191] мен С. Сапарбекұлының [192] еңбектерін атауға болады. Бұл екі еңбекте сол кезеңнің саяси талаптарына сай жазылып, тәркілеу науқаны кеңестік идеологиялық тұрғыда түсіндіріліп, айқын партиялық үгіт-насихаттық сипатта жазылған. Тәркілеу науқанын партиялық-идеологиялық тұрғыда бағалап, оның әлеуметтік зардаптары, қиындықтары, қарсылықтар туралы айтпайды. Дегенмен, бұл еңбектер тәркілеу науқанына қатысты кеңестік көзқарасты талдауға және сол кезеңнің ресми тарихи дискурсын түсінуге мүмкіндік береді. Еңбектердің ғылыми емес публицистикалық сипатта жазылғанын естен шығармау керек.

И. Сталиннің жеке басына табынушылық шарықтаған 1930 ж. басынан 1950 ж. басына дейінгі кезеңде жарияланған зерттеулер мен оқулықтарда 1930-жылдардың I жартысындағы оқиғалар «кулактар саботажы», «астық дайындау науқанындағы қиындықтар» ретінде түсіндіріледі [57-59].

2 кезең (*1950- жылдардың соңы - 80- жылдардың ортасы*) – бұл кезеңде ұжымдастыруды іске асыру кезіндегі жергілікті партия және мемлекеттік органдардың «қателіктері», «асыра сілтеушіліктерін» көрсете отырып, оның жағымды экономикалық нәтижелеріне назар аударған аграрлық тақырыптағы

зерттеулердің пайда болды [60-63]. КОКП-ның XX съезінен кейін Сталиннің жеке басына табынушылықты жою, Хрущевтік «жылымық» кезеңде аграрлық тақырыпты қайта қарауға алғышарт қалыптасқанымен аштық тақырыбы әлі жабық болды. Бұл кезеңдегі В.М. Селунская [193], Ю.С. Кукушкин [194], В.Н. Яковцевский [195] еңбектерінде индустриаландыру мен аграрлық саясаттың экономикалық аспектілеріне, «өтпелі кезеңнің қиындықтарына» назар аударылады. Ю.А. Мошков [196], Н.А. Ивницкий [197] еңбектерінде астық дайындау науқаны кезіндегі қиыншылықтарға партиялық басшылықты кінәлады. Қиындықтардың себебін кулактардың астыртын әрекетімен ғана түсіндіруге болмайтындығын жеткізді. Аграрлық сектор тарихын зерттеуде бұрынғы әдістемелік көзқарастарға сүйеніп, кеңестік билік пен партияның рөлін асыра бағалау және партия құжаттары негізінде талдау тән болды.

Бұл кезеңде Қазақ КСР тарихнамасында ашаршылыққа себеп болған шаруашылық-саяси науқандар, ауылды кеңестендіру, колхоздастыру мәселелеріне арналған зерттеулер жарыққа шықты. Атап айтқанда, С. Нейтштадтың 1917-1937 жж. Қазақ КСР экономикасын социалистік қайта құру жөніндегі еңбегінде ұжымдастыру, колхоздастыру, мал басының кемуі сияқты мәселелерге бай-кулактардың қарсыластық көрсетуі, жергілікті биліктің асыра сілтеушіліктері ретінде баға береді [64]. Көшпелі, жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшіру мәселелері 1950- жылдардың соңында жарияланған М. Х. Шаумянның еңбегінде қарастырылады [65]. 1960-шы жылдары кеңестік билік пен партияның ауыл шаруашылығын жаңғыртудағы рөлі, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, колхоздастыру мәселелері кеңестік-идеологиялық тұрғыда қарастырылған А.Б. Тұрсынбаевтың [66], Г.Ф. Дахшлейгердің [67], А.Н. Нүсіпбековтың [68], С.Б.Баишев, Г.Ч. Чулановтың [69] еңбектері жарыққа шығады.

1970-жылдардың ортасына қарай индустриализациялау, ауыл шаруашылығын ұжымдастырудағы қателіктер мен тап жауларының күресі, мал басының қысқаруы, отырықшылыққа көшіру мәселелері С.Б. Баишевтің еңбегінде қарастырылды [70].

1980- жылдардағыы зерттеулерде В.К. Григорьев [71], Г.Ф. Дахшлейгер, К.Н. Нүрпейсов [72] кеңестік аграрлық өзгерістер мен шаруалар тарихын әлеуметтік-экономикалық, тарихи-саяси аспектіде қарастырады. Большевиктердің саяси күресі, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері және ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, колхоздастыру тәжірибесі талданады.

Жалпы, 1960-80 жылдарда ғылыми зерттеулерде ұжымдастыру мәселесі жаңа көзқараспен сипатталды. Үдерістің бірқатар тұстары сынға алынып, оны іске асыру барысындағы келеңсіз құбылыстар ашылды. Ал, 1930- жылдардағы ашаршылық, қазақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесінің бұзылуы, ұжымдастыруды іске асырудың механизмдері, қарсыластық қозғалыстар назардан тыс қалды.

3 кезең (*1980- жылдардың ортасы - 1990- жылдардың басы*) – қайта құру мен жариялылық жағдайында «архивтік төңкеріс» жағдайында ашаршылық проблемасын ашық түрде қарастырған зерттеулер пайда болды.

Бұл кезеңде аграрлық тарихнаманың дамуында жаңа кезең басталды. Кеңестік тарихшылар аграрлық сектордың дағдарыс жағдайының себептерін түсінуге талпыныс жасады. Бұл бағыттағы зертеулердің жандануында жариялылық пен қоғамдық-саяси өмірді демократияландыру, идеологиялық өктемдіктің жойылуы, архивтік революция шешуші фактор болып табылды. Сондықтан осы кезеңде аграрлық тарихты зерттеуге мән берілді.

Осы уақыттан бастап зерттеушілерге 1930- жылдардағы ашаршылық тарихын зерттеуге мүмкіндік туып, мерзімді басылым беттерінде мақалалар жарыққа шыға бастайды. 1986 ж. КСРО-ның астықты аудандарындағы 1930-шы жылдардағы аштық фактісі туралы И.Е. Зелениннің редакциялығымен шыққан жинақта көрініс тапты [73]. Осы тақырып бойынша аграрлық тарихты зерттеушілер В.П. Данилов [198], И.Е. Зеленин [199], Н.А Ивницкийдің [200] мақалаларында аштыққа ұшыраған КСРО-ның негізгі аудандары көрсетіліп, аштықтың негізгі себептері анықталды.

Ашаршылық проблемасына жоғары партиялық билік те назар аудара бастайды. 1989 ж. наурыз пленумында КОКП ОК бас хатшысы М.С. Горбачев баяндамасында жаппай ұжымдастырудың күштік әдістері мен оның үдемелі қарқыны, өндірстік үдерістерге волюнтаристік араласу, құрғақшылық ашаршылықтың себептері ретінде көрсетілді [74].

Ғылыми шаралардың ұйымдастырылуы ашаршылық мәселесін зерттеудің жануына ықпал етеді. Мысалы, 1988 ж. 24 қазанда «История СССР» журналы редакциясы ұжымдастыру проблемасына арналған кездесу ұйымдастырып, онда аграрлық мәселені зерттеуші тарихшылар, публицистар ашаршылықтың себептері, ауқымы мен салдарын қамтитын өзекті мәселелер шеңбері айқындалып, деректер негізінде нақты тарихи материалдарды кешенді түрде талдау міндеті белгіленеді [201].

Мәселенің демографиялық аспектісіне де осы кезеңде назар аудара бастайды. В.П. Данилов ашаршылық құрбандарының санын есептеуге көңіл аударып, «Сталиннің жасаған ең ауыр қылмысы» ретінде қарастырып, ашаршылыққа қолдан жасалған, ұйымдастырылған деп баға береді [75]. 1990-жылдары В.Б. Жиромская ашаршылықтың демографиялық шығындарын қарастыру үшін И. Сталиннің тұсында өткізілген 1937,1939 жж. санақтардың өткізу тарихын зерделейді [76].

Қазақ КСР зерттеушілері ашаршылық мәселесіне 1980-жылдардың соңы мен 1990-жылдардың басынан жүйелі түрде назар аударады. 1988 ж. өткен «Коллективизация в Казахстане и республиках Средней Азии: опыт и уроки» одақтық конференцияда кеңес билігінің ұжымдастыруды іске асыруы, оның зардаптарын жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеу мәселесі қарастырылып, қазақ, өзбек, қырғыз, ресей, зерттеушілері проблемаға қатысты тұжырымдарын талқылайды [77]. Бұл ғылыми шара ашаршылық тарихын архив материалдары негізінде жаңа қырынан зерттеуге серпін береді. Нәтижесінде М. Қозыбаев, Ж. Абылхожин, М. Тәтімовтың «Вопросы истории» ғылыми журналында ашаршылық мәселесіне арналған зерттеуі жарыққа шығады. Бұл тәуелсіздік қарсаңында ашаршылық мәселесін зерттеуге жол ашып берді [78]. Мақалада

ұжымдастыру саясатының зардаптары қазақ халқының жаппай қырылуын және дәстүрлі шаруашылық құрылымының күйреуін алғашқылардың бірі болып ғылыми тұрғыда зерттеп, кеңестік кезеңде жабық тақырып болған ашаршылық мәселесін объективті түрде қарастырудың бастамасы болды.

1980-жылдардың екінші жартысынан бастап тарихи білімдерді идеологиясыздандыру Кеңестік кезеңдегі Қазақстан тарихындағы «ақтаңдақ беттерді» зерттеу туралы, оның ішінде 1932-1933 жж. ашаршылық, ұжымдастыру кезіндегі «асыра сілтеушіліктер» бойынша зерттеулер жүргізілетіндігі жөнінде М. Қозыбаев Қазақ КСР ҒА хабаршысы ғылыми журналында атап өтеді [202].

1991 ж. қаңтар айында өткен «Қазіргі қоғам және қоғамдық ғылымдар» атты қоғамтанушылар республикалық кеңесінде де 1930- жылдардағы аштық пен демографиялық апат, Қазақстандағы саяси қудалау мен сталиндік саясатты іске асыруға байланысты мәселелерді зерттеу туралы сөз қозғалады. Кеңес материалдары мерзімді басылым беттерінде жарияланады [203].

Осылайша, ашаршылық тарихы кеңестік тарихнамада ашық түрде 1980-жылдардың соңы 1990-жылдардың басында зерттеле бастайды. 1930-жылдардағы ашаршылық трагедиясының ұзақ жылдар бойы ашық зерттелмеуіне және кеңестік кезеңде бұл тақырыптың ресми түрде бүркемеленуіне қарамастан, 1930 ж. мен 1980 ж. бірінші жартысы аралығында жарық көрген кеңестік тарихи зерттеулерде ұжымдастыру, колхоздастыру үдерістеріне қатысты еңбектерде аталған оқиға туралы жанама түрде мәлімет беретін деректер кездеседі. Аталған еңбектердегі мәліметтер кейінгі кезеңдегі зерттеушілер үшін белгілі бір дәрежеде ғылыми құндылыққа және деректік маңызға ие болып табылады.

3) қазіргі отандық (1991 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жарияланған отандық зерттеушілердің еңбектері); 1930-жылдардағы ашаршылық мәселесінің қазіргі отандық тарихнамасы зерттеу ауқымының кеңеюі, деректер базасының ұлғаюымен ерекшеленеді. Отандық зерттеушілер ашаршылықтың себеп-салдарлық байланыстарына, оның ішінде ұжымдастыру саясатына, мал санының қысқаруына, астық дайындау науқаны мен әкімшілік басқарудағы қателіктерге назар аударады. Егемендік алғаннан кейінгі кезеңде жарыққа шыққан зерттеулер *3 кезеңге* бөлініп көрсетіледі: *1 кезең* (*1991-2010-шы жж.*) – ашаршылық себептері мен ауқымын тарихи тұрғыда түсіну, өзектілігін айқындау, «ақтаңдақтар» кезеңі. *2 кезең* (*2000-2010 жж.*) – ашаршылық проблемасын зерттеу белсенділігінің бәсеңдеу кезеңі; *3 кезең* (*2010 жылдан қазіргі кезеңге дейін*) – ғылыми айналымға жаңа деректердің енуі мен мемлекеттік комиссия, гранттық жобалар аясында зерттеулердің өрістеу кезеңі;

1 кезең (*1991-2010-шы жж.*) – ашаршылық себептері мен ауқымын тарихи тұрғыда түсіну, өзектілігін айқындау, «ақтаңдақтар» кезеңі; Бұл кезеңдегі зерттеулерде аштықтың әлеуметтік-экономикалық себептері ретінде ұжымдастыру үдерістері мен оның зардаптарына, демографиялық шығындарға мән берілді. 1991 ж. бастап «ақтаңдақтарға» байланысты бірқатар жинақтар мен көлемді зерттеулер жарыққа шығады. Атап айтқанда, «История Казахстана:

белые пятна» жинағында жарияланған Ж.Б. Абылхожин. М. Қозыбаев, М. Тәтімовтердің мақаласында ұжымдастыру мен күштеу саясатынан болған әлеуметтік апаттың көлемін анықтаса [79] М. Қозыбаев, Ж. Абылхожин, Қ. Алдажұмановтың бірлескен «Коллективизация в Казахстане:трагедия крестьянства» атты еңбекте авторлар алғашқылардың бірі болып ұжымдастыру үдерісіне кешенді талдау жасап, оны іске асырудағы әдістерге, шаруалар көтерілістері мен ашаршылықтың демографиялық шығындарын саралайды [80]. Бұл еңбектер отандық тарихнамада ұжымдастыру үдерісіне сыни көзқарастың қалыптасуына және үдерісті терең пайымдауға мүмкіндік берді.

Ашаршылықтан болған демографиялық шығындарды есептеудің ғылыми негіздерін жасауға демограф А.Н. Алексеенко үлес қосады. Оның «Голод начала 30-х годов в Казахстане» мақаласынан бастап, «Население Казахстана (1920-1990 жж.)» монографиясында зардап шеккендердің санын бағалау әдістері ұсынылса [87-88], М.Х. Асылбеков пен А.Б. Галиевтың «Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980)» еңбегінің 3 тарауында республикадағы ауылды ұжымдастырудың әлеуметтік-демографиялық үдерістеріне, оның халықтың құрылымына, туу көрсеткішінің төмендеуіне әсері қарастырылады [89].

Қазақ қоғамындағы әлеуметтік-экономикалық және құрылымдық өзгерістерге талдау жасау бағытында жарияланған Ж.Б. Абылхожиннің монографиясында кеңестік модернизациялау талаптарына байланысты дәстүрлі шаруашылық үлгісінің өзгеруі мәселелері қарастырылады. Зерттеуде ұжымдастыру көшпелі қоғамның өзін-өзі реттейтін әлеуметтік механизмдерін бұзғанын атап өтеді [91].

1990- жылдардың ортасына қарай ашаршылық мәселесіне мемлекеттік деңгейде мән беріліп, 1997 ж. Президент Жарлығымен 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні болып бекітіледі. Бұл құпия болған архив материалдарының негізінде апатты жағдайдың себептері, көлемі мен салдарын жаңадан ғылыми тұрғыда түсінуге, зерттеуге бағытталған зерттеулердің жариялануына түрткі болды. Ашаршылық тарихын зерттеуде маңызды үлес қосқан зерттеушілердің бірі ретінде Т. Омарбеков қазақстандық, ресейлік архив қорларын пайдалана отырып, астық, ет дайындаудың, байларды тәркілеу процестерінің жүзеге асырылуы мен оның зардаптарын, күштеп ұжымдастыруға қарсы халық наразылықтарын жаңа көзқарас тұрғысынан зерделеп, аштыққа қарсы күрес пен босқыншылықты тоқтау шараларын, демографиялық апат зардаптарына баға береді [81-82]. Ж. Абылхожин ауыл шаруашылығын ұжымдастырумен қатар жүрген отырықшылыққа көшіру саясаты күшпен жүзеге асырылып, табиғи, материалдық-технологиялық негізге сүйенбегенін атап өтеді [92, б.151].

Осы жылдары аштықтың әлеуметтік салдары ретінде мәжбүрлі босқыншылық мәселесіне қатысты М. Малышева мен В. Познанскийдің зерттеуінде Батыс Сібір аумағындағы қазақ босқындарының аман қалу жолындағы күрес тарихы, жергілікті халықпен өзара байланысы мәселелері көрсетілді [93].

1990- жылдардың соңына қарай ұжымдастырудың жекелеген аспектілері диссертациялық зерттеулердің объектісіне айналды. Мысалы, 1920-шы жж. агарлық өзгерістер бойынша С. Алибековтың [94], ауыл шаруашылығындағы жеке қожалықтарды жою тарихы туралы Ф. Қозыбақованың [95], 1920-1930-жылдардағы байлар мен жартылай феодалдар мәселесіне тарихи талдау жасаған С. Жакишеваның [96], кеңестік аграрлық саясатына қарсы шыққан адайлар көтеріліс жөнінде Б. Жұмағұловтың [97], қазақтарды отырықшылыққа көшіру тарихын батыс Қазақстан мысалында қарастырған Ж. Таңатарованың [98] диссертациялары қорғалды. Зерттеулер жаңа архивтік материалдар негізінде аграрлық реформалар мен олардың салдарына объективті баға беруімен ерекшеленеді.

Аталған кезеңде аштық куәгерлерінің естеліктері топтастырылған «Нәубет» [104], «Зауал» [105], «Қызылдар қырғыны» [106] және ашаршылық тарихына қатысты В. Михайловтың «Ұлы жұттың жазбалары» деректі хикаяты [107] сияқты публицистикалық сипаттағы жұмыстардың жарыққа шығуы ғылыми ортаның ғана емес көпшілік қауымның трагедияға деген қызығушылығын арттыра түсті. Соның ішінде «Қызылдар қырғыны» жинағында жарияланған аштық куәгерлерінің естеліктері апатты адам тағдыры тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді.

Осы кезеңде мәселенің аймақтық аспектісі бойынша Орталық Қазақстан аумағына қатысты мәліметтерді қамтитын «Шет өңірінің тарихы» зерттеуінің екінші таруында М.С. Жакин 1930- жылдардағы Шет өңіріндегі ашаршылық тарихын архив құжаттары мен оқиға куәгерлерінің естеліктері негізінде ішнара түрде қарастырады [111].

1990- жылдардың соңына қарай архивтік құжаттар жинағын жариялауға да мән беріле бастайды. Алғашқылардың бірі болып, 1998 ж. Ш. Уәлиханов атындағы тарих этнология институты, ҚР Президент архивы мен ҚР Орталық Мемлекеттік архивымен бірлесе отырып, ҚР Жоғары кеңес Президиумы комиссиясының шешімі негізінде «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-33 гг.» [114]құжаттар жинағын жарияласа, Шығыс Қазақстан облыстық мемлекеттік архивы ұжымдастыру кезіндегі Қытайға ауа көшкен қазақтардың тарихына қатысты бұрын беймәлім болған архивтік құжаттар жинағын жарыққа шығарады [115]. Бұл құжаттар жинағы зерттеушілерге ашаршылық проблемасы бойынша зерттеу кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Осылайша, 1991-2000 жж. тарихнамада ашаршылық проблемасы әлеуметтік-экономикалық (Ж. Абылхожин, М. Қозыбаев, Қ. Алдажұманов, Т. Омарбеков т.б); демографиялық (М. Тәтімов, А.Н. Алексеенко, М.Х. Асылбеков т.б), публицистикалық-мемуарлық (В. Михайлов, З. Қыстаубаев, Б. Хабдина) бағыттар бойынша қарастырылады.

2 кезең (*2000-2010 жж.*) – ашаршылық проблемасын зерттеу белсенділігінің бәсеңдеу кезеңі; Зерттеулерге қаржылық институционалдық қолдаудың шектеулі болуы, ғылыми қызығушылықтың басқа бағыттарға ауысуы, мемлекеттік бағдарламалардың аздығы зерттеу белсенділігінің шамалы

төмендеуіне ықпал еткені байқалады. Зерттеулер ашаршылық мәселесін күштеп отырықшыландыру, шаруашылық саяси науқандарды насихаттық қамтамасыз ету, шаруалар көтерілісі, мал шаруашылығының күйреуі, демографиялық-экономикалық контексінде зерттеумен сипатталады. Алдыңғы кезеңмен салыстырғанда ашаршылық мәселесі жанама түрде қарастырылып, нақты ашаршылыққа арналған ғылыми зерттеулер жеткіліксіз болды.

2000-жылдары жарық көрген отандық зерттеушілердің ішінде О. Мұхатованың монографиясында отырықшыландыру үдерісіне «Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктерін ескермей жүргізілген зорлап отырықшыландыру қазақ халқын «қызыл табан» шұбырындыға салып, ата қоныстарын тастап көшуге, ашаршылыққа ұрындырғанын» [109, б.34] жазса, Ж.Т. Таңатарова зерттеуінде «жан-жақты зерделенбей жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығы мен салт-дәстүрін күйретуге бағытталған саясат сәтсіздікке ұшырауымен қатар, көшпелі халықтың күн-көрісі үшін босқыншылыққа ұшырап, елінен туған жерден бас сауғалауына әкелді»– деп баға беріп, отырықшылыққа көшіру үдерісінің ауыр зардаптарын көрсетеді [110,б. 60].

Демографиялық шығындарды аймақтық аспектіде саралауға В.В. Козинаның еңбегі мүмкіндік береді. Зерттеудің модернизациялау кезеңіндегі Орталық Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық дамудың ерекшеліктеріне арналған екінші тарауында жаңғырту кезеңіндегі аумақтағы демографиялық тенденцияларындағы халық саны динамикасы, миграция, ұлттық, жастық-жыныстық құрылымындағы өзгерістерге талдау жасалады. Сонымен қатар ашаршылық кезіндегі Қарқаралы қаласында 1932 ж. жеті ай ішінде (мамыр-қараша) халықтың саны 50400-ден 15900-ға, яғни 3,2 есе қысқарғаны жөнінде мәлімет келтіреді [90, б.75]. Осы еңбекте берілген 1926 және 1939 жылдардағы халық саны динамикасын негізге ала отырып, Орталық Қазақстандағы ашаршылық кезіндегі қазақ халқының шығыны арифметикалық есептеулер бойынша 143 776 адамды құрап, 48% қысқарғаны анықталды.

А.Н. Алексеенко 1926, 1939 жылдардағы санақ деректерін табиғи өсім мен өлімнің көрсеткіштерімен салыстыра отырып, шығындарды анықтауда статистикалық-демографиялық әдіс қолданады. Зерттеуші жас құрылымы мен демографиялық үдерістерді қалпына келтіру арқылы 1930-жылдардағы ұлттық апаттың шынайы ауқымын 1840 мың адам немесе 47,3% деп анықтайды. Н.А. Алексеенконың өңірлер бойынша тұжырымына сәйкес Орталық Қазақстанда ашаршылықтан адам шығыны ең аз болғанын көрсетеді. Автор бұл өңірдегі адам шығынын 22,5 мың адам немесе аймақтың этносы 15,6% қысқарғанын көрсетеді [204].

Осы кезеңде жарияланған Т. Омарбековтың еңбектері бұрын белгісіз болған НКВД, ОГПУ және КГБ материалдарын пайдалануымен ерекшеленеді. Оның «Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері» зерттеуіндегі Орталық Қазақстан аумағындағы шаруалар наразылықтары жөніндегі, оның ішінде Шұбартаудағы көтеріліс жөніндегі мәліметтері маңызды болып

табылады. Ол апаттың негізгі себебі ретінде қазақ халқының дәстүрлі мал шаруашылығының жойылуы мен мал санының күрт қысқаруын көрсетеді [205].

Осы кезеңде ашаршылыққа алғышарт болған ұжымдастыру мен халық наразылықтарын аймақтық аспектіде қарастыратын еңбектер жарияланабастайды. Солардың ішінде Т. Аланиязов, А.С. Таукенов «Шетская трагедия» [112] зерттеуінде ұжымдастыру мен тәркілеудегі мәжбүрлеу әдістеріне халықтың наразылығының себептері, сипаты мен қозғаушы күштеріне талдау жасайды. Т. Аланиязов «Коллективизация по-карсакпайский» [113] зерттеуінде 1928-1933 жж. Қарсақпай ауданындағы ұжымдастыру тарихын хронологиялық жүйелілікті сақтай отырып, тәркілеу науқандарының, салықтық қысымның және дәстүрлі мал шаруашылығының күйреу тетіктерін жергілікті архив материалдары негізінде сараласа, «Крестьянские выступления 1929-1932 гг. в Казахстане: опыт и проблемы изучения» [206] зерттеуінде методология мен деректер мәселесін қарастыра отырып, ұжымдастыру мен халық көтерілістерін зерттеуде кешенді әдістердің қажеттіліктерін атап өтеді. Б. Насеновтың Абыралы ауданы тарихына қатысты көптомдық жинағының екінші бөлімінде аудандағы тәркілеу, көтеріліс тарихына қатысты архив құжаттары беріледі [207].

2000-жылдары ашаршылық тарихына қатысты кейбір мәселелер диссертациялық зерттеулерге арқау болды. Мысалы, М. Ескендіров «Восточный Казахстан в годы силовой модернизации (1926-1939 гг.)» [99] атты диссертациясында шығыс өңірлерде аграрлық саясатты іске асыру ерекшеліктерін, зорлық-зомбылық реформаларын енгізу тетігін және олардың әлеуметтік салдарын қарастырады. Г. Нұрбетова басқарудың репрессиялық әдістерін заңдастырудағы партиялық құрылымдардың рөлін анықтай отырып, экономикалық және саяси науқандарды идеологиялық және насихаттық қамтамасыз етуді зерттейді [100] К. Сантаева диссертациясын дәстүрлі қазақ мал шаруашылығының жойылу мәселесіне арнап, шаруашылық базасының жойылуының Оңтүстік Қазақстандағы демографиялық дағдарыс пен әлеуметтік құрылымның тоқырауына әсерін қарастырады [101]. С.Айкөзов [102] ауыл шаруашылығы кооперативтері мен бірлестіктерінің қызметін зерттеп, оларды әкімшілік мәжбүрлеу тетігі ретінде ғана емес, кеңестік жаңғырту құралы ретінде қарастырды. Бұл зерттеулер ашаршылыққа алып келген аграрлық өзгерістердің аймақтар бойынша ерекшеліктерін анықтап, салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары Е. Стамшаловтың Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық тарихына арналған диссертациясы қорғалды [103]. Бұл кездегі диссертациялық зерттеулер ғылыми ізденіс өрісінің тақырыптық және аймақтық кеңеюін көрсетеді.

Ашаршылық проблемасын зерттеуде ғылыми еңбектер ғана емес сонымен қатар публицистикалық-мемуарлық жарияланымдарды пайдалану да маңызды. Бұл ретте 2001 ж. жарыққа шыққан Ж. Өмірбектің «Қызыл қырғын» шығармасы ашаршылық жылдары Орталық Қазақстан аймағындағы трагедиядан аман қалған автордың жеке естеліктеріне негізделуімен құнды болып табылады [108]. Осылайша, 2 кезеңде, 2000-2010 жж. ашаршылық

тақырыбын зерттеудің шамалы бәсеңдеуі байқалды. Зерттеушілер еңбектерінде ашаршылықты күштеп отырықшылыққа көшіру, ұжымдастыру, дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі аясында қарастырды.

3 кезең (*2010 жылдан қазіргі кезеңге дейін*) – ғылыми айналымға жаңа деректердің енуі, проблемаға мемлекеттік деңгейде мән беріліп, мемлекеттік комиссия, гранттық жобалар аясында зерттеулердің өрістеу кезеңі; 2010 ж. бүгінгі күнге дейінгі уақыт аралығын қамтитын бұл кезең алдыңғы кезеңмен салыстырғанда архив материалдарын ғылыми айналымға енгізу, өңірлік архивтік деректерді жариялау жұмыстарының өрістеуімен ерекшеленеді. Бұл кезеңде ашаршылық проблемасын зерттеуде жаңа деңгей қалыптасып, зерттеушілердің назары трагедия ауқымын нақтылауға, халықтың мәжбүрлі көшу себептерін ашуға, демографиялық салдарларды талдауға бағытталады.

Қазақстандағы жаппай ұжымдастырудың саяси-құқықтық негіздері, іске асырудың әдіс-тәсілдерін архив құжаттары, кеңестік, отандық, шетелдік еңбектердегі жаңа көзқарас негізінде түсіндіруге бағытталған Б.Г. Аяған, Ж.Ө. Қыдыралина, А. Ауанасова т.б ұжымдық монографиясы жарияланады [185]. Авторлар трагедияның гуманитарлық аспектісін бөліп, көші-қонды мәжбүрлі, бірақ саналы қарсылық әрекеті деп түсіндірді. Монографияда ашаршылық хронологиясы 1932 жыл ретінде көрсетіліп, аймақтық, аспектілер жеткіліксіз қамтылған және екі тілдегі мазмұн сәйкессіздігі байқалады.

Т. Омарбековтың 2018ж. шыққан «1929-1931 жылдардағы халық көтерілістері» зерттеуінде Орталық Қазақстандағы халық көтерілістерін Ұлттық қауіпсіздік комитеті архивындағы құпия құжаттар негізінде қарастырады. Аймақтағы «көтерілістердің басты себебі – 15 айға арналған ет дайындау жоспарын бір ғана науқанда орындауды талап ету болды» - деп нақты көрсетеді және Абыралы, Шыңғыстау көтерілістері кезінде тұтқындалғандардың тізімін береді [208]. 2019 ж. жарияланған «Ашаршылық» еңбегінде Орталық Қазақстанда ашаршылық апатының аса ауыр болғанын, бұл аймақтағы ашаршылықтың басты себебі ретінде ет дайындау науқанын, ұжымдастыру үдерісін көрсетеді [209]. Бұл зерттеулер трагедияның адами өлшеммен макро-тарихи талдауды синтездеуге деген ұмтылысымен ерекшеленеді, бұл оларға ерекше ғылыми және әлеуметтік маңыздылық береді.

Орталық Қазақстан аумағындағы халық көтерілісін зерделеуде Боқты көтерілісіне арналған архив материалдары мен ел аузындағы аңыздарға негізделген зерттеуді атап өткен жөн [210].

С.А.Жакишеваның 2021 ж. [83], 2022 ж. [84] жылдары жарыққа шыққан монографиялары тәркілеу науқанын архив құжаттары негізінде кешенді түрде, пәнаралық әдістермен талдаған маңызды зерттеу болып табылады. Автор дәстүрлі тарихи әдістерді сандық деректерді өңдеу тәсілдерімен ұштастырып, бұрын ғылыми айналымға енбеген материалдарды жүйелейді. Нәтижесінде 1928 ж.тәркілеу шараларының ауқымы мен іске асу тетіктері нақтыланып, ресми мәліметтермен қайшылықтарды анықтайды.

Соңғы жылдардағы ашаршылық себептері, салдары, аштық кезіндегі билік тарапынан іске асырылған шаралар зерделеніп, аштықпен күресудегі

қазақ зиялыларының хаттары, олардың аштықпен күресудегі рөліне баға берілетін зерттеулердің ішінде С.О. Смағұлованың «Зұлмат жылдар зардабы» [85] монографиясы ашаршылық мәселесін зерттеуде маңызды болып табылады. Зерттеудің тарихнамалық маңызы – бұрын жабық болған деректерді ғылыми айналымға енгізуімен, ашаршылық мәселесіне ұлттық мүдде тұрғысынан баға беруімен және тәуелсіздік кезеңіндегі отандық тарих ғылымында «ақтаңдақ» тақырыптарды зерттеудің қалыптасуына ықпал етуімен ерекшеленеді.

Мәселенің демографиялық аспектісін қамтитын зерттеулер ішінде А.И. Құдайбергенова еңбектерінде Қазақстандағы ашаршылық пен көші-қон үдерістерінің ауқымы айқындалады. Автор Қазақ АКСР халықшаруашығы есеп басқармасы мәліметі негізінде 1930-1933 жж республика халқының 59,2 % азайғанын атап өтіп, ең көп құрбан болған өңірлер ретінде Батыс, Солтүстік және Шығыс аймақтарын көрсетеді. Сонымен қатар зерттеуде 1926-1937 жылдардағы халықтың өсімін кесте арқылы көрсетіп, қала халқының саны өскенін анықтайды. Оның ішінде Қарағанды мен Солтүстік Қазақстандағы оң сальдоның индустрияландыру және ішкі көші-қон есебінен қалыптасқанын атап өтіп, ауылдық аймақтардағы жаппай кему ашаршылықтың негізгі демографиялық салдарын көрсететін маңызды дәлел ретінде интерпретациялайды [86, б.189-191].

Алғашқы кеңестік онжылдықтардағы қазақтардың дәстүрлі құрылымының тарихына арналған Ж.Б. Абылхожиннің, Н.Ә. Әлімбайдың т. б. ұжымдық монографиясында күштеп ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшірудің дәстүрлі тәртіптің бұзылуына және жаппай демографиялық шығындарға әкелгенін, қазақ қоғамының ұжымдық санасын қалай өзгерткенін көрсетіледі [211].

Ашаршылық тарихының зерттеудің өрістеуіне мемлекеттік комиссия мен түрлі гранттық жобалар аясында 2020-2025 жылдар аралығында отандық ғылыми журналдарда жарияланған ғылыми мақалалар да ықпал етті. Мақалаларда Ж. Саурықова 1932-33 жж. сот органдарының жазалау шараларының тәжірибесіне [142], Қ.С.Алдажұманов, Е.И. Стамшалов саясишаруашылық науқандарға [143, 145], аштық кезіндегі аштық куәгерлерінің естеліктеріне А.Т. Абдуллина [144], мәжбүрлі босқындар мәселесіне М.М.Қозыбаева, А.А. Бекенова [146], А.И.Құдайбергенова, Р.Ж. Байдалы [147], А.Ә.Қабыл, Н.О. Оразханның [139], Ө.И.Исенов, А.И Құдайбергенова [140], «Кіші қазан саясаты» және жайылымдық-шабындық жерлерді қайта бөлу мәселесіне Қ.Қ.Байсарина, Б.Токишкадыров, А.М Мамырбеков [148], тәркілеу үдерісіне Е.Е.Рахметуллин, Б.Б.Төкішқадыров, Р.Д Ахметова [151], Солтүстік Қазақстандағы астық дайындау, отырықшылыққа көшіру мәселесіне қатысты Ш.Бектасов, М.Утегенов [152, 212], Сырдария өңіріндегі ұжымдастыруға У.А. Агулыкова, Б.Қ. Исабек [213], Созақ көтерілісі тарихына Б.А.Еркинбекова, Б.Қ Исабек [214], ашаршылық кезіндегі панасыз балалар мәселесіне К. Байсарина [215], Р.К.Айдарбаева мен С.К. Уалиева [216], А.Т.Каипбаева мен А.Белялова [217] назар аударады. К. Балтабаева, С, Жакишева 1920-30 жж. қазақ босқындарына жасалған қуғын-сүргін, ақтау мәселелеріне, олардың құқықтық

мәребесі мәселелерін саралайды. 1930-1932 жж. мәжбүрлі көші-қон ауқымы алғаш рет 1,8 млн-нан 2 млн адамға дейінгі диапазонда бағаланады, оның ішінде эмиграциялық шығындар – 200 мың адам ретінде көрсетеді [218]. Сонымен қатар С.Смагулова, А. Беркімбаймен қосалқы авторлықта Шығыс Қазақстандағы халық наразылықтары [219], шығыс өңірдегі ашаршылықтың демографиялық зардаптары [220], Е.Сайлаубай, Х.Масловпен бірлесіп жазған ауыл халқының бейімделуі [221], Н.С.Қыдырқожаевамен бірлескен зерттеулерінде босқыншылық [222] сияқты маңызды мәселелер кешенді түрде сараланады.

Орталық Қазақстандағы ашаршылық проблемасын жергілікті архив құжаттары негізінде қарастыратын апаттың себептерін, заңдылықтарын, жүргізілген науқандардың механизмдері З.Г. Сактаганова [154], аштықтың әлеуметтік-экономикалық, демографиялық салдарын тәркілеу науқанындағы жергілікті билік рөлі Д.А. Джумабеков, В.В. Козина т.б [155-156], өңірдегі босқыншылық тарихы Б.К. Альжаппарова [157], Тельман ауданындағы ет, астық дайындау кезіндегі репрессиялық саясат А. С. Мусагалиева [158], кеңес үкіметіне қарсы көтерілістердің алғышарттары С.Набиев т.б [159] ғылыми мақалаларында қарастырылады. Бұл зерттеулерде қарастырып отырған кезеңдегі аймақтағы тарихи үдерістерді саралауда маңызды болып табылады.

Қарастырып отырған кезең ашаршылық тарихын зерттеуде деректер базасының кеңеюімен ерекшеленеді. Мәжбүрлі түрде босып кеткендер тарихын қарастыруда 2010 ж. Е.Б. Сыдыковтың редакциясымен Сібір аумағына ауа көшкен халықтың тарихына қатысты Новосибирск архивы құжаттар жинағын жариялауы маңызды болды [116]. Жинақта 1930 ж. Сібірге пана іздеп барған қазақ босқындарының тағдыры туралы құжаттар жүйелі түрде ұсынылды. Бұл басылым жаппай қоныс аударудың географиясы мен ауқымы туралы түсініктерді едәуір кеңейтті, сонымен қатар аштықтан туындаған көші-қон процестерін одан әрі зерттеуге негіз болады.

2013, 2018 жж. аралығында ҚР археография және деректану Ұлттық орталығы, ҚР Орталық мемлекеттік архивы мен ҚР Президент архивы ұжымдары бірлесіп «Трагедия казахского аула» [117-118] атты екі томдық құжаттар жинағын шығарды. Жинақта тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, кулактарды жою, қарсыластық қозғалыстар мен отырықшылыққа көшіру науқандарын сипаттайтын құнды құжаттар ұсынылған. 2020 ж. ҚР Президентінің 24 қарашадағы №456 Жарлығымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» құрылғаннан кейін ашаршылық проблемасын зерттеу одан әрі жандана түсті. Өңірлерде комиссиялар құрылып, олар 60-тан астам мемлекеттік, ведомстволық архивтерде жұмыс жасап, нәтижесінде бірнеше архивтік құжаттар жинағы жарыққа шықты. Атап айтқанда, 2021 ж. аштық жылдарына қатысты бұрын жарияланбаған тың, аса құпия мәлімет ретінде сақталған құжаттар енгізілген бірнеше томдық «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Деректі хроника» [119-121], екі томдық тоталитарлық режимнің репрессиялық саясатының құқықтық, саяси негіздері мен нақты механизмдерін, байларды тәркілеу мен кулактарды жою

тарихын қарастыруға мүмкіндік беретін «Совершенно секретно: рассекреченные нормативные правовые акты и документы», «Ликвидация баев и кулаков в Казахстане в конце 1920-х – начале 1930-х гг.» құжаттар жинағы жарыққа шықты [122-123].

2022 ж. Мемлекеттік комиссияның жұмысының нәтижесі ретінде «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының материалдары XX ғасырдың 20-50 жылдары» бірнеше томдық архив құжаттарының жинағы шығарылды. Жинақта барлығы 112 (облыстық, қалалық, ҚР ҰҚК, Бас Прокуратура, ҚР ІІМ, ҚР Президент архивы, ҚР Орталық Мемлекеттік архивы, 10- шетелдік) архивтан алынған ОГПУ-НКВД және партия органдарының мәліметтері, анықтамалары, архивтік-тергеу істері, жеке істер, нормативтік-құқықтық актілер, орталық және жергілікті партия органдары мәжілістерінің хаттамалары сияқты маңызды құжаттар топтастырылған. Бұл комиссия жұмысының аясында Оңтүстік, Солтүстік, Шығыс, Батыс Қазақстан өңірлері бойынша оның ішінде Ақмола (19, 23) [124-125], Солтүстік Қазақстан (32 том) [126], Павлодар (17 том) [127], Семей (20, 22 том) [128-129], Орал, Бөкей (28 том) [130], Түркістан (33 том) [131], Маңғыстау (16том) [132]аймақтарындағы 1930-шы жылдардағы ашаршылық тарихына қатысты және халық көтерілістері (4 том) [133], мәжбүрлі босқындар (5 том) [134], күштеп ұжымдастыру, отырықшылыққа көшіру, дайындау науқандары бойынша мемлекеттік актілер құжаттар жинағы (15 том) [135], тәркілеу науқанына қатысты құжаттар (25 том) жинақтары зерттеу жұмысында маңызды болды. Сонымен қатар 2025 жылы жарияланған жаппай отырықшыландыру (15 том) [136], солтүстік, шығыс өңірдегі науқандардың күштеп жүзеге асырылуы (20 том) [137] жинақтары зерттеу барысында қолданылды. Бұл жинақтардағы жарияланған өңірлік архивтер құжаттары аймақтар бойынша ашаршылық тарихын салыстырмалы түрде қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар Орталық Қазақстандағы байларды тәркілеу, кулактарды жою т.б бойынша репрессиялық саясатты жүзеге асырудың аймақтық ерекшеліктерін көрсететін 29 том зерттеу жұмысымызды жазуда аса құнды болды [137].

Өңірлердегі комиссиялар тарапынан да проблеманы зерттеуде бірқатар жұмыстар атқарылды. Орталық Қазақстан өңіріндегі ашаршылық тарихын зерттеуде Н.О. Дулатбековтың редакторлығымен З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманова және т.б құрастыруымен «Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық: архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы» [138] шықты. Жинақтың Ұлыбританиядағы халықаралық баспада ағылшын тіліндегі нұсқасы да жарияланды [139]. Д.А. Джумабеков, В.В. Козина т.б құрастырумен жарияланған «Қарағанды облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін (1920-1930 жж.): Зерттеулер, Мұрағат құжаттары. Естеліктер.» [140-141] сияқты жинақтар маңызы зор. Жинақтарда Орталық Қазақстан аумағындағы тәркілеу, ұжымдастыру, колхоздастыру, көшпелі қазақ ауылдарын күштеп отырықшылыққа көшіру, ет, мал, астық дайындау сияқты саяси-шаруашылық науқандар, аштық пен індеттердің таралуына қатысты кеңес үкіметінің саясатының мәнін ашып көрсететін құжаттар жарияланған.

Осылайша, 2010-2025 жж. ашаршылық проблемасына мемлекеттік деңгейде мән беріліп, саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссияның құрылуы, гранттық зерттеу жобалары аясында зерттеулер өрістеді. Архивтік құжаттар жүйеленіп, бірнеше архив құжаттарының жинақтары, оның ішінде өңірлік негіздегі жинақтар жарыққа шықты. Ашаршылықтың түрлі аспектілеріне арналған зерттеу қорытындылары ғылыми журналдарда мақала ретінде жарияланды. Алайда, проблеманың өңірлік ерекшеліктерін көрсететін іргелі еңбектер жоқтың қасы.

Осылайша, мәселенің тарихнамасы бойынша келесідей қорытынды жасауға болады:

- шетелдік тарихнамада 1930-жылдардағы ашаршылық тарихы бастапқы кезеңде (1930–1940 жж.) публицистикалық, фрагментарлық сипатта болып, тек 1980-1990 жж. еңбектерде ұжымдастыру мәселесі қарастырылды. Бұл зерттеулерге архивтік құжаттарға қолжетімділіктің болмауы, «қырғи қабақ соғыс» ықпал етті. Қазақстан жеке нысан ретінде қарастырылмады. 2000-жылдардан бастап қана Қазақстандағы ашаршылық тарихы жөнінде арнайы зерттеулер пайда болғанымен, өңірлік ерекшеліктер мәселесі жеткіліксіз қамтылды. Жақын шетелдіке (оның ішінде посткеңестік) тарихнамада ашаршылық мәселесі, әсіресе, Ресей мен Украина зерттеушілері арасында пікірталас тудырып отырған өзекті мәселеге айналды. Ресейлік зерттеушілер тарапынан ашаршылықты «жалпыодақтық трагедия» ретінде қарастырса, украина зерттеушілері «мақсатты геноцид» ретінде көрсетеді. Бұл мәселе посткеңестік аумақта геосаяси құралға айналды. Кейбір ресейлік зерттеушілер Қазақстандағы ашаршылық тарихының зерттелуін «мифтендірілген» және «саясилаған» деген тұжырым жасайды;

- кеңестік тарихнамада ашаршылық мәселесі шектеулі сипатта болды. Мәселенің барлық аспектілері толық қамтылған жоқ, идеологиялық шектеулер ашаршылық мәселесінің толық түсінігін қалыптастыруға кедергі жасады. 1980-жылдардың соңынан бастап қана тақырыпқа қатысты зерттеу «ақтаңдақтары», тарихи деректер айқындалып, ғылыми айналымға ашаршылыққа қатысты материалдар енгізіліп, оған баға беріліп, тақырыпқа қатысты жүйелі талдаулар жүргізіле бастады;

- отандық тарихнамада ашаршылық мәселесі біршама зерттелгенімен әлі де қарастыруды қажет ететін тұстары бар. Атап айтқанда, зерттеулердің теориялық-методологиялық негіздері толық қалыптаспағаны байқалады, сондай-ақ аудандық архив қорларында сақталған құжаттар, оның ішінде араб графикасы (төте) негізінде жазылған құжаттардың ғылыми айналымға толық енгізілмеуі мәселені өңірлік аспектіде қарастыруды шектейді. Мұндай бағыттағы іргелі зерттеулер аталған тарихи үдерісті жан-жақты түсінуге жол ашады. Сонымен бірге, ашаршылықтың әлеуметтік-демографиялық салдары бойынша зерттеушілер арасында бірыңғай пікір қалыптаспағаны байқалады. Әртүрлі деректер мен есептеу әдістеріне негізделген бағалаулар арасында айырмашылықтар бар, бұл мәселенің әлі де нақтылауды қажет ететінін көрсетеді.

Жалпы, қазіргі кезеңде ашаршылық проблемасына саяси тұрғыда емес тарихи тұрғыда баға беру маңызды болып табылады. Сондықтан ашаршылық мәселесін объективті зерттеп, нақты ауқымын көрсету үшін шетелдік және посткеңестік зерттеушілердің көзқарастарын салыстыра отырып, отандық тарихнамада өзіндік академиялық ұстанымды қалыптастыру қажет. Бұл көшпелі шаруашылық ерекшеліктерін ескере отырып, ашаршылықтың нақты ауқымын көрсетуге, оқиғаларды саяси-идеологиялық тұрғыда бағалаудан сақтануға мүмкіндік береді.

1.3 Деректер базасының сипаттамасы

1930- жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық проблемасын зерттеуге негіз болатын деректік база кешені шығу тегі, мазмұндық сипаты және ақпараттық мүмкіндіктері тұрғысынан алуан түрлілігімен ерекшеленеді. Ашаршылық тарихын кешенді түрде зерттеу үшін деректер төмендегі топтарға бөлініп, қарастырылады:

- нормативтік-құқықтық құжаттар;
- іс қағаз құжаттары;
- статистикалық материалдар;
- мерзімді басылым материалдары;
- естелік, мемуарлық материалдар сияқты жеке тектік деректер;
- ауызша тарихи дерек ретіндегі сұхбат материалдары;
- жеке отбасылық фотоальбомдардан алынған фотоматериалдар.

Осы топтар бойынша материалдар жарияланған және жарияланбаған материалдардан тұрады. Жарияланған материалдарға архив құжаттарының жинақтарын, естеліктер жинағын, мерзімді басылым материалдары жатса, жарияланбаған материалдарға 2 орталық (ҚР ОМА, ҚР ПА), 3 облыстық (ҚОМА, АОМА, ҰОМА), 4 аудандық (ҚАМА, НАМА, ШАМА, ОАМА), 1 ресейлік (РГАНИ-РҚЗТМА), архив қорларынан алынған материалдар, сұхбат негізінде жиналған материалдар жатқызылды. Кейбір архив материалдары, оның ішінде аудандық архивтардан алынған құжаттар алғаш рет ғылыми айналымға енгізіледі.

Бірінші деректер тобындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға Қазақстандағы 1930- жылдардың бірінші жартысындағы аграрлық саясат пен әкімшілік тәжірибелерді мемлекеттік реттеудің бағытын анықтайтын негізгі деректер тобы жатады. Бұл материалдар одақтық басшылық шешімдерін, жергілікті билік органдарының қызметін, сонымен қатар дағдарыс жағдайындағы күштік құрылымдар тарапынан қабылданған шараларды көрсетеді. Құжаттардың негізгі бөлігі ҚР Орталық Мемлекеттік архивынан, ҚР Президент Архивынан, Қарағанды облысы мемлекеттік архивы қорларынан және архив материалдарының құжаттар жинақтарынан алынды.

1920- ж. соңы 1930-жылдары Орталық партия органдары мен жергілікті Өлкелік атқару комитеттері БКП(б) ОК мен КСРО ХКК, БКП (б) Қазақ өлкелік партия комитеті, ҚАКСР Халық комиссарлар кеңесі тарапынан ашаршылыққа алғышарт болған саяси-шаруашылық науқандар іске асыру бойынша бірқатар

қаулы-қарарлар қабылдады. Құжаттардан байларды тәркілеудің механизмдерін, ұжымдастыру қарқынын, астық, мал, ет дайындау, отырықшылыққа көшіру т.б мәселелер бойынша шаралар қарастырылады. Бұл заңнамалық актілердің *екі деңгейі* бөліп көрсетіледі: 1) партия мен КСРО ХКК одақ көлеміндегі саяси-шаруашылық науқандар (ет,мал астық дайындау, тәркілеу, ұжымдастыру т.б) бойынша қабылдаған шешімдерін көрсететін құжаттар; 2) Қазақ өлкелік партия комитеті, ҚАКСР Халық комиссарлар кеңесінің республика бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы шығарған шешімдерін көрсететін құжаттар.

Бірінші деңгейдегі партия мен КСРО Халық комиссарлар кеңесінің одақ деңгейінде қабылдаған шешімдерін көрсететін құжаттарға жатады: 1928 ж. 9 тамызда БКП(б) Орталық комитетінің «Ірі мал иелерінің шаруашылықтарын тәркілеу және жер аудару туралы» қаулысы [223, п.1-5], БКП (б) ОК КСРО ХКК мен БКП (б) ОК Саяси Бюросының 1929 ж. 11 қаңтардағы «Астық дайындау туралы» қаулысы, БКП (б) ОК 1929 ж. 13 қыркүйектегі «Астық дайындауды күшейту шаралары туралы» қаулысы, 1930 ж. 5 қаңтардағы «Ұжымдастыру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмек шаралары туралы» Қаулысына сәйкес жаппай ұжымдастыру аймақтары белгіленді [119, б.179-181], БКП(б) ОК саяси бюросының 1930 ж. 30 қаңтардағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы кулак шаруашылықтарын жою бойынша шаралар туралы» қаулысы [224, б.126-129], КСРО ХКК 1930 ж. 26 ақпандағы «Қазақстанды шаруашылық жағынан ретке келтіру шаралары туралы» қаулысы, БКП (б) ОК Саяси бюросының 1932 ж. 26 наурыздағы «Малды күштеп ортақтастыру туралы» қаулысы, КСРО ХКК 1932 ж. 4 маусымдағы «Егін шықпау, шаруашылықтардың ауа көшуіне байланысты Қазақ АКСР-не қаражат жұмылдыру жоспары туралы» қаулысы, КСРО ОАК мен КСРО ХКК 1932 ж. 7 тамызындағы «Мемлекеттік кәсіпорындардың, колхоздардың және кооперациялардың мүлкін қорғау және қоғамдық (социалистік) меншікті қорғау туралы» қаулысы, БКП(б) ОК Саяси бюросының 1933 ж. 17 қыркүйектегі «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы жөніндегі» қаулысы, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау жөніндегі комитеттің 1932 ж. 20 қыркүйектегі «Қазақстан бойынша астық дайындаудың жылдық жоспарын төмендету туралы» қаулысы, КСРО ХКК 1933 ж. 10 сәуірдегі «Ауа көшкен қазақтарға көмек көрсету туралы» қаулысы, КСРО ХКК 1933 ж. 19 мамырдағы «Қазақ АКСР-де балалар панасыздығымен күреске қаражат бөлу туралы» Қаулысы, БКП(б) ОК Саяси бюросының 1933 ж. 23 маусымдағы «Қазақстан туралы» қаулысы, БОАК Президиумының 1933 ж. тамыздағы «Қазақ АКСР-дегі балалар панасыздығына қарсы күрестің жағдайы туралы» қаулысының жобасы т.б.

Екінші деңгейдегі Қазақ өлкелік партия комитеті, ҚАКСР Халық комиссарлар кеңесінің республика деңгейінде ауыл шаруашылығы саласындағы шығарған шешімдерін көрсететін құжаттар: 1928 ж. 27 тамыздағы Қазақ АКСР ОАК мен ХКК «Ірі бай шаруашылықтардың және жартылай феодалдардың мал-мүліктерін тәркілеу және жер аудару туралы» қаулы [225, п.68], Қазақ АКСР ХКК 1928 ж. 30 тамыздағы «Қазақстанның көшпелі,

жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» қаулысы ҚазақКСР аумағы шаруашылық типтері бойынша табиғи-тарихи, мәдени-тұрмыстық және экономикалық белгілері көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы аудандарға бөлінеді. Орталық Қазақстан аудандарының басым бөлігі жартылай көшпелі типке жатқызылған болатын [226, п.113-114]. Қазақ АКСР ХКК 1928 ж. 30 тамыздағы «Тәркілеуге ұшырағандардың жер аудару орындарын анықтау туралы» қаулысына сәйкес Қарқаралы округінен Қостанай округіне, Ақмоладан - Гурьев округіне жер аударылуға тиіс болды, БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің «Тәркілеуге қарсы шыққан байлармен күрес шаралары туралы» қаулысы [227, п.26], Қазақ АКСР ОАК мен ХКК 1928 ж. 13 қыркүйектегі «Ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу мен жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік туралы» қаулысы [228, п.1], Қазақ АКСР ХКК «Республикадағы колхоз құрылысы туралы» қаулысы [229, п.7-13], Өлкелік партия комитетінің бюросының 1930 ж. 19 қаңтардағы «Көшпелі және жартылай көшпелі қазақ халқын отырықшыландыру туралы» қаулысы, БКП(б) Қазақ өлкелік комтитетінің 1931 ж. 8 наурыздағы «Ауа көшу әркеттерін болдырмау туралы» қаулысы, 1931 ж. 13 наурыздағы «Абыралы ауданындағы оқиғалар туралы» қаулысы, 1931 ж. 25 шілдедегі БКП(б) Өлкелік комитетінің «Мал дайындау мәселелері бойынша» қаулысы [230, п.117-119], Қазақ АКСР ХКК 1932 ж. 17 наурыздағы «Азық-түлік көмегіне бөлінген 1 млн пұт тарыны облыстар арасында бөлу туралы» қаулысы [231, п.69]. Қазақ АКСР ХКК «Ауа көшкен шаруашылықтарды қайтару және оларды орналастыру жұмыстарының жоспарын бекіту туралы» қаулысы [121, б.204-206], Қазақ АКСР ХКК 1932 ж. 14 мамырдағы «Қарағанды облысына қайтып оралған ауа көшкен шаруашылықтарға бөлінетін азық-түлік көмегінің мөлшерін азайту туралы» қаулысы [121, б.217-218], Қазақ АКСР ХКК 1932 ж. 20 мамырдағы «Қарағандыға көшіп келген шаруашылықтарға азық-түлік көмегін көрсету туралы» қаулысы [231, п.91], БКП(б) Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1932 ж. 2 шілдедегі «Қазақстандағы жаппай аштық туралы» қаулысы [232, б.404-406], Қазақ АКСР ХКК мен БКП(б) өлкелік комитетінің «Қазақстан колхозшыларына мал иеленуге көмек көрсету туралы» қаулысы [233, п.8-9], Қазақ АКСР ХКК мен БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің 1933 ж. 26 шілдедегі «Колхозшыларға мал түрінде көмек көрсету туралы» қаулысы [233, п.12-13] және т.б құжаттар

Бұл құжаттар кеңестік биліктің жергілікті халыққа қарсы саясатының, шаруашылық құрылымдарды жою, ұжымдастыру үдерісін іске асырудағы қадамдарының заңды тірегі болды. Бастапқы кезеңдегі яғни, 1920- жылдардың соңына қарай қабылданған заңдық актілерде дәстүрлі шаруашылық құрылымды өзгертуге бағытталған шараларды байқалса, 1930- жылдарға қарай қабылданған нормативтік құжаттарда сол шаралардың салдарын жоюға бағытталған шешімдер шығарған. Жалпы, 1930-жылдардағы қабылданған бұл құжаттардың тарихи маңызы – кеңестік биліктің өз саясаты салдарынан туындаған дағдарыстың ең ауыр кезеңінде халықты сақтау, шаруашылықты қалпына

келтіру және ауылдағы жағдайды бақылауға алу мақсатында амалсыздан шаралар қабылдағанын көрсетеді.

Екінші деректер тобына халық комиссарлар кеңестерінің, бүкілодақтық партия комитеттерінің, орталық атқару комитеттері, аудандық атқару комитеттерінің, халық депутаттарының қалалық, аудандық кеңестерінің, статистикалық басқарма, округтық комитеттер, ОГПУ органдарының іс қағаз құжаттарын жатады. Іс қағаз құжаттарының өзі бірнеше түрге бөлінеді. Олар: нұсқаулар, директивалар, жоспарлар, конъюнктуралық шолулар, анықтамалар, есептер, хаттамалар, мәлімдеме жазбалар, түсіндірме жазбалар, хаттар, жеделхаттар, арыз-өтініштер. Бұл деректер тобындағы құжаттардың мазмұнынан жергілікті жерлердегі жоғары органдар директиваларының, нұсқауларының орындау бойынша іс әрекеттері байқалады.

Іс қағаз құжаттары 2 республикалық, 3 облыстық, 4 аудандық, 1 ресейлік, архив қорларында жұмыс жасау барысында анықталып, жинақталды.

- республикалық (Алматы): ҚР Орталық мемлекеттік архивы – 4; ҚР Президент архивы – 1 қор.

- облыстық (Қарағанды, Абай, Жезқазған) – ҚОМА – 12, АОМА – 3, ҰОМА – 2.

- аудандық (Қарқаралы, Шет, Нұра, Осакаров) – ҚАМА – 8, ШАМА – 2, НАМА – 2, ОАМА – 1 қор.

- ресейлік (Мәскеу қ. РФ.): Ресейдің қазіргі заман тарихының мемлекеттік архивінің құжаттары (РҚЗТМА-РГАНИ) – 1 қор.

ҚР Орталық мемлекеттік архивындағы Қазақ КСР Орталық атқару комитетінің №5 қоры, КСРО Орталық статистикалық басқармасының №698 қоры, Қазақ КСР Халық комиссарлар кеңесінің №Р30 қоры, Қазақ АКСР ХКК жанындағы көшпелі және жартылай көшпелі халықты отырықшылыққа көшіру жөніндегі комитетінің Р №1179 қоры. Бұл қорлардан тәркіленген байлар мен кулактардың өтініштері, Қуу, Абыралы, Қарқаралы, Шыңғыстау аудандары тұрғындарының Е. Ерназаровтың атына мал дайындау бойынша берілген жоспарға наразылық білдіріп жазған арыздары, мал басы санының динамикасы бойынша статистикалық мәліметтер, мал, ет дайындау науқандары бойынша арнайы ақпараттар, азық-түлік жетіспеушілігі, көмек көрсету бойынша БКП(б) Қазақ Өлкелік комитеті секретариатының хаттамалары, бөлінген көмектің көлемі жөніндегі ақпараттар, Абыралы ауданы колхоздардарындағы аштық жағдайы туралы жеделхаттар, Шет ауданы бойынша мал басы санының қысқару сияқты ОГПУ органдарының арнайы мәлімдемелері қолданылды.

ҚР Президент архивындағы негізгі қор ретінде БКП(б) қазақ өлкелік комитетінің №141 қоры пайдаланылды. Аталған қорда 1920-1930 жж. партиялық-басқару жүйесінің қызметін, кеңестік биліктің әлеуметтік-экономикалық саясатын және ауылдық аймақтардағы ахуалды айқындайтын аса құнды құжаттар жинақталған. Қордағы материалдарда ашаршылықтың себептері мен салдарын айқындайтын партиялық қаулылар, нұсқаулар, мәлімдеме хаттар, есептер, жедел ақпараттар, сонымен қатар жергілікті партия ұйымдарының жағдайы туралы мәліметтері қамтылған. Бұл құжаттар орталық

биліктің қабылдаған шешімдері мен олардың аймақтық деңгейде іске асыру тетіктерін, ашаршылық жағдайында партия органдарының көзқарасы мен әрекет ету тәсілдерін қарастыруға мүмкіндік береді.

Қарағанды облысы мемлекеттік архивынан: Қарағанды облыстық мемлекеттік архивындағы Қарқаралы округтық кеңесі атқару комитеті жанындағы жоспарлық комиссияның №1 қоры, Қазақстан Коммунистік партиясының қалалық комитетінің №3п қорындағы БКП(б) қалалық комитеті бюросының хаттамалары, Халық депуттарының Қарағанды қалалық кеңесінің №15 қоры 1 тізімдемесіндегі №6 ісіндегі 1931-1932 жж. Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің қаулылары мен отырыстарының хаттамалары, Қарқаралы аудандық жұмысшы, шаруа және қызыл әскер кеңесі мен оның атқару комитетінің №76 қорындағы «1932 ж. Қарқаралы ауданындағы балалар панасыздығымен күрес бойынша жұмыстың жағдайы туралы материалдары», Қазақ КСР Қарқаралы ауданының жұмысшы шаруа, қызыләскер еңбекшілері қазақ депутаттарының 14 ауылдық кеңесінің №79 қоры (бұл қордағы құжаттар көбінесе төте және латын графикасы негізінде жазылған), Қарағанды облыстық партиялық бақылау органдарының №822п қоры балалар панасыздығымен күрес жұмыстарын өңірлік аспектіде қарастыруға мүмкіндік берді. «Қарағанды облыстық су басқарамасының» №640 қорының 4 тізімдемесіндегі №606 ісіндегі Қарағанды облысы аудандарын экономикалық тұрғыдан зерттеу есебі, отырықшылыққа көшіру комитеті мен ОГПУ органдарының материалдарында сақталған құжаттар отырықшылыққа көшіру үдерісінің барысы мен оны жүзеге асыру механизмдерін анықтауға мүмкіндік берді. Құжаттарда облыстық, аудандық атқару комитеттерінің отырықшылыққа көшіру мәселелері жөніндегі мәлімдеме жазбалары, түсіндірме жазбалары, жеделхаттары берілген. Осы архивтік істерде жиналған құжаттардан отырықшылыққа көшірудегі жергілікті билік органдарының іс-әрекетін көрсететін мәліметтерді анықтауға болады. Қарқаралы окургтық комитетінің №9п қорындағы істерден округтың саяси жағдайы туралы мәлімдеме жазбалардан ұжымдастыру барысы жөніндегі мәліметтер пайдаланылды. Қарағанды облыстық статистика басқармасының № 596 қорындағы 1928-1935 жж. Қазақ КСР мал шаруашылығын дамыту көрсеткіштерінің динамикасы бойынша мәліметтер, Қарқаралы ауданы халық соты №98 қорындағы малдарды сою бойынша азаматтарды айыптау істері қарастырылды. Қарағанды облыстық халық депутаттар кеңесінің №18 қорынан ұжымдастыру барысы туралы, Қарқаралы округтық прокуратурасының №501 қорынан тәркілеу кезіндегі қарсыластық әрекеттер туралы мәліметтер алынды.

Абай облысы мемлекеттік архивынан: Семей округтық жоспарлау комиссиясының №590 қорынан Қазақ КСР ХКК мен мемлекеттік жоспарлау комиссиясы хаттамалары, 1927-1929 жж. аралығындағы халық шаруашылығы бойынша конъюктуралық шолулар, астық, мал даярлау бойынша жоспарлар бойынша мәліметтер алынды. Семей губерниялық атқару комитетінің №74 қорыннан байларды тәркілеу бойынша нұсқаулар, кейбір қысқаша ақпараттар пайдаланылса, БКП(б) Шығыс Қазақстан облыстық комитетінің №15 қорынан ОГПУ саяси бөлімінің Абыралы, Қу аудандары колхоздарындағы аштық

жағдайы, Қарқаралы ауданына көрсетілген азық-түлікпен көмек көрсету туралы, аштықтан көшіп кеткендерді орналастыру, ашаршылық ауқымы, халықтың арасындағы наразылықтар жөніндегі мәлімдеме жазабалар, ақпараттар пайдаланылды.

Ұлытау облысының мемлекеттік архивы: «Еңбекші депутаттарының Қарсақпай аудандық Кеңесі және оның атқару комитетінің» №4 қоры құжатындағы №1 тізімдемесіндегі 1930-жылдардағы құжаттарда Қарсақпай аудандық атқару комитетінің Президиум отырыстарының хаттамалары, бұйрықтары, қаулылары, ауыл кеңестерінің, колхоздардың жалпы жиналыстарының хаттамалары, мал дайындау, шөп жинау мәліметі туралы отырыстарының хаттамалары, ауыл шаруашылығының салығы, мемлекеттік жоспар бойынша астық, ет, жүн, былғары дайындау нұсқаулары, азық-түлік жәрдемін алған колхоздардың тізімі, азық-түлік жәрдемін беру туралы аудандық комитеттің отырысының хаттамалары, көшіп-келгендердің тізімі, шаруа, кедей және орта таптың азық-түлік жәрдемін алғандардың тізімдері және тағы басқа құжаттар қаралды. «Қазақстан Коммунистік партиясы Жезді аудандық комитетінің» №143п қор құжатының 1931-1933 жж. аралығындағы №1 тізімдемесінде құжаттар қарастырылды. Осы қордағы аудандық партия конференцияларының хаттамалары, аудан комитетінің пленум хаттамалары, бюро отырыстарының хаттамалары, партиялық органдардың хаттары мен жеделхаттары, аудандық комитет бюросының хаттамаларының резолюциясы, Қарсақпай комбинатының жұмысы туралы баяндама хаттар, прокуратура мен бірлескен мемлекеттік саяси басқарма органдарының арнайы ақпараттары, тағы басқа құжаттар қаралып, онда байлар мен кулактарды тәркілеу, Қарсақпай ауданы бойынша егістік алқаптарын игеру, астық жинау, суыр, зорман аулау, ауылдардың жай-күйі туралы ақпараттар кездеседі.

Қарқаралы ауданы мемлекеттік архивынан: Қу ауданы еңбекшілер халық депутаттары кеңесі мен оның атқару комитетінің № Р-4 қоры, Қарқаралы аудандық атқару комитетінің №2 қоры, Оразалы ауылдық кеңесінің № Р-135 қоры, Қу ауданы ауылдық кеңестерінің №131 қоры, Бидайық, Ерназар ауылдық кеңестерінің №Р-130, Қарқаралы әскери комиссариатының №Р-140 қоры, Қу ауданы аудандық прокуратурасының №17 қоры, Қарқаралы ауданы халық сотының №Р-116 қорларынан ауылдық кеңес хаттамалары, аудандық атқару комитеттерімен хат алмасулары, аудандық атқару комитетінің нұсқаулары, мал ұрлау, малды, азық-түлікті талан-таражға салу, дайындау науқандарына байланысты берілген мәлімдемелер, ақпараттар қарастырылды. Солардың ішінде Қарқаралы аудандық атқару комитетінің №2 қорынан дайындық науқандары, Қу ауданы аудандық прокуратурасының №17 қорынан колхоздарды ұйымдастырудағы жергілікті билік өкілдерінің қызметін асыра пайдалану фактілер бойынша мәліметтер зерттеуде пайдаланылды.

Шет ауданы мемлекеттік архивынан: «Шет аудандық прокуратурасы материалдарының» №265 қорындағы нұсқау хаттар, балалар панасыздығымен күрес жұмыстары бойынша ақпараттар, №164 қордан төте жазумен жазылған тәркіленген азаматтардың аудандық прокурор атына жазған арыздары,

ауданның шаруашылықтарының мемлекетке өнім тапсыру жоспарын орындауы жөнінде мәліметтер қарастырылды.

Нұра аудандық мемлекеттік архивының «Нұра аудандық жұмысшы, шаруа және қызыл әскер Кеңесі мен оның атқару органының» №422, Нұра аудандық партия комитетінің №17 қорлары қарастырылды. №422 қордағы құжаттарда 1930-шы жылдардағы партия және кеңестік органдардың қаулылары, хаттамалары, нұсқауларындағы 1932-1933 жж. аса мұқтаж шаруалар көмек көрсету жөніндегі материалдар мен аудан бойынша аштыққа ұшыраған колхоздарға көрсетілген көмек (шараларын) мөлшері анықталды. Құжаттарда облыстық, аудандық атқару комитеттерінің мәлімдеме жазбалары, түсіндірме жазбалары, жеделхаттары, сонымен қатар аудандық жабдықтау бөлімінің Нұра ауданы ауылдық кеңестері бойынша мұқтаж шаруашылықтардың тізімдері, азық-түлік көмегін бөлу ведомості, көмекті тарату, алу тізімдері, колхоздар бойынша таратылған азық-түлік көмегінің есептік ведомостері берілген. Жаңаарқа ауданынан аштықтан босып келгендер мен панасыз қалған балаларға бөлінген көмек туралы мәліметтер, жергілікті билік органдарының іс-әрекетін көрсететін мәліметтер қолданылды.

Осакаров аудандық мемлекеттік архивынан: Промышленный аудандық атқару комитетінің №258 қоры пайдаланылды. Бұл қордан осы аудандық атқару комитетінің Тельман, Вольский ауылдық кеңестерімен кулактармен күрес, астық дайындау науқандары бойынша хат алмасулары, Вольск ауылдық кеңесі азаматтарының жиналыс хаттамалары, астық дайындау бойынша жоспарлар, Вольский селолық кеңесі шаруаларының егін шықпауы және шаруашылығының ыдырауына байланысты астық тапсырмағаны үшін әкімшілік түрде салынған төлемді төлей алмайтындықтары жөнінде жазған өтініштері пайдаланылды.

Ресейдің қазіргі заман тарихының мемлекеттік архивындағы (РҚЗТМА-РГАНИ) КОКП ОК саяси бюросының №3 қорындағы Қазақ КСР-індегі жетекші партия және кеңес қызметкерлерін бекіту, ауыстыру және міндеттерінен босату жөніндегі БКП(б) ОК Саяси бюросының қаулылары мен материалдары, «ҚазКСР халық шаруашылығын дамыту мақсатында мал шаруашылығын және бүкіл халық шаруашылығын өркендету үшін қаржылай, азық-түліктік және басқа да көмек көрсету шаралары жөніндегі КОКП ОК Саяси бюросының қаулылары мен материалдары пайдаланылды. Бұл құжаттар ғылыми кеңесші З.Г. Сактаганованың тарапынан ұсынылды.

Архив мекемелерінің деңгейіне (орталық, облыстық, аудандық) сәйкес зерттеу тақырыбы бойынша құжаттарды қамту мәселесінің біркелкі емес. Зерттеу тақырыбы бойынша орталық, облыстық архив мекемелерінде құжаттар барынша толық қамтылса, аудандық архивтерде бұл кезеңдегі құжаттар фрагменталды түрде сақталған. Мысалы, Жаңаарқа, Ақтоғай аудандарының архивтарында құжаттар 1930- жылдардың соңынан қамтылса (ашаршылық проблемасына қатысты құжаттар табылмады), Қарқаралы, Шет, Нұра аудандарында ішінара түрде сақталған. Оскаров аудандық архивында ашаршылыққа қатысты құжаттардан гөрі 1920-жылдардың аяғындағы

шаруашылық науқандар әсіресе, астық дайындау бойынша құжаттар басым болды.

Осылайша, зерттеу тақырыбы бойынша аудандық архивтерде құжаттарды қамту проблемасы *біріншіден,* әкімшілік-аумақтық бөліністердегі болған өзгерістермен, *екіншіден,* аудандық архив мекемелерінің құрылу мерзімімен, *үшіншіден,* зерттеушілердің сирек келуі, бұл проблема бойынша құжаттарға деген сұраныстың болмауымен байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар зерттеуде пайдаланылған жекелеген іс қағаз құжаттары архивтік құжаттар жинақтарынан алынды. «Трагедия советской деревни» [43], «Голод в СССР 1929-1934.» [44], «Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ-НКВД» [45], «Первая заповедь»: Хлебозаготовки в СССР. 1931-1932» [46], және соңғы жылдары жарық көрген ауқымды архив құжаттарын қамтитын «Голод в России и Казахстане. 1927-1934» [234] ресейлік жинақтарда РФ Президент Архивы, Ресей жаңа заман тарихы мемлекеттік архивы, РФ Федералдық қауіпсіздік қызметінің Орталық архивтарынан алынған Одақ көлеміндегі ұжымдастыру мен кулактарды жою, астық дайындау науқандары, мал шаруашылығының жағдайы туралы ресми саясатты сипаттайтын қарарлар, баяндамалар мен есептер, жергілікті жерлерден келген мәліметтер сияқты Қазақстан бойынша іс-қағаз құжаттары алынды.

Қазақстанда 1990-жылдардың соңында жарияланған қазақстандық архивтардан алынған құжаттары жинағы да маңызды болып табылады. Олардың ішінде «Насильственное коллективизация и голод в Казахстане в 1931-33 гг.» [114], «Под грифом секретности. Откочевки казахов в Китай в период коллективзации. Рэмиграция. 1928-1957 гг.» [115] және мәжбүрлі босып кеткендер географиясы мен ауқымы туралы Новосибирск (РФ) мемлекеттік архивынан алынған мәліметтер негізінде «Гонимые голодом» [116] жинақтардан ұжымдастыру науқаны бойынша жергілікті органдар ұйымдарының хаттамалары, аштықтан босығандар жағдайы, оларды орналастыру, көмек көрсету туралы арнайы ақпараттар, мәлімдеме жазбалар сияқты құнды құжаттар алынып, пайдаланылды.

Сонымен қатар 2013, 2018 жж. аралығында ҚР археография және деректану Ұлттық орталығы, ҚР Орталық мемлекеттік архивы мен ҚР Президент архивы ұжымдары бірлесіп шығарған «Трагедия казахского аула» 1 [117], 2 [118] томдарындағы құжаттарда қазақ ауылдарындағы апатты жағдайдың бастапқы кезеңін, атап айтсақ, тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, кулактарды жою, қарсыластық қозғалыстар мен отырықшылыққа көшіру науқандарын сипаттайтын іс қағаз құжаттары ұсынылған. 2020 ж. ҚР Президентінің 24 қарашадағы №456 Жарлығымен «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының» құжаттық жинақтарында 60-тан астам мемлекеттік, ведмоствалық архивтерден алынған тоталитарлық режимнің репрессиялық саясатының құқықтық, саяси негіздері мен нақты механизмдерін, байларды тәркілеу мен кулактарды жою тарихы бойынша өңірлік сипаттағы іс қағаз құжаттары алынып қолданылған болатын [119-123].

2022 ж. Мемлекеттік комиссияның жұмысының нәтижесі ретінде бірнеше томдық архив құжаттарының жинағы шығарылды. Бұл құжаттар жинағынан өңірлер бойынша ашаршылық үдерісінің ерекшеліктерін қарастыруға мүмкіндік береді [124-137]. Соның ішінде Орталық Қазақстандағы байларды тәркілеу, кулактарды жою т.б бойынша репрессиялық саясатты жүзеге асыру бойынша құжаттар 29 томынан алынды [137].

Орталық Қазақстандағы тәркілеу, ұжымдастыру, колхоздастыру, көшпелі қазақ ауылдарын күштеп отырықшылыққа көшіру, ет, мал, астық дайындау сияқты саяси-шаруашылық науқандар, аштық пен індеттердің таралуына, балалар панасыздығы және онымен күрес шараларына қатысты кеңес үкіметінің саясатын ашып көрсететін іс қағаз құжаттары қарағандылық зерттеушілер тарапынан жарияланған З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманова және т.б құрастырумен жарыққа шыққан, «Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық: архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы» [138-139], «Қарағанды облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін (1920-1930 жж.): Зерттеулер, Мұрағат құжаттары. Естеліктер.» [140-141] архив жинақтарынан алынды.

Зерттеу жұмысының деректік негізінде архив құжаттары кеңінен қолданылды. Бұл деректер тобының ерекшелігі ретінде архивтік материалдардың басым бөлігі кеңестік мемлекеттік органдардың іс жүргізу құжаттарынан тұрғандықтан, олар шынайы жағдайды толық ашып көрсете бермейді. Мұндай деректер көбінесе ресми баяндау формасын сақтап, идеологиялық талаптарға сәйкестендіріліп толтырылғандықтан, нақты ақпаратты әдейі жасыру, оқиғаларды біржақты көрсету немесе статистикалық мәліметтерді бұрмалау сияқты құбылыстар жиі кездеседі. Осы себепті архив құжаттарын талдауда оларды қалыптасу контексін, саяси тапсырыстың ықпалын және ақпараттың шектеулілігін міндетті түрде ескеру қажет.

Қазақ даласындағы ашаршылықтың нақты көріністері ресми статистикалық есептер мен мемлекеттік ведомоствалардың құжаттарында толық ашылмағанмен, партиялық органдар мен ОГПУ құрылымдарының «құпия грифпен» сақталған құжаттарында әлдеқайда нақты бейнеленген. Бұл құжаттарда аштық ауқымы, халықтың аштықтан босуы, өлім-жітім деңгейі, ауылдардағы әлеуметтік, экономикалық дағдарыс, азық-түлік тапшылығы және жергілікті билік органдарының шарасыздығы туралы деректер көрсетілген. Құжаттардың көпшілігі «құпия» немес «өте құпия» грифімен болғандықтан олар ресми мәліметтерде көрініс таба бермейді және сол кезеңдегі шынайы жағдайды зерттеу үшін маңызды дереккөз болып табылады.

1920-1930-жылдардағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси ахуалы мен әкімшілік жүйесіндегі өзгерістер архив қорларында сақталған құжаттарда көрініс тапқан. Бұл кезеңдегі архив құжаттарының ерекшелігі жазу жүйесінің араб (төте) графикасынан латын әліпбиіне ауысуымен ерекшеленеді. 1920-жылдың соңына дейін мемлекеттік іс қағаз құжаттары, баспасөз материалдарыныңы басым бөлігі төте жазумен жүргізілді. Архив құжаттарынан сол кездегі аудандық атқару комитеттерінің, ауылдық кеңестің хаттамалары,

арыз-өтініштердің араб графикасы негізінде жазылғаны анықталды. (мысалы, тәркілеуге байланысты ауқаттылар қатарына қате енгізілгендердің, жер аудармау туралы жазған өтініштер, белсенділердің әрекеттеріне қатысты арыздар т.б.). Сондықтан төте, латын графикасымен жазылған құжаттарды қарастырып, зерделеуде қиындық туғызатын бірнеше факторларды атап өткен жөн: 1. 1930 ж. дейінгі ауылдық және аймақтық деңгейдегі хатшылардың сауаттылық деңгейі біркелкі болмағандықтан жазудың түрлі нұсқалары кездеседі. 2. Құжаттардың физикалық тозуы (қағаз жетіспеушілігі, оның сапасының төмендігі, сияның орнына қарапайым қарындаш қолдану жазудың өшіп қалуы мәтінді оқу процесін қиындатады). 3. Терминдердің араб графикасында берілген кейбір нұсқаларының түсініксіздігі. 4. Кеңсе тілінің орыс тілінен калька жасалуы (баяндама, акт, хаттама сияқты құжаттарда орысша терминдер латын қазақшасымен араласып келеді). 5. Мәтіндердің идеологиялық сүзгіден өтуі. (идеологиялық стандартқа сай келмейтін ақпараттар жиі өңделген бұл деректердің түпнұсқалығын анықтауды қиындатады). Сондықтан араб, латын графикасымен жазылған іс қағаз құжаттары күрделі деректер болып табылады. Олардың күрделілігі графика ауысумен ғана емес, сонымен қатар сол дәуірдің әкімшілік жүйесімен, идеологиялық бақылауымен тілдік нормаларының тұрақсыздығымен және құжаттардың физикалық сақталу жағдайымен айқындалады.

Деректердің үшінші тобына жататын статистикалық материалдар 1930-жылдардағы мал басы санының қысқаруын, сол кезеңдегі ауыл шаруашылығындағы терең дағдарысты айқын көрсетеді. Мал басы санының динамикасы бойынша статистикалық материалдар ҚР Орталық мемлекеттік архивы [235], Қарағанды облысы мемлекеттік архивы қорларындағы Статистикалық басқарма орталығы, облыстық статистикалық басқарма [236; п. 1-13] құжаттарынан алынды. Материалдарда ұжымдастырудың жедел қарқыны, мал, ет дайындау науқандары, шаруалардың дәстүрлі шаруашылық үлгісінің жойылуы, сонымен қатар жұт пен індеттің таралуы мал санының күрт төмендеуіне алып келді. Статистикада бұл құлдырау бірнеше жыл ішінде миллиондаған малдың жойылуымен сипатталады: кейбір түлік түрлері бойынша шығын 60-90 пайызға жеткені байқалады. Аймақтар арасындағы айырмашылықтар да айқын көрінеді. Кей өңірлерде әсіресе, Қарқаралы, Шет, Абыралы өңірлерде малдың басым бөлігі толықтай дерлік жойылғанын анықталды. Осы статистикалық деректер 1930-жылдардағы мал шаруашылығының құлдырауы халықтың тұрмыс деңгейіне, азық-түлік қауіпсіздігіне және бүкіл ауылдық экономиканың күйреуіне тікелей әсер еткенін дәлелдейді. Өкінішке орай, 1930-жылдардағы Орталық Қазақстан аумағындағы аштықтан болған шығындарды нақты көрсететін мәліметтердің жоқтығы зерттеу жұмысына бірқатар кедергі келтірді. Бұл сол кезеңдегі ресми органдардың аштық ауқымын жасыруға әрекет етіп, халық өлім-жітімі, көші-қон ауқымы, ауру-сырқау және демографиялық өзгерістер жөніндегі деректер толық тіркелмеген немесе бұрмаланған. Көпетеген құжаттарда, мысалы ҚР Орталық мемлекеттік архивындағы Статистикалық басқарма орталығының

№698 қорындағы статистикалық құжаттарда нақты сандық көрсеткіштер берілмей, жалпылама сипаттамалрмен шектелгеніне көз жеткізілді. Осы себепті аштық салдарынан болған нақты адам шығынын анықтауда қиындықтар болды.

Мемлекеттегі қоғамдық-саяси жағдайды, ондағы өзгерістерді зерттеуде *төртінші деректер тобына кіретін орталық және жергілікті мерзімді баспасөз* маңызды болып табылады. Зерттеу барысында 1930-жылдары жарыққа шығып тұрған «Еңбекші қазақ», «Социалды Қазақстан» «Большевитская кочегарка» сияқты газет материалдарын да қарастырылды. Оның ішінде 1930-шы жылдары мерзімді баспасөз беттерінде үкіметтің қаулылары, директивалық нұсқаулары, шаруашылық-ұйымдастыру жоспарлары тұрақты жарияланып, экономикалық реформалар мен саяси шешімдердің қоғамдық ортаға таралуына мүмкіндік жасалды. Баспасөз материалдары орталық және жергілікті биліктің идеологиялық талаптарына сәйкес ресімделіп, мемлекеттік науқандардың мазмұнын түсіндіру, олардың орындалу барысын бақылау және қоғамдық пікірді бағыттау құралы ретінде қызмет атқарды. Мысалы, ҚАССР ХКК және БКП(б) Өлкелік комтетінің Қаулысы бойынша 1933 ж. отырықшылыққа көшіру жоспары «Большевитская кочегарка» газетінің 1932 ж. 9 желтоқсандағы санынан алынды [237, п.95]. Баспасөздің мазмұны сол кезеңдегі әкімшілік саясаттың әлеуметтік-тұрмыстық өзгерістердің және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің сипатын зерттеуге мүмкіндік береді. Дегенмен, баспасөз мемлекет пен партияның идеологиялық тетігі болғанын ескеру керек. Сондықтан басылым беттерінде көбінесе үкімет пен партияның жеткен жетістіктері дәріптеліп, әсерленіп, көркемделіп көрсетілді.

Бесінші деректер тобына естелік, мемуарлық материалдар сияқты жеке тектік деректер жатады. Зерттеу жұмысының деректік базасын ұмырнамалық еңбектер мен арнайы естелік жинақтары толықтырады. Аталған материалдар зерттеліп отырған проблеманың субъективті қабылдануын және куәгерлік деңгейдегі мәліметтерді анықтауға мүмкіндік береді. Өйткені, оларда ресми құжатта берілмейтін әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық аспектілер көрсетіледі. Естелік материалдар қосымша ақпарат көзі ретінде қызмет атқарып, тарихи оқиғалардың адам өміріне әсерін, қоғамдық реакцияны және әлеуметтік динамиканы зерттеуге болады. Сонымен қатар, олар идеологиялық сүзгіден өткен ресми статистикалық деректердің шынайылығын салыстырмалы тұрғыдан бағалауға, оқиғаларды әлеуметтік және мәдени тұрғыда талдауға мүмкіндік береді.

Зерттеуімізде 1993 ж. З. Қыстаубаев, Б. Хабдинаның құрастырумен жарияланған «Қызылдар қырғыны» [106] жинағынан Егіндібұлақ ауылының тұрғыны К. Белгібаеваның, Ақтоғай ауданы, Ортадересін ауылының тұрғыны Ж. Ғалымұлының, Ақадыр кентінің тұрғыны Ө. Кәріпұлының жазып алған естеліктері, Ақадыр ауданы Босаға ауылының тұрғыны Н. Төребекұлының анасының естеліктері құнды дерек болса, С. Тоғамбековтың «Кент баурайында» [238] шежірелер, тарихи әңгімелер, естеліктер кітабында ашаршылық кезіндегі Қарқаралы ауданы Қ. Аманжолов ауылының Шатырағаш, Ақбай-Қызылбай, Аққора, Сарыобалы елді мекен тұрғындарының тәркілеу,

колхоздастыру, аштық кезіндегі халықтың жағдайы туралы естеліктері қолданылды.

Зерттеу жұмысында жеке адамдардың ғұмырнамалық деректері маңызды болып табылады. Қарқаралы ауданы Бесоба ауылының тумасы ақын Ж. Өмірбектің «Қызыл қырғын» [108] өмірбаяндық хикаятында ауылдан Қарағандыға аштықтан босып келген отбасының өмірі, автордың көзімен көріп, басынан өткерген қиындықтары дерек ретінде құнды болып табылады. Мысалы, ол ашаршылық кезіндегі қаладағы жағдайды: «Қарағанды – жұмысқа тұрып, көмір қазу, нан, ақша табу, одан кейін су тауып ішу, біреудің тиісуінен жұдырықтасып құтылу, немесе, қашып құтылу, өлгендерді жерлеу... Бұл тіршілікті маған ешкім де сипаттаған жоқ, айтып та берген емес. Бұл – келгеннен бергі көрген, естіген білгенімнен көңілге түйгенім»... деп сипаттаса, әкесі қайтыс болғаннан кейінгі отбасындағы жағдайды былай: [108, б.19] «Жұт жеті ағайынды» деген осы-ау. Жаз ыстық, күз салқын, ауылда – мал, қалада – тамақ азайды. Әкем өлген соң бізге азық-түлік кәртішкесін бермейтін болды. Шешеме Шәріп 400 гр., өзіне бір кг. нан алады, басқа тамақ азайған соң үшеуімізге әбі-тәбі ғана жетеді...» – деп баяндайды [108, б.57]. Қаладағы адам өлімінің жаппай сипат алғанын келесідей еске алады: «Ақпанның соңғы күндері. Көшеде адам көп, қаңғырып бүрсеңдегендер әркімге алақанын жаяды. Екі милиционер күрең мәстек жеккен шанаға әр үйдің қасында, көрбарақтардың қыздырмаларының мұржаларының қасында отырған күйінде өліп қалғандарды жинап жүр. Милицияның қанатты шанасы кең, екеуі өлікті әкеп, қатар-қатар қойып жатыр....» [108, б.77]. Аштық жылдарындағы Нұра, Жаңаарқа өңірлеріндегі ашаршылық тарихы туралы дерек беретін тағы бір құнды ғұмырнамалық кітап ретінде Нұра ауданының тумасы ақын М. Теміржұлының «Арман мен азап» атты кітабын айтуға болады. Кітаптың «Малдан айрылу. Аштық алапаты. Иесіз үйлер, көмусіз қалған мәйіттер» бөлімдеріндегі естелік әңгімелерінде берілген мәліметтерді пайдаландық [239].

Аштықтың отбасылар тағдырына әсерін Қ. Мақсұрақызының «Ғибратты ғұмырлар» атты ғұмырнамалық кітабынан көруге болады. Онда Қарқаралы ауданы Томар ауылында өмір сүрген анасы Күлшім Ақыпбайқызы (1906 ж. туған), әкесі Мақсура Тыныбайұлының (1903 ж. туған) аштық кезінде басынан өткізген естеліктерін жазады [240]. Әкесі отбасымен Қаракемерге, шешесі Семей қаласына барып аман қалған екен. Кітаптағы К.Ақыпбайқызының: «Ол кезде елдің алды аштан қырылып жатқан уақыт. Бір уыс алтын-күміске айырбас қылатын бір уыс арпа-бидай да табылмайтын заман туды. «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деген сөз сол ашаршылық жылдардан қалды. Көшеде аш-жалаңаш адамдарға да, әлсірегендерге де, жылпос балаларға да әбден көзіміз үйреніп кетіп еді, енді өлген кісілердің денесі де жиі ұшырайтын болды, оған да көндіктік. Кейде бір қара машинаның адамдардың мәйіттерін жинап жүргендерін де көріп қалатын болдық» – деген естелігінің үзіндісі халықтың күнделікті өміріндегі азық-түліктің тапшылығы, өлімнің жаппай сипат алуы және оған тұрғындардың психологиялық тұрғыдан үйреніп қалыпты құбылыс ретінде қабылдауын көрсететін маңызды дерек болып табылады [240, б.25].

Ашаршылық кезіндегі отбасылардың, жекелеген адамдардың тағдыры, аштықтан аман қалу тәжірибелері өңірлік зерттеушілердің тарпынан шығарылған жинақтардағы естеліктер негізінде көрсетілді. Жинақтардағы естеліктер ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін кезеңдерінің әлеуметтік құрылымын, жеке тәжірибесін, өмір тарихын айқындауға мүмкіндік беретін маңызды дерек ретінде қолданылды.

Зерттеуіміздің *алтыншы деректер тобын ауызша тарихи дерек ретіндегі сұхбат материалдары* құрайды. Ауызша тарихи деректердің негізін көзі тірі аштық куәгерлері мен олардың ұрпақтарынан алған интервью материалдары құрайды. Респонденттерден сұхбат алу үшін зерттеу барысында сауалнама құрастырылды (Қосымша А) Ашаршылық кезінде бала болған 1921 ж. туған Ш. Ақпарова (Қосымша Ә) мен 1928 ж. туған А. Рахметовадан сұхбат алынды (Қосымша Б) Көзі тірі ашаршылық куәгерлері саны азайып қалғандықтан, ауызша деректердің басым бөлігі ашаршылықты бастан өткерген адамдардың отбасылық жадында сақталған мәліметтерді жеткізе алатын олардың ұрпақтарынан респондент ретінде сұхбат алынды. Ақпарат жинау барысында 2023-2025 жж. аралығында 11 адамнан оның ішінде екі аштық куәгері Ш. Ақпарова, А. Рахметовадан алынса, аштық куәгерлері ұрпақтары ретінде Қ. Жұмашев, Т. Мүсенова, М.Т. Оспанова, Б. Солтангазинова, Исаев Е.С., Г. Шайжанова т.б (Қосымшалар В-Қ). тікелей сұхбат алынса, түрлі естеліктер жинағындағы 30-ға жуық адамның естеліктері пайдаланылды. Тікелей сұхбатқа қатысқан он бір респонденттің барлығы қазақ ұлтынан болды, оның ішінде ер адамдар – 4 (36,4 %), әйел адамдар – 7 (63,6 %). Респонденттердің туған жылдары бойынша бөлінісі мынадай: 1920-1930 жылдары туғандар – 3 адам (27,3 %), 1940-1950 жылдары туғандар – 4 адам (36,4 %), 1960 жылдары туған – 1 адам (9,1 %), 1970–1980 жылдары туғандар – 2 адам (27,3 %). Осылайша, сұхбатқа қатысқан респонденттердің басым бөлігі XX ғасырдың ортасында дүниеге келген буын өкілдері болып табылады. Бұл зерттеліп отырған тарихи кезеңге қатысты естеліктердің отбасылық жад, ұрпақаралық тарихи тәжірибе және ауызша тарих дәстүрі арқылы сақталып, кейінгі буынға жеткізілгенін көрсетеді. Зерттеу барысында тікелей сұхбатқа респонденттер санының салыстырмалы түрде аз болуы зерттеудің әлсіздігі ретінде емес, зерттеліп отырған тарихи кезеңнің уақыттық алшақтығымен, куәгерлердің табиғи азаюымен және қолжетімді дереккөздердің ерекшелігімен түсіндірілетін объективті жағдай ретінде бағаланады.

Дегенмен, ұрпақтар арқылы берілген ақпараттар травмалық тәжірибенің отбасылық деңгейде сақталу ерекшеліктерін, тарихи жадтың берілуі ресми деректерде көрініс таппаған әлеуметтік аспектілерді анықтауға мүмкіндік беріп, ұрпақтармен жүргізілген сұхбаттар ашаршылық кезеңін реконструкциялауда жанама, бірақ маңызды ауызша дерек ретінде пайдаланылды. Интервью диктофон арқылы алынып, дыбыстық жазба автордың тарапынан мәтіндік нұсқаға түсірілді.

Ал, қазір көзі тірі оқиға куәгерлері сол кезде бала болғандықтан ашаршылық кезі естерінде жоқ немесе естерінде еміс-еміс қана сақталып

қалған. Мысалы, 1921 ж. туған Қарқаралы ауданы Ақтерек ауылының тұрғыны Ш. Акпарова: «Әке-шешем қазақ заманында бар болған, ауқатты адамдар болды. Олар ештеңе көрген жоқ. Тек қана орыс келгенде малын кедей туыстарына жазып берді де аман қалды әкем. Әкем оқыған адам болған. Көп малды халыққа, туған-туыстарына таратып берді. Сондықтан орыс келгенде кәмпескеге жатпады. Орыстың тісі батпады, оқыған орысша біледі» [241]. (Қосымша Ә) – деп әкесінің тәркілеуден аман қалғаны есінде қалса, Бұқар-жырау ауданы Доскей ауылының тұрғыны 1928 ж. туған А. Рахметова: «Отбасында тек шешесі екеуі ғана аман қалып, аштық кезінде жазда шешесінің бүлдірген, жуа теріп күнелткенін, кейін елге жәрдем азық-түлігін таратып аштықтан аман қалғанын. Кейін мал таратылып, ол малды соймаңдар бағыңдар деген соң соларды өсіріп, бақтық. Қазанға ет пісіріп жеуге болмайды, көріп қойса пәле болады. Етті самауырынға қайнатып жүрдік» [242] – деп балалық шағындағы есте сақталған оқиғаларын баяндап берді (Қосымша Б).

Зерттеу аясында XX ғ. ашаршылық кезеңіндегі зардап шеккен отбасылардың тарихи естеліктерін жинауға арналған сұхбаттың сауалнамасы бірнеше мазмұндық блоктарға бөлінді. Бірінші блок қатысушының жеке деректерін жинақтауға бағытталған, екінші блок отбасы құрамындағы ашаршылыққа ұшыраған адамдар туралы ақпаратты анықтауға арналған, үшінші блок ашаршылық кезіндегі отбасының өмірлік тәжірибесін, қиындықтарын, аман қалу стартегияларын және туындаған материалдық және адамдық шығындарын қарастырады. Төртінші блок ашаршылықтың қазіргі ұрпаққа әсерін, қалыптасқан әдет-дағдылар мен қорқыныштарды, тарихи оқиғалардың ұрпақ жадында сақталу ерекшеліктерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сауалнама сұрақтарының құрылымы жеке, отбасы және ұрпақтық деңгейдегі деректерді жан-жақты жинауға, тарихи процестерді кешенді зерттеуге мүмкіндік жасау үшін құрылды.

Сұхбат материалдары 1930- жылдардағы ашаршылықтың Орталық Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық салдарының аса ауыр болғанын айғақтайды. Естеліктерде жаппай аштық, халықтың босып кетуі, өлім-жітімнің көбеюі, халықтың күнделікті өміріндегі азық-түліктің тапшылығы, өлімнің жаппай сипат алуы және оған тұрғындардың психологиялық тұрғыдан үйреніп қалыпты құбылыс ретінде қабылдауын, аман қалу стратегияларын көруге болады. Ашаршылық қаладан көрі ауылда терең болғаны байқалады. Естелік мәліметтері ресми құжаттарда көрініс таба бермейтін күнделікті тұрмыс деңгейіндегі трагедияны ашып, ашаршылықтың тек экономикалық емес, сонымен қатар терең әлеуметтік, гуманитарлық апат болғанын тарихи тұрғыда дәлелдей түседі.

Ашаршылық тарихын зерттеуде сұхбат материалдары ерекше маңызға ие, өйткені, олар аштық жылдарындағы халықтың күнделікті өмірін, тұрмыстық жағдайын, аштықпен күресу, өмір сүру стратегияларын ғана емес, сонымен қатар ұрпақтар жадында сақталған үрей, қорқыныш, үмтісіздік пен төзім сияқты эмоциялық тәжрибені де жеткізеді. Естелік пен сұхбат деректерінен қала мен ауыл халқының ашаршылықты бастан кешіруіндегі айырмашылықтар,

әлеуметтік мәртебесі әртүрлі отбасылардың тіршілік ету жағдайы, сонымен қатар отбасы құрылымының адам тағдырына ықпалы айқын аңғарылады, бұл ашаршылықты тарихи тұрғыдда жан-жақты зерделеп, түсіндіруге мүмкіндік береді. Дегенмен, сұхбат және естелік материалдары тарихи шындықты реконстарукциялауда маңызды орын алғанымен, олардың мазмұны респонденттердің жеке қабылдауы, эмоциялық күйі және уақыт факторының ықпалына байланысты субъективті қырлардан толық арылмағанын ескеру қажет.

Зерттеудің жетінші деректер тобына жататын бейнедерек ретінде отбасылық фотоальбомдардан алынған фотосуреттер мерзімдік тұрғыдан ашаршылық кезеңінен кейінгі уақытқа жатады. Осыған байланысты оларды тарихи оқиғаның тікелей бейнесі ретінде емес, сол кезеңді бастан өткерген адамдардың кейінгі өмір белестерін айғақтайтын қосымша визуалды материал ретінде қарастыру орынды. Аталған суреттер куәгер тұлғалардың жас шамасын, әлеуметтік орнығуын, тұрмыстық жағдайын және отбасы құрылымын жанама түрде сипаттауға мүмкіндік береді. Сондықтан фотоматериалдар дағдарыс сәтін емес, оның салдарынан кейін қалыптасқан бейімделу үдерістерін, жаңа ортаға икемделу тәжірибесін талдауда эмпирикалық маңызға ие.

Фотодеректер респонденттерден сұхбат алу барысында жинақталып алынды. Соның ішінде зерттеу аясында Қарағанды қаласы тұрғыны Мусенова Төлжан мен Исаев Ернұрдың отбасылық архивінен алынған фотоматериалдар пайдаланылды. Онда Т. Мүсенованың ата-анасы – О. Мүсенов пен Қ. Әліқызы (Қосымша Ғ), Е. Исаевтың әкесі мен әжесі – С. Исаұлы, Б. Омарқызы бейнеленген (Қосымша Е-Ж). Бұл суреттер сұхбат жүргізу барысында алынып, информанттың ауызша түсіндірмелерімен бірге қарастырылды. Осындай кешенді тәсіл визуалды деректі жеке естеліктермен ұштастырып, отбасы тарихын кеңірек тарихи тұрғыда зерделеуге жағдай жасайды.

Сонымен қатар фотодеректер Ресей Федерациясының Барнаул қаласында ғылыми тағылымдама барысында ашаршылық куәгерлерінің ұрпағы Б. Солтанғазиновамен жүргізілген сұхбаттар кезінде алынды. Мысалы, Н.Сейтқазыұлы (1916 ж.т.) мен К. Жұматайқызының (1928 ж.т.) отбасылық суреттері олардың мәжбүрлі көші-қоннан кейінгі өмір кезеңін сипаттайды (Қосымша И-К). Аталған бейнелер тарихи күйзелістен соңғы әлеуметтік тұрақтану деңгейін, еңбекке араласу жағдайын және жаңа әлеуметтік ортаға сіңісу ерекшеліктерін пайымдауға мүмкіндік береді.

Әдіснамалық тұрғыдан бұл фотоматериалдар отбасылық жадының көрнекі элементі ретінде бағаланады. Олар тарихи оқиғаның өзін емес, сол кезеңнің адамдар тағдырына тигізген ықпалын және олардың өмір жолындағы өзгерістерді көрсетеді. Сұхбат барысында фотосуреттер естеліктерді нақтылап, нарративтің мазмұнын толықтырушы құрал қызметін атқарады.

Қорыта айтқанда, фотосуреттердің ашаршылықтан кейінгі кезеңде түсірілгеніне қарамастан, оларды диссертациялық жұмыста пайдалану ғылыми тұрғыдан негізделген. Мұндай материалдар микротарихи деңгейде талдау жүргізуге, жеке және отбасылық тәжірибе арқылы әлеуметтік өзгерістерді

ашуға және тарихи үдерістің ұзақ мерзімді әсерін кешенді бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен, деректік базаны талдау нәтижелері бірқатар маңызды тұжырымдарды жасауға мүмкіндік береді. Нормативтік-құқықтық және әкімшілік сипаттағы құжаттар 1930- жылдардағы ашаршылық кезіндегі мемлекеттік саясаттың бағыттары мен механизмдерін, ауыл шаруашылығын ұйымдастыру, азық-түлік ресурстарын бөлу және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйелерін айқындайды. Аталған құжаттар арқылы ашаршылықты басқару саясатының мақсаттары, оның жүзеге асырылу әдістері және жергілікті атқарушы органдардың рөлі анықталды.

Нормативті құжаттар мен мерзімді баспасөз материалдарын салыстырмалы талдау газеттің мемлекеттік шешімдерді қоғамға жеткізудің маңызды идеологиялық құралы болғанын көрсетеді. Газет беттерінде қабылданған қаулылар мен науқандарды қолдау, оларды насихаттау басымдықта болып, ашаршылықтың нақты ауқымы мен әлеуметтік салдары көбіне жұмсақтап көрсетілген.

Статистикалық жинақтар мен архивтік есептік мәліметтерді салыстыру ресми жарияланған деректердің көбіне оң көрсеткіштерге бағдарланғанын, ал ведмоствалық архивтік материалдар демографиялық шығындар, көші-қон үдерістері және әлеуметтік күйзеліс сияқты проблемалық аспектілерді нақты тіркегенін көрсетеді.

Сонымен қатар сұхбаттық және естелік материалдар ашаршылық жылдарындағы халықтың күнделікті өмірін, тіршілік ету стратегияларын, психологиялық күйзелістерін жеке тұлғалық қабылдау тұрғысынан жеткізеді. Бұнымен қоса сұхбат негізінде жиналған деректер тобына жататын мәліметтердің өзіндік ерекшелігі бар. Отбасы жадында сақталған бұл естеліктердің уақыт өте келе ұрпақтан-ұрпаққа берілгенде интерпретацияға ұшырайтынын, оқиғалардағы кейбір тұстарының бұрмалануы мүмкін екенін естен шығармауымыз керек. Сонымен қатар сұхбат алуға респонденттер іздеу барысында бірқатар проблемаларды байқадық. *Біріншіден,* көзі тірі ашаршылықтың шетін көрген куәгерлердің ол кезде бала болып, оқиғалар барысы естерінде толық қалмаған; *екіншіден,* кейбір егде жастағы азаматтарды мәлімет алу барысында сөзге тартқанда, кезінде әке-шешесінен ашаршылық туралы сұрамаған, бұл мәселеге қызықпаған; *үшіншіден,* аштық куәгерлерінің отбасында балаларына ашаршылық кезінде басынан кешкенін айтқысы, бөліскісі келмеген. Бұл әрине, сол кездегі саяси қысыммен тікелей байланысты болып табылады. Дегенмен, бұл деректер тобы ашаршылық кезіндегі адамдардың аман қалу жолындағы іс-әрекеті, эмоционалдық-психологиялық жағдайы, аштықпен күрес амалдары, адамдардың өзара қарым-қатынасы, олардың тартқан аштық азабы, ауыртпалықтары, адами қасиеттерді жоғалтпау үшін күресі, отбасылық тағдырларын сияқты маңызды аспектілерді саралауда маңызды рөл атқарады.

Қорытындылай келе, зерттеудің деректік негізі кең ауқымды болып, жеті негізгі топқа бөлінген материалдар арқылы 1930-жылдардағы Орталық

Қазақстандағы ашаршылық тарихын кешенді қарастыруға мүмкіндік береді. Жұмыста нормативтік-құқықтық және әкімшілік құжаттар, архивтік қорлар, ресми статистикалық мәліметтер, мерзімді басылымдар, сондай-ақ ауызша естеліктер мен сұхбат материалдары қолданылды. Мұндай көпқырлы талдау дағдарыстың ауқымын, мал басының кемуін, демографиялық шығындарды, миграциялық үрдістер мен әлеуметтік-экономикалық салдарды бағалауға, сондай-ақ халықтың күнделікті өмірі мен аман қалу стратегияларын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Ашаршылық тарихын сипаттайтын деректерге сыни тұрғыдан қарау маңызды. Себебі, бұл кезеңдегі құжаттар мазмұны мен жасалу жағдайына байланысты біркелкі емес. Архив құжаттарының басым бөлігі кеңестік мемлекеттік және партиялық органдардың іс қағаз құжататтарынан тұрады. Сондықтан оларда сол дәуірдің идеологиялық ықпалы анық байқалады. Құжаттарда ашаршылықтың шынайы ауқымын толық көрсетпеу, жұмсартып беру жағдайлары кездеседі. Статистикалық деректер де әрдайым сенімді бола бермейді, себебі олардың бір бөлігі толық сақталмаған немесе белгілі бір деңгейде өңделген болуы ықтимал. Естеліктер, жеке тектік деректер оқиғаны тереңірек түсінуге көмектескенімен, олар авторлардың жеке тәжірибесі мен көзқарасына тәуелді. Сонымен қатар құжаттардың әртүрлі жазу үлгісінде (төте, латын) берілуі мен күрделі терминдердің қолданылуы да зерттеу барысында қосымша қиындықтар туғызады. Сондықтан осындай әртүрлі деректерді салыстыра қарастыру ғана ашаршылықтың себептері мен салдарын шынайырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, құжаттық және ауызша деректерді біріктірген кешенді тәсіл, деректердің қайшылықтары мен статистикалық ақпараттың шектеулілігіне қарамастан, 1930-жылдардағы ашаршылықтың тарихи шындығын қалпына келтіруге, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық салдарын анықтауға, сондай-ақ халықтың дағдарыс жағдайында өмір сүру және бейімделу механизмдерін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді.

2 ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚТЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН СЕБЕПТЕРІ

2.1 1920-жылдардың II жартысы – 1930-жылдардың басындағы ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау

XX ғасырдың 20-30-жылдардағы Қазақстандағы ауыл шаруашылық өнімдерін даярлау Кеңес Одағы жағдайында ауыл шаруашылығын дамытуға, сонымен қатар өнеркәсіп пен қалаларды азық-түлік пен шикізатқа деген сұранысын қанағаттандыруға бағытталды. Бұл кезеңде еліміздің аграрлық саласында едәуір өзгерістер енгізіліп, ауыл шаруашылық өнімдерін даярлау жоспарлы экономиканың маңызды бөлігіне айналды. Қазақстанда 1920-1930 жж. «мемлекеттің қажеттіліктері» үшін ауыл шаруашылық өнімдерін даярлау астық, ет, май, сүт, жүн, ішек-қарын және т.б ауыл шаруашылық өнімдерін дайындап, жеткізумен байланысты болды. Қазақстанда ауыл шаруашылық өнімдерінің негізінен келесі түрлері дайындалды: *1. астық, оның ішінде бірінші кезекте КСРО-ның азық-түлік қауіпсіздігін, өнеркәсіп орындарын құрал-жабдықтармен қамтамасыз етуде негізгі рөл атқарған астық дайындалды. 2. Ет өнімдері мен мал дайындау ол күннен күнге өсіп келе жатқан қала халқы мен әскерді қамтамасыз ету үшін қажет болды. 3. Өнеркәсіп орындарын құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін шетелге өткізуге жүн, тері, ішек-қарын, сүт-май т.б сияқты ауыл шаруашылық өнімдері де дайындалды*.

Үдемелі индустриаландыруды жүзеге асыруда өнеркәсіп орындарын құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылық өнімдері шетелге экспортталды. Тіпті малдың ішек-қарны алтын ретінде бағаланып, машиналық жабдықтарға шетелге айырбасталған [243, п.77]. Малдың ішек-қарнын тапсырудың маңызды екендігін және оны тазалаудың әдістері көрсетілген үнпарақтар шығарылған. (Қосымша П). 1920-1930-жж. Қазақстандағы ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау науқандарының өңірлер бойынша ерекшеліктеріне арналған іргелі зерттеулер жоқ.

Астық дайындау науқандары жалпы кеңес одағы шеңберінде қарастырылған В.П. Данилов [30], Н.А. Ивницкий [31], В.В. Кондрашин [32] зерттеулерінде ұжымдастыру, астық, ет дайындау науқандары ауылшаруашылығын дағдарысқа ұшыратып, 1930- жылдардағы ашаршылыққа алып келгені тұжырымдалса, отандық зерттеушілер астық және ет дайындау науқанының күштеу арқылы жүргізілуі Қазақстанды тұтас қамтыған шаруалар көтерілістері мен одан кейінгі аштықтың негізгі себептерінің бірі болып, шаруаларға қатты соққы болғанын атап өтеді [143, б.7-18].

И. Огайон 1929-1931 жж. дайындау науқандары қоғамға жаңа ауыртапшылық әкеліп, ал, астық пен ет дайындау науқандары тек қазақтар ғана емес дала халқының барлығына әсер еткенін атап өтеді [15, б.125-126].

Н. Пианчоло осы науқандардың күштеп жүргізілуінен Қазақстан малдың 90% және оның салдарынан болған ашаршылықтан халқының үштен бір бөлігін жоғалтқанын көрсетеді [19, б.88]. Ресей архивтарының материалдары негізінде қазақ даласында ашаршылықты тудырған 2 негізгі фактор ретінде ауқымды мал

және астық дайындау (тіпті егін екпейтін аудандарға да жоспар берілді) науқандарын көрсетеді [20].

Астық дайындау науқаны. Қазақстанда астық дайындау жоспары жыл сайын өзгеріп отырды. Мысалы, 1929 ж. 40,7 млн пұт астық дайындалса, 1930 ж. жоспар 85,5 млн пұт мөлшерінде берілгенмен, кейін 55,0 млн пұт деп түзету енгізіліп, республикалық, орталық биліктің күш салуына қарамастан іс жүзінде бұл жылы жоспар 40,4 млн пұтқа орындалады [244,б.45]. БКП(б) ОК Саяси бюросының 1931 ж. 20 шілдедегі шешімі бойынша 1931 ж. Қазақ АКСР астық дайындау жоспары 65 млн. пұт мөлшерінде тағайындалады. Бастапқы кезеңде Өлкелік комитет тарапынан М.И.Кахиани, И.М.Құрамысов, О. Исаев жоспарды төмендету туралы хат жазғанымен Орталық комитет астық, жоспар мәселесінде талқылауға тыйым салады. Алайда, кейінірек 1931 ж. қарашасында БКП(б) Өлкелік комитеті мен ХКК жолданған жеделхатта жоспар 40,9 млн төмендетіледі [152, б.70]. Осы жылдары қазақ ауылдарында азық-түлік дағдарысы туындап, аштық орын алғанына қарамастан 1931 жылы Қазақстан 38,9 млн пұт астық дайындап береді. 1932 жылы БКП(б) ОК Саяси бюроның 1932 жылғы 27 шілдедегі отырысында Қазақстандағы астық дайындау жоспары 622,4 тонна болып бекітіледі [46, б.370].

Қазақстанда астық дайындау науқаны 1928 ж. өрістей түскен. Осы жылы орталық үшін міндетті түрде астық дайындауды көздейтін алғашқы бес жылдық жоспар қабылданады. Қазақстанның кейбір аумақтары астық өндірмейтін аймақтар болды. Н. Пьянчола Қазақстанда айқын аймақтық ерекшелік ретінде астық негізінен солтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстанда өндірілетіндігін атап өтеді. Оның өзінде Ресей империясы кезінде Ресейдің Еуропалық бөлігінен қоныс аударған шаруалар астық өндірушілер болса, қазақтар көбінесе өздері тұтыну үшін ғана егін еккенін айтады [19, б.91]. Жоғары билік Қазақстанды астықты өндіруші де, тұтынушы да ретінде көрді. Дәл осы амбиваленттілік категориялау қазақтардың нәубетке ұшырауында маңызды рөл атқарған.

1920-1930-жылдардағы Қазақстандағы Ақмола, Петропавл аумақтары астық өндіретін аймақ ретінде болса, Қарқаралы округі тұтынатын аймақ болған. Бұл 1928-1929 жж. Қазақстандағы округтер бойынша астық дайындау жоспарының орындалу туралы 1 кестеден көрінеді.

Кесте 1 – 1928-1929 жж. Қазақстандағы округтер бойынша астық дайындау жоспарының орындалу көрсеткіші (%) [245, п.60].

Алматы	Қостанай	Сырдария	Орал	Ақмола	Петропавл	Семей	Павлодар	Қ.А.О	ҚАКСР бойынша
69,8	68,3	65,4	62,2	62,3	58,1	47,2	43,6	23,4	61,5
Ескерту: кесте Абай облысы мемлекеттік архивы мәліметтері негізінде құрастырылған Қ. 590. Т.71. І.1. П.60.									

Кестеде жоспарды орындау бойынша көбінесе оңтүстік-шығыс және солтүстік аумақтарда орындау көрсеткіші жоғары. Жоспар республика бойынша 61,5% орындалған. Ақмола, Петропавл, Семей округтерінің статистикасына кірген. Орталық Қазақстан аумағы егін екпейтін мал шаруашылығы басым өңір болғаны ескерілсе, егіншілік дамыған аймақтармен бірдей мөлшердегі жоспар қойылуы қолда бар аз өнімнің түгелдей алынып, халық тұқымдық, азықтық қорсыз қалған. Осылайша, бастапқы жылдардағы жоспардың төмен орындалуы кейінгі жылдары қысымның күшеюіне, шаруашылықтың күйреуіне, мал санының қысқаруына (астық жоспарын орындау үшін халық қолындағы малын сатып мемлекетке астық өткізді) халықтың жаппай босуына себеп болып, ашаршылыққа алғышарт қалыптастырады.

Құжаттарда астық дайындауға әсер ететін тағы бір себеп ретінде астықты дер кезінде жөнелтудің әлісіздігі, алыс пункттардан астық жеткізу қиындық туғызғатындығы көрсетіледі. Салдарынан жеткізілмеген астықты сақтайтын қоймалардың болмауынан астық шіріп пайдалануға келмей қалған. Нұра өңіріндегі елді мекеніндегі осындай жағдай туралы Бекен Түйтебайұлы естелігінде айтылады: «Жаз ерте шықты. Әкем қос тігіп, тамырынан атарба алып, Шортанға (Щучьеге) жақын жердегі «Қызыл кордон» деген жерге көшіп барды. Бұл жерде қалың қарағайдың ішіне мая-мая үйілген бидайды көрдік. Бірақ бидай аламын деген адамдарды атып тастайды дегенді естіп, көп ұзамай Казгородокке қайтып келдік. Келсек, мұндағы мая-мая ет саси бастаған соң, кәресін құйып өртеп жатыр екен. Бір топ балалар қарағайдың іші арқылы жасырынып барсақ, аспанға мылтық атқан солдаттарды көрдік. Анау «Қызыл кардондағы» бидайға да кәресін құйып өрт салған көрінеді» [106, б.229-232].

1928-1929 жж. Солтүстік Кавказ бен Украинадағы егістің опат болуы Одақтың Шығыс аудандарына назар аударуына алып келген [245, п.60]. Сондықтан өлкенің шаруашылық өмірінде астық дайындау негізгі мәселеге айналады. Ол 1928 ж. қаңтардың басындағы Орталық комитеттің Қазақ өлкелік комитетіне астық дайындауды күшейту туралы қатаң директивасында губерниялар бойынша жедел үштіктер ұйымдастыру; астық дайындаудың жалпы жоспарын ұлғайтып, ішкі тұтыну жоспарын қысқарту; қаңтар айының екінші жартысы мен ақпан айына астық дайындайтын губернияларға 8 млн-нан 9 млн-ға дейін көлемде жоспар беру; шаруалардың астық қоймаларын тексеретін жергілікті жерлерде комиссияларды құру көзделеді [246, п.47].

Одақ бойынша астық дайындау жоспарының құлдырауы Орталық Қазақстан аудандарына да ықпал етеді. Салдарынан аумақта астық дайындауды күшейту бойынша шаралар жүзеге асырылады. Мысалы, 1928 ж. сәуір айындағы астық дайындау жоспар орындалмауына байланысты Промышленный ауданы атқару комитетінің барлық ауылдық кеңестер мен кооперативтік ұйымдардың қызметкерлеріне берілген тапсырманы қатаң жауапкершілікпен орындап, жекелеген бай-кулак, ауқатты шаруашылықтарға қысымды күшейту, қажет болған жағдайда тіпті Қылмыстық кодекстің 107

бабын қолдануды ұсынады. Науқанға немқұрайлықпен қараған қызметкерлер заң алдында қатаң жауап беретіндігі ескертіледі [247, п. 29-30].

1928 ж. маусым айында Промышленный болысы бойынша астық дайындауға 20000 пұт көлемінде жоспар беріліп, 25 маусымға дейін 68%, 01 шілдеге дейін қалған 32 % дайындау тапсырылады [247, п. 56]. Бірақ, маусым айына берілген жоспардың 7000 пұты ғана орындалып, қалған 13000 пұт астық дайындалмағаны мәлімденеді. Жоспарды шілде айының жақын күндерінде қандай болмасын жағдайда орындау міндеті жүктеледі. Ал, қыркүйек, қараша айларында Вольский ауылдық кеңесі Промышленный аудандық атқару комитетіне ауылдық кеңесі астық қоры жоқ деп мәлімдеме береді [248, п. 31-34]. Бұған жауап ретінде Промышленный ААК астық қорының болмауы дұрыс емес деп есептеп, қор міндетті түрде болуы керек, 3 күн ішінде белгіленген үлгі бойынша жоспарды орындап жіберуді талап етеді [248, п. 45].

Орталық Комитет астық жинау жоспарын кез келген жағдайда орындауды талап етіп, әміршіл-әкімшіл әдістер қолданылады. Мысалы, Ақмола округі Промышленный ауданы Вольский селолық кеңесінің архив құжаттарында астық дайындауды орындамау мәселесі ауылдық кеңес отырысында қаралып, жекелеген тұлғаларға жазалау шаралары қолданылған. Құжатта Я. Грефенштейн, А. Франк, Ф. Визнер, И. Франк, Я. Шимпф, Е. Визнер сияқты шаруалар егін шықпауы және шаруашылығының ыдырауына байланысты астық тапсырмағаны үшін әкімшілік түрде салынған төлемді төлей алмайтындықтары жөнінде өтініш береді [248, п. 38,40,42,44-45, 49, 53]. Осыған байланысты ауылдық кеңес отырыста И. Франк мен Я. Романенкоға айыппұл салу туралы мәселе қарастырылады, И.Франкқа жоспар бойынша тапсырылған 120 пұттың 78 пұтын орындамағаны үшін әр пұтына 2 рубльдан 156 рубль айыппұлды 24 сағат ішінде төлеу талап етіледі. Көрсетілген мерзімде төленбесе мүлкін сату туралы қаулы етеді. Я. Романенкоға 125 пұт астықтықтың 117 пұтын орындамағаны үшін әр пұтына 3 рубльдан 351 рубль айыппұл салынып, оған да 24 сағат ішінде төлемесе мүлкін сату туралы қаулы етеді [248, п. 72].

1929 ж. 5 желтоқсанда Вольское селосының жалпы жиналысы №37 хаттамасында тағы да астық дайындау мәселесі қаралады. Жиналыста астық дайындау жоспарын орындауда барлық күш салмақты кулактарға салып, олардың тығып қойған астықтарын анықтау жөнінде баяндалады. Астық дайындау жоспарын орындаудан бас тартқан кулак Ф. Готфридтің көңнің астына жәшікке тығып қойған 15 пұт ұнын екпінділер анықтап, оны қасқана астықты тапсырмағаны үшін сотқа беру туралы қаулы шығарады [248, п. 91,94]. Астық жоспарын қандай болсын жолмен орындау мақсатында кулактардың астық тығып қойған шұңқырларын анықтау үшін кедейлер мен орташалардан екпінді бригадалар құрылып, жиналыстарда оларды анықтау қарқынын күшейту қарастырылады.

Орталық Қазақстан аумағындағы аудандарда астық дайындау көрсеткіші әртүрлі деңгейде болған. Мысалы, Қарқаралы округтік жоспарлау комиссиясының 1929 ж. 17 наурыздағы отырысында астық дайындау мәселесін талқылауда аудан егін екпейтін өңір ретінде көрсетіледі. Құжаттың

мазмұнында телеграфтық өкім арқылы Ақмола округінің Троицк поселкесінде Қарқаралы округі үшін астық дайындауға тыйым салынғаны баяндалады. Қарқаралы округінің шаруашылық құрылымы– көшпелі мал шаруашылығының басымдығы – астық тапшылығының тұрақты факторына айналғаны көрсетіледі. Құжатқа сәйкес Қарқаралы округі егін екпейтін мал шаруашылығы басым өңір болғандықтан халық астықты іргелес округтерден алған. Бұл өз кезегінде астық бағасының өсуіне жағдай жасаған. Ал, астық сақтайтын қойманың жоқтығы оны ұзақ мерзімді сақтау мүмкіндігінің болмағанын көрсетеді [249, п. 30].

Астықтың көршілес округтерден тасымалдануы мен баға тәртібінің бұзылуы аймақаралық нарықтық байланыстардың бейресми түрде сақталғанын дәлелдейді. Қойма инфрақұрылымының әлсіздігі, астықтың бүліну қаупі және тұқымдық қорды жедел бөліп алу қажеттілігі материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігін көрсетсе, жекелеген аудандардың ғана астық дайындауға жарамдылығы табиғи-экономикалық шектеулерді аңғартады.

Ақмола округтік атқару комитетінің 1928 ж. 27 қыркүйектегі астық дайындау науқаны туралы округтің барлық аудандық атқару комитеттері мен ауылдық кеңестерге және астық дайындаушыларға жөнелткен хатында белгіленген нормаларға, шаруалардың арасында артық астықтарын мемлекетке мәжбүрлеусіз тапсыру үшін үгіт-насихат жұмысын жүргізуге көңіл бөлу тапсырылады [250, п. 72-73].

БКП(б) Промышленный аудандық комитеті бюросының 1929 ж. 16 сәуірдегі жабық отырысының астық дайындау туралы резолюциясында келесі шараларды орындау шешіледі. 1. Уәкілдердің арасында артық астық жоқ деген пікірді қатаң түрде айыпталады. 2. Егер партия мүшелерінің арасында осындай пікірді ұстанғандар болса, олар партиядан шығарылып, сотқа тартылады. 3. Астық жинауға салғырт қараған 3-4 ауылдық кеңес қызметкерлер ісі сотқа беріліп, комиссия құрамы қайта қаралып, оның құрамынан «жат элементтер» шығарылып, олардың орнына белсенді қызметкерлер енгізіледі. 4. Астық жинауда астық өндіретін ауылдарға басты назарды аударып, ол ауылдарда астық жинау күшейтіледі. 5. Кулактар мен астығы бар ауқаттыларға қатысты жазалау шаралары күшейтіледі. 6. Сот үкімін прокуратура мен округтық соттың №16а директивасында белгіленген мерзімде орындау қажет болады. Үкім бойынша артық астықты алып қана қоймай, басқа дүние-мүлкін де алу керектігі көрсетіледі [251, п. 12-13].

Промышленный ауданының атқару комитетінің төрағасы Миньковск ауылдық кеңесінің төрағасына 1929 ж. қазан-желтоқсан айларында деревня кулактарының мал сатуына шұғыл түрде тыйым салу туралы хат жолдайды. Онда кулак шаруашылықтарының үй басына берілген дайындау жоспарын 1929 ж. 5 қазанына дейін аяқтап, астық дайындаудың берілген жоспарын толық аяқтағанға дейін кулактарға мал сатуға дереу тыйым салу керектігі айтылады. Астықтың шекаралас Қарқаралы, Павлодар округтарына кетіп қалуына жол бермеуге аса мән беру тапсырылады [252, п. 46].

Промышленный ауданы Троцкий селосы кедейлерінің 1929 ж. 18 қарашадағы жиналысында В. Кузнецов, В. Фатеев, Новиков деген кедейлер:

«Мемлекет астықты кулактан алуы керек, сонда біздер аштыққа ұшырамаймыз, тұқым жинап аламыз» – деп сөз сөйлейді. Жиналыста астық дайындау жоспарын үш күн мерзімде орындау туралы қаулы қабылданады [253, п. 4-5]. 1929 ж. 01 желтоқсандағы хатында астық дайындау науқанына байланысты астықты қасқана тапсырмай жатқан кулактардың жұмыс малы мен мүліктерін сатып, өздерінің әлеуметтік жағдайларын жасырып, еңбек міндеткерлігін орындаудан жалтару жағдайлары байқалып жатқанын баяндап, ауылдық кеңестерге көрсетілген әлеуметтік топтардың шаруашылықтарына өз мал-мүліктерін қасақана сатуға жол бермеу тапсырылады [252, п. 48].

1929 ж. соңында астық дайындау жоспарын орындау мен кулактарға қысым көрсетудің неше түрлі айласы қарастырылады. Мысалы, Зеленая-Балка және Тихонов ауылдық кеңестерінің арасында кулактардың астығы тығылған 20 шұңқырды анықтап, ашу бойынша социалистік жарыс туралы келісім жасалады. Шартта 1929 ж. 10 желтоқсанында екі ауылдық кеңестің арасында партия мен үкіметтің тапсырмаларын сәтті орындау үшін Зеленая-Балка ауылдық кеңесі бойынша кулактың астық тыққан 20 шұңқырын, Тихонов ауылдық кеңесі 25 шұңқыр ашуға міндет алынады [252, п. 72].

Промышленный ААК жедел үштіктерінің төрағасы Шерстнев шұңқырлардағы жасырылған астықты бөлу тәртібін бекітеді: шұңқырдан табылған астық құнының 50% сол шұңқырды тапқан бригадаларға сыйақы ретінде беріліп, қалған 50% басқа ауыл, аудан және округтарға бригадаларды жіберу шығындарын жабу үшін аудандық атқару комитетіне жіберу тапсырылады [252, п. 87].

Астық дайындау науқаны кезіндегі кеңестік идеологияның саяси-насихаттық жұмысын сол кездегі поэзиядағы Д. Бедныйдың өлеңінде астықты мемлекет мүддесімен, әскери қорғаныспен теңестіріп, әрбір дәнді «оққа» балайды. Астық тапсырмағандар кулак, «астық ұрлаушы» бейнесі арқылы ішкі жау ретінде көрсетіледі. Мұндай риторика 1920-30 жж. күштеп ұжымдастыру, тәркілеу және астық дайындау науқандары тұсында кең тараған, өйткені билік ауыл шаруашылығын толық мемлекеттік бақылауға алуды стратегиялық әрі әскери қажеттілік ретінде түсіндіреді. [254, п. 5]. (Қосымша Ө)

Ақмола округіндегі астық дайындау науқаны барысы туралы осы өңірдегі ОГПУ бөлімі басшысы Петровтың 1929 ж. 16-22 желтоқсан аралығындағы арнайы мәліметінен округтегі астық дайындау жоспарының орындалуы, кемшіліктері, халықтың көңіл-күйі жөнінде ақпараттар көрсетіледі [125, б.188-190]. Құжатқа сәйкес алғашқы бес күндіктерде артта қалған Нұра ауданы үшінші бескүндікте 1 тонна ғана дайындаса, 4-ші бескүндікте 14 тонна, Қарағанды ауданы үшінші бескүндікте 2 тонна ғана, 4-ші бескүндікте 13 тонна дайындап алға шыққаны көрсетіледі. Желтоқсан айындағы тапсырма 22,918 тоннаның желтоқсанның 20 күнінде 6,042 тонна дайындалып, пайыздық көрсеткіш 26,4 % құрайды. Барлық дақылдар бойынша желтоқсанның төртінші бескүндігімен қоса жылдық жоспар 74,5% жетеді. Мәлімдемеде іске олақтық, асыра сілтеушіліктер дайындау науқанын тежеп отырғанын, халықтың арасында астықты жасыру жағдайлары көрсетіледі. Желтоқсанның 16-22

аралығында 58 шұңқырдан 982 пұт астық табылады. Халық тек астықты ғана емес, астықты тапсырмағаны үшін тәркілеу мүмкін дүние-мүліктің бәрін тығып ұстаған [125, б.189]. Бұл шаруалардың күнделікті өміріндегі бейімделу және аман қалу практикасы ретінде түсіндіріледі. Бұл жерде «жасыру» әрекеті экономикалық қысым жағдайында қалыптасқан жасырын қарсылық формасы ретінде көрінеді.

Осы жағдайларға байланысты халықтың арасында астық дайындауда қарсыластық көңіл-күй қалыптасады, орташа шаруа И.Икзын: «Кеңес үкіметі астық дайындау арқылы шаруаларды тек өзіне ғана қарсы қойып жатқан жоқ, сонымен қатар шаруаларды бір-біріне қарсы қоюда. Бұл жағдай жақсылыққа әкелмейді» - десе, округтық бөлімнің қызметкері К.Зубов әріптестерімен әңгімесінде «жақын арада мал дайындау науқаны басталады, барлық мал алынып, бірде бір бас мал қалмайды, базарда ештеңе қалмайды... еліміз қайыршылыққа түсіп, аштық басталды. Аштықтан ешкім аман қалмайды.» – деп сөз қозғайды [125, б.190]. Бұл пікірлер арқылы құжат тек әкімшілік есеп емес, сол кезеңдегі қорқыныш, сенімсіздік және әлеуметтік шиеленіс атмосферасын жеткізетін «тірі» дерекке айналады. Бұл науқанды экономикалық көрсеткіштер шеңберінен шығарып, оны күнделікті өмір тәжірибесімен, мәжбүрлеу тетіктерімен және жасырын қарсылық формаларымен бірге күрделі әлеуметтік процесс ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

1930 ж. 14 шілдедегі БКП(б) Ақмола округтік комитетінің нұсқауында округтің астық және мал шаруашылығын реконструкциялаудың бес жылдық жоспарын табысты орындау ағымдағы жылғы астық дайындау жоспарын толық және уақтылы орындау жағдайында ғана мүмкін болатындығы атап өтіледі. Нұсқауда астық дайындау жоспарын орындауда кулак пен бай қарсылық көрсетіп, партиялық ұйымдар жоқ ауылдарда байлар өз жағына орташалар мен кедейлерді тартып, барынша астық дайындау науқанына қарсылық көрсететіндігі ескертіледі [255, п. 21-24]. Бұл ауылдағы әлеуметтік жіктелуді (кулак, бай, орташа, кедей) саяси тұрғыдан шиеленістіру арқылы ықтимал қарсылықты алдын ала «таптық қарсы әрекет» ретінде түсіндіруге бағытталғанын көрсетеді.

Табиғи-климаттық жағдайға байланысты жоспардың объективті түрде орындамай қалғанын 1930 ж. 02 тамыз – 19 желтоқсан аралығындағы Тельман ауданындағы астық дайындау бойынша уәкілдердің мәліметтеріндегі Миньковка, Троцкое, Веселый, Молодецкое селоларында астықтың жоқтығы тары 70-100%, күнбағыстың 137 га аяздан үсіп кеткені, кулактар егістерін тастап қашып кеткені жөніндегі ақпараттан көрінеді [256, п. 54-65]. Бұл орталықтандырылған жоспар мен жергілікті мүмкіндіктер арасындағы қайшылықты көрсетеді.

1930- жылдардағы астық дайындау науқанының кеңестік билік тарапынан қолданылған күштеп орындау шаралары мен репрессиялық әдістерінің халық үшін аштық, материалдық тапшылық және қорқыныш жағдайын тудыруын Ақмола округі Социалистік ауданының партия ұяшығының И. Сталинге жолдаған хатында: «Кеңес үкіметіне сенген кедейлер аш құрсақ, 300,200,150

грамм ғана нанға өмір сүріп отыр. Екі апта болды ет мүлдем жоқ, 300 гр нанға ғана қарап отырмыз. Көбісі кебек пен сүйек жеп, аш отыр. Бір пұтта ұн ұстауға да құқығымыз жоқ, егер ұн тауып алса, паек бермейді. 24 сағат жұмыс жасауға мәжбүрміз, мал да титықтап бітті, жем-шөп жоқ. Жылқылар арам өліп жатыр. Астық дайындау күшейту үшін бригадалар құрылып, олар астық тыққан шұңқырды іздеп, халықты тонап жатыр. Астық тапсырмағандарды ату жазасына кесіп, үстілерінен суық су құйып, түнде аязға киімсіз шығарып, қамшының астына алып, көшені аралтады» – деп астық дайындау науқанының барысындағы ауылдарда келеңсіздіктер баяндалады [256, п. 49-50].

Казгородок ауылындағы астық дайындау науқанының репрессиялық сипаты Б. Түйтебайұлының естелігінде көрініс тапқан: «Қотыркөл мен Шортан поселкелерінің арасындағы Қызыл кордон деген жерге халықтан тартып алынған бидайды да мая-мая ғып үйіп жатты. Малды тартып алған соң, енді халыққа жалғыз жарна астық қалдырмай, «қара тізім» дегенді шығарып, қазақтарды топырлатып түрмеге жапты. Тіпті, астық салығын шаңырақ басына емес, ондағы адам санына есептейтін болды. Біздің үйде 13 жан едік, соған орай бізге 13 есе артық астық табуды талап етті. Бір күні бір топ милиция мен солдаттар келіп, үстелде тұрған бір тостаған бидайды көріп, 13 жан жапатармағай таласып жеп отырғанда, қолымызды винтовкамен қағып, қуырылған бидайды қаптарына қотарып алды. Ішінде бізге жақын Омар деген милиция бар еді. Сол кісі солдаттардың айғайлап, зекіп сөйлеген сөздерін қазақша түсіндірді. «Қуыратын бидай табасың, өкіметке беретін бидай таппайсың, сені «Қара тізімге аламыз» - деп әкемді алып кетіп, түрмеге жапты. Балаларды жылатқан тағы бір уақиға – шайға сүт беріп тұрған жалғыз ақсақ ешкіміз бар еді, қолға үйренген баламен үйір болатын, соны үйден маңыратып, бізді жылатып алып кеткені естен қалмас. Жаз ерте шықты. Әкем қос тігіп, тамырынан ат-арбалап, Шортанға жақын жердегі «Қызыл кордон» деген жерге көшіп барды. Бұл жерде қалың қарағайдың ішіне мая-мая үйілген бидайды көрдік. Бірақ бидай аламын деген адамдарды атып тастайды дегенді естіп, көп ұзамай Казгородокке қайтып келдік. Келсек, мұндағы мая-мая ет саси бастаған соң, кәресін құйып өртеп жатыр екен. Бір топ балалар қарағайдың іші арқылы жасырынып барсақ, аспанға мылтық атқан солдаттарды көрдік. Анау «Қызыл кардондағы» бидайға да кәресін құйып өрт салған көрінеді» [106, б.229-232]. Бұл сол кезеңдегі азық-түлік саясатының адамға қарсы бағытталған механизмге айналғанын айғақтай түседі.

1930 ж. 19 сәуірде Ф.И. Голощекин КСРО ішкі және сыртқы сауда халкомы А.И. Микоянға Қазақстанда астықтың жоқтығы салдарына аштыққа ұшырау фактілері туралы хат жазады. Хатта Қазақстан бойынша астық жоқтығы жағдайынан жағдай шиеленісіп, Наркомторг пен Союзхлебтің оны жеткізбеуінен жағдай ушығып отырғанын мәлімдейді. Қазақстанның негізгі округтерінде астық шықпай, астық дайындауың жоғары жоспарын орындау мақсатында халықтың қолындағы бар астықты алуға мәжбүр еткенін, тұқым қоры бойынша жоспарды орындау халықтың азық-түлік қорын сарқып жібергенін атап өтеді. Ақмола, Қостанай, Орал, Павлодар және т.б округтерде

астық қоры мүлдем жоқтығы совхоз құрылысын, егін салу науқаны мен «Ақмола-Қарағанды» темір жолы құрылысын сәтсіздікке алып келетіндігіне назар аударады. Осыған байланысты Союзхлебты астықпен жабдықтаудың бекітілген жоспары бойынша қамтамасыз етуді міндеттеуді сұрайды [257, п. 19-20]. Хаттың көшірмесі БКП(б) ОК хатшысы В.М. Молотовқа да жолданады.

1930 ж. 12 қарашадағы астық дайындауға байланысты Қазақстандағы саяси жағдай туралы хабарламада Қазақстан бойынша қараша айының 5 күніне жоспар 12,3%, жылдық 59,9% орындалады. Жылдық жоспарды орындауда Ақмола – 80,9%, Петропавл – 75,3% округтары алдыңғы орында болса, Қостанай мен Орал округтары артта қалады. Қазақстан бойынша 31 аудан жоспарды артығымен орындаған. Бірқатар аудандарда жоспардың орындалмауын төменгі аппараттың әрекетсізді ретінде көрсетіледі. Петропавл округінің Төңкерей ауданында астық дайындау көрсеткіштері әдейі ұлғайтылғаны айтылады [120, б.583]. Дайындау науқаны кезінде көрсеткіштерді жасанды ұлғайту сияқты бюрократиялық манипуляциялар болғанын көрсетеді.

Ф. Голощекин БКП(б) ОК 1931 ж. 28 қаңтардағы құпия түрде жіберген жеделхатта қыркүйек айында берілген 57 млн жоспардың 44 млн 500 орындалғанын, енді 12 млн 500 қалғанын және оның 5 млн Наркомснабтың қараша айында совхоз секторы бойынша алып тастағанын, жоспарды орындауға енді 7 млн 500 пұт қалғанын, берілген 8 млн жоспар жоспарды төмендетпей керісінше жоғарлатып отырғанын айта келе, қиындықтарға қарамастан тұқым қорына зиян келтірместен 1,5 млн пұт астық дайындап, ал семссуда бойынша дайындалмай қалған 1,5 млн пұтты келесі жылға қалдыруды сұрап. Шұғыл шешім күтетінін жазады [120, б. 674-675].

Бұған И. Сталин 1931 ж. 1 ақпандағы жеделхатында Ф. Голощекиннің астық дайындау жоспарын қысқарту туралы хабарламасы шындыққа жанаспайтынын және оның қайдағы бір көшеден алған қаусеттерді айтып, Орталық комитетті жаңылыстырып отырғанын, сондықтан 8 млн пұтқа төмендетілген жоспарды орындауды талап етеді [44, б.362].

Халықтан астықты қандай болмасын жолмен алып, астық тапсыру нормасын орындау көзделеді. Мысалы, 1931 ж. тамыз айында Тельман ауданының барлық ауылдық кеңестері мен колхоздары Казсовнарком мен Казнаркомснаб телеграфтық өкімі негізінде колхоздардың жеке шаруашылықтары астық бастырғаны үшін бір центнерден кедейден 5 кг, орташадан 7 кг бидай, басқа дәнді дақылдар үшін кедейден 6 кг, орташадан 8 кг көлемінде заттай алым алу бекітіледі. Барлық түскен заттай алымдар Союзхлебтың Нұра пунктіне астық дайындау жоспарынан тыс тапсыру керек болады [258, п.65].

Колхоздағы астық жинауға науқанында жұмыс жасайтын жеке шаруаларға күніне 5-10 пұт астық алуына байланысты аудандық комитетке Қарағанды облыстық комитетінің БКП(б) бюросы 1932 ж. 9 қазанындағы хаттамасының үзіндісінде астықты талан-таражға салуды тоқтату, жеке шаруалар 20 пұттан артық астық тапқан жағдайда оларға астық дайындау

жоспарын жеке тапсырма түрінде көрсетілген нормадан 50-ден 100 пайыз жоғары астық алуға қаулы шығарылады [259, б.597-598].

Өңірде ашаршылық ауқымы шырқау шегіне жеткен 1932 ж. да астық дайындау жоспарын орындау талап етіледі. Осы жылы шілде айындағы Тельман ауданының материалдарында астық дайындау жоспарының орындалмауы ауылдық кеңес пен БКП(б) ұяшығының кулактармен күресте немқұрайлығын және басқарушылық әрекетсіздігі ретінде көрсетіледі. [253, п. 16-17].

Бұл туралы А.С. Мусагалиева Солтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстары және Теміртау қаласы архивтері негізінде жазылған зерттеуінде 1932-1933 жж. Тельман ауданындағы астық дайындау науқанының жоспарларының негізсіз жоғары белгіленіп, оны орындауда әкімшілік қысымның күшейгенін көрсетеді. Ауданға бекітілген 48 680 центнерлік жоспарға қосымша міндеттемелер жүктеліп, жиналған өнімнің едәуір бөлігі (19 125 центнер) дайындауға алынған. Науқан барысында репрессивтік шаралар қолданылып, «астық ұрлығы» бойынша ондаған адам жауапқа тартылған. Бұл деректер астық дайындау саясатының экономикалық шарадан гөрі әкімшілік-мәжбүрлеу құралына айналғанын айғақтайды [158, б. 131-132].

Осылайша, 1928 ж. 1 қазаннан 1933 жылғы 30 қыркүйекке дейін ресми түрде жалғасқан бірінші бесжылдықтың соңында Қазақстандағы колхоздар тауарлық астықтың негізгі жеткізушілеріне айналады [260, б.45].

Қазақстандағы астық дайындау жоспарының жыл сайынғы өсуі Орталық Қазақстанға ауыр салмақ түсіреді. Аймақ негізінен мал шаруашылығымен айналысатындықтан, астық өндірісінің ерекшеліктері халықтың азық қорының сарқылуына әкеледі. 1928-1929 жж. одақ бойынша астық тапшылығы науқанның күшеюіне себеп болып, нәтижесінде әкімшілік қысымдар мен жазалау шаралары күшейе түседі. Астық тапшылығы мал басының қысқаруына, халықтың негізгі күнкөріс көзі болған малынан айырылуына, ақыр соңында аштыққа ұшырауына алып келеді. Жергілікті биліктің жоспарда өзгеріс енгізу туралы өтініштері индустриализация мақсатына байланысты ескерусіз қалады.

Ет, мал дайындау науқаны. Индустриаландырумен байланысты өндірісті қалалардың өсуі, жұмысшыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету проблемасын туғызады. Осыған орай, 1929 ж. 20 желтоқсанда КСРО-да жаппай ұжымдастырумен байланысты Орталық комитет «Ет проблемасын шешуге байланысты шаралар» қабылдайды. Т. Омарбеков осы шаралар мал шаруашылығынмен айналысатын қазақ шаруаларының тағдырына теріс әсер еткенін атап өтеді [82, б.62-63].

Кеңес Одағында Қазақстан ет пен мал дайындайтын негізгі аймақ ретінде қарастырылады. Мал мен ет дайындау жоспары көлемінің өте жоғары болуы салдарынан республикадағы мал басы күрт кемуіне алып келеді. БКП(б) ОК Саяси бюросының 1930 ж. 15 шілдедегі «Мал дайындау және етпен қамтамасыз ету туралы» қаулысында көшпелі аудандарда дайындауды жандандыру қажеттігі атап өтіледі. Қаулыға сәйкес КСРО бойынша Мәскеу мен Ленинград қалаларына шілде айынан қыркүйек айы соңына дейін жөнелтілетін 475 000 бас

малдың 100 000 басы (21%) Қазақстаннан жіберілуі керек болады. Ең жоғары жоспар Қазақстан мен Солтүстік Кавказға беріледі [261].

Н. Пьянчола КСРО бойынша мал, ет дайындау жоспары бойынша үш негізгі Қазақстан, Украина және Солтүстік Кавказ аймақтарын көрсетеді. 1930-1931 жж. Қазақстан 493 000 тонна, Украина 434 800 тонна, Солтүстік Кавказ 226 700 тонна тірі салмақта мал дайындау жоспарланады [19, б.96]. Қазақстан барлық дайындалатын малдың 42,7% қамтамасыз етуі керек болады. Бұл Қазақстанның мал шаруашылығының маңызды рөлін және оның КСРО-ның аграрлық саясаты үшін стратегиялық маңызын көрсетеді.

Берілген жоспардың орындалу салмағы мал шаруашылығымен айналысатын аудандарға түскені айтпаса да түсінікті. Оның ішінде Орталық Қазақстан аудандарында мал,ет дайындау белсенді түрде жүзеге асырылады. Нәтижесінде аудандарда негізгі тіршілік көзі болып табылатын мал санының қысқаруы халықтың ашаршылыққа ұшырауының бірден бір алғышарты, себебі болады. Оған архив қорларында сақталған құжаттар дәлел. Мысалы, Орталық Қазақстанның мал шаруашылығы басым аумақтарының бірі саналатын Жаңаарқа ауданының 1930 ж. жоспары 3094 тонна болған (оның ішінде 34 мың бас қой еті бар) ет өткізу артығымен орындалып, өкіметке 3124 тонна ет тапсырылған. 6273 бас сиыр орнына 9475 бас сиыр сойғызылған. Осыншама еттің негізгі бөлігі ірі қалаларға дер уақытында жөнелтілмей, шіріп-сасып, далада қалады. Кейбір деректерде 1931-32 жж. Жаңаарқадағы малдың 90% астамы қырылғаны көрсетіледі [262, б.377]. Нәтижесінде Жаңаарқа ауданының халқы аштықтан босып, мал шаруашылығы құлдырап кетеді.

Нұра ауданында партияның аудандық комитеті мәліметіне сәйкес 1929 жылы ірі қара малдың жалпы саны 120823 бас болса, 1931 ж. 1 ақпандағы (санақ бойынша) мәліметіне сәйкес оның небәрі 3877 басы ғана қалған [121,б.12]. Бұл мәліметтер мал, ет дайындау науқандарының Орталық Қазақстандағы мал шаруашылығына тигізген ауыр салдарын айқын көрсетеді.

Кеңес үкіметі ет проблемасын малды шарт жасау (контрактациялау) арқылы шешуге күш салады. Оның заңдық негізі КСРО ХКК 1929 ж. 7 қазандағы «ауыл шаруашылығы өнімдерін контрактациялау туралы» қаулысында қаланады [82, б.63]. Бұған сәйкес Қарқаралы округінде да малдың жас төлдерін контрактациялау барысы келесі құжаттан көрінеді. Округтің сауда бөлімінің малдың төлін контрактациялау бойынша 1930 ж. 9 наурыздағы отырысы хаттамасында Потребсоюз бен Живсоюздың төлді контрактактациялау барысы туралы ақпаратында Абыралы ауданы бойынша контрактациялау жоспары 430%, Балхаш ауданы бойынша 30%, Берікқара ауданы бойынша 101%, Қу ауданы бойынша 230%, Хорошев және Пригородный аудандары бойынша 30% орындалса, жалпы Қарқаралы округі бойынша жоспар 124%-ға орындалғаны көрсетілген. Шет және Шұбартау аудандары бойынша мәлімет көрсетілмейді. [263, п.54-55]. Контрактациялау деректері жоспарлардың аймақтық алшақтығын, ауылдық аппараттың әрекетсіздігі мен партиялық бақылаудың репрессивтік сипатын көрсетеді.

Мал санының қысқаруына тұқым қорын жинау да тікелей әсері болған. 1930 ж. Шет, Қу, Шұбартау, Қарқаралы аудандарындағы колхоз құрылысы туралы ақпаратта Шет ауданындағы егін екпеген ауылдарда тұқым жинау жүргізіліп, шаруашылықтар оның ішінде кедейлер тұқымдық астық үшін 1 пұт бидайды жылқы немесе 1 бас ірі қара малға алады. Қу ауданның №14 ауылында мүлдем егін екпеген кедейлерге тұқым қорына 10 фунт бидай тапсыру міндеттеледі, еріксіз олар 1 фунт бидайды 1 сомға сатып алуға мәжбүр болады. Осы аудандағы Каримов деген кедей 1 пұт астық үшін қолында бар барлық малын сатып жібереді. Берікқара ауданында да тура осындай жағдайлар орын алады [173,п.70-82]. Егін екпейтін ауылдарға да тұқым қорын тапсыру жоспары берілгендіктен ауыл халқы малдарын сатып астық алып, астық тапсыру жоспарын орындауға мәжбүр болған.

Қоянды жәрмеңкелік комитеті отырысының 1930 ж. 20 мамырдағы №3 хаттамасында Қазақ сауда халық комиссариаты (Казнаркомторг) жәрмеңкеде жергілікті тұрғындардың мал мен шикізатты ұсыну жоспарын құрастыруда статистика органдарының 1929 ж. 1 маусымдағы мәліметтеріне сүйенеді. Ол бойынша қой – 1, 045 мың бас, ешкі – 293 мың, түйе – 44800, ірі қара – 205800, жылқы - 264 700 бас көрсетіледі. Алайда, бұл шынайы мал санына сәйкес келмейді. Оған астық жоқтығынан халықтың малды сойып жеуінің күшеюі себеп болаған. Шын мәнінде, 1930 ж. 1 сәуірінде округтегі мал басы округтік жоспарлау комитетінің бекіткеніне сәйкес ірі қара – 123 620, қой – 520 000, жылқы – 135 057, ешкі 15 810, түйе – 40 178 бас болған. Малға сұраныстың азаюына округте жүргізілген мал дайындау науқаны себеп болған деп атап өтеді [263, п.39]. Құжат Қарқаралы округіндегі жәрмеңке жоспарының нақты статистика арасындағы айырмашылықты, дайындау науқандарының мал қорына қысым жасап, халықтың аштық алдындағы әрекетін көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау науқан барысында репрессиялық әрекеттер кең ауқымда қолданылып, мемлекеттік жоспарларды орындаудың негізгі тетіктерінің біріне айналады. Жоспарлы тапсырмаларды орындау үшін жергілікті билік органдары мен партия белсенділері әміршіл-әкімшіл әдістерге жүгінеді. Малды күшпен тартып алу, қорқыту, уақытша қамауға алу, түрмеге жабу сияқты әрекеттер кеңінен қолданылған. Ол келесі мәліметтерден көрінеді. Мысалы, ОГПУ-дың Қарағанды жедел секторының тергеу ісі бойынша 1931 ж. 7 қаңтардағы қаулысында 39 адамды атқан Н.Ф. Сычев, Жамилев және 12 адамды айыптау бойынша тергеу ісінде сәуір айында 15 ауылда мал дайындауды орындамаған тұлғаларды босату үшін қарсыластықты басу барысында Тайбеков Омар, Исатаев Сыздық өз бетінше бірнеше адамды ату жазасына кеседі [259, б.330-331].

Қу ауданы Едірей колхозында 1916 ж. дүниеге келген Қ.Мұстафиннің естелігінде дайындық науқаны кезінде белсенділердің күш көрсету көрінісі сипатталады: «Сол кездегі үкіметтің ұстанған саясатын дұрыс жүргізбей, шаш ал десе бас алатын, асыра сілтеуші шолақ белсенділерден халық көп қиянат көрді. Сол солақай саясаттың бір шеті бізге де тиді. Ауданнан өкіл келді, дейді. Солардың нұсқауымен ауыл ішіндегі белсенділер елдің бүкіл малын, тұқымдық

бидайын, тіпті үйдегі тамағына дейін тартып әкететін. Бермеймін, деуге хақың жоқ. Онда сен үкіметке қарсысың, халық жауысың. Жинап алған малдың біршамасын айдап алып кетті де, қалғанын үкіметке ет керек деп, бізбен көршілес отырған Нұртаза деген байдың ауылына апарып сойып тастады. Бірақ, сол ет ешқайда жөнелтілмей, шіріп кетті де, үкімет те, халық та бір тиындық пайдасын көрмеді. Осылайша ел іші азып-тоза бастады. Біздің де адал еңбекпен жинаған қаншама малымыздан бірде-бір тұяқ қалмады» [264, б.1].

Мал, ет дайындау науқандарындағы бассыздықтар туралы Б.Түйтебайұлының естелігінде: «1930 ж. қазан айынан бастап елдің малын түгелдей милициямен аралап тартып ала бастады. Аудан басында екі колхоз бар еді. «Еңбек- Кедей», «Жаңа жол» дейтін. Жан саны көп, малға бай колхоздар болатын. 1931 ж. қыс түсе сол малдарды милиция мен орыс солдаттары келіп айдап әкетті. Аудан басындағы Ахметжан құдығындағы жарты шақырымға созылған қарағайдың бауырына апарып жаңағы малдарды қырып тастады да, мая-мая етіп үйе бастады. Желтоқсан айынан бастап жеке меншіктегі малдарды тартып алып, тышқақ лаққа дейін түк қоймай манағы маяларға апарып, қыра берді. Сөйтіп, 1931 ж. қаңтарында аудан басы қан сасыды. Сойып жатқан малдардың (буаз малдары) құлындары шұрқырап, бұзаулары мөңіреп, қозылары маңырап бей-берекетін алды» [106, б.229-232].

Естеліктер мал дайындау саясатының әкімшілік-зорлық сипатта іске асқанын және оның дәстүрлі мал шаруашылығына негізделген ауыл қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымын күйреткенін дәлелдейді. Және кеңестік аграрлық реформалардың жергілікті шындықпен үйлеспеуінен туындаған жүйелі дағдарысты айқындайтын маңызды тарихи айғақ ретінде бағаланады.

Ауыл шаруашылық науқандарын орындамағандарға қатаң жазалау шаралары қолданылған. Мысалы, Жаңаарқа ауданынан Толеуов Рахимжан, Жунусов Кодек ауқатты, бай ретінде танылып, антикеңестік элементтермен байланысы бар деп айыпталып, Сарысу, Тельман аудандарында тығылып жүрген жерлерінен ұсталып, Толеуов Рахимжан 1931 ж. Жаңаарқа ауданының халық сотымен қылмыстық кодекстің 61 бабы бойынша сотталса, Жунусов Кодекті ҚК 82 бабы бойынша сотталады [259, б.477-478].

Қазақстандағы дайындау науқандарының күрделі жағдайы Ресейлік архив қорларында сақталған 1931 ж. қарашада Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф. Голощекиннің БК(б)П ОК хатшылығына – И. Сталин, Л. Кагановичке және П.Постышев атына жолдаған жеделхатында баяндалады. Құжатта астық дайындау жоспары өнім көлемінің төмендеуіне қарамастан орындалуы тиіс болғаны, мал дайындау көлемі, әсіресе 1931 ж. төртінші тоқсанында, өткен жылмен салыстырғанда үш есеге артқаны және бұл талаптар мал басының күрт азаюы жағдайында жүзеге асырылғаны көрсетіледі. Осыған байланысты Ф. Голощекин өлкелік басшылықтың әлсірегенін, Қазақстан өлкелік комитетінің құрамын күшейту үшін қосымша хатшылар – Рябоконь, Голходов, Голюдов және Юсупбекованы бекітуді сұрайды [265, п. 38,42]. Бұл құжат дайындау жоспарларының шаруашылық мүмкіндіктерге сәйкес

келмегенін және оларды орындау үшін әкімшілік қысымды күшейту қажеттілігі туындағанын айқын көрсетеді.

Дайындау жоспарларын орындауда күштеу саясатының жергілікті деңгейде жүзеге асуы ауызша деректерде де көрсетіледі. «Кент баурайында» кітабында халық жадында сақталған Оңғарбай деген кісінің естелігі: «Үкімет жоспарын орындау мақсатында ешкімді аяйтын түрі жоқ. Сеңгір тастың бойынша Қарасораңның етегінде отырған, Бейсенбектің ауылына милиция ертіп, мал жинаушылар барады. Бейсенбектің балалары малдарын бергілері келмей, ауылдық кеңестің кісілеріне қатты қарсылық көрсетеді. Милициялар қару қолданамыз деп қорқытып екі баласы Бөлемес пен Қомарды ұстап қолдарын байлап тастайды. Оларға: «үкімет қызметкерлері мен совет милициясының, партияның саясатын жүзеге асыру жолындағы жұмысына қатты қарсылық көрсетті», деген айып тағып, қолдарын байлаған беті, арбаға салып алып, Қарқаралыға апарып түрмеге жабады. Көп кешікпей, милициялардың толтырған қаулысына қарай, бұларды халық жауы ретінде атуға үкім шығарады» [238, б.149-150]. Бұл дайындау науқаны кезеңіндегі ауыл халқының кез келген қарсылығы қылмыстық және саяси сипатта бағаланып, репрессиялық шараларымен басып-жаншылғанын айқын көрсетеді. Мұндай оқиғалар жоспарлы тапсырмаларды орындауда жергілікті билік пен күштік құрылымдардың заңнан тыс әрекеттерге барғанын, әміршіл жүйенің қазақ ауылындағы әлеуметтік трагедияны тереңдеткенін дәлелдейді.

Үкімет саясаты мен жазалау шараларынан қорыққан тұрғындардың басым бөлігі қарсылық көрсетуге дәрменсіз болған. Милицияның араласуы ауыл адамдары үшін ерекше үрей тудырған. Өз еркімен малын беруден бас тартқан жағдайда, милиция күшімен малды тартып алу тәжірибесі кеңінен қолданылған. Мысалы, С.Тоғамбековтің кітабында бұрын белсенді болған Түшкен деген кісінің әңгімесінде былай сипатталады: «Шатырағашта ауылдық кеңестің шабарманы Қадаудың Шолағы, ауылда белсенді, қолына совнаркомның қаулысының көшірмесін ұстап алып, үй-үйді аралап, совнаркомның қаулысына сәйкес, сенің мына малдарың үкіметке алынады, деп бір бума қағазды көрсетіп, малды тізімдеп алып кетеді. Шолақтың тізіміне ілінген мал, міндетті түрде алынады. Үкіметтен зәре-зап болып қалған ел, бірен-сараны болмаса, көбісі қарсылық көрсете алмайды. Милиция дегеніңіз ауыл адамдары үшін, жан алғыш әзірейілден әрмен. Өз еркіңмен бермесең милициямен келіп шырылдатып отырып тартып алады. Үкіметтің саясатына қарсы шықты деп қаралап, өзіңді жауаптап жібереді. Басың қараланып, халықтың жауы есебінде Қарқаралының түрмесінен бірақ шығасың» [238, б.147-149]. Ауыл халқының психологиялық жағдайын айқын сипаттап, репрессиялық механизмдердің күнделікті өмірге еніп кеткенін нақты көрсетеді.

Әкімшілік-өктем тәсілдердің күшейтілгенін және науқандық сипаттағы шаралардың басым болғанын Тельман аудандық бақылау комиссия 1932 ж. ақпан айындағы құжаттарында көрсетіледі. Құжатта 4 тоқсан бойынша мал дайындау жоспары орындалмағаны баяндалады. Қаңтар, ақпан айларындағы бірқатар нұсқауларға қарамастан мал дайындау барысындағы олқылықтар

жойылмағаны партиялық ұйымдардың әлсіз жұмылдыруымен түсіндіреді. Кулак-бай шаруашылықтарына қысым жеткілікті түрде көрсетілмей, тыққан малды анықтау, сойып жеу, талан-таражға салумен күрестің әлсіздігін кемшіліктер ретінде атап көрсетеді. Кемшіліктерді партия ұйымдарын жұмылдыра отырып, бес күн ішінде жоюды міндеттейді. Аудандық партия активының ең таңдаулы қызметкерлерін ауылдарға жіберуді көзделеді. Осы шаралар арқылы мал дайындау жоспарын сөзсіз орындауды қамтамасыз ету керектігін ескертіледі [266, п.10]. Бұл мал және астық дайындау науқандарының өзара тығыз байланыста жүріп, ауыл шаруашылығына күрделі салдар әкелгенін көрсетеді.

Бұл ауданда ет дайындау науқанының мәжбүрлі әрі ауқымды сипат алады. 1930 ж. 1 қазан мен 1932 ж. 20 қаңтар аралығында дайындау жүйесі арқылы 48 696 бас мал өткізіледі (оның ішінде 14 253 ірі қара, 32 616 қой-ешкі, 1 463 жылқы, 364 түйе) [158, б.128-129]. Мұндай көлемдегі малды күштеп алу шаруашылықтардың дәстүрлі негізін әлсіретіп, ауданның экономикалық ахуалының дағдарысын тереңдете түседі. А.С. Мусагалиева тереңдей түскен ашаршылық жағдайында да ет дайындау науқаны жоспарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтеді.

1932 ж. сәуірде жұмысшы-шаруа инспекциясы бақылау комиссиясы Президиумының отырысында қаралған мәліметтер мал дайындау жүйесіндегі қаржылық және ұйымдастырушылық қайшылықтарды айқын көрсетті. Заготскот ұйымының мал тапсырушыларға қарызы 91 050 рубль болса(Сталин ауданы – 33 750, Еркіншілдік – 15 300, Нұра – 11 918, Атбасар – 33 858, Қорғалжын – 6 939 рубль), аудандық деректерде Еткомбинатының берешегі 328 873 рубль деп көрсетіліп, мекеме тарапынан 126 мың рубльге дейін төмендетіліп берілген [267, п. 23]. Бұл есеп жүйесіндегі елеулі сәйкессіздіктерді аңғартады. Аталған жағдайлар басқару жүйесіндегі үйлесімсіздікті және мәселелерді шешуде әкімшілік-қысым шараларының басым болғанын айғақтайды.

Астық дайындау жоспарының жоғары мөлшерде белгіленіп, қатаң түрде орындалуы ауыл халқы азық-түлік, қаржы тапшылығына ұшырап, күнкөріс қамымен қолдағы малын сатуға, союға мәжбүр болады. Мал басының қысқаруы өз кезегінде егіс науқаны кезінде жегін күшінің жетіспеуіне әкеліп, ауыл шаруашылығы өндірісінің қалыпты жүргізілуіне кері әсерін тигізеді. Мысалы, ОГПУ бөлімінің 1932 ж. 1 маусымдағы Қарқаралы ауданы бойынша құпия мәлімдеме жазбасында егін салу бойынша жоспардың орындалмай отырған себептерінің ішінде астық дайындау жоспарын орындағаннан кейін колхозшыларда астық қалмай, нәтижесінде олар қолдарындағы малды сойып алғанын хабарлайды [268, п.103].

Қу ауданы бойынша да осыған ұқсас жағдай болған. ОГПУ бөлімінің 1933 ж. сәуір айында құпия мәлімдемесінде Қу ауданы бойынша егіске жегетін малдың жетіспейтінін хабарланады. Аудан бойынша жегін малдың саны 574, оның ішінде жылқы 294, өгіз 214, түйе 66 деп көрсетіледі. Егіс жоспарын орындау үшін 1292 бас мал керек болған. Жегін малының жетіспеуінің себеі

ретінде халықтың қолда бар малды сойып алғанын көрсетеді [269, п.9]. Жоспарды кез келген жолмен орындауға бағытталған қысым шаралары мал басының қысқаруына, егін науқанының материалдық негізінің әлсіреуіне әкелген.

Мал, ет дайындау науқаны кезіндегі жоспарды орындау қарқынды түрде жүргізілуінің нәтижесінде Абыралы, Қарқаралы, Шет сияқты мал шаруашылығы басым бірқатар аудандарда мал басы қысқарады. Абай облысы мемлекеттік архивындағы құжатта Абыралы ауданы бойынша берілген мәлімдемеде 1930-1933 жж. мал басының динамикасы беріледі. Оған сәйкес ауданда 1933 ж. мал басы саны 1930 ж. салыстырғанда 97,4% қысқарғаны көрсетіледі [270, п.4].

Облыстық статистикалық басқарма материалдары бойынша Қарқаралы ауданында 1929 жылдан 1933 жылға дейін мал басының азаюы 54 есеге жуық болған, ал егер мал түрлері бойынша жылқылар – 112 есеге; ірі қара мал – 22 есеге жуық; түйелер – 35 есеге; қойлар – 65 есеге азайған [154,б.122].

Шет ауданында 1933 ж. мал басының 102 есеге, яғни 99% қысқарғаны, мал түрлері бойынша жылқы 36,5 есеге (97,2%), сиыр 41 есеге (97,5%), түйе 101 есеге (99%), қой-ешкі 200 есеге (99,5%) азайғаны көрсетіледі [271,б.184-198].

Шет ауданындағы совхоздарда 1932-1933 жж. мал дайындау саясатының ауыр салдарынан туындаған терең шаруашылық дағдарыс аудандық архив қорларындағы құжаттарда көрсетіледі. Құжатта Нұра-Талды, Қызыл-Тау совхоздары бойынша мал басының жаппай қысқаруы (ірі қараның 21–23% дейін, төлдің 52–53% дейін, жұмыс малының 43,5–85,5% дейін жойылуы) өндірістік жүйенің күйреу деңгейіне жеткені баяндалады. Бес ай уақыт аралығында совхозда 463 бас ірі қара мал сойылып, соның бірде бір килограмы мемлекетке тапсырылмай, малдың еті талан-таражға салынғаны мәлімденеді [272, п.10]. Мал өнімдерінің мемлекетке тапсырылмай, талан-таражға түсуі шаруашылықтағы бақылаудың әлсіздігін ғана емес, ресурстардың бейберекет бөлінуі мен дағдарыс жағдайындағы бейресми тіршілік ету стратегияларының қалыптасқанын аңғартады. Құжатта мал шығынының себептері ретінде жергілікті басшылықтың «немқұрайлығы» мен «күрестің жоқтығы» көрсетілгенімен, сыни тұрғыдан бұл түсіндіру мәселенің тек салдарын ғана қамтиды. Нақтысында, мал дайындау жоспарын күштеп орындау, ресурстардың жетіспеушілігі және қысқа мерзімде жоғары міндеттемелер жүктеу совхоздардың өндірістік мүмкіндіктерін әлсіретіп, жаппай шығынға әкелген. Ал жауапкершілікті жекелеген директорларға (Хурсанов, Башилов, Соловьев) аудару кеңестік басқару жүйесіне тән құрылымдық дағдарысты персонализациялау тәсілін көрсетеді.

Мал санының қысқару деңгейі билік органдары назарынан тыс қалмағаны байқалады. Мысалы, ПП ОГПУ-дың Қазақстандағы мал шаруашылығының жағдайы жөніндегі 1933 ж. 25 қазандағы арнайы мәлімдемесінде мал басының қысқаруы бойынша келесі мәліметтер беріледі: 1929 ж. өлкеде 40 млн 294 мың мал бас болса, 1930 ж. – 24 млн 607 мың, 1931 ж. – 10 млн 550 мың, 1932 ж. – 5 млн 526 мың, 1933 ж. – 3 млн 699 мың бас қалады. Осылайша, 1929 ж.

салыстырғанда мал саны 90,8%, көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда мал саны 94-95%, оның ішінде Шұбартау ауданында мал саны 99,5% қысқарғаны көрсетіледі. Ауданда 1931 ж. 104 329 мың мал басынан 540 бас мал ғана қалады. Бұған себеп ретінде аудандық БКП(б) АК хатшысы Кулубаев бастаған қызметкерлердің контрреволюциялық қызметтерін көрсетеді. Бұндай жағдай бірнеше ауданда орын алады. Архив құжатында мал санының қысқаруын билік мал, ет дайындау науқандарынан емес, жергілікті билік органдарының қателіктерінен болды деп тұжырым жасайды [273, б.149-150].

Мал санының кемуі науқандар кезіндегі дайындау ұйымдары қызметтерінде жіберілген олқылықтар көрсетіледі. Союзмясопродукт агенттері қыста қойларды алып, оларды көктемге дейін иелерінде қалдырып кетіп, көктем шыққанда оларды жас төлдерімен қосып қалаға айдау нәтижесінде олар жолда қырылады. Агент Баймуканов Нуркан қойларды пунктқа айдап, қозылар ілесе алмағандықтан оларды түйеге тиеп алуы нәтижесінде төлдің 75% өліп қалады [173, п.35].

Сонымен, 1930- жылдардағы Кеңес Одағының мал және ет дайындау науқандары Қазақстанның мал шаруашылығына айтарлықтай теріс әсер еткен. Жоспарлар мен талаптар асыра орындалғандықтан, мал басы саны күрт кеміп, аймақтардағы халықтың тұрмыс деңгейі төмендеп, ашаршылыққа ұшырайды. Аграрлық саясатта халықтың қажеттіліктері мен табиғи ресурстардың тепе-теңдігі ескерілмеген.

Мемлекетке тапсырылған ауыл шаруашылық өнімдері ішінде тек астық, ет қана емес, сонымен қатар *тері, ішек-қарын, жүн, сүт, май өнімдерін* де дайындау маңызды болған. Өнеркәсіп орындарын жабдықтармен қамтамасыз ету үшін шетелге тері, ішек-қарын, жүн экспортталады. Малдың ішек-қарнын тапсырудың маңыздылығы, оны тазалаудың әдістері көрсетілген үнпарақтар шығарылған [243, п.77]. (Қосымша П). Сүт, май өнімдері өсіп келе жатқан қала халқын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін дайындалған.

Кеңестік органдар ауыл шаруашылық өнімдерінің бұл түрін дайындауға да үлкен мән береді. Мысалы, Қарқаралы ауданы мемлекеттік архивының қорында сақталған тері дайындау бойынша мәліметте уәкілдерге келесідей міндеттер жүктеледі: колхоздар тері тапсыру бойынша үкіметтік ұйымдардың директиваларын шұғыл орындауына қол жеткізу, барлық жиналған теріні кешіктірмей қалаға жіберу керектігі тапсырылады [274, п.4].

1931 ж. тамызда Тельман ауданы бойынша мәліметтер дайындау ұйымдары, село-ауыл кеңестері мен ААК уәкілдерінің ауыл шаруашылық өнімдерін жинау мен уақытылы жеткізуге немқұрайлы қарап, жоспарларды орындауда салғырттық танытқанын көрсетеді [258, п.61-62]. Құжат барлық дайындау ұйымдарына контракциялық міндеттемелерді қатаң орындау, жауапты тұлғаларды (бай-кулактарды) жауапқа тарту, жоспарды толық орындау үшін комсомол, кооператив және колхоз белсенділерін тарту арқылы бақылауды күшейту қажеттігін белгілейді.

Тері тапсыру да күштеу әдістері қолданылған. Мысалы, Қарағанды облысының прокуроры Спиридоновтың 1933 ж. шұғыл жеделхатында жедел

түрде тері шикізатын бүлдіргендердің ісін қарастыруды аяқтап, кінәлілерді жауапкершілікке тарту ұсынылады [272, п.18].

Қарқаралы округтық жоспарлау комиссиясы 1930-жылдардағы құжаттарында шикізат дайындау қорытындылары келесі кестеде көрсетіледі.

Кесте 2 – 1930 жылдары аудандар бойынша шикізат дайындау қорытындылары [263, п.27].

Аудандар	Қу	Берікқара	Абралы	Шет	Балхаш	Шұбартау	Ақсары	қала	Барлығы
Ірі қара мал терісі									
Жоспар бойынша	2014	1755	1917	1917	1299	2014	1429	1137	13482
Дайындалғаны	457	783	243	273	166	644	1990	1935	6491
Жоспарды орындау %	22,6	44,6	12,6	14,2	12,7	31,9	140	170	48,1
Ұсақ малдың терісі									
Жоспар бойынша	10813	7348	12682	17170	10506	16864	6018	6800	88201
Дайындалғаны	3510	5907	2653	8514	6004	18946	7793	10463	63790
Жоспарды орындау %	32,4	80,3	20,9	49,6	57,1	112,3	129,4	154	72,3
Аң терісі									
Жоспар бойынша	1000	1200	900	1900	1800	1600	1600	-	10000
Дайындалғаны	270	371	7	168	49	100	323	645	1933
Жоспарды орындау %	27	30,9	0,7	8,8	2,7	6,25	20,1	-	19,33
Тері шикізаты									
Жоспар бойынша	1800	1300	1900	3700	1535	2500	740	25	12500
Дайындалғаны	141	402	79	223	36	727	457	11	2076
Жоспарды орындау %	7,8	30,9	4,2	6,0	2,3	29,0	61,7	44	16,6
Ішек-қарын									
Жоспар бойынша	10200	7000	10350	13300	8250	13600	4120	3130	70150
Дайындалғаны	8336	10268	3024	3492	7510	4870	5606	12698	55804
Жоспарды орындау %	81,7	146,6	29,2	26,2	91,1	35,8	136	405,6	79,5
Ескерту: Кесте Қарағанды облысы мемлекеттік архивы мәліметтері негізінде құрылған. Қ.1. Т.1. І.23 П. 27.									

Кесте мәліметтері бойынша мал шаруашылығы шикізатын дайындау көрсеткіштері өңірлер арасында әркелкі болған. Ірі қара мал терісін дайындау жоспары 48,1%, ұсақ мал терісі 72,3%, аң терісі 19,33%, тері шикізаты 16,6%, ал ішек-қарын дайындау 79,5% орындалған. Әсіресе Ақсары және Шұбартау аудандарында, соның ішінде ұсақ мал терісі бойынша көрсеткіштердің жоғары болуы бұл өңірлерде шикізат дайындау жұмыстарының белсенді жүргенін байқатады. Шұбартау ауданында ұсақ мал терісін дайындау жоспары 122% орындалған. Ал Шет ауданында барлық категориялар бойынша нәтижелер төмен деңгейде қалған. Ішек-қарын мен тері дайындау көрсеткіштерінің

салыстырмалы түрде жоғары болуы зерттеліп отырған кезеңде Орталық Қазақстан өңірінде мал сою көлемінің артқанын және мал шығынының жоғары болғанын көрсетеді.

Осылайша, астық, ет, мал және басқа да ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау бойынша жоспарлар Орталық Қазақстандағы шаруашылық құрылымдарына сәйкес келмеді. Мал шаруашылығы басым, егін екпейтін аудандарға астық тапсыру жоспарлар шамадан тыс берілді. Бұл аудандарды экономикалық, әлеуметтік және демографиялық дағдарыстарға әкелді. Жоспарлардың жүзеге асырылуы көбіне аймақтық ерекшеліктерді ескерместен жүргізілгендіктен, ауыл халқының негізгі өмірлік қорлары сарқылып, мал шаруашылығы құлдырап, аудандарда мал басы 90%-97,4% дейін қысқарды. Бұл ашаршылыққа жағдай жасап, халықтың мәжбүрлі көші-қонына ықпал етті. Сонымен қатар, жергілікті биліктің қатаң әкімшілік шаралары мен индустриализация мақсатындағы басымдықтар халықтың ауыр жағдайын одан әрі күшейтті, бұл оқиғаларды кешенді тарихи тұрғыдан бағалаудың маңыздылығын айқын көрсетеді.

2.2 Орталық Қазақстандағы қазақ ауылдарында байларды тәркілеу науқаны

XX ғ. 20- жылдарының соңы 30-жылдардағы тәркілеу науқаны қазақ халқының дәстүрлі қоғамын күйретті. Кеңес үкіметінің саясатының бір бөлігі ретінде бұл науқан ірі жер иеленушілікті жойып, ұжымдастыру үшін негіз қалыптастырып, Қазақстанда социалистік экономиканы орнатуға бағытталды. Ірі ауқатты топтар ауылды кеңестендіруге қарсы және ауыл шаруашылығындағы өзгерістерді тежеуші топ ретінде көрсетілді. Тәркілеуді жүргізуде кеңес билігі бірнеше мақсат қойды. Біріншіден, дәстүрлі әлеуметтік құрылымды жою арқылы әлеуметтік-экономикалық қайта қайта құруларға қарсылық көрсете алатын қазақ қоғамындағы ірі ауқатты топтың экономикалық ықпалы мен саяси беделін жоюды; екіншіден, байлардан тәркіленген мал-мүліктің негізінде колхоздар мен совхоздар құрып, дәстүрлі көшпелі шаруашылықтан шаруашылықтың коллективті түріне көшіру үшін ұжымдастыруға ресурс дайындауды; үшіншіден, идеологиялық жағынан кәмпескелеуді «қанаушы» топпен күрес пен теңдіктің әлеуметтік принциптерін нығайтудың әдісі ретінде қарастыруды; төртіншіден, Кеңес үкіметі дәстүрлі әлеуметтік құрылым негіздерін жою арқылы аймақты басқаруда өзінің монополиясын нығайтуды көздеді. Экономикасы аграрлық сипатта болып, шаруашылық негізі мал шаруашылығы болған Орталық Қазақстан аймағы да бұл науқаннан тыс қалмады.

Ж. Абылхожин ірі байлардың малдарын тәркілеу мәселесі 1923 ж. наурызында өткен III өлкелік партия конференциясында қарастырылып, бірақ, сол кездегі экономикалық және саяси дағдарыстан алып шығуға бағытталған жаңа экономикалық саясат стратегиясы экспроприациялауды ұстап (тежеп) қалғанын айтады. Ғалымның пікірінше, экономикалық хаос пен идеологиялық догма арасында таңдау жасау керек болғандықтан, дағдарыстан есеңгіреп, есін

жия алмаған жүйе өзінің «таптық шабуылын» тоқтата тұруға мәжбүр болған [91, б.88]. Алайда, бұл идея Қазақстанда 1925 ж. Ф.И. Голощекиннің келуімен өзекті бола түсті. Ол «Қоныс аударушылар деревнясындағы азаматтық татулық және қазақ ауылындағы азаматтық соғыс» ұранымен қазақ ауылдарында «Кіші қазан» саясатын жүзеге асыруға кірісіп кетті. «Кіші қазан» саясаты қазақ ауылдарын кеңестендіру, шабындық жерлерді бөлу және ірі ауқатты шаруашылықтарды тәркілеуден тұрды.

Зерттеуші С.А. Жакишева, 1928 ж. тәркілеуден бұрын байлардың шаруашылық дербестігін жоюға бағытталған бірқатар саяси және экономикалық сипаттағы ірі шаралар ретінде 1926-1927 жж. шабындық жерлерді бөлу, бай және ауқатты топтарды сайлау құқығынан айыру, салық салу, дін мен дәстүрлі мәдениетті шектеулерді көрсетеді. Қазақстандағы конструктивті аграрлық саясатты іздеу байлар мен кулактарды жау ретінде жоюмен алмастырылғанын атап өтеді [84, б.5, 64].

Қазақстандағы тәркілеуге қатысты И. Огайон «дебаизация» терминін қолданып, Қазақстанда кулактарды жою тек байларды жоюмен шектелмегенін, ол бұрынғы билікке бағытталғанын айта келе, «дебаизация» термині жоғары билік құрылымындағы «төрелерді», сонымен қатар төменгі әкімшілік биліктегі жаңа билікке бәсекелес бола алатын саяси элитаны ығыстыруға бағытталған үдеріс ретінде түсіндіреді [15, б.44].

Бөлімде тәркілеу үдерісі республика көлемінде жүргізілген шаралармен байланыстырылып, хронологиялық жағынан төрт кезеңге бөліп қарастырылады. *1925 ж. соңынан 1928 ж. ақпан айына дейінгі аралықты қамтитын бірінші кезең* дайындық жұмыстары мен тәркілеуді жүзеге асырудың тетіктерін анықтаудан тұрды. *1928 ж. көктем және жаз айларын қамтитын екінші кезеңде* тәркілеудің құқықтық-нормативтік базасы әзірленді. *1928 ж.ң 27 тамызынан 1928 ж. қарашасына дейінгі аралықты қамтитын үшінші кезеңде* декрет қолданысқа енгізіліп, қазақ қоғамындағы ірі ауқатты топтардың мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылды. *Төртінші кезең 1928 ж. күзі мен 1932 ж. дейінгі аралықты қамтып,* тәркілеуге қарсыластық көрсету, одан құтылудың жолдарын қарастыру шараларынан тұрды.

Бірінші кезең Ф.И. Голощекиннің билікке келіп, «Кіші қазан» саясатын жариялауымен байланысты 1925 ж. соңынан 1928 ж. ақпан айына дейінгі аралықты қамтиды. Осы кезеңде тәркілеуді жүргізудің әдістері, оны жүзеге асыратын органдар (комиссиялар) анықталып, халықтың арасында тәркілеудің маңызына байланысты үндеулер дайындалды. Ірі байлардың мал-мүлкін тәркілеу мәселесі 1927 ж. қараша айында өткен Қазақстанның VI өлкелік партиялық конференциясында талқыланып, 1928 ж. ақпан айында ірі байларды экспроприациялау туралы декретті әзірлеу жөніндегі арнайы комиссия құрылады [84, б.34].

Тәркілеуді іске асырудың дайындық жұмыстары жөнінде Ф.И. Голощекин 1928 ж. 15 мамырдағы БКП (б) ОК жолдаған мәлімдемесінде тәркіленуге жататынын шаруашылықты анықтаудағы басты крийтериі ретінде мал саны бойынша шекті норманы белгілеудің қажеттілігін атап өтеді. Тәркілеу

мерзімі, үгіт-насихат жұмыстары, бақылау жасайтын жауапты комиссиялар мен уәкілдер рөлі, мүлікті бөлу мәселелеріне тоқталады [122, б.94]. Осылайша, науқанды жүзеге асырудың алғашқы тетіктерінің жобасы жасалды.

Тәркілеуді өткізу жөніндегі комиссия құрамы 1928 ж. 15 тамызда бекітіледі. Оның құрамына Е. Ерназаров (төраға), О. Исаев (ол келгенге дейін Я. Ноготович алмастырды), Н. Нұрмақов, Тоқтабаев және т.б енгізіледі [119, б.257-258].

Е. Ерназаров төрағалық еткен партиялық комиссия Қызылордада Қазақстанда тәркілеуді өткізу бойынша 1928 ж. 16 тамызда отырыс өткізеді. Отырыста келесі мәселелер: 1) тәркілеудің мерзімі 1928 ж. 1 қыркүйекте жариялап, оны телеграф арқылы қолданысқа енгізу көзделеді, 2) комиссияларды ұйымдастыруда округтерде тәркілеу бойынша комиссия жұмысына басшылық жасау округтық комитетке жүктеледі, 3) округтер бойынша 700 шаруашылықтан декреттің 1 пунктіне сәйкес 600 шаруашылық және 5 пунктына сәйкес 100 шаруашылық тәркіленіп, жер аудару шешіледі, 4) баспалық насихат материалдарын дайындау мәселесінде партиялық комиссия қалың бұқараны ауқатты топтарға қарсы қою үшін баспалық насихат материалдары даярлауды маңызды деп санап, Өлкелік комитет «Барлық ауыл ұяшықтары мен ауыл коммунистеріне» хат жобаларын екі күн мерзімде дайындау Жандосов пен Тоғжановқа жүктеледі. Декретке арналған нұсқаулықты құрастыру Нұрмақов, Мырзагалиев пен Садуақасовқа жүктеледі және комиссияның келесі отырысына Нұрмақов пен Мырзағалиевке тәркілеуді өткізуге қажетті қаражаттар туралы мәселені қарастыру міндеттеледі [119, б.266-268].

Ашық хаттар мен үндеулер жариялау халықтың арасында алауыздық туғызып, жік-жікке бөліп, бір-біріне қарсы қояды. Бұған 1928 ж. араб графикасы негізінде жарыққа шыққан М. Қайыпназарұлының «Кәнпеске науқанының қорытындысында» қалың бұқара халықтың ауқатты топтарға қарсылығы: «жиналыстарда кедей батрактардың белсенділігі күшті болған. Ауыл, аудандағы ірі-ірі байлардың, шонжар билерді көрсетіп, кәмпескеленсін, жер аударылсын – деген. Байлардың, атқамінерлердің қулардың жаман қылықтарын, мінезін болыс, би болғандарын кедейлер ашықтан-ашық айтып берген» – деп көрсетеді [191]. 1929 ж. жарыққа шыққан С. Сапарбекұлы «Кәнпеске қорытындысында»: «Қазақстан орталық кеңес комитетінің Қазақстан еңбекшілеріне жазған ашық хаты кәмпеске мәселесіне елдің түсінуіне ірі қолғабыс көрсетті. Кәмпеске туралы кедей жиылыстарын өткізгенде, қай жиылыста болса да, орталық кеңестің әлгі хатын оқып, естіртіп, түсіндіріліп отырды» - деп жазады. [192]. Осылайша, қарапайым қалың бұқараның қолдауына ие болған үкімет, өз ойлағандарын оңай жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Тәркілеуді жүргізудің тағы бір маңызды мәселелердің қатарына байлардың тізімін қарастыру болды. 1928 ж. 25 тамыздағы тәркілеу бойынша партиялық комиссия отырысында тізімді талқылаудың тәртібіне сәйкес біріншіден, өлкелік комитетте бекітілген байлардың алдын ала тізімі округтік

комиссиялар мен партактив жиналыстарында талқылау үшін округтерге жіберіледі; екіншіден, округтық комитет талқылаудан соң телеграф арқылы өлкелік партиялық комиссияға тізімге өзгеріс енгізу қажеттілігі туралы өз пікірлерін хабарлайды; үшіншіден партиялық комиссия бұл материалдарды қарастыра отырып, тізімді түпкілікті бекітіп, орындау үшін округтерге жібереді. Түпкілікті бекітілген тізімдерді кедей жиналыстарында талқылау кезінде жекелеген жағдайларда өзгеріс енгізуді талап ететін өрескел қателіктер анықталған жағдайда округтарға хабар беріп, округтар рұқсат беру үшін Өлкелік партиялық комиссияларға хабарлайды. Тізімдерге партиялық комисияның санкциясынсыз өзгеріс енгізуге рұқсат берілмеді [119, б.283].

Тәркіленетін байлардың тізімі үнемі өзгертіліп отырды. Біреудің аты алынып тасталса, екіншісі қосылған. «Мал саны жетпейді немесе Кеңес билігіне қарсылығы жоқ» деген негізде кейбір байларды тізімнен алып тастап отырған. Ал, олардың орнына «болыс билеушісі болған», «патша үкіметінен шен-шекпен алған» деген желеумен басқаларды қосқан [276, б.17-19]. Кей жағдайларда округтық комиссиялар декрет баптары бойынша мал саны жетпеген жағдайда бір категориядан екінші категорияға ауыстырған [84, б.88].

Тәркілеу бойынша уәкілдер өздеріне жақпаған немесе қарсы шыққан адамдарды байлардың тізімдеріне кіргізіп, үкіметке қарсы адам ретінде көрсеткен. Мысалы, Шет ауданының 10 ауыл азаматы Оқа Сәттібайұлының өтінішінде: «10 ауыл кеңес ағасы Иса Байжанұлының менімен наразы болатын себебі: өткен 1929 ж. күзінде сол бидай науқанының уақытында менің жалғыз атымды мінуге сұрады. Мен шарушылыққа мінгелі отырған жалғыз атымды неге берейін деп бермедім. Бермесең кедеймін деп жүрген шығарсың, көрермін, осыңды ұмытпа тағдырың менің қолымда – деп жүріп кетті. Иса Байжанұлы менімен бай наразылық арқасында нақақтан мені Қарқаралы округінің саяси бөліміне үкіметке қарсы ел ішіндегі жуандармен қол ұстасып үкіметті мұқату шарасына кірісіп бидай, жүн науқандарында Қытаймен қатынасып жасырын ұйым ашып, жиылыс ашты, сол ұйымға қатысты деп көрсетуі бойынша саяси бөлімі өзімді февраль айының 18-і күні тұтқынға алып, мал мүлкімді қаттап, қылмыс заңының 58 статьясының бірнеше буындарымен айыптау қорытындымды жариялап еді» – деп өзінің нақақтан жауапқа тартылып отырғанын баяндайды [277, п.70-71].

Тәркілеу жөніндегі хабарлар қазақ ауылдарына жетіп, халықтың арасында түрлі алыпқапшты әңгімелер тарап, дүрліккен халық тәркілеуден малдарын жаппай сату, жасырып қалу арқылы аман қалудың жолдарын іздестіреді. 1928 ж. маусымның 21-інде Қаз ОАК «Қазақстанның барлық еңбекшілеріне» үндеу жарияланады. Түрлі деңгейлердегі органдар халықты дүрліктірмеу үшін қаулы-қарарлар шығарып, алдын алу шараларын ұйымдастырады. Мысалы, Ақмола округтық атқару комитетінің Президиумы 1928 ж. 14 тамызда қаулы шығарады. Онда Қазақ Орталық атқару комитетінің тәркілеу туралы үндеуін ауыл халқы арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, осы науқанға қатысты жалған ақпарат пен арандатушылық қаусет таратушылардың жауапқа тартылатындығы жөнінде қаулы етеді [278, п.14].

Қазақ ауылдарындағы жағдайлар тез арада тәркілеуді заңдық негізде бекіту қажеттілігін туындатады. 1928 ж. 20 маусымдағы БКП(б) Өлкелік комитетінің тәркілеу мәселесі бойынша БОАК комфракция шешімдерін болдырмау қажеттіліктері туралы Қаулысының 5 пунктінде қаулыны шұғыл түрде шығару керектігі атап өтіледі [117, б.360]. Осыған байланысты БКП(б) ОК 1928 ж. 9 тамызда «Шаруашылықтарды тәркілеу және ірі мал шаруашылығы иелерін жер аудару туралы» қаулы шығарады. Қаулыда Қазақ Өлкелік комитетіне мал-мүлкі мен қоғамдық ықпалымен ауылды кеңестендіруге қарсылық көрсетіп отырған ірі мал шаруашылығы бар ауқатты тұлғаларды тіркеуді 1 қыркүйектен кешіктірмей аяқтап, БОАК қаулысында қарастырылған белгілерге сәйкес қауіпті саналатын 700-ден аспайтын шаруашылықты іріктеп алуды ұсынылады. Т.Омарбеков зерттеуінде: «1928 ж. қаулыға сәйкес тәркілеу науқаны 696 қожалықты қамтығанын көрсетеді. Ірі байлар қатарына 562, ал екінші топқа 134 шаруашылық жатқызылады. Алайда, алғашқы санатқа жатқызылғандардың барлығы да байлар емес болатын. Тәркілеу науқанына ұшырағандардың әлеуметтік құрамы негізінен төмендегідей: а) болыс басқарушылар, хандар, датқалар және т.б. тұқымдары – 24; ә) атқамінерлер, ақсақалдар, билер (бұрынғы соттар) – 76; б) молдалар, ишандар және т.б. – 8; в) бұрынғы алашордашылар және чиновниктер – 44; ірі мал иелері мен ауылды кеңестендіруге қарсы болғандар –323. Осы тәркілеуге ұшыраған тұлғалардан ірі қараға шаққанда барлығы 144 474 бас мал алынған» – деп атап көрсетеді [82,б. 83-84].

1928 ж. көктем және жаз айлары аралығын қамтитын е*кінші кезеңде* тәркілеудің құқықтық-нормативтік базасы жасалып, нұсқаулықтар әзірленеді. Ең алдымен, тәркілеу туралы декреттен бұрын ауылдық жерлерде, оның ішінде Қазақстанда дәстүрлі элиталық топтың әлеуметтік ықпалын жоюға бағытталған Кеңес өкіметі саясатының бір бөлігі ретінде БОАК Президиумы 1928 ж. 14 наурызда «Ірі байлар мен малшылар отбасылары және бұрынғы артықшылықты топтар мен сословиелердің өкілдерінің тұрақты тұратын жерлерде жер пайдалану және тұру құқығынан айыру туралы» («О лишении права на землепользование и проживание в местах поятоянного жительства крупных баев и скотопромышленников с семьями и лиц привилегированных ранее сословий и групп») құпия Қаулы қабылдайды (*Ескерту: Қаулының орыс тіліндегі нұсқасын қазақшаға аударған – автор*). Қаулының 1 пункті бойынша ірі қараға шаққанда 100-ден асатын мал басы бар ірі байларды тұрақты тұратын жерлерінде тұруға және жер иелену құқығынан айыру, барлық мүлкін, ауылшаруашылық құрал-саймандарын тартып алу көзделеді. 2 пунктінде ірі байлармен қоса, сұлтандар, хандар мен датқалардың тұқымдары, ерекше марапатқа ие болған болыс басқарушылары, дін өкілдері де тең дәрежеде жер иелену құқығынан айыру қарастырылады. Қаулыны іске асыру үшін Қазақ АКСР ХКК жанында ерекше комиссия құру көзделеді. 1,2 пунктта көрсетілген тұлғаларды жер аудару тәртібі, мүлкін алу мен оларды тіркеу ерекше нұсқау арқылы жүзеге асыру қарастырылады. Ол нұсқауды Қазақ АКСР ХКК әзірлеу

керек болады [122, б.76-77]. Осы қаулы қазақ қоғамының ауқатты топтарының мал-мүлікін жаппай тәркілеп, өздерін жер аударуға заңдық негіз жасап береді.

1928 ж. 27 тамызда ҚАКСР ОАК мен ХКК бірлескен отырысы өткізіліп, онда тәркілеу туралы декрет жобасын бекіту және ірі байлары жер аудару туралы мәселесі қаралады. Мәжілістің қаулысында: «құрамында «мәдени жағынан артта қалған» ұлттар бар Қазақ Республикасында революцияға дейінгі қарым-қатынас сақталып қалған және үстем тап өкілдері мен бұрынғы ақсүйек топтары Кеңес үкіметінің ауылдарда жүргізіп отырған негізгі шарларына кедергі келтіріп, ұлтаралық, ру аралық араздықты тудырып, кедейлерді экономикалық тәуелділікте ұстап республиканың экономикалық даму қарқынын тежеп отыр» – деп көрсетеді. Халықтың кедей және орта топ өкілдерін экономикалық тәуелділіктен, қанаудан құтқарып, экономикалық өрлеу мен еңбекшілердің мәдени жағынан дамыту мақсатында Қазақ КСР де тәркілеу шараларын өткізуге қаулы шығарады. Отырыста Қаулыны тәжірибе жүзінде қолданысқа енгізуде Орталық және округтық комиссияларды құру қарастырылады. Орталық комиссияның міндеттеріне мыналар жатады: а) төмен тұрған комиссиялардың жұмыстарды орындауы үшін мерзімдерді белгілеу; б) осы комиссиялардың жұмысын басқару; в) берілетін шағымдар мен наразылықтарды қарау. Округтық комиссия: мүлікті алып қою, жер аудару сондай-ақ оны пайдалану туралы округтық комиссиялардың қаулылары округтық атқару комитетінің бекітуіне жатқызылды. Сонымен қатар тәркілеуді өткізу және байларды жер аудару жөніндегі ҚОАК округтар бойынша келесі уәкілдер тағайындалады: Павлодар округы бойынша – Асылбеков, Ақтөбе округы – Курамысов, Қостанай округы –. Таттыбаев, Петропавловск округы – Юсупбеков, Гурьев округы – Кульчурин, Орал округы – Сарымулдаев, Ақмола округы– Сафарбеков, Алматы округы – Джандосов, Семей округы – Токтабаев, Шымкент округы – Исаев, Қарқаралы округы – Татимов [119, б.284-288].

Көп кешікпей 1928 ж. 30 тамызда «Бай шаруашылықтарды тәркілеу және жер аудару туралы» Қаулысын қолдану бойынша нұсқау шығып, ол бойынша жер аударуға жататындардың санаттары бөліп көрсетіледі [119, б.290].

Бұнымен бірге «Қазақстанның көшпелі, жартылай көшпелі және отырықшы аудандарын белгілеу туралы» Қазақ АКСР ХКК қаулысы шығады. Оған сәйкес Қазақ АКСР аумағы шаруашылық типтері бойынша табиғи-тарихи, мәдени-тұрмыстық және экономикалық белгілері көшпелі, жартылай көшпелі, отырықшы аудандарға бөлінеді. Қазіргі Орталық Қазақстан аумағына кіретін аудандардың басым бөлігі жартылай көшпелі типке жатқызылады [279, п.113-114].

Ірі ауқатты байларды өз ауылдастары мен руластарынан толығымен оқшаулау және олардың ықпалын жою мақсатында 1928 ж. 30 тамызында тәркілеуге қатысты тағы да «Тәркілеуге жататындарды жер аудару орындарын анықтау туралы» қаулысы қабылданады. Қаулыға сәйкес Қарқаралы округінен Қостанай округіне, Ақмоладан - Гурьев округіне жер аударылуы тиіс болды. «Тәркілеуге жататындарды жер аудару орындарын анықтау туралы» [279, п.112] қаулысы арқылы кеңестік билік сол кездегі қазақ ауылдарындағы беделді

тұлғаларды мал-мүлкінен айырып қана қоймай, оларды өз туған жерлерінен аластату арқылы олардың ықпалын төмендетуді көздейді. Сонымен екінші кезеңде 1928 ж. көктем, жаз айларында тәркілеудің құқықтық-нормативтік базасы жасалып, тәркілеуді іс жүзінде 20 қыркүйектен кешіктірмей бастау жоспарланады.

Үшінші кезең 1928 ж. 27 тамызынан 1928 ж. қарашасына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезең байларды тәркілеу туралы декрет қолданысқа енгізілгеннен басталып, ОАК мен ХКК 1928 ж. 24 қарашасындағы бірлескен отырысында «байларды тәркілеу аяқталсын және Орталық және барлық жергілікті комиссиялар 1928 ж. 1 желтоқсанынан таратылсын» – деген Қаулысы [280] шыққанға дейінгі аралықты қамтиды. Қазақ қоғамындағы ірі ауқатты топтардың мал-мүлкі тәркіленіп, өздері кеңес үкіметіне жат элемент ретінде жер аударылады. Ауыл-ауылдарға округтық атқару комитетінің уәкілдері жөнелтіледі. Ауылдарда тәркілеу комиссиялары құрылып, олардың міндеттеріне тәркіленетін мал мен мүлікті есепке алу күзету, бөліп беруде бақылау жасау, жер аударылатын байлардың тарапынан қарсы әрекеттер көрсетілген жағдайда округтік, аудандық комиссияларға көмек көрсету, партия мен үкіметтің қаулылары мен нұсқаулықтарын ауыл халқына түсіндіру жұмыстарымен айналысады [84, б.40]. Округтер бойынша шаруашылық типтері бойынша тәркіленген шаруашылықтар саны келесі кестеде көрсетіледі.

Кесте 3 – Округтар бойынша тәркіленген шаруашылықтар [119, б.772].

округтар	Гурьев	Орал	Ақтөбе	Қостанай	Петропавл	Ақмола	Павлодар	Семей	Қарқаралы	Сырдария	Алматы	Қызылорда	Барлығы
жоспар	40	66	60	65	24	45	45	88	58	89	80	40	700
іс жүзінде	24	71	61	65	34	46	33	64	56	106	82	54	696
%	107,5	107,5	101,6	100	141,6	102	73,3	72,7	96,5	119,1	102,5	135	99,4
Ескерту: кесте архивтік материалдар жинағы негізінде құрастырылды. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.1. 1928-1929 / отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 920 с.													

Кесте 4 – 1928 жылғы 27 тамыздағы ОАК мен ҚАКСР ХКК декреті бойынша шаруашылық типтері бойынша тәркілеу мәліметі [119, б.772].

№	Округ атауы	Іс жүзінде тәркіленген шаруашылық саны	Шаруашылық типтері бойынша					
			Отырықшы шаруашы	%	Жартылай көшпелі	%	Көшпелі	%
1	Гурьев	24	-	-	24	100	-	-

2	Орал	71	11	15,5	60	84,5	-	-
3	Ақтөбе	61	20	32,7	41	67,2	-	-
4	Қостанай	65	19	29,2	46	70,7	-	-
5	Петропавл	34	3	8,8	31	91,1	-	-
6	Ақмола	46	28	60,8	18	39,1	-	-
7	Павлодар	33	13	39,3	20	60,6	-	-
8	Семей	64	13	20,3	51	79,6	-	-
9	Қарқаралы	56	-	-	56	100	-	-
10	Сырдария	106	20	18,8	52	49,0	34	32,0
11	Алматы	82	-	-	76	92,6	6	7,3
12	Қызылорда	54	-	-	33	61,1	21	38,8
	Барлығы	696	127	18,2	508	72,9	61	8,7
Ескерту кесте архивтік материалдар жинағы негізінде құрастырылды. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.1. 1928-1929 / отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 920 с								

Кестеде іс жүзінде 696 шаруашылықтың 508-і жартылай көшпелі типтегі шаруашылық болғаны көрсетіледі. Оның ішінде Орталық Қазақстанға аумағына кіретін аудандар 1920- жылдардың соңындағы әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша Ақмола, Қарқаралы округтері құрамында болды. Ақмола округі бойынша тәркілеу жоспары 102% орындалып, оның 62% отырықшы шаруашылық болса, 40% жартылай көшпелі шаруашылық болған. Орталық өңірдегі ірі округтің бірі Қарқаралы округі толығымен жартылай көшпелі шаруашылық типіне жатқызылып, тәркілеу жоспары 96,5% орындалған. Осы жерде тағы бір назар аударатын округтің бірі Петропавлда тәркілеу жоспары 141,6% орындалып, оның ішінде 91,1% жартылай көшпелі шаруашылық тәркіленген.

Округтерде шаруашылықтар ірі және жартылай-феодал ретінде 2 санат бойынша тәркіленеді. 5-кестеде санаттары бойынша мал-мүлкі тәркіленген және жер аударылған шаруашылықтар жөнінде мәліметтер көрсетіледі.

Кесте 5 – Категориялар бойынша тәркіленіп, жер аударылған шаруашылықтар бойынша мәліметтер [119, б.772].

№	Округ атауы	іс жүзінде тәркіленген шаруашылық саны	ірі шаруашылық		Жартылай- феодал шаруашылық		Жер аударылған шаруашылықтар	
			саны	%	саны	%	саны	%
1	Гурьев	24	17	70,8	7	29,1	18	75

5-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
2	Орал	71	56	78,8	15	21,1	71	100
3	Ақтөбе	61	51	83,6	10	16,3	61	100
4	Қостанай	65	55	84,6	10	15,3	61	93,8
5	Петропавл	34	25	73,5	9	26,4	34	100
6	Ақмола	46	37	80,4	9	19,5	43	93,4
7	Павлодар	33	26	78,7	7	21,2	33	100
8	Семей	64	44	68,7	20	31,2	60	93,7
9	Қарқаралы	56	48	85,7	8	14,2	56	100

10	Сырдария	106	88	83	18	16,9	97	91,5
11	Алматы	82	71	86,5	11	13,4	82	100
12	Қызылорда	54	42	77,7	12	22,2	53	98,1
	Барлығы	696	560	80,4	136	19,5	669	96,1
Ескерту кесте архивтік материалдар жинағы негізінде құрастырылды. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.1. 1928-1929 / отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 920 с.								

Кестедегі мәліметке сәйкес республика бойынша іс жүзінде тәркіленген 696 шаруашылықтың басым бөлігі яғни, 560 (80,4 %) шаруашылық ірі болса, 136 (19,5 %) шаруашылық жартылай-феодал шаруашылық ретінде көрсетілген. С. Жакишева проблемалық мәліметтер базасы арқылы алынған сандық көрсеткіш бойынша 1 категория бойынша 65,71%, 2 категория бойынша 19,25% десе, тәркіленген жалпы шаруашылық санын математикалық есептеулер бойынша 1034-1053 шамасында көрсетеді [83, б.86]. Барлық дерлік шаруашылық иелері 96,1 % өз округтерінен тыс жерлерге жер аударылған. (Тек, Гурьев, Қостанай, Ақмола, Семей, Сырдария, Қызылорда округтеріндегі бірлі-жарым шаруашылықтардан басқалары). Орталық Қазақстан аймағы бойынша Ақмола, Қарқаралы округтерінен тәркіленген 102 шаруашылықтың 85 (83,3 %) ірі шаруашылық ретінде тәркіленсе, 17-і (16,6 %) жартылай феодал шаруашылық ретінде тәркіленген. Ақмола округі бойынша шаруашылықтың 93,4% жер аударылса, Қарқаралы округынан 100% шаруашылық жер аударуға жатқызылады.

Тәркілеудің басты шарты ірі ауқаттылардың саяси, экономикалық ықпалын төмендету болғандықтан олардың қолындағы капитал болып табылатын мал-мүлікті тәркілеу маңызды болады. Округтер бойынша тәркіленген мал саны 6- кестеде көрсетіледі.

Кесте 6 – 1928 ж. 27 тамыздағы ОАК мен ҚАКСР ХКК декреті бойынша тәркіленген мал саны бойынша мәлімет [119, б.772].

№	Округ атауы	тәркіленг .шаруаш	тәркіл. Ұсын. мал саны	іс жүзінде тәркілен ді	%	орт. Есеп. 1 шар. тәркіл. деп жосп.	орт. Есеп. 1 Іс шар. жүзінде тәркіл.	%
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Гурьев	24	7063	4957	70,1	176	206	117,0

6 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
2	Орал	71	15410	10310	66,9	218	145	66,5
3	Ақтөбе	61	27230	15018	55,1	453	246	54,3
4	Қостанай	65	17834	13849	77,6	274	213	77,7
5	Петропавл	34	6000	4883	81,3	250	143	57,2
6	Ақмола	46	12142	8829	72,7	269	191	71,0
7	Павлодар	33	3120	2783	89,1	69	84	121,7
8	Семей	64	12000	9113	75,9	136	142	104,4

9	Қарқаралы	56	16027	12702	79,2	276	226	81,8
10	Сырдария	106	48139	24736	51,3	540	233	43,1
11	Алматы	82	33436	18918	56,5	417	230	55,1
12	Қызылорда	54	27571	18376	66,6	689	340	49,3
	Барлығы	696	225972	144474	63,9	322	207	64,2
Ескерту кесте архивтік материалдар жинағы негізінде құрастырылды. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.1. 1928-1929 / отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 920 с.								

Кестедегі мәліметке сәйкес тәркіленген 696 шаруашылықтан 225 972 мал басын тәркілеу жоспарланса, іс жүзінде республика бойынша 12 округтен 144 474 мал басы тәркіленеді. Оның 84 599 мал басы 25 061 кедей-батрак шаруашылықтарына пайдалануға беріледі [301, б.202]. Жоспар Ақмола округі 72,7 %, Қарқаралы округі 79,2 % орындалады. Ж. Абылхожиннің пікірінше, сол кездегі ресми мәліметтердегі сандарға талдау жасалмаса, онда алған мал санының арқасында кедейлер мен батрактар орташа шаруашылықтардың деңгейіне жетіп, олардың әлеуметтік статустары өзгеруі тиіс болған. «Осы тәркіленген мал саны шын мәнінде кедей-батрак шаруашылықтарын шаруашылық жүргізудің қалыпты нормаларына сәйкес келетін мөлшерде қамтамасыз ету үшін жеткілікті болды ма?» – деп сұрақ қояды. Іс жүзінде осы маңызды мәселе барлық жерде орындала қоймағанын айта келе, Ж. Абылхожин Қарқаралы округі бойынша келесі мәліметтерді келтіреді: бұл округте тәркіленген малды 198 малсыз шаруашылыққа берілген, 1374 шаруашылықта 1-ден 5 басқа дейін мал басы болса, 6-7 мал саны бар шаруашылық саны 27 болған. Бұл шаруашылықтарды шаруашылық жүргізуге қажетті нормадағы (нұсқаудағы норма бойынша малы жоқ шаруашылыққа 12 бас мал берілуі керек болды) мал санымен қамтамасыз ету үшін 12 139 бас мал керек. Қорытынды материалдарда ол шаруашылықтарға 7065 мал берілген, яғни, малсыз шаруашылықтарды нормаға сәйкес мал санымен қамтамасыз ету үшін 5 мың мал басы жетіспеушілігі көрсетіледі. Басқа округтерде де осыған ұқсас жағдайлар болған» – деп көрсетеді. Тәркіленген мал саны шаруашылықтарға толық жетпеген [211, б.203]. Тәркілеуге жауапты уәкілдер нақты қолда бар мал басын тексермеген. Бұған дейінгі кеңес билігінің түрлі науқандары, оның ішінде астық дайындау, салық салу т.б міндеттемелерді орындау барысында халық қолындағы малын сатқан. Сондықтан тәркілеу кезінде тәркіленуі тиіс шаруашылықтардың көп бөлігінде мал басы үкімдегіден аз қалса, басқаларында мүлдем ештеңе қалмаған [156, б.25]. Тәркіленген малдар ұрланған. Тәркіленіп, елге үлесіне сәйкес бөлінген мал басын халық күтіп бағалауға мүмкіндігі болмағандықтан, оны сойып алып, қарыздарын өтеуге және салық төлеуге жұмсады. Т.Р. Рысқұлов «кедейлерге малды ғана беріп қоймай, оларға басқа да көмек түрлерін көрсету керек»– деп атап өтеді [211, б.204].

Осылайша, тәркілеу науқаны тек қазақ халқының дәстүрлі құрылымына ғана соққы беріп қана қойған жоқ, сонымен қатар дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне алғышарт жасайды.

Орталық және Солтүстік Қазақстан аймақтарындағы тәркілеу науқанының қорытындылары кесте арқылы көрсетіледі. (Кесте 7)

Кесте 7 – 1928 ж. декрет бойынша Ақмола, Қарқаралы, Петропавл округтеріндегі тәркілеу қорытындылары [119, б.772].

Округ атауы	тәркіленген шаруашылық саны	%	Шаруашылық типтері бойынша				ірі шаруашылық		Жартылай-феодал шаруа		Жер аударылған шаруа		тәркіленген мал саны		орта есеппен 1 шаруашылыққа
			Отырық	%	Жарт. көшпелі	%	саны	%	саны	%	саны	%	саны	%	
Ақмола	46	102	28	62	18	40	37	80,4	9	19,5	43	93,4	8829	72,7	191
Қарқаралы	56	96,5	-	-	56	96,5	48	85,7	8	14,2	56	100	12702	79,2	226
Петропавл	34	141,6	3	12,5	31	129,1	25	73,5	9	26,4	34	100	4883	81,3	143

Ескерту кесте архивтік материалдар жинағы негізінде құрастырылды. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.1. 1928-1929 / отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы: Атамұра, 2021. – 920 с.

Орталық және Солтүстік Қазақстан аумағындағы үш округта тәркілеу науқаны бойынша жоспар Ақмола округінде 102%, Қарқаралы округінде 96,5%, Петропавл округінде 141,6% артығымен орындалады. Шаруашылық типі бойынша тәркіленгендердің басым бөлігі жартылай көшпелі аудандарға тиесілі: Ақмола округінде 40%, Қарқаралы округінде 96,5%, Петропавл округінде 129,1% жартылай көшпелі шаруашылықтар тәркіленеді. Категориялары бойынша Ақмолада 80,4%; Қарқаралыда 85,7%; Петропавлда 73,5% ірі шаруашылықтар тәркіленген. Іс жүзінде Қарқаралы округінде бір шаруашылыққа орта есеппен 226 бас малдан келген. Кестеде берілген мәліметтер тәркілеу науқанының мәжбүрлі сипатта жүргізілгенін айқындайды.

Тәркілеуге сол кездегі белгілі әулеттер мен ықпалды тұлғалар іліккен. Мысалы, Қарқаралы округі бойынша Ақайдың Хасені, Ыбырай Ақаев, Баянауыл аумағынан атақты Шормановтар жатқызылады. Қу ауданының №1 ауылының тұрғыны қоғам қайраткері, меценат, ықпалды тұлға Ақаев Хасеннің 1928 ж. 10 тамыздағы жағдай бойынша оның жеке іс парағында келесідей мәліметтер беріледі: «үйленген, отбасында 5 адам бар. Жартылай көшпелі шаруашылығында 1230 ірі қара мен 700 бас ұсақ малы, 1 соқа, 5 арба және 3 қыстауы бар. 20 батраққа дейін пайдаланған. 15 жыл бойы болыс басқарушы болып, 3 шекпенмен марапатталған. Ақаев өзінің шаруашылығын үшке бөліп, бірінші бөлігін Кент болысындағы әйелінің бауыры Адильхановқа, екіншісі өзінің баласы Ақаев Сейітке, үшінші бөлігін өзіне жаздырған. Іс жүзінде шаруашылық басшысы Хасеннің өзі болып табылады» [281, б.32-33]. Осы айыптауларға сәйкес Х.Ақаевті 1 топқа жатқызып, шаруашылықты бөлшектегені үшін барлық мүлкін тәркілеп қамауға алады. Оның тәркіленген

мал-мүлкінің саны туралы мәліметте «ірі қараға ауыстырғанда 671 бас мал, оның ішінде жылқы - 537, ірі қара мал -15; түйе -3, қой - 584 » деп көрсетеді. Осылайша, Х. Ақаев 1928 ж. 2 қазанда ОГПУ тарапынан тұтқындалып, РКСФСР ҚК 58-10 бабы бойынша айыпталады. 1931 ж. Қызылжарда қайтыс болады [282].

Абай облысы мемлекеттік архиві қорларында Х.Ақаевқа қатысты Қызылордадан Семейдің прокурорына жіберілген №379 жеделхатта: «Ақаев Хасенді босатпаңыздар» делінсе, екіншісінде оның жұмысқа жарамсыз ретінде мерзімін қысқарту мен сырқаты бойынша босатудан сот бас тартатындығы көрсетіледі [283, п. 20-21]. Соған қарағанда оның тарапынан жазылған өтініштер қабылданбаған. Ол тек, 1989 ж. 26 сәуірінде КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 16.01.1989 ж. Жарлығы бойынша ақталады [284].

Осы өңірінде тәркілеуге ұшырап, жер аударылған беделді ауқатты тұлғаның бірі – Ы. Ақпаев болды. Оның айыптау істеріндегі құжатта: «Қарқаралы округі бұрынғы Берікқара болысы №3 ауылының қазағы, 65 жаста, Қарқаралы ауылшаруашылық мектебінде оқыған, үйленген, отбасы 6 адамнан тұрады. Шаруашылығы – жартылай көшпелі, 270 ірі қара 250 ұсақ малы бар, 1 шөп шапқыш бар» деген мәліметтер келтіріледі. 1901-1917 жж. аралығында Берікқара болысын басқарған. Кейбір зерттеулерде 55 жаста, жанұя құрамы 8 адам деп көрсетіледі [151, б.47-58]. Жеке іс қағазында Мемлекеттік Дума мүшесі, 1917-1919 жж. Алашорда Кеңесінің мүшесі болғаны айтылады. «1918 ж. Алашорда отрядын құрып, Алашорда полковнигі Тохтамышовтың қарамағына жібергені үшін генерал Лукин атаман Анненков арқылы 13/8-18 ж. Ыбырай Ақпаевты алтын медальмен марапаттағаны көрсетіледі. Ыбырай өзі ру ішінде ғана емес, бұрынғы Қарқаралы уезінен тыс жерлерде де беделді болып табылады. Қазіргі кезде өз беделін топтастыру әрекеттерінде пайдалануда. Салықты азайту мақсатында шаруашылығын бөлшектеп, бір бөлігін ұлы Ғабдул-Ахметке жазған. 1926 ж. Ақпаев шабындық жерлерді бөлу кезінде уәкілге өз ықпалына ала отырып, өзіне тиесілі жер учаскелерін алып қалған. Ауылдық кеңес құрамына өзі жақтырмайтын адам келсе Ақпаев кедейлердің атынан жалған арыз жазып отырған» деп, салық нысандарын жасырғаны үшін барлық мал-мүлкін тәркілеу туралы үкім шығарылғаны көрсетіледі [371, б.57]. Ы. Ақпаевтың тәркілеуден өзі ғана емес сонымен қатар Ташкентте, Мәскеуде оқып жүрген балалары да зардап шеккен. Архив қорларында олардың оқуларын аяқтауға мүмкіндік беруді сұраған өтініштері, жеделхаттары сақталған.

С. Тоғамбековтың өлкентанулық зерттеуінде Қарқаралы округіндегі Кент өңіріндегі №9 ауылдан Райымберлі баласы Спатайды тәркілеу туралы естелік беріледі. «Спатайдың барша мал-мүлкін, жиһазын есепке алып, өздеріне тиісті 17 бас ірі қара және басқа да ұсақ малдардын беріп, соттың үкімімен 1928 ж. қараша айының 17 күні Қостанайға жер аударады. Байдың малы әркімге өз үлесіне қарай бөлініп беріліп, дүниесі елге таратылады. Қолындағы азын-аулақ малға болмаса, басы артық малды ұстауға дайындығы жоқ болғандықтан елдің көбісі бөліп берген малды күтіп-баға алмағандықтан сойып алады.

Спатайларды Қостанайға барған соң қайтадан тәркілеп, ауылдан алып кеткен малдарын да үкімет тартып алады. Бір сұмдықтың боларын білгендей мал таратылардан бұрын асыл заттарының біразын қолдан тіккен мәсіге тығып, және малды сатып, ақша жасап оны киімнің арасына қоса тігіп алады. Сонымен күн көреді. Қостанайдан Кемерге барады да, соғыс біткеннен кейін Қарағандыға келеді. Өзі 87 жасында Қарағандыда қайтыс болады [238, б.100-101]. Жоғарыда Х. Ақаев, Ы. Ақпаев, С. Райымберлі кәмпескеге ұшыраған ауқаттылар мысал ретінде алынған тәркіленгендердің бір бөлігі ғана, шын мәнінде қазақ даласы бойынша тәркіленген ауқаттылар да, орташалар да көп болды, тіпті олардың араларында «байлардың жақтастары» деп айыпталған кедейлер болған.

Қу ауданының тумасы Көкен Белгібаеваның тәркілеу науқаны жөнінде естелігі: «Әкем Зікірші атақты күйші Тәттімбет Қазанғапұлымен бірге туысқан Жақсымбеттің баласы еді. Ата-бабадан қалған байлығында 1800-дей жылқысы, үш мыңға тарта қойы болды. Жайбарақат өмірімізді өрттей жалмап, 1928 жылдың кәмпескесі келді. Малдың барлығын айдап, Едірейдегі бауыр еліне әкетті. Әкемізді айдап апарып аудандағы түрмеге жапты. Біздің мекендейтін ата-жұртымыз Мыржық жері болатын. Осы жерден әкелерімізді басқа тұтқындармен қосып Архангельскідегі түрмеге апаратын болды. Ал бізді бай-манаптың тұқымы бұл жерде тұрмауы керек деп, Қостанайға жер аударды. Осындай азапты күндердің бірінде белсенділердің бірі жеңгелеріміздің бұрымын кесіп алыпты. Ондағысы шашының арасына тығып алтын әкетіп бара жатыр ма деген ойы екен. Бізде талғажай ететін ас та табылмайтын. Ауданнан біраз жер алып шыққан соң, бізді қайда барсаңдар онда барыңдар деп қоя берді. Сөйтіп жылап-сықтаған бойы жаяулап, жалпылап жүріп кеттік. Жолда қалған егіннің орнындағы мақсаты теріп жеп күнелттік. Сол жерден бізді Тәттімбеттің Тасмағанбет деген інісінің баласы, өзіміздің жақын туысымыз Кәкібай келіп алып кетті. Содан Қостанайдан бірақ шығып, темір жол бойына жұмысқа түстік» [106, б.83-85]. Естеліктегі жеке тұлғаның тағдыры арқылы кеңестік аграрлық және репрессиялық саясаттың отбасылардың тағдырына тигізген әсері көрінеді; әке мен отбасының малынан, жерінен айырылуы, тұтқындалуы, жер аударылуынан сол кезеңдегі әлеуметтік шиеленіс пен билік механизмдерінің адамдарға тигізген нақты зардаптары айқын көрінеді.

Тәркіленген ауқаттылардың ықпалын жою, өз туыстарынан біржола алшақтату мақсатында 1928 ж. 30 тамызда «Тәркілеуге жататындарды жер аудару орындарын анықтау туралы» қаулы қабылданады. Қаулыға сәйкес Қарқаралы округінен тәркіленген ауқаттылар Қостанай округіне жер аударылуы тиіс болады. Қарқаралы өңірінен Қостанайға жер аударылған байлардың 1929 ж. 15 қыркүйектегі жағдай бойынша тізімі 8 кестеде беріледі [285, б.100-102].

Кесте 8 – Қарқаралы өңірінен Қостанайға жер аударылған байлар туралы мәлімет [285, б.100-102].

№	Аудан атауы	Жер аударылған отбасылар саны	Отбасы мүшелерінің саны	ескерту
1	Аманқарағай	7	44	-
2	Наурзым	10	39	4 отбасы мүшелерінің саны көрсетілмеген
3	Торғай	16	78	2 отбасы мүшелерінің саны көрсетілмеген
4	Жетіғара	12	76	
5	Қайыңды-Қумақ	11	74	1 отбасы мүшелерінің саны көрсетілмеген
	Барлығы	56	311	
Ескерту: кесте мақала негізінде құрастырылды. Козина В.В., Джумабеков Д.А. «К вопросу о проведении кампании по конфискации байских хозяйств в Казахстане» // XX ғ. 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай қуғын –сүргін тарихы: жаңа мұрағат деректері және зерттеулер. халықаралық ғыл.-тәжір. конф. материалдары. – Қарағанды: Қарағанды университетінің баспасы, 2023. – 350 б				

Кестедегі тізімге сәйкес, Қарқаралы округінен Қостанай округінің 5 ауданына 311 адамнан тұратын 56 бай отбасымен және адам саны белгісіз 7 отбасының жер аударылған [285, б.100-102].

Ақмола округінен Гурьев округіне жер аударуға жатқызылған тәркіленген ауқаттылар тізімінде 52 адам көрсетіледі. Азат ауданынан – 4, Еркеншілдік – 5, Ақмола– 14, Атбасар – 6, Қарағанды – 6, Қорғалжын – 6, Асанқайғы – 5, Ауданы көрсетілмеген – 6 адам. Тізімде 5 әйелдің аты-жөні бар. Кестеде отбасы мүшелерінің саны көрсетілмеген [125, б.165-167]. Бұл жер аударылғандардың тек бір бөлігі ғана болуы мүмкін. 1 – кестедегі мәліметтерде бұл округтен жалпы саны 46 шаруашылық тәркіленгені көрсетіледі.

Тәркілеген отбасы мүшелері комиссияға жер аударудан босату туралы арыз-өтініштер жазып, туған жерлерінде қалу амалдарын жасаған. Қарқаралы округі Шет ауданының тұрғыны Бәкен Ахмет әйелінің 1928 ж. қараша айында күйеуінің тұтқында болуына байланысты балаларымен Қарқаралы қаласында қыстап шығуды сұрап жазған өтініште: «Сіздерден өтініп сұрарым, мені Қарқаралы қаласына қыстатсаңыз екен, себебі, қолымда ақша, азық-түлік жоқ. Бұл ғанебін естеріңізге салып, күйеуім тұтқында жатыр. Егер мені түсінсеңіздер, тұтқын үйінен күйеуім Ахмет Аманбайұлын шығарсаңыздар, егерде күйеуім Аманбайұлын тұтқын үйінен қалдырып, мені кешірмесеңіздер, балалары жолшыбай қырылып қалуы мүмкін. Болмаса менің байым Ахметтің алынған малдарының саны қазірге айтылып отырған кәмпескеленген байлардың малының 10-ның біріне де келмейді. Әділеттік сұраймын. Сіздерден өтінішпен сұрарым, осы Қарқаралы қаласында қыстасақ екен, себебі, көшуге өздеріміз жетім бала, жесір қатынбыз. Азық жоқ болғандықтан, кешірсеңіздер, шиеттей жас балалар 1,2,3 жасындағы. Қостанай округіне жеткенше өліп қалуы мүмкін және ат-түйелеріміз жоқ. Өкіметтің берген кеңдігінен үміт етеміз. Осы жоғарыдағы кемшіліктер естеріңізге салып, Қарқаралы қаласына қыстасақ екен деп қол қоямын» – деп өзінің мүшкіл халын жеткізеді [117, б.686-687]. Бірақ, 1928 ж. 18 қарашада Қарқаралы округтік комиссиясы бұл арызды қарастырып, өтінішті қабылдамау жөнінде қаулы шығарады.

Жоспарды орындау, жетіспейтін пайызды алу, ірі деп танылған байларда мал саны заң бойынша қабылданған мал санына жетпеген кездерде уәкілдер көбінесе бірнеше отбасы мүшелерін біріктіріп жібереді. Байлардың малының санын нормаға жеткізу үшін шаруашылықтарды бір-біріне жалған түрде қосады. Қарқаралы округі Қу ауданы №1 ауылдан Ақаев Мақаттың 13 ірі қара малы мен 10 қойы тәркіленіп, отбасындағы 9 жанмен ағасы Ақаев Хасенмен Қостанайға жер аударылады. Комиссия шешіміне шағымданып ол РКСФСР Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық комиссары атына арыз жазады. Арызда ол Х. Ақаевқа ешқандай қатысының жоқтығын, 50 жылдай шамасында бөлек тұратындығын көрсетеді [285, б.102].

Қарқаралы округі №1 ауыл тұрғындары Жақып Тукушев, Кәрім Жақыпов, Рахила Хамитова арыздарында да осыған ұқсас мәлімет келтіріледі. Тәркілеу науқаны кезінде ірі қараға ауыстырғанда 80 бас мал бар Жақып Тукушев бай қатарына жатқызылып, мал-мүлкі тәркіленуге жатқызылған. 1928 ж. 27 тамыздағы декрет бойынша тәркіленуге малы жетпегендіктен бастапқы кезеңде тәркіленетіндер тізімінен алынып тасталады. Бірақ, 10 күннен кейін оны тәркіленетіндер қатарына жатқызу мақсатында уәкілдер 5 жылдан бері бөлек тұратын оның ұлы Кәрім Жақыповтың шаруашылығы мен 1919 ж. бері бөлек тұратын қайтыс болған ұлының әйелі Рахимова Хамитованың шаруашылығын қосып жібереді. Осылайша, шаруашылықтарды қосқанда мал санын 150-ге жуықтатып, тәркіленіп, өздері Қостанай округіне жер аударылады. Арызданушылар 1928 жылдың наурыз айында оларды 62- бап бойынша жауапқа тартқанын айтып, халық соты шаруашылықтар заң жүзінде де іс жүзінде де бөлек екенін белгілегеп берсе де, шаруашылықтарды біріктіріп жібереді [286, п.113-114].

Осындай шаруашылықтарын біріктіріп жіберген тағы бір мысал ретінде Қарқаралы округі Шет ауданы №1 ауылдан Жүсіп Қыдырбаевтың енші алып кеткен балалары Серік Жүнісов, Күлжамила Жүсіпкеліні, Ақан Жүсіповтің шаруашылықтары біріктіріліп, өздері жер аударылады. Төрт отбасының мал саны жылқы - 359, қой - 530, түйе - 21, сиыр - 11 деп көрсетіледі. Тәркілеуге негіздеме ретінде жеке ісінде: «Патша үкіметі кезінде болыс билеушісі болған. Халықтың арасында беделді, малдарын маусымдық пайдалануға бергендіктен кедейлерге ықпалы жүреді. Балқаш болысындағы барымташылыққа қатысқан. Алаш-Орда үкіметі кезінде Жақып Ақпаевтың отрядын жігітпен және жылқымен қамтамасыз етті» – деп мінездеме береді. Комиссияның қорытындысында шаруашылық бірге тұратын ұлдарының арасында бөлшектелген деп есептеліп, жазған арыздары «қабылданбайды» [155, б.24].

Тәркілеуден аман қалудың жолдары ретінде кейбір ауқаттылар өздерінің малдарын туыстарына таратып береді. Семей облысы Қайнар ауылының Түлкілі деген жерінде дүниеге келіп, Қарқаралы ауданы Ақтерек ауылында тұратын Ш. Ақпарова сұхбат барысында: «Әке-шешем қазақ заманында бар болған, ауқатты адамдар болды. Олар ештеңе көрген жоқ. Тек қана орыс келгенде малын кедей туыстарына жазып берді де аман қалды әкем. Әкем оқыған адам болған. Көп малды халыққа, туған-туыстарына таратып берді.

Сондықтан әкем орыс келгенде тәркілеуге жатпады. Орыстың тісі батпады, оқыған орысша білді» – деп еске алады [241]. (Қосымша Ә).

Ауқатты деп танылған топтардың негізгі бөлігі тәркіленген соң, жоспарланған шаруашылық санына жеткізу мақсатында орта шаруалар да байлар қатарына жатқызылады. Қ.Мұқашқызы естелігінде: «Менің әкем Қадауов Мұқашты және балалары Баймағанбет пен Шаймағанбетті қоса сол байлардың тізіміне жатқызыпты. Белсенділер ауылға түсе қарай келді. Ауылдағы елдің бәрін далаға шығарып алып, ауыл тұрғындарына, менің әкем мен ағаларымды қолдарындағы малдары мен үйдегі дүниелерінің кәмпескеге жататынын, өздерін байлардың қалдығы ретінде Қарқаралыға айдап апарып түрмеге қамап, сол жердегі милицияларға тапсырылатынын хабарлады. Үйдің ішіндегі іске жарайтын дүниелерді далаға алып шығып ортаға үйіп қойды. Біреулері атқа міне салып өрісте жүрген малдарды қуалап айдап келіп қораға қамап қойды. Әкеммен ағаларымды қылмыс жасап кісі өлтірген адамдардай милициялар елге жолатпай үшеуін анадай жерге көздерін жаутаңдатып, бөлек тұрғызып қойғаны адамның жанына батады екен. Анадай жерде елден шеткері, жүздері жабырқап істерге лаж таба алмай жеке тұрған ағкем мен әкемнің бір күнде бейшара болып қалған түрлерін көргеннен кейін ішім удай ашып, және оларға жаным ашып Ағке, деп айқай салып, жылап жандарына бармақшы болып жүгіріп бара жатыр едім, жаңағы белсенділердің біреуі былай кет, олар үкіметтің жауы, оларға жолауға болмайды деп зекіп, мылтықтың дүмімен бір қойғанын қалай ұмытайын. Құдай сақтай гөр. Бұл пендешілікті қойсаңшы, күні кеше ғана ағайындасып жүрген адамдар, колма-қол өзгеріп бүгін бір бірін жау деп айтуға қалай дәттері барады десейші....» – деп, әкесі байлардың қалдығы ретінде тізімге іліккенін баяндайды [238, б. 109-110]. Бұл естелік нақты бір отбасы мысалында кеңестік биліктің ешкімді аямағанын, қорқыныш-үрей адамдардың арасындағы әдеттегі туыстық, әлеуметтік байланыстарға әсер еткенін көрсетеді.

Тарихшы Н.А. Бейсенбекова анасы Зейнеп Рақымбайдан әкесі орта шаруа болса да, тәркілеуге ұшырғанын естіген. Анам былай деген: «1928 ж. үкімет келді (совет) де, бар малды тартып ала бастады (яғни байлардың малын конфискациялау саясатын айтқаны). Менің әкем – Рақымбайдың да орташа шаруашылығы: 20 шақты қой ешкісі, 5 сиыр, 2 бие және жайлауға көшкенде ғана мен мінетін көк жорға аты бар болатын. Осының бәрін тартып алып жатқанда, көк жорға атымның шылбырына жабысып, жылап: «бермеймін!» дегенімде, бір әскерше киімі бар қазақ жігіті мені итеріп жібергенде, құлап қалып жыладым. Күлжамила анам жан ұшырып маған қарай жүгіргенде, әлгі қазақ оны да кеудесінен итеріп: «контра-жау!» деп айқайлады. Малды алуға ауыл шетінен комиссия келе бастағанда, анам бір оралған түйіншекті қазан ошақтың астындағы күлге көміп жатқанын байқап қалған едім, кейіннен малды алушылар үйді түгел астан-кестен шашып, бірдеңелерді іздеп, тапқандарын алып кетіп қалды. Не керек, ішерге ас, киерге киім қалдырмады. Олар кеткен соң, анам әлгі қазанның астынына жасырған түйіншегін алып маған көрсеткенде, мен таң қалдым, оның ішінде тай тұяқ күмістер мен сақина

сырғалар болды. Соларды аштық басталғанда бидайға айырбастап, жан сақтадым ғой [138, б.307]. Автордың жеке естелігінде 1928 ж. байлардың мүлкін тәркілеу науқанының нақты әлеуметтік және психологиялық әсері көрініс тапқан. Отбасы мүшелерінің қорқынышы мен қайғысы арқылы кеңестік репрессиялық саясаттың тигізген ауыр зардаптары айқын сипатталады.

Шет ауданы мемлекеттік архивіндегі прокуратура құжаттарында араб графикасы негізінде жазылған өтініштерде бай тұқымы, үкіметке қарсы, жеке шаруа ретінде айыптауларды алып тастау туралы арыздары кездеседі. Арыздардың бірінде Шет ауданы №3 ауыл тұрғыны Мәлике Ақбала әйелі бай тұқымы ретінде қаралып, 61 баппен 5 жылға сотталаған күйеуін және өзін жекешеден босатуды сұрайды. Арыз дәлелсіз ретінде аяқсыз қалдырылады. Келесі арызда Шет ауданы, 8-інші ауыл азаматы Әдіш Ахметұлы бай болмаса да, кісі еңбегін жемесе де, би-болыс болмағанын айтып, өзін 1930-шы жылы жекеше қатарына алынып, босатуды сұрайды. Шет ауданы, №10 ауыл азаматы Оқа Сәттібайұлы да өзінің орта шаруасы бар патша кезінде бай, болыс, би болмағанын жалшы еңбегін пайдаланбағынын, жекеменшік жерінің жоқтығын баяндап, 1930 –шы жылы қолымда барлығы ірі – уақ 12 жылқы, бір түйе, бір сиыр, 3 қой бар, үй - ішінің жаны жеті кісі. Кеңес үкіметіне қарсы болатын бай – құлақ емес, нақақтан – нақақ белгілі бай – құлақтың қатарында атаусыз кетіп бара жатқаным» – деп арыз жазады. Алайда, Оқа Сәттібайұлы бидің баласы, ұжымдастыруға дейін 600-700 жылқысы, 20 түйесі, 1000 қойы болған және патша үкіметінен марапат алған деп көрсетіліп, РКСФСР ҚК 58-7, 58-8 баптары бойынша 3 жылға бас бостандығынан айырып, еңбекпен түзеу лагеріне қамалады. Ұсталған уақытта қыстауы, киіз үйі, 9 жылқысы, 1 түйесі, 1 сиыры, 4 қойы болғандығы айтылады [287, б.113].

Осылайша тәркілеу науқаны кезінде өрескел заң бұзушылықтарға жол беріледі. Уәкілдер түрлі айла-әдістер арқылы тәркілеу жоспарын орындаған. Жер аударылғандардың арыз, өтініштеріне өкілетті органдар назар аудармаған. Тәкілеуге көмек көрсеткен округтік комиссиялар тарапынан арыз-шағымдар шындыққа жанаспайды деп танылып, қабылданбаған.

Төртінші кезең 1928 ж. күзі мен 1932 ж. дейінгі аралықты қамтиды. Бұл кезең тәркілеуге қарсылық көрсету, одан құтылудың жолдарын қарастыру шараларынан тұрады. Тәркілеу басталған кезден бастап қарсылық көрсетудің алдын алу мақсатында билік органдары тарапынан шаралар қабылданады. 1928 ж. 12 қыркүйекте Қазақ Өлкелік комитеті «Тәркілеуге қарсы шыққан байлармен күрес жөніндегі шаралар туралы» Қаулы қабылдайды. Қаулыға сәйкес округтік комитеттерге тәркілеуді өткізуге бүкіл партиялық ұйымның назары аударылады. Байға қарсы бүкіл ауылды біріктіріп, ауылдың қалың бұқарасы арасында үгіт-насихат жұмыстарын барынша өрістетіледі. Тәркілеуді өткізуге қарсы байлар мен атқамінерлерді ГПУ органдары бойынша шұғыл түрде қамауға алу қарастырылады. Декретке бағынбай, тәркілеуге белсенді түрде қарсы тұратын байлар мен атқамінерлерді қылмыстық қудалау және ҚАКСР шегінен жер аудару туралы қаулы жариялауға Қазақ Орталық Атқару комитеті мен ХКК тапсырма беріледі [227, п.26]. Қаулыға Қазақ ОАК төрағасы

Е.Ерназаров пен ХКК төрағасы Н. Нұрмақов қол қойып, 1928 ж. 13 қыркүйекте қабыладанады [119, б.393]. Осылайша, қазақтың ауқатты, беделді топтарына жүргізіліп жатқан науқанға өздерінің наразылықтарын білдіруге мұрша берілмейді.

Тәркілеуден аман қалу үшін кейбір кулактар малдарын сатып жібереді. Бұл жөнінде Миньков ауылдық кеңесі төрағасына Промышленный ААК төрағасы жіберген хатта кулактардың малын сатуға тосқауыл қою қажеттігі көрсетіледі [288, п.46]. Үкіметтік директивалық құжаттарда өз мүліктерін таратып, сататын кейбір бай-кулак шаруашылықтардың жер аударылғаннан кейін жер телімінен айрылатыны туралы халыққа хабарлау және олардың тұрғылықты жеріне Раймилиция арқылы хабар беру арқылы жауапкершілікке тарту шаралары қарастырылғаны айтылады [288, п.58].

Қазақтың ірі ауқатты топтары тәркіленіп қана қойған жоқ, оларды халыққа «жау» ретінде көрсетіп, беделін түсіру көзделеді. Қазақстан ОАК Президиумының 1928 ж. 8 тамыз және 5 қыркүйектегі «Қазақстанның барлық еңбекшілеріне» Жолдауында, баспасөз беттерінде және аудандық бюро мен ауылдық Кеңестердің төрағаларына жіберілген хаттарда: «Кеңес өкіметінің іс-шарасы тек ауылдың кедей топтарының мүддесі үшін өткізіледі» деген пікірді туғызады. Сол арқылы кедей топтарды байларға қарсы күреске итермелеп, билік халық арасында оларға деген жалпы жеккөрушілікті қалыптастырады [289, б.75]. Мысалы, ҚАКСР үкіметінің БКП(б)ОК мен БОАК тәркілеу бойынша науқанын жүзеге асыру қорытындылары туралы мәлімдемесінде: «Берікқара ауданы №3 ауылдың кедейі Омар жиналысқа келген бай Жантоеишевты бұл жерде саған орын жоқ, сендердің түптеріңе жетеміз деп қуып шығады» [119, б.784]. Осылайша, бұқара халықты ауқаттыларға қарсы қойып, оларды тәркілеуді жүзеге асыруда өздерінің қолшоқпарына айналдырады.

Тәркіленетін шаруашылықтарды уыстарынан шығармау, мүмкін болатын қарсыластықтардың алдын алуда ОГПУ органдары жағдайды бақылауларында ұстайды. Жоғары тұрған органдарға берілген хабарлама, мәлімдемелерде ауқатты топтар арасында тәркілеу науқанына малды жаппай сату, сойып жеу, шекара асып көшіп кету арқылы қарсыластық әрекеттер жасалып жатқаны баяндалды. Қазақ Өлкелік комитеті ақпараттық-статистикалық бөлімінің тәркілеу барысы туралы мәліметтерінде байлардың әрекеттері кеелсідей баяндалады: «Қарқаралы округі бойынша ақпараттара Алашордалықтардың Берікқара ауданының байларына Мәскеуге барып, арыз-шағым айтуды ұйымдастыруға ұсыныс жасағаны баяндалады. Мәлімдемеде Сатыбалдин деген адамның атына Жақып Ақпаев хат жазып, онда Новотроицк қаласында жылқы малының бағасы туралы хабар беріп, жол қауіпсіз Қызылордаға дейін 15 күнде жетуге болатындығын мәлімдейді. Ақпаевтың хатын алғаннан кейін Қарқаралыдағы жер аударуға жататын кейбір тұлғалар өз жылқыларын Новотроицкқа айдап әкетуге әрекет жасаған. Шет ауданында Калабаев пен Акбывауловтар (архив материалында осылай жазылған – авт.) байлар мен орта шаруашылықтар тәркіленетіні жөнінде қауесет таратады. 3 учаскенің халық

тергеушісі Ақпаевқа оның мал-мүлкі тәркіленетіндігі туралы хабарлағаннан кейін ол 15 қыркүйекте 4 жылқы мен 15 қойды базарға сатқан» [119, б.544-545]. Көрнекті мемлекеттік қайраткер С. Садуақасов та өлкелік партия комитетінің пленумдары мен конференцияларында: «байға қол тигізбейік. Үркітпейік қайта жуандармен теңдестірейік, ауылдың шаруашылық құрылысына ұрынбайық азамат татулығын сақтайық.... «менің ойымша қазақ ауылда тап осы күні бектің дәуірі жоқ. Менің білуімше, орыс ауылы қазір қандай күйде болса, қазақ ауылының жәйі де сондай-ақ. Екі орталарында айырмашылық аз» – деген пікірде болады [191]. Бұл мәліметтер тәркілеу науқаны кезінде байлардың мүлкін сақтау үшін малдарын басқа жерге шығару және сатуға әрекет жасағанын, сондай-ақ интеллигенция өкілдері тарапынан ауқаттыларға көмек әрекеттерін көрсетеді.

Тәркілеуге қарсылық ретінде елден шекара асып кетуге мәжбүр болады. Қазақ қоғамын отырықшыландырудың алғашқы кезеңі ретінде жоспарланған науқан, шын мәнінде, халықтың көші-қонын азайтудың орнына, оны арттырып жібереді [20, б.111].

БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы О. Исаев 1928 ж. 14 қазанда Петропавл ОГПУ бөлімдеріне тәркіленетін байлардың Сібір өлкесінің кейбір аудандарына қоныс аударуына байланысты шараларды қарастыру жөнінде жеделхат жолдап, тәркілеуден қашып шекаралас аймақтарға көшкен шаруашылықтарға қарсы әрекеттерді қолданады [119, б.577].

Прокуратура мәліметтерінде байлар «орман, тауларға», қалаларға қашуы жаппай сипат алғаны мәлімденеді. Тіпті байлармен бірге өз шаруашылықтарын тастап, кедейлер мен орташалар да кеткені айтылады. [290, п.10-26].

Қарқаралы аудандық бөлімінің бастығы Дроздов: «Қарқаралы округінде салынып жатқан құрылыс, мысалы: Қоңырат, Көктас-Жартас, Қазмедстрой, темір жол құрылысы-көп жұмыс күшін қажет етеді. Науқан барысында тәркіленген кулактар мен байлар сол жерлерге жұмысқа тұра бастаған, сол жерде біртіндеп олар одаққа кірген. Менің ақпаратым бойынша Берікқара барлау партиясының құрамы 50% дейін қала кулактарынан тұратын таптық-жат элементтен тұрады. Қоңыратта да тура осындай жағдай. Байлар жұмысқа орналасып қана қоймай, партиялар олардың қаладағы отбасыларын азықпен қамтамасыз етіп отыр. Сондай-ақ, теміржол құрылысына да кулактар пен байлар тартылған. Құрылысқа кулактар мен байларды алу рұқсат етілмейтін құбылыс деп есептей отырып, Окрпрофсоветтен айтылған мәселелер бойынша шұғыл шаралар қабылдауды сұраймын» – деп мәлімдейді [291, п.6]. Ауқатты топтардың қайда барса да, қудалауға ұшырап, тығырыққа тірелгені байқалады.

Тәркілеу науқаны барысында Қарқаралы округінде бірқатар заң бұзушылықтар мен асыра сілтеушіліктер тіркеледі. Архивтік мәліметтерге сәйкес, кейбір аудандарда уәкілдер әйелдерді күшпен жазалап, тұрмыстық заттарын тәркілеу арқылы тартып алған; мал сатуға рұқсат етілмегендіктен, олардың орнына ыдыс-аяқ, киім және басқа да материалдық құндылықтарды алған. Ұқсас жағдайлар Берікқара және Шет аудандарында да кездесіп, Шұбартау ауданының бірнеше ауылында уәкілдер азаматтарды күш көрсету

арқылы мүліктен айыру әрекеттерін жасаған. Нәтижесінде Қарқаралы округі бойынша ресми емес мәліметтер бойынша 40 107 асыра сілтеу оқиғасы тіркелген, оның ішінде 18 адамға партиялық сөгіс қолданылған, 5 уәкіл жұмыстан шығарылған, 14 уәкіл сотқа беріліп, жауапқа тартылған [291, п.27]. Бұл құжаттар тәркілеу науқаны кезінде құқықтық нормалардың жиі бұзылғанын және уәкілдердің билікті асыра пайдалану жағдайларын көрсетеді. Уәкілдер көбінесе күш қолдану, мүлікті тәркілеу және әлеуметтік қорқыныш арқылы өз позицияларын жүзеге асырды. Тәркілеу науқаны тек экономикалық шара емес, билік құрылымындағы субъективтік шешімдер мен әлеуметтік шиеленістердің көрінісі болды.

Тәркілеуге қарсылық көрсету жағдайлары ОГПУ-дың Қазақстан бойынша тәркілеу науқанының барысы туралы 1928 ж. 5 қазандағы ақпаратында: «Қарқаралы қаласынан солтүстік-батысқа қарай 400 верст жерде 8 винтовкамен, аңшы мылтықтарымен қаруланған 200-ге дейін адамнан тұратын банда жиналған. Банданы Аманбаев пен бұрын барымташыларды ұйымдастырған Абдикеев пен Кенчимов басшылық етіп отыр, сонымен қатар оның құрамы Қарқаралы округі аудандары мен көршілес округтерден байлар мен жігіттермен толығып жатыр. Банданың мақсаты қарулы қарсылық көрсету арқылы байлардың мал-мүлкін кәмпескелеуді және оларды жер аударуға жол бермеу. Банданың әлеуметтік-таптық құрамы белгісіз. Бірақ, банда құрамында кедейден шыққан жігіттер көп екені белгілі. Бұнымен қоса Қарқаралы округі Шет ауданының кедейлері мен батрактарының едәуір бөлігі байларды жақтап отыр» – деп мәлімдеме береді [119, б.511]. Ақпаратта Ақмола округі Нұра болысының байы Асайбай Қандыпаевты әкесі Ахметшармен бірге «уақыт өте келе мал-мүлікті тек байлардан алып қоймайды, кедейлерден де алады, әрбір 10 ірі қарадан бір бас, әр 20 ұсақ малдан бір мал алады» – деп өсек-аяң таратты деп айыптайды [119, б.518].

Қазақ өлкелік БКП(б) бақылау комиссиясының III Пленумының 1929 ж. 18 қазандағы резолюция жобасында Қазақстандағы ірі байлар мен жартылай феодалдарды тәркілеу қазақ ауылдарын жартылай феодалдық, патриархалдық және рулық байланыстардан азат ету мақсатында жүргізіліп жатқан шара ретінде қарастырылғаны атап өтілген. Науқан партия ұйымдарындағы қазақтар санының өсуіне, оның әлеуметтік құрылымының түпкілікті өзгеруіне, бірқатар коммунистердің байлармен байланыстыратын туыстық қатынастарды үзуге жағдай жасайтындығын көрсетеді [275, п.11-13]. Бұл құжаттық мәлімет тәркілеу науқанының тек экономикалық мақсаттармен шектелмей, қазақ ауылдарының әлеуметтік құрылымын өзгерту және партиялық кадрлар арасындағы туыстық байланыстар арқылы байлармен ықпалды қатынастарды жою саясатының бір элементі болғанын көрсетеді.

Осылайша, Қазақстанда конструктивті аграрлық саясатты іздеу әрекеттері байлар мен кулактарды «қоғамның жауы» ретінде жоюға бағытталған тәркілеу науқанына, мал-мүлікті тәркілеу, саяси қуғын-сүргін, тұтқындау, соттау және жер аудару сияқты репрессивтік шараларға айналды. Қазақтың шаруашылық құрылымының күйреуі ашаршылыққа алғышарт қалыптастырды.

Тәркілеу жоспары бойынша Орталық Қазақстан аудандары жартылай көшпелі типке жатқызылды. Қарқаралы округінен шаруашылықтар Қостанай округіне жер аударылды. Тәркілеуді «шолақ белсенділер» жүзеге асырды. Тәркіленетін байлардың тізімі үнемі өзгертіліп отырды округтік комиссиялар декрет баптары бойынша мал саны жетпеген жағдайда бір категориядан екінші категорияға ауыстырған. Тәркілеуге жетіспейтін пайызды алу, байлардың малының санын нормаға жеткізу үшін шаруашылықтарды бір-біріне жалған түрде қосып жіберді, орта шаруаларды байлар қатарына жатқызды. Кейбір ауқаттылар өздерінің малдарын туыстарына таратып беріп, тәркілеуден аман қалды. Қоғамда бірін-бірі көрсету, жала-жабу, кек алу етек алды. Уәкілдер тәркілеу жоспарын орындау үшін түрлі айла-әдістерге барды. Тәркіленіп, жер аударылғандардың арыз, өтініштерін өкілетті органдар тарпынан қарастырылмады. Қазақтың шаруашылық құрылымының күйреуі ашаршылыққа алғышарт қалыптастырды.

Осындай ауқымды мәжбүрлі шаруашылық науқан Орталық Қазақстан өңірінің ауыл шаруашылығына нұқсан келтіріп, қазақ тарихындағы 1930-жылдардағы апаттағы жағдайға әкелді.

2.3 Орталық Қазақстандағы ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру үдерістері

Ауыл шаруашылығын ұжымдастыруға коммунистік партияның 1927 ж. XV съезінде бағыт алынады. Ұжымдастырудың мақсаты жеке шаруа қожалықтарын ұжымдық шаруашылықтарға – колхоздар мен совхоздарға біріктіру арқылы экономиканың аграрлық секторын түбегейлі қайта құру болды.

И. Огайон Қазақстандағы ашаршылықтың себептерінің бірі ретінде ұжымдастыру, мен отырықшылыққа көшіру (седентаризация) науқандарын көрсетсе, [15, б.206-207] Р. Дэвис, С. Уиткрофт ашаршылықтың экономикалық, әлеуметтік салдарын зерттеу нәтижесінде Қазақстандағы ашаршылыққа себеп болған өзара байланысты фактордардың ішінде ұжымдастыру мен қазақ халқын отырықшылыққа көшіру науқанын көрсетеді [16, б.329-332].

1929 ж. желтоқсанда Қазақстан Өлкелік комитетінің пленумы БКП (б) ОК Пленумының шешімдерін орындау жолдарын талқылап, көшпенділердің отырықшы өмір салтына көшуі ұжымдастырудың қажетті шарты ретінде шешіледі. Қазақстан Өлкелік комитетінің қаулысына сәйкес 1930 ж. қаңтарына қарай 566 мың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың 544 мыңы отырықшы болуға тиіс болды [15, б.46]. Ұжымдастыру идеясы мал шаруашылығын егіншілікке немесе стационарлық мал шаруашылығына айналдырумен байланысты болады. Көшпелі мал шаруашылығы артта қалған, тиімсіз шаруашылық түрі ретінде қарастырылып, жою көзделедін.

Ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшірудің басты мақсаты ретінде көшпелі шаруашылықтың жойылуы жөнінде Ж. Абылхожин келесідей: «Неліктен ол жойылды? Неге дәл 1930-жылдары, мысалы, 1950-жылдары емес? Егер Сталин режимінің қазақ ауылының прогресімен шындап алаңдауы туралы

мифтерге тереңдемей, мәселенің нақты себептеріне тоқталатын болсақ, онда 1930-жылдарға арналған күшпен отырықшыландырудың себебі негізінен индустриализациямен байланысты екенін айту керек. Бұл кезеңде өнеркәсіптік модернизацияға қажетті қаржы мен ресурстарды жинау мақсатында астық экспортына деген сұраныс айтарлықтай өсті. Қала құрылысы мен тұрғындар санының өсуі де астыққа деген қажеттілікті арттырды. Бұл жағдай көшпелі мал шаруашылығының жерлерін астық егу үшін пайдалану мүмкіндігі туралы иллюзияны туғызды. Режимнің жоспарлары тіпті аридтік аймақтарды да қамтыды: сол кезде ауыл шаруашылығының халық комиссары болған Яковлев Солтүстік Қазақстанда 55 миллион гектар егіншілікке жарамды жердің бос тұрғанын мәлімдеген. (Карлагтағы ауыл шаруашылығы зертханалары тіпті астық өндірісін экстрааридті Орталық Қазақстанға дейін кеңейту мүмкіндіктерін зерттеген)» – деп тұжырым жасайды [292, б.22]. Бұдан ұжымдастырудың неге XX ғасырдың 30- жылдарына тура келгенін ұғынуға болады.

Қазақстанда ұжымдастыруды жоспар бойынша 1932 ж. көктеміне дейін аяқтау керек болса, жартылай көшпелі және көшпелі далалық аймақтарда ұжымдастыруды 1933 ж. аяғында аяқтау міндеттелген болатын. Бірақ, Өлкелік комитет қаулы-қарарларында ауылшаруашылығын ұжымдастыруды 1931 ж. соңына дейін толық аяқтау міндеті қойылады [80, б.3]. Осындай шешімдердің нәтижесінде Қазақстанда ұжымдастыру күштеу әдісі арқылы жүргізіледі. Орталық Қазақстан аймағы да әміршіл-әкімшіл жүйенің тегеурінен тыс қалмады.

Қазақ ауылында ұжымдастыру үдерісі көшпелі және жартылай көшпелі халықты күштеу арқылы отырықшыландырумен қатар жүзеге асырылады. Кеңестік зерттеулерде бұл пафоспен «көшпелі ауылды әлеуметтік прогресс рельстеріне жаппай көшіру» деп көрсетілді [292, б. 22].

Қазақстанда, әсіресе оның мал шаруашылығы аудандарында ұжымдастыру аумақтық және әлеуметтік ерекшеліктерімен өткізіледі. Мал шаруашылығы басым шоғырланған Орталық Қазақстан (пайдалы жерлердің 58%) бұл процесті қарқынды түрде бастан өткеріп, бұнда 1928-1929 жж. аралығында ауылшаруашылық кооперативтерінің саны едәуір өсе түседі (939-дан 1666-ға дейін). Бұдан таза көшпенді аумақтарға қарағанда ұжымдастыру үдерісі жартылай көшпелі аймақтарда жылдам жүргені көрінеді [15, б.129-130].

Жергілікті басшылық жоғарыдан келіп түскен нұсқаулар мен директиваларда берілген жоспарды асыра орындау, процентті көтеру жолында жан аямай жұмыс жасайды. Нәтижесінде БКП (б) ОК-нің 1930 ж. 5 қаңтардағы шешіміне сәйкес Қазақстанда ұжымдастыру күш қолдану әдістерімен жүргізіледі. Бұл фактілерді архив қорларында сақталған құжаттардағы мәліметтер айғақтай түседі. 1930 ж. 5 қаңтарда БКП (б) ОК және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «Ұжымдастыру қарқыны және мемлекеттің колхоз құрылысына көмек көрсету шаралары туралы» қаулысы шығады. Сөйтіп, колхоздарға адамдарды жинау және мәжбүрлеу басталады. Ұру-соғу, қоқан-лоққы көрсету, жазықсыз жазалау шаралары жиі қолданылады. Мысалы,

БКП(б) Қарқаралы округтік комитетінің 1930 ж. 14 сәуірдегі қорытындысында: «...Берікқара ауданындағы колхоз құрылысына жауапты уәкілетті өкіл колхозға адамдардың еркінен тыс, күштеп енгізді. Шет ауданында да осындай жағдай байқалады бұнда ОАК уәкілі Баибеков халықты егер сіз колхозға кірмесеңіз, Кеңес өкіметіне қарсы боласыз деп қорқытып-үркіткен, ал кедей Нұрмағамбетовке колхозға енгісі келмейді деп хаттама толтырған» – деп хабарланады [173, п.26]. Бұл фактілер сол кездегі әртүрлі органдар тарапынан жіберілген уәкілдердің асыра сілтеушіліктерін, қазақтың дәстүрлі көшпелі шаруашылық жүйесін және жүргізіліп отырған шараның мәнін дұрыс түсінбегенін дәлелдейді.

Зерттеулерде ұжымдастыру үдерісінің күштеу, қорқыту-үркіту арқылы жүргізілгені «ұжымдастыру алдымен қорқытып, артынан өзіне иек артып, соңынан күшті қолданып іске асырылды. Бұл жөніңде мына мысал: ауыл жиналыстарында ұжымдастыру жүргізушілер: «*кім колхозға кіргісі келеді*» деудің орнына, тапаншасын ойнатып: «*кім қарсы*!» деу, немесе қорқыту мақсатында әдейі басынан жоғары ату, аязда шешіндіріп, қарда жалаң аяқ жүргізу кеңінен тараған» - деп атап өтіледі. [91,б.176].

М.С. Жакин зерттеуінде Шет өңіріндегі ұжымдастыруда белсенділердің қоқан-лоқы көрсету, қорқыту іс-әрекеттеріне: «Осы оқиғаларды саралап қарасақ іс-әрекетіне есеп беруден қалған, есірік шалған белсенділердің өзін де, есін алған, артынан төніп тұрған күштен қорқу сезімі билеп тұрғандай. Ел басындағы Голощекиннен бастап, ең соңғы қолына тапанша ұстаған жандайшапқа дейін бұл үрейден ада емес. Олар да пенде ғой. Бұлардың іс-әрекетін басқаша түсіну мүмкін емес» - деп баға береді [271, б.184-198]. Автор ұжымдастыру науқанының жергілікті деңгейде жүзеге асырылуын талдай отырып, басқару жүйесінде қалыптасқан саяси қысым мен жауапкершіліктен қорқу жағдайын ерекше атап өтеді. Орталық биліктің нұсқауларын асыра орындауға ұмтылған жергілікті басшылар мен белсенділер нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайды ескермей, әміршіл-әкімшіл әдістерге жүгінген.

Қарағанды облыстық мемлекеттік архивының қорындағы аудандық атқару комитеті құжатында кеңестік құрылыс бойынша 1931 ж. берілген мәліметтерінің ауданда колхоздарды ұжымдастыру бойынша келесі цифрлық мәліметтер беріледі: 01.06.1930ж. - 8%; 01.10.1930 ж. -27.7%; 01.11.1930 ж. - 34.4%; 01.01. 1931 ж. -54.4%. «1931 жылдың 1 шілдесінде 143 колхоз, оның ішінде 9184 шаруашылық болса, осы жылы 2 қазанда 138 колхоз 9522 шаруашылық болған. Бұл ауыл тұрғындарының ұжымдастырудың 95% құрайды. Аудандық жоспар бойынша 1931 жылдың аяғында тек халықтың 70% ұжымдастыру көзделгені баяндалады [293, п.170]. Құжатта берілген мәліметтен ұжымдастырудың қандай қарқынмен жүргенін байқауға болады. Бар болғаны бір жылдың ішінде жоспар артығымен орындалған. Ауданда ұжымдастыру стихиялы түрде жүргізіліп, колхоздарда өндірістік жоспар болмаған. Мысалы, сол кездегі жергілікті органдардың құжаттарында «Тәркілеу нәтижесінде алынған малдарды колхоз не істеу керектігі туралы нақты нұсқаулар жоқ, ал колхоздағы малдар күзетілмейді. Колхозға кірер алдында малды ысырап ету

жағдайлары барлық аудандарда бар, мал 60-65 пайызға ысырап болуда, колхоздардың көпшілігінде жұмысқа жарамды мал басы дұрыс азықтанбағандықтан көтерем болған. Тәркіленіп, колхозға берген малдарда күтім жоқ, өліп жатыр» [173, п. 26] деген фактілер келтіріледі. Бұл материалдардан көшпелі шаруашылықпен айналысатын халықты бірден отырықшыландырудың салдары қандай болғанын және билік органдарының көшпелі өмір салтын ұстанатын шаруашылықтың ерекшеліктерін ескермегендігін анық көруге болады.

Колхоздар стихиялы түрде дайындықсыз ұйымдастырылғанын 1930 жылғы 24 сәуірдегі құжатта: «нәтижесінде екі колхоз ұйымдастырылды, бұл ретте Егінді колхозында 49 шаруашылық, 247 жан басы бар, ірі 86 жылқы, ұсақ 82 жылқы, 72 сиыр, 81 түйе, 877 қой, 269 ешкі және бірде-бір ауыл шаруашылығы құралы жоқ. Колхоз не істейтінін білмей отыр. Колхоздың басқарма төрағасы Акимбеков халықтың колхозға қорыққанын кіргенін айтады. Біз бір жерде отыра алмаймыз, айналамыз шөл дала, егістік жер жоқ, су жоқ... колхозшылар малды жаппай соя бастады... Енді аштан өлмеу үшін қалай өмір сүру керектігін ойлау керек... Абыралы ауданында малдың толық ортақтастырылуына байланысты колхоздың кедейлері аштыққа ұшырауда»-деп жазылады [173, п.32-35]. Бұл жағдай халықтың шарасыз күйін айқын көрсетеді, өйткені колхоздар ұйымдастырылғанымен, халықтың отырықшылық жағдайында шаруашылық жүргізу тәжірибесі болмаған, қажетті құрал-саймандармен қамтамасыз етілмеген.

Қарқаралы ОГПУ бөлімінің аудандық прокурорына жазған хаттарында колхоздарды ұйымдастыруда жергілікті атқарушы биліктің қызметін асыра пайдалану фактілері, колхоз төрағаларының басқарудағы кемшіліктері көрсетіледі. Мысалы, Бидайық колхозында төраға Н. Захаров тарапынан колхозға алынған өнімдер мен тауарларды дұрыс бөлмей өзіне көбірек алып, кейде тіпті азық-түлікті колхоз мүшелеріне бермеген. Колхоз мүшелері оның әрекетіне наразы болғанымен, колхоздан шығып қалудан қорыққан [294, п. 54]. Қорқыту, колхоз төрағаларының озбырлығы, колхоз шаруашылығын өз пайдасына қолдану, халыққа берілген көмекті дұрыс бөліп бермеу де халықтың ашаршылыққа ұшырауына ықпал еткен.

ОГПУ органдарының тарапынан өз қызметтерін асыра пайдалану жағдайларының болғанын құжаттар айғақтайды. Солардың бірі 1932 жылғы 17 қаңтардағы ҚАКСР бойынша ОГПУ органдарының ағымдық кезеңдегі жұмысы мен міндеттері туралы ақпараттың 2 қосымшасында ОГПУ органдары қызметкерлерінің жазалау саясатының асыра сілтеу фактілері ретінде келесі ақпарат беріледі: «1931 жылы шілде айында Шет ауданы ОГПУ аудандық бөлімінің бастығы Сычевтың басшылығымен тергеусіз, сотсыз 8 адам атылған. Бұдан басқа 1931 жылдың көктем айынан бастап ОГПУ органдары қызметкерлері ғана емес аудандық кеңестік партия қызметкерлері де Шет ауданында адамдарға ату жазасын қолданған фактілері бар. Осы кезеңде шамамен 30-40 адам атылған. Сычев пен аудандық партия қызметкерлерінің бірқатары тұтқындалып, тергеу жүріп жатыр» – деп баяндалады [121, б.74].

Осы мәлімет туралы жазушы К. Жүністегі сұхбатында айтады. Ол «Құба бел» романының «Апат» деп аталатын екінші кітабындағы ГПУ-дің бастығы Шишов деген орыстың шын фамилиясы Сычев, оның үш-ақ кластық білімі бар. 1931 ж. сәуір айында осы Сычев бастаған қанішерлер жаппай кісі атып жатқанда, солардың арасынан Шойынбек деген жігіт қашып шыққан. Ол сол бетінде Алматыға барып, алашордашыл Қарсыбектің Ғайнолласына жеткен. Елде болып жатқан сұмдық оқиғалардың бәрін айтқан. Алматыда алаштың азаматтары үлкен мәселе көтеріп, қалған азаматтарды сақтап қалуға жан-жаққа телеграмма салып, мына сұмдықты тоқтату үшін арпалысқан. Солардың, Алашорда жігіттерінің, тікелей араласуы арқасында Сычев тергеуге түскен. Сот оны 5 жылға соттаған екен. Бірақ оны Омбыға барған жерінде босатып қоя берген. Ол болған оқиға. Міне, романда жазған адамдардың есімдері кітапқа сол қалпы кірді. Бұл тарихи роман» – деп айтып өтеді [138, б.351].

Ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық ахуалды көрсететін архивтік деректерде, мысалы, 1932 ж. Қарқаралы ауданы халық сотының құжаттарында малға күтім жасалмауы, оны жаппай сою және азықтандырудың жеткіліксіздігі салдарынан ауру мен көтеремдіктің өсуі тіркелген; сондай-ақ, мұндай әрекеттерге жол берген тұлғалардың қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны, жергілікті өкілдердің колхоз шаруашылығын ұйымдастыру тәжірибесінің жеткіліксіздігі, мал-мүлікті ортақтастыру мен астық-ет дайындау науқандарының шаруаларды малды союға мәжбүрлегені көрсетілген. Билік органдары тарапынан мемлекеттің саясатына қарсы, қасақана іс-әрекет ретінде бағаланып, репрессиялық шаралар қолданылады. Қарқаралы аудандық сот және прокуратура органдарының құжаттарында малды қасақана сою деректері бойынша бірқатар тұлғалардың қылмыстық жауапкершілікке тартылғаны көрсетіледі. Атап айтқанда, Макенбаев Аукетай, Якупов Ахматулла, Баяндин Егимбай, Манаков Федор, Ынтыкпаев Омар, Байжанов Кенже және өзге де азаматтардың істері РКФСР Қылмыстық кодексінің 79-бабының 1-тармағы негізінде қозғалып, қарау үшін Қарқаралы аудандық прокуратурасына жолданған [295,п.52]. Аталған нормаға сәйкес малды әдейі сою, оны қасақана жарамсыз ету немесе өзгелерді осындай әрекетке итермелеу арқылы ұжымдастыру саясатына нұқсан келтірді деп танылған тұлғалар жауапқа тартылған. Тергеу материалдарында айыпталушылардың бірқатары өздеріне тиесілі немесе қарауындағы малды азық-түлік тапшылығы салдарынан союға мәжбүр болғанын көрсеткен.

Заң жүзінде малды сойып жеуге тосқауыл қойылғанмен де малдардың қырылу фактісі тоқтамаған. Малдарды ортақтастыруда жем-шөппен қамтамасыз етпей, ақырында ортақтастырылған малдар көтерем болып, аштықтан қырылады. Мысалы, «Хорошевск ауданы бойынша 60 ірі қара мал, 100 қой дайындалды, Союзмясо ұйымына 5 рет осы малдары алуы туралы өтініш еткенде олар бас тартты. Малдар өз салмағын жоғалтып жатыр. 5 бас мал аурудан өлді. Хорошевскіде Союзмясо үшін дайындалған тағы да 150 бас мал бар, одан да бас тартып отыр. Малдың қырылуы жалғасып жатыр. Малды азықтандыруға шөп те, қора да жоқ»- деген мәлімет келтіріледі [294, п. 81].

Ұжымдастырудың стихиялы түрде жүруі нәтижесінде қазақ халқының негізгі күнкөріс көзі мал басының кемуі халықтың аштықтан бас сауғалап жаппай мәжбүрлі босып, аштықтан қырылуына себеп болады.

Жергілікті ерекшеліктер ескерілмей, ұжымдастыру мен көшпелі халықты отырықшылыққа көшіру саясаты әкімшіл-әміршіл әдістермен жүзеге асырылады. Бұл жағдай, әсіресе, көшпелі және жартылай көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ қоғамына ауыр зардаптарын тигізді. Т. Алланиязов Қарсақпай өңіріндегі колхоз құрылысының, әсіресе 1930 ж. бастапқы кезеңіндегі елеулі сәтсіздіктерді қажетті алғышарттар мен мүмкіндіктердің болмауымен, ұйымдастырушылық және техникалық дайындықтың жеткіліксіздігімен байланыстырады [113, б.204]. Зерттеуші көшпелі шаруашылықтың ерекшеліктерін білмеу, көшпелі халықты «социалистік жүйеге» көшіру міндеттерінің шамадан тыс күрделілігі сияқты мәселелерге ерекше назар аударады. Бұл тұжырым ұжымдастыру саясатын талдауда сыни ұстанымды көрсетіп, оның директивтік сипатын және өңірдің нақты әлеуетіне сәйкес келмегенін айқындай түседі. Дәстүрлі шаруашылық үлгілері ерекше тұрақты орта – Орталық Қазақстан жағдайында, мұндай қателіктер ауыл өміріне іріткі салып, мемлекеттік бастамаларға деген сенімнің әлсіреуіне себеп болды.

Ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіру мәселесіне арналған отандық және шетелдік ғылыми еңбектер мен архивтік құжаттарды қарастыру нәтижесінде, аталған үдерістерді жүзеге асыру барысында аймақтарда көптеген асыра сілтеушіліктер мен қателіктерге жол берілгені анықталды.

Біріншіден, жергілікті жерлердегі кеңестік органдар мен партия ұйымдары ұжымдастыру мәселесін дұрыс ойластыра алмады, ұжымдастыруға жауапты округтік, жергілікті уәкілдер мәселенің мән-жайын білмеді. Жұмысшы-шаруа инспекциясының колхоздарды тексеру нәтижелері туралы баяндамасы бойынша РКФСР Халық комиссарлар кеңесі 1930 ж. 5 мамырда Қаулы қабылдайды. Қаулыда колхоздастыру қозғалысы бірақатар ұйымдастырушылық кемшіліктер мен жергілікті органдардың үкімет пен партияның директиваларын бұрмалауы (коммуналарды ұйымдастыруда еркітілік принципін бұзу) жағдайларына тап болғанын атап өтеді. Солардың ішінде көптеген колхоздар осы уақытқа дейін ауыл-шаруашылық артелінің жаңа жарғысына көшірілмеген; ұйымдастырушылық және өндірістік-қаржылық жоспарлар әзірленбеген; ұлттық құрамы әртүрлі аудандарда ұжымдастырылған халықтың ұлттық ерекшеліктері жеткілікті ескерілмегені осы шараның кемшіліктерін айқын көрсетеді. [138, б.89].

Бұндай жағдайлар Қазақстанның барлық өңірлеріне тән болған. Р. Киндлер де зерттеуінде архив материалдарынан алынған мәліметтерге сүйене отырып, ауданнан ауылдарға ұжымшар құрылысы туралы хабары жоқ уәкілдер жіберілгенін атап өтеді. Бір уәкілдің әкелген нұсқауы екіншісінікіне кереғар келіп, бір-бірінің айтқанын жоққа шығаратын болған. Ал, халық болса, кімнің айтқаны дұрыс екенін білмей, ұжымдастырудың мәні мен мағынасын түсінбеген [21, б.162].

Колхоздардағы малды ортақтастыру мәселесі де ойластырылмаған. Ауылдық, аудандық уәкілдер ғана емес, тіпті округтік уәкілдердің де түсінігі болмаған. Соның нәтижесінде Шет ауданында мал толығымен ортақтастырылса, Берікқара ауданында 50%-ға ортақтастырылып, Қу ауданында бір шаруашылыққа 8 қой, 1 сиырдан берілген [173, п.26]. Бұл мәлімет колхоздардағы малды ортақтастырудың жүйелі түрде жоспарланбағанын және оның іске асырылу деңгейінің ауданнан ауданға мүлдем әртүрлі болғанын көрсетеді, бұл жергілікті уәкілдердің тәжірибесіздігі мен ұйымдастырудағы кемшіліктерін айқындайды.

Ортақтастырылған малдың күтіміне мән берілмеген. Бұл туралы да архив құжаттарында келесідей мәлімет келтіріледі: «Тәркілеу нәтижесінде алынған малдарды колхоз не істеу керектігі туралы нақты нұсқаулар жоқ, ал колхоздағы малдар күзетілмейді, өліп жатыр. Колхозға кірер алдында малды ысырап ету жағдайлары барлық аудандарда бар, мал 60-65 пайызға ысырап болуда, колхоздардың көпшілігінде жұмысқа жарамды мал басы дұрыс азықтанбағандықтан көтерем болған» [173, п.26]. Деректерден көшпелі шаруашылықпен айналысатын халықты бірден отырықшыландырудың теріс салдарлары және билік органдарының көшпелі өмір салты мен шаруашылық ерекшеліктерін толық түсінбеуі айқын көрінеді.

Сонымен қатар колхоздардағы колхоз мүшелері арасында бөлінбейтін капиталды ұйымдастыру туралы мәселе де дұрыс пысықталмаған. Уәкілдер бұл мәселе бойынша да түрлі түсінік қалыптастырған. Бұндай жағдай әсіресе Шет ауданына тән болған. Округтағы уәкіл Мергембаев колхоздардағы бөлінбейтін капиталды 50% деп көрсетсе, уәкіл Шиенбаев бөлінбейтін капиталды 25% мөлшерінде анықтаған. Округтық Живсоюздың уәкілі осы ауданда бөлінбейтін капиталды 25% мөлшерінде белгілегенмен, округтық уәкіл Исагулов колхоздарындағы бөлінбейтін капиталды 50% мөлшерінде белгілеген [173, п.47].

Колхозға біріктірілген халықтың қолында қажетті құрал-саймандар да болмаған. Мысалы, ОГПУ-дың жедел №3 участок басшысы Чупиннің ОГПУ бастығы мен Шұбартау ААК төрағасы атына 1930 жылдың 28 сәуірінде жіберген жеделхатында Шұбартау ауданының №9 ауылындағы жинап алынған 180 пұт тұқымдық астық бар болғанымен, ауылда бірде бір соқа, тырма жоқ. Ауылдық кеңес төрағасы Рахметчин аудан орталығы соқа, тырма жіберу уәде беріп келе жатқанын мәлімдейді. Ауылдық кеңес астықты не істерін білмей отыр, аудан орталығы тарпынан осы жағдай байланысты ешқандай нұсқау бермегенін хабарлайды [173, п.60].

Ф. Голощенин 1930 жылдың 13 сәуірдегі Ұжымдастыру, кулактар, байларды тап ретінде жоюмен байланысты партия саясаты жөніндегі жазбасында әрбір өңір мен ұлттың ерекшеліктерін ескеру қажеттілігін атап өтеді. Қарқаралы округінен алынған мысалдар ұжымдастыру мен егіс науқандарындағы қалыптасқан тәсілдердің мал шаруашылығына зиян келтіріп, жергілікті жағдайларды ескермеуін көрсетеді. Голощекин мұндай әрекеттерді «бассыздық» және партия бағытын бұзу деп айыптайды. Сонымен қатар

Қарқаралы округі егіс алқабын 22,6% - ға кеңейтуді көздейтін өңірлік жоспардың болуына қарамастан, өз жоспарымен егіс алқабын жүз пайызға жуық кеңейтуді көздеген. Осы округта жалпы 52,2% шаруашылық ұжымдастырылса, ал, көшпелі Абыралы ауданы бойынша 80%, жартылай көшпелі Берікқара ауданы бойынша 84% шаруашылық ұжымдастырылғаны көрсетіледі [173, п.42-43]. Осылайша, ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіру үдерісіндегі қателіктер мен бұрмалаушылықтарды жоғары басшылық та жоққа шығармайды.

Екіншіден, колхоздар мен серіктестіктердің ұйымдастыру бағыттары мәселесі анықталмаған. Қарқаралы округіндегі отырықшылыққа көшіру бойынша жұмыстардағы кемшіліктер туралы ПП ОГПУ-дың 1930 ж.10 тамыздағы ақпаратында округтегі теріс фактілер көрсетіледі. Округтік ұйымдар отырықшылыққа көшіру бойынша дайындық жұмысын жүргізбеген. Қоныстандыру орындары мәселесі қарастырылмаған, нәтижесінде қоныстаныдыру орындары ретінде таңдап алынған жерлер зерттелмеген. Шұбартау ауданында 1500 га аумақта мелоративтік жұмыстар жүргізілген. Бірақ, суландыру бойынша құрылыстар қолданысқа берілмеген. Қоныстандыруға белгіленген бірқатар жерлерде құрылыс материалдары, жұмыс күші мен азық-түліктің жоқтығы салдарынан құрылыс, мелоративтік жұмыстары тоқтап қалған. Окрзу жергілікті жерлердегі материалдық базаны ескермеген.

Балқаш, Берікқара аудандарында жоспар бойынша қарастырылған 11 қора, 2 астық қоймасы, 2 машина сарайы, 2 ұстахана, 1 агропункт құрылысы салынбай қалады. Дайындау-түсіндіру жұмыстарының жоқтығынан халық отырықшылыққа көшуге дайын емес. Егін егетін, шөп шабатын жерлермен қамтамасыз етілмеген. Кейбір аудандарда (Берікқара) қоныстандыру орындары ретінде ыңғайсыз жерлер таңдап алынады.

Халықтың отырықшылыққа көшуіне ұйымдастырудағы қателіктер емес, байлардың кедергі жасап отырғанын сылтау етеді. Мысалы, Балқаш ауданының №8 ауылы бай туыстарының ықпалынан 108 колхозшы отырықшылыққа көшуден бас тартқан. Себеп ретінде егістік-шабындық жерлердің жоқтығын сылтау еткен. Кейін ықпал етіп отырғандарды оқшаулаған соң колхоз отырықшылыққа көшу туралы қаулы қабылдаған. Берікқара ауданында халықтың отырықшылыққа көшуге деген ұмтылысы байқалады. Бұнда отырықшылыққа көшкісі келетін 973 шаруашылық бар деп көрсетеді [135, б.166]. Шын мәнінде отырықшылыққа көшіреміз деп, халықты сусыз, құнарсыз жерлерге қоныстандырып, халық шарасыз күйген түскен.

Үшіншіден, халықтың арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілмеген, ұжымдастыруды жүзеге асыру бойынша нақты нұсқаулар болмаған. Халық колхоздың не екенін, оның ерекшелігін де білмеген. Кеңестік органдар қандай формадағы ұжымдық шаруашылықты құруды көздейтінін, әрі оған қалай қол жеткізбек екенін айтылмаған. Салдарынан жергілікті басшылық «гигантоманияға» бой алдырып, ұжымдық шаруашылықтар неғұрлым ірі әрі қағаз жүзінде мінсіз болуға тиіс деген ұстаныммен әрекет етеді. Бұл шынайы

жағдаймен етене байланысы бар жоспарларға қарағанда әлдеқайда көбірек зиян әкеледі. Ұжымдастыру мен кулактарды тап ретінде жою шараларын жүзеге асыруға байланысты орталықтың тиісті нұсқаулар бермегенін қарапайым қателік ретінде бағалауға болмайды. Керісінше, бұл жағдай белгілі бір стратегиялық ұстанымның көрінісі ретінде қабылданады. Оның басты мақсаты – жергілікті кадрларды мүмкін болғанның бәрін жасауға итермелеу арқылы жедел нәтижелерге қол жеткізу және сол арқылы осы «максимумның» шегін айқындау еді. Ауыл шаруашылығын ұжымдастыру ісінде өз өңірінде ерекше белсенділік танытқан жергілікті басшылар ұжымдастырудың мән-маңызын толық түсінбесе де «кем істегеннен гөрі артық кеткен дұрыс» ұранын басшылыққа алады [11, б.62].

1932 ж. 24 маусымдағы Нұра ауданы бойынша ұжымдастыру, отырықшылыққа көшіру туралы ақпаратта 1932 ж. 1 маусымындағы жағдай бойынша Нұра ауданындағы 3594 шаруашылықтың 1028-і еуропалық, 2566-сы қазақ шаруашылық деп көрсетіледі. 963 еуропалықтың шаруашылық, 2490 қазақ шаруашылығы артелге біріктіріледі. Оның ішінде халықтың еуропалық бөлгігі 93%, қазақ бөлігі 90-93 % ұжымдастырылғаны туралы мәлімет береді [138, б.161].

Ауылдарда ұжымдастыруды жүзеге асыру үшін белсенді ретінде студенттерді де жұмылдырады. Ол туралы белгілі ғалым Ш. Шокин естелігінде оның Қарқаралы техникумында оқып жүрген кезінде білімді, алғыр жас ретінде байлары тәркіленбеген ауылға жұмсайды. Кеңес билігі оларды қазақ ауылдарында ешкім танымайды, сондықтан бай-кулактарды тәркілеуде оларға ешкім кедергі келтіре алмайды деп есептеген. Ауыл адамдары Ш. Шокинді суық қарсы алып, оны өлтірмекші болып, ол әрең қашып құтылады [296, б.24-41] Р. Киндлер «ұжымдастыруды орындаушылар да қауіпсіз күйде болмаған және тек өзіне сенген жағдайларда жергілікті қауымға қарсы тұра алмаған. Ауызбіршілігі бар ауылдарда күштеу, қорқыту-үркіту, абстрактілі нұсқаулар мен директивалар сияқты большевиктердің ойлағандарындай нәтиже бермейтін» - деген қорытындыға келеді [21, б.163].

Ұжымдастырумен қоса жүрген кулактарды жою науқаны отбасылардың тағдырында да өшпес із қалдырып, аналар балаларынан көз жазып қалып, өмір бойы іздеумен өткен. Осындай бір естеліктерімен Р.Смагулова әкесі С.Мұхамеджанов туралы баяндайды: «Мұхамеджанов Смағұл Егіндібұлақ ауданында тұрып 60 қойы, 15 жылқысы, 10 сиыры болған. 1931 жылы оны кулак ретінде тәркілеп, дүние-мүлкін тіпті тұрып жатқан киіз үйін де тартыпы алып, әйелі Хазиза, енесі мен ұлымен (5-6 жасар) далада қалады. Туыстарына оларға көмек көрсетуге тыйым салады. Ауылдан кетуге мәжбүр болып, Қарағандыға бет алады. Жолда баласын жоғалтып, енесі қайтыс болады. Күйеуімен тек 5 жыл өткен соң 1937 жылы жолғады» [138, б.392]. Ұжымдастыру тек дәстүрлі шаруашылық жүйені бұзып қана қойған жоқ, жеке отбасылардың өміріне әсер етіп, олардың әлеуметтік және туыстық байланыстарын бұзды.

Кеңес үкіметінде ұжымдастыру науқаны кезіндегі қателіктер, асыра сілтеушіліктер шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылады. Кеңестанушы Ш. Фицпатрик ұжымдастыруға қатысты нақты нұсқаулардың болмауын кездейсоқ қателік деп бағалауға болмайтынын, бұл жергілікті кадрларды барынша жоғары нәтижеге ұмтылдыруға бағытталған саналы стратегия болғанын атап көрсетеді. Аймақтық басшылар ұжымдастырудың мәнін толық түсінбеуі мүмкін, бірақ «асыра орындаған дұрыс, кем орындағаннан гөрі» деген қағиданы ұстанып, заңды формалды орындау түбегейлі өзгерістерге жеткізбейтінін түсінген. Зерттеуші бұл әрекеттерді орталықтың басқару стилі мен идеологиялық қысымының нәтижесі деп бағалайды [11, б.62].

Төртіншіден, колхоздарды ұйымдастыруда жергілікті жердің табиғи-шаруашылық жағдайы ескерілмеген. Қарқаралы округінің саяси жағдайы туралы берілген мәлімдеме жазбада ұжымдастыру бойынша округтің табиғи ерекшеліктеріне, халқының 98% мал шаруашылығымен айналысатындығына тоқтала отырып, көпшілігі туыстық қатынас негізінде шоғырланған ауылдарда өткен жылдар тәжірибесі ұжымдастыру қиындықтарын көрсеткендіктен бұл округте ұжымдастыру туралы компартия шешімдерін байыппен, ойланып, аңдап орындау керектігін атап өтіледі. Партиялық және кеңестік органдар қызметкерлерінің бұл мәселені жеткілікті түрде ойластырмауы салдарынан ұжымдастыру туралы партияның шешімі көбінесе халықтың атынан қабылданған міндетті шешім ретінде жүзеге асырылған [173, п.82].

Бесіншіден, халық колхоздарға күштеу арқылы *стихиялы түрде* біріктіріліп, уәкілдер тарапынан озбырлықтарға жол берілген. Мысалы, Қарқаралы округтік прокуратура құжаттарында Халық комиссарлар кеңесінің 1930 ж. 6 сәуірдегі ақпараттық мәліметінде ұжымдастыруды жүргізудегі бұрламалау, асыра сілтеушіліктер туралы: «ұжымдастыруды жүргізуде бұрмалану орын алып отыр. Бұнда еріктілік принципі бұзылып, колхоздарға біріктіру әміршіл-әкімшіл шаралармен адам шошырлық күштеу арқылы жүргізілуде» – делінеді. Қарқаралы округінде тексеріс кезінде ауылдардың бірінде уәкілдер мен бригадирлар әйелдерді ұрып-соғып, олардан тартып алған мүліктерін иемденген. Берікқара, Шет аудандарында да осындай жағдайлар анықталады [297, п.16,23].

Ұжымдастыруды жүзеге асырудағы жоғарыда аталған қателіктер салдарынан халық колхоздардан бас тартып, олардың тарап кетуіне жағдай туғызады. Бұл туралы 1932 ж. 28 желтоқсандағы ПП ОГПУ-дың Қазақстандағы колхоз құрылысы туралы арнайы анықтамасында Жаңаарқа, Арықбалық, Қорғалжын аудандарында соңғы жылдары колхозшылардың көшіп кету фактілері тіркелігені мәлімденеді. Себептері ретінде азық-түлік тапшылығы, жекелеген қызметкерлер тарапынан басқару мәселесі мен байлардың үгіт-насихатының ықпалы деп көрсетіледі. Жаңаарқа ауданынан қыркүйек айында колхозшылардың Ақмола, Алматы аудандарына көшіп кету жағдайлары жиілейді. Анықтамада №7-8 ауылдардан 200 шаруашылық, №9 ауылдан 40 шаруашылық, №4 ауылдан 40 шаруашылық көшіп кеткені баяндалады.

Аудандық ұйымдар көшіп кетушілерді қайтару үшін уәкілдер жіберіп, 60 шаруашылық қайтарылғанымен, екі күннен кейін қайта көшіп кетеді. Колхоздарды құру кезінде базасы жоқ колхоздардан халықтың көшіп кету нәтижесінде Қорғалжын ауданындағы №4 ауылда 1932 ж. басында Октябрь, Жаңа-Арқа, Батрак, Арианты, Мукен атты колхоздар ұйымдастырылады. Бірақ, осы колхоздардан тек екеуі 42 үй шаруашылығы мен 4 жегін малы бар Октябрь және Мунек (*ескерту:архив құжаты материалдары жинағында атауы екі түрде берілген*) колхоздары қалады. Көшіп келушілерді орналастыру бойынша жұмыстардың дұрыс ұйымдастырлмауы оларды тұрғын үймен қамтамасыз етпеу, жергілікті қызметкерлер тарапынан оларға дөрекілік көрсету, түсіндіру жұмыстарының жүргізілмеуі салдарынан халық қайта көшіп кетіп жатқаны айтылады [298, б.370].

Азық-түлік жетіспеушілігі салдарынан колхоздарда аштықтан жаппай өлім жағдайлары тіркеліп, ол ұжымдастырудағы партия саясатын бұрмалау фактісі ретінде көрсетіледі. Мысалы, 1933 ж. 26 тамызында Қарағанды Облыстық комитетінің бюросы қаулысында Айыртау ауданындағы «Волна» коммунасындағы халықтың жаппай аштан өлуі атап өтіледі. Қаулыда коммунада шілде айында - 40 адам, тамызда - 25 адам, барлығы 65 адам өлгені көрсетіледі. 57 шаруашылықтан тұратын колхозға небәрі 350 мал басы беріледі. Колхоздар экономикалық жағынан да, саяси жағынан да дайын болмаған, коммунарларда ұрып-соғу сияқты бассыздықтар орын алған. Басшылықтың жауапсыздығынан шөп шабылмай, егін жиналмай қалады. Сонымен қатар облыстық бюро бұған аудандық партия комитеті колхоздардағы шын мәніндегі жағдайды білмеуі, колхоздарды басқара алмауының салдары, әр колхоздағы жағдайды білмеуі және тірі адамдардың мұқтаждықтарына мейрімсіз-бюрократиялық көзқараспен қарауы осындай жаппай өлімге алып келіп отыр деп айыптайды [298, б.470].

Аштыққа ұшыраған халықтың ұрпақтарының жадында қалған естеліктерде де ұжымдастыру мен малды ортақтастырудың соңы аштыққа алып келгені айтылады. А. Қорғанұлының әкесі Қ. Әмірхамзаұлының естелігі дәлел бола алады: « Мен аштық жылдарпы бес-алты жасар баламын. Біздің әкелеріміз бес ағайынды болыпты. Олардың үлкені Қожайт, Смағұл, Әмірхамза, Әмірәлі, Сәду. Одан басқа екі қыз болды Осылардан 1931-32 жылғы аштығынан тірі қалғаны Смағұлдан Сейдағали, ал Әмірхамзадан мен едім. 1931-1932 жылдың аштығы біздің елге 1930 ж. күзінен бастап кіре бастады. Олай дейтін себебім, қолдағы барлық малды ауыл белсенділері жинап алып, тек бір жерге бақтырды. Ешбір халықтың қолында тышқақ лақ та қалмады. 1931-1932 жж. алапат аштығы бізге және біздің туыстарымызға қырғидай тиді. Аштықтан көрмеген азабымыз, тартпаған мехнатымыз қалмады» – деп бөліседі [138, б.314].

Орталық Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының жүзеге асуы 1930-1932 жж. өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға айтарлықтай әсер етеді. Қарағанды облыстық БКП(б) комитетінің жауапты хатшысы И.М. Беккер 1931 ж. жағдайды Ф.И. Голощекинге жолдаған хабарламасында келесідей сипаттайды: «Астық дайындау ісіндегі дұрыс саясатқа қарамастан, кей

аудандарда партия саясатының бұрмалануы көктемгі егіс пен азық-түлік қорын айтарлықтай қиындатты. Ұжымдастыруда шектен тыс асыра сілтеулерге жол беріліп, тіпті құс пен қоянға дейін ортақтастырылды» [138, б.193].

Ұжымдастырудың ойластырылмай жүргізілуі нәтижесінде ауылдардағы халық мәжбүрлі босқынға айналады. Қарағандыға көпшілігі әйелдер, балалар және сырқат ер адамдар бар бірнеше жүз қазақ отбасы келеді. И.М. Беккер «оларға өңірде 10000 пұт қара бидай бөлініп, ата-анасынан айырылған балаларға арналған балалар үйі ұйымдастырылды, кейбір босқындар азық-түлік көмегінен кейін жұмысқа тартылды» - деп есеп береді [138, б.194].

Колхоздарға біріктірілген ештеңесі қалмаған халық еріксіз, аштан өлмеудің амалымен қолында бар малды сойып жейді. Бұл өңірдегі мал санының күрт кемуіне әкеледі. Мысалы, Нұра ауданында 1929 ж. мал саны 120 823 болса, 1931 ж. санақ бойынша тек 3 877 қалады. Облыс бойынша ірі қара мал саны 1930 ж. 1 718 232 болса, 1932 жылы 918 032 ғана қалады [138, б. 196]. Бұл деректер ұжымдастыру саясатының ауыл шаруашылығының дәстүрлі құрылымына және мал қорына тигізген нақты әсерін айқын көрсетеді.

Ұжымдастырудың күштеп, ойластырылмаған түрде іске асырылуы ауыл халқының өміріне ауыр зардаптар әкелген. Ет дайындау және малды ортақтастыру науқандарымен қатар, егін шықпауына қарамастан астық дайындау жоспарын орындауды талап ету нәтижесінде, қазақ ауылдарының азық-түлік қоры тез сарқылады. Осы жағдайлар аштықтан титықтанған халықты көшуге мәжбүр етеді.

ОГПУ органдарының арнайы деректері бойынша, 1930 жылғы қарашада бұрынғы Қарқаралы округінің Тоқырауын ауданында 20 отбасы көшіп кеткен және тағы 100 отбасы көшуге дайындалып жатқандығы хабарланады. Сол сияқты, халықтың көшу фактілері Шет, Қу және басқа аудандарда да тіркеледі [120, б. 595]. 1932 жылдың соңына қарай бұл үдеріс Шет, Жаңаарқа, Қарқаралы аудандарында жаппай сипатқа ие болады [121, б.394]. Бұл деректер ұжымдастырудың күштеп, ойластырылмаған түрде жүргізілуі әлеуметтік күйзеліс пен жаппай көші-қон толқынын тудырғанын көрсетеді.

Колхоздарды ұйымдастыру үшін малды ортақтастыру барысында малсыз қалып, аштық салдарынан босқыншылық күйге түскен халықтың көшіп барған жерлерінде де жағдайлары ауыр болған. Ол туралы М.Сүлейменқызы естелігінде: «1929-1930 жж. Қу өңірінен жеуге тамақтары, ішерге астары болмай, ауылдағы бар мал колхозға тапсырылғандықтан (мал жоқ, ет салығы жүріп, барынан айрылып, астық жоқ, яғни ауылдарда астық салығы жүре бастағандықтан) алды он үш жаста, арты төрт жастағы 4 қыз баласымен және күйеуі Әбдіғалыммен Қарағанды қалашығына ауылдан кетіп бара жатқан адамдарға ілесіп, жаяу жол жүріп кетеді. Қарағандыға келіп, күркешеде тұрып, наубайханада ұн қаптаушы болып жұмыс жасайды, еңбекақысына төрт жанға төрт бөлке нан ғана алып отырған. Бірақ, екі айдың ішінде төрт бірдей қызынан айрылады. Қарағандыға бірнеше ағайындылар күн көреміз деп, келгендегі сол кездегі қала өмірі тіптен аянышты болған. Нан жоқ, барлық жерде оба, сүзек ауруы тарап кеткен. Тіпті шахтаның қара суынан басқа жөні түзу ішерге су да

болмаған. Қоныстанған жерлерінде адамдардың дүние-мүліктері болса да, жалт-жұлт еткен дүниенің бір уыс бидайға тұрарлық құны болмай қалған. Таңертең көрген, сәлемдескен адамың кешке келгенде, өліп жатады. Тіпті күркешіктерде жаңа ғана жастай үйленген адамдар, бірдей өліп жатқандарын да керемет киімдері бар адамдардың да өліп жатқандарын да, қолдарында бір уыс алтындары бар, нанға зар болып отырғандарды да көрген екен» - деп сол кездегі халықтың басына түскен ауыртпашылықты баяндайды [138, б.332].

ПП ОГПУ органдарының арнайы хабарламасында Қарағандыға келіп жатқан аш босқындардың легі ұлғайып қауіпті жағдай туғызып отырғаны мәлімденеді. 1932 ж. 1 желтоқсаны мен 13 желтоқсаны аралығында түрлі аудандардан Қарағандыға 1923 адамнан тұратын 732 шаруашылық келген. Ал, 23 желтоқсанда олардың саны екі есеге өсіп, тоқтамай тұрғаны айтылады. Тұрғын жайлардың жоқтығынан аштықтан босып, көшіп келуші халық стихиялы түрде Қарағанды маңында киіз үйде, жеркепелерде, тіпті ашық аспан астында орналасқан. Тұратын үй-жаймен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмағандықтан оларды ұйымдар жұмысқа да алмаған. Тұратын үйлері жоқ аш босқындардың аяз, боран салдарынан жаппай өлген. Желтоқсанның 1-10 аралығында Қарағанды аумағында суықтан үсіп қалған 57 адамның мәйіті табылады. Оның 52-сі ересек адам болса, 5-уі бала болған. Панасыз қалған балалар саны күрт өседі. Күнделікті аш босқындар тастап кеткен 35-40 бала даладан жинап алынып, олар балалар үйлеріне де сыймай жатқаны мәлімденеді. Қаладағы аш босқындардың санын басқа аудандарға жіберу арқылы азайтудан ештеңе шықпаған. Басқа аудандар тұрғын үй мен азық-түліктің жоқтығынан оларды қабылдамаған [298, б.375-376].

Осылайша, халықтың ауылдарды тастап аштықтан мәжбүрлі түрде босуы нәтижесінде Қарқаралы ауданында 1930 жылы шаруашылықтың саны 50400 болса 1933 ж. солардың 2711 ғана қалған. Бір ауданның өзінде ғана шауашылықтың саны 94,6% немесе 19 есеге жуық қысқарған. Миграция туралы ОГПУ мәліметтерінде 1930 жылы Қарағанды облысынан 59 938 шаруашылықтың көшіп кеткені туралы хабарланады [299]. Бұл құжаттарда тіркелген мәліметтер, шын мәнінде бұдан да көп болуы мүмкін.

Осылайша, ұжымдастыру кезеңіндегі әлеуметтік құрылымға жасалған зорлық-зомбылық қазақ қоғамының дәстүрлі шаруашылық жүйесін күйретіп, барлық әлеуметтік топтарға ауыр зардаптарын тигізді. Халық арасында тараған «коллективтендіру байды батпаққа батырды, орташаны орға жығып, кедейді кеңірдектен алды» [238, б.114] деген тіркес осы саясаттың мәнін бейнелі түрде сипаттайды. Кеңестік билік байларды тап жауы ретінде құғындап, олардың мүлкін тәркілесе, орта шаруаларды күштеп ұжымшарларға кіргізіп, экономикалық дербестігінен айырды. Ал кедейлердің жағдайы жақсарады деген уәде орындалмай, олар да ашаршылық пен тапшылықтың зардабын тартты. Ұжымдастыру саясаты қазақ халқының дәстүрлі әлеуметтік құрылымына нұқсан келтіріп, ауыл шаруашылығының дағдарысына алып келді.

Орталық Қазақстандағы ауыл тұрғындарының шаруашылық өмірінде үлкен өзгерістерге алып келген үдеріс – отырықшылыққа көшіру мәселесі

болып табылады. Қазақтарды отырықшылыққа көшіру саясаты бойынша ғылыми ортада бірнеше тұжырым қалыптасқан. Зерттеушілер отырықшылыққа көшіру науқанын жүзеге асырудың ауқымы мен әдістерін де, оның әлеуметтік-экономикалық салдарын да әртүрлі бағалап келеді. Кеңестік тарихнамада А.Б.Турсынбаев [66], Г.Ф.Дахшлейгер, К.Н. Нурпеисов [72], Г.Ф.Дахшлейгер [300] еңбектерінде идеологияға сәйкес қазақ даласындағы аграрлық өзгерістермен байланысты үдерістер жағымды жағынан қарастырылып, заңды құбылыс ретінде бағаланды.

Сол кезеңдегі кеңестік органдардың ресми құжаттарында да (баяндамалар, нұсқау хаттар, қаулылар, өкімдер т.б) қазақтардың отырықшылыққа көшуі Қазақстандағы кеңес билігінің ұлт саясатындағы ірі жетістігі ретінде қарастырылып, қазақтардың мәдени деңгейінің көтерілуіне мүмкіндіктер ашып, үлкен экономикалық нәтиже береді деп есептеледі. Сонымен қатар дәстүрлі шаруашылықты жаңғыртудың прогрессивті әрі объективті жағынан қажетті кезеңі ретінде көреді [301, п. 1-5, 22]. Алайда, бұл ұстанымдар посткеңестік кезеңде қайта қарала бастаған болатын.

1990 жылдардан бастап отандық зерттеушілер 1920-1930- жылдардағы ауыл шаруашылығын модернизациялау үдерістерін жаңа көзқарас тұрғысынан қарастырады. Мысалы, Т. Омарбеков «Отырықшыландыру болса, ұжымдастырудың қалқасында қалды және екінші қатардағы науқан, міндет ретінде түсінілді. Қазақ халқының ата қоныстарынан ауа көшулерін үдетіп, оларды сергелдеңге салып, ашаршылыққа, босқыншылыққа ұрындырды» - деп есептейді [82,б. 235, 246]. Ж. Абылхожин ауыл шаруашылығын ұжымдастырумен қатар жүрген отырықшылыққа көшіру саясаты күшпен жүзеге асырылып, табиғи, материалдық-технологиялық негізге сүйенбегенін атап өтеді [91, б.6, 151]. Оның пікірінше, қазақтарды отырықшылыққа көшіруде негізгі фактор – мал саны мен жайылым аумағы арасындағы пропорция сақталмағаннан шағын жайылымдық кеңістіктерде малдың орасан зор шоғырлануының соңы жұтқа алып келгені, бұнымен қоса отырықшылыққа көшіру саясатын жеделдету астық мәселесімен байланысты болды деген қорытындыға келеді [91, б.7].

2000- жылдары жарық көрген отандық зерттеушілердің еңбектерінде отырықшыландыру үдерісіне О. Мұхатова «Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік, ұлттық ерекшеліктерін ескермей жүргізілген зорлап отырықшыландыру қазақ халқын «қызыл табан» шұбырындыға салып, ата қоныстарын тастап көшуге, ашаршылыққа ұрындырғанын» [109, б. 34] және Ж. Таңатарова «жан-жақты зерделенбей жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығы мен салт дәстүрін күйретуге бағытталған саясат сәтсіздікке ұшырауымен қатар, көшпелі халықтың күн-көрісі үшін босқыншылыққа ұшырап, елінен туған жерден бас сауғалауына әкелді» [110, б.60]– деп баға беріліп, отырықшылыққа көшіру үдерісінің ауыр зардаптары көрсетіледі.

Шетелдік зерттеулерде қазақтарды отырықшылыққа көшіру мәселесінде бірнеше көзқарас қалыптасқан. Р. Конквест пікірінше, отырықшылыққа көшіру шешімі БКП(б) ОК саяси-идеологиялық міндеттері аясында Қазақстанда

ұжымдастыруды сәтті жүзеге асырудың «қажетті шарты» ретінде қарастырылып, отырықшылыққа көшу үдерісі қажетті шара ретінде күштеу әдісі арқылы жүзеге асырылғанын атап өтеді. Отырықшылыққа көшірудің ауқымды жоспарлары аудандардағы шынайы ресурстық, ұйымдастырушылық, климаттық жағдайларға сәйкес келмегенін атап өтіп, тұрғын үй, инфрақұрылым, су ресурстары мен ауыл шаруашылығы құралдарының тапшылығы туралы мәліметтер келтіреді [9, б. 288-291]

Р. Дэвис пен С. Уиткрофт қазақ даласында ашаршылыққа себеп болған өзара байланысты бес фактордың бірі ретінде қазақ халқын отырықшылыққа көшіруді көрсетіп, оның ұжымдастыру науқанымен қоса жүргенін атап өтеді [16, б. 329-332].

Отырықшылыққа көшіру проблемасы жөніндегі ауқымды еңбектің авторы И. Огайон отырықшылыққа көшірудің 1929-1930 жж. ұжымдастырумен бірге жүрген бірінші фазасы қарсыластыққа толы болып, өте қатал сипатта жүргізілді деп есептейді [15, б.159]. Р. Киндлер «отырықшы ету науқаны көп жағдайда көшпенділер өмірінің хал-ахуалына түк қатысы жоқ мүдделерді бүркемелеу үшін пайдаланылған. Осы науқанға сілтеме жасау арқылы астық, ет дайындау жоспарын жеңілдетуге қол жеткізген немесе жоспар орындалмағанда соны көлденең тартып ақталған. Науқан негізінде қағаз жүзінде ғана жүргізілген немесе адамдарды табиғаты жұтаң жерлердегі тозығы жетіп құлап жатқан ескі үйлер мен сасық жеркепелерге қуып тығумен шектелген» - деп тұжырым жасайды [21, б.196].

Н. Пьянчолоның мәліметтері бойынша отырықшылыққа көшіру науқаны ұжымдастыру мен дайындау науқандарына қарағанда өте баяу әрі жайлап жүргізілген. Оның айтуынша Мәскеу, Алматы қалаларындағы партиялық және мемлекеттік архивтерінде, сондай-ақ Қазақстанның облыстық және аудандық архивтерінде жұмыс жасау барысында ол көшпелі қазақтарды күштеп отырықшы етуге дәлел бола алатын бірде-бір құжат таппағанын айтады. ОГПУ архивтеріне қол жеткізу де жағдайды өзгертпейтіндігін атап өтеді. «Шамасы, сталиндік жүйе үшін көшпенділердің отырықшылыққа көшуі басымдығы төмен науқан болып табылды, ал бірінші бесжылдықтың хаосында Қазақстан әкімшілігі оны байыпты қабылдамады» – деген қорытындыға келеді [19, б.86-88].

Осылайша, тарихнамалық тұрғыда зерттеушілер арасында отырықшылыққа көшу үдерісі бойынша екі түрлі көзқарас қалыптасқанын көруге болады. Бірінші көзқарас бойынша отырықшылыққа көшіру мәжбүрлі, күштеу арқылы жүргізілді десе (Ж. Абылхожин, Р. Конквест, И. Огайон), екінші көзқарас өкілдері (Т. Омарбеков, Р. Киндлер, Н.Пьянчола) бұл екінші кезектегі науқан болып, қағаз жүзінде іске асты деп баға береді. Біздің ойымызша, отырықшылыққа көшіру саясаты ұжымдастырумен қоса жүргізілген шаралар кешенінің құрамдас бөлігі болып, науқаншылдық сипатта жүргізілген. Көшпелі шаруашылықтың негізін, табиғи-климаттық жағдайды түсінбеген билік отырықшылыққа көшіру үдерісінде бірқатар қателіктерге жол

берген. Осылардың барлығының нәтижесі мал шаруашылығының күйреуінің, халықтың аштыққа ұшырауының негізгі себебі болған.

Кеңес үкіметінің аграрлық саясатының маңызды құрамдас бөлігіне айналған қазақтарды мемлекеттік бағдарламаға сәйкес отырықшылыққа көшіру үдерісінің маңызы сол кездегі қаулы-қарарларда: «ауыл ішіндегі жартылай феодалдық әлеуметтік қатынастардың қалдықтарын жоюға, қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және мәдени даумуын жеделдетуге, сонымен қатар социалистік құрылыс үрдісіне белсенді түрде тартуға бағытталады» [302] – деп атап өтіледі. Шын мәнінде көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды күштеп отырықшылыққа көшірудің мақсаты – қазақ шаруаларын ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте мемлекетке тәуелді еңбекшілерге айналдыру, сонымен қатар егістік жерлерді олардың мүдделерін ескермей иемдену болды.

Қазақ халқын отырықшылыққа көшіру үдерісі XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы кеңестік модернизациялаудың басты ерекшеліктерінің бірі болды. 1930 ж. қарай 700 мың қазақ шаруашылығының 540 мыңы көшпелі және жартылай көшпелі (егер бір отбасы 4-5 жаннан тұрды деп есептесек, бұл шамамен 2,1-2,7 млн адамды құрайды) сипатта болды. Оның 200 мыңы жартылай көшпелі өмір салтын ұстанса, шамамен 360 мыңы «таза» көшпелі өмір салтымен өмір сүрген. 160 мың шаруашылық отырықшы болып, және де оның шамамен 60 мыңы отырықшылыққа 1920 - 1929 жж. аралығында, яғни, 10 жыл ішінде көшкен. Егер 10 жыл ішінде тек 60 мың ғана шаруашылық отырықшылыққа көшсе, онда жоспарланғандай Қазақстанның солтүстік және оңтүстік аумақтарындағы шамамаен 430 мың көшпелі, жартылай көшпелі халықты бар жоғы 3 жыл ішінде (1930 жылдан 1933 жылға дейін) отырықшылыққа көшіру билікке бұл міндеттің салмағы аса ауыр болып көрінді. Орталық Қазақстан аудандарының көшпелілерін отырықшылыққа көшіру бұдан да ұзақ уақыт алуы мүмкін еді [154, б.119].

Ж. Абылхожин зерттеулерінде 1930- жылдардағы аштықтың себептерінің бірі ретінде осы ерекшелік көрсетіледі. Үдемелі индустриалдық даму жоспарлары Одақ бойынша астық проблемасын тудырған болатын. Бұнымен қоса астық экспортының ұлғаюы, өсіп келе жатқан қалалардың тұрғындарын нанмен қамтамасыз ету қажеттілігі проблеманың өзектілігінен айқын көрініс тапты. Астыққа деген сұраныс күннен күнге арта түсті. Мемлекет бұны егіс алқаптарын кеңейту арқылы астық өндірісін ұлғайту арқылы шешуді көздеді. Ауыл шаруашылығы халкомы Я.А. Яковлев бұған ерекше көңіл бөліп, БКП(б) XVI съезінде былай деп тұжырым жасайды: «... Қазақстанда егіске жарамды 50-55 га жер бар деп есептеуге болады, оның 36 миллионы гектары солтүстік ауданда орналасқан.... Бұл жерде бидай тек егістікке келетін ауданның 5% ғана алып отыр. Егер осы егістікке жарамды 36 миллион гектардың 30 % бидай ексек, онда бесжылдықтың соңында тек Қазақстанның өзінен ғана қосымша 8-10 миллион гектар бидай аламыз...» [114, б.224-225]. Бұл жерлер дәстүрлі мал шаруашылығының жайылымдық жерлері екеніне халком бас қатырмайды. Көшпелі қазақтардың мемлекеттің астық өндірісін ұлғайту бағытына қайшы келгенін көрсетеді [91, б.225]. Жағдайдан шығудың басты жолы жедел, күштеп

отырықшылыққа көшірудің қажеттілігінен көрінген болатын. Сондықтан бұл міндетті республикалық ауыл шаруашылық халық комиссары К. Тоқтабаев: «Қазіргі кездегі егіс алқаптарын ұлғайту бойынша басты назар аудару қажет бірінші міндет – ол қазақ халқын отырықшылыққа көшіру туралы мәселе болып тұр» – деп Қазақстан кеңестерінің VII съезінде (1929 ж. сәуір) жариялайды. Осыған сәйкес съезд келесідей: «2. Өлкедегі астық шаруашылығын дамыту ең алдымен, республиканың барлық бөлігіндегі жартылай көшпелі және көшпелі халықты отырықшылыққа көшіру мәселесіне келіп тіреліп отыр»- деген қарар қабылдайды [91, б. 226].

Осыдан кейін көшпелі шаруашылықтарды күштеп отырықшылыққа көшіру саясаты мен оларды ұжымдастыру белсенді түрде іске асырыла бастайды. Көшпелі аймақтарда оның ішінде Орталық Қазақстан өңірінде егіс алқаптарын ұлғайту бойынша саясат жандандырыла түседі. Жоғары басшылық тарапынан егіс жоспарларында жергілікті жағдайлар мүлдем ескерілмейді. Мысалы, Т. Рысқұлов: «Қарағанды облысының 5 көшпелі және жартылай көшпелі аудандары бойынша (Жаңаарқа, Қызылту, Қорғалжын, Сарысу, Еңбекшілдер) жоспар бойынша егіс алқаптарын ұлғайту 42% құраған, оның ішінде 7 мың шаруашылықтан 500-600 шаруашылық қалған Сарысу ауданы бойынша 1931 ж. 300 га орнына 2880 га жоспар берілген» – туралы фактіні келтіреді. Еңбекке жарамды халық пен жегін малының санының азаюы мен тұқым қоры мен тұқым қарызының болмауына қарамастан жоспар ұлғайтылған. «Егіс жоспарын орындау бойынша аудандар тарапынан тағы да көзбояушылыққа жол берілетін шығар, бұл тағы да халықтың көшіп кетуі мен аштыққа себеп болады». Ф.И. Голощекиннің өлкелік активтегі «Қазақ ауылындағы ұжымдастыру туралы» баяндамасында: «3 жыл ішінде (1929 жылдан 1931 жылға дейін) қазақ жеріндегі егістік алқаптары 100% – 1265,7 мың гектардан 2561 мың гектарға өсті» – деп мәлімет береді. Ал, Т. Рысқұлов бұл мәліметтерді теріске шығарады. Ол: «Егіс алқаптарын есептегенде үлкен қателіктер жіберілгені айдан анық..... Қазақтар тек соңғы кезде ғана егіншілікпен айналыса бастады. Қазақтардың жері негізінен құрғақ аймақта орналасқан әрі топырақ сапасы да төмен, тракторлар да жеткіліксіз, агротехникалық шаралар жүргізілмеген. Осындай жағдайда қазақтарда егістік жер көлемі қалайша екі есе артты?»– деп жазады [303, б.323].

1929-1930 жж. Өлкелік комитет 34 ауданға жататын 84 340 көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшіру мәселесін қарастырады. Петропавл, Ақмола аймақтарында отырықшылыққа көшіру үдерісінің жоспары келесідей болды. 1929-1930 жж. Петропавл өңірінде 19,1 мың шаруашылық, ал 1930-1931 жж. 12,2 мың шаруашылық отырықшылыққа көшіру жоспарына енгізіледі. Ақмола өңірінде отырықшылық жұмыстары 1931 ж. басталуы тиіс болатын. Жоспар бойынша алғашқы жылы 14,4 мың шаруашылық отырықшылыққа көшірілсе, 1931-1932 жылдары – 19,2 мың, 1932–1933 жылдары – 6,5 мың шаруашылықты көшіру керек болады.

Қарқаралы округінде 1929-1930 жж.- 0,5, 1930-1931 жж. – 10, 1931-1932 жж. – 15, 1932-1933 жж. – 10,7, барлығы – 36,2 шаруашылықты отырықшылыққа көшіру жоспарланады [118, б.175-178].

Петропавл өңірінде 1930 ж. отырықшылыққа көшіру Бейнетқор, Төңкерей, Октябрь, Көкшетау, Еңбекшілдер және Қызыләскер аудандарында жүргізіледі. Бейнетқор ауданында отырықшылық желісі бойынша 7 қоныстандыру нүктесінде 2 199 қазақ шаруашылығы орналасуы тиіс болады. Төңкерей ауданында – 3 781, Қызыләскерде – 4 742, Октябрьде – 522, Көкшетауда – 300, Еңбекшілдерде – 358 шаруашылықты отырықшылыққа көшіру жоспарланды [212, б.17-28]. Сонымен қатар солтүстік және орталық Қазақстан өңірлерінде отырықшылыққа көшетін халық үшін колхоздардың бағыттары аудан бойынша Солтүстік Қазақстанда сүт бағыты басым егіншілік пен мал шаруашылығы және ет бағыты басым мал шаруашылығы мен аралас егіншілік қарастырылса, Орталық Қазақстанда мал шаруашылығына негізделген колхоздар және кең ауқымды, мал шаруашылығы мен егіншіліктің аралас түрі, бірақ егіншілігі әлсіз дамыған колхоздар түрінде жоспарланады.

Орталық Қазақстанда отырықшылыққа көшіру үдерісі тек астық мәселесін шешу үшін ғана емес сонымен қатар Қарағанды, Балқаш сияқты өндірістік қалалардың халқын ауыл шаруашылық өнімдерімен (оның ішінде етпен) қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылған. Оған Қарағанды облыстық су шаруашылығы басқармасының Шет ауданында экономикалық зерттеу есебі дәлел болады. Есепте Орталық Қазақстанда түсті металлургия негізінде дамып келе жатқан ірі өнеркәсіптік орталықтардың шөл және шөлейт аймақтарда орналасуы ауыл шаруашылығын жаңа үлгіде дамыту міндеті қойылғаны айтылады. Өнеркәсіптік орталықтарды сүт, көкөніс, бақша өнімдері, ет және малдың майы сияқты қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етудің қажеттілігі қаланың маңында шұғыл түрде ірі шаруашылық базаларын құру талап етіледі. Мұндай базалар тек азық-түлікпен қамтамасыз етуді ғана емес сонымен қатар көшпелі халықты отырықшы ету, мал шаруашылығына қажетті жем-шөп дайындау мен аймақтың дамуы үшін қажет деп атап өтіледі [304, п. 1-4. 18;]. Құжатта Шет, Қоңырат аудандарына жасалған экономикалық зерттеу нәтижелері беріледі. Өндірістік қалаларға жақын аудандарды отырықшылыққа көшіру сол кездегі үдемелі индустриаландырудың талабы болып, қалалардағы халықты қажетті ресурстармен қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылған.

Қарағанды облысында отырықшылыққа көшіру науқаны негізінен өнеркәсіп орындарын қажетті жер ресурстары мен кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында жүргізілген. Тельман аудандық райкомы БКП(б) шешімінің 1931 ж. 26 наурыздағы түсіндірме жазбасында «Гигант» совхозына егістік, шабындық және жайылымдар үшін 851 500 гектар жердің бөлінгені көрсетіледі. Сол арқылы ірі мал шаруашылығы мен өндірістік нысандар қажетті ресурстармен қамтылады. Өндірістік объектілерде жұмыс істеуге 1 500-ге дейінгі батрактар мен кедей шаруашылықтар орналастырылып, олардың жер учаскелері мен тұрғын үй мәселелері арнайы түрде реттелген. Осылайша, Қарағандыдағы

отырықшылыққа көшіру тек ауыл шаруашылығын дамытуға емес, индустриаландыру мен өндірісті қолдауға бағытталған [120, б.866-868].

Орталық Қазақстан – негізінен дала және шөлейт аймақ болғандықтан мұндай реформаларға әсіресе осал болды, өйткені жергілікті халық дәстүрлі түрде табиғи жағдайларға бейімделген көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Сондықтан да бұл өңірде отырықшылыққа көшіру үдерісінде бірқатар кемшіліктер болған. Архив құжаттарынан Орталық Қазақстандағы ірі округ Қарқаралының мысалында отырықшылыққа көшіру саясаты әкімшілік, идеологиялық және экономикалық күштеу арқылы жүзеге асырылғаны байқалады [305, б.141-149].

Отырықшылыққа көшірудің қателіктер негізінде жүзеге асқаны ОГПУ органдарының құпия мәліметтерінен айқын көрінеді. Мысалы, 1930 ж. 10 тамыздағы ПП ОГПУ ақпаратында Қарқаралы округінде отырықшылыққа көшіру жұмыстары барысында бірқатар теріс фактілер орын алғаны көрсетіледі. Округтік ұйымдар отырықшылыққа көшіру бойынша дайындық жұмысын жүргізбеген, көшіру орындары бойынша проблемалар қарастырылмаған, нәтижесінде қоныстандыру орындары ретінде таңдап алынған жерлер зерттелмеген. Берікқара ауданында қоныстандыру орындары ретінде ыңғайсыз жерлер таңдап алынған. Осы жағдайлардың барлығына билік органдары өздері тарапынан жіберілген қателіктерді ескермей, халықтың отырықшылыққа көшуіне байлар кедергі жасап отыр деп атап өтеді. [135, б.166]. Құжат Қарқаралы округіндегі көшпелі халықтың отырықшылыққа көшу саясатының шынайы іске асуын көрсетеді. Оның мазмұнынан дәстүрлі шаруашылықты трансформациялауды жүзеге асыруға институционалдық та, әлеуметтік те жағынан дайындықтың болмағынан көруге болады. Сонымен қатар құжаттан жергілікті органдардың нақты жағдайларды ескермей, директиваларды ресми түрде орындағанын, ұйымдастырушылық, әлеуметтік дағдарысты көрсетіледі [305, б.141-149].

1930 ж. 20 тамызда ОГПУ органы БКП(б) Қазақ өлкелік комитетіне Қарқаралы округінде отырықшылыққа көшіру жұмыстарының сәтсіздікке ұшырағаны туралы жедел түрде ақпарат жолдайды. Онда отырықшылыққа көшіру үдерісінің сәтсіздікке ұшырауының негізгі себебі ретінде өресекел қателіктерге жол берген округ құрылымдарының немқұрайлы, жауапсыз қатынасын көрсетеді. 01 тамызға дейін қоныстандыру орындарын тексеру жөніндегі комиссия ұйымдастырылмай, қоныстандыру орындарын тексеру жұмысын бір ғана агроном жүргізіп, жарамасыз аумақтарды таңдаған. Берікқара ауданындағы №11, №14 ауыл тұрғындарының Сарнабұлақ шатқалына орналасу туралы өтініштері ескерусіз қалған. Құжатта отырықшылыққа көшіру үшін қажетті инфрақұрылымдарды салу жұмысының іске аспай қалғаны айтылады. Берікқара ауданы бойынша жоспарланған 168 үйдің 78-нің ғана құрылысы басталған. Үйлерді салу үшін құрылыс материалдары да жоқ, материалдарды жеткізуге арба, ат-әбзелдерінің жеткіліксіздігі мәлімденеді [306, п. 181]. Бұл Қарқаралы округіндегі

отырықшылыққа көшіру саясатын жүзеге асырудағы жіберілген өрескел қателіктердің дәлелі болып табылады.

Қоныстандыру орындарындағы құрылыс материалдардың тапшылығы немесе мүлде болмауы ОГПУ органдарының ақпараттарында көптеп кездеседі. Мысалы, Қазақ АКСР-дегі түрлі науқандарды өткізудегі асыра сілтеушіліктері туралы 1930 ж. 1 қазандағы берген мәліметте Қарағанды аумағындағы Балқаш, Берікқара аудандарында құрылыс материалдары мен жұмыс күшінің жоқтығынан құрылыс жүзеге аспағаны айтылады. Үйлердің іргетасын қалауға арналған тастарды тасымалдаудың баяу жүріп жатқаны және ағаш материалдарының мүлдем жоқтығы мәлімденеді [120, б.225].

1932 ж. басында да отырықшылыққа көшіру үдерісінде ОГПУ-дың ерекше бөлімінің қысқаша жазбасында нақты мысалдар негізінде инфрақұрылымдық және ұйымдастырушылық қателіктер көрсетіледі. Мысалы, Төңкерей ауданындағы (№12 және 5 ауылдарда), Айыртау ауданында халық су қоймасы, құдықсыз жерлерге қоныстандырылған. Бейнетқор ауданындағы Сары-Тұмар қоныстану нүктесінде мүлдем су жоқ жерге 107 шаруашылық көшірілген. Мемлекет тарапынан бөлінген қаражат пен құрылыс материалдары мақсатқа сай қолданылмаған. Соның салдарынан Тельман ауданындағы №6 ауылдың Жаңа Еңбек және Сартуға колхоздарында ағаш материалдарының жоқтығынан үйлер салынбай қалған. Құжатта материалдық және ұйымдастырушылық қателіктерден басқа отырықшылыққа көшіру үдерісінің іс жүзінде әкімшілік-мәжбүрлеу шарасына айналғаны атап өтіледі [307, п. 67-74]. Бұл өңірдегі отырықшылыққа көшіру бойынша жұмыстардың дағдарысқа ұшырағанын көрсетеді.

«Науқанды жылпос пысық функционерлер жеке мүдделеріне пайдаланып, «отырықшылықты жүзеге асыруға» бөлінетін қаржыдан молырақ қарпыған» – дейді Р. Киндлер. Қарқаралы ауданында мысалы, 1932 ж. 9 мың адамды отырықшылыққа көшіру жоспарланған. Бірақ біреулер көшіп кеткен, нәтижесінде әлгі жандардың қатары үштен біріне кеміген. Алайда оған бола аудан басшылары қиналмайды.Біз үшін адамдардың азайып қалғаны маңызды емес, жерге орналастыруға қажетті көбірек қаржы, құрал-жабдықтар алғанымыз маңызды, - деп мәлімдейді. Ел орналасуы ықтимал делінген 50 орынның бірде-біреуі ел тұруға жарамдылығы тұрғысынан тексерілмеген, көбінде су жоқтығын есіне салғанда, ол: бізді бұл шаруаның жай-жапсары қызықтырмайды, одан да ел отыратын орындардың жалпы саны мен өзіңіз белгілеген сметалық құнының жалпы сомасын айтыңыз [21, б.187]. – деп сөз қайтарады. Кейбіреулер жерге орналастыру науқанын өздерінің ежелгі өштес бәсекелестерінің ең жаман қолайсыз жерлерге әдейі қоныстандырып, кек алуға пайдаланған

Жалпы алғанда, Қарқаралы округінде отырықшылыққа көшіру дәйекті мемлекеттік саясаттың нәтижесі емес, керісінше институционалдық қабілетсіздік, ресурстық тапшылық және әкімшілік мәжбүрлеу жағдайында директивалық жоспарларды іске асыру әрекетінің көрінісін көрсетеді. Басқарудағы жүйелік қателіктер, жергілікті жағдайды елемеу халықтың отырықшылыққа көшіру жобасынан терең алшақтауына әкелді. Бұл факторлар

отырықшылыққа көшіру науқанын бұзып қана қоймай, 1932-1933 жж. жаппай аштық пен бірқатар аудандарда әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың негізін қалаған болатын.

Орталық Қазақстан отырқшыландыру саясатын іске асырудың негізгі өңірі ретінде қарастырылды, себебі аумақта көшпелі өмір салты барынша орнықты болды. Осыған байланысты Қазақ КСР ХКК және БКП(Б) Өлкелік комитетінің 1932 ж. 9 желтоқсандағы қаулысында көшпелі шаруашылықтар басым Орталық Қазақстанға ерекше назар аударылды. Құжатта: «1933 ж. 50 мың шаруашылықты отырықшылыққа көшіруді аяқтап, тағы 50 мыңын отырықшы етуге кірісіп, оларды тұрғын үймен, тұқыммен, медициналық көмекпен және мектептермен қамтамасыз ету» атап өтіледі [308].

Алайда, биліктің жоспарлары директивалық сипатта болғанын және нақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларды ескермегенін көрсетеді. Жаппай отырықшылыққа көшіру дәстүрлі шаруашылық нысандарының жойылуымен, тұрғын үй салу және медициналық көмек көрсету үшін ресурстардың жетіспеушілігімен қатар жүрді. Нәтижесінде көптеген іс-шаралар қағаз жүзінде қалды, ал практикалық іске асыру әлеуметтік шиеленістерге және ауыл шаруашылығы дағдарысына әкелді. Орталық Қазақстанда отырықшылыққа көшірудің бұндай директивалық жоспарлары көбінесе оларды шешу емес, жаңа проблемалардың туындауына алып келді.

Сонымен, 1920- жылдардың соңы – 1930- жылдардағы ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшіру саясаты ұйымдастырушылық және инфрақұрылымдық кемшіліктермен жүргізілді; атап айтқанда*, біріншіден,* жергілікті жерлердегі кеңестік органдар мен партия ұйымдары ұжымдастыру мәселесін дұрыс ойластыра алмады, ұжымдастыруға жауапты округтік, жергілікті уәкілдер мәселенің мән-жайын білмеді; *екіншіден,* колхоздар мен серіктестіктердің ұйымдастыру бағытты анықталған жоқ*; үшіншіден,* халықтың арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілген жоқ*; төртіншіден,* колхоздарды ұйымдастыруда жергілікті жердің табиғи-шаруашылық жағдайы ескерілмеді*; бесіншіден,* халық колхоздарға күштеу арқылы стихиялы түрде біріктіріліп, уәкілдер тарапынан қызметтерін асыра пайдалану фактілері орын алды.

Орталық Қазақстанда өңірінде ұжымдастыру мен отырықшылыққа көшірудің мәжбүрлі және ойластырылмаған түрде жүргізілуі дәстүрлі шаруашылық құрылымды бұзып, мал шаруашылығының күйреуіне және ашаршылыққа жол ашты.

3 ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ПЕН ОНЫҢ САЛДАРЫ

3.1 Ашаршылық сипаты мен ауқымы, халықтың аштықтан аман қалу стратегиялары

1930-жылдардың бірінші ширегіндегі ашаршылық Қазақстан территориясының басым бөлігін қамтып, жалпыреспубликалық сипатта болды. Алдыңғы тарауларда атап өткендей ашаршылыққа негізінен саяси-шаруашылық науқандар, тәркілеу саясаты, жаппай күштеп ұжымдастыру, отырықшылыққа көшіру саясаты, дәстүрлі шаруашылық жүйенің күйреуі, аграрлық секторды басқарудағы әкімшіл-әміршіл басқару әдістері себеп болды. Табиғи-климаттық жағдайларына, шаруашылық жүргізу бағытына, халықтың орналасу ерекшеліктеріне байланысты ашаршылықтың ауқымы, сипаты өңірлер бойынша әртүрлі болды.

Архив материалдарынан батыс аумақта соның ішінде Маңғыстау өңірінде ашаршылық басқа өңірлерге қарағанда ертерек басталғаны байқалады. Құжатта өңірдегі халықтың республика мен РКФСР көршілес аумақтарына (Түркіменстан, Ресей) 1928 ж. бастап көшуі тіркеледі. Бірақ, көші-қон үдерістері айтарлықтай кең ауқымда болмаған. Материалдарда 1926 ж. Маңғыстаудан Ақтөбе губерниясына жұттан көшкен 113 адамның, 1928 ж. Маңғыстаудан Ойылға кетуге мәжбүр болған 18 адамның, 1928 ж. 28 қыркүйектегі күйсіз 25 үйдің, Бозашы ауылының Байрамалыға (Түркменстан) жіберуді өтінген 52 адамның, Астраханға кеткен 5 адамның тізімдері берілген. Көші-қонның негізгі себебі ретінде құжаттарда көбінесе табиғи жұт көрсетіледі. Бұл жөнінде зерттеулерде де атап өтіледі [147, 127].

1929 ж. шілде айында Түркіменстанға кеткен 119, тамыз айында 44, қазан айында 136, күйсіз қалған босқын 36 адам тізімі, аштық салдарынан қырдан қалаға (Форт-Александровск) келген 3318 адам, 1931 жылғы наурыздағы Түркменстанға көшкен 44 адамның тізімдері көрсетіледі. Бұл үрдіс 1930-1933 жж. да тоқтамай ұлғая берген [132, б.245-269]. Осылайша, батыс өңірдегі көші-қон үдерісінің «Кіші қазан» саясатының жүзеге асырылуынан, бай шаруашылықтарды тәркілеу мен ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау көлемінің ұлғаюынан кейін көп ұзамай басталғанын топшылауға болады.

Архив құжаттарына сәйкес солтүстік өңірлерде аштық 1930 ж. қаңтар айынан біліне бастаған. Оған Петропавл округі Пресновский аудандық атқару комитетіне Троицк ауылдық кеңесі төрағасының қызметтік жазбасы дәлел болады. Жазбада ауылдық кеңес аумағында Зирюпе хуторында 20-ға жуық отбасының аштық жағдайында, оның ішінде 2 отбасы аштықтан ісінсе, Романовск хуторындағы Рубас отбасы соңғы жылқысын етке сойып жегені хабарланады. Күн сайын ауылдық кеңеске хуторлардан азаматтардың келіп жатқаны айтылады, осы жағдайда әрекет етуге шұғыл түрде нұсқау беруді сұрайды [120, б.29]. Көріп отырғандай Қазақстанның солтүстігіндегі еуропалық ұлт өкілдері басым қоныстанған егіншілікпен айналысатын деревняларда аштық ертерек басталған.

Осы жағдайларға байланысты Қазақстанның батыс, шығыс, солтүстік өңірлеріндегі азық-түлік дағдарысы, халықтың арасындағы ашаршылық туралы мәліметтерді Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И. Голощекин КСРО Сыртқы және ішкі сауда Халкомы А.И. Микоянға 1930 жылы сәуірде баяндап, хат жолдайды. Құжатта бірінші хатшы қазақ ауылдарында астықтың мүлдем жоқ екенін атап өтіп, Қазақстандағы жағдайдың барған сайын ауырлап бара жатқанын көрсетеді: «Қазақстанның негізгі округтеріндегі егіннің шықпауына қарамастан, Сіздер бекіткен жоғары дайындау жоспарын орындау мақсатында өткен науқан кезінде көптеген жерлерде азық-түлік пен тұқым үшін қажетті ресурстарды қалдырмай, халықтан олардың барлық астық өнімін тәркілеуге мәжбүр болдық. Тұқым қоры бойынша да жоспарды орындау халықтың азық-түлік қорын одан әрі сарқып жіберді де, осының барлығы ауыл тұрғындарының арасында азық-түлік тапшылығына алып келді» – деп оның себебін көрсетеді [120, б.342-343].

Ф. Голощекин астық тапшылығының салдарынан республиканың округтерінде болып жатқан жағдайды келесідей: «Орал округі бойынша: Тепловской, Зауральный, Шапошников аудандарында сарышұнақ, басқа да өлексе қалдықтарын тамақ ретінде пайдалануы нәтижесінде колхозшылардың арасында оба ауруыны тіркелген. Мал шаруашылығымен айналысатын аудандарда астықтың жоқтығы салдарынан қолда бар малды жаппай сойып жеу жалғасуда. Бірқатар қызметкерлердің ауылдарды аралауы нәтижесінде аштықтан халық арасында өлім-жітім, ісіп-кебіну мен індеттің таралу фактілері анықталған»– деп сипаттайды [120, б.343].

Бұдан әрі Қазақстанның батыс аймағы – Ақтөбе, шығыс өңірі – Семей, солтүстік және орталық өңірлері – Қостанай, Павлодар, Ақмола округтерінде де ұқсас жағдай болып жатқаны туралы хабарлайды. Азық-түлік тапшылығының салдарын: «Ақмола, Қостанай, Орал, Ақтөбе және Павлодар сияқты округтерде астық қоры мүлдем жоқ, бұл совхоз құрылысын, совхоздардың егіс науқанын және «Ақмола-Қарағанды» темір жолының құрылысын толық сәтсіздікке ұшыратады. Әрине, аталған топтарға астықтың уақтылы жеткізілмеуі біз жүргізіп жатқан барлық екпінді шараларына әсер етіп, біздің барлық жоспарлы жұмысымызға кедергі болады» – деп көрсетеді.Ф.И. Голощекин: «Союзхлеб – жергілікті жабдықтау бойынша толық 9335 мың пұт нақты астықпен қамтамасыз етудің бекітілген жоспарындағы бізге жетіспейтін 1500 мың пұт астықты әкеліп, қол сұғылмайтын қордың қалдығын 405 мың пұтқа брондау қажет. Сонымен қатар, егін егуді толық қамтамасыз ету және тұқым қорын ұрлаудан сақтау және мал шаруашылығы аудандарында мал союды тоқтату үшін аштыққа ұшыраған халыққа тағы 400 мың пұт азық-түлік, астық әкелу қажет» – деп атап өтеді [120, б.344]. Осылайша, өлке басшылығы Қазақ АКСР барлық дерлік өңірлеріндегі қазақ ауылдарының жағдайынан хабардар болып, азық-түлік тапшылығының негізгі себептері жоғарыда аталған науқандармен байланысты екенін түсінеді. Алайда, соған қарамастан, экономикалық саясаттағы басымдықтар халықтың нақты жағдайына емес, саяси және

экономикалық іс-шаралардың маңыздылығына берілгенін айқын аңғаруға болады.

1930 ж. көктем айларында еліміздің солтүстік, орталық және батыс аймақтарында аштық жағдайы ушыға түседі. ОГПУ-дың 1930 ж. 10 мамырдағы нақты емес мәліметтер бойынша Павлодар округінде 27 000 астам, Семей округінде 39 000 астам адам, Ақмола округінде – халықтың 10% аштыққа ұшырағаны жөнінде айтылады. 11 мамырдағы берген материалдарында азық-түлік тапшылығы Павлодар, Семей, Петропавл, Ақмола, Қостанай, Орал округтерінде өршіп тұрғаны мәлімденеді [120,б.421].

Сонымен қатар ОГПУ-дың өкілі Даниловскийдің 1930ж. 23 мамырдағы құпия түрде берілген арнайы мәлімдемесінде Орал округінің Жымпитты ауданының №17,18,19 ауылдарында аштық жағдайындағы 68 шаруашылық тіркеуге алынған. №20 ауылда аштықтан ісінген 5 жағдай тіркеледі. Азық-түлік пен жегін малының жоқтығынан бұл ауданда егін егу жоспары орындалмайтындығы және колхозшылардың нәпақа, азық іздеп көршілес округтерге кетіп жатқаны атап өтілген [130, б.178].

1930 ж. шілде айының басында Қазақ АКСР бойынша ОГПУ-дың уәкілетті өкілі А. Альшанскийдің ақпараттық хатында Семей, Ақтөбе, Павлодар, Петропавл, Орал, Қостанай, Ақмола, Алматы облыстарының бірқатар аудандарында азық-түлік тапшылығының шиеленісіп тұрғанына назар аударады. Азық-түлік дағдарысы жаңа аудандарға тарап, кей жерлерде жаппай аштық сипат алғанын, біраз аудандарда саяси-экономикалық жағынан сәтсіздіктерге себеп болып отырғанын атап өтеді. Азық-түлік тапшылығы негізінде Ақмола, Қарқаралы, Павлодар және Орал округтерін қамтып, халықтың Қазақстанның өз ішінде және одан тыс жерлерге көшіп жатқандығы баяндалады [135,б.156].

ОГПУ-дың 1930 жылдың 16 шілдесіндегі арнайы ақпаратында да ұқсас мәліметтер беріледі. Онда да азық-түлік жетіспеушілігі күннен күнге жаңа аудандарға тарап, Семей, Ақтөбе және Павлодар округтерінде осы жылдың 20 маусымында аштыққа ұшырағандар мен азық-түлікке мұқтаж 109809 адам тіркелгенін, республиканың басқа окргутеріндегі азық-түлікке мұқтаж 24 аудан көрсетіледі. Негізінен кедей-орта шаруа шаруашылықтары мен бірқатар аудандардың колхоздары азық-түлік тапшылығына ұшырап, нәтижесінде тамаққа қалдықтарды, мысық, сарышұнақ өлекселерін жеп, ауру, ісіну, аштықтан өлу фактілері мәлімденеді [120, б.514].

1930 ж. мамыр және маусым айларындағы ОГПУ материалдарын салыстыру Қазақстандағы ашаршылық ауқымының күрт әрі жедел ұлғайғанын көрсетеді. 1930 ж. 10-11 мамырдағы деректер бойынша Павлодар және Семей округтерінде кемінде 66 мың ашыққандар тіркелген, ал басқа бірқатар округтерде азық-түлік дағдарысы сандық көрсеткіштерсіз атап өтілген. Ал, 1930 ж. 20 маусымға қарай тек Семей, Павлодар және Ақтөбе округтерінің өзінде аштықтан зардап шеккен немесе азық-түлікке аса мұқтаж адамдардың саны 109 809 адамға жетіп, азық-түлік тапшылығы республика бойынша тағы 24 ауданға таралған. Осылайша, ең төменгі салыстырмалы есептің өзінде бір

айдың ішінде ашыққан халық саны кемінде 43,8 мың адамға, яғни шамамен 66 % немесе 1,6 есеге артқаны байқалады, бұл ашаршылықтың жекелеген ошақтардан бүкіл республика ауқымындағы дағдарысқа айналғанын айқын көрсетеді.

Жоғарыдағы құжатта ауылдардағы келесі жағдайлар: егін егу кезеңінде уланған тұқым материалдарын пайдаланудың нәтижесінде халықтың улану жағдайлары; азық-түлік қиындықтарын жеңілдету үшін жергілікті жерлерде қабылданатын іс-шаралардың жеткіліксіздігінен аштыққа ұшырағандардың мемлекеттік астық қорын ұрлауы; 1930 ж. қаңтар-маусым айлары аралығында астық қорын талан-таражға салу бойынша 88 жағдай тіркеліп, азық-түлік тапшылығының күшеюі негізінде жаппай қоныс аудару ауқымы өсе түседі. Ақмола және Павлодар округтерінен мал мен мүлікпен қоныс аударғандардың (500-ге жуық топ) Қарқаралы округінің аумағы арқылы өтіп жатқаны жөнінде мәлімденген. Осыған байланысты бірқатар аудандарға сырттан астық әкелу мәселесі қойылады. Мысалы, «ең көп зардап шеккен округтердің бірі ретінде Семей округіне сырттан 50 000 пұт азық-түлік әкелуді қажет етеді» – деп мәлімдеме беріледі [120, б. 515]. Инфо ОГПУ басшысының орынбасары Герасимовтың бұл хабарламасы Г. Ягода, В. Молотов, Л. Каганович, А. Микоян, Я. Яковлев сияқты орталық биліктегі шешім қабылдаушы, партиялық және репрессивтік аппараттың жетекші тұлғаларына жіберілген.

1931 ж. көктемінде Оңтүстік Қазақстан аумағындағы, соның ішінде Түркістан қаласы мен оған іргелес ауылдық өңірлерде қалыптасқан азық-түлік тапшылығы ашаршылықтың айқын белгілерін көрсетеді. ОГПУ-дың 1931 жылдың 22 сәуірдегі Түркістан қаласы бойынша берген құпия ақпаратында бұл өңірдегі ашаршылықтың қалалық және ауылдық кеңістікте бірдей қамтығаны, сонымен қатар оның әлеуметтік-экономикалық өмірдің барлық саласына терең әсер еткені көрініс табады [309, п.49]. Оңтүстік Қазақстан өңірінде аштық 1932 жылға дейін республиканың басқа аймақтарына қарағанда кең ауқымда боламағанын құжаттардан аңғаруға болады. Бұл осы өңірдегі отырықшы егіншілік шаруашылықтың басым болуына байланысты болуы мүмкін.

1932 ж. бастап ашаршылық Қазақстанның барлық дерлік өңірлерінде жаппай сипат алады. Бұл туралы 1932 ж. бас кезінде ОГПУ-дың Қазақстан бойынша уәкілетті өкілі В. Каруцкий Алматы қаласынан ОГПУ-дың жоғары басшылығына (Акулов, Ягода, Молчанов, Леплевскийлерге) тікелей құпия байланыс арқылы Қазақ АКСР-дегі азық-түлік тапшылығынан әлеуметтік-экономикалық жағдайдың күрт ушығуы жөнінде хабарлама жолдайды. (Қазақ АКСР-дегі жаппай аштық туралы деректер тек қана ОГПУ-дың негізгі басшыларына жіберілген деп топшылауға болады, себебі бұл дағдарыс мемлекеттік қауіпсіздікке ықтимал қауіп ретінде бағаланып, жоғары деңгейде дереу басқарушылық шараларды қабылдауды қажет етті). Хабарламада елдегі азық-түлік дағдарысының салдарынан әлеуметтік-экономикалық жағдайындың күрт шиеленіскені, аштықтың ауқымы туралы мәліметтер беріледі. Толық емес мәліметтер бойынша 32 ауданның ішінде 10 ауданда халық азық-түлікке өте мұқтаж, жағдайлары қиын, 1931 ж. желтоқсаны – 1932 ж. қаңтары - ақпан

айының бірінші жартысында аштан өлгендердің саны 877, ауыр аштық жағдайы мен аштықтан ісінудің 2673 жағдай тікелгені баяндалады. Қалған 22 ауданда аштан өлгендер саны 89, аштыққа ұшырағандар мен ісінгендер саны 1143 деп көрсетіледі. Азық-түліктің жоқтығынан халықтың арасында жаппай наразылықтардың күшейіп келе жатқаны атап өтіледі. Хатта тек азық-түлік тапшылығы мен аштық ауқымының артуы ғана емес сонымен қатар аштықтың салдарынан әлеуметтік шиеленіс пен наразылықтың орын алуы, колхоздардың ыдырап, халықтың колхоздардан шығып, аштықтан босып кетіп жатқаны, ауыл шаруашылығы құлдырауы туралы баяндалады [121, б.141-142]. Құжаттан сол кездегі Қазақстандағы азық-түлік дағдарысының жүйелі сипат алып, оның қоғам өмірінің барлық саларына жойқын әсер еткенін көрінеді. Аштықтан өлім, жаппай наразылықтар, халықтың аштықтан босуы және шаруашылықтардың күйреуі жағдайлары көрсетілуі, орталыққа дағдарыстың салдарын болдырмау, колхоздық қозғалысты бақылау және ауыл шаруашылығындағы жұмыс күшін сақтау шараларын үйлестіруге мүмкіндік берген. Мұндай тікелей коммуникация ОГПУ-дың дағдарыс салдарын орталықтан басқаруға және республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайына жедел ықпал етуге ұмтылысын көрсетеді

«1931 ж. қаңтары мен 1932 ж. наурызы аралығындағы ұжымдастыру барысы мен шаруалардың жаппай наразылықтары туралы» ОГПУ-дың құпия-саяси бөлімінің 1932 ж. сәуір айында берген арнайы анықтамасында да 1931 ж. желтоқсан айының аяғы мен 1932 ж. қаңтар айының басынан одақтың жекелеген аудандарында азық-түлік қиындықтары, халықтың босып кетуі, колхоздан кету, малдың өлім-жітімі және т.б туралы мәселелер қарастырылады. Анықтамада Қазақстандағы жағдай: «1931 ж. қазан айынан бастап, әсіресе егін шықпаған солтүстік аудандарда азық-түлік қиындықтары байқалып, ол соңғы айларда өткір сипатқа ие болып, басқа аудандарға да таралды. Егер, 1931 ж.қараша-желтоқсан айларында азық-түлік жетіспеушілігі 7-10 ауданда байқалса, қаңтар мен ақпанның бірінші жартысында азық-түлік қиындықтары 20 ауданды қамтыды, ал 1932 ж. 28 ақпанында олардың саны 33 ауданға жетті, оның ішінде 10 ауданда жағдай өте қиын. Мәліметтер бойынша, 32 ауданда 232 пункт аштыққа ұшыраған, 1931 ж. желтоқсанынан 1932 ж. 10 наурызына дейінгі аралықта барлық пункттарда 1219 аштан өлу және 4304-ке дейін аштықтан ісіну жағдайлары тіркеледі. Өлгендер мен аштыққа ұшырағандардың көбі – колхозшылар болып табылады» - деп мәлімденеді [232, б.335].

ОГПУ-дың саяси-құпия бөлімі үш айдан кейін, 1932 ж. шілде айында «Белоруссия, Қазақстан, Украина және КСРО-ның жекелеген аудандарындағы колхозға қарсы қозғалыстар мен аштық туралы» арнайы анықтама даярлайды. Онда Қазақстандағы аштықпен байланысты болып жатқан күрделі жағдайлар келесідей атап өтіледі: «Қазақстан одақтың қолайсыз аудандарының қатарына жатады. Мұның басты себебі – азық-түлік жетіспеушіліктің нәтижесінде бірқатар аудандарды аштық жайлаған. 1932 ж. 1 шілдедегі азық-түлік жетіспеушілігі 74 ауданды қамтыған. Бұл аудандарда аштықтан өлгендер саны – 8276, аштықтан ісінгендер саны - 12969 тіркелген. Аштыққа ұшырағандар

арасында өлексе, тіпті, адам етін жеу жағдайлары тіркелгені» көрсетіледі [232, б.426].

Жоғарыдағы анықтамада келтірілген мәліметтер республикадағы аштықтың ауқымы мен сипатын анық бақылауға мүмкіндік береді. Мәлімдемеден 1931 ж. соңынан 1932 ж. шілде айына дейін Қазақстандағы азық-түлік дағдарысының өткір әрі апатты сипат алғаны көрініп тұр. Егер 1931 ж. қараша-желтоқсан айларында азық-түлік дағдарысы 7-10 ауданда байқалса, 1932 ж. ақпан айында 33 ауданды қамтыған, ал шілде айында 74 ауданға жеткен. Яғни, дағдарыстың бастапқы кезеңімен салыстырғанда аштық ауқымы шамамен 7-10 есе өскен. Аштықтан өлгендер саны 1219 адамнан 8276 адамға жетіп, шамамен 6,8 есе өскен, ал ісіну жағдайлары 4 304-тен 12 969-ға дейін, 3 есеге ұлғайған. Дағдарыстың ауқымы, қарқындылығы және апаттық салдары – жаппай өлім, өлексе мен өлген малдың етін жеу оқиғалары – ашаршылықтың тек халықты ғана емес, сонымен бірге өңірлердегі шаруашылық құрылымын да терең ықпал етіп, жүйелі әрі өткір жойқын сипатқа ие болғанын көрсетеді. Бұл тек тіркелгендер, шын мәнінде мұқтаждар мен өлгендер саны бұдан да көп болды. Сонымен ОГПУ органдарының құпия ақпараттарында азық-түлік дағдарысы, халықтың аштыққа ұшырағаны туралы мәліметтер 1930-шы жылдан бастап жүйелі түрде берілген.

1931-1932 жж. Қазақ АКСР-дегі азық-түлік дағдарысы мен ашаршылық динамикасын ОГПУ материалдары негізінде 9-кестеден көруге болады. Кестеде дағдарыстың негізгі кезеңдері, азық-түлік қиындықтарының ауқымы мен сипатын, көші-қон үдерісін, адам шығындарын, сонымен қатар кеңес билігінің болып жатқан оқиғаларға реакциясы көрініс тапқан.

Кесте 9 – ОГПУ материалдары бойынша Қазақ АКСР-індегі азық-түлік дағдарысы мен аштық динамикасы (1930-1932 жж.) [120, 121].

Кезең	Аштыққа ұшыраған аудандар (округтер) саны	ашығу/ісіну жағдайлары/қайтыс болғандар саны	Құжат датасы мен мәлімет беруші орган
1	2	3	4
1930 ж. қаңтар	Петропавл округы, Троицк ауылдық кеңесі, Зирюпе, Романовск хуторлары	20 отбасы аштыққан, 2 отбасы ісінген	Троицк ауылдық кеңесі төрағасы қызметтік жазбасы, 1930 ж. 18 қаңтар
1930 ж. көктемі	3 округ (Павлодар, Семей, Ақмола); кейінгі мәліметтерде 6 округқа дейін таралған	Павлодар округы – ашыққандар саны 27 мыңнан астам; Семей –39 мыңнан астам; Ақмола – халықтың шамамен 10 %	1930 ж. 10-11 мамырдағы ОГПУ-дың мәліметі
1930 ж. мамыр	1 аудан (Орал округы, Жымпитты ауданы) 68 шаруашылық (№ 17, 18, 19 ауылдар)	аштықтан ісінген 5 жағдай тіркелген (№ 20 ауыл)	1930 ж. 23 мамырдағы ОГПУ-дың арнайы хабарламасы

9-кестенің жалғасы

1	2	3	4
1930 ж, маусым-шілде	3 округ (Семей, Ақтөбе, Павлодар) және республиканың 24 ауданы	азық-түлікке мұқтаж, ашыққандар саны 109 809 адам; ісіну, қайтыс болу жағдайлары тіркелген	1930 ж. 16 шілдедегі ОГПУ-дың арнайы хабарламасы
1931 ж. қазан-желтоқсан айлары	7–10 аудан	н/д (азық-түлік дағдарысының ұлғайғандығы көрсетіледі)	1932 ж. сәуір айындағы ОГПУ анықтамасы
1931 желтоқсан – 1932 ж. ақпан аралығы	10 аудан (ауыр жағдай)	аштықтан 877 адам қайтыс болған; 2673 адам ісінген	1932 ж. ақпанындағы ОГПУ өкілі В. Каруцкий хабарламасы
1932 ж. қаңтар-ақпан айлары	20 аудан	м/ж	1932 ж. сәуірдегі ОГПУ құпия-саяси бөлімі анықтамасы
1932 ж. 28 ақпаны	33 аудан (оның ішінде 10- ауданда— өте ауыр жағдайда)	м/ж	1932 ж. сәуірдегі ОГПУ құпия-саяси бөлімі анықтамасы
1931 ж. желтоқсан – 1932 ж. 10 наурызы аралығы	32 аудан; 232 елді мекен	1219 адам қайтыс болғану; 4304 адам ісінген	1932 ж. сәуірдегі ОГПУ құпия-саяси бөлімі арнайы анықтамасы
1932 ж. наурыз	32 аудан	966 адам қайтыс болған, 3816 адам ісінген; басқа 15 аудан бойынша 134 қайтыс болған, 253 адам ісінген	1932 ж. 31 наурыздағы ОГПУ ОГПУ құпия-саяси бөлімі арнайы анықтамасы
1932 ж. 1 шілдесінде	74 аудан	8276 адам қайтыс болған; 12 969 адам аштықтан ісінген	1932 ж. шілдедегі ОГПУ-дың құпия-саяси бөлімінің арнайы анықтамасы

- д/ж – деректер дереккөздерде жоқ, м/ж – мәлімет жоқ.
- ОГПУ деректерінде ең алдымен адам шығындары тіркеледі, ал шаруашылық саны көрсетілмейді, бұл аграрлық құрылымдық талдау мүмкіндіктерін шектейді.
- «Ісіп кету», «аштық» және тамақ тұтынудың сипаттамалары архивтік құжаттардағы лексикаға сәйкес берілген.
- 1932 жылғы 1 шілдедегі деректер Қазақ АКСР-дегі аштықтың шарықтау кезеңін көрсетеді, ол географиясының күрт кеңеюімен (74 аудан) және жаппай өлім-жітіммен сипатталады.

Ескерту: Кесте Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.2.: 1932-1934/Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, Атамұра, 2021. – 1240 с. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.3.: 1932-1934./Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, Атамұра, 2021. – 1028 с. құжаттар жинағындағы мәліметтер негізінде құрастырылды [120, 121].

Кестедегі мәліметтер 1930-1932 жж. Қазақ АКСР-де азық-түлік дағдарысы мен аштықтың біртіндеп өршуін көрсетеді: 1930 ж. көктемінде жергілікті деңгейде (жекелеген округтер мен ауылдарда) байқалған аштық жағдайы тез арада республиканың едәуір аудандарына тараған. 1931 ж. соңынан 1932 ж.басына дейін зардап шеккендер мен қайтыс болғандар саны күрт өсті, мыңдаған адамға жетіп, өте ауыр жағдайда болды. Аштық шығындарының шырқау шегі 1932 ж. бірінші жартысында тіркелді, бұл дағдарыстың локалды деңгейден жалпы республикалық масштабқа өткенін дәлелдей түседі.

Ашаршылықтың сипаты архив құжаттарынан айқын байқалады: азық-түлік тапшылығы ісіп-кебу, індет және өлім фактілерінен, тамаққа өлексе, сарышұнақ, мысық т.б тұтыну фактілерінен, тұқым мен уланған тұқым жегеннен улану фактілерінен, ашыққан халықтың босып көшіп кету фактілерінен көрініс тапты. Бұл дағдарыстың аса өткір және жойқын сипатын және аштықтың ең төтенше әрі экстремалды көріністерінің бірі болып табылады.

Орталық Қазақстан аумағындағы аштық кезең-кезеңімен дамып, динамика барысында барған сайын аса өткір әрі жойқын сипат ала түсті. Алғашқы кезеңде ол негізінен сандық аштық түрінде көрініс тауып, тұтынылатын азық-түлік көлемінің күрт қысқаруымен сипатталды. Азық-түлік тапшылығы халықтың физикалық тұрғыдан әлсіреуіне, ісінулердің пайда болуына, еңбекке қабілеттіліктің төмендеуіне және аурушаңдықтың өсуіне әкелді, бұл ағзаның негізгі физиологиялық қызметтерінің бұзылғанын айқын көрсетеді.

Дағдарыс тереңдеген сайын сандық тапшылық тамақтанудың сапалық нашарлауымен ұштаса түсті. Халық тағамдық құндылығы жеткіліксіз суррогат өнімдерге және дәстүрлі емес қорек көздеріне жүгінуге мәжбүр болды. Бұл кезең созылмалы әлсіреу мен денсаулықтың біртіндеп күйреуімен сипатталды, мұның өзі дәстүрлі бейімделу тетіктерінің азық-түлік тапшылығын өтеуге қауқарсыз болғанын көрсетті.

Аштықтың соңғы кезеңінде ол айқын әлеуметтік сипат алып, жекелеген адамдардың тәжірибесінен шығып, тұтас ауылдар мен аудандарды қамтыды. Жеке деңгейдегі тіршілік ету стратегиялары өз тиімділігін жоғалтты, ал халық дағдарысты еңсерудің шектен тыс формаларына (өлі малдың өлексесін жеу, қайтыс болғандардың мәйіттерін қабірден қазып алу, каннибализм) қолданды. Бұл үдерістер әлеуметтік нормалардың күйреуімен, ресурстар үшін қақтығыстардың күшеюімен және зорлыққа негізделген әрі маргиналдық өмір сүру тәжірибелеріне көшуімен қатар жүрді. Аштық шаруашылық құрылымның негіздерін, тұлғааралық қатынастарды және моральдық түсініктерді қамтыған терең әлеуметтік бейберекеттік факторы ретінде көрініс тапты.

Жалпы алғанда, Орталық Қазақстандағы ашаршылық жаппай әлеуметтік құбылыс ретінде көрініс тауып, сандық және сапалық ашығуды ұштастыра

отырып, өткір әлеуметтік апатқа айналды. Оның салдары өлім-жітім деңгейінің өсуі, халықтың табиғи қозғалысының бұзылуымен сипатталды.

1930- жылдың басынан ашаршылық Орталық Қазақстан аудандарын да шарпып, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық басым аймақ ретінде қатты зардап шекті. Ауыл шаруашылық өнімдерін даярлау көлемінің ұлғаюы, мал шаруашылығының құлдырауы, күштеп отырықшылыққа көшіру үшін инфрақұрылымының, ресурстың болмауы, күштік саясат қазақ ауылдарындағы азық-түлік дағдарысына алып келеді. Салдарынан ауылдарда өткір әрі ауқымды сипат алып, аштық мен жұқпалы аурулардан өлім-жітім саны көбейеді. Халық аштықтан аман қалу үшін мәжбүрлі босқынға айналып, тонаушылықпен айналысып, тіпті шектен тыс адам айтқысыз әрекеттерге баруға мәжбүр болады.

Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың сипаты мен ауқымын зерттеу тек трагедияның себептері мен салдарын анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығын модернизациялау кезіндегі мемлекеттің күштеуге негізделген билік механизмдерін түсінуге мүмкіндік береді.

Аймақтағы ашаршылықтың өршуіне әсер еткен факторлар қатарында әкімшілік-басқарушылық шешімдердің жүйесіздігі, мемлекеттік саясаттың жергілікті халықтың мүдделерімен және өмір сүру салтымен жеткілікті түрде санаспауын атауға болады

Қарағанды облысы аумағындағы ашаршылық туралы мәліметтерді БКП (б) Қарағанды Обкомының жауапты хатшысы И.М.Беккердің 1932 ж. Ф.И.Голощекинге жазған ақпараттық хатында көрсетіледі. Онда: «Бұрын, яғни 1931 ж. астық дайындау ісіндегі дұрыс саясат пен тәжірибемен қатар, бірқатар аудандарда партия саясатының өрескел бұрмалануына жол беріліп, бұл бізге көктемгі егіс пен азық-түлік жағдайын едәуір қиындатты. Мал дайындауда, малды ортақтастыруда, ұжымдастыруда ерекше үлкен асыра сілтеуге жол берілді. Барлығы, тіпті құс та, қоян да ортақтастырылды...» - деп мәлімет береді [138, 196 б.]. Жағдайды түзетудің жолдарын былай деп көрсетеді: «Облыста алғашқы қадамдарда негізінен асыра сілтеушіліктерді түзетуден, халықтың көшіп кету үдерісін тоқтата тұрудан, малды жыртқыштықпен союға қарсы күресті өрістетуден, жұмысқа қажетті жегін малын құтқарудан, егіс науқанына дайындалудан және мұқтаж аудандарға көмек көрсетуден бастау керек болды. Облыс барлығы 472 700 центнер тұқым қарызын және 488 000 пұт қара бидай мен 100 000 пұт тары түрінде азық-түлік көмегін алды, бұл 80% астам егіс алқабын және азық-түлік көмегінің жеткілікті үлесін қамтамасыз етеді. Біз колхоздар мен бригадаларда қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыруға қол жеткіздік, сондай-ақ алынған тұқым несиесі мен азық-түлік көмегі көңіл-күйді жақсы жаққа өзгертті» – деп баяндайды [138, б.197]. Колхоздар мен бригадаларда қоғамдық тамақтандырудың ұйымдастырылуы, сондай-ақ тұқымдық несие мен азық-түлік көмегінің көрсетілуі ресми құжаттарда жағдайдың «жақсаруы» және халықтың көңіл-күйінің оң өзгеруі ретінде бағаланған. Алайда, архивтік деректер мен нақты жағдайды талдау көрсеткендей, бұл шаралар аштықтың жаппай сипат алып, адамдардың аштан

қырылып жатқан кезеңінде шектеулі әрі жеткіліксіз сипатта болды. Аз көлемде бөлінген көмек халықтың негізгі бөлігінің азық-түлікке деген аса өткір мұқтаждығын өтей алмады және аштықтың құрылымдық себептерін жоюға қауқарсыз еді. Сондықтан мұндай көмектің әлеуметтік-психологиялық ахуалды түбегейлі жақсартты деп бағалануы көбіне әкімшілік-есептік риториканың көрінісі болып табылады және нақты демографиялық шығындар мен халықтың ауыр тұрмыс жағдайына қайшы келеді. 1931-1932 жж. Орталық Қазақстанда ашаршылық өткір әрі ауқымды сипат алып кеткен болатын.

Орталық Қазақстанда ашаршылықтың ерекше қасіреттілігі мен ауқымдылығын оның өңірдегі ірі мал шаруашылығымен айналысатын аудандарын қамтуынан аңғарылады. 1931 ж. қыркүйек айынан бастап Жаңаарқа ауданы тұрғындарының едәуір бөлігінің Нұра ауданы аумағына аштықтан босып кетуі туралы ақпарат тарап, соған байланысты жергілікті атқару комитеттеріне бірнеше мәрте азық-түлік (нан) беру жөнінде өтініш етіледі. Олар азық-түлік сұрап жергілікті атқарушы органдардың табалдырығын тоздырған. Жаңаарқадан халықтың ағылуы салдарынан мал ұрлау мен жұқпалы аурулар тараған. Аудандық атқару комитетінің төрағасы Н. Овчинников Облыстық атқару комитетінен халықтың босуын тоқтату туралы тиісті шара қабылдауды сұраған [138, б.119]. Ірі мал шаруашылығы ауданының басшылығы тарапынан жасалған мұндай өтініштің өзі ашаршылықтың ауқымын және жергілікті биліктің аштық алдында дәрменсіздігін айқын көрсетеді.

Осыған ұқсас жағдай Қарқаралы ауданында да байқалған. 1931 ж.шілде айында уәкілетті өкіл Казанский жеделхатында азық-түліктің жоқтығы және Нұра станциясына астық жеткізудің тоқтатылғаны хабарланады. Ашаршылық жағдайында жұмысшылар, мұғалімдер және басқа қызметкерлер күшін жоғалтып, әлсіреп, жұмыстан шығуға мәжбүр болады. Бұл дағдарыстың барлық әлеуметтік топтарға таралғанын көрсетеді. Халықты қарапайым азық-түлікпен қамтамасыз ете алмағанын айқын дәлелдейді [310, п. 152].

Осылайша, аудандық атқару органдарының облыс басшылығына жазған хаттары, жедел және бақылау күштік құрылымдарының өкілдерінің қызметтік жеделхаттары ашаршылыққа Орталық Қазақстан өңіріндегі негізгі мал шаруашылығымен айланысатын аудандардың ұшырағанын дәлелдей түседі. Кеңестік аппараттың түрлі буындарының аудандардағы апатты, күрделі жағдайды сипаттауынан, мәселенің жекелеген жабдықтау олқылықтарында емес, мал шаруашылығының күйреуімен, халықтың жаппай босып кетуімен, індеттің таралуы және еңбек қызметінің ыдырауымен қатар жүрген ауқымды әлеуметтік-экономикалық дағдарыс болғанын көрсетеді.

1930- жылдардың басындағы ашаршылық тек қазақ ауылдарында ғана емес, өзге ұлт өкілдері қоныстанған елді мекендерде де жаппай сипат алуы оның өңірлік ауқымдылығын және әлеуметтік тұрғыдан барша топтарды қамтығанын көрсетеді. Бұған БКП(б) қазақ Өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекин мен БКП(б) ОК ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі Л.М Кагановичке 1932 ж. жолданған «Қазақстандағы ауыл шаруашылық социалистік қайта құру туралы» ақпараттық хаты дәлел. Құжатта

осы жылдың сәуір айында солтүстік-орталық өңірдің 12 ауданы бойынша аштықтан 246 өлім жағдайы мен 133 ісіну фактісінің тіркелгені мәлімденіп, бұл азық-түлік дағдарысының шектен тыс деңгейге жеткені атап өтіледі. Хатта ашаршылықтың тек қана егіннің шықпай қалуынан емес, сондай-ақ ұжымдастыру мен малды ортақтастырудағы «асыра сілтеушілікпен» байланысты болғаны көрсетіледі. Барлық дерлік елді мекендерде малды қырып-жою, бүтіндей ауылдар мен колхоздардың босып кетуі мал басының едәуір қысқаруына және колхозшылар арасында масылдық көңіл-күйдің өсуіне алып келгені мәлімденеді.

Жағдайдың Есіл, Ақмола, Атбасар, Булаев, Қорғалжын, Төңкерей, Көкшетау, Сталин, Мамлют аудандарында ушығып тұрғаны айтылады. Хат материалдарында халықтың күш-қуатының таусылып, әлсіреуінің және тамаққа түрлі суррогаттарды пайдалану жағдайының көбейгенін, көптеп тіркелгені көрсетіледі. Бұл ашаршылықтың жаппай аман қалу кезеңіне тән белгі ретінде сипатталды. Мысалы, Көкшетау ауданындағы «Дружба» колхозында колхозшылар Т. Полищук, А. Литвина, А. Одырева, Я. Пономаренко және басқалар арам өлген малдың өлексесін қазып алып, оны тағам ретінде тұтынуға мәжбүр болған. Мұндай жағдайлар уақытша жабдықтаудың қиындықтарын емес, колхоздардың азық-түлік базасының толық күйреуін көрсетеді.

Осы ауданның «Многоцветное» ауылы колхоздарында 144 колхоз шаруашылығы мүлдем азық-түлікпен қамтамасыз етілмеген, олар алабота, күнбағыс тамыры, ақ балшық сияқты суррогат өнімдермен қоректенген. Нәтижесінде С.Райн үш баласымен, М. Анисийдің отбасындағы 7 адам, Ф. Сенченконің, А. Трембачтың отбасылары аштықтан ісінген. Бұл жекелеген отбасылардың ғана емес бүтін шаруашылықтардың аштыққа ұшырағанын айғақтайды.

Аштықтан қайтыс болу фактілері өңірдің басқа аудандарында да тіркелген. Булаев ауданының «Калинин» колхозында аштықтан колхозшылар Варумская мен Насаченко аштан өлген, Төңкерей ауданының «Индустрия» колхозында 29 адам ісініп, 23 адам өлген, «Пламя» колхозында 63 адам ісініп, 3 адам өлген, Арықбалық ауданының Максимовка ауылында колхозшылар 3 ай бойы азық-түлікпен қамтамасыз етілмей, ит, мысық жеген, Сталин ауданында 2 адам өлген, Айыртау ауданының «Щит коммунасында 5 адам аштан өлген, ісіну фактілері болғаны баяндалады [121, б.7-9].

Жоғарыдағы мәліметтерден ашаршылықтың тек мал шаруашылығымен айналысатын қазақ ауылдарында ғана емес, сонымен қатар өзге ұлт өкілдерінен құралған колхоздарды да қамтығаны көрінеді. Бұл өз кезегінде 1930-жылдардың басындағы Қазақстандағы аштық локальды немесе этникалық шектеулі құбылыс емес, түрлі әлеуметтік топтар мен аймақтарды қамтыған жүйелі әлеуметтік-экономикалық дағдарыс болғаны туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Осылайша, архивтік құжаттар аштықтың негізгі мал шаруашылығы аудандары мен түрлі ұлт өкілдері қоныстанған аймақтарды қамтып, әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа себеп болғанын көрсетеді. Жоғарғы билік органдары

дағдарысты колхоздастырудағы «асыра сілтеушіліктер» мен аудандық партиялық және ауылдық органдардағы ұйымдастырушылық-бұқаралық жұмыстың әлсіздігі нәтижесі ретінде бағалап, сондай-ақ жергілікті ресурстарды (балық аулау, аңшылық, саңырауқұлақ пен жидектерді жинау) тиімді пайдалану арқылы аштық салдарын жеңілдетуге болатынын атап өтті. Жалпы алғанда, бұл деректер 1930–1933 жж. Орталық Қазақстандағы оқиғаларды экономикасына және әлеуметтік құрылымына терең әсер еткен кең ауқымды апат ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

1932 ж. Нұра ауданында да аштықтан жағдай ушыққанын БКП(б) Өлкелік комитеті мен Қазақ АКСР ХКК өкілдерінің (құжатта аты-жөндері көрсетілмеген) мәліметтері дәлелдейді. Онда азық-түлік дағдарысының шектен тыс ауқымы мен оның салдарынан болған өлім-жітім жағдайы сипатталады. Ауданда дәрігерлер жоқ, жалғыз ғана фельдшер індет ауруларының жоқтығы атап өткенімен, алайда, аштықтан ісінген адамдардың саны едәуір болған. Оның ішінде №7 ауылдық кеңесте аштықтан 22 адам, «Көкөзек» колхозында шамамен 300 адам яғни, халықтың жартысына көбі қайтыс болған. «Қызылту», «Жаңа жол», «Сталин» колхоздарында да адам өлімі тіркелген. Нұра елді мекені аумағында көктем айларында қар астынан адамдардың жаппай жерленген орындары табылған. Бір шұңқырдан 75 мәйіт, екіншісінен – 97, үшіншісінен – 60, барлығы 232 адамның мәйіті табылған. Ал, Черниговка елді мекені маңынан тағы да 60-70 адамның мәйіттері анықталған [121, б.16]. Аталған деректер ашаршылықтың жеке отбасылар мен колхоздарды ғана емес, бүкіл елді мекендерді қамтып, жүйелі, кең ауқымды сипатта болғанын дәлелдейді. Өлім-жітім деңгейінің жоғары көрсеткіштері, медициналық көмек пен азық-түлікпен қамтамасыз етілмеу ашаршылықтың халық өміріне тікелей қауіп төндіргенін және дәстүрлі тұрмыс формаларының бұзылуына әкеп соққанын айқындай түседі.

Егер 1932 ж. басына дейін құжаттарда ашаршылықтың себебі ретінде негізінен «асыра сілтеушіліктер» көрсетілсе, Қазақ АКСР ОГПУ өкілетті өкілдігінің орынбасары Мироновтың 1932 жылдың ақпан айындағы арнайы анықтамасында азық-түлік дағдарысы астық дайындау жоспарларының шамадан тыс бекітілуі, егіннің шықпай қалуы, астықты жасыру және колхоздарды ұйымдастырудағы кемшіліктер нәтижесінде туындағаны көрсетіледі. Осы мәлімдемеде Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың ауқымының апатты жағдайға жеткені сипатталады. Абыралы, Қарқаралы, Қу және Қарағанды сияқты жекелеген аудандарда аштық көптеген шаруашылықтарды қамтыған. Мысалы, «Тлексары» колхозының №2 ауылындағы 50 шаруашылықтан 4 ғана, №15 ауылда 200 шаруашылықтан 36, №16 ауылда 150 шаруашылықтан 40 қалған, оның ішінде 10 адамы ғана ер азамат, қалған әйелдер мен балалардың көпшілігі аштықтан ісініп кеткен.

Өлім әрбір ауданда тіркеліп отырған: Абыралы ауданында 28 шаруашылық азық-түлікке аса қатты мұқтаж болған. Қаңтар айының өзінде аштықтан №5 ауылдан – 2 адам, №7 ауылдан – 2 адам, №11 ауылдан – 6 адам, №12 ауылдан – 8 адам, №14 ауылдан – 1 адам, барлығы 19 адам өлген.

Қарқаралы ауданы бойынша үш пунктта аштықтан адам шығыны 17 деп көрсетілген. (№3 ауыл -3, №16 – 5, Қарқаралы – 6, №2 -3). Тамақ жетіспеудің салдарынан өлексе жеген кедейлер, орташалар мен колхозшылардың шамамен 100 ісініп, ауданнан көшіп кету фактілері жиілей түскен. Осы ауылдарға барған тұтыну кооперациясы нұсқаушысы Ботов халықтың мүшкіл хәлін келесідей сипаттайды: «№9-16 ауылдардың колхоздары толығымен ыдырау алдында тұр, сауын малының барлығы мал дайындау науқаны кезінде тапсырылған. Ауыл халқының басым көпшілігі аш, тамақ орнына не болса соны жеп жатыр. Колхозшылардың көпшілігі көшіп кетуде. Қу ауданының №11 ауылында азық-түлігі жоқ кедей шаруашылықтар арам өлген малдың етін жеуде» [121, б.86-98].

Құжатта жергілікті жерлердегі дағдарыстың себебі ретінде көбіне «асыра сілтеушілік» саясаты мен ұйымдастырудағы қателіктер аталғаны, табиғи немесе экономикалық қиындықтар екінші кезекке қойылғаны көрінеді. Бұл жағдай жоғарғы билік органдарына азық-түлік дағдарысының негізгі себебі ретінде жергілікті басқару құрылымдарының әкімшілік қателіктеріне сілтеме жасауға мүмкіндік берді. Осылайша, құжаттың екіжақты сипаты айқындалады: бір жағынан ол ашаршылықтың нақты әлеуметтік-экономикалық салдарын тіркесе, екінші жағынан орталық биліктің әрекеттерін ақтау қызметін атқарды.

1932 ж. ашаршылық өткір сипат алғанын Орталық Қазақстандағы халықтың азық-түлік жағдайының нашарлау динамикасын, ашаршылық ауқымының өсуін, өлім-жітім мен көші-қон көрсеткіштеріндегі өзгерістерді қадағалауға, сондай-ақ дағдарыстың ең сындарлы кезеңдерін анықтауға 10-кесте мүмкіндік береді.

Кесте – 10 Орталық Қазақстандағы 1932 ж. азық-түлік дағдарысы мен ашаршылық динамикасы (архив құжаттары негізінде) [121].

Кезең	Аудан/ елді мекен	Аштыққа ұшыраған шаруашылық пен халықтың саны	өлім / ісіну жағдайлары	Ақпарат көзі /ескертпелер
1	2	3	4	5
1932 ж. көктем	Нұра ауданы, №7 ауылдық кеңес	көрсетілмеген	қайтыс болған-22 адам	БКП(б) Өлкелік комитеті мен Қазақ АКСР ХКК өкілдерінің мәліметтері
1932 ж. көктем	Нұра ауданы «Көкөзек» колхозы	көрсетілмеген	300 аса адам қайтыс болған (тұрғындардың тең жартысы)	бұл да сонда
1932 ж. көктем	Нұра ауданы «Қызылту», «Жаңа жол», «Сталин» колхоздары	көрсетілмеген	өлім деңгейі жоғары (құжатта сандар көрсетілмеген)	бұл да сонда
1932 ж. көктем	Нұра б. Жаппай жерлеу орындары	-	232 мәйіт (3 шұңқыр: 75, 97, 60 мәйіт табылған)	бұл да сонда
1932 ж. көктем	Черниговка поселкесі	-	60–70 мәйіт	бұл да сонда

10-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
1932 ж. көктем	Абыралы ауданы	№5,7,11,12,14 ауылдар	қайтыс болған-19 адам	ПП ОГПУ өкілі Мироновтың арнайы мәлімдемесі, ақпан 1932 ж.
1932 ж. көктем	Қарқаралы ауданы	№2, 3,16 ауылдар, Қарқаралы қ.	қайтыс болған - 17 адам	бұл да сонда
1932 ж. мамыр	Қарағанды ауданы	Колхозный, Степной, Веселовка, Токаревка елді мекендері	қайтыс болған 50 адам + 192 қатты әлсіреген (67 бала, 17 жасөспірім)	ОГПУ құпия-саяси бөлімі бастығы Молчановтың арнайы мәлімдемесі
1932 ж. 2 маусым	Абралы ауданы «Таң» колхоз №4 ауылы	көрсетілмеген	күніне 2–3 адам қайтыс болған	ОГПУ-дың құпия ақпараты
1932 ж. көктем	«Оян кедей» колхозы №18 ауылы	көрсетілмеген	қайтыс болған - 8 адам	ОГПУ-дың құпия ақпараты
1932 ж. көктем	Орталық Қазақтан өңірі	10–12 аудан	қайтыс болған-10–15 мың адам	Қазақ АКСР ХКК төрағасы О. Исаевтың И. Сталинге хаты, 1932 ж. тамыз
1932 ж. сәуір	солтүстік-орталық өңір	12 аудан	қайтыс болған-246, ісінгендер -133	Ф.И. Глощекин мен Л.М. Кагановичке жолданған ақпараттық хат
1932 ж. сәуір	Төңкерей ауданы	«Индустрия» колхозы	қайтыс болған - 29 адам, ісінгендер - 23 адам	бұл да сонда
1932 ж. сәуір	Төңкерей ауданы	«Пламя» колхозы	қайтыс болған-3 адам, ісінгендер -63 адам	бұл да сонда
1932 ж. сәуір	Сталин ауданы	-	қайтыс болған - 2 адам	бұл да сонда
1932 ж. сәуір	Айыртау ауданы	Щит коммунасы	қайтыс болған-5, ісіну фактілер бар	бұл да сонда
1932 ж. желтоқсан –1933 қаңтар	Жаңаарқа ауданы	халық саны 77 %, шаруашылық саны 73% қысқарған	қайтыс болған-3 612	замнарком Абдрахмановтың Қазақ АКСР ХКК төрағасы О. Исаевқа жазған мәлімдеме жазбасы
Ескерту: Кесте құжаттар жинағындағы мәліметтер негізінде құрастырылды. Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.3.: 1932-1934./Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, Атамұра, 2021. – 1028 с.				

Кестеде берілген мәліметтер архив құжаттарындаға ресми түрде тіркелген ақпараттарға негізделген, алайда өңірдегі барлық елді мекендер қамтылмаған. Азық-түлік дағдарысының аса өткір жағдайында және көшпелі әрі жартылай көшпелі халықты есепке алу мүмкіндіктерінің шектеулілігіне байланысты

аштық, өлім-жітім және көші-қон жағдайларының едәуір бөлігі тіркелмей қалуы ықтимал. Бұл орын алған оқиғалардың нақты ауқымының деректерде көрсетілгеннен әлдеқайда кең болғанын болжауға негіз береді.

Қарағанды облысында халықтың арасындағы өлім-жітімнің жиілеуіне байланысты 1932 ж. мамыр айында құрамында аудандық дәрігер Сеитов пен ААК төрағасы Агетов бар комиссия құрылып, отырықшылыққа көшірілген ауылдың 2 пункты Шоқы және Казгородок елді мекендерін тексеріледі.

Тексеріс барысында ашыққан халық сүйек, кеуіп қалған тулақ, тері, тіпті бір отбасының иттің етін жеп келгені анықталған. Комиссия елді мекендердегі үйлерді аралап, халықтың жағдайының өте нашар екеніне көз жеткізеді. Шоқы ауылындағы 144 үйдің шамамен 60-ы ғана қалады. Казгородокта үйлерді аралағанда аштық күйінде өмір сүріп жатқан 18 отбасы мүшелерінің әбден өлімші халге түскенін көреді. Көпшілігі тамақ жоқтығынан қарабидай ұнын суға араластырып быламық, тері, сүйек, иттің етін жеген. Бәрі жүдеу, аштықтан ісініп кеткен. Шоқы ауылындағы 15 отбасы мүшелерінің барлығы аштықтан титықтап, ісініп, жүре алмайтын халге түскен. Олар өлексе, сүйек, тері жеген. Тамаққа не болса соны жеудің салдарынан халықтың арасында жұқпалы аурулар фактісі анықталған.

Жекелеген отбасыларында адам өлу фактілері де жиілеп кеткені анықталады. Мысалы, «№3 Көмербай» ескі ауылында Әміровтың отбасында 9 жан болған, өзі ақпан айында кетіп қалған, балалары Қами, Ахметжан, Ахметулла аштан өлген, әйелі мен қызы өлім аузында, тағы бір ұлы Әкет өлім аузында, келіні кетіп қалғаны белгісіз» деп мәлімденеді. Осының барлығын тексерген комиссия мүшелері акт жасап бекітеді [138, б.138-140]. Құжаттан Орталық Қазақстанда ашаршылық жаппай сипатқа ие болғаны анық көрінеді. Халықтың тағам орнына сүйек, тері, иттің етін т.б тұтынып, отбасы мүшелері аштықтан әбден титықтап, ауыр халге түскені азық-түлік дағдарысының апатты деңгейге жетіп, өңірдегі әлеуметтік-экономикалық күйзелістің тереңдігін айғақтайды.

1932 ж. көктемінде Орталық Қазақтан өңірінде ашаршылық аса ауқымды деңгейге жетіп, салдарынан аштыққа ұшыраған, азық-түлікке мұқтаж тұрғындар жұмыс пен қорек іздеп Қарағанды қаласына қарай жаппай ағылады. Алайда, олардың едәуір бөлігі қалаға жете алмаған. ОГПУ-дың құпия-саяси бөлімінің басшысы Молчановтың арнайы мәлімдемесінде Тельман ауданының Колхозный, Степной, Веселов, Токаревка елді мекендерінде наурыз айының соңынан бастап аштықтан өлген 50 адам мәйіті табылып, әбден әлсіреп, жүре алмай жатқан 192 адам табылғаны хабарланады (оның 67 бала, 17 жасөспірім) [121, б.22-23]. Құжат өңірдегі аштық жағдайының шырқау шегіне жеткенін көрсетеді. Халық тұрғылықты жерлерінен жаппай көшу арқылы аштықпен өздігінше күрескен. Алайда, олар діттеген жерлеріне жете алмай, жол-жөнекей қырылған, бұл өңірдегі орын алған апатты жағдайдың аса ауыр деңгейін айғақтай түседі. Аштық куәгерлерінің естеліктері де дәлелдей түседі. Мысалы, Ә. Айтжанұлының әкесінің естелігінен: «Арқадан Балқашқа қарай шұбырған елде шек жоқ, нан сұрайды, кімге не бергендейсің. Жолдың шеті өліп жатқан

адамдар, халіміз келгенше білген дұғамызды оқып, беттерін қармен, шөп-шаламмен жауып кететін едік. Жер қазуға қайла да қару да жоқ» [138, б.298]. Айтжанқызы Рауза да әкесінен естіген әңгімеде аштықтан мәжбүрлі түрде босып кеткен халықтың жол бойында көмусіз қалғаны баяндалады: «1932жылдары Ақтоғай ауданынан, Сартеректен Балқашқа қарай, «көлде балық ауласақ, жанымызды сақтаймыз» деп үміттенген. Балқашқа бара жатқан жолда Партсъездің жанында бір жылдары егін саламыз деп барса, бас-адамның сүйегі жерді ашқызбаған екен. Балқашқа жеткенше өле берген, қала берген, көмуге шамалары болмаған, әлдері де жоқ» [138, б.300].

ОГПУ өкілетті өкілдігінің орынбасары Мироновтың 1932 ж. ақпан айындағы арнайы анықтамасында Абыралы ауданында ашыққан 19 адам қайтыс болғаны тіркелсе, 1932 ж. 2 маусымдағы БКП(б) хатшысы М. Стакунға жолданған құпия ақпараттық мәліметтері бойынша Абыралы ауданында азық-түлік дағдарысының күрт күшеюі байқалып, күніне 2-3 адам қайтыс болып отырған. «Таң» колхозының №4 ауылында аштықтан 12 адам Кенжимбаев Мухамедия, Байжуманов Қадыр, Әлмақанның әйелі, Абақтың баласы– Кулемжан, Сержановтың, Ж. Мухамедиевтің 2 баласы мен Азаматов Хусаинның 3 баласы қайтыс болғаны көрсетіледі. Қалғандары аштықтан ісіп-кеуіп кеткен. Аудандық комиссия қызметі ауылдарға келген азық-түлік көмегін кабинетте отырып бөлумен ғана шектеліп, астықты талан-таражға салған. Ал, көмек сұрап барған аш босқындарды жолға тамақ бермей ауылға қуған [268, п.274]. №18 ауылдың «Оян кедей» колхозында аштықтан барлығы 8 адам, Олар: Ибақов Ыбрай, Жидебаев Қинамас, Нүреш, Исабеков Жүніс, Бендембаевтың ұлы, Жұрқияның ұлы, Өскембайдың ұлы аты-жөндері беріледі. Жергілікті билік азық-түлікке байланысты «қиындықтарды» жеңілдету шараларын жеткілікті түрде қабылдамағай, олардың тарапынан бассыздықтарға жол берілген. Мысалы, күйеуінің аштан қайтыс болғанын айтып, тәркіленген соңғы сауын биесін қайтаруын өтініші етіп келген Ибраева Балқияға ауыл кеңесінің төрағасы Тұрғанбаев, «биеңді тартып алған адамға аудан орталығына барып шағымдан» деп, ауылдық кеңестен қуып жіберген [268, п.247]. Бұл факт жергілікті биліктегі қазақ басшының ауылдастарының мәселесіне немқұрайлық танытуын көрсетеді. Бұндай жағдайлар ахуалды одан сайын ушықтыра түскен.

Тек 1932 ж. шілде айында ғана БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюросы отырысында «Қазақстандағы жаппай аштық туралы» өте құпия қаулы шығарады [121, б.256-259]. Бюро Қазақстан бойынша уәкілетті өкіл В. Каруцкийдің хабарламасын тыңдап, Қазақстанның едәуір аудандарында аса күрделі азық-түлік жағдайына байланысты аштықтан адамдар жаппай өліп жатқанын, індеттің тарауы, балалар панасыздығының ұлғаюын ескере отырып, құбылыстың кең сипат алып, еңбекшілердің әсіресе қазақтардың арасында наразылық туғызғанына байланысты өлкелік комитет облыстық, аудандық комитеттерге аштықпен күрес бірінші кезектегі саяси міндет екенін көрсетеді. Сонымен қатар қаулыда аштықпен қоса бірқатар облыстарда оның ішінде Қарағанды облысында бөртпе сүзек індеті тарап жатқаны атап өтіледі.

Қазақстандағы аштық жағдайы туралы 1930 ж. бастап ақпараттарда айтылғанымен өлке басшылығы тек, оған жаппай сипат алған 1932 ж. ғана мән берген. Оған 1932 ж. 5 шілдеде КСРО БКП(б) ОК хатшылары Л.М. Каганович пен В.М. Молотовтың Өлкелік комитеттің бірінші хатшысы Ф. Голощекинге жолдаған шифрхаты дәлел болады. Онда азық-түлік дағдарысы, жаппай өлім-жітім туралы баяндалған болуы мүмкін. (*Жеделхаттың мәтіні архив құжаттары жинақтарының бірінде жарияланған, алайда, архив қорларымен және жарияланған деректер материалдарымен жұмыс барысында Ф. Голощекиннің бұл жеделхаты өкінішке орай, кездеспеді - авт.*). Жеделхатқа БКП(б) ОК хатшылары директивалық сипатта жауап берген. Онда: «Осы уақытқа дейін үндемей келіп, енді ғана үрейге толы жеделхат жіберіп отырғаныңызға таң қалудамыз. Жеделхатта берілген сандар мен ақпараттарды кімдердің мәліметтеріне сүйеніп беріп отырсыз? – дей келе, Ф.Голощекинге үрейге, дүрбелеңге бой алдырмай, келіп жатқан хабарларға сын көзбен қарауды ұсынып, партиялық органдардың жұмысына нақты бағыт беріп, көмек көрсетуге жергілікті ресурстарды жұмылдыруды талап етеді [121, б.263].

Құжаттан кеңестік билік органдарының өлкелік ұйымдардың ақпараттарына сенбеу, күмән келтіру, жасыруға тырысу тәжірибесі көрінеді. Болып жатқан шынайы жағдайды мойындаудан бас тартып, жауапкершіліктен қашып, оны жергілікті басшылыққа ығыстыра салудың айқын көрінісі. Азық-түлік көмегін бөлу туралы өтінішке «Орталық комитет тарапынан қаралады, беруге болатын көмек туралы қосымша хабарланады» - деп екұшты жауап береді [121, б.263]. Бұл орталық биліктің халықтың аштыққа ұшырау жағдайын қабылдауы мен жауапкершілікті өңірлік партиялық басшылыққа сілтейді. Халыққа шұғыл көмек көрсетудің орнына орталық билік, тәртіп пен ұйымдастырушылық шараларды күшейтуді басты міндет ретінде қойған.

Қазақ АКСР ХКК төрағасы О. Исаевтың 1932 ж. тамыз айында И. Сталинге жазған хатында Орталық Қазақстан аймағындағы ашаршылық сипаты мен ауқымы сипатталады. Хатта Қазақстандағы мал басының күрт қысқаруы салдарынан мал шаруашылығының апатты жағдайы туралы баяндай келе Орталық Қазақстан аумағындағы 10-12 қазақ ауданындағы халықтың көп бөлігі ашығып жатқанын айтылады. Алдын ала алынған мәліметтер бойынша 1932 ж. көктемінде бұнда 10-15 мың адам аштан өліп, 1931 ж. халықтың басқа өлкелер мен республикалардың аумақтарына көшіп кетуі жағдайының күннен-күнге жаппай сипат алып, 1929 жылмен салыстырғанда қазақ аудандарында халықтың жартысы да қалмағанын мәлімдейді. Аштыққа ұшыраған қазақтар мен олардың панасыз балалары өндіріс орындары, теміржол станцияларында шоғырланып, олар тонаушылық айналысып, жұқпалы аурулардың таралуына себеп болып отырғанын көрсетеді.

О. Исаев мал шаруашылығының құлдырауының басты себебі ретінде ұжымдастыру үдерісіндегі партия саясатын бұрмалау, малды ортақтастыру мен мал, ет дайындаудағы асыра сілтеушіліктерді көрсетеді. Аудандардың жай-күйін білмеудің нәтижесіндегі жоспарлауда жіберілген өрескел қателіктерді түзетпеудің ақыры бірқатар аудандарда жағдайдың ушығуына алып келгенін

атап өтеді. Хаттың соңында О. Исаев мал шаруашылығын қалпына келтіру мен жағдайды түзету бойынша өзінің тарапынан ұсыныстарын береді [121, б.293].

1932 ж. күзінде ашаршылық жаппай сипат алады. Аштық ауқымын көрсететін маңызды көрсеткіштердің бірі – халық санының қысқаруы болып табылады. 1932 ж. қазан айының 10 күнгі жағдай бойынша берілген ОГПУ-дың құпия-саяси бөлімінің бастығы Молчановтың арнайы ақпаратында Қазақстанның бірқатар аумақтарында азық-түлік тапшылығы өршіп тұрғаны мәлімденеді. Қосымша келіп түскен (толық емес) мәліметтер бойынша 1932 ж. өткен айларында азық-түлік тапшылығы негізінде 14549 адам өлгенін, оның ішінде 2500 адам қыркүйек және қазан айларында қайтыс болғаны мәлімденеді. Қазақстан бойынша Торғай, Батпаққара, Қарсақпай, Қу аудандарында азық-түлік тапшылығы аса өткір жағдайы көрсетіледі. Қу ауданының «Жаңажол» колхозындағы колхозшылар мен олардың балалары тамақтың жоқтығынан тек шөппен қоректенген [121, б.376-377]. Осы ауданның Шуакал колхозында (*архив құжатында атуы осылай көрсетілген*- авт.) аштықтан күніне 3-4 адам, Қарсақпай ауданында күніне 2-3 адам өліп отырған. Кейбір мәліметтер бойынша азық-түлікке мұқтаждар 50-ден 90% дейін жеткен. Абыралы ауданының халқының 95%, Қу ауданының 85%, Баянауыл ауданының 60% астыққа мұқтаж болған. Шалқар, Табын, Атбасар, Ақмола, Жаңаарқа және т.б аудандар азық-түлік көмегіне аса мұқтаждығы атап өтіледі. Аштыққа ұшыраған аудандардың халқы өндірістік қалаларға, әсіресе Қарағанды, Қарсақпайға ағылып, едәуір бөлігі өндірістен жұмыс таппай, салдарынан өлім-жітім көбейіп, жұқпалы аурулар таралуда» – деп көрсетіледі. Сонымен қатар бұл аудандардағы азық-түлік тапшылығы туралы Қазақөлкелік комитетіне хабарланады [273, б.527-528]. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер 1932 жылдың күзінде аштықтың аса жоғары қарқын алғанын көрсетеді. Жағдай, ең алдымен, Орталық Қазақстан өңірлерінде халықтың жаппай қырылуы және азық-түлікпен қамтамасыз етудің толық дерлік тоқтауымен сипатталды. Күн сайын тіркелген өлім-жітім көрсеткіштері мен аштыққа ұшырағандардың үлесінің 95 % дейін жетуі, өңірдегі ахуалды республиканың едәуір бөлігін қамтыған гуманитарлық апат ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Ашаршылықтан жаппай өлім әсіресе, тіршілікті қамтамасыз ететін болмашы ғана мүмкіндіктердің өзі түпкілікті таусылған, қыс айларында өрши түскен. Егер жаз-күз айларында халық кездейсоқ азық көзін тауып, түрлі өсімдіктерді жинап, уақытша болса өмір сүре алса, қыс басталғанда бұндай тіршілік тәсілдері мүмкін болмаған. Нәтижесінде өлім-жітім көрсеткішінің қарқыны жылдам өскен. Бұл динамика архивтік құжаттарда анық көрініс тапқан. Ол туралы халық комиссары орынбасары Абдрахмановтың Қазақ АКСР ХКК төрағасы О. Исаевқа Жаңаарқа ауданындағы жағдайды баяндап жазған мәлімдемесінде 1932 ж. желтоқсанында ауданының өзінде ғана халық саны 24939 адамнан 5720 адамға, шаруашылық саны 5381-ден 1473-ке қысқарғаны көрсетіледі. Бұдан қысқа мерзім ішінде халықтың санының 77%, шаруашылық санының 73 % қысқарғанын айқын көруге болады. Халық санының осындай

көлемде қысқаруы тек көшіп кетуден емес халықтың аштықтан жаппай қырылуының нәтижесі екені анық [121, б.388-389].

Аштықтан болған өлім-жітім көрсеткіштерінің қарқындылығы әсіресе, 1932 ж. қараша-желтоқсан айлары мен 1933 ж. қаңтар айларында тіркелген, яғни бұл кезде халықтың қолындағы азық-түлік тапшылығы мен физикалық әлсіздігі шырқау шегіне жеткен. ОГПУ материалдарында қайтыс болғандардың саны 3 612 адам деп көрсетілсе, комиссия 3 212 адамды тіркеген, бұл трагедия ауқымының азайғанын білдірмей, керісінше дағдарыс жағдайында аштық құрбандарының есепке алынуының қиындықтары мен толық еместігін көрсетеді [121, б.388].

Адам өлімінің жаппай сипат алуы бойынша архив құжаттарынан көрінеді. Мысалы, №6 ауыл бойынша көмек тарату мен екпе егу барысында колхозшылардың айтуынша өлгендер саны тізімдегіден көбірек екені анықталады. Оған ауылдағы үйлердің жанында, жол бойында, күресінде мәйіттердің көптеп кездесуі дәлел болады. Рахметова Рахиманың жер кепесінде 7 мәйіт табылған. №6 ауылдың «Қарауылтөбе» колхозында Қуандықовтың отбасындағы 4 адамның 3-еуі өлген, М. Бокаевтың отбасындағы 9 жаннан 1-еуі ғана қалған, Ә. Қадыровтың отбасындағы 8 адамның 7-еуі қайтыс болған, Жылқыбаевтың жанұясындағы 8 адамнан 7-еуі қайтыс болған, Ж. Тойшыбековтың отбасындағы 8 адамнан 2 адам ғана қалған. Бір ғана колхоздың өзіндегі 5 отбасындағы 37 адамның 31-і өлген. Адам саны 83,8% қысқарған. Осының өзі ашаршылықтың 1932 жылы орасан зор сипат алғанын түсінуге мүмкіндік береді [121, б.389].

Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың ауқымы мен сипатын көрсету үшін адам шығынының көлемі, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс сипаты, көші-қон үдерістері және биліктің реакциясы сияқты критерийлердің жиынтығын қамтитын кезеңдеудің авторлық нұсқасы қолданылады.

I кезең: 1930 ж. басы – 1931 ж. басы (азық-түлік дағдарысының қалыптасуы): Ашаршылық локалдық деңгейде басталып, біртіндеп өсу сипатында болды, ең алдымен, көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды қамтыды. Оның негізгі себептеріне ретінде малды тәркілеу, ұжымдастыруды күшпен жүргізу және тиісті инфрақұрылымсыз отырықшыландыру саясаты аталады. Мәжбүрлі көші-қонның бастапқы формалары байқалды. Көші-қон үдерістері стихиялық сипат алып, ауданішілік және облысішілік деңгейде жүзеге асты. Жаппай өлім-жітім әлі тіркелмегенімен, індеттің өсуі, аштыққа ұшырау жағдайлары және алғашқы өлім жағдайлары орын алды. Билік орындары қалыптасқан жағдайды уақытша қиындықтар ретінде бағалап, жауапкершілікті «байларға», «кулактарға» және «көшпелі шаруашылықтың бейімделмеуіне» жүктеді.

II кезең: 1931 – 1932 жж. ортасы (ашаршылықтың шырқау шегі): ашаршылық жаппай сипат алып, Орталық Қазақстанның барлық дерлік аудандарын қамтыды. Мал шығыны 70–90 % деңгейіне жетіп, халық жаппай қырылу, эпидемиялық аурулар мен әлеуметтік дезинтеграция салдарынан ауыр күйзеліске ұшырады, каннибализм жағдайлары да тіркелді. Көші-қон үдерістері

аймақаралық және халықаралық сипат алып, рулық-туыстық байланыстар күйреді. Орталық Қазақстан аумағында ашаршылықтан қайтыс болғандар саны жүздеген мың адам деп бағаланды. Билік ашаршылықты ресми түрде мойындамай, ақпаратты жасыру саясатын ұстанды.

III кезең: 1932 ж. соңы – 1933 жж. (ашаршылықтың бәсеңдеуі және дағдарыстан кейінгі кезең). Ашаршылықтың қарқындылығы біртіндеп төмендегенімен, бірқатар аудандарда азық-түлікпен қамтамасыз етудегі тұрақсыздық сақталды. Ұжымшар жүйесін қалпына келтіру үдерісі басталды, алайда халық физикалық әрі әлеуметтік тұрғыдан әбден әлсіреген жағдайда болды. Көшіп кеткендердің бір бөлігі туған аймақтарына оралса, енді бір бөлігі өңірден тыс жерлерде тұрақтап қалды. Өлім-жітім деңгейі төмендей бастағанымен, демографиялық құлдырау мен еңбекке қабілетті халықтың тапшылығы сақталды. Билік тарапынан «жергілікті жерлердегі асыра сілтеулерді» ішінара мойындауға жол берілгенімен, ашаршылықтың жүйелік себептері талданбады.

1930- жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық ауқымды әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа алып келді. Ауылдық жерлерде ашаршылықтың сипаты бірқатар факторлардың күрделі үйлесімінен қалыптасты: мал санының жетіспеуі, егіс алқаптарын дайындаудың тиімсіз жүргізілуі, тұқымдық қордың тапшылығы және азық-түлік жетіспеушілігі ашаршылықтың қарқындылығын күшейтті. Мәселен, 1933 ж. Қу ауданы бойынша 4500 гектар аумақта егіс науқанын орындау мал жетіспеушілігіне байланысты мүмкін болмады; қолда бар 574 бас ірі қара мал 1292 басқа деген қажеттілікті қамтамасыз ете алмады, ал жем-шөп қорының тапшылығы мен жылы қора-жайлардың жоқтығы ауыл тұрғындарының жағдайын одан әрі қиындатты [269, п.9-11].

Аштық осындай кең ауқымды сипат алған кезеңде халық одан аман қалудың жолдарын стихиялы түрде іздестіре бастайды. Ашаршылық азық-түліктің жетіспеушілігімен шектелмей, сонымен қатар әлеуметтік, саяси және моральдық қысыммен ұштасып, халықты жаңа бейімделу стратегияларын қолдануға мәжбүр етті. Олар жеке, отбасылық, қоғамдық, психологиялық және асоциалдық бейімделу стратегияларынан көрініс тапты.

Жаппай ашаршылық жағдайында халықтың өмір сүру стратегияларын талдау ерекше маңызға ие болады, өйткені бұл стратегиялар азық-түлік тапшылығының шектен тыс деңгейі ықпалында қалыптасты. Аталған мәселеге алғашқылардың бірі болып назар аударған зерттеушілердің қатарында П. А. Сорокин болды. Оның пікірінше, психологиялық аштық, яғни тәбеттің субъективті сезімі, физиологиялық аштықтан бұрын пайда болады. Тәбет сезімі сыртқы тітіркендіргіштердің әсерінен уақытша бәсеңдеуі мүмкін болғанымен, физиологиялық аштық тұрақты сипатқа ие болып, біртіндеп адамды қалыпты жағдайда жиреніш тудыратын тағамды тұтынуға мәжбүрлейді [311, б.24-25]. Әлеуметтік және моральдық нормалардың күйреуімен қатар жүретін экстремалды жағдайларда бұл үдеріс өмір сүрудің мінез-құлықтық

стратегияларының трансформациясына, тіпті өлгендердің мәйітін немесе адам етін жеу сияқты шектен тыс формаларына дейін алып келеді.

Ашаршылық кезіндегі төтенше жағдайлар адамдарды өздерінің физиологиялық және психологиялық мүмкіндіктерінің шегінде өмір сүру стратегияларын бейімдеуге мәжбүр етті. П.Сорокиннің теориялық тұжырымдары мұндай жағдайларда адамның өмірін сақтап қалу үшін неге радикалды шараларға жүгінетінін түсінуге мүмкіндік береді: физиологиялық аштық моральдық және әлеуметтік шектеулерден басым түседі, ал аштықты «психологиялық тұрғыдан басу» тәсілдері уақытша ғана әсер етеді. Бұл заңдылықтар құжаттық дереккөздермен де, ашаршылықты бастан өткергендердің естеліктерімен де дәлелденеді. Куәгерлердің естеліктерінде өмір сүрудің нақты тәсілдері – жеуге жарамды кез келген тағамды іздеу, азық-түлікті айырбастау және жинақтау, жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану, сондай-ақ азық-түліктің аса қатты тапшылығына бейімделудің өзге де формалары тіркелген. Сонымен қатар өмірді сақтап қалу үшін мәжбүр болған шектен тыс шаралар да сипатталады, бұл дағдарыстың тереңдігін де, апат жағдайындағы адамның тіршілікке бейімделу қабілетін де айқын көрсетеді.

Аштықтан аман қалу стартегияларын халықтың жадында сақталған естеліктер негізінде анықтауға болады. Мысалы, аштық куәгері Қу ауданының тумасы 1928 жылы дүниеге келген Рахметова Ақлима: «Үшқара деген жерде тұрдық, ол кезде 3-4 жаста болдым. Көп нәрсе есімде жоқ. Тығып қойған тамағымызды, малымызды тартып алды. Жаз мезгілінде анамыз теріп әкелген жуа, бүлдіргенді жейтінбіз, кейін келе үкіметтің берген көмегіне ілігіп аштықтан аман қалдық. Барлық туыстарым аштықтан өлді. Анам екеуіміз ғана қалдық. Менімен бірге туған бауырларымның барлығы аштан өлді» - деп еске алады [242] (Қосымша Б.).

Бибігүл Қалмағанбетқызының естелігінде аштықтан аман қалғаны туралы: «Отыз екінің күзінде біз де харап болуға айналдық. Сарысудың бойында Әлмен бидайығына таман нар қамыс өскен ұзын, тұнжыр қарасу бар болатын. Бұл өзі түйе кеткен түпсіз терең су еді. Басқа барар жер жоқ, үлкендер сол судың теріскей жағындағы қалың шиді қыстап шығуды ұйғарды. Қарудан қолда бары оғы санаулы жалғыз мылтық. Оған Атақа ие. Атақа сол мылтықпен Сарысудың шиін кезіп, қоян аулайды. Үйден шығарда алатыны – жалғыз оқ. Бір оқ – бір қоян – оның аштар алдындағы серті іспетті. Екі оқ әсте алмайды. Өйткені оғы құрғыр тым қат. Атақаның сол жалғыз оғының құр кеткен күні жоқ. Салақтатып күнде бір қоян атып әкеледі. Әлгі қоянды тұтас асып, басына дейін мүжіп, сүйегіне шейін кеміріп, тіпті шек-қарнынан дейін түк қалдырмай жеп қоямыз. Соңынан сорпасын ішеміз. Қоянның сорпасында май болмайды. Бетінде жылтырары жоқ, сылыңғыр қара сорпа қой жарықтықтың бал сорпасындай қайдан болсын, әйтсе де аш адамға ол да нәр. Жаз жақсы қой, жарықтық. Ел құстың жұмыртқасын теріп жейді. Жемістен – бүлдірген, қарақат, итмұрын, көкжидек, шөптен – қымыздық, көсік жеп, томаршықтың дәнін ас қылады. Судан сүйрік тартып жеп, шидің көк өскін жас сабағын суырып, түбін талмайды. Елде ит пен мысық қалмады. Шегіртке аулап

жегендер де болды. Нағыз дозақ қыс түсе басталды. Шын сын сәт енді туды. Қарашаның аязы ұрған Сарысудың мұзы қатқан кез. Шарасыз ел иесіз жұртты кезіп, азық іздейді. Ескі жұрттан малдың қатқан терісін тапса да – олжа. Әкеліп қайнатып жейді. Далада жатқан сүйек-саяқты теріп әкеп, сақырлата қайнатып, сорпасын ішеді. Сол қыс Сарысуды паналаған елдің күн көрісі балық болды. Үлкен-кіші, қатын-қалаш тайлы-таяғымыз қалмай, мұз үстіне қаздай тізіліп алып, ертеден қара кешке шейін балық аулаймыз. Сарысудың ақбалығы мен шұбар шортаны аш елге құт болды. Біздің ел судың құрты деп, ежелден балық жемейді. Қай заманнан екенін кім біліпті, әйтеуір молдалардың мұсылманға балық жеу – харам деген сөзі қазақтың құлағында үкімдей қалған» – деп айтылады [138, б.290-29].

Бекен Түйтебайұлы: «Әлі күнге есімде, біздің үйде «Сарықасқа» деген қасқыр алатын итіміз болатын, соны біздің ауылдың балалары атып, терісін сыпырып жеп жатқанын көзіміз көрді» [106, б.229-232].

Жолдыбаев Қабылжан: «аштан өлмес үшін даладан түйе табан мен бие емшек қазып әкелеміз. Өзенге барып балық аулаймыз. Күні бойы дала кеземіз, сонда көрінген жерде айқайлап отыратын суырларда жоғалып кетті. Кіші Қарағаштың басындағы қуыста «Қожаның қорасы» деп атайтын қыстақ болатын. Сол жерге неге барғаным есімде жоқ. Қыстауға таяғанда байқадым, мұржадан түтін шығып жатыр. Қора иесіз болатын. Қораға таяп келіп, айқайлаймын, ешқандай дыбыс жоқ. Пештің үстінде кішкене қазан, қақпағы жабулы, бұрқылдап қайнап жатыр. «Мұнда не нәрсе бар екен» деп қазанның қақпағын ашсам, беті толған бит және жабық тұрғанда қақпаққа тіреліп тұрған ғой, ашқан бетте адамның қол жілігі сопақ етіп шыға келді. Зәрем ұшып кетті, аяқ-қолым дірілдеп, қақпағын тастай салып, зорға дегенде тайыма мініп, шаба жөнелдім» [238, б.158-159].

Аштық салдарынан антропофагия жағдайлары туралы архив құжаттарында да кездеседі. Мысалы, Абыралы «Еңбек» колхозының мүшесі Тукенов Алаш (Әлеш) өлген адамдардың мәйітін жеген. Отбасында 4 адам, күзде екі сиырының бірін мал дайындау науқанында алынса, екіншісін контрактацияға алынған. Өздеріне тиесілі ақша мен астықты ала алмаған. Қолында қалған қозы мен биесін сойып алған, қозының майын белсенділер тартып алған. Ал, биенің еті қыс ортасына дейін ғана жеткен [268, п.248].

Әбеуов Өмірбайдың естелігі: «1932 жылдың аштығын адам баласының басына бермесін. Біздің ауылда ел қырылып жатты. Оларды жерлеуге шама жоқ болғандықтан апарып қораның бұрышына үйе береміз. Қораның іші сасып кетті. Ауылдағы әйел, бала-шағалап бұрынғы егін егілген аңызға барып бидайдың, қара сұлының дәнін масағын тереміз. Таудан жуа жинаймыз. Жеуге жарайтын ештеңе талғамайсыз, тек ұлып тұрған асқазанның аш өзегіне бірдеңе түссе болды, одан басқа ой да арманда жоқ» [238, б.160-161].

Осы жылдары мал ұрлау, тонаушылық сияқты асоциалды әрекеттер де жиі кездескен. Оған архив құжаттарында Қарағанды облысының аудандарындағы тонаушылық, мал ұрлаушылық жағдайлары туралы 1932 ж. 5 маусымдағы ақпарат дәлел болады. Бұл ақпаратта ірі қара мал мен жылқы

малын ұрлаудың өршіп тұрғаны, малдардың әсіресе түнгі уақытта, егіс алқаптарында, үйлердің жанынан ұрланып жатқаны айтылады. Мал ұрлаумен қоса адам өлтіру әрекеттері де мәлімденеді [138, б.157-158]. Әрине, халық бұндай әрекетке ішерге астары қалмай, аштан өлмеу үшін мәжбүрлі түрде, еріксіз барған.

Естеліктер негізінде жазылған «Кент баурайында» кітабында Қампит деген апаның естелігін келтіреді: «Бір жолы Ақбай-Қызылбай ауылында тұратын, ашаршылық жылдарын басынан өткізген Қампит шешемізге сәлемдесе барғанымда, сол жылдардан тартпақтап әңгіме сұрадым. «Құдай басқа салмасын, ол жылдар елдің көргені есіме түссе, қалай тірі қалғанымызға таң қаламыз. Бірде күздің күні азаматтар үйде жоқ еді. Үйде аурушаң енем екеуіміз ғана отырғанбыз. Қолда милициядан жасырып жүріп тығып алып қалған бір-екі жылқыны қораға қамап қойғанбыз. Әлден уақытта ит үргенге жүгіріп далаға шықсам, қораның қақапасы ашық жатыр екен. Тападай тал-түс ұры келеді деген үш ұйықтасам ойымда жоқ. Мен қораға таянғанда басы көзін таңып алған біреу үлкен семіз көк биеміз бар еді, соны жетектеген беті қораның ішінен шауып шықты. Айқайға бастым да қалдым, қолымнан келер түк жоқ. Кім екенін білмей қалдым». Ұрылар бір отбасының жан бағып отырған соңғы малын алып кетіп, онсыз да шықпа жаным шықпамен отырған халықтың аштыққа ұшырауына себеп болған [238, б.168-169].

Бұл естеліктер өмір сүру стратегияларының келесі элементтерді қамтығанын айқын көрсетеді: жабайы өсетін өсімдіктерді және тұтынылмай қалған азық-түлік қалдықтарын жинау; қолда бар ресурстарды отбасы ішінде балаларға басымдық бере отырып бөлу; тонау, ұжымшарлық және мемлекеттік көмекті пайдалану; алынған малды дереу тұтынбай, болашақта өсімін қамтамасыз ету мақсатында сақтау; көршілермен және қауымдастықпен бірлесе өмір сүру тәжірибелері. Осылайша, тірі қалу тек азық-түлікке қолжетімділікке ғана емес, сонымен қатар экстремалды жағдайға бейімделудің әлеуметтік және психологиялық стратегияларына да тәуелді болды.

Аштықтан халықтың ауру малдың өлексесін, қоқыстағы қалдықтарды, сүйек, тіпті өлген адамның мәйітін жеудің нәтижесінде облыс аумағында түрлі жұқпалы аурулар тараған. Індет тарау фактілері бойынша да архивтік құжаттарда мәліметтер бар. Оларда Қарағандыда сүзек, Жаңаарқа ауданында іш сүзегі мен бөртпе сүзегі тарап жатқаны, Төңкерей ауданында белгісіз індеттен 6 адам көз жұмып, 40 адам аурып жатқаны жөнінде ақпараттар берілген [120, б.138,152,168]. Осындай берілген ақпараттарға сәйкес БКП(б) қалалық комитеті 1932 ж. қыркүйек айында індетпен күрес туралы қаулы қабылдаған. Қаулы сәйкес жұмысшы барактарын, моншаларды, асханаларды зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізіп, жаңадан ауруханалар ашу, соның ішінде Михайловка ауданында 100 орындық, балаларға арналған 40 орындық аурухана ашу сияқты бірнеше шаралар ұйымдастырылған. Қарағандыда қыркүйек айында ауруханаларда төсек орындар 250 орыннан 580 орынға, арнайы поселкелерде 750 орынға жеткізілген. Сонымен қатар босып жүргендердің арасында діңгене

(цинга) ауруымен ауыратындар үшін ауруханалық барак ұйымдастыру қарастырылған [312, п.10-11].

Осылайша, қолда бар азық-түлік ресурстарын радикалды түрде пайдалануды қамтыған жеке өмір сүру стратегияларымен қатар, билік органдары да халықтың денсаулығын сақтау және өлім-жітімді төмендету мақсатында институционалдық шаралар қабылдады. Бұл ашаршылық жағдайында халықтың аман қалуының маңызды құрамдас бөлігі болды.

Басына түскен ашаршылық кезеңін Қу ауданы Едірей колхозының тумасы Қ. Мұстафин былай деп еске алады: «қазақ халқының тарихына қара таңба болып түскен 1932 жылғы жұтты әркім жақсы біледі. Осынау қайғылы кезеңнен біздің ауылымыз да шет қалған жоқ. Ел ішіне аштық енген соң мүмкіндігі болып шамасы келгендер қаңғырып, онда-мұнда кетіп жатты. «Өлмегенге өлі балық кездеседі» - демекші, ауылдағы бір үлкен ақсақал жолазыққа жалғыз сиырын сойып, содан көтергенімізше ет арқалап жаяу жалпылап жолға шығып бірнеше күн жүріп ауданға жеттік. Мұнда көп бөгелместен ел кетіп жатқан соң біз де кәсіп іздеп Қарағандыға қарай бет аудық. Ол кезде мен он алтыда, ал ағайым жиырма жаста болатын. Екеуіміздің жанымызда үлкен шешей бар. Шолақ Қара су (Минковка) деген жерге барып алты ай тас қалаушының оқуын оқыдық. Менің жинаған азын-аулақ ақшам болатын. Соған базардан нан алып жеп күнімізді көрдік. Оқуды тәмамдаған соң бір айдай жұмыс таба алмай сенделдік. Содан кейін барып жұмысқа орналасып, сол екі ортада «ел түзелді» деп әкей келіп әжемізді алып қайтты. Ағай бригадир болатын. Бірде тамаққа жарырмай жүрген бригада жігіттері сол жердегі орыстардың бау-бақшасынан картоп ұрлайды. Сол ұрлыққа барған жұмыскерлермен қоса бригадирсің деп, менің ағам Өскенбайды, барлығы төрт жігітті әрқайсысын он жылдан соттап жіберді. Осылайша, аяқ астында ағай сотталып кетті де, өзім жалғыз қалған соң, 1933 жылдың күзінде Едірейге қайтып оралдым. Ауыл тұрмысы әлі нашар екен» [264, б.1].

Ауылдарда аштық жаппай сипат алып, халықтың жағдайы нашарлаған соң көпшілігі қалаға келіп жан сақтаудың амалын іздестірген. Ол туралы тарихшы Г.М. Смагулова апасы Бибікештің естеліктерімен былай деп бөліседі: «Апам Бибекеш бала кезінен бастап ширақ өскен жан. Сол себепті әкесінің қасында Қарағандыда қалған. Сол кездері Қарағандыда алтын мен күмісті тамаққа айырбастайтын дүкендер болған екен. Әкесі апамды кезекке қойып, өзі басқа жұмыстармен айналысқан. Дүкен шахтерлер тұрған барақ-үйлерге жақын болғандықтан, кезек жақындағанда, жүгіріп барып, әкесін ертіп әкеледі екен. Күміс сақина – білезіктерге «мұртты балық» алатынбыз» дейтін апам. «Мұртты балықтың» орысша аты «сом», қазақша «лақа» деген түрі екенін түсіндік. Апамның тағы бір айтқан естелігі – аш адамдар жайлы және кісі етін жейтіндер туралы. Қазіргі Қарағанды – Қарқаралы жолы бойында «Ынталы» совхозы аралығында жалғыз жүрген жолаушыларды тораулдап жүріп, ұстап алып кететін, кісі етін жейтін адам болғандығы туралы айтатын. Ол туралы апам «қырдан», яғни ауыл жақтан Қарағандыға келген туысқандарының айтуынан білетінбіз дейтін: «Ауылдан қалаға қарай шыққандар бірлесіп, өгіз арбаға мініп,

зорға дегенде қаланың шетіне ілігеді. Сол жақтан Ысқақ ағамыз бастаған кісілер оларды күтіп алып, шахтерлер барақтарына орналастыратын. Ысқақ ағамыз № 2 шахтаның бастығы болды. Соның көмегінің арқасында біз аштықтан қатты қинала қойған жоқпыз, оның үстіне үйде әкем екеуіміз ғана болдық, басқалары Секпірайға кеткен. Қолымыздағы тамағымызбен қырдан келгендермен бөлісетінбіз» [138, б.330-331].

Ашаршылық кезінде етін жеу үшін бала ұрлаған. Қарқаралы қаласының тұрғыны, ұстаз М.Т. Оспанова аштық кезінде анасы да осындай бала ұрлау құрбаны бола жаздағаны туралы естелігімен бөліседі. «Менің анамның аты-жөні - Донкебаева Рымкеш. Анамның айтуынша, шешесі Зылиха, яғни менің нағашы әжем, аштық жылдарында күн көрістері қиындаған кезде Қарқаралыдағы жетімдер үйінде жұмыс істепті. Жетімдер үйі болғанда, үйсіз, баспанасыз, қарайтын ата-аналары жоқ балаларға пана болу үшін Деева Людмила Васильевна деген кісі көмектесіпті. Сүттен босаған бөтелкелерді жуу үшін өзенге жібереді екен. Анамның жасы ол кезде 10-ға келген кез. Оның айтуынша, ол кезде аш адамдар өте көп болған дейді, адамдарды ұрлайтындығын да естіп жүреді екен.

Бір жолы бөтелке жууға барған балалармен бірге менің анам да өзенге барыпты. Аңдып жүрген аш адамдар оны ұрлап алып қашыпты, Қамбар ауылына дейін апарған. Анам өте әлсіз болғандықтан, олардан құтыла алмапты. Қасындағы балалар шулап, «Рымкешті ұрлап әкетті» деп, жылап хабар жеткізеді. Бірден бұл оқиғаны НКВД өкілдеріне хабарлайды. Сол кезде НКВД-ның басшысы болған Мананбай деген кісі бастаған топ атпен іздеуге шығады. Өзеннің бойымен жүріп отырып, бір үйдің ішінде қамауда отырған анам Рымкешті тауып алып, құтқарыпты. Анам айтушы еді: «әлі күнге дейін сол бөлмелер есімде. Бір бөлмеде шашылып жатқан киімдерді көрдік, екінші бөлмеде пештің үстінде бірдеңе пісіп жатты. Мені бір бөлмеге қамап қойды...». Анамның көретін жарығы бар болғандықтан шығар, НКВД өкілдерінің кісілері құтқармағанда, ол да 1930-жылдарғы аштықтың құрбанына айналушы еді» [313]. (Қосымша В).

Әсіресе, 1932 ж. аштық көлемінің орасан зор сипат алғанын адамдардың адам шошырлық іс-әрекеттерге барғанынан көрінеді. Ол бала ұрлау, адам етін жеу, өз баласын құрбан ету, мәйіттерді жеу сияқты әрекеттерден көрініс табады. Бұл туралы архив деректеріндегі ОГПУ органдарының құпия мәлімдеме жазбаларда жиі баяндалады, сонымен қатар сол кездегі аштық куәгерлерінің де естеліктерінде айтылады. Мысалы, Д. Тоғызбайқызы (1948 ж.т.) анасының естелігімен: «Балқаш жақта тамақ бар. Теңіздегі құр қалмайды. Балық аулап, жан сақтармыз деп, Балқашқа қарай жылжыдық. Жолда ащы сарымсақты, ащы шөптерді жеп, біраз өзімізге нәр алдық. Жолда жете алмай, өліп кеткен адамдар көп болды. Бізбен ілесіп шыққандардың жартысы Балқашқа жете алмады. Аштыққа шыдай алмай, адамның етін жегендер, өз балаларының етін жегендер де болды. Бірақ, біз адам етін жеген жоқпыз. Балқашқа жеткен соң, жағаға шығып, қалған балықтарды жедік, немесе көлдің маңайында жатқан балықтың қаңқасын сорып, содан нәр алдық. Бізге

қарағанда, орыстардың күнделікті жейтін тамақтары болды. Олардың тастаған картоптарының қабығын жедік, бір үзім нанның қадірін сол кезде білдік» – деп бөліседі [138, б.345].

Аштықтан аман қалудың ең соңғы амалы ретінде кейбір отбасылар балаларын құрбандыққа шалуға барған. «Орталық Қазақтан» газетінің 1991 жылы сәуір айындағы санында жарыққа шыққан Е. Әкілдековтың «Аштық азабы» деректі дастанда баяндалады. Дастанда Қарақойын бойынан екі жасар баласы бар ерлі-зайыпты аштықтан босып Қарсақпайға нағашыларына барып, 3-4 ай күн көріп, көктем шыға тамақ таппай тышқан іздеп сайдан-сайға шұбырады. Ерлі-зайыптылар баламен елге ере алмай, жапан далада аштықтан әбден әлсіреп қалады. Әйелі, үшеуіміз бірдей аштан өлгенше, мені азық қылыңдар, біраз күн мен сендерге азық болайын, дейді. Күйеуі оған келіспей, не көрсек те бірге көрейік, ондай сөз маған айтпа, дейді. Сәлден кейін әйелі: «Әл кетті ана жатқан баладан да, айтуға тіл жетпейді жүрек жаман, етейік азда болса соны тама. Болса да іштен шыққан тұңғыш балам. Кешірер құдай бары рас болса» - деп баласына көз салады. Екеуінің де баласын өлтіруге қолдары бармай, қиналып тұрғанда алыстан әйелі бір тайды қасқыр тартып, жатқанын көріп қалып, сол тайдың етін жеп аман қалады [314, б.4]. Осындай әңгімені респондент Мүсенова Төлжан да анасы Әліқызы Қиғаншадан естігенін айтады [315]. (Қосымша Г,Ғ).

Аштықтан аман қалу стратегиялары жеке, отбасы және қоғамдық деңгейде жүзеге асқан. Өмір сүру стратегияларын жеңіл формалардан бастап шектен тыс асоциальдық формаларға дейінгі аралықта жіктедік.

1) жеке деңгейде:

- өз ресурстарын тиімді пайдалану (қолда бар азық-түлікті рационалды жұмсау);
- азық-түлікті үнемдеу;
- жабайы өсімдіктерді жинау (бүлдірген, қарақат, итмұрын, бие емшек, түйе табан, жуа, ши т.б);
- суррогаттарды пайдалану (арамшөп, қалдықтар, сүйектер, тері т.б);
- кішігірім аңдарды аулау (қоян, суыр, борсық, тышқан және т.б.), жәндіктерді жеу (шегіртке), сондай-ақ ит пен мысықты жеу;
- балық аулау;
- тұрмыстық заттар мен жануардың сүйектерін пайдалану: сүйектер мен теріден жасалған бұйымдарды қайнатып, жеуге жарамды сорпа жасау;
- азық-түлік табу мақсатында маусымдық немесе уақытша мәжбүрлі түрде босып кету;
- қалаларға босып келіп, қайыр сұрау, ұрлау, тонау, тартып алу;
- кей жағдайларда, бір баланың (көбіне ұлдың) өмірін сақтап қалу үшін отбасы қалған балалардың өмірін құрбан етуге мәжбүр болған;
- өлегендердің мәйітін, адам етін жеу, етін жеу ішін балаларды ұрлау.

2) отбасы деңгейінде:

- тамақ көлемі мен рационының күрт азаюы;

- шектеулі ресурстарды отбасы ішінде бөлу, балаларға (әсіресе ұлдарға) басымдық беру;

- қарттарға тамақ шектеуін қолдану;

- қолда бар азық-түлік суррогаттарды (тері, сүйектер) бірлесе пайдалану;

- даладағы егіс алқаптарында қалған қалдықтарды жинау (бидай, қарабидай дәндері);

- отбасының тірі қалуы үшін азық-түлік, мүлік қорлары мен азын-аулақ малды жасырып қалу;

- отбасы мүшелерінің психологиялық төзімділігі, балалардың қарны ашқанын ұмыттыру (шыдамдылық, моральдық қолдау, қазанға қара су қайнату, тулаққа азын-аулақ бидайды шашып теріп жегізу т.б);

- асыл бұйымдарды (алтын, күміс) азық-түлікке айырбастау;

- отбасы мүшелерінің немесе туыстарының өмір сүру мүмкіндігін арттыру үшін көбірек қолайлы аймақтарға бірлесіп көшу.

Жеке және отбасы деңгейіндегі өмір сүру формалары көптеген жағдайларда ұқсас келеді, дегенмен біз отбасы стратегияларының жүйелі әрі коллективтік сипатқа ие екенін айтамыз, бұл ресурстарды тиімдірек бөлуге мүмкіндік беріп, тірі қалу мүмкіндігін арттырады.

3) қоғамдық деңгейде:

- мемлекеттік көмек алу және оны бөлу (колхоздарға астық бөлу, азық-түлік пайларын беру);

- көршілер мен қауымдастықтардың бірлескен әрекеттері арқылы азық-түлікті айырбастау немесе бірлесе пайдалану;

- азық-түлік немесе табыс алу үшін маусымдық жұмысты бірлесіп орындау;

- ауылдық және қалалық кеңестерге, аудандық атқарушы комитеттерге азық-түлік пайларын алу үшін жүгіну (малды қайтаруды сұрау, астықпен қамтамасыз ету жөнінде арыз беру);

- тірі қалу және жұмысқа орналасу мақсатында туыстарға, ағайын-туғанға немесе таныстарға қалаға көшу;

- өлім-жітімді төмендету үшін қоғамдық монша, асхана, ауруханаларды ұйымдастыру;

- өлген малдарды көмген орындарды қазып алып, жеу;

- бандалық, қылмыстық топ құрып қарақшылықпен, тонаушылықпен айналысу;

- қарақшы топтар тораулдап жүріп, жалғыз жүргендерді (балаларды) ұстап, оларды азық ретінде пайдалану.

4) психологиялық стратегиялар:

- аштыққа төзім мен шыдамдылық көрсету;

- моральдық тұрақтылық және стресске төзу қабілеті;

- азық-түліктің тапшылығы жағдайында өмір сүрудің ішкі ережелерін қалыптастыру, өзін-өзі бақылау;

- балаларды қолдау, тірі қалуға деген үмітті сақтау.

5) асоциальдық стратегиялар:

- ішкі сезімде кері әсер тудыратын тағамдарды пайдалану (қалдықтар, ауырған малдың мәйіттері);

- басқалардың азық-түлік қорларын ұрлау;

- өмір сүрудің шектен тыс формалары, толық азық-түлік жетіспеушілігі жағдайында қайтыс болған адамдардың мәйітін және адам етін жеу;

- отбасының кейбір мүшелерін немесе басқа адамдарды құрбан ету — толық аштық кезінде өмірді сақтау мақсатында сирек кездесетін, шектен тыс форма, әлеуметтік және моральдық нормалардың бұзылуымен байланысты;

- қоғамдық моральдық және әлеуметтік нормаларды бұзу, тіпті қылмыстық мінез-құлық формаларына дейін барып, өмірді сақтау үшін жасалған әрекеттер.

Осылайша, 1930-жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық - объективті экономикалық шектеулер мен күшті әлеуметтік қысыммен қоса жүріп, халықтың күнделікті өміріне кешенді түрде, жан-жақты әсер етті. Қолда бар қорды рационалды пайдалану, отбасы мен қауымдастық деңгейінде қайта бөлу және бірлесе әрекет ету, сондай-ақ психологиялық бейімделу мен асоциальдық мінез-құлықтың шектен тыс формаларын қамтыған көпдеңгейлі өмір сүру стратегияларының жүйесі халықтың едәуір бөлігінің апатты кезеңнен аман өтуіне мүмкіндік берді. Бұл Орталық Қазақстан халқының ауқымды гуманитарлық дағдарыс жағдайында төзімділігін және бейімделу қабілетін айқындайды, сондай-ақ дағдарыс кезеңіндегі аймақтың әлеуметтік, экономикалық және мәдени динамикасын кешенді бағалау үшін негіз болады.

Ашаршылық сипаты мен ауқымын, сондай-ақ халықтың қолданған өмір сүру стратегияларын зерттеу нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды:

- Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың авторлық нұсқада үш кезеңге бөліп көрсетіледі: *I кезең (1930 ж. басы– 1931 ж. басы)* **–** ашаршылық локалдық деңгейде басталып, біртіндеп өсу сипатында болды, негізінен ауданішілік, облысішілік көші-қонмен сипатталады, жаппай өлім-жітім байқалмады; *II кезең (1931 – 1932 жж. ортасы)* – ашаршылықтың шарықтау шегі, өңірді аштық жайлап, халық жаппай қырылды, індеттер және аймақаралық көші-қон өрістеді; *III кезең (1932 ж. соңы – 1933 ж.)* – ашаршылықтың біртіндеп бәсеңдеуі, шаруашылық құрылымының қалпына келуі, өлім-жітімнің төмендеуі, бірақ демографиялық және әлеуметтік зардаптар сақталды.

Осылайша, Қазақ АССР-дегі ашаршылық сипаты жоғары қарқындылықпен, жаппай ауқымымен және біртіндеп географиясының кеңеюмен ерекшеленді. Республика бойынша азық-түлік дағдарысы 1930-жылдың басында басталып, 1932 ж. ашаршылық шырқау шегіне жетті. Орталық Қазақстанда көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық басым өңір ретінде ашаршылықтың сипаты мен ауқымы жойқын, апатты болды. Оны тек ОГПУ органдарының құпия ақпараттарынан ғана емес сонымен қатар аштық куәгерлерінің естеліктерінен, халықтың аштықпен күрес жағдайындағы аман қалу стратегияларынан да айқын аңғаруға болады. Бұл Орталық

Қазақстандағы ашаршылықты кешенді бағалауға, сондай-ақ халықтың төзімділігі мен бейімделу қабілетін зерттеуге негіз береді.

3.2 Ашаршылықтың экономикалық, әлеуметтік-демографиялық салдары

1930- жылдардағы жаппай ашаршылық еліміздің экономикасы, әлеуметтік құрылымы мен демографиялық жағдайына да орасан зор ықпал етті. Дәстүрлі түрде көшпелі мал шаруашылығына бағдарланған Орталық Қазақстанда ашаршылықтың салдары ерекше терең және жойқын болып, ең ауыр зардап шеккен аумақтардың бірі болды. Орны толмас зардаптарға әкелген ашаршылық республиканың экономикалық, әлеуметтік, демографиялық мәдени-рухани дамуында терең із қалдырды.

Экономикалық салдары. XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағын шарпыған ашаршылық тек ауқымды гуманитарлық апат болып қана қойған жоқ, сонымен қатар аймақтың экономикалық жүйесін терең трансформациялаудың факторы болды. Оның салдары жүйелі әрі ұзақ мерзімді сипат алып, шаруашылық қызметтің негіздеріне, аграрлық өндірістің құрылымына, еңбек әлеуеті мен экономикалық өндіру механизмдеріне терең ықпал етті.

Ашаршылықтың экономикалық салдарының жиынтығы *егістік алқаптарын ұлғайту арқылы жайылым, шабындық жерлердің қысқаруы; жем-шөп қорының азаюы; шаруашылықтардың өндірістік әлеуетінің төмендеуі; ауыл шаруашылық өндірісі көлемінің төмендеуі; мал басының бірнеше есе қысқаруы; шаруашылық санының қысқаруы* сияқты негізгі түрлерінен көрініс тапты.

1920-1930-жылдардағы кеңестік модернизациялаудың басты ерекшеліктерінің бірі – қазақ даласындағы көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшіру үдерісі болып табылды. Күштеп отырықшылыққа көшіру жайылымдар мен шабындықтарды пайдаланудың дәстүрлі жүйесін өзгертті. Маусымдық көшіп-қону мүмкіндігін жоғалтқан көшпелі малшы ең өнімді жайылымдарға қол жетімділікпен шектелді, бұл жем-шөп базасын пайдалану тиімділігін төмендетіп, малдың өсіміне қауіп төндірді. Егіс алқаптарының ішінара ұлғаюына қарамастан, отырықышылыққа көшу жер мен жем-шөп қорын ұтымды пайдалануды шектей отырып, аграрлық шаруашылықтың құрылымдық құлдырауына әкелді.

Осылайша, жайылымдық, шабындық жерлердің пайдалану аумағының қысқаруы, жем-шөп базасының құлдырауы арқылы көрініс тапқан отырықшылыққа көшіру үдерісін ашаршылықтың экономикалық салдары ретінде қарастырылады.

XX ғасырдың 20-30 жылдары басталған КСРО-дағы үдемелі индустрияландыру жоспарлары астық проблемасын күрт өзектендірді. Тез өсіп келе жатқан қала тұрғындарын нанмен қамтамасыз ету және астық экспортын кеңейту қажеттілігі астық өндірісін едәуір арттыруды талап етті. Бұл мәселені шешудің бір жолы мемлекет егіс алқаптарының кеңеюінен көрді. Осыған

байланысты орталық басшылық Қазақстан жерлеріне ерекше назарын аударды. КСРО егін шаруашылығының халық комиссары Я.А. Яковлев БКП(б) XVI съезінде Қазақстанда 50-55 млн гектарға дейін егін егуге жарамды, оның 36 млн гектары солтүстік облыстарға тиесілі деп есептеп, соның егіс алқабына жарамды тек шамамен 5% ғана егін егуге пайдаланып отырғанын атап өтеді [91, б.224-225].

Бұл ретте егіс алқаптарының жоспарлы түрде кеңейту қазақтың көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтары пайдаланатын дәстүрлі жайылымдар мен шабындық алқаптардың есебінен жүргізілді. Ж. Б. Абылхожин атап өткендей, бұл тәсіл астық өндірісін кеңейтуге арналған мемлекеттік бағыт пен қазақтарды өндірудің дәстүрлі тәсілі арасындағы тікелей қайшылыққа алып келді, қолда бар жайылымдардың аумағын едәуір қысқартып, жемшөп базасын шектеп, мал шаруашылығының өнімділігін төмендетті [91, б.225]. Сондықтан да Қазақстанның солтүстік және орталық өңірлеріндегі астық егетін алқаптарын кеңейту аштық пен индустриаландырудың экономикалық салдары ретінде қарастырған жөн. Бұл үдеріс жайылымдық және шабындық жерлердің азаюы және көшпелі мал шаруашылығының жемшөп базасының құлдырауы арқылы көрінген болатын.

Төмендегі 11-кестеде 1931-1932 жж. Абралы, Шыңғыстау, Қу және Баянауыл аудандарындағы егіс алқаптарының көлемі мен олардың бір шаруашылыққа шаққандағы өзгерісі көрсетілген.

Кесте 11–. Абыралы, Шыңғыстау, Қу және Баянауыл аудандарындағы 1931-1932 жж. егіс алқаптарының өзгерісі [316, п.76].

Аудандар	1931 ж. егіс алқаптары	орта есеппен 1 шаруашылыққа	1932 ж. егіс алқаптары	бір шаруашылыққа шаққандағы орташа көрсеткіш, %
Абралы	1877	0,3	3028	1,5
Шыңғыстау	6740	1,0	7020	3,1
Қу	3858	0,6	6768	3,7
Баянауыл	37358	4,1	26816	5,6
Барлығы	49833	1,4	43632	4,0
Ескерту: кесте архив қоры негізінде құрастырылды ҚР ОМА. Қ. 30. Т.7. І. 159. П. 75-76				

11-кестедегі мәліметтер егін өнімділігі мен жер пайдалану құрылымының ерекшеліктерімен қатар қарастырылғанда, Абралы, Шыңғыстау, Қу және Баянауыл аудандарының шаруашылықтары негізінен мал шаруашылығына бейімделгенін көрсетеді. 1931 ж. бір шаруашылыққа шаққандағы егіс көлемінің өте төмен болуы (Абыралы – 0,3 га, Қу – 0,6 га, Шыңғыстау – 1,0 га, Баянауыл – 4,1 га) егіншіліктің қосалқы сипатта болғанын және астық өндірісінің жетекші салаға айналмағанын дәлелдейді. Дәнді дақылдардың өнімділігінің 0–3,3 ц/га аралығында болуы табиғи-климаттық жағдайлардың егіншілікке қолайсыз екенін көрсетіп, егіс алқаптарын кеңейту дәстүрлі шаруашылық мамандануына

сәйкес келмегенін аңғартады. Бұл аудандарда ауыл шаруашылығының салыстырмалы тұрақтылығы жайылымдық және шабындық жерлерге негізделген экстенсивті мал шаруашылығы арқылы қамтамасыз етілген, ал егіс көлемінің өсуі осы азықтық базаның қысқаруына және шаруашылықтардың өндірістік мүмкіндіктерінің әлсіреуіне алып келді.

Қазақстандағы ашаршылықтың негізгі экономикалық салдарының бірі мал шаруашылығы мен аграрлық өндірістің бүкіл жүйесіне жойқын әсер еткен *жем-шөп қорының азаюы болды.* Өнім өндіру мен негізгі тіршілік көзі мал болған шаруашылықтағы, тұрақты жем-шөп ресурстарының болмауы малдың жаппай қырылуына және шаруашылық қызметтің материалдық негізінің жоғалуына әкелді. Мысалы, Қарқаралы БКП(б) округтық комитетінің жауапты хатшысы Сұлтангалиевтің қазақ аудандарына инспекциялық сапарының қорытындысы бойынша 1928 ж. 4 қыркүйектегі жазған мәлімдемесінде Абыралы ауданы мысалында шабындық жерлермен жеткілікті деңгейде қамтылмаған бірқатар көшпелі аудандарда малдың азық қоры жеткіліксіз болып, малдың қырылуы ауқымы жоғары болғанын көрсетеді. Шабындық жердің шектеулі болуы және су көзінің болмауы көптеген шаруашылықтарда қысқы азық қорын қалыптастыруға мүмкіндік бермеген. Бұл мал шаруашылығының өндіру циклін бұзып, аграрлық сектордың өндірістік әлеуетін төмендеткен [119, б.314]. Құжатта бір ғана Абыралы ауданы мысалында ауданындағы мал шаруашылығындағы жем-шөп қорының азаюы экономикалық дағдарыстың маңызды көрінісі болғанын көруге мүмкіндік береді. Қолайлы шабындық жерлердің болмауынан көптеген шаруашылықтар қысқы қор жинай алмаған. Жем-шөп қорларының жетіспеушілігі шаруашылық дербестігін шектеуге және өнімділіктің төмендеуіне себеп болған. Сонымен қатар, қысқы қордың жоқтығы шаруашылықты тұрақтандыру процесін тежеп, малдың қырылуына негіз болған. Осылайша, жем-шөп қорының азаюы өндірістік базаның құлдырауына, қайта өндіру циклдерінің бұзылуына және аграрлық сектордың ұзақ мерзімді дамуына шектеулер енгізген құрылымдық экономикалық салдар ретінде қарастырылады. Бұл тек жем шөп қорының азаюы ғана емес отырықшылыққа көшірудегі биліктің көшпелі мал шаруашылығының негізін түсінбей, экономикалық жағынан дұрыс жоспарлай алмауының салдарын айғақтай түседі.

Қазақстандағы аштық пен отырықшылыққа көшіру саясатының экономикалық салдарын зерттеуде Т. Р. Рысқұловтың 1932 ж. 6 қазан күні БКП(б) Орталық комитеті И. В. Сталинге жолдаған мәлімдеме жазбасы маңызды. Құжатта мал шаруашылығы аудандарында жер пайдалану құрылымындағы жүйелік диспропорциялар көрсетілген. Нұра ауданында мал шаруашылығымен айналысатын колхоздардың жерінің 55,3% егістікке, тек 7,3% шабындық жерге, ал 37% ғана жайылымдық жерге берілгені атап өтілген, бұл мал шаруашылығының азықтық базасын әлсіретіп, жем-шөп қорларының азаюына алып келген. Бұл жағдай мал шаруашылығының өндірістік әлеуетін төмендетіп, қысқы азықтық қорлардың қалыптасуына кері әсерін тигізген. Деректер жем-шөп қорының айтарлықтай деңгейде азайғанын көрсетеді, бұл

шабындық және жайылымдық жерлерді егістікке, соның ішінде дәнді дақылдар мен техникалық дақылдарға кеңейтуге басымдық берумен байланысты болған. Сонымен қатар, мәлімдемеде шаруашылықтардың өндірістік әлеуетінің төмендегені көрсетілген: ескі қыстаулар мен мал қораларының қаңырап бол қалуы, мал шаруашылығы инфрақұрылымының толық құрылмауы және бөлінген қаражаттың бір бөлігінің тиімсіз пайдаланылуы байқалған. Аз жауын-шашынды және суару мүмкіндіктері шектеулі аудандарда егін шаруашылығын дамытуға бағытталған әрекеттер, сонымен бірге мал шаруашылығын екінші орынға қою аграрлық өндірістің дағдарысын күшейте түскен [121, б.357]. Т. Р. Рысқұловтың мәлімдеме жазбасы жүргізіліп жатқан шаруашылық саясаттың жайылымдық және шабындық алқаптардың қысқаруы, жем-шөп базасының азаюы, мал шаруашылығының тиімділігінің төмендеуі және Қазақстан ауыл шаруашылығының өндірістік әлеуетінің құлдырауы негізінде көрініс тапқан ашаршылықтың экономикалық зардаптарының факторы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді

1930- жылдардағы бұл экономикалық салдарлар, әсіресе Орталық Қазақстан сияқты көшпелі жартылай көшпелі аймақтарда, *мал санының бірнеше есе қысқаруына* және дәстүрлі экономиканың негізгі тіректерінің бұзылуынан айқын көрініс тапты.

Мал, ет дайындаудағы орындау мүмкін емес аса ауқымды жоспарлардың нәтижесінде республика бойынша мал басы санын күрт қысқарды. 1932-1933 жж. орталық билік Ресей мен Украина аймақтарында мал дайындау жоспарларын төмендете бастайды. Мал басының саны өте төмендеп кеткен Қазақстанда жоспар 78% азайтылған болатын. Алайда, бұның ешқандай көмегі болған жоқ. 1926 жылы Қазақстанда мал басы саны 45 миллионан астам болса, БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің материалдары бойынша 1928 жылы мал басының 40,219 миллионы қалған [317, п. 20-28]. Ж. Абылхожиннің пікірінше, 1920-жылдардың соңындағы ресми партиялық статистика Қазақстандағы мал басының нақты санын едәуір асырып көрсеткен. Ұжымдастыруға дейін мал саны іс жүзінде 32-33 млн бас болса, ресми деректерде 40,5 млн деп көрсетілген. Бұл мал санының әу бастан бастап бұрмалануы қырғынның ауқымын төмен бағалауға әкелді. 1930-жылдардың басында ұжымдастыру мен ауыл шаруашылық өнімдерін даярлау саясаты нәтижесінде мал басы бірнеше пайызға, шын мәнінде, апатты деңгейде қысқаруы, аштықтың негізгі экономикалық себептерінің біріне айналды.

Ал, ОГПУ өкілетті өкілдігінің уәкілі В. Каруцкийдің арнайы хабарламасында 1933 жылы өлкеде 3,699 миллион бас мал бар деп көрсетіледі. Және 1929 жылмен салыстырғанда мал басы саны 90,8%, көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда болса 94-95% қысқарғаны мәлімденеді [232, б.812].

РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Т. Рысқұлов өзінің мәлімдемесінде 1932 жылы қазақтардың 1929 жылы болған мал басының небәрі 6 % қалғанын көрсетеді [154, б.120].

Қарағанды облысы мемлекеттік архивының қорындағы статистикалық басқамасының құжаттарында 1928-1933 жж. Қазақстандағы мал басы саны динамикасы төмендегі кестеде көрсетіледі.

Кесте 12 – 1928-1933 жж. Қазақстандағы мал саны динамикасы [236, п.1-13].

жылдар	жылқы			ірі қара мал			қой мен ешкі		
	мың бас	%		мың бас	%		мың бас	%	
		өткен жылмен салыстырғанда	1928 ж. қарай		өткен жылмен салыстырғанда	1928 ж. қарай		өткен жылмен салыстырғанда	1928 ж. қарай
1928	3841,9	-	100	7681,1	-	100	26609	-	100
1929	4135,1	107,6	107,6	7265,9	94,6	94,6	26371,3	99,1	99,1
1930	3283,6	79,4	85,4	4806,8	66,2	62,6	15660	59,4	58,5
1931	2309,4	70,3	60,1	3125,8	65,0	40,7	6728,2	43	25,3
1932	720,4	31,2	18,8	1734,8	55,5	22,6	3045,5	45,3	11,5
1933	466,0	64,7	12,1	1653,4	96,3	21,5	2752,3	90,4	10,3
Ескерту: кесте архив қоры негізінде құрастырылды. ҚОМА.Қ. 596. Т. 2. І. 13. П. 1-13									

12– Кестенің жалғасы

жылдар	шошқа			түйе		
	мың бас	%		мың бас	%	
		өткен жылмен салыстырғанда	1928 ж. қарай		өткен жылмен салыстырғанда	1928 ж. қарай
1928	371,4	-	100	1165,5	-	100
1929	318,9	85,9	85,9	-	-	-
1930	64,8	20,3	17,4	1062,7	91,2	91,2
1931	87,9	128,5	23,7	518,2	48,8	44,5
1932	93,4	106,3	25,1	181,8	35,1	15,6
1933	141	151	37,9	90,8	50	7,7
Ескерту: кесте архив қоры негізінде құрастырылды. ҚОМА.Қ. 596. Т. 2. І. 13. П. 1-13						

12-кестенің мәліметтерінде республикада мал басының азаюының шыңы 1931, 1932, 1933 жылдарға сәйкес келгенін көруге болады.

З.Г. Сактаганова зерттеуінде мал түрлері бойынша жылқы: 1930 жылы 1929 жылмен салыстырғанда саны 1/3 қысқарған, 1931 жылы 1930 жылмен салыстырғанда 1,4 есе, 1932 жылы 1931 жылмен салыстырғанда 3,2 есе, 1933 жылы 1932 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге қысқарған. Ірі қара мал: 1929-1930 жж. – 1,5 есе, 1930-1931 жж. – 1,8 есе, 1931-1932 жж. – 1,5 есе қысқарған. Қой және ешкі:1929-1930 жж. – 1,7 есеге, 1930-1931 жж. – 2,3 есеге, 1931-1932 жж. – 2,2 есеге, 1932-1933 жж. – 1,1 есеге азайған. Түйе: 1928-1930 жж. – 1,1 есеге, 1930-1931 жж. – 2 есеге, 1931-1932 жж. – 2,9 есеге, 1932-1933 жж. – 2 есеге қысқарғанын көрсетеді [154, б.121].

Жылдар бойынша мал санының қысқаруын салыстыру мал түрлері бойынша мал санының максималды түрде азаюы жылқы 1932 ж., ірі қара мал 1931 ж., қой мен ешкі 1931 және 1932 жж., түйе 1931,1932 және 1933 жылға сәйкес келгенін көруге болады.

Жалпы алғанда, Қазақстан мал шаруашылығының құлдырау кезеңінде шығындарының көрсеткіштері келесідей (1928 ж. мал басына пайызбен): түйе – 92,3 %, қой мен ешкі – 89,7, жылқы – 87,9, ірі қара – 78,5, шошқа – 62,1 %.

Статистикалық басқарма мал басы динамикасындағы өзгерістерге берген анықтамасында өлкедегі мал санының күрт қысқаруына аналитикалық талдау жасайды. Онда биліктің іс-әрекетінің негативті салдары ретінде емес, керісінше табиғи және экономикалық өзгерістің «қажетті» кезеңі ретінде интерпретациялайды [236, п.1-13]. Мал басының қысқаруын мал шаруашылығындағы дағдарыс ретінде емес шаруашылық бағытындағы өзгеріс ретінде және «экономикалық қажеттілік» ретінде ақтап алуға тырысады. Мал басының қысқаруына тікелей әсер еткен күштеп ұжымдастыру, тәркілеу, аштық, мал, ет дайындау т.б саяси-шаруашылық науқандар туралы мүлде айтылмайды.

Орталық Қазақстандағы негізгі тіршілік көзі мал шаруашылығы болған көшпелі аумақтар – Қарқаралы, Абыралы, Шет, Қарсақпай ауданындарындағы мал басы шығыны қаншалықты деңгейде болғанын түсінуге 13,14,15 кестелердегі мәліметтер мүмкіндік береді.

Кесте 13 – Қарағанды облысы Қарқаралы ауданындағы мал басы саны 1928-1934 жж. (мың.бас) [154, б.122].

Мал басы	1929 ж. 100%	1930 ж.	%	1931 ж.	%	1932 ж.	%	1933 ж.	%	1934 ж.	%
Жылқы	112,246	42,246	37,6	28,378	25,3	3,646	3,2	1,001	0,9	1,286	1,1
Өгіз	54,728	51,728	94,5	22,506	41,1	5,047	9,2	2,492	4,5	2,918	5,3
Түйе	2,609	2,603	99,7	1,877	71,9	0,312	11,9	0,074	2,8	0,124	4,7
Қой, ешкі	146,875	146,375	99,6	57,737	39,3	8,260	5,6	2,253	1,5	11,375	7,7
Барлығы	316,458	242,952	76,7	110,488	34,9	17,265	5,4	5,82	1,8	15,703	4,9
Ескерту: кесте Сактаганова З.Г. «Ашаршылық - Великий джут» 1931–1933 гг. в Центральном Казахстане: к постановке проблемы//Вестник Карагандинского университета Серия История. Философия. – 2021 – № 2 (102). – С. 117-128. мақала негізінде құрастырылды											

Кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес Қарағанды облысының Қарқаралы ауданында 1929 жылдан 1933 жылға дейін мал басы 54 есеге жуық азайған, егер мал түрлері бойынша қарайтын болсақ: жылқы - 112 есеге; ірі қара мал-22 есеге жуық; түйе - 35 есеге; қой - 65 есеге жуық азайған екен [154,б.122]. Негізгі тіршілік көзі мен өмір салты мал шаруашылығына негізделген Қарқаралы ауданында мал басының осыншама деңгейде қысқаруының салдары жаппай аштық пен халықтың қырылуына алып келуін айдан анық көрсетеді.

Абай облысы мемлекеттік архивындағы партия құжаттарында сақталған БКП(б) Облыстық комитеті бригадирі Имамбев қол қойған Абыралы ауданы бойынша мәлімдемеде мал шаруашылығы жағдайына тоқтала отырып, ауданның бұрынғы жылдары мал шаруашылығы базасы болып, жүздеген мың бас малы болған экономикалық жағынан бай болғанын атап өтеді. «Бүгінгі күні содан не қалды?» - деген сұрақ қойып, 1930-1933 жж. мал басының динамикасы бойынша төмендегі кестедегі ақпаратты береді.

Кесте 14 – 1930-1933 жж. Абралы ауданының мал санының динамикасы [270, п.4].

Жылдар	Шаруашылық саны	%	Мал басының саны	%
1930	6131	-	265964	-
1931	5899	3,78	48695	81,7
1932	2559	56,6	10417	78,6
1933	985	61,5	6833	34,4
Ескерту кесте архив материалы негізінде құрастырылды АО МА Қ. 15 Т.2. І. 23. П. 4.				

Мал басының 1933 жылды 1930 жылмен салыстырғанда тек 3% ғана қалғанын және аудандағы халық санының күрт қысқарғанын баяндай отырып, «Неліктен?» – деген сұрақ қояды, және оған дайындау науқандары (мал, астық дайындау) кезіндегі есепке алынбаған жоспарды ұлғайту және малды өз беттерінше талан-таражға салу салдары себеп болды деп түсіндіреді [270, п.4].

Кестедегі мәліметке сәйкес Абыралы ауданында 1933 жылы мал басы саны 1930-шы жылмен салыстырғанда 97,4% құлдыраса, шаруашылық саны 84% қысқарған. Оған ауданның тарихи ерекшеліктерін ескермеу және жоспарлауды үйлестіре алмау себеп болды деп көрсетеді.

Кесте 15 – Шет ауданының 1931-1933жж. мал басы саны [111, б.145-146].

Мал түрі	1931	1932	%	1933	%
жылқы	20561	16694	81,1	563	2,7
сиыр	22746	11056	48,6	546	2,4
түйе	11263	6274	55,7	111	1,7
қой-ешкі	125174	27379	21,8	532	0,42
Барлығы	179744	61403	34,1	1752	0,97
Ескерту: Артықбаев Ж., Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы. – Қарағанды. ҚарМУ баспасы, 1998. – 275 б.негізінде құрастырылған.					

Шет өңіріндегі 1933 ж. мал басының 102 есеге, яғни 99% қысқарған. Мал түрлері бойынша жылқы 36,5 есеге (97,2%), сиыр 41 есеге (97,5%), түйе 101 есеге (99%), қой-ешкі 200 есеге (99,5%-ы) азайған. Зерттеуші М.С. Жакин: «бұл толық мәлімет емес, шет жағасы ғана болу керек. Цифрларда да қателік болуы мүмкін» - деп тұжырым жасайды [271, б.184-198].

Шет ауданындағы мал басының шығыны жөнінде Орталық мемлекеттік архив қорындағы БКП(б) Өлкелік комитетінің жауапты хатшысы Л. Мирзоянға, ХКК төрағасы О. Исаевқа уәкілетті өкіл С. Сауранбаевтың жіберген Шет ауданының жағдайы туралы қысқаша ақпаратында да баяндалады. Онда 1932 жылдың 1 қаңтарында 3 совхозда мал басы саны: жылқы – 592, түйе – 1722, ірі қара мал – 7623, барлығы 9937 бас мал бар десе, 1932 жылдың 1 қыркүйегінде 10301 бас мал, оның ішінде жылқы – 292, түйе – 931, ірі қара – 9078 болған, ал, 1933 жылдың 1 қаңтарында барлығы 9070 бас мал ғана қалғаны көрсетіледі [318, п.50]. Жылқы сегіз ай ішінде 2 есеге (50,68%), түйе 1,8 есе (45,94%) қысқарған.

Күн көріс көзі мал шаруашылығы болған Жаңаарқа ауданында да жағдай өте қиын болған. 1933 жылдың басында бұл ауданда 343 жылқы (1931 ж. 10 666), 453 ірі қара мал (9971), 665 ұсақ мал (26620), 119 түйе (4364) ғана қалған. Егер 1931 жылмен салыстырсақ бұл ауданда жылқы 31 есеге (96,78%), ірі қара 22 есеге (95,45%), ұсақ мал 40 есе (97,5%), түйе 36,7 есеге (97,7%) қысқарған [91, б.194].

Қазақ Өлкелік комитеті хатшысы Ф. Голощекин мен Қазақ Халық комиссарлар кеңесі төрағасы О. Исаевқа жолданаған Абралы, Қу, Шыңғыстау, Баянауыл аудандарының жағдайы туралы мәлімдеме жазбасында 1931-1932 жж. мал басы саны динамикасын келесі кестедегідей беріледі [316, п.75].

Кесте - 16 1931-1932 жж. Абралы, Қу, Шыңғыстау, Баянауыл аудандарындағы мал саны [316, п.75].

Аудандар	1931 ж. мал басы саны	1932 ж. мал басы саны	%
Абыралы	48014	8378	82,6
Шыңғыстау	43410	9846	77,4
Қу	48712	6432	86,8
Баянауыл	51560	16086	69,9
Барлығы	191,696	40742	78,8
Ескерту кесте архив материалы негізінде құрастырылды ҚР ОМА Қ. 30 Т.7 І. 159. П. 75			

Кестедегі мәліметтер бойынша үш ауданда 1 жыл ішінде 191 696 бас малдан бар-жоғы 40 742 бас мал қалып, 78,8% қысқарған. Бұл мал басының шамамен 4/5 бөлігінің жойылғанын көрсетеді. Әсіресе, Қу, Абыралы аудандары қатты зардап шеккен. Бұл мәліметтерден 1931-1932 жж. Қазақстандағы ауыл шаруашылығының күйреуінің дәлелі болып табылады.

1933 ж. 7 тамыздағы көшпелі, жартылай көшпелі аудандардың жағдайы туралы арнайы мәлімдемеде Шұбартау ауданында мал басы 75%, Шет ауданында 95% қысқаруын малды жаппай талан-таражға салу, сойып алу нәтижесі деп көрсетеді. Азық-түлік жоқтығы, жұмыс малының шамадан тыс жұмысқа жегіліп, дұрыс бағып, күтпеуі мал басы санының одан әрі қысқаруына себеп болғанын көрсетеді. Мәлімдеге сәйкес жарты жыл ішінде 19 аудан бойынша толық емес мәліметтерге сәйкес 10 186 бас мал таран-таражға түсіп, сойып алынған.

Сонымен қатар Жаңаарқа ауданындағы №8 ауылдың ТОЗында 180 адамға қалғаны 1 түйе, 1 жылқы, 1 сиыр болса, Шет ауданындағы 152 шаруашылықта бар-жоғы 14 түйе, 3 жылқы қалғаны көрсетіледі. Осының салдарынан азық-түлік қорының таусылып, өлкенің бірқатар аудандарында көші-қон қозғалысының күшейіп тұрғаны атап өтіледі. Шет, Жаңаарқа, Балхаш сияқты жекелеген аудандардың халқының 60-75% көшіп кеткені мәлімденеді [319, п.205-207].

1930- жылдары Қарағанды облысымен шекаралас Қарсақпай ауданында да мал басы санының қысқаруы апатты жағдайда болған. Бұл аудандағы 1931-1933 жж. мал басы саны туралы мәлімет келесі кестеде беріледі.

Кесте 17 – 1931-1933 жж. Қарсақпай ауданындағы мал басы динамикасы [320, п.11].

мал түрлері	1931 жыл	1932 жыл	1933 жыл	1931-1933 жылдардағы жж.қысқаруы мал басы/%	1932-1933 жж.қысқаруы мал басы/%
жылқы	18 023	4518	2524	13505 / – 74,94%	1994/–44,14%
түйе	9454	3444	885	6010/– 63,55%	2 559 /–74,33%
қой-ешкі	53490	8936	4974	44 554/– 83,29%	3962/–44,33%
ірі қара мал	25717	8849	3538	16868/ – 65,59%	5311/–60,05%
барлығы	106 684	24747	11921	81937/ –76,80%	12826/ –51,84%
Ескерту кесте архив материалы негізінде құрастырылды ҰО МА Қ. 143 Т.1. І. 230. П. 11.					

Кестедегі мәліметтер 1931-1933 жж. аралығында Қарсақпай ауданында да мал басы санының күрт қысқарғанын көрсетеді. Жалпы мал басының санының 1931 ж. деңгейден тек шамамен 11% қалған. Қой-ешкі, түйе малдарының саны ерекше азайып, бастапқы санынан 10% ғана қалған. Жылқы мен ірі қара мал саны 85%-дан астам қысқарған.

Мал санының осыншама қысқаруы билік органдары назарынан тыс қалмады. Мысалы, ОГПУ уәкілетті өкілдігінің өкілі В. Каруцкийдің Қазақстандағы мал шаруашылығының жағдайы жөніндегі 1933 ж. 25 қазандағы арнайы мәлімдемесінде мал басының қысқаруы бойынша келесі мәліметтерді береді: 1929 ж. өлкеде 40 млн 294 мың мал бас болса, 1930 ж. – 24 млн 607 мың, 1931 ж. – 10 млн 550 мың, 1932 ж. – 5 млн 526 мың, 1933 ж. – 3 млн 699 мың бас қалған. Осылайша, 1929 ж. салыстырғанда мал саны 90,8% қысқарса, көшпелі және жартылай көшпелі аудандар 94-95% азайған. Оның ішінде кейбір көшпелі, жартылай көшпелі аудандарда мал шаруашылығы құлдырап, жойылған. Шұбартау ауданында мал саны 99,5% қысқарған. Ауданда 1931 ж. 104329 мың малдан 540 бас мал ғана қалған. Бұған себеп ретінде аудандық БКП(б) АК хатшысы Кулубаев бастаған қызметкерлердің «контрреволюциялық» қызметтері деп көрсетеді [232, б.811-812].

ОГПУ органдары аудандардағы мал санының қысқаруын себебін бай-кулактардың әрекеттері ретінде бағалаған. Мысалы, Тельман ауданы Өндіріс колхозында бар малдан 5-6 жылқы, 15-20 сиыр ғана қалған. Оған ОГПУ органдары 24 адамды айыптап, тұтқындаған [158, б. 133].

Мал басы санының қысқаруы бір ауданда ғана емес, жоғарыдағы мәліметтерде көргеніміздей Қазақстанның көптеген аудандарында орын алған. Архив құжаттарында мал санының қысқаруын сол кездегі мемлекеттік органдар жергілікті биліктің «қателіктерінен» болды деп тұжырым жасайды.

Ашаршылық кезеңінде Орталық Қазақстанда тіркелген мал басының күрт қысқаруы тек табиғи-климаттық себептермен немесе «асыра сілтеу» себептерімен түсіндірілмейді. Бұл үдерісте нарықтың дәстүрлі айырбастау және жұмыс істеу формаларының бұзылуымен байланысты экономикалық механизмдер маңызды рөл атқарды. Бұны экономист А. Сеннің Сахель мен Эфиопияның агроөнеркәсіптік қоғамдарындағы аштықты талдау кезінде жасаған теориялық тәсілін қолдану арқылы түсіндіруге болады. Оның тұжырымы бойынша астық тапшылығы жағдайында мал шаруашылығымен айналысатын халық азық-түлік сатып алу мақсатында малын жаппай сатуға мәжбүр болады. Алайда, мал – негізгі өндірістік құрал болғандықтан, оны мәжбүрлі түрде сату көшпелі шаруашылықтың қайта өндіру негізін әлсіретіп, оның тұрақтылығына кері әсерін тигізеді. Сол уақытта нарыққа мал шаруашылығы өнімдерінің көптеп түсуі мал өнімдерінің бағасының күрт төмендеуіне, сондай-ақ мал шаруашылық иелері үшін айырбас жағдайларының нашарлауына алып келеді. Нәтижесінде азық-түліктің минималды көлемін сатып алу үшін барған сайын көп малды сатуға тура келді, бұл мал басының қысқару процесін жеделдетеді. Осындай экономикалық мәжбүрлеу механизмі көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарда мал басының күрт қысқаруына алып келді, бұл Орталық Қазақстан бойынша жоғарыда көрсеткен статистикалық деректерде көрініс тапты. Қазақстан мысалында алып қарасақ, астық тапсыру науқаны кезінде шаруалар жоспарды орындау үшін малды болмашы астыққа айырбастауға мәжбүр болған және жейтін азық қалмаған соң қолындағы қалған малды сойып жеген. Осының салдары да мал санының қысқаруына әкелген.

Сонымен, экономикасы дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығына негізделген Орталық Қазақстан аудандарындағы мал басының күрт азаюы салдарынан азық-түлік қоры сарқылған халық жаппай аштыққа ұшырап, аймақтың экономикасы күйреген болатын. Ауыл шаруашылығы өндірісінің ұзақ мерзімді құлдырауын туғызды. Мал шаруашылығына негізделген экономикалық құрылымның жойылуы еңбек ресурстарының азаюымен, өндірістік әлеуеттің әлсіреуімен және аймақтық шаруашылық байланыстардың үзілуімен ұштасып, Қазақстанды орталыққа тәуелді шикізаттық аймаққа айналдырды. Осылайша, ашаршылықтың экономикалық салдарлары кеңестік тоталитарлық саясаттың аймақтық экономикаға тигізген терең әрі жүйелі ықпалын айқын көрсетеді.

Мал басының жаппай қысқаруы тікелей әрі ұзақ мерзімді экономикалық салдарларға әкелді, өйткені мал табыны көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтар үшін негізгі өндірістік құрал әрі материалдық база қызметін атқарды. Оны жоғалту шаруашылық бірлігінің іс жүзінде жойылуын білдіріп, мал шаруашылығымен айналысатын *шаруашылықтар санының күрт азаюына* себеп болды. Сондықтан шаруашылықтар санының қысқаруы көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылық жүргізу формалары басым болған Орталық Қазақстандағы аштық пен ауыл шаруашылығы дағдарысының негізгі экономикалық салдарларының бірі болып табылады. 1930 жылғы қараша айында Қазақ АКСР бойынша ОГПУ-дің орынбасары Альшанскийдің арнайы мәліметтерінде бұрынғы Қарқаралы округінің Тоқырауын ауданында 20 шаруашылықтың көшіп кеткені, ал тағы шамамен 100 шаруашылықтың көшіп кетуге дайындалып жатқаны хабарланған [120, б.595].

З. Г. Сактаганованың зерттеулерінде 1930-1933 жж. аралығында Қарқаралы ауданында шаруашылықтар санының апатты деңгейде қысқарғаны көрсетіледі: 1930 ж. 50400 шаруашылықтан 1933 жылы 2711 шаруашылыққа дейін төмендеген, бұл 1930 ж. деңгеймен салыстырғанда 94,6% құрайды. [299, б.214]

Мысал ретінде Қарқаралы ауданындағы 1930–1934 жылдар аралығындағы шаруашылықтар саны жөніндегі деректер төмендегі кестеде келтіріледі.

Кесте 18 – Қарқаралы ауданы шаруашылықтар саны [299, б.214]

жылдар	1930	%	1931	%	1932	%	1933	%	1934	%
Шаруашылықтар саны	50400	100	10880	21,5	3992	7,9	2711	5,3	2852	5,6
Ескерту: Кесте Сактаганова З.Г. Голод в казахской степи и последствия «великого джута» 1931–1933 гг. в Центральном Казахстане: к историографии проблемы [Электрондық ресурс].-Кіру режимі: //https://e-history.kz/ru/library/show/2409421мақаласынан алынды.										

Кестеде берілген мәліметтер сәйкес, 1930–1933 жж. аралығында шаруашылықтар саны шамамен 19 есеге жуық қысқарған. Архив құжаттарында шаруашылықтар санының мұндай күрт төмендеуінің тікелей себептері нақты көрсетілмейді. Алайда, шаруашылықтардың осыншама деңгейде қысқаруы қарастырылып отырған кезеңде Қарқаралы ауданында орын алған аштық жағдайымен тығыз байланысты.

1932-1933 жж. халықтың жаппай көшіп кетуі аштықтың ең айқын экономикалық салдарының бірі ретінде қарастырылады, өйткені бұл құбылыс өндірістік базаның күйреуін және жергілікті деңгейде шаруашылықтардың қайта өндіру мүмкіндіктерінен айырылғанын көрсетті. Бұл жағдай 1933 ж. 12 ақпанда Қарағанды облысындағы көші-қон қозғалысы туралы ОГПУ өкілі В. Каруцкийдің Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы О. Исаевқа жолдаған арнайы мәліметінде нақты көрініс тапқан. Аталған құжатта бірқатар аудандардан шаруашылықтардың жаппай көшіп кеткені тіркелген: Сарысу

ауданынан шамамен 5 мың шаруашылық, Жаңаарқа ауданынан – 2195, Айыртау ауданынан – 410, Қызылту ауданынан – 192 шаруашылық басқа облыстар мен КСРО-ның өзге өңірлеріне қоныс аударған [321, п.167-168]. Құжатта халықтың босып кету себептері ретінде, егіннің шықпай қалуы, азық-түлікпен қамтамасыз етілмеу, жегін малдарының көтерем болып, шаруашылық жүргізудің мүмкін болмауы көрсетіледі. Осының барлығы көші-қон үдерісінің ауыл шаруашылығы саласының экономикалық жағынан күйреуінің салдары ретінде тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Көшіп-қонудың экономикалық сипатын Қарағандыдағы көшіп келгендердің жағдайы жөнінде Қазақ АКСР бойынша ОГПУ өкілетті өкілдігі орынбасары Володзько мен құпия-саяси бөлім басшысы Низюлько қол қойған 1932 жылғы 7 қазандағы хабарламасы дәлел болады. Онда 1932 ж. маусым-тамыз айлары аралығында Қазақстанның әртүрлі аудандарынан Қарағандыға 6 558 көшіп келген шаруашылық тіркелгені көрсетіледі. Алайда, олардың тек 605 адамы ғана өндіріс орындарында тұрақтап қала алған, ал негізгі бөлігі азық-түлікпен қамтамасыз етудің, тұрғын үйдің жоқтығы және еңбекке жарамдылықтың төмендігі салдарынан кері қайтуға мәжбүр болған [322, п.91-93]. Аштықтан титықтап, арып-ашып келген халық еңбекке қабілетті болмай, жұмысқа жарамайды, деп өндіріске жұмысқа алмаған. Бұл жағдай өндірістік нормаларды орындай алмағаны үшін жаппай жұмыстан шығарылу, азық-түлік карточкаларынан айырылу және өлім-жітім деңгейінің күрт өсуі арқылы көрініс тапты.

1931-1933 жж. әсіресе, Қарқаралы, Қарсақпай және Шет аудандарында, шаруашылықтардың жаппай көшіп кетуі байқалған. Мысалы, келесі бір архивтік құжатта 1931 ж. Қарқаралы ауданынан 5 432 шаруашылық (25 421 адам) көшсе, кері оралған тек 1 820 шаруашылық (5 484 адам) болды, ал 1932–1933 жылдары ауданның 10 800 шаруашылығы 4 400-ге дейін қысқарған деп көрсетіледі [157, б.17].

Қарсақпай ауданында 1933 ж. шілдесіне дейін 6 732 шаруашылық (32 546 адам) көшіп, олардың тек 3 950 адам ғана оралған, ал Шет ауданында 1931 ж. 7 820 шаруашылық 1933 ж. басында 2 692-ге дейін азайған. Көшіп-қонушылар көбінесе Қарағандыдағы ОГПУ совхоздарына жақындауға тырысқанымен, оларды зорлықпен басқа аудандарға көшіру жүзеге асырылған [157,б.18].

Алғашқы кезеңде мемлекет көшіп-қонуды қарулы көтерілістермен теңестіріп, әскери шараларды қолданса да, бұл әрекеттер кері әсер беріп, мысалы, Сарысу ауданынан 1932 ж. қазанға дейін 3 мыңнан астам шаруашылық көшкен. Ал, 1933 ж. қазан айында Қарағанды облысында ресми деректер бойынша 18 653 шаруашылық көшіп кеткен деп тіркелген, архивтік құжаттар олардың ауданнан ауданға, совхоздан совхозға, колхоздан өндірістік қалаларға қозғалыста болғанын растайды [157, б.18].

Бұл үдеріске Ф.И. Голощекин, «өз ауылынан ешқашан шықпаған қазақ енді Қазақстан ішінде ауданнан ауданға оңай көшіп, орыс, украин колхоздарына қосылып, Қарабалық пен Сібірде еңбек және шаруашылық құрылысында жұмыс істей алады» - деп баға береді [323, б.157].

Осылайша, ОГПУ материалдары көшіп-қонудың азықтық базаның жойылуы, мал басының қысқаруы, шаруашылықтардың күйреуі және азық-түлікпен қамтамасыз етпеу жағдайында туындаған мәжбүрлі экономикалық бейімделу формасы болғанын көрсетеді. Бұл үдеріс еңбек әлеуетінің бұзылуымен, көшіп-қонушыларды өнеркәсіптік өндіріске тартудың мүмкін болмауымен және өлім-жітімнің өсуімен қатар жүрді. Осы негізде аталған құбылысты 1930-жылдардың басында Қазақстандағы аграрлық өндірістің құлдырауына, шаруашылық тұрақтылығының жойылуына және өміршең шаруашылықтар санының қысқаруына әкелген аштықтың кешенді экономикалық салдары ретінде қарастырылады.

1932 ж. соңына қарай халықтың жаппай көшіп-қонуы Шет, Жаңаарқа және Қарқаралы аудандарында кең ауқым алады. Құпия-саяси бөлім бастығы Г. Молчанов қол қойған ОГПУ-дың арнайы мәліметінде Шет, Жаңаарқа, Қарқаралы және өзге де аудандарда көшіп-қону үдерісінің жаппай сипат алғаны атап көрсетілген. Атап айтқанда, соңғы кезеңде Жаңаарқа ауданынан 2 044 шаруашылық көшіп кеткені тіркелген [121, б.394]. 1932 ж. 3 сәуірде Тельман ауданы тарапынан Баянауыл және Қарқаралы аудандарынан азық-түлік тапшылығы салдарынан шаруашылықтардың Қарағанды қаласына және Тельман ауданына жаппай ағылғаны туралы хабарлама түскені тіркелген [158, б.129]. Көшіп-қонудың нәтижесінде шаруашылықтар санының елеулі түрде қысқаруы орын алады.

Шет ауданында да 1930-1933 жж. шаруашылықтар санының қысқару динамикасы байқалған. Оны 19 – кестеде берілген мәліметтер нақтылай түседі.

Кесте - 19 Шет ауданындағы 1930-1933 жж. шаруашылықтар санының қысқаруы [138, б.219].

	жылдар	шаруашылықтар саны	%
Шет ауданы	1930	7.153	100
	1933	3.310	53,7
Ескерту: кесте Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық: архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы. / Құраст.: З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманова, Ж.Ж. Ибраимова т.б.; жауапты ред. Н.О. Дулатбеков. — Қарағанды, 2022. – 461 б. құжаттар жинағы негізінде құрастырылды.			

Кестедегі берілген мәліметтер 1930-1933 жж. Шет ауданында шаруашылықтар санының күрт қысқарғанын көрсетеді. Олардың саны 7 153-тен 3 310 бірлікке дейін төмендеп, шамамен 2,2 есеге қысқарған. 1930 ж. деңгеймен салыстырғанда 1933 ж. тек 53,7 % шаруашылық сақталған. Мұндай динамика 1930-жылдардың басында ауданның ауыл шаруашылығындағы ұжымдастыру үдерісі, жеке шаруашылықтардың жойылуы және ауыл халқының босып кетуімен байланысты терең әлеуметтік-экономикалық трансформацияларды көрсетеді.

Бұл көрсеткіштер демографиялық және шаруашылық деградацияны ғана емес, сонымен қатар көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы

басым өңір ретінде Орталық Қазақстан үшін ашаршылықтың ең апатты зардаптарының біріне айналған өндірістік базаның бұзылуының айқын көрінісі.

Осылайша, шаруашылықтар санының азаюы өндірістік белсенділіктің күрт төмендеуінен және аграрлық сектордың материалдық базасының жоғалуынан көрінетін аштықтың экономикалық салдары бұл аймақтағы азық-түлік қауіпсіздігі мен ұдайы өндіріс дағдарысын одан әрі ушықтырды. Мал шаруашылығына негізделген экономикалық құрылымның жойылуы еңбек ресурстарының қысқаруымен, өндірістік әлеуеттің әлсіреуімен және аудандар арасындағы шаруашылық байланыстардың үзілуімен қатар жүрді. Осылайша, аштықтың экономикалық салдары кеңестік тоталитарлық саясаттың аймақтық экономикаға терең және жүйелі әсерін айқын көрсетеді.

Әлеуметтік-демографиялық салдары. Аштық тек экономикалық күйзеліске ғана алып келген жоқ, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік құрылымының құлдырауына да әкелді. Көшпелі өмір салтына негізделген дәстүрлі қауым түрлі шаруашылық науқандардың нәтижесінде малынан айрылып, күштеп отырықшылыққа көшіріліп, шаруашылықтың ұжымдық түріне көшіру салдарынан ыдырап кеткен болатын. Бұл қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын дағдарысқа ұшыратты.

Терең экономикалық дағдарыс пен жаппай аштық негізінде Орталық Қазақстан аумағында *мәжбүрлі миграция, халықтың өлім-жітімі, індеттің таралуы, отбасылық және қоғамдық қатынастардың бұзылуы, қарсыластық қозғалыстар, балалар панасыздығы мен қараусыздығы, халықтың едәуір бөлігінің маргинализациялануы* сияқты әлеуметтік-демографиялық зардаптар көрініс тапты. Негізгі демографиялық және әлеуметтік зардаптармен қоса психологиялық және менталдық өзгерістерді де атап өткен жөн. Ашаршылықтың салдарынан халықтың бойында қорқыныш, үрей, сенімсіздік, үнемшілідік және сақтық сезімдері қалыптасып, бұл кейін де күнделікті мінез-құлыққа және өмір сүрудің әлеуметтік стратегияларына әсер етті.

Аштықтан зардап шеккен халықтың жаппай мәжбүрлі түрде босуы архив құжаттарынан байқанымыздай 1931 ж. көктемде басталып, 1932 ж. жаппай сипатқа ие болған. Т. Рысқұлов Сталинге жазған хатында атап көрсеткен болатын [324]. Бұл туралы 1932 ж. партия қызметкері Г. Аронштамның Сталин, Л. Каганович, П. Постышевке «өте құпия» жазған жазбасында 1932 ж. көктем, жаз айларында Қазақстанда болып, өлкенің өте ауыр жағдайын баяндайды. Аштықтың салдарынан адам өлімі көбейгенін және Қарсақпай кеніші маңында көршілес көшпелі аудандардан (Сарысу, Батпаққара, Торғай т.б) аштықтан босыған аш адамдардың топтасып қалғаны айтылады. Басқа өлкелерге аштықтан көшіп жатқан шаруашылықтар саны 150-180 шаруашылыққа жететінін айта отырып, Қарқаралы, Баянауыл аудандарындағы ауылдардың қаңырап бос қалғанын атап өтеді [325, п.8-9].

Аштықтың салдарынан мәжбүрлі түрде қоныс аударған халықтың бірқатары діттеген жерлеріне жете алмай жолда қалады. Халықтың осы кезеңде аштықтан бас сауғалап тек республика ішінде ғана емес Сібір аумақтарына, Қырғызстан, Өзбекстан, Қытай, Иран т.б аймақтарға жаппай көшуі орын алады.

Қазақстанның аумақтарындағы босқын қазақтардың көшу жолдарын М. Қозыбаева мен А. Бекенова: «Батыс облыстардан босқындар Иранға, Ауғанстанға, Түркіменстанға кетті. Даланың Оңтүстігі мен Шығысынан – Моңғолияға, Өзбекстанға, Қырғызстанға, Қытайға. Орта жүздің, Ұлы даланың солтүстігіндегі қазақтар, негізінен арғындар, керейлер мен қыпшақтар Ресейге кетті» –деп көрсетеді. Олардың кету себептерін: «бір жағынан, жаппай көшу ұжымдық наразылық пен қазақтардың колхоздар құру саясатына қарсы тұру нысандарының бірі болды, екінші жағынан – аштық өлімнен құтылу мақсатындағы жалғыз дұрыс жол болды» – деп тұжырымдайды [146, б.113].

«Ашаршылықтан Ресейге ауа көшкен қазақ босқындарының жұмыс тапқан негізгі қалалары – Новосибирск, Омбы, Барнаул болды. Кузбасқа барған қазақ көшпелілері Кемеров, Сталинск, Ленинск-Кузнецк, Киселевск, Прокопьевск шахталарына жалданып, Татарск, Барабинск, Рубцовск, Славгородқа теміржол арқылы жетуге тырысты» – деп, А.И. Құдайбергенова пен Ө.И. Исенов қазақ босқындарының орналасқан аумақтарын нақтылайды [150, б.148].

Павлодар округінің Ертіс ауданының қазақтарының Омбының Русскополян ауданына босқыншылығын көрген сол облыстың Қаратал ауылының тумасы З.С. Асылбекованың естелігінде қазақтардың ауа көшуі былай суреттеледі: «1932 жылдың қысында болған сұмдық оқиғалардың куәсі болдым. Аулымыздың қасынан Омбы жаққа өтіп бара жатқан аш қазақтардың шұбырынын көрдім. Сол жылы сұмдық қатты қыс болды, сақылдаған аяз бен боран толастамай соғып тұрды. Боран толастаған соң ауыл адамдары жолға шығып қарайып жатқан қазақтардың өлігін жинап жерлейтін еді. Өліктердің көптігі сонша оларды тезірек көмуге тырысатын, себебі аш қасқырлар өліктерді жеп қоятын. Бір айта кетерлік жай – адамдар өлер алдында үстіндегі киімдерін шешіп тастап құлайды екен. Денелері тез ісіп кетеді екен. Көп жағдайда аналарына ере алмаған жас балалар көп өлген. Ере алмай қалжыраған балаларына қарайлауға аналардың күші де, мүмкіндігі де болмаған» [326].

Б.К. Альжаппарова зерттеуінде, Орталық Қазақстан өңірінде көбінесе «ішкі» көшіп-қонулардың таралуы басым болғанын атап өтеді. Себебі, өңірдің географиялық ерекшеліктері мен шекаралық аудандардан алыстығы тұрғындардың қозғалыс мүмкіндіктерін шектеген, дегенмен, кейде Қазақстан шегінен тысқа шығуға әрекеттер жасалғанын айтады [157, б.13-23].

Орталық Қазақстан өңірінен аштықтан мәжбүрлі түрде босып кеткендердің Сібір жеріне көшкені халық жадында сақталған естеліктер де айғақтайды. Ол туралы Т.О. Мүсенова әкесі О. Мүсенұлы мен анасы Қ. Әліқызының елде аштық басталған кезде қазіргі Қарқаралы ауданы Аққора ауылынан отбасымен Қарағандыға арбамен жетіп, Қарағандыдан поездға мініп, Сібір өлкесіне барып жан сақтағанын айтқан болатын. Т.Омашқызы анасынан аштық кезінде «Сепкрайға» барып паналап, күн көргенін жиі естіген екен, бірақ, оның нақты қай қала, қай жер екенін білмепті. Әкесі Омаш елден кетер кезде құжат алып (қандай құжат екенін нақты білмейді, ақ қағазға мөр басып алғанын айтады екен) сол арқылы барған жерінде паек алып, кейін жұмысқа

тұрып күнелткенін сұхбат барысында бөлісті. Кейін елде жағдай түзелген кезде қайтып оралған еекен [315]. (Қосымша Г,Ғ).

1975 ж.туған Қарағанды қаласының тұрғыны Е. Исаев әкесі С. Исаұлының шамамен 3-4 жасында әкесімен Қу ауданынан Павлодар облысына барып, кейін әйелі мен қызын тастап Омбы арқылы, Кузбас, Кузнецк қаласына өткен туралы естелігімен бөліседі. Сапиолланың әкесі Иса күнін көру үшін, теміржолға кейін шахтаға орналасып, аштық жылдары сол жақта күнелтіп, тек 1934 ж. туған жері Қу ауданына қайтып оралған [327]. (Қосымша Д-Ж.).

Г.М. Смағұлова 1918 ж. туған әжесі Қалиева Бибекештен естігендерін былай деп еске алады: «Аштық басталған жылдары апамның әкесі Төкіман апаны (Төлеу апаны біз осылай атайтынбыз. - авт.) бір бай кісіге тұрмысқа беріпті және менің апам Бибекештен басқасын «Секпірайға» кетіп бара жатқандарға қосып жіберіпті. Апамнан «Секпірай» қай жерде?», деп сұрағанда, «білмеймін, әйтеуір Керекуден әрі» деп айтқанда, біз оның халықтың қойған атауы, ондай жердің жоғын түсіндік. «Секпірай» деп «Северный край» немесе «Сибирский край», яғни қазіргі Ресейдің солтүстік өңірлеріне бас сауғалап, аштықтан жандарын сақтап қалу үшін көшкен адамдар қойған атауы болуы мүмкін [139].

Сібір жаққа күнелтіп, сол жақта туған баланың да есімін «Сепкірай» қойған. Қарағанды қаласының тұрғыны С. Әубәкіров Сібір жерінде 1933 ж. наурыз айында туған әкесінің ағасын, кейін елге келген соң ауылдағы адамдар «Сепкірай» деп атап кеткенін жөнінде айтқан болатын [238].

Жоғарыда айтқанымыздай мәжбүрлі көшіп кеткендер арасында елге қайта оралғандары да, сол жақта тұрақтап қалғандары да болды. Тұрақтап сол өлкелерде қалғандардың ұрпағы Барнаул қ. (РФ) тұрғыны Б. М. Солтангазинованың айтуы бойынша әкесі Н. Сейтқазыұлы 1916 ж., анасы К. Жұматайқызы 1928 ж. туған [329]. (Қосымша Р,И). Қазақстаннан 1930-шы жылдары ұжымдастыру кезінде ауыл болып, топтасып, арбамен, жаяу шыққан. Себебі, Қазақстанда одан әрі қалса аштан өлетіндерін білген. Қайда барып, тұрақтайтындарын да білмеген. Шамамен әкесі ол кезде 15-16 жаста болған. Өздерімен азықтары болмағандықтан жол бойында елді мекендерден тамақ іздеуге балаларды жібереді екен. Азық іздеп кеткендерді ұзақ күте алмаған. Олар кешігіп, бір жерде ұзақ аялдаса басқалары аштан өліп қалу қаупі төнгендіктен, көп күтпей әрі қарай жол жүре беретін болған. Әкесінің айтуы бойынша жолшыбай кездескен елді мекендердегі орыс халқы мейрімділік танытып, оларға картоп, басқа да көкөністер бергеннің арқасында аман қалған. Аштық пен жүруден әбден әлсіреген емізулі балалары бар аналардың кейбіреулері жолда қайтыс болған. Өлген әйелдердің балаларын аман қалғандары бауырларына салып асырап алған. Балаларды бөліп жарып, шететпеген. Кейін келе қайсы кімнің баласы өздері де шатасып қалған. Бәрін бірдей өз балаларындай асырап, өсірген.

Б. Солтангазинованың айтуынша, Барнаул қаласының Восточный деген ауданына тоқтап, жер кепелер қазып орналасқандықтан жердің атауы Капай город (жерден қазылған қала) аталып кеткен. Аштық босқындарының Барнаул

қаласындағы алғашқы елді мекендерінің атауы осы сөзден шыққан. Кейін оларға жер беріп, Тобықты руы үлкен бір көшеге орналасқан. Көше атауы бастапқыда «Матросова» болса, кейін «Обводная» деп аталады. Әкесінің естелігі бойынша ол жерде тұрған қазақтар ұйымшыл, еңбекқор, пысық болған. Әкесі үйленіп, өмір бойы теміржолда қызмет етіп, зейнетке шыққан. Анасы үй шаруасымен айналысып, үйде қарап отырмай қолғап, күртеше тігіп сатады. Ашаршылық жылдардағы әкесінің басынан өткізген қиыншылықтарын естіген Б. Солтангазинова өлең шығарған [329]. (Қосымша Р,И).

Аштықтан, түрлі шаруашылық-саяси науқандардан мәжбүрлі түрде босыған халықтың саны жөнінде нақты мәліметтер жоқ. Қ. Алдажұманов: «1 миллионнан астам адам аштықтан босқындар қатарында болды. Оның 400 мыңнан астамы ғана кейінірек республикаға оралды. Көші-қон орындарында олардың қанша өлгенін анықтау мүмкін емес» - деп тұжырымдайды [183].

Кейбір зерттеулер бойынша, бастапқы халықтың төрттен бірі немесе қалған 1 030 мың адамнан тұратын жартысы аштық кезінде республикадан тысқары аудандарға көшкен, олардың ішінде 616 мың адам қайтып оралмаған, ал 414 мың адам кейіннен Қазақстанға оралған. [79, б.209-210].

Е. Сыдыковтың құрастырумен жарияланған құжаттар жинағында: «Қазақстаннан 1030 мың адам көшіп кетіп, олардың 616 мыңы қайтып оралмады. Қазақтардың қайда, қанша кеткені туралы нақты айту мүмкін емес. Ол кезде есеп жүргізілмеді»– деп көрсетіледі [116, б.4]. Босқыншылық салдарынан республикадан тыс аймақтарға кеткен қазақтардың саны нақтылауды талап етеді.

Халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауынан жаппай ашаршылық, індеттің өршуі, халықтың аштықтан мәжбүрлі босуы нәтижесінде республика бойынша халық санын қысқарады.

1930- жылдардағы ашаршылықтан болған адам шығынының санына қатысты отандық зерттеушілер арасында ортақ пікір жоқ. Мысалы, 1180 000 мың адам (М.А. Асылбек); 1 050 000 -1 100 000 мың (Б. Төлепбаев және В. Осипов);1 750 000 мың (М. Қозыбаев және Қ. Алдажұманов); 2 300 000 мың (М. Тәтімов); 1 794 000 мың адам (А. Алексеенко және Н. Масанов), 2,2 млн. (Т. Омарбеков) деп көрсетіледі.[155, б.223].

Шетелдік зерттеушілер демографиялық зардаптар бойынша келесі цифрларды ұсынады: Р. Конквест - 1 000 000 [9, б.285], И. Огайон - 1150 000 - 1 450 000мың [15, б.207], М. Олкотт - 1 500000, С. Камерон, Р. Киндлер, Н. Пианчола - 1 500000, Р. Дэвис, Уиткрофт - 1 300000-1 500000 (басқа этностарды қоса есептегенде) [330].

Өкінішке орай, өңірлер бойынша адам шығыны зерттеушілер тарапынан арнайы зерттеу нысанына айналған жоқ. Демограф А.Н. Алексеенко 1930-жылдардағы ашаршылықтың демографиялық салдарына арналған зерттеуінде қазақстандық тарихшылармен демографтардың арасында аштықтан қазақ тапқан қазақтардың саны туралы әзірге бірыңғай пікірдің жоқтығын атап өтеді. Ол 1926 және 1939 жылдардағы халықтың жастық құрылымындағы өзгерістерді негізге ала отырып, есептеп, ашаршылықта қаза болған қазақ

халқының санын 1 миллион 840 мың немесе 1930 ж. этностың санынан 47,3% деп көрсетеді [204]. Оның пікірінше, өңірлердің ішінде ең көп зардап шеккендер еліміздің шығысындағы қазақтар болған. Бұл өңірдегі адам шығыны 379,4 мың адам немесе 1930 ж. этнос санының 64,5% құраған екен. Сонымен бірге бұл өңірдегі көші-қон ауқымды болғанын, әсіресе Ресей Федерациясы мен Қытайға мәжбүрлі түрде аштықтан қоныс аударғандар көп болғанын атап өтеді. Солтүстік Қазақстанда ашаршылықтан қазақтардың 410,1 мың немесе 52,3 %, Батыс Қазақстанда 394,7 мың немесе 45,0%, Оңтүстік Қазақстанда 632,7 мың адам немесе 42,9% қазақ тапты десе, адам шығын ең аз болған аймақ ретінде Орталық Қазақстанды көрсетеді. Бұнда 22,5 мың адам немесе аймақтағы этностың 15,6% ашаршылықтан қайтыс болғанын көрсетеді. Қазақтардан басқа этностардың ашаршылықтан зардап шеккендерінің санын анықтау мүмкін еместігін айтады. Оның себебін 1926-1939 жж. санақаралық кезеңде халықтың бұл бөлігінің миграциялық белсенділігімен түсіндіреді. Дегенмен, бұл тұжырым нақтылауды талап етеді. Себебі, Орталық Қазақстан өңірінің мал шаруашылығына тәуелділігі, табиғи-климаттық қатерлердің әркелкі әсері және статистикалық деректердің толық қамтылмауы сияқты факторларды ескеру керек. А. Құдайбергенова зерттеуінде Қарағанды мен Солтүстік Қазақстан облыстары халық санының өсіміндегі оң айрымды өндірістендіру үдерісі жылдары сырттан қоныстанушылардың келуімен түсінідіреді [86, б.171].

Орталық Қазақстандағы 1926 және 1939 жылдардағы халық саны мәліметтері В.В. Козинаның зерттеулерінде берілген кестеден көрінеді.

Кесте – 20 1926-1939 жж. Орталық Қазақстан аймағының халық саны динамикасы мен ұлттық құрам [90, б.131]

ұлттар	1926 ж.		1939 ж.	
	адам	%	адам	%
Барлығы	328 522	100	418 316	100
қазақтар	280 317	85,3	136 541	32,6
орыстар	15 196	4,6	190 017	45,5
украиндар	24988	7,6	40 177	9,6
өзбектер	124	-	-	-
татарлар	712	0,2	5 824	1,4
немістер	5 589	1,7	14 814	3,6
корейлер	0	-	7 536	1,8
басқа ұлттар	1 596	0,6	23 407	5,5
Ескерту: Кесте Козина В.В. Население Центрального Казахстана (конец XIX в. -30-е годы XX в.). – Алматы: Өркениет, 2000. – 144 с. алынды.				

Кестеде берілген мәліметке сәйкес санақаралық кезеңдегі 12 жыл ішінде Орталық Қазақстандағы қазақ халқының шығыны арифметикалық есептеулер бойынша 143 776 адамды құраған. Халық саны 48% қысқарған. Бұл сандар өңірдегі қазақ халқының азаюын ғана көрсетеді, оған шартты түрде халық арасында орны толмас шығындарды (аштық пен аурудан болған өлім-жітім), басқа өңірлерге, шекаралас аумақтарға қоныс аударуды және т. б. қосылады.

Мәселенің тарихына арналған зерттеулердің едәуір көлеміне қарамастан, қазіргі кезеңде қазақ халқының, сондай-ақ аймақ халқының жалпы санына қатысты демографиялық шығындардың, оның ішінде өлім-жітім деңгейінің нақты сандық көрсеткіштерін анықтау мүмкін болмай отыр. Ең алдымен, дереккөздер қорының толық болмауымен және олардың үзік-үзік сипатымен түсіндіріледі: статистикалық мәліметтер, халық санақтарының материалдары мен архивтік құжаттар біркелкі сақталмаған әрі көптеген жағдайларда елеулі олқылықтарға ие. Сонымен қатар, көшпелі және жартылай көшпелі халықты, әсіресе қазақтарды есепке алу ерекшеліктері де айтарлықтай қиындықтар туғызады, өйткені олардың едәуір бөлігі жүйелі тіркеуге алынбаған. Демографиялық жағдайды қайта қалпына келтіруді күрделендіретін қосымша факторлардың бірі – мәжбүрлі қоныс аудару мен көшіп-қону үдерістерін қамтитын ауқымды миграциялық қозғалыстар болып табылады, бұл халық санының азаюын нақты шығындардан ажыратуды қиындатады. Аталған мән-жайлардың жиынтығы қарастырылып отырған кезеңде Орталық Қазақстан халқының демографиялық шығындары туралы дәл әрі түпкілікті сандық деректерді анықтауға мүмкіндік бермейді.

1930-жылдардың басындағы ашаршылық халық санының жалпы азаюымен қатар, қазақ қоғамының ішкі құрылымына да елеулі ықпал етті, соның ішінде халықтың жыныстық және жас ерекшеліктеріне қатысты құрамына айтарлықтай өзгерістер енгізді. Аталған кезеңнің демографиялық салдарларын талдау тек халық санының жиынтық көрсеткіштерімен шектелмей, жекелеген жас топтары мен ерлер мен әйелдер арасындағы арақатынасты тереңірек қарастыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, ашаршылық ықпалымен қалыптасқан қазақ халқының жыныстық-жастық құрылымындағы өзгерістерге арналған қазақстандық зерттеушілердің тұжырымдары ерекше ғылыми қызығушылық тудырады.

Қазақстандық зерттеушілер Ж. Әбілхожин, М. Қозыбаев және М. Тәтімов еңбектерінде 1930-жылдардың басындағы ашаршылықтың халықтың жалпы санына ғана емес, сонымен қатар оның жыныстық-жастық құрылымына да ұзақ мерзімді ықпал еткені көрсетіледі [79, б.211]. Авторлардың пайымдауынша, қазақ халқының демографиялық бейінінде 1930–1934 жж. дүниеге келген ұрпақтың айқын тапшылығы байқалады, өйткені бұл буын өкілдері тарихи тұрғыдан ең ауыр кезеңді ерте балалық шағында бастан өткерген. Зерттеушілердің тұжырымына сәйкес, аталған демографиялық үзілістің салдары кейінгі ондаған жылдар бойы сақталып, статистикалық деректерді терең талдау барысында әлі күнге дейін анықталып отыр.

Ж. Абылхожин, М. Қозыбаев және М. Тәтімовтің тұжырымы бойынша ашаршылықтың салдары қазақ халқының қазіргі жастық-жыныстық құрылымынан да айқын байқалады. Атап айтқанда, 1930-1934 жж. дүниеге келген ұрпақ санының елеулі түрде кем болуы демографиялық тұрғыдан анық көрінеді, себебі бұл буын өкілдері тарихтағы ең ауыр кезеңді ерте балалық шағында бастан өткерген. Зерттеушілердің көрсетуінше, сол жылдардағы демографиялық ауытқулардың салдары кейінгі кезеңдерде жүргізілген санақ

материалдарынан да байқалады. Мәселен, 1959 ж. халық санағы деректері бойынша 1930-1934 жж. туғандар арасында ерлер санының әйелдерден басым екені тіркелген: әрбір 1000 әйелге 1092 ер адамнан келген. Авторлардың пікірінше, мұндай жыныстық теңсіздік аталған ұрпақтың ерте балалық кезеңінде қалыптасқан. Ашаршылық жағдайында өмір үшін күрескен ата-аналар дәстүрлі патриархалдық көзқарастарға сүйене отырып, ұл балаларды сақтап қалуға көбірек мән берген. Бұл өз кезегінде болашақ ұрпақтың табиғи қайта жаңғыруына негізделген рационалды демографиялық мінез-құлыққа қайшы келетін құбылыс ретінде сипатталады.

Анықталған демографиялық ауытқуларды түсіндіре отырып, Ж. Абылхожин, М. Қозыбаев және М. Тәтімов оларды халықтың төтенше жағдайлардағы әлеуметтік мінез-құлқының ерекшеліктерімен байланыстырады. Зерттеушілердің пікірінше, отбасының өмір сүруіне тікелей қауіп төнген жағдайда, ашаршылықтан балаларын аман алып қалуға ұмтылған ата-аналар көбінесе ұл балаларға басымдық берген. Мұндай таңдаудың негізінде ер азаматтың әлеуметтік маңыздылығы туралы орныққан патриархалдық түсініктер жатқан. Авторлар бұл мінез-құлық үлгілері халық санының ұзақ мерзімді қалпына келуін көздейтін демографиялық қайта өндірудің ұтымды логикасына қайшы болғанын атап өтеді. Алайда аталған құбылыстарды олар бастан кешірілген дағдарыстың төтенше сипаты мен өмір үшін күрестің салдары ретінде түсіндіреді.

«Ашаршылық демографиясы: өткен мен бүгін тұрғысынан» атты академиялық жинақта XX ғасырдағы жаппай ашаршылықтарға тән орнықты демографиялық заңдылықтар айқындалған [331]. Зерттеу авторлары мұндай заңдылықтардың қатарына, *біріншіден*, ерлер арасындағы өлім-жітім деңгейінің әйелдерге қарағанда жоғары болуын жатқызады. *Екіншіден*, ашаршылық кезеңінде тікелей ашығудан гөрі, оған ілесе таралған індеттер мен түрлі аурулардан болған өлім-жітімнің басым болғаны көрсетіледі. Сонымен қатар, некелесу мен бала туу көрсеткіштерінің айтарлықтай төмендеуі, сондай-ақ халықтың демографиялық құрылымының терең өзгеріске ұшырауы атап өтіледі. Бұл өзгерістер, ең алдымен, балалар мен егде жастағы адамдар үлесінің қысқаруынан және сонымен қатар әйелдер санының салыстырмалы түрде артуынан көрініс табатындығын тұжырымдайды.

Аталған демографиялық заңдылықтар З.Г. Сактаганованың Қазақстандағы ашаршылықтың демографиялық салдарын талдауындағы зерттеулерінде қолданылып, әрі дамытылған [154, б.118]. Бұл аналитикалық тәсілге сүйене отырып, автор азық-түлік дағдарыстарына халықтың жалпы демографиялық реакция үлгілерін республикадағы 1930-жылдар статистикалық және тарихи деректерімен салыстырады. Нәтижесінде, ашаршылық салдарының жалпы, барлық аймақтарға тән белгілері мен Қазақстанға тән аймақтық ерекшеліктері айқындалады.

Аталған заңдылықтарды Қазақстандағы демографиялық динамикамен салыстырған кезде, 1930-жылдардың басындағы ашаршылық ерекше сипатқа ие болғанына қарамастан, оның салдары көптеген жағдайда XX ғасырдағы

жаппай азық-түлік дағдарыстарына халықтың типтік демографиялық реакция үлгілерімен сәйкес келетінін айтуға болады.

Аймақтағы 1926-1939 жж. санақтар аралығындағы қазақ халқының шығынын білу үшін демографиялық реконструкцияның модификацияланған әдісін қолдандық. Жоғарыдағы кестеде халықтың жастық құрылымы жоқтығына қарамастан, қолдағы мәліметтер бойынша халық саны мен ұлттың құрамы негізінде нақты және күтілетін көрсеткіштерді салыстыру арқылы қазақ халқының шығындарын белгілі деңгейде анықтауға ұмтылыс жасалды.

Орталық Қазақстандағы қазақ халқының демографиялық шығындарының ауқымына баға беру үшін демографиялық даму болжамына негізделген https://calculator.academy/population-prediction-calculator/сілтемесі бойынша орналасқан халық санын болжау калькуляторымен 1939 жылғы қазақ халқының болжамдық санын есептелді [332]. Калькулятордағы бастапқы халық саны ретінде 1926 жылғы қазақ халқының саны 280317 енгізіп, өсу қарқынын Қазақстан КСР Бас жоспарындағы осыған ұқсас реконструкцияларында пайдаланған 1,5% (А.Н. Алексеенко) алынып, санақаралық 13 жыл ішіндегі қазақ халқының болжамдық есебін калькулятор 340 179 адам болуы мүмкін деп берді. Болжам бойынша алынған саннан іс жүзіндегі санақта тіркелген адам санынан арифметкиалық есептеу бойынша алып тастайтын болсақ қазақ халқының шығыны 203 638 адамды құрайды. Бірақ, бұл жерде өлім мен миграция көрсеткіштерін де ескеру қажет. Бұл гипотеза. 1930-шы жылдардағы демографиялық процесстердің толық бейнесін беретін толыққанды ақпарат қажет. Өкінішке орай, бұл параметрлер бойынша нақты мәліметтер табылмады.

Аймақтағы халық санының әрбір нақты жыл сайынғы көлемін анықтауға қатысты деректер, сөзсіз, нақтылауды талап етеді. Себебі, жоғарыдағы кестеде берілген мәліметтер тек халық санағы нәтижелерінің арифметикалық айырмасына негізделген. Алайда, осы көрсеткіштердің өзі аймақтағы қазақ халқы арасында орын алған елеулі демографиялық апаттың айқын дәлелі болып табылады. Өйткені, сандық көрсеткіштердің төмендеуі тек осы этникалық топқа тән құбылыс болғанын байқалады. Оған Абай облысы мемлекеттк архивы қорындағы сол кездегі қазақтар басым болған Абыралы ауданы бойынша берілген құжат негізінде жасалған төмендегі кестедегі берілген мәліметтер дәлел болады.

Кесте – 21 Абралы ауданы бойынша 1930-1933 жж. шаруашылық саны мен халық саны динамикасы [270, п.7-8]

р/с	жылдар	шаруашылық саны	%	жан басы саны	%
1	1930	6131	-	29812	-
2	1931	5899	3,78	27368	8,20
3	1932	2659	56,61	10912	63,39
4	1933	985	83,93	8027	73,07
Ескерту кесте архив материалы негізінде құрастырылды АОМА Қ. 15 Т.2. І. 23 п.7-8					

Кестедегі мәліметке сәйкес 1930-1933 жж. аралығында шаруашылық саны (83,9%) мен жан басы (73,1%) саны да күрт қысқаруы байқалады. Бұл бір ғана Абыралы ауданындағы демографиялық апаттың дәлелі болып табылады. Ол 1932 жылға сәйкес келіп тұр.

Осындай жағдай Шет ауданында болғанын М. Жакин ауданда 1932 ж. дейін 29066-дан 36568 өскен жан басы 1933 жылы 50т21-ге күрт азайған, 1930 ж. салыстырғанда 1933 жылы аудандағы адам саны 82,7 % кемігенін көрсетеді [271]. Тельман ауданы бойынша А.С. Мусагалиева архив құжаттарының негізінде «1932-1933 жылдары ауданында күштеп ұжымдастыру және колхоздарды «кулак-бай элементтерінен» тазарту нәтижесінде 8 349 қазақтың тек 2 422-сі ғана қалды, 5 927 адам көшіп кетті немесе қаза тапты; 7 608 орыстың 6 635-і қалды; 4 660 немістің 3 368-і ғана қалды» - деп тұжырымдайды [158, б. 135]. Аудандар бойынша бұндай шығындар (өлім-жітім емес!) мүмкін ең жоғары деңгейде болған болар, алайда бұл орташа көрсеткіш болып табылуы да ықтимал.

Ашаршылық жылдарында халықтың өлім-жітімі тек қана аштық салдарынан ғана емес, тез таралған жұқпалы аурулардың әсерінен де жоғары болды. Тамақ тапшылығы жағдайында адамдар түрлі қалдықтар, өлексе пайдалануға мәжбүр болды. Сонымен қатар гигиена мен санитарлық жағдайдың төмендігі өңірдегі эпидемиологиялық ахуалды одан әрі күрделендірді. ХКК У. Құлымбетов, ҚАКСР Денсаулық сақтау Халық комиссары С. Асфендияровтың «Қазақстанның бірқатар облыстарындағы қолайсыз эпидемиялық жағдай мен эпидемиолог-санитар дәрігерлердің жетіспеуі туралы» 1932 ж. 31 желтоқсандағы хатында эпидемиялық жағдай қолайсыз жерлердің қатарында Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының Степняк елді мекені көрсетеді [333, п.26-28]. ОГПУ-дың 1933 ж. 8 наурыздағы Одақ көлеміндегі індеттер туралы құпия түрдегі арнайы хабарламасында Қарағанды облысы ең қолайсыз аумақтар қатарында болған. Хабарламада Қарағанды облысында сүзек, іш сүзегі, шешекпен ауырған 287 жағдай тіркеліп, қырқұлақ (цинга) індеті өршіп, халықтың 40% арасында осы аурудың тарап отырғаны, өлім деңгейінің жоғарылығы атап өтіледі [334, б.381-382].

Денсаулық Сақтау ХК С. Асфендияровтың атына 1932 жылдың 20 қарашасында жіберілген құпия мәлімдемеде Қарқаралы ауданындағы сүзек індетінің өршіп тұрған мысалы, 1932 ж. маусым айында 21, шілдеде – 45, тамызда – 46, қыркүйекте – 56 жағдай тіркелсе, қазан айында бөртпе сүзек індеті бойынша 4 жағдай тіркелген. Бұнымен қоса, медициналық қызметкерлер мен індетпен күресу үшін құралдарың жоқтығы баяндалады [335, п. 21]. Осылайша, аштықпен қоса індет те халықтың арасындағы өлім-жітімнің көбеюіне себеп болған. Себебі, медициналық тұрғыдан дұрыс тамақтанбаған аш адамның ағзасы жұқпалы ауруларға қарсы тұруға әлсіз келеді.

З.Г. Сактаганова: «1930-жылдардағы ашаршылық кезеңіндегі Орталық Қазақстандағы демографиялық шығындар ешкіммен есептелмеген. Өлімді есепке алу мен тіркеудің, сондай-ақ аймақ бойынша толық статистикалық

деректердің болмауы әлі кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік бермейді» – деген қорытындыға келеді. [154, б.123].

Өлім-жітім деңгейінің жоғары болуы және демографиялық шығындардың ауқымды сипаты халық санының қысқаруына ғана емес, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік құрылымында елеулі өзгерістердің қалыптасуына әсер етті. Отбасы мен жергілікті қауымдастық мүшелерінің едәуір бөлігін жоғалту дәстүрлі *отбасылық және қоғамдық қатынастардың бұзылуына* алып келіп, әлеуметтік өзара қолдау мен ұжымдық көмектің тиімділігін төмендетті. Нәтижесінде халықтың әлеуметтік осалдығы артып, өңірдің шаруашылық және әлеуметтік жүйесін қалпына келтіру үдерісі айтарлықтай күрделене түсті. Аталған үдерістер ашаршылықты бастан өткерген куәгерлердің естеліктері мен олардың ұрпақтары қалдырған деректер арқылы расталады.

Ашаршылық жағдайында халық балалары аман қалу үшін оларды шекаралас аумақтарға жіберген. Ашаршылық жылдары 13-14 жаста болған Гүлбарам Қиякбаеваны халық қырыла бастаған заманда әкесі «қайда жүрсеңдер де, аман болыңдар!» деп, бауырымен ат арбаға отырғызып, Сібірге жібереді. Пойыздан-пойызға әр жерде бір мініп, бір түсіп, Владивосток қаласына дейін өтіп кеткен. Владивосток қаласына барар жолда бауырын жоғалтып алыпты. Гүлбарам барған жерінде өз күнін өзі көріп, ақша табады. Осы өңірде тұрмысқа шығып, 1 қыз, 1 ұлын дүниеге әкеліп, сол жерде тәрбиелеп өсіреді. Балаларын жеткізу үшін қосымша жұмыс істеуге мәжбүр болады. Кемероводағы № 10 мектепте еден жуушы болып еңбек етеді. Бір жағынан елге, жерге деген сағынышы арта түсіп, 1960 ж. елге қайта оралады. Бірақ қалған қандастарын, туғандарын іздеп таба алмайды. Елге келісімен, Қаратау ауылында қой бағып, етене еңбекке араласады. Ұлы – Алпамыс тракторист, қызы – Бақтыбала сатушы болып еңбек етеді [138, б.342-343]. Бұндай оқиғалар өте көп болған.

Аштықтың кесірінен ана мен бала бір-бірінен көз жазып қалған оқиғалар да болған. Т.О.Мусенова да өзінің отбасы естелігімен бөліскенде нағашы апасының осы аштық жылдары Сібір өлкесін қайтып келе жатқанда темір жол станциясында су алуға түсіп, поездан қалып қойғанын айтады. Бұл туралы анасы Әліқызы Қиғаншадан есейген шағында ғана естіген. Содан кейін мүлдем хабар жоқ, тірі ме, қайтыс болды ма, білмеген. Тіпті сол нағашы апасының аты-жөнін де сұрап ала алмағанын өкінішпен еске алады [315]. (Қосымша Г,Ғ).

1930-жылдардағы Орталық Қазақстан өңіріндегі ашаршылық отбасылық және қоғамдық қатынастардың негіздерін де жойған. Оған ашаршылық куәгерлері мен олардың ұрпақтарының естеліктері дәлел. М. Тойшыбеков әкесі Тойшыбек Мыңбасовтың естеліктерімен былай деп бөліседі: «1932 ж. менің әкем Ақтоғай ауылының қазіргі «Сарытерек» кеңшарында мұғалім болыпты. Әкемнің отбасында 2 бауыр-інілері және жары болған. Бойдақ екі бауыры күн көрісі нашарлаған соң, қысқа қарай Балқаш қаласына кеткен. Содан хабарсыз. Көрдім-білдім дегендер жоқ. Анам 1924 жылы туған, ашаршылықтан бір үйдің тек жалғыз қызы ғана аман қалған екен. Екі немере бауыры, анасы қайтыс болған. Отбасының үлкендері қайтыс болып, аман қалған бала сол ауылдағы

жанашыр ағайындарының қолында болған. Жақындары хабарсыз. Олардың бар-жоғын да білмейді...» [138, б.303-306].

Аштық куәгері ұрпағы Е. Жунусбеков әжесі Майтаптан осы қиын жылдардағы естеліктерінде туыстарының бірінің ұлын тастап, қызын алып кеткенін естіген. Біраз уақыт өткен соң, шамамен 1970- жылдары әпкесі бауырын тауып алған. Баланы басқа бір отбасы тауып алып, тәрбиелеп өсіреді. Анасы ұлын тастап кеткенде мойнына баланың шыққан тегін, қай ауылдан екенін жазып тұмар тағып кеткен. Қазір ол бала отбасымен Алматыда тұрады. Бұл оқиғалардан аштықтың бүтін бір отбасылардың тағдырында терең із қалдырғанын көрсетеді. Жолы болып бұл бала кездейсоқ адамдардың көмегінің арқасында аман қалған [138, б.386-389]. Осындай тастап кеткен балалардың қаншамасының тағдыры белгісіз. Мысалы, С. Мухамеджановтың отбасында болған осындай оқиға туралы Р. Смагулова былай баяндайды: «Егіндібұлақ ауданының тумасы Мухамеджанов Смағұлды байлар қатарына жатқызып 1931 ж. оның 60 қойын, 15 жылқысын, 10 сиырын, мүлкін, тіпті киіз үйіне дейін тәркілеп, өзін тұтқындап, Беломорканалған жер аударады. Әйелі Хазиза енесімен, 5-6 жасар баласымен далада қалады. Туғандары да, ауыл адамдары да байдың тұқымымен араласты деген сөзден қорқып, оларды паналатудан қорқады. Байдың әйелін жазалау керек деп, еріксіз ауыл белсенділері қамшының астына алып, ауылдан қуып жібереді. Далада қалған Хазиза Қарағандыны бетке алып жолға шығады. Жол бойы аштан өлген адамдарды көріп, қазіргі Көктас ауылының маңына келгенде аштықтан өзі де, енесі мен баласы да әбден әлсірейді. Бір мазарға тоқтап, енесі баланы тастап, азық тауып әкел деп, Хазизаны жұмсайды. Келіншек сақинасын нанға айырбастап, мазарға келгенде енесінің қайтыс болған, ал, баласы таппай қалады. Баласын біреулердің аяп алып кеткенін, жеп қойғанын білмей, өмірінің соңына дейін іздеп өткен екен» [138, б.392-393]. Бұл көрініс кеңестік ұжымдастыру мен ашаршылық үдерістерінің ықпалымен қалыптасқан терең әлеуметтік дағдарысты айғақтайды. Халықтың едәуір бөлігі экономикалық ресурстарынан мал-мүлкінен айырылып, дәстүрлі әлеуметтік және отбасылық құрылымдар ыдырады. Жаппай өлім-жітім орын алып, балалардың жоғалуы мен қараусыз қалу фактілері көбейді.

Б. Әбікеев естеліктерінде 1930-жылдардағы ашаршылық кезеңінде әкесі 1918 ж. Қу өңірінде (қазіргі Егіндібұлақ ауылы) дүниеге келген Ыдырыс Әбікеев, сол уақытта 12-14 жас шамасындағы бала, отбасындағы он үш баланың ішінен аман қалған жалғыз жан болғаны айтылады. Қалған балалар аштықтан қаза тапқан. Ыдырыс Әбікеев балалар үйіне өткізіледі. Әкесі баласын паналау мекемесіне өзі апарып, болашақта тұрмысын түзеген соң қайта алып кетуге уәде берген. Алайда, ол уәдесін орындауға мүмкіндігі болмай, үйіне оралмаған. Оның жерленген жері белгісіз, ал отбасылық жадта қарақшылар қолынан қаза тапқан болуы мүмкін деген болжам сақталған. Бұл оқиғалар әулет тарихында терең із қалдырды: Ы. Әбікеев отбасынан, туыстық байланыстарынан ажырап, бауырларының тағдырын білмей өседі. Аталған дерек ашаршылық жылдарында халықтың әлеуметтік осалдығының шектен тыс

деңгейге жеткенін, демографиялық және гуманитарлық апаттың жеке адам тағдыры арқылы көрініс тапқанын айқын көрсетеді [138, б.341-342].

Аталған оқиғалар ашаршылықтың қоғамның әлеуметтік құрылымын күйреткенін айқын көрсетеді. Балалар ата-анасынан және туыстық байланыстарынан айырылып, отбасылар өздерінің негізгі мүшелерін жоғалтты, ал қауым ішіндегі өзара көмек пен қолдаудың дәстүрлі тетіктері іс жүзінде тоқырауға ұшырады. Адамдар тірі қалғанымен, олардың әлеуметтік болмысы, қалыптасқан қарым-қатынастары мен эмоциялық тірегі жойылды. Ашаршылыққа ұшыраған отбасылар мен қауымдастықтар аса осал жағдайға түсіп, шаруашылық пен әлеуметтік өмірді қалпына келтіру ондаған жылдарға созылған ұзақ үдеріс болды. Куәгерлердің естеліктері бұл қасіретті тек сандық көрсеткіштер деңгейінде емес, отбасылар мен қауымдардың күйреуін бейнелейтін тірі тарихи айғақ ретінде танытып, ашаршылықтың Орталық Қазақстан халқының өміріне қаншалықты терең өзгеріс енгізгенін көрсетеді.

Ашаршылық жылдарында қалыптасқан әлеуметтік дағдарыс халықтың кеңестік билік жүргізген шараларға қарсы көзқарасының күшеюіне алып келді. Ауыл шаруашылығы саласында жүзеге асырылған тәркілеу, ұжымдастыру үдерістері мен дайындау науқандарының (астық, ет, мал) жергілікті жағдайды ескермей белгіленуі, күштеу әдісімен жүргізілуі ауыл халқының материалдық негізін күйретті. Нәтижесінде аграрлық саясаттың салдарына жауап ретінде түрлі формадағы наразылықтар мен қарсылық әрекеттер бой көрсетеді. Бұндай наразылықтар Қазақстанның бірқатар аудандарында орын алған болатын. Соның ішінде Орталық Қазақстан өңірінде Қарқаралы округі құрамына кірген Абыралы, Шұбартау, Қу, Шет аудандарында ерекше сипатқа ие болған.

Аталған халықтық қарсылық әрекеттері БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің ресми құжаттық материалдарында нақты көрініс тапқан. Бұл деректерде ауыл шаруашылығы өндірушілерінің мал дайындау науқандарына жүйелі түрде қарсылық білдіруі, сондай-ақ ұжымдастыру саясаты аясында жүзеге асырылған әкімшілік-басқарушылық қысым шараларына қарсы бағытталған іс-қимылдары тіркелген. Мысалы, БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Ерназаров комиссиясының Абыралы, Шұбартау, Шыңғыстау, Қу және Қарқаралы аудандарындағы жағдай жөніндегі баяндамасы негізінде қабылданған резолюциясында ашаршылық пен күштеп ұжымдастыру жағдайындағы халық наразылығы мен қарсылық әрекеттері айқын көрініс тапқан [230, п.87-91]. Аталған құжатта азық-түлік дағдарысы мен тіршілік көздерінен айырылуға байланысты туындаған әлеуметтік наразылықтың біртіндеп ұйымдасқан қарсылық формаларына ұласқаны көрсетіледі. Азық-түлік пен өндіріс құралдарынан айырылған халық билік тарапынан қойылған шамадан тыс талаптарға қарсы белсенді түрде әрекет етті. Құжат материалдары қарсылықтың бір жағынан ауылдық құрылымдар мен рулық байланыстар арқылы ұйымдасқан сипат алғанын, екінші жағынан жоспарларды орындамау, саботаж жасау және жергілікті партиялық органдарға жасырын қарсы әрекет ету секілді жеке формаларда көрініс тапқанын көрсетеді.

Қазақ АКСР бойынша ПП ОГПУ бастығы Шумиловтың ҚАССР аумағындағы 1929-1931 жж. аралығында орын алған «Көтерілістер мен бандалық әрекеттер» туралы 1931 ж. 22 қазандағы БКП(б) Қазақ өлкелік комитетіне жолдаған анықтамасында 1931 ж. ақпан айының ортасынан бастап бұрынғы Семей округінің бірқатар аудандарында жаппай наразылық әрекеттері басталғаны мәлімденеді. Бұл қозғалыстар Абыралы, Шыңғыстау, Көкпекті, Жарма, Шұбартау, Шет және Қоңырат аудандарын қамтып, барлығы 36 ауылдық кеңестің аумағында тіркелген [336, п. 315-321].

Аталған анықтама кеңестік билік органдарының ұстанымына сәйкес бұл әрекеттерді «бандиттік сипаттағы бас көтерулер» ретінде бағалағанымен, құжат мәтіні ашаршылық пен күшпен жүргізілген экономикалық саясатқа қарсы бағытталған қарсылықтың әлеуметтік табиғатын айқын көрсетеді. Бұл наразылық әрекеттерінің әлеуметтік салдары бірнеше қырынан байқалды. Біріншіден, көтерілістерге қатысушылар арасында қауымдық ынтымақтастық пен өзара қолдау сезімі күшейіп, олар мүлікті сақтап қалу, балалар мен туыстардың өмірін қорғау мақсатында бірікті. Екіншіден, жаппай қарсылық қозғалыстары зорлықшыл экономикалық шараларға деген терең наразылықты білдіріп, ауыл және аудан деңгейінде әлеуметтік-саяси шиеленістің өсуіне ықпал етті. Үшіншіден, бұл әрекеттердің қатыгездікпен басып-жаншылуы және «бандаларды» жою науқандары ұзақ мерзімді салдарларға әкелді: дәстүрлі сенім желілері бұзылып, сыртқы билік құрылымдарына деген үрей мен сенімсіздік күшейді.

Осылайша, аталған құжаттар халықтың ашаршылық пен күшпен жүргізілген ұжымдастыру саясатына қарсы наразылық әрекеттерінің жаппай сипат алғанын және аймақтың әлеуметтік құрылымына тікелей ықпал еткенін дәлелдейді.

Терең әлеуметтік-экономикалық дағдарыс пен жаппай ашаршылықтың салдарынан Орталық Қазақстан өңірінде балалар панасыздығы, қараусыздығы сияқты күрделі әлеуметтік мәселе қалыптасад. Бұл ашаршылық кезіндегі ең қайғылы құбылыстардың бірі болды. Аштық пен босқыншылық салдарынан ата-анасынан, туған-туыстарына айырылған балалар әлеуметтік жағынан қорғалмай, көше кезіп күн көрді. Кейбіреулері аштықтан аман қалу үшін өздері балалар үйлеріне сұранып барса, біреулерін әке-шешелері уақытша тапсырып, көз жазып қалғандары да болған.

Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы Бесоба ауылында дүниеге келген жазушы Ж. Өмірбековтің де балалық шағы ашаршылық жылдарына тура келеді. Бала кезіндегі ашаршылықты көзбен көргенін «Қызыл қырғын» деп аталатын өмірбаяндық хикаятында баяндап жазады. Әкесі қайтыс болған соң, үй-ішіне ауыртпалық салмайын деп, Жаппар өз еркімен балалар үйіне жазылып, Михайловкадағы балалар үйінде екі ай уақыт болып, ондағы жағдайды хикаятта былай: «Шағын бөлме. Күлімсі исі шығады. Темір кереуеттердің үстінде көне матрацтар жатыр. Маған терезе жақтан бір темір төсек тиді... Ашыққан басымыз, үстел басына келгенде, жарылқанып қалатындай көрініп едік. Олай болмады: манағындай бір тілім қара нан, бір тәлеңке дәмсіз ыстық

тары көже, соны ішіп болған соң бір-бір қасық тары ботқа берді, ботқасы дәмділеу. Ашығып жүрген бізге бұл әл-қуат кіргізер ауқат емес. Жетімдер үйі деген осы екен ғой, - деді Балпаш (балалар үйіндегі досы) қом сынғанын білдіріп. - Жарытып тамақ та бермейді... Қарағандыға орталықтан, жер-жерден азық-түлік келіп жатқанын осы жетімдер үйінің тамағы көбейе бастағанынан сезінгендейміз. Әйтсе де жілігінің майы үзіліп, аштықтан титықтап қалған бізге 300 грамдай (әкелетін мөлшері одан көп болса керек), нан мардымды қорек болатын емес» – деп баяндайды [108, б.115-116,127].

Балаларын асырай алмаймыз, аштан өлтіріп аламыз деп, балалар үйіне өздері тапсырғандар да болған. Респондент Л.І. Махабаева отбасында болған осындай жағдай туралы естелгінде: «Шешемнің аты - Бөпіш, әкемнің аты - Ілияс. Екі ұлдары болған екен. Екеуін асырай алмаймыз, аштан өлтіріп аламыз деп, балалар үйіне апарып беріпті. Балалар үйіне бір күн апарып келіп, ертеңінде барса, екеуі үйге кетеміз деп жылаған екен. Тәрбиешілер жібермепті. Содан кейін үшінші күні барса, орнында балалар жоқ. Қайда әкеткенін білмейді. Міне, осы уақытқа дейін хабар жоқ әлі, қайда кеткендері... Біреуі тоғыз жаста, біреуі он бір жаста болған. Екі ұл, содан жоқ, мінеки..» – деп баяндайды [138, б.335]. Ашаршылық зардабы тұтас бір әулеттердің тағдырына әсер етіп, балаларды ата-аналарынан, туыс-туғандарынан тірідей айырған.

Өкінішке орай, 1930- жылдардағы Қазақстандағы панасыз, қараусыз қалған балалардың санын, анықтау қиындық туғызады. Оған жаппай аштық жағдайында панасыз балаларды тіркеу жүйесінің тұрақсыз болуы себеп болды. БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюросының 1932 ж. 2 шілдедегі «Қазақстандағы жаппай аштық туралы» қаулысында панасыз балалар санының орасан зор өсуі атап өтіледі. Құжатқа сәйкес, 1932 ж. 1 қаңтарынан 1932 ж. 1 маусымына дейінгі аралықта панасыздар саны 7 мыңнан 35 мыңға дейін өскені көрсетіледі [337, п.90-91]. Алты ай ішінде панасыз қалған балалар саны 5 есе өскен. ҚР Орталық мемлекеттік архив материалдарындағы республикалық балалар комиссиясы 1932 ж. Қарағандының көмір кеніштерінің өзінде ғана 17 000 аштыққа ұшыраған балалар жиналғаны жөнінде мәлімет береді [22, б.267].

ҚАКСР Халық комиссарлар кеңесінің 1932 ж. 3 қыркүйектегі «Қарағанды облысына қайтып келген босқындарды орналастыру туралы» мәлімдеме жазбасында Қарағанды облысында ресми мәліметтер бойынша 9 мың панасыз бала бар және халық балаларын тастап кетіп жатқандықтан олардың санының тез өсіп жатқанын баяндайды. Мәлімдемеге сәйкес негізгі мәселердің бірі ретінде балалар үйін жабдықтау ерекше атап өтіліп, балалар өлімінің жоғары деңгейі көрсетіледі. Мысалы, Көкшетауда бір айда 170, Ақмолада – 90 баланың 30-ы, Қарағандыда он күн ішінде 100 балаға дейін өлгені туралы баяндалады [114, б.175].

Панасыз балалармен күресу мақсатында жергілікті жерлерде облыстық балалар комиссиясы ұйымдары құрылып, олар балаларды тіркеуге алып, балалар үйіне орналастыру жұмыстарын жүргізіп отырды. Мысалы, 1932 ж.1 қазандағы Қарағанды облыстық балалар комиссиясының мәлімдеме жазбасында облыс аудандарындағы тіркеуде тұрған панасыз балалар саны 12

674 деп баяндалады. Мәлімдемеге сәйкес «25 ауданда барлығы – 46 балалар үйі, тіркелген панасыздар саны – 6807, олардың ішінде орналастырылғаны – 6467, жергілікті бюджеттегілері – 1823, арнайы бюджеттегілері – 4634, қамтылмағандар саны – 350, колхозға – 544, совхозға берілгендер – 79, ФЗУ-ға жіберілгендер – 63» - деп көрсетіледі [138, б.176].

Мәлімдемеде панасыз қалған ұлттық құрамы бойынша төмендегі кесте түрінде ақпараттар беріледі.

Кесте 22 – Панасыз балалардың ұлттық құрамы [138, б.179].

Ұлт	балалар саны	үлес салмағы %
қазақтар	2126	69,3
орыстар	747	24,4
украиндар	117	3,8
татарлар	75	2,4
Барлығы	3067	100
Ескерту: Кесте Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық: архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы. / Құраст.: З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманова, Ж.Ж. Ибраимова т.б.; жауапты ред. Н.О. Дулатбеков. — Қарағанды, 2022. – 461 б. құжаттар жинағынан алынды.		

Кестедегі ақпаратқа сәйкес тіркеуге алынған 3067 панасыз баланың басым бөлігі 69,3% қазақ балалары болған, ал, орыс – 24,4 %, украин – 3,8%, татар – 2,4%. құраған [338, б.161]. Бұл көрсеткіштен ашаршылық ауыртпалығының бірінші кезекте қазақ балаларына ауыр тигенін көрсетеді. Бұл тек тіркеуге алынғандардың саны, ал тіркеуге алынбай, аштықтан мәжбүрлі ауылдан қалаға, шекаралас аумақтарға босыған кезде аштықтан, індеттен және тастап кеткендер саны әзірге белгісіз

Ашаршылық шарықтау шегіне жеткен 1932 ж. Жаңаарқа ауданында да панасыз балалар саны артқан. Мысалы, О. Исаевтың Жаңаарқа ауданы жағдайы туралы мәлімдеме жазбасында қазан айының соңында аудандағы 350 тастанды бала болған. Ауданға келген кезде олардың 300 аштықтан қайтыс болып, 50 бала қалған [121, б.388]. Нақтырақ айтқанда, олардың шамамен 85,7% (300 бала) аштықтан көз жұмса, небәрі 14,3% (50 бала) ғана тірі қалған Бұл көрсеткіштер ашаршылық жағдайының балалар арасында өлім-жітім деңгейінің аса жоғары болғанын айқын көрсетеді.

Архив құжаттарында Нұра ауданында 1932 ж. 15 желтоқсанында Ивановск, Пушкин балалар үйлерінде Жаңаарқадан келген 71 панасыз бала, аудан бойынша 341 панасыз бала тіркелгені көрсетіледі. Аудандық жабдықтау комитеті панасыз балаларға 354 пұт бидай, 3361 пұт тары, 16 пұт ұн, барлығы 3732 пұт азық-түлік көлемінде көмек бергені жөнінде облыстық атқару комитетіне мәлімет береді [339, п.9].

Алайда, кейбір архив құжаттарында көмек көрсету шараларының толыққанды сипатта болмағанын аңғаруға болады. Құжаттарда балалар үйлеріне бөлінген азық-түлік, өнеркәсіптік тауарлардың оларға жетпей, талан-таражға салынғаны туралы фактілер көрсетіледі. Мысалы, 1932 ж. Тельман

аудандық балалар комиссиясының мәлімдеме жазбасында балалар үйлерінің қызметкерлері азық-түлік пен заттарды көбірек алу үшін әдейі балалардың санын артық көрсеткендігі жөнінде баяндалады. [340, п.100-101].

Панасыз балалардың балалар үйінде де жағдайлары ауыр болған. Азық-түліктің жетіспеуі, қызметкерлер тарапынан ұрып-соғу фактілері нәтижесінде кейбір балалардың қашу жағдайлары жиі кездескен. Қарқаралы балалар үйінің директоры Дәрібаевтың 1932 ж. ақпан айындағы мәлімдеме жазбасы дәлел болады. Мәлімдемеде балалар үйінің басшысы 100 тәрбиеленушінің 60-ы ғана қалып, қалған 40 баланың қайда екендігі белгісіз, қалада қаңғырып жүргендігін баяндап, оның себебі ретінде балалар үйінің тәрбиеленушілері қажетті азық-түлікпен (май, қант, жарма өнімдері жоқ болғандықтан) қамтылмай аш құрсақ өмір сүріп жатқандығын көрсетеді [341, п.11-12].

Аштықпен қоса, балалардың арасында түрлі індеттер тарап, салдарынан өлім-жітім деңгейі жоғары болған. Мысалы, 1932 ж. Қарқаралы ауданы бойынша панасыз балалармен күрес жөніндегі материалдарда аудандағы 3 балалар үйінде 1932 ж. 10 қазандағы жағдай бойынша 505 бала қамтылып, оның ішінде 499 қазақ, 2 еуропалық ұлт, 4 басқа ұлт деп көрсетіледі. Ұл бала - 314, қыз бала - 191. Жасы бойынша 5 жастан 8 жасқа дейінгілер – 43, 9 жастан 16 жасқа дейінгілер саны – 462. Соңғы үш айда (қыркүйек, қазан, қараша) 224 бала қайтыс болған (орта есеппен айына 78 бала өліп отырған). Бұлардың көпшілігінің өліміне аштық себеп болғаны көрсетіледі [342, п.5].

Мемлекеттік органдар тарапынан балалар панасыздығымен күресу шараларын қабылдап жатса да, олардың саны күннен күнге өскен. Бұл жөнінде БКП(б) Қарағанды қалалық комитеті бюросының 1933 ж. 15 сәуірдегі отырысында «Көшіп келушілердің жағдайы туралы» мәселе қаралып, онда қайта көшіп келушілердің санының өсуіне байланысты панасыз балалар санының да ұлғайып жатқаны айтылады. Облыстың арнайы кенттерінің аудандық бөлімдері қала мен шахталардағы арнайы қоныс аударушылардың қаңғыбас балаларын жинауды ұйымдастырған [343, п.86].

Нәтижесінде, 1930-жылдардағы ашаршылық жағдайында Орталық Қазақстанда балалардың қараусыз қалуы мен панасыздығы ең ауыр әлеуметтік салдардың біріне айналады. Балалар мекемелеріндегі аштық пен түрлі жұқпалы аурулардан болған өлім-жітім деңгейінің жоғары болуы әлеуметтік апаттың тереңдігін айқын көрсетеді: бұл жағдайда балалар панасыздығы уақытша құбылыс емес, керісінше ашаршылық жағдайында әлеуметтік құрылымның күйреуін және балалық шақты қорғау тетіктерінің әлсіреуін сипаттайтын тұрақты белгі ретінде көрініс тапты.

Осылайша, жоғарыда аталған әлеуметтік салдарлар – мәжбүрлі көші-қон, жоғары өлім-жітім, індеттердің таралуы, отбасы мен қауымдық байланыстардың ыдырауы, қарсыластық қозғалыстар, сондай-ақ балалардың қараусыз қалуы мен панасыздығы – бірлесе отырып, халықтың әлеуметтік маргиналдануына жағдай жасады.

Көшпелі халықты күштеп отырықшылыққа көшіру және ұжымдастыру нәтижесінде шаруашылық құрылымдардың түрленуі іс жүзінде жүзеге аспады.

Мал шаруашылығымен айналысатын халықтың аз ғана бөлігі отырықшы өмір салтына көшуді бастай алса да, халықтың басым бөлігі екі әлеуметтік әлемнің арасында қалды: олар енді көшпенді емес, бірақ жаңа шаруашылық және әлеуметтік ұйым формасына әлі кіріспеген еді. Қазақ қоғамының дәстүрлі құрылымын зерттеген Ж. Абылхожин күштеп отырықшылыққа көшіру мен ұжымдастырудың әдеттегі әлеуметтік байланыстар мен шаруашылық механизмдерін бұзып, жаңа тұрақты әлеуметтік рөлдердің қалыптасуын қамтамасыз етпегенін атап көрсетті. Нәтижесінде қазақтардың көпшілігі «екі әлемнің арасында» қалды: олар енді көшпенді емес, бірақ колхоз жүйесінің мүшесі бола қойған жоқ, осылайша олар өздеріне таныс экономикалық және әлеуметтік ынтасын жоғалтты [91, б.235-236].

1930-жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық бұл алшақтықты күшейтіп, халықтың әлеуметтік маргиналдануының тікелей себебі болды. Үлкен топтар дәстүрлі байланыстарын және өздеріне таныс тіршілік көздерін жоғалтты. Олар бұрынғы қауымдық құрылымдардан тыс қалды, бірақ кеңес билігі мен ұжымдастыру арқылы қалыптасқан жаңа әлеуметтік топқа кіре алмады. Нәтижесінде олар аралық, маргиналды жағдайға тап болып, дәстүрлі әлеуметтік рөлдері мен экономикалық автономиясын жоғалтты, бірақ жаңа жүйеде тұрақты орынға ие бола алмады.

Маргинализация өмірдің барлық салаларында көрініс тапты: дәстүрлі әлеуметтік байланыстар бұзылып, экономикалық ынталандырулар жойылды, еңбектегі жеке қызығушылық азайды, күнделікті сананың қалыпты құрылымы өзгерді. Күштеп отырықшылыққа көшіру және ұжымдастыру әдістері, ашаршылықпен бірге жүріп, әлеуметтік апат тудырып, дәстүрлі байланыстардың ыдырауын жеделдетті. Бұл өз кезегінде адамдар үшін тұрақты маргиналды жағдайдың қалыптасуына алып келді. Оның салдары бірнеше онжылдықтар бойына сезілді.

Осылайша, 1930-жылдардағы ашаршылық тек экономикалық және гуманитарлық трагедия ғана емес, сонымен қатар Орталық Қазақстан халқының санасына және күнделікті өміріне әсер еткен терең әлеуметтік маргинализацияның себебі болды.

Негізгі демографиялық және әлеуметтік салдарларға қосымша, ашаршылықтың психологиялық және менталды өзгерістерге әкелгенін атап өту қажет: халықта қорқыныш, сенімсіздік, үнемшілдік пен сақтық сезімдері қалыптасып, бұл олардың күнделікті мінез-құлқы мен әлеуметтік стратегияларына әсер етті.

Ашаршылықтың тәжірибесі Орталық Қазақстан халқының күнделікті өміріне, мәдениеті мен психологиялық көзқарастарына айтарлықтай әсер етті. Кейінгі жылдары адамдар өте үнемшілдікке және азық-түлік қорын құруға деген ұмтылысқа негізделген мінез-құлық үлгілерін бекітті. Азық-түлік ерекше құндылыққа ие болды, ол азық-түлікке ұқыпты және үнемді түрде, олардың тастауға жол бермеуден көрінді. Аштық куәгерлері ұрпақтарының естеліктерінің көпшілігінде олардың тіпті наның қиқымының өзін тастатпағаны туралы айтылады. Респондент Қ. Жұмашұлы: «Әкем өте үнемшіл болды,

ысырапты ұнатпайтын. Текеметтің үстіне түскен нанның қиқымына дейін алақанына салып жеп отыратын. «Әй, шырақтарым-ай, нанның қасиеті атады, сендер не білесіңдер, түкте көрген жоқсыңдар, бастарыңа бермесін. Біздің кезімізде нан алтынмен тең болды. Ысырап жасамаңдар, әр заттың өзінің құны болады», - деп айтып отыратын еді [344]. (Қосымша К).

Д.Е.Ержанова: «Әжем марқұм 1906 жылы туып, 1996 жылы қайтыс болған. Бала күнімде алғаш рет аштық жайлы әжемнен естітінмін. Әжеміз үнемшілдікке, тазалыққа, ас ішіп болысымен дастарханды жинап алуға ерекше көңіл бөлетін. Әкеміздің еңбекпен тапқанын үнемдеп үйренсін деп айтатын шығар деп ойлайтынмын» [345]. (Қосымша Қ).

Г.К.Шайжанова: «Ашаршылық туралы алғаш рет апам Иманқұлова Зейнештен бала кезімде, мектепте оқып жүрген шағымда естідім. Апам 1924 жылы туылған. Ашаршылық жылдары 8-9 да болған. Аштықты, кейін соғысты көрген апам отбасымызға әрине әсері болды. Бұл дегеніміз үнемі астыққа толы сарай. Қант, ұн, күріш, тіпті тұзды қаппен алдырады. Азайып келе жатса, бітіп барады деп қайта алғызғанша маза таппайтын. Еш затты жарамсыз деп деп лақтыртпайтын. Қаймақты шайқап, майды жуған судың өзінен жеуге жарамды зат жасайтын. Әлі дәмі есімде. Ысырап жасамай, қанағатшылыққа үйретті. Ол әдет бізде әлі де бар. Оны қазір өз балаларымның бойына дарытуға тырысамын. Бұл мүмкін кезінде аштық көрген апамның қорқынышынан туған сақтық әдеті болар...» [346]. (Қосымша Л). Бұндай естеліктерде жиі айтылады.

Осыған байланысты қоғамдық санада бастан кешкен оқиғалардың травмасына байланысты тұрақты психологиялық шиеленіс қалыптасты. Аштықтың қайталануынан қорқу және репрессиялық тәжірибелердің жағымсыз тәжірибесі аштық туралы естеліктердің қоғамдық кеңістіктен ығысуына ықпал етті. Көптеген адамдар бұл тақырыпты талқылаудан аулақ болуды немесе оған өте ұстамдылықпен қарады, бұл аштықтың аймақ тұрғындарына терең және ұзақ психологиялық әсерін көрсетеді.

Аштық пен оның салдарынан туындаған психологиялық жан-жарасы (травма) халықтың ұжымдық жадында ұзақ уақытқа сақталды. Бұл есте сақтау ресми билік тарапынан шектеліп, XX ғасырдың 1980-жылдарының соңына дейін трагедияны ашық талқылауға рұқсат берілмеді, ал жазаланудан қорқу адамдарды үнсіз қалуға мәжбүр етті. 1990-жылдары ашық түрде талқылау мүмкіндігі пайда болғанда да, психологиялық салдар жойылған жоқ. Халықтың жан жарасын (травманы) жеңуге бағытталған әрекеттердің орнына кейбір қоғам белсенділері, оның ішінде БАҚ өкілдері мен конъюнктурашы зерттеушілер, ашаршылыққа кінәлілерді іздеуге көңіл бөлді. Ал, бұл жаңа бір қоғамдық айыптау және сын тудыру үрдісін қалыптастырды. Мұндай тәжірибе қауіпті: егер жас ұрпаққа ұзақ уақыт бойы тек қана қайғы-қасірет пен кінәлілерді іздеу туралы ой қалыптастырылса, бұл виктимизация процестеріне әкелуі мүмкін. Бұл аса қауіпті, өйткені өздерін тек «құрбан» ретінде қабылдайтын халық болашаққа сенімді түрде қарау қабілетін жоғалтады. Тарихи есте сақтаудың негізгі міндеті – өткен сабақтарды дұрыс түсініп, осындай трагедиялардың қайталануын болдырмау болып табылады.

1930- жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық тек экономикалық әлеуметтік-демографиялық зардаптарға әкеліп қана қойған жоқ. Ол халықтың мәдени және рухани мұрасының жоғалуынан көрініс тапқан орны толмас моральдық залал келтірді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүрлі білім, дағдылар, әдет-ғұрыптар, қолөнер және ауызша дәстүрлер, халықтың бай рухани мұрасы ашаршылықтан қаза тапқан адамдардың жадында кетті. Демографиялық шығынды қалпына келтіруге болады, ал, моральдық шығындардың орны ешқашан толмайды. Сондықтан бұл трагедия ұлттық сана тұрғысынан үлкен зардап әкелді. Болашақта ашаршылықтың моральдық залалы тарихи зерттеудің, талдаудың маңызды аспектісіне айналу керек.

Осылайша, Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың экономикалық, әлеуметтік-демографиялық салдары әсіресе, Нұра, Шет, Жаңаарқа, Қу, Қарсақпай т.б аудандарда айқын көрінді. Жайылымдық жерлердің қысқаруы, мал санының азаюы, шаруашылық санының қысқаруы мәжбүрлі миграция, халықтың өлім-жітімі, індеттің таралуы, отбасылық және қоғамдық қатынастардың бұзылуы, қарсыластық қозғалыстар, балалар панасыздығы, қараусыздығы, халықтың едәуір бөлігінің маргинализациялануы сияқты әлеуметтік-демографиялық зардаптардан көрініс тапты. Соның ішінде ашаршылықтың ең ауыр, орны толмас салдары – моральдық залал болып табылады.

3.3 Ашаршылық зардаптарын жою амалдары

1930-жылдардың басындағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық аймақтың демографиялық, экономикалық және әлеуметтік салаларына терең ықпал етті. Трагедияның ауқымы мен сипаты өлім-жітім деңгейінің артуына, шаруашылықтардың күйреуіне әкелгендіктен, кеңестік партиялық билік халыққа көмек көрсету шараларын қабылдауға мәжбүр болды. Бұл шаралар шаруашылық қызметті қолдауды, азық-түлікпен қамтамасыз етуді, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру бағдарламаларды қамтыды. Мақсат – дағдарыстың салдарын жеңілдету және өңірдегі тұрақтылықты қалпына келтіру болды. Осы процестерді зерттеу тек ашаршылық зардаптарының ауқымын түсінуге ғана емес, сонымен қатар экономиканы, әлеуметтік құрылымды қалпына келтіру механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ашаршылық мәселесіне қатысты зерттеулердің көпшілігінде оның себептері, зардаптары, жүргізілген саяси науқандар және т.б. мәселелер қарастырылады. Аштықтың салдарын жою ретінде мемлекет тарапынан көрсетілген көмек түрлері отандық ғалым Т. Омарбековтың [82], итальян ғалымы Н. Пьянчола [17], неміс ғалымы Р. Киндлердің [21] зерттеулерінде ашаршылық тарихы шеңберінде ішінара түрде қарастырылды.

Кейбір шетелдік зерттеушілер аштық кезеңінде халыққа көрсетілген көмек шаралары үкіметтің экономикалық ресурстарды қалпына келтіру және шаруашылықтардың өндірістік әлеуетін сақтап қалу мақсаттарын көздегені туралы тұжырым жасайды. Р. Киндлер: «Олар ең алдымен адамдарды құтқару туралы емес, экономикалық құндылықтарды, тәртіпті сақтау туралы ойлады.

Сондықтан халықтың белгілі бір топтары жабдықтау жүйесіне қосылмады, ал басқалары, керісінше, артықшылықтарға ие болды. Халықтың аштықтан босып кетуін босқындар ағынын (жақсырақ) басқару мақсаты қойылды» – деп жазады [21, б.268].

1930- жылдардың басынан бастап қазақ жерлеріндегі ауыр жағдай, аштық көлемінің ұлғаюы туралы бастапқы кезеңде ОГПУ органдары тарапынан кейін жергілікті басқару органдары тарапынан мәлімдемелер толассыз түсіп жатты. Нәтижесінде орталық биліктің 1932 ж. Қазақстанда алапат аштық орын алғанын мойындауына тура келді. Мемлекеттік органдар жағдайды өзгерту үшін қаулылар, нұсқаулар, өкімдер т.б директивалық құжаттар арқылы Қазақстандағы аштықпен күресуде түрлі шешімдер мен іс-шаралар қабылдауға мәжбүр болды. Архив материалдарынан байқағанымыздай бұл іс- шаралар бастапқыда мұқтаж шаруашылықтарға азық-түлікпен көмек көрсету (қара бидай, тары беру), оларға түрлі жеңілдіктер жасау, егін егуге тұқым қарызын беру, өнеркәсіптік тауарлар түріндегі көмек көрсету түрінде көрініс тапты. Осы материалдардан азық-түлік тапшылығын жоюда мемлекеттің іс-шараларын анықтауға ұмтылыс жасалды.

Зерттеулер мен қолымызда бар материалдар негізінде мемлекеттің тарапынан аштыққа ұшыраған халыққа көмектің үш түрі көрсетілгенін анықталды. *Біріншіден,* бидай, тары, қара бидай түрінде азық-түлік, тұқым көмектері, өнеркәсіптік тауарлар, қарыздар беру; *екіншіден,* мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін отырықшы аудандарда мал ұстауға рұқсат беру; *үшіншіден,* астық тапсыру жоспарын төмендету, одан босату, бірыңғай ауылшаруашылығы салығын төмендету немесе одан босату арқылы жеңілдіктер жасау қарастырылған. Әрине, бұл көмектер өңірде ашаршылықтың ауқымы ұлғайып, тереңдеп, жаппай сипат алған кезде көрсетіле бастаған [347, б.7-21].

Біріншіден, азық-түлік, тұқым көмектері мен қарыздары түрінде жәрдемдер туралы мәліметтерді жоғары билік өкілдерінің жолдаған жеделхаттарынан, билік органдарының хаттамаларынан, қаулыларынан анықталды. Мысалы, 1932 ж. 7 наурызында Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекиннің И. Сталинге Қазақстанға қосымша азық-түлік көмегін көрсету жеделхатында: «Қосымша 1 млн. қара бидай, 1,5 млн тары азық-түлік көмегін сұрайды. Бұл ретте толығымен қара бидай әкелуді міндеттеу керек. Осы уақытқа дейін азық-түлік көмегі ретінде берілген қара бидай әлі әкелінген жоқ» – деп көрсетеді [121,б.149]. Жауап ретінде И. Сталин: «Қосымша тұқым көмегі ретінде 2 млн. бидай және 1 млн. пұт тары беруді шешеді. Қазақстан үшін қандай қосымша азық-түлік көмегі қажет және қандай дақылдар қажет екенін дереу хабарлауды сұрайды. Бұл жай ғана көмекке жарамды ма? » – деген мәтінде Ф.И. Голощекинге шифрлі жеделхат жолдайды [44, б.211-212]. Бұл шифрлы жеделхат Қазақстандағы аштық жағдайында қосымша астықтық және азық-түлік көмегін ұйымдастыру мәселесінің орталық билік тарапынан тікелей бақылауға алынғанын көрсетеді.

1932 ж. 16 наурыздағы КСРО ЕҚК (Еңбек қауіпсіздік кеңесі) жанындағы дайындық комитеті мәжілісінің төрағасы М. Чернов қол қойған хаттамасында Қазақстанды оның ішінде егін шыққанға дейін Қарағандыны азық-түлікпен қамтамасыз етуге арналған нақты шаралар қарастырылады. Ол үшін басқа өңірлерден 131 мың тонна астық және қосымша 50 мың тонна қара бидай жеткізу, 1932 ж. 1 шілдеге дейін кемінде 25 мың тонна өтпелі қорды сақтау, Қарағандыны қамтамасыз етуге қажетті астық қорын құру үшін астықты Көкшетаудағы диірменге бірінші кезекте жеткізу және шығындарды қатаң бақылау көзделеді [44, б.217]. Бұнымен бірге осы күні яғни 1932 ж. 16 наурызында БКП(б) ОК саяси бюросының отырысында да «Қазақстанға азық-түлік көмегі» туралы мәселе қаралады. Отырыстың №92 хаттамасында Қазақстанға 500 мың пұт қара бидай және 1 млн. пұт тары мөлшерінде қосымша азық-түлік қарызын беру және қосымша азық-түлік несиесін әкелуді аяқтауды НКПС-ке (Жол қатынасы халық комиссариаты) міндеттеу туралы шешім шығарады [44, б.216]. Құжаттардағы мәліметтер 1932 ж. жаппай ашаршылық жағдайында кеңес билігінің Қазақстанды азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін астықты орталықтандырылған түрде қайта бөлуге және қатаң әкімшілік бақылау орнатуға ұмтылғанын көрсетеді. Бірақ, мемлекеттік деңгейде азық-түлік көмегін ұйымдастыру әрекеттері жасалғанымен, олардың кеш қолға алынуы ашаршылықтың ауқымын қысқартуға нақты мүмкіндік бермеді.

БКП(б) ОК саяси бюросының шешімі бойынша бөлінген 1 млн пұт тары Қазақ АКСР Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы О. Исаев қол қойған 1932 ж. 17 наурызындағы Қаулысына сәйкес облыстар бойынша келесідей бөлінеді: 1. Батыс Қазақстан облысы. – 150 мың пұт. 2. Ақтөбе обл. – 175 мың пұт. 3. Қарағанды обл. – 200 мың пұт. 4. Шығыс Қазақстан обл. – 200 мың пұт. 5. Алматы обл. – 125 мың пұт. 6. Оңтүстік Қазақстан обл. – 50 мың пұт. Барлығы: 100 мың пұт [231, п. 69]. Облыстар бойынша көмектің көп мөлшері Қарағанды облысы мен Шығыс Қазақстан облысына, ең аз мөлшері Оңтүстік Қазақстан облысына берілген. Көмектің бұлай бөлінуі Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарында шаруашылықтың басым түрі мал шаруашылығы болғандықтан, ашықтықтан зардап шеккендер деңгейі жоғары болған.

Республика бойынша азық-түлік дағдарысы тереңдеп, аштық көлемі мен сипаты кең ауқым алған кезде ғана оның салдарын жою мақсатында 1932 ж. 2 шілдесінде БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің бюросы мәжіліс өткізіп, онда «Қазақстандағы жаппай аштық туралы» мәселе бойынша В. Каруцкийдің хабарламасын тыңдайды. Осы мәжілістің Ф.И. Голощекин қол қойған құпия түрдегі № 107 хаттамасына сәйкес аштықпен күресу үшін сегіз пункттан тұратын Қаулы қабылданады. Құжатта Қазақстанның көптеген аудандарында «өте ауыр азық-түлік жағдайын» (халықтың аштан өлуі, жаппай аштық), эпидемиялық аурулардың таралуы, балалардың панасыз қалуы тіркелгенін ескере отырып, Өлкелік комитет обкомдарға мен аудандық комитеттерге осы құбылыстарға қарсы күрес ең маңызды саяси міндетке айналғанын, оны әртүрлі шаруашылық-саяси науқандар жүргізу арқылы артқа ысыруға болмайтынын

хабарлайды. Өлкелік комитет бірінші кезектегі саяси міндет ретінде партиялық және қоғамдық ұйымдарды жедел түрде мобилизациялап, зардап шеккен тұрғындарға азық-түлік және материалдық көмек көрсетуге бағытталған шараларды белгілейді. Қаулы соңында «Өлкелік комитет барлық партиялық ұйымдардан егін жинау және дайындау науқанын сәтті өткізу және партияның Орталық Комитетінің шешімдерін іске асыру үшін азық-түлік «қиындықтарының» барлық салдарын жоюға шындап кірісуді талап етеді » – деп атап өтеді [348].

Осы қаулы бойынша Қ. Алдажұманов: «Қаулының көлемі бір жарым-ақ бет, ішінде ашаршылық туралы бір де бір сөз жоқ. Тек азық-түлік тапшылығы болып жатқаны ғана айтылады. Осы қаулының өзін орындауға жарты жылдан соң ғана басталды. 1932 жыл – ашаршылықтың ең шегіне жеткен жылы, адам етін жеу фактілері болды. Бұл жөнінде жоғары жаққа түскен арыздардың бәрінде жазылған. Бірақ қаулыда айтылмайды» - деп атап өтеді [349].

Дегенмен, Өлкелік билік тарапынан Қазақстан аудандарындағы ауыр азық-түлік жағдайы орын алғанын мойындап, партиялық жетекшіліктің шұғыл көмекті жұмылдыру міндетін бірінші кезекке қоюы орталық биліктің осы бағыттағы іс әркетіне түрткі болды.

Қазақстанда ашаршылық ауқымы ұлғайған кезеңде кеңестік биліктің республиканы астықпен қамтамасыз ету үшін көршілес аймақтардан жедел түрде астық жөнелту, резервтік қорларды пайдалану және жергілікті жабдықтау жоспарын ұлғайтуды көздегенін КСРО ЕҚК (Еңбек және қауіпсіздік кеңесі) жанындағы тауар қоры мен сауданы реттеу комитетінің 1932 ж. 10 шілдедегі «Қазақстанға астық жіберу туралы» №15 Қаулысынан байқауға болады. Тауар қоры мен сауданы реттеу комитеті төрағасының орынбасары А. Микоян қол қойған қаулыда құпия түрде: 1. Орта Азияда Парсы бидайынан 6 мың тонна астық қалдырып, СредазЭКОСО (экономикалық кеңес) жақын аудандардан Қазақстанға шұғыл түрде 6 мың тонна астық жөнелтуге міндеттеледі. 2. Шығыс Қазақстан облысы үшін Орта Волгадан 2 мың тонна астық жөнелтуге Резерв комитеті міндеттеледі. 3. Қазақстанның жергілікті жабдықтау жоспарын 3 тоқсанда 2 мың тоннаға ұлғайту Наркомснабқа жүктеледі» [121, б.265]. Қазақстандағы ашаршылық ауқымымен салыстырғанда құжаттағы көрсетілген көмектің көлемі (барлығы шамамен 10 мың тонна) шектеулі болғанын аңғартады. Азық-түлік көмегінің негізінен орталықтандырылған, директивалық сипатта жүзеге асырылып, оның кешігіп көрсетулі мен жеткізіуіндегі ұйымдастырушылық қиындықтар ашаршылықтың салдарын түбегейлі жеңілдетуге мүмкіндік бермеген. Сонымен қатар жергілікті жерлерде бөлінген көмектің халыққа жетпеуі де азық-түлік дағдарысының өршуіне ықпал еткен. Осыған байланысты 1932 ж. 27 маусымында Қазақ АКСР ХКК төрағасы О. Исаев Өлкелік комитеттің бірінші хатшысы Ф.И. Голощекинге: «станцияларда нан сұрап, қайыр тілеп жүргендер өте көп. Бөлінген азық-түлік көмегі қайда кеткені белгісіз. Осы мәселені бюрода қарастыруды сұраймын» - деп жеделхат жолдайды [350, п.157].

Шындығында көмек ретінде бөлінген азық-түлікті талан-таражға салу, жымқыру фактілері болып, бірқатар аудандарда аштық күйзелісін одан сайын тереңдете түскен. Мысалы, 1932 ж. 7 шілдедегі ОГПУ-дың құпия-саяси бөлімінің бастығы Каганның арнайы хабарламасында Қазақтанның 104 ауданы бойынша мұқтаж жандардың саны 206 мыңнан асатындығы көрсетіледі (ресми мәлімет бойынша). 1931 ж. қазан айынан мемлекет тарапынан 391 366 пұт мөлшерінде азық-түлік көмегі жіберлігені мәлімденеді. 1931 ж. желтоқсан айынан бастап 86 мың пұттан астам астық ұрланғаны тіркелген (яғни 20%-дан көп). Соңғы 2,5 ай ішінде ғана 27 мың пұт азық-түлік ұрланғаны жөнінде баяндалған. Оның ішінде Жаңаарқа, Балқаш аудандарындағы көмекті жымқыру жағдайы назар аудартады. Жаңаарқа ауданы атқару комитеті төрағасы Анбрахмановтың (*баспа немесе көшірме қатесі болуы мүмкін* – авт.) мемлекет тарапынан берілген көмекті жүйелі түрде талан-таражға салып, барлығы аудан бойынша 10 мың пұт азық-түлік көмегі жымқырылғаны көрсетіледі. Соның салдарынан ауданда 1931 ж. мамыр-қазан, 1932 ж. қаңтар айларында 1 мыңнан астам адам аштықтан қайтыс болғаны тіркелген. Балқаш ауданы бойынша 700 пұттан астам көмек ұрланғаны мәлімденеді. Нәтижесінде аудандарда аштықтан кісі өлтіріп, етін жеу жағдайлары тіркелген. Айыртау ауданы Ольговка селосында «Щит» коммунасының мүшесі әйелімен бірлесіп, екі жастағы баланың мәйітін, бір қазақ бала мен кемпірдің етін жеген [121, б.265-267]. Осылайша, арнайы хабарлама көрсеткендей, едәуір көлемдегі азық-түлік көмегі бөлінгеніне қарамастан, жергілікті органдардың жымқыруы мен әрекетсіздігі салдарынан оны тарату тиімділігі айтарлықтай төмендеген.

Осыған ұқсас көмекті ұрлау жағдайы Қарқаралы ауданында да орын алған. ОГПУ-дың Шығыс Қазақстан облыстық бөлімінің бастығы Округдың 1932 ж. 1 маусымындағы «Қарқаралы ауданында азық-түлік көмегі туралы» мәлімдеме жазбасында ауданда азық-түлікпен көмек көрсету кезінде бірқатар олқылықтар анықталған. №1 ауылдық кеңес бойынша мұқтаж адамдарға 230 пұт астық бөлінген. Оның ішінде бидай – 40 пұт; арпа – 62 пұт; тары – 20 пұт. Осының 108 пұт қайда кеткені белгісіз. Осыған байланысты акт жасалып, бұрынғы төраға Тусупов Серикпай көмекке берілген 108 пұт азық-түлікті талан-таражға салғаны үшін кінәлі деп танылып, ісі сотқа берілген.

Сол азық-түліктен «Құрамыс» колхозына 40 пұт астық, 40 пұт арпа, «Болат» колхозына 22 пұт арпа, 20 пұт тары бөлініп берілген: «Болат» колхозының бұрынығы төрағасы Бакиров Адам колхоздың азық-түлік қорынан 100 пұт астықты туыстары мен таныстарына таратып беріп, талан-таражға салып, 3000 рубльді жымқырып, өзі қашып кеткен. №11,12 ауылдық кеңестер бойынша «Еңбексүйгіш» колхозына 307 пұт тары, 308 пұт арпа берілген. Сонымен қатар егіс науқаны кезінде егістіктегі жұмыскерлерге 191 пұт тары, 297 пұт арпа берілсе, жұмысқа жарамсыз колхоз мүшелеріне – 34 пұт 30 фунт тары, 13 пұт 30 фунт арпа таратылғаны көрсетіледі. Яғни, жұмысшыларға айына 16 кг берілсе, жұмысқа жарамсыздарға 2 кг астық беріліп отырған екен. Айына жұмысқа жарамды емес адамдарға бөлінетін 2 кг астық жеткіліксіз болғандықтан олардың тарапынан наразылықтар да болған. №№15-16 ауылдық

кеңеске азық-түлік қорынан 350 пұт тары, 350 пұт арпа көлемінде астық беріледі. Көмек ретінде бөлінген бұл астықтың барлығы колхозшыларға егіс науқаны кезінде таратылған. Егістікте жұмыс жасайтындарға айына 14 кг, отбасы мүшелеріне 6 кг. Еңбекке жарамсыздар отбасындағы жан басына 3 кг-нан берілген. Ағаш дайындау, отырықшыландыру мен басқа да колхоздарға бұл қордан ештеңе бөлінбеген. Себебі, азық-түлікпен тек егіс науқаны кезінде ғана қамтамасыз еткен [268, п.94-99]. Құжаттағы егіс науқаны кезіндегі азық-түліктің аштықтан титықтаған халықтың мұқтаждығын толық қанағаттандыра алмағанын және де сол азын-аулақ көмектің өзі жергілікті билік тарапынан талан-таражға түскенін аңғартады.

Қарқаралы өңіріндегі ашаршылық жағдайында көрсетілген азық-түлік көмегін ұйымдастыру барысы Қарқаралы аудандық атқару комитетінің Кулумбетов қол қойған құжаттарында нақты көрініс табады. Атап айтқанда, Заготзерно тарапынан продпомощьты босату туралы өкім 1932 ж. 26 қарашада беріліп, ауданға 879 центнер тары**,** 900 центнер бидай, жалпы көлемі 661 центнер астық бөлу көзделген [351, п.115].

1932 ж. 2 желтоқсандағы жеделхатта Қарағанды станциясынан Нұра станциясы арқылы Қарқаралы ауданына 10 мың пұт, ал Баянауыл ауданына 6 мың пұт көлемінде продпомощь жөнелтілгені көрсетіледі. Алайда құжатта астықты жеткізудің баяу жүруі сынға алынып, Заготзернонының жеткізудегі баяулығына байланысты жоғары органдардың ықпал етуі сұралады. [351, п.116].

Аштық жайлаған ауылдардан халық күн көру мақсатында қалаларға босып көшкен. 1932 ж. мамыр айында Қарқаралы, Қу, Баянауыл аудандарынан Қарағандыда 2000 адам шамасында халықтың шоғырланып, оларды азық-түлікпен қамтамасыз етуде қиындықтар туып отырғанын ПП ОГПУ орынбасары Миронов Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Ф. Голощекин мен ХКК төрағасы О Исаевқа хабарлайды. Өндіріс орындары осыншама адамды азық паектарымен қамтамасыз ете алмай жатқанын, соның салдарынан азық-түлік дағдарысы орын алғанын баяндайды [322, п.25].

1932 ж. мамырдағы құжат деректері бойынша, Қарағандыға айналадағы аудандардан аштықтан көшіп келгендердің шоғырлануы қаладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды қиындатқан. Босқындарды жұмысқа орналастыру мүмкін болмағандықтан, Қарағандыға жауапты тұлғаларды дереу жіберіп, оларды өз аудандарына қайта көшіруді ұйымдастыру ұсынылған. Шаруашылықтарды азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында облыстық резервтен 5 мың пұт қара бидай беріледі [322, п.32].

Ашаршылықтың тереңдеуәі, тұрғындардың жаппай мәжбүрлі көшу үрдісі облыстық деңгейде алаңдаушылық тудырған. Семей облыстық атқару комитеті төрағасы Н. Сырғабеков 1932 ж. желтоқсанда Қарқаралы, Баянауыл, Қу, Шыңғыстау және Абыралы аудандарында көшіп-қону қозғалысының қайта күшейгенін хабарлап, бұл үдерісті тоқтату үшін шұғыл шаралар қабылдауды талап етеді. Құжатта Заготзерно пункттерінен азық-түліктің аудандар бойынша

бөлінуі мен нақты жұмсалуына қатысты онкүндік телеграфтық есеп, сондай-ақ ай сайын алушылардың тізімдерімен бірге есеп беруді міндеттейді [351, п.118].

Аталған талаптар 1932 ж. 21 желтоқсандағы құжатта одан әрі қатаң бақылауға алынады. Н. Сырғабеков Қарқаралы қаласына аудандық атқару комитет төрағасы Сәрсенбаевтың атына жолдаған жеделхатында «жағдайдың тұрақты» екендігі жөнінде берілген жауаптың шындыққа сәйкес келмейтінін сынайды. Құжатта нақты деректерге сүйене отырып, аудан тұрғындарының Қарағандыға жаппай ағылып жатқаны атап көрсетіліп, көші-қонды тоқтату үшін продпомощьты кеңінен пайдалану, оның бөлінуіне қатаң бақылау орнату және Нұра бағыты бойынша астықты жедел түрде жеткізіп алу талап етіледі. Сонымен қатар, «қолайлы әлеуметтік-экономикалық ахуал туралы әңгімелерді» тоқтатып, аудан басшылығының ахуалды нақты білуі қажеттігі қатаң ескертіледі [351, п.119].

1932 ж. 3 қыркүйектегі ХКК төрағасы О. Исаевқа жазған мәлімдеме деректері бойынша, Қарағанды облысында көшіп келген шаруашылықтарды орналастыру және азық-түлікпен қамтамасыз ету жұмысы бақылаусыз өтіп, облыстық және аудандық ұйымдар Халкомның тапсырмаларының жартысынан азы ғана орындалған. Көшіп келген шаруашылықтардың нақты саны белгісіз (7000–9000 деп әртүрлі көрсетілген), олардың өндірістік жұмыспен қамтылуы тиімді бақылаусыз жүргізілген, көптеген адамдар жұмысқа жарамсыз болып, ауру-сырқауға ұшыраған. Азық-түлік жеткізу мен продпомощь мәселелері тежеліп, облысқа берілген 775 мың пұт нанның нақты 508 мың пұты ғана пайдаланылған [322, п.66]. Құжат Қарағанды облысындағы әлеуметтік-экономикалық және азық-түлік жағдайының ауырлығы, бақылаудың жоқтығы және аштық салдары ретінде балалар мен шаруашылықтардың жағдайын айқын көрсетеді

Қарағандыға аштықтан көшіп келушілердің легі 1932 ж. соңы 1933 ж. да толастамаған. Қарағанды қаласындағы босып келген қазақтардың ахуалы ҚазақКСР ОГПУ өкілінің орынбасары Володзько және құпия-саяси бөлім бастығы Гендин қол қойған құпия арнайы ақпаратында, 1932 ж. 7 қазан күнгі мәліметтерді толықтыра отырып, 1933 ж. ақпан айының басындағы жағдай бойынша сипатталады. Құжатта Қарағандыға көшіп келушілер легінің үздіксіз артып отырғаны және бұл үдерістің қала үшін қауіпті сипат ала бастағаны көрсетіледі. Атап айтқанда, 1932 ж. 1–13 желтоқсан аралығында Қарағандыға аудандардан 732 шаруашылық**,** жалпы саны 1923 адам келген. Осы жылдың 23 желтоқсанына қарай жаңадан келгендердің саны шамамен екі есеге жуық артқаны, әрі көштің тоқтаусыз жалғасқаны көрсетіледі. Күнкөріс көзінің болмауы қайыршылық пен қылмыстық әрекеттердің көбеюіне алып келіп, 5-10 адамнан құралған топтар астық тиелген арбаларға шабуыл жасап, нан дүкендерінен азық алған адамдарды тонаған. Құжатта 1932 жылғы желтоқсанның үш күні ішінде осындай 12 жағдай тіркелгені айтылады.

Сонымен қатар, көшіп келгендер тарапынан жол үстіндегі адамдарға шабуыл жасау деректері де көрсетілген. 22 желтоқсанда жасалған шабуылдар нәтижесінде 10 жылқы тартып алынып, 2 нан дүкені тоналған, сондай-ақ

«Союзмука» қоймасын тонауға әрекет жасалғаны хабарланады. Тұрғын үйдің болмауы, қатты аяз бен боранның күшеюі көшіп келгендер арасында жаппай үсіп өлу жағдайларына әкелген. Құжат дерегіне сәйкес, 1932 жылғы 1–10 желтоқсан аралығында Қарағанды аумағынан 57 үсіп өлген адамның мәйіті табылған, олардың ішінде 52 ересек адам және 5 бала болған.

Құжаттың қорытынды бөлімінде қабылданған шаралар көрсетіледі: БКП(б) Қарағанды облыстық комитеті жағдай туралы хабардар етіліп, облыстық атқару комитеті тарапынан көшіп келгендерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін қосымша азық-түлік қоры бөлінген, сондай-ақ оларды Қарағандыдан басқа аудандарға көшіруді ұйымдастыру үшін арнайы өкіл жіберілген [321, п.69-70]. Құжатта қалыптасқан дағдарысты еңсеру мақсатында жергілікті билік тарапынан азық-түлік көмегін бөлу және көшіп келгендерді басқа аудандарға көшіру сияқты шектеулі шаралар қабылданғаны көрсетіледі. Алайда бұл көмек көлемі жағдайдың ауқымына сәйкес келмей, мәселені түбегейлі шешуге жеткіліксіз болған.

Қаладағы өнеркәсіптік орындарына жұмыс жасауға алынған қазақ жұмысшыларының жағдайы туралы мәліметтер БКП(б) Өлкелік комитеті мен ХКК тарапынан жолданған құпия хатта айқын көрініс табады. Құжатта аталған жұмысшылар мен олардың отбасы мүшелерін өндірістік ортаға бейімдеу, тұрмыстық және азық-түлікпен қамтамасыз ету, сондай-ақ аштықтан әлсіреген денсаулығын қалпына келтіруге жағдай жасау орнына, бірқатар шаруашылық ұйымдарының оларға өзге жұмысшылармен салыстырғанда анағұрлым нашар еңбек және тұрмыс жағдайларын жасағаны атап көрсетіледі.

Атап айтқанда, Севказстрой мен Кірпіш зауыты сияқты кәсіпорындарда еңбек еткен көшпелі жұмысшылардың азық-түлікпен және тұрғын үймен қамтамасыз етілмегені, ал әлсіреу салдарынан өндірістік норманы орындай алмағандары үшін «қасақана жұмысқа шықпаушылар» ретінде жаппай жұмыстан босатылғаны көрсетіледі. Мұндай жұмысшылардан азық-түлік карточкаларын алып қою тәжірибесі кеңінен қолданылған. Құжатта бұл әрекеттердің тікелей салдары ретінде аштықтан өлім-жітімнің тіркелгені атап өтіліп, Севказстройда бір күннің ішінде аштықтан қаза тапқандар саны 30 адамға дейін жеткені ерекше көрсетіледі [322, п.94]. Аталған дерек өнеркәсіптік орталықтарда ашаршылық салдарын саясатының еңсеру, көмек көрсетудің формалды сипатта болғанын және еңбек ресурстарын пайдалану барысында әлеуметтік қорғау тетіктерінің жүйелі түрде сақталмағанын көрсетеді.

1930-жылдардағы ашаршылық кезеңінде мемлекет тарапынан ауылдық аймақтарға азық-түлік көмегін жеткізу шаралары жүзеге асырылғанымен, олардың практикалық нәтижелілігі төмен деңгейде болды. Балқаш аудандық партия комитетіне жолданған архивтік құжаттарда №9 ауылдың «Байқоңыр» колхозына бөлінген 3697 килограмм астықтың толық көлемде жеткізілмегені, оның ішінде 1476 килограммының жоғалып кеткені немесе мақсатсыз пайдаланылғаны көрсетіледі [320, п.7]. Бұл дерек азық-түлікті тасымалдау мен үлестіру процесіндегі бақылау тетіктерінің әлсіздігі мен жергілікті билік

органдарының жауапкершілік деңгейінің төмендігі сияқты ашаршылық салдарын еңсеру жолындағы негізгі проблемаларды айқындай түседі.

Сонымен қатар, архив материалдарында партия және ауылдық кеңес қызметкерлерінің қызметтік өкілеттіктерін жеке бас мүддесіне пайдаланғаны жөнінде мәліметтер кездеседі. Атап айтқанда, олар колхоздардан май, ет, қымыз, ұн, шай, қант секілді өнімдерді жеке тұтыну үшін алып, бұл әрекеттерді ішімдік ішу және тойлау сипатындағы сапарлармен ұштастырған. Бұдан бөлек, ауылдық кеңес қызметкерлері малды өз бетімен сойып, етті қалаға немесе жеке адамдарға жөнелткен жағдайлар да анықталған [320, п.63-64]. Аталған заңсыз әрекеттердің салдары аса ауыр болды. Архивтік құжаттарда кейбір колхоздарда ондаған адамның, нақтырақ айтқанда, бір ғана шаруашылықта 30 адамның аштықтан қаза тапқаны жөнінде мәліметтер келтіріледі. Бұл фактілер орталықтандырылған азық-түлік көмегінің өзі тиімді басқару және әділ бөлу жүйесі болмаған жағдайда халықты жаппай аштықтан құтқара алмағанын көрсетеді.

Ашаршылықтың салдарын жою мақсатында көрсетілген көмекті жергілікті атқару органдары тарапынан жымқыру фактілері тоқтамаған. Ол жөнінде ОГПУ-дың құпия-саяси бөлімінің өкілі Володьконың 1933 ж. 13 ақпандағы арнайы ақпаратында мәлімденеді. Құжатта Жаңаарқа ауданында соңғы 2-3 ай ішінде 2000-нан астам шаруашылық ауданнан көшіп кеткені, ал аштық салдарынан шамамен 1 000 адам қайтыс болғаны жазылады**.** Бірқатар ауылдар бос қалып, жұмысқа жарамды мал саны күрт азайғандықтан, ресми түрде бөлінген азық-түлік көмегін жеткізу де қиынға соққан. Хабарламада колхоздардың бір бөлігін жою және оларды ТОЗ-дарға ауыстыру барысында орын алған әкімшілік кемшіліктер мен сыбайлас жемқорлық фактілері де атап көрсетіледі. Жергілікті басқару органдарындағы кейбір қызметкерлерінің азық-түлік көмегі жымқырып, колхоз малын жеке мүддесіне пайдаланып**,** өз пайдасын көздеген әрекеттер жасаған. Тексеріс нәтижесінде мал тапсырушыларға төленетін 200 000 рубльден астам қаражатты өз мақсатында иемденген аудандық партия-кеңес органдарының 16 қызметкері анықталған.

Аталған адамдар қатарында аудандық атқару комитеті Президиумының 3 мүшесі, райком бюросының 4 мүшесі, ААК төрағасының орынбасары, РайПО төрағасы, аудан прокуроры және басқа да лауазымды тұлғалар болған. Құжатқа сәйкес, олар мал тапсырушылардың қолындағы квитанцияларды пайдаланып, қайтыс болған немесе көшіп кеткен тұрғындардың жалған тізімдерін жасап, сол арқылы ақшаны өздеріне бөлген [319, п.227]. Бұл фактілер аштықпен күрес шараларының тиімділігін тежегенін көрсетеді.

Аштықтан босып көшіп кетушілерге көрсетілген көмектің де ұйымдастырылмаған түрде жүргізілгенін белгілі партиялық қайраткер Г. Ароштам 1932 ж. Қазақстан жөніндегі жазбасында: «Рас, кейбір жағдайларда бөлінген қаражаттың мақсатсыз жұмсалғаны, тіпті кейде жай ғана талан-таражға түскені туралы фактілер анықталған. Алайда негізгі кемшілік, менің ойымша, қайтып келген халыққа көмек көрсету мен оларды орналастырудың нақты ойластырылған жоспарының болмауында. Мысалы, балалардың

қараусыз қалуына қарсы күрес жүргізіліп жатыр, бірақ балалар өлімінің алдын алу мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбейді. Ата-аналары болғанымен, дұрыс тамақтанбайтын, аштық көріп, соның салдарынан сырқаттанған балалар үшін қоғамдық тамақтандыру жүйесі ұйымдастырылмаған. Азық-түлік көмегі берілгенімен, қоғамдық жұмыстар ұйымдастырылмаған, ал берілетін азық-түлік көмегі жүйелі сипатқа ие емес. Ең алаңдатарлығы – көрсетіліп жатқан көмектің барлығы, меніңше, тек бүгінгі күннің мәселесін шешуге бағытталғандай, яғни болашақты ойластыратын ұзақ мерзімді жоспарсыз жүзеге асырылып отыр. Ал бұл мәселеге аса байыппен қарау қажет» – баяндайды [352, п.6].

1933 ж. Қарағанды облысында ашаршылықтан зардап шеккен халыққа көрсетілген азық-түлік және әлеуметтік көмекті ұйымдастыру тетіктері, оның көлемі мен аумақтық бөлінісі нақты деректер негізінде сипатталады. 1933 ж. 1 тамызда Қарағанды қаласында өткен Қарағанды облыстық атқару комитеті жанындағы көшіп келгендерді отырықшыландыру және шаруашылық тұрғыда орналастыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы аштықтан зардап шеккен халыққа көрсетілген азық-түлік және әлеуметтік көмектің нақты тетіктерін айқындайды. Комиссия мүшесі Күздекеновтің баяндамасына сәйкес, 1933 ж. тамыз айына облысқа 5400 центнер көлемінде азық-түлік көмегі бөлінген. Оңтүстік аудандарда егін орағының басталуына байланысты бұрын көмек алып келген контингенттердің бір бөлігі бойынша көмек тоқтатылып, ал Қорғалжын, Қызыл-Ту, Шет және Жаңаарқа аудандарында тиісінше 500, 900, 1000 және 1600 шаруашылыққа азық-түлік көмегін сақтау туралы шешім қабылданған.

Бөлінген көмектің 4000 центнері нақты аудандар бойынша таратылып, оның ішінде Ақмола, Жаңаарқа, Нұра, Есіл, Айртау, Көкшетау, Тельман, Шет, Сталин, Төңкерей, Қызылту, Еңбекшілдер, Рузаев, Еркеншілдік, Атбасар, Бейнетқор, Қорғалжын, Мамлют, Щучинск, Сарысу және Ленин аудандары қамтылған. Азық-түлік негізінен қара бидай мен тары түрінде бөлініп, бір шаруашылыққа орташа есеппен 28 кг норма белгіленген. Сонымен қатар аудандық атқару комитеттері мен партия ұйымдарына егінсіз немесе өнімі әлі піспеген шаруашылықтарды екі күн ішінде жеке есепке алу тапсырылған.

Құжатта азық-түлік көмегін сатып алуға қаржының жетіспеуі де көрсетіліп, бұл мәселе бойынша Халком төрағасы Исаев пен Орымбаевтың атына телеграмма жолдау мақұлданады. Комиссия отырысында Шпилевский көшіп келген шаруашылықтардың өз қаражатының жоқтығын мәлімдеп, уақытша несиелік көздерді іздестіру қажеттігін көтерген. Бұдан бөлек, Қарағандыдан Щучинск ауданына көшіп келген шаруашылықтардың аяққиім мен киім-кешек тапшылығы туралы хабарлама негізінде, өнеркәсіп тауарларын сатып алуға арналған қордан 1500 рубль бөлу жөнінде шешім қабылданған [121, б.632-634].. Аталған шаралар аштық салдарын жеңілдетуге бағытталғанымен, құжатта көрсетілгендей, қаржы мен материалдық ресурстардың шектеулілігі көмектің толыққанды әрі үздіксіз жүзеге асуына елеулі кедергі келтірген

Жалпы алғанда, архивтік деректер ашаршылықпен күресте тек материалдық ресурстарды бөлумен шектелу жеткіліксіз болғанын дәлелдейді. Дағдарысты еңсеруде басқару мәдениетінің деңгейі, бақылау механизмдерінің болуы шешуші маңызға ие болды. Азық-түлікті жеткізу мен үлестірудегі ұйымдастырушылық және әкімшілік олқылықтар ашаршылықтың одан әрі тереңдеуіне ықпал етіп, әлеуметтік әділетсіздікті күшейтті. Бұл жағдай кеңестік биліктің ашаршылық салдарын жоюдағы іс-шараларының жүйелі кемшіліктерін айқын көрсетеді.

Алайда, көрсетілген көмек мардымсыз болып, архив құжаттарында талан-таражға түсені туралы айтылса да, аштықтан тұралаған халыққа аз да болса көмек болып, кейбір отбасылардың аман қалуына септігін тигізгенін естеліктерден байқалады. Ә. Айтжанұлының аштық көрген әкесі Айтжанның естелігінде: «Ауылда Айдаш деген кемпір болды. Бала-шағалары өскен, байқуатты отанасы болатын. Сол кісінің мінезі қытымырлау еді, екінің бірінің үйіне еркін кіре бермейтін. Сол әже мен барғанда: «Әбежан, Әбентай» деп мейірленіп, барын алдына тосатын. Бірде әкемнен: «осы Айдаш апаның көңілі маған неге ерекше?» деп сұрағанда, «Е, аштықта жеген құйқаны ұмытпағаны ғой», деді. Ол не құйқа дегенде, «Айдаштың күйеуінің аты Жұмабек, аштық жылдарды басымыздан бірге кешкенбіз. 1933 ж. март айында бір шаруамен Жұмабектің жертөлесіне бас сұқтым. Жұмабек 7-8 жасар баласымен отқа үйітіп, бірдеңе жеп отыр екен. Қал сұрағанымда: «Бізді қайтесің, ана Айдаш өлім халінде жатыр, соған бар», - деді. Іргеде теріс қарап жатыр екен. Айдаш, деп дыбыстап едім, әрең сөйлеп: «Айтжан, аналар өз күндерін көріп жатыр ғой, оған менің аузым бармайды, өлтірмесең бірдеме берші», - деді. Үйге келіп, 15 жасар Сара деген қарындасыма: «Үйде не бар, маған бер» - дедім. Сара маған 1 литр кесе бидай берді. Соны Айдашқа апарып беріп едім. Сол бидайды талғажу етіп, сәуір айында жеткен продпомощқа ілігіп еді. Сәуір айының басында қар суымен Балқаш жақтан көптеген мәшине келді. Бір орыс офицер өзі қадағалап, түтін басына бір қап ұннан түсіртті. Сөйтіп жазға іліктік. Елге тұқым беріп, егін салдық» [138, б.299].

А. Рахметова: «Анда-санда көмек ретінде көк бидайдан береді, соны жейміз. Ол таусылып қалады. Кейінде елге мал тарата бастады. Бізге бір сиыр, бір қой берді. Бұны жемеңдер, соймаңдар, өсіріңдер деді. Өсірдік, жеген жоқпыз. Сонымен жетіліп кеттік. Арасында берген қойды сауып, сүтін іштік. Малды сойып жегенді көрсе соттайды. Қазан асуға болмайды, етті бертінге дейін самауырынға қайнатып жеп жүрдік.» [242]. (Қосымша Б).

Өлкелік комитет басшылығына Л. Мирзоян келгеннен кейін аштықтың зардабымен күресу мақсатында Орталық комитетке халыққа көмек көрсету жөнінде өтініштер жолданады. 1933 ж. 12 қыркүйекте Л. Каганович, В. Молотовтардың атына 22 алыс аудандарды оның ішінде Орталық өңірдегі Қарсақпай, Сарысу, Жаңаарқа, Шет, Қоңырат, Балхаш, Шұбартау, Абыралы, Қу Қарқаралы т.б азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін 1200 мың пұт астық бөлуді, оларды жеткізу үшін жүк машинасын сұрайды [353 ,п.8]. Келесі күні яғни, 13 қыркүйекте Орталық комитеттің Саяси бюросы Л. Мирзоян мен Ұ. Құлымбетов

алыс аудандардағы босып кетушілерді жабдықтау үшін сұраған азық-түлік көмегін сұраған өтініштерін қанағаттандырады. 500 000 пұт көлемінде азық-түлік көмегі белгіленіп, оларды алыс және жегін күшімен нашар қамтамасыз етілген аудандарға жеткізу үшін автокөлік беру ұсынысына да қолдау көрсетіледі [353,п.7].

ОГПУ органдары тарапынан жеткізілген ақпараттар мен мәліметтерге сәйкес Қазақстанда мал шаруашылығы құлдырағанын Мәскеудегі жоғары билік білді. Бұл әрине, өз кезегінде 1932 ж. мемлекет үшін маңызды ет тапсыру науқанына әсер етті. Мал санының қысқаруы туралы мәліметті 1932 ж. 6 қазанында Т. Рысқұлов Сталинге жіберген мәлімдеме жазбасында баяндады. Онда: «ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің нәтижесінде республикадағы мал саны 1928 ж. салыстырғанда 1932 ж. ақпанында 40 млн-нан 5,4 млн. басқа, яғни, 86,5%-ға қысқарғандығын және мал басының осынша қысқаруы малды қасақана сою мен асыра сілтеушіліктің, соның ішінде ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің нәтижесі» - деп атап өтеді [31, с.234]. Осындай күйреген мал шаруашылығын қалпына келтіру мақсатында БКП(б) ОК Саясибюросы 1932 ж. 17 қыркүйегінде «Қазақстанның ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал шаруашылығы жөнінде» қаулы қабылдайды [232, б.483-484]. Қаулыда отырықшы аудандарда мал ұстауға рұқсат беруді қарастырады. Сонымен қатар қазақ халқын отырықшыландыру саясаты дұрыс бағытта жүргізіліп жатқандығын атап өтіп, орын алып отырған жағдайды тұрақтандыру бойынша бірқатар шараларды жоспарлайды. Соның ішінде отырықшы аудандар бойынша: а) колхозшылардың жеке қолдануда 2-3 сиыр, 10-20 бас қой және 10-20 шошқа ұстауға рұқсат ету. Ауыл шаруашылығы аудандары бойынша қазақтарға 100 басқа дейін қой, 8-10 бас ірі қара, 3-5 түйе және 8-10 табын жылқысын шаруашылыққа жеке пайдалануға рұқсат беру қарастырылады. Бұл орталық биліктің Қазақстандағы әбден күйреген мал шаруашылығын қалпына келтіруге деген ұмтылысы болды. Бұл тағы бір рет биліктің туындаған мәселенің тереңдігі туралы жалпы түсінігі бар екенін, бірақ, олардың қателіктерін мойындағысы келмегенін көрсетеді.

1933 ж. 15 шілдеде БК(б)П ОК Саяси бюросының №141 хаттамасынан алынған құжатта колхозшыларды ірі қарамен қамтамасыз ету арқылы ауыл шаруашылығын қалпына келтіру шаралары қарастырылған. Онда Л. Каганович пен А. Микоян және басқа да басшылардың қатысуымен 800 мың қашарды колхозшыларға бөлу жоспары бекітіліп, бұл көмек шаралары енгізілетін өңірлер қатарына Қазақстан да енгізілгені көрсетіледі, бұл аштықтан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік саясаттың бір көрінісі болды [353, п.3].

1933 ж. 26 шілдеде қабылданған Қазақ АКСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің «Колхозшыларға малмен көмек көрсету туралы» қаулысы ашаршылық салдарынан күйреген мал шаруашылығын қалпына келтіруге бағытталған кешенді мемлекеттік шаралардың бірі болды. Қаулыға сәйкес, Қазақстан колхозшыларына барлығы 200 мың бас мал бөлу көзделіп, оның ішінде 41 500 қозы, 23 500 бұзау, 10 000

бас ірі қара, сондай-ақ 30 000 бас ірі және 70 000 бас ұсақ мал импорттық және жәрмеңкелік көздерден, қосымша 25 000 ешкі КТФ қорларынан бөлінді. Мал облыстар бойынша үлестіріліп, ең жоғары үлес Оңтүстік Қазақстан (25,2%), Алматы (23%) және Шығыс Қазақстан облыстарына берілсе, Қарағанды облысына 24 530 бас мал (12,3%) беру қарастырылады.

Құжатта көмек, ең алдымен, ашаршылық салдарынан малынан айырылған, отырықшы қайта көшіп келген қазақ колхозшыларына және малсыз шаруашылықтарға көрсетілетіні нақты белгіленіп, малды жеке пайдалануға беру нормалары анықталды. Сонымен қатар мал натуралды кредит түрінде (ірі мал – 5 жылға, ұсақ мал – 4 жылға) беріліп, көмек алған шаруашылықтар екі жыл мерзімге ет, сүт және жүн өткізу міндеткерліктерінен босатылады. Қаулының орындалуын ұйымдастыру Наркомземге, Наркомсовхозға және облыстық, аудандық комиссияларға жүктеліп, үдерістің партиялық-саяси бақылауда жүргізілуі міндеттелді. Аталған шешімге Қазақ АКСР ХКК төрағасы О. Исаев пен БКП(б) Қазақ Өлкелік комитетінің хатшысы Л. Мирзоян қол қойған [121, б.627-632]. Бұл құжат ашаршылықтан кейінгі кезеңде экономикалық көмекті тек азық-түлікпен шектемей, өндірістік әлеуетті қалпына келтіруге бағытталған мемлекеттік саясаттың айқын көрінісі болып табылады.

Өлкедегі мал шаруашылығын қалпына келтіру үшін ауылдарға мал таратылғаны жөнінде естеліктерде де айтылады. С. Тоғамбековтың әкесінің естелігінде: «Қарқаралыдан «продпомощқа» бөлінген азын-аулақ тамақты тасып әкеліп елге бөліп беріп, елдің басын құрап, аман алып қалу үшін тіршілік жасап жүрген Тәшібаев Жақан еді. Ашаршылықтан кейін Шатырағашта қалған үйлер ұйымдасып, Жақанның басқаруымен Қызыларайдан 2-3 қап Тоқырауынның ақ бидайын әкеліп Шошқалының бауырындағы тоғанның жанындағы ескі аңызды күрекпен қазып егін еккен. Оны суарған. Әйтеуір өліп қалмаудың қамын жасаған. 1933 жылы Қытай елінен мал әкеліп елге таратып берген. Екі-үш жылдай ел сол малдарын өсірумен болған. Оны сойып жеуге тыйым салған. Шыдамай сойып алғандарды соттап жіберген» [354, б.5].

Респондент Т. Мусенова естелігінде әкесі О.Мүсенұлы елге көмекке берген малды баққаны туралы айтқан болатын. «Әкемдер аштық кезінде Секпірайға кетіп, кейін елге келгенде, елге көмекке тарататын малды бағыпты. Бірде сол қойларға қасқыр шауып, 84 қойды қасқыр жеп кеткенін айтып отыратын, әкем. Қалай екенін қазір есімде жоқ, әйтеуір әкем сотталмай аман қалыпты. Мүмкін ауылдастары қойды алдық деп жазып берген шығар... » [315]. (Қосымша Г,Ғ).

Жоғарыдағы естеліктерден қанша аштық ауыртпалығы басқа түссе де, халықтың тек үкіметтен ғана көмек күтіп отырмай өздерінің де әрекет етіп, егін салып, күннін көргенін, аштықпен өз бетінше күрескенін және де халықтың арасында жанашыр азаматтардың адамгершілік, өзара көмек көрсету қасиеттерін жоғалтпағандығының айғағын көруге болады.

Астық дайындау астық тапсыру жоспарын төмендету, одан босату, бірыңғай ауылшаруашылығы салығын төмендету немесе босату бойынша жеңілдіктерді осы жоғарыда көрсеткен қаулыда қарастырады. Ол бойынша

қаулының астық дайындау деген үшінші пунктінде былай делінеді: а) Қазақстан бойынша астық дайындау жоспарын 3 млн пұтқа азайту; б) 5 млн пұт көлемінде берілген продсемссуданы қайтаруды келесі жылға дейін кейінге қалдыру; в) белгіленген қайтару жоспарынан азық-түлік көмегі түрінде берілген 1 млн пұт алып тастау; г) Қазақстан бойынша астық дайындау жоспарын (көрсетілген жеңілдіктерді шегергенде) сөзсіз орындау – деп қаулы етеді [232, б.483-484]. Сонымен қаулыда көшпелі, жартылай көшпелі аудандарға 40 мың тонна азық-түлік, тұқым қарызы бөлінеді. Бұл аудандар екі жылға астық пен ет дайындаудан және барлық салықтардан босатылады.

1932 ж. 13 сәуірінде КСРО ХКК «Басқа аудандардан Қазақстанға оралып жатқан қазақтар қожалықтарына көмек көрсету туралы» қаулы қабылдап, онда Заготзерно мекемесін Қазақ АКСР-ына бір млн пұт көлемінде азық-түлікті несиеге беруге міндеттейді. КСРО Қаражат халкомы босқындарды шаруашылыққа орналастыруға, балалар үйлерін ұйымдастыруға және басқа шығындарға КСРО ХКК сақтық қорынан 2 млн сом ақша бөліп, бұл қаржыны Қазақ АКСР ХКК қарауына жіберуі тиіс болды. Ал, мемлекеттік банкке босқындардың жұмыс малын ауыл шаруашылығы машиналарын алуы үшін ауыл шаруашылына ұзақ мерзімге несие беру қоры есебінен 2 млн сом көлемінде жедел қарыз бөлу жүктелді. Бұл қаулыға одақтық ХКК-ның сол кездегі төрағасы В. Молотов (Скрябин) пен оның іс басқарушысы П. Креженцев қол қойған. Одақтық ХКК осы жылдың 4 шлдесінде «Егіннің шықпауына, қожалықтардың ауа көшулеріне және қоныс аударуларына байланысты Қазақ АКС-дағы қаражат жинау жоспары туралы» тағы бір қаулы қабылдады. Онда аталған қиыншылықтарға байланысты Одақтық үкімет 1932 ж. арналған ҚазақАКС-ындағы қаржы жинау жоспарын төмендету туралы Одақтық қаражат халкомына тапсырмалар берді. Енді өткен жылдарда және 1931 ж. өндірілмеген ауылдық жердегі міндетті төлемдер мемлекетке төленбейтін болады [82, б.283].

Осы арқылы билік Қазақстанда құрдымға кеткен шаруашылықты қалпына келтіргісі келді. Бірақ, бұл кезеңде қазақ ауылдарында ашаршылық шырқау шегіне жетіп, қазақ халқы қырылып, аштықтан мәжбүрлі түрде босып кетіп жатқан болатын. Т. Омарбеков : «Мұндай жеңілдіктер, әрине, Қазақстанға аса қажет еді. Бірақ мынаны ұмытуға болмас: ашаршылықтан оңбай ойсыраған Қазақстанның жоғарыда жеңілдетілген мөлшердегі төлемдердің өзін төлейтіндей де шамасы жоқ еді. Сондықтан Одақтық үкіметтің кезінде Қазақстанға шамадан тыс көп салған салықтарын енді амалсыздан төмендетіп, азайтуларын немесе оларды жоюларын қазақ шаруасына көрсетілген көмек ретінде орынсыз мадақтап-марапаттаудың еш реті жоқ» – деп жазады [82, б.284].

Азық-түлік түріндегі мемлекеттік көмектердің Орталық Қазақстанның аудандарына да берілгені архив материалдарынан анықталды. Мысалы, Қарағанды облыстық атқару комитетінің 1932 ж. 4 сәуіріндегі №4 «Аудандар бойынша азық-түлік қарызын шұғыл түрде жеткізу және бөліп беру туралы» қаулысында 85 мың пұт көлеміндегі қара бидайды босатылатын азық-түлік

қарызы есебінен аудандарға бөліп берген [347, б.14]. Бірақ, 1932 ж. мамыр айының 14-і күні «Қарағанды облысының қайтып келген көшпелі шаруашылықтар үшін босатылатын азық-түлік көмегінің мөлшерін азайту туралы» ҚХА Кеңесінің Қаулысы қабылданады. Босып кеткен шаруашылықтарға көмек көрсету бойынша облыстың жай-күйі анықталғандықтан, Қарағанды облысына босататын азық-түлік көмегінің мөлшері 200 мың пұтқа қысқартылсын, облыс үшін 750 мың пұттың орнына 550 мың пұт берілсін. 200 мың пұт өлке қорына қалдырылсын делінеді де, 20 мамырда Қазақстан ХКК № 29 «Қарағандыға қоныс аударған шаруашылықтарға азық-түлік көмек көрсету үшін өлкелік резервтен 10 мың пұт қара бидайды босату туралы» қаулысы қабылданып, ол бойынша Петропавл қаласындағы өлкелік резервтен 10 мың пұт қайтарымсыз қара бидайдың 5 мың пұты Қарағанды облыстық комитетіне, 5 мың пұты Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетіне Қарағандыға қоныс аударғандарға көмек ретінде беру қарастырылады [43, б.91].

Нұра аудандық АҚ 1932 ж. шілде айындағы отырыс хаттамасында колхоздарда азық-түліктің жоқтығынан шөп жинау жұмысы тоқтап қалуына байланысты азық-түлік көмегін беру қажеттігі мәселесін қарап, ауданның колхозшылары бұрын берген азық-түлік көмегін жұмсап, олардың едәуір бөлігі азық-түліктің болмауына байланысты шөп шабу, отырықшылыққа көшіру жұмыстарын тежеп отырғандығы және колхозшылардың арасында аштықтан ісіну жағдайлары бар екендігін (Жаңабірлік колхозы) назарға ала отырып, шұғыл түрде қосымша азық-түлікпен көмек көрсету қажет деп қаулы етеді [355, п.36].

ОАК төрағасы Нұрпейісовтың Қарағанды ОАК берген есебінде: «1. Элеватор қоймасынан 5000 мың пұт азық-түлік көмегін алуға наряд берілді. Одан 2012 пұт 06 фунт алынып, аса мұқтаждарға 200 пұт 26 фунт бидай, 1483 пұт 21 фунт тары, 10 пұт ұн, барлығы 1686 пұт 07 фунт берілді» – деп есебінде көрсетіп, ауданда 15/XII-32 ж. президиум отырысымен бекітілген, тіркелген мұқтаж шаруашылықтар саны 2385, Нұра ауданында 1635 шаруашылық, көршілес аудандардан 756 шаруашылық мұқтаж. Барлығы 9568 жан басы, Нұра ауданында 6678, басқа аудандардан 2890 адам азық-түлікке мұқтаж» – деп көрсетеді.[339, п.4].

1932 ж. 20 желтоқсанындағы ақпаратқа сәйкес азық-түлік қажеттілігі келесі кестеде берілген.

Кесте 23 – Нұра ауданы бойынша 20.12.1932 жылдағы мәліметке сәйкес қажетті азық-түлік [339, п.16]

Шаруашылық түрі	Шаруашылық саны	1 шаруашылықтың айлық нормасы	Өнімдерге деген айлық қажеттілік	Жылдық қажеттілік
1	2	3	4	5
1. Басқа аудандардан келген шаруашылықтар	903	11 пұт (180 кг)	1354,5пұт (22187.3 кг)	16254 пұт (266248.5 кг)

23 – Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2. Нұра ауданының мұқтаж шаруашылықтары	1119	11 пұт (180 кг)	1678,5 пұт (27494.6 кг)	20142 пұт (329936 кг)
3. Нұра ауданынан кетушілер (отходн.)	516	11 пұт (180 кг)	774 пұт(12678.5 кг)	9288 пұт (152142 кг)
4. Нұра ауданының панасыз балалары	341	29 фунт (11,8 кг)	249,5 пұт (4087 кг)	2997 пұт 27 фунт (49092 кг)
5. Жаңаарқа ауданының панасыз балалары	71	29 фунт (11,8 кг)	249,5 пұт (4087 кг)	2997 пұт 27 фунт (49092 кг)
Барлығы	2950	-	138356,5 пұт (70534,4 кг)	51678 пұт (846510.5 кг)
Ескерту кесте архив материалы негізінде құрастырылды НАМА. Қ. 422. Т.1. І.11. П. 16.				

Ескерту: пұт өлшем бірлігі килограмм өлшем бірлігіне онлайн калькулятор бағдарламасы негізінде ауыстырылды.

Кестеде барлығы 2950 шаруашылыққа және панасыз балаларға жылына 51678 пұт (846510,5 кг) азық-түлік қажеттігін, сонымен қатар қосымша түсініктеме ретінде кесте соңында «тауарлардың қажеттілігі орта есеппен 1 шаруашылыққа 10 рубльге дейін деп есептеп, жылына барлығы 29300 рубль. Балалар үйлерін қолдау үшін кем дегенде жылына 10000 рубль ақша қажет» – деп көрсетіледі [339, п. 16].

Колхоздардың жағдайларын мәлімдеп, осындай өзі де қиын жағдайда Нұра ауданына Жаңаарқа ауданынан халықтың босып келіп, кейбіреулері тұрақтап қалып, көпшілік бөлігінің одан әрі Ақмолаға көшіп, босып келгендердің мүлдем азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендігін, сонымен қатар өлім жағдайлары да кездесіп жатқандығын хабарланады [339, п.2].

Нұра ауданының колхоздарын 1933 жылғы жаңа егінге дейін желтоқсаннан шілдеге дейін қоса алғанда 8 айға 4856 центнер мөлшерінде бірлігіне 12 килодан есептегенде азық-түлік көмегін алуға, ал келесі уақытта тұқым материалдарымен көмек көрсетуді сұрайды [339, п.2].

Нұра ауданы көмекке мұқтаж колхоздарының және ондағы халық санын келесі 24-кестеде көрсетіледі.

Кесте 24 –20.12.1932 жылғы комиссия бекіткен азық-түлікке мұқтаж Нұра ауданы ауылдық кеңестеріндегі шаруашылықтар [339, п.12].

Ауылдық кеңес атауы	Шаруашылық саны	Барлығы жан басы
1	2	3
№1 а/к	79	510
№2 а/к	159	587

24 - кестенің жалғасы

1	2	3
№3 а/к	63	228
№4 а/к	216	345
№5 а/к	149	651
№6 а/к	166	641
№7 а/к	72	281
№8 а/к	129	561
Киевка а/к	48	217
Иванов а/к	7	22
Горный а/к	30	92
Захаров а/к	13	28
Барлығы	1119	4974
Ескерту кесте архив материалы негізінде құрастырылды. НАМА. Қ. 422. Т.1. І.11. П. 12		

Кестедегі мәліметтерде 1932 ж. 15 желтоқсанында Нұра ауданы бойынша 4974 жан басы бар 1119 шаруашылық көмекке мұқтаж, оның ішінде №4 ауылдық кеңесте шаруашылық саны көп болса, ал жан басы №5 ауылдық кеңесте көпшілікті құраған. Кестеде ауылдық кеңестердегі мал саны туралы да мәлімет берілген. Ол бойынша 6 ауылдық кеңесте небәрі 16 бас мал қалған. Халықтың негізгі күнкөріс көзі мал шаруашылығы болғандықтан мал басының осынша деңгейде қалуы халықтың аштыққа ұшырауына алып келген.

Нұра ауданының колхоздары мен Жаңаарқа ауданынан аштықтан босып келгендерге және панасыз қалған балаларға босатылған көмектің мөлшері туралы мәліметтер 25- кестеде көрсетілген.

Кесте 25 – 05.01.1933 жылға арналған Нұра ауданының аса мұқтаж жандар мен көшпенділердің азық-түлік көмегін алушылардың тізімі [339, п. 21].

Колхоздар атауы	Шаруашылық саны	Бидай	Тары	Ұн	Барлығы
1	2	3	4	5	6
Сталин атындағы колхоз	106	100 пұт (1638 кг)	261 пұт (4275 кг)	-	361 пұт (5913 кг)
Жаңақұрлыс колхозы	68	-	43 пұт (704 кг)	-	43 пұт (704 кг)
Караой колхозы	51	-	75 пұт (1228 кг)	-	75 пұт (1228 кг)
Актөбе колхозы	108	-	106 пұт (1736 кг)	-	106 пұт (1736 кг)
Қуаныш колхозы	50	-	99 пұт (1621 кг)	-	99 пұт (1621 кг)
Қызылту колхозы	191	-	469 пұт (7682 кг)	-	469 пұт (7682 кг)
Көкөзек колхозы	132	50 пұт (819 кг)	337 пұт (5520 кг)	-	387 пұт (6339 кг)

25 -кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Өрнек колхозы	121	-	129 пұт (2113 кг)	-	129 пұт (2113 кг)
Баянды Колхозы	136	-	81 пұт (1326 кг)	-	81 пұт (1326 кг)
Жаңабірлік Колхозы	156	-	146 пұт (2391кг)	-	146 пұт (2391кг)
Кзылшілік колхозы	88	-	146 пұт (2391кг)	-	146 пұт (2391кг)
Еңбекқорғау Колхозы	101	-	100 пұт (1638 кг)	-	100 пұт (1638 кг)
Еңбекші Колхозы	100	-	100 пұт(1638 кг)	-	100 пұт(1638 кг)
Гроза Колхозы	53	-	38 пұт (622 кг)	-	38 пұт (622 кг)
К/волна Колхозы	89	-	20 пұт (327 кг)	-	20 пұт (327 кг)
Ашық Колхозы	97	-	60 пұт (982 кг)	-	60 пұт (982 кг)
ЫІнтымақ Колхозы	64	-	75 пұт (1228 кг)	-	75 пұт (1228 кг)
Өркендеу Колхозы	77	-	75 пұт (1228 кг)	-	75 пұт (1228 кг)
Кеңес колхозы	17	-	20 пұт (327 кг)	-	20 пұт (327 кг)
Өндіріс Колхозы	15	-	20 пұт (327кг)	-	20 пұт (327кг)
Жаңаарқа ауданы	1000	50 (819 кг)	974пұт 21фунт (15954 кг)	-	1024пұт 21 фунт (16773 кг)
Ивановск асханасы (Жаңаарқа)	153 адам	60 (982 кг)	10 пұт (160 кг)	6пұт 4фунт (98 кг)	76 пұт 4 фунт (1244 кг)
Пушкин асханасы Жаңаарқа ауд. келген панасыз балалар	52 бала	62пұт 25фунт (1015,5кг)	16 пұт (262 кг)	10пұт (160 кг)	88пұт 35 фунт (1441 кг)
К/казск. балалар үйі	31	31пұт 29фунт (507,7 кг)	3пұт 9фунт (49 кг)	-	34пұт 38фунт (556 кг)
Барлығы	3036	354 пұт 14фунт (5781,2 кг)	3361пұт 30фунт (54091 кг)	16пұт 4фунт (285кг)	3732пұт 8фунт (60157 ,2 кг)
Ескерту кесте архив материалы негізінде құрастырылды. НАМА. Қ. 422. Т.1. І.11. П. 21. Пұт өлшем бірлігі килограмм өлшем бірлігіне онлайн калькулятор бағдарламасы негізінде ауыстырылды.					

Кестеде берілген мәліметтерден азық-түлікке бидай мен ұннан гөрі тары көбірек таратылғандығы анықталды. Оның ішінде 5781,2 кг бидай, 54091 кг

тары, 285 кг ұн таратылған. Барлығы аса мұқтаж 3036 шаруашылыққа 60157,2 кг көмек берілген.

Нұра ауданы бойынша мұқтаж шаруашылықтарға азық-түлікпен көмек көрсетілгенімен де аудан бойынша аштықтан өлім-жітім деңгейінің жоғары болуы Қазақ АССР БКП(б) Өлкелік комитеті мен ХКК уәкілдерінің Нұра ауданы бойынша 1932 ж. берген ақпаратында: «Ауданда дәрігерлер мүлдем жоқ. Жалғыз фельдшер эпидемиялық ауру жоқ деп мәлімдейді. Бірақ аштықтан ісінгендер көп. Атап айтқанда, № 7 ауылдық кеңесте 22 адам, «Көк өзек» колхозында 300-ге жуық адам, яғни 50% - ға жуық адам, «Қызыл ту» колхозында да осындай жағдай қайтыс болды. Сондай-ақ, облыстық уәкіл Денисламовтың жазбасынан «Жаңа жол», «Сталин» колхоздарындағы өлім-жітім және т. б. болды. Көктемге қарай қар ерігеннен кейін Нұра поселкесінің аумағында көп мөлшерде мәйіттер табылды, бір шұңқырға қар астынан жиналған 75 мәйіт, екіншісіне 97 мәйіт, үшіншісіне 60 мәйіт, барлығы 232 мәйіт лақтырылды. Черниговка ауылының маңында мәйіттер табылды (60-70 адам), бұл аймақта өлім көп болды» –баяндалады [356, п.86]. Мәліметке сәйкес есептесек, 624 адам аштан өлгені көрсетіледі. Бұл тек аудан аумағында аштан қырылып, есепке алынып отырғандары ғана. Бұдан басқа, азық іздеп мәжбүрлі түрде босып кетіп, жол-жөнекей аштан өлгендер де болған. Сондықтан бұл аудан бойынша аштан қырылғандардың нақты саны емес.

Ашыққан халық мәжбүрлі түрде түрлі аумақтарға, оның ішінде Қазақстанның өз ішінде, ауылдардан қалаға, шекаралас аймақтарға т.б өңірлерге кетті. Архив материалдарында осы аштықтан мәжбүрлі түрде босып кетушілерге көмек көрсету мәліметтері бар. Мысалы, Қарағанды облысына қайтып келіп жатқандарды орналастыру туралы Қазақ АКСР ХКК уәкілі Шелехмановтың 1932 ж. 3 қыркүйектегі мәлімдеме жазбасында: «Халық комиссарлар кеңесі жоспар бойынша Қарағанды облысын 600 мың пұт продссудамен және 175 мың азық-түлік көмегімен жабдықтады. Барлық берілген нан - 775000 пұт. Іс жүзінде 569 мың пұт алған, оның 61000 пұты Семейге жөнелтілген. Осылайша, Қарағанды облысы іс жүзінде 508 мың пұт көмек алды» – деген мәлімет береді [114, б.176]. Сонымен қатар осы мәлімдеме жазбада азық-түлік көмегі мен продссуданы пайдалану облыстық, аудандық ұйымдар тарапынан өрескел қателіктермен жүріп астық ұрлау және оны талан-таражға салу жайлы баяндалады. ОГПУ органдарының жалған құжаттарымен 80 пұт астық алған колхоз төрағалары (Еңбекшілдер ауданы) ұсталған, Атбасар ауданында 160 пұт астық 20 адам «белсенділер» арасында бөлісіп алған фактілері келтіріледі [114, б.177]. Бұдан осы көрсетілген «көмектің» шынымен мұқтаж, ашыққан халыққа жетпегенін және де биліктің көмек көрсетуде өз есебінің болғаны көрінеді. Бұл жөнінде Н. Пьянчоланың зерттеуінде: «жалпы, 1932 ж. қазан айынан 1934 ж. қаңтар айына дейінгі аралықта Қазақстанға бөлінген астықтың көлемі 118 640 т. құраған. Бұл көмектің едәуір бөлігі қазақ көшпелілеріне тұқым қарызы ретінде беріліп, кейін олар оны егіннен түскен өнімнен пайызбен қайтаруы керек болған. Қазақстан Халық Комиссарлары Кеңесінің 1934 ж. 3 наурыздағы шешімі бойынша азық-түлік көмегі құнының

50-55% оны алушылар төлеуі тиіс болған. 1933 ж.желтоқсанына - 1934 ж. маусымына бөлінген ай сайынғы бөлу мөлшері бір отбасына 40 кг астықты құрады. Жалпы, Алматы облыстық комитетінің мәліметінше, 29043 отбасының астықты тұтынуы, оның ішінде тұқымға кететін астық 81600 ц, яғни бір адамға жылына 96 кг-ға жуық болды. Бұл Ресей ауылындағы тұтыну мөлшерінің жартысы ғана құрайды» – деген мәліметтер келтіріледі [17, б.99].

Босып көшіп кетушілер жағдайы Қазақстанда ғана емес Ресей аумақтарында да мәселе туындатқан. Мысалы Орта Еділ өлкелік комитетінің төрағасы Н.Шубриков та 1933 ж. 8 шілдеде И. Сталинге аштық салдарынан өлкеге көшіп келген 3500 босқын қазақ отбасы қалғаны және олардың күн сайын шамамен 20 отбасының келіп жатқанын баяндап, сонымен қатар 12 мың босқынның еңбекке орналастырылғаны (6200-і совхоздарда, 1400-і колхоздарда), 4300 баланың балалар үйлеріне берілгені көрсетілген [353, п.21]. Бұл ұсынысқа И. Сталин, В. Молотов, Л. Каганович, А. Микоян тарапынан қолдау білдірілуі кеңестік биліктің аштық салдарынан туындаған көші-қон мәселесін әкімшілік шаралар арқылы реттеуге ұмтылғанын көрсетеді.

Сонымен, 1934 ж. республикадағы экономикалық жағдай туралы Қазақ КСР ОГПУ құпия саяси бөлімінің материалдарында Қазақстанға азық-түлік қиыншылықтарын жеңілдету және қайтып келіп жатқандарға орталық тарапынан келесідей: «1933 ж. өлкеге жіберілді: а) азық-түлік көмегі – 117 790 т (7 067 400 пұт.); б) тұқым қарызы мен тұқым көмегі – 117 173 т (7 030 380 пұт.); в) азық-түлік қарызы – 6584 т (389 040 пұт). Барлығы – 241 447 т (14 486 040 пұт.). Ақшалай дотация: а) ауылшаруашылық жұмыстарына – 15 787 600 руб.; б) кезек күттірмейтін қажеттіліктерге (тұрғын үй, киім, аяқ киім және т.б.) ; в) балалар панасыздығын жоюға;– 8 817 500 руб.; в) балалар панасыздығын жоюға – 26 300 мың руб. Барлығы – 50 905 100 рубль. Жоғарыда көрсетілген көмек пен қаражаттан басқа Қазақстанға астықпен қамтамасыз ету және төлемдер бойынша ауыл тұрғындарына жеңілдіктер берілді: а) бастапқы астық тапсыру жоспары 110 604 т. төмендетілді; б) бірыңғай ауылшаруашылығы салығы бойынша жеңілдік 3600 мың рубль болды; в) көшпелі және жартылай көшпелі аудандардың 39-ы барлық салық төлемдерінен толығымен босатылды» – көрсетіледі [121, б.766].

Өлкелік билік ауысқан соң 1933 ж. ортасына қарай шаруашылықтарға бөлінетін азық-түлік нормалары қайта қаралады. Мысалы, 1933 ж. 27 маусымдағы БКП(б) Қазақөлкелік комитеті секретариатының Л. Мирозоян қол қойған хаттамасындағы шешімінде аштық зардаптарын жою және халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету шараларының нақты көлемін айқындалады. Құжатқа сәйкес, 1933 ж. шілде айында жалпы 136 000 шаруашылыққа продпомощь бөлінген, оның ішінде Қарағанды өңірінде – 20 000 шаруашылыққа 3000-бидай, 3000 – тары барлығы 6000 пұт көлемінде көмек бөлінеді. Басқа облыстар бойынша бөлініс келесідей: Алма-Ата – 42 000, Шығыс – 20 000, Ақтөбе – 30 000, Батыс – 8 000, Оңтүстік – 17 000. Әр еңбекке жарамды адамға 15 кг астық, ал отбасы мүшелеріне 7,5 кг нормасы белгіленген [319, п.25]. Бұл нормалар, әсіресе Қарағанды өңірінде, аштықтан зардап шеккен

халықтың толық қалпына келуіне жеткіліксіз болып, өндірістік және тұрмыстық ресурстардың азаюына байланысты тұрғындардың өмір сүру жағдайларын толық қамтамасыз ете алмаған. Сондай-ақ астықты облыстарға бір тәулікте жеткізуге арналған шұғыл іс-шаралар жүйенің жеткіліксіздігін және азық-түлік дағдарысының әлі де сақталғанын көрсетеді.

Қарағанды өңіріндегі аудандарда ашаршылық кезінде көрсетілген азық-түлік және мал көмегінің нақты көлемін айқын көрсетіп, халықты қолдаудың практикалық механизмдерін түсінуге Қу ауданы Едірей колхозының тумасы Қ. Мұстафиннің естелігі мүмкіндік береді: «Қарағандыдан «Продпомощь» келеді де, сол ауылға жеткізіліп тамақ беріледі. Біздің отбасымыздағы төрт жанға бір күнге берілетін азық 500 грамм қара тары болатын. Осылайша ел қалт-құлт етіп күнін көріп жатты. 1934 ж. азын-аулақ мал әкеліп, халыққа таратылды. Негізінен ел аш болғанымен өлім тиылды » [264, б.1].

1930- жылдардағы ашаршылық пен індеттің күшеюі жағдайында аштықпен күресу мақсатында қазақ зиялылары мен партиялық-мемлекеттік қызметкерлері қалыптасқан дағдарыстың зардаптарын жеңілдетуге бағытталған бірқатар қадамдар жасады. 1932 ж. Өлкелік комитет басшысы Ф. Голощекинге жолданған «Бесеудің хаты» сол кезеңдегі саяси үнқатудың маңызды үлгісіне айналды. Құжат Қазақстан өлке басшылығына жолданып, оған қол қойғандардың қатарында көрнекті жазушы Ғ. Мүсірепов болды. Хат авторлары ұжымдастыру барысында еріктілік қағидатының сақталмағанын, дәстүрлі шаруашылық құрылымының ерекшеліктері ескерілмегенін, мал шаруашылығының күйреуі ауыл халқын жаппай күйзеліске ұшыратқанын атап көрсетті. Олар партиялық тәртіп шеңберінде сөйлегенімен, көтерілген мәселелер ресми билік тарапынан «ұлтшылдық» сипаттағы сын ретінде бағаланып, авторларға саяси қысым жасалды [357].

Сонымен қатар республикадағы ауыр ахуалды одақтық орталыққа жеткізуге бағытталған жеке бастамалар да көрініс тапты. 1933 ж. наурызында Т. Рысқұлов И. В. Сталинге жолдаған хатында аштықтың ауқымын, халық санының күрт азаюын және қазақтардың республикадан тыс өңірлерге жаппай көшуін нақты деректермен сипаттап, жағдайға араласуды және шұғыл көмек көрсетуді сұрады. Бұл құжат демографиялық апаттың шынайы көрінісін жоғарғы билікке жеткізуге бағытталған әрекет болды [358, б.275-276].

Ашаршылық салдарын еңсеру бағытындағы институционалдық шаралар қатарында Н. Нұрмақовтың қызметі айрықша маңызды болды. Н. Нұрмақов БОАК құрылымындағы қызметтік мүмкіндіктерін пайдаланып, Қазақстаннан тыс аймақтарға көшкен қазақ босқындарының санын анықтау, олардың құқықтық мәртебесін айқындау және материалдық көмек ұйымдастыру мәселесін көтерді. 1932 ж. ол БОАК төрағасы М.И. Калининге жолдаған хатында босқындарға жедел қолдау көрсету қажеттігін негіздеп, көші-қонның шынайы себептерін ашық көрсетуге тырысты. Оның бастамасымен босқындардың, әсіресе жетім балаларды орналастыру, әлеуметтік қамсыздандырылуына қатысты шешімдер қабылданып, оларға медициналық көмек көрсету және еңбекке бейімдеу шаралары қарастырылды [359, б.29-31].

Осылайша, қазақ зиялыларының ашаршылық жылдарындағы әрекеттері екі бағытта өрбіді: бір жағынан, жүргізіліп отырған саясаттың зардаптарын сынап, оны түзетуге шақырған саяси үнқатулар жасалса, екінші жағынан, босқындар мен аштықтан жапа шеккен халыққа нақты әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған ұйымдастырушылық шаралар жүзеге асырылды. Бұл қадамдар мүмкіндіктері шектеулі болғанына қарамастан, ұлттық элитаның қоғамдық жауапкершілігін және гуманитарлық апатты еңсеруге ұмтылысын айқын көрсетті.

Ашаршылық салдарын еңсеру мақсатында зиялы қауым өкілдерінен бастап қарапайым ауыл азаматтары тарапынан да көмек сұралған. С.О. Смағұлова: «қарапайым шаруаның арызы жоғары жаққа жетпей, жарты жолды құзырлы органдардың қолына түсіп, құпия жәшікке жасырылған. Бұл хаттарда жаппай өлім-жітім мен жұқпалы аурулардың таралуы ғана емес, сонымен қатар жағдайды тұрақтандыруға бағытталған нақты ұсыныстар – азық-түлік көмегін көрсету, салық және дайындау саясатын жеңілдету, халықтың шаруашылық белсенділігін қалпына келтіру шаралары да қамтылған» [360]. Зерттеушінің пікірінше, басқарушылық шешімдердің кеш қабылдануы мен олардың шектеулі сипаты бастамалардың тиімділігін төмендеткен.

1930-1933 жж. ашаршылық салдарын жою шараларын зерттеуде куәгерлердің естеліктері маңызды дерек көзі болып табылады. Солардың бірі – 1934 жылы С.М. Кировтың Орталық Қазақстанға сапары кезінде аудармашы болған К.П. Ботовтың естеліктері (Қосымша С). Естеліктегі мәліметтерге қарағанда, «Пролетарий» және «Возрождение» колхоздарына тұқым қорының белгіленген мөлшерден артық жеткізілуі кеңестік биліктің ауыл шаруашылығын қалпына келтіру және егіс науқанын жандандыру бағытындағы шараларын көрсетеді. Сонымен қатар, партия басшыларының өңірлерге жасаған сапарлары жергілікті халыққа мемлекеттік қолдау көрсетіліп жатқанын танытуға бағытталды. Осы тұрғыдан К.П. Ботовтың естеліктері ашаршылықтан кейінгі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтандыру шараларын сипаттайтын тарихи дерек болып табылады.

Сонымен, Қазақстанда азық-түлік тапшылығынан зардап шеккен аса мұқтаж шаруашылықтарға, аштықтан босып кеткендерге, колхоздарға мардымсыз болса да үкімет тарапынан көмек көрсету шаралары қабылданды. Алайда, *біріншіден*, көмек кеш көрсетілді, көмек шаралары қабылданған кезде қазақ ауылдарында аштық шырқау шегіне жетіп, шаруашылықтар күйреп, халық аштан өліп, аман қалғандары босып кетіп жатты. *Екіншіден*, көрсетілген азық-түлік көмегінің мөлшері жеткіліксіз болды. *Үшіншіден*, көмек мөлшері әр шаруашылықтарда әртүрлі болып, кейде көрсетілген көмек кешігіп немесе мақсатқа лайық жұмсалмады. *Төртіншіден*, қазақ ауылдарында орын алған жағдайды түзету мүмкін болмады.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Диссертациялық зерттеудің теориялық-методологиялық негіздері шетелдік, отандық зерттеушілердің тұжырымдарына сүйенеді. Шетелдік, отандық авторлардың ашаршылық тарихын зерттеудегі теориялық-методологиялық ұстанымдары негізінде ашаршылықтың алғышарттары, туындау себептері және оның салдарының аймақтық ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

2. Теориялық-методологиялық және тұжырымдамалық әдіс-тәсілдерге, қолданылған деректердің ерекшеліктеріне, қарастырылатын проблемалардың шеңбері мен тереңдігіне байланысты және осыған дейінгі жарыққа шыққан зерттеулер кешені негізінде проблеманың тарихнамасы үш топқа: *1) шетелдік; 2) кеңестік (ҚазақКСР зерттеушілері еңбектері); 3) қазіргі отандық (1991 жылдан бастап жарияланған отандық зерттеушілердің еңбектері)* жіктеліп, әр топтағы зерттеулер кезеңдерге бөліп көрсетілді. Тарихнамада ашаршылық тарихын зерттеу әр кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдай, идеологияға, архив құжаттарының қолжетімділігіне байланысты болды.

3. Диссертациялық зерттеуде деректердің ауқымды қоры пайдаланылды: олардың ішінде бұған дейінгі жарияланған және ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген аудандық архив материалдарын құрайды. Архив қорлары материалдарын пайдалану Орталық Қазақстандағы 1930-жылдардағы ашаршылық тарихы мәселесін өңірлік аспектіде тереңірек зерттеуге мүмкіндік берді. Қолданылған деректер кешені 7 топқа бөлінді: орталық және жергілікті билік органдарының нормативтік-құқықтық құжаттары; іс жүргізу құжаттары; мерзімді баспасөз; статистикалық деректер; естелік, мемуарлық материалдар сияқты жеке тектік деректер, сұхбат материалдары, жеке отбасылық фотоальбомдардан алынған фотоматериалдар. Ашаршылық тарихын зерттеуде дереккөздерге сыни тұрғыдан қарау керек. Себебі, бұл кезеңдегі құжаттар мазмұны мен жасалу жағдайына байланысты біркелкі емес. Архив құжаттарының басым бөлігі кеңестік мемлекеттік және партиялық органдардың іс қағаз құжататтарынан тұрады. Сондықтан оларда сол дәуірдің идеологиялық ықпалы байқалады. Құжаттарда ашаршылықтың шынайы ауқымын толық көрсетпеу, жұмсартып беру жағдайлары кездеседі. Статистикалық деректер де әрдайым сенімді бола бермейді, себебі олардың бір бөлігі толық сақталмаған немесе белгілі бір деңгейде өңделген болуы ықтимал. Естеліктер, жеке тектік деректер оқиғаны тереңірек түсінуге көмектескенімен, олар авторлардың жеке тәжірибесі мен көзқарасына тәуелді. Сонымен қатар құжаттардың әртүрлі жазу үлгісінде (төте, латын) берілуі мен күрделі терминдердің қолданылуы да зерттеу барысында қосымша қиындықтар туғызады. Сондықтан осындай әртүрлі деректерді салыстыра қарастыру ғана ашаршылықтың себептері мен салдарын шынайырақ түсінуге мүмкіндік береді.

4. Астық және мал, ет дайындау науқандары бойынша Орталық Қазақстан аудандарына шамадан тыс жоспар берліуі экономикалық, әлеуметтік және демографиялық дағдарыстарға әкелді. Жоспарлардың жүзеге асырылуы көбіне

аймақтық ерекшеліктерді ескерместен жүргізілгендіктен, ауыл халқының негізгі өмірлік қорлары сарқылып, мал шаруашылығы құлдырап, ашаршылыққа жағдай жасалды. Сонымен қатар, жергілікті биліктің қатаң әкімшілік шаралары мен индустриализация мақсатындағы басымдықтар халықтың ауыр жағдайын одан әрі күшейтті, бұл оқиғаларды кешенді тарихи тұрғыдан бағалаудың маңыздылығын айқын көрсетеді.

5. Қазақстанда конструктивті аграрлық саясатты іздеу әрекеттері байлар мен кулактарды «қоғамның жауы» ретінде жоюға бағытталған тәркілеу науқанына, мал-мүлікті тәркілеу, саяси қуғын-сүргін, тұтқындау, соттау және жер аудару сияқты репрессивтік шараларға айналды. Орталық Қазақстан өңірінде науқан барысында жеке меншік құқықтары шектелді, дәстүрлі әлеуметтік құрылымдар жойылды, адамдар арасындағы өзара әрекеттесудің этикалық нормалары бұзылды, репрессиялық билік күшейе түсті. Жоспарды орындау мақсатында тек ауқатты шаруа қожалықтары ғана емес, орта және әлсіз шаруашылықтар да тәркілеуге жатты. Ауқымды мәжбүрлеу шаралары аймақтың ауыл шаруашылығының жойылуына әкеліп соқтырды және 1930 жылдардағы гуманитарлық апаттың негізгі себептерінің бірі болды.

6. Орталық Қазақстанда ұжымдастыру және отырықшылыққа көшіру саясаты жоспарлы көрсеткіштерді жүйелі түрде асыра орындай отырып, мәжбүрлі, үдемелі сипатта жүргізілді. Үдерістер ұйымдастырушылық қателіктермен, табиғи-экономикалық жағдайларды елемеумен және материалдық-техникалық базаның болмауымен қатар жүрді, бұл халықты колхоздарға мәжбүрлеп тартуға және жергілікті жерлерде уәкілдердің билігін асыра пайдалануға әкелді. Нәтижесінде дәстүрлі экономикалық жүйе жойылды, азық-түлік дағдарысы және әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздық пайда болды, бұл 1930-жылдардағы ашаршылықтың негізгі себептерінің бірі болды.

7. Орталық Қазақстандағы ашаршылық кезең-кезеңмен өрістеді: 1930–1931 жж. басындағы жергілікті көріністерден бастап 1931-1932 жж. ортасындағы жаппай өлім-жітіммен, эпидемиямен және көші-қонмен апатты шыңға дейін, содан кейін 1932-1933 жж. біртіндеп құлдырау, ұзақ демографиялық және әлеуметтік салдармен бірге жүрді. Архив материалдары 1932 ж. ортасына қарай ашаршылық республиканың барлық аумағын қамтығанын дәлелдейді. Орталық Қазақстан өңірінде көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығының жойылуы және азық-түлік базасының жойылуы салдарынан ең көп зардап шеккен аймақтардың бірі болғанын айғақтайды. Аштық ауқымы қаладан гөрі ауылдық жерлерде, әсіресе Нұра, Жаңаарқа, Абыралы, Қу, Шет аудандарында орасан зор болды. Халықтың өмір сүру стратегиялары – ресурстарды рационалды пайдалануынан бастап экстремалды мінез-құлық формаларына дейін – дағдарыстың өңірлік ерекшеліктері мен аштықтың әлеуметтік әсерін айқын көрсетті.

8. 1930 жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылықтың экономикалық салдары дәстүрлі шаруашылық жүйенің күштеп өзгеруіне және аграрлық саясаттағы құрылымдық сәйкессіздіктерге байланысты болды. Жайылымдық және шабындық алқаптардың азаюы есебінен егіншіліктің басым

дамуы мал шаруашылығының жемдік базасына нұқсан келтірді, бұл оның өнімділігінің күрт төмендеуіне және бірқатар аудандарда мал басының апатты азаюына әкелді (Қарқаралы, Шет, Абыралы т.б).

Мал шаруашылығының жойылуы шаруашылықтардың қысқаруына және халықтың, негізінен ішкі және шекара маңындағы аймақтарға жаппай мәжбүрлі көші-қонына әкелді, бұл дағдарыстың жүйелі сипатын көрсетеді. Демографиялық шығындар айтарлықтай болды: қазақ халқының саны күрт азайды, жас-жыныстық құрылымы деформацияланды, ұзақ мерзімді демографиялық диспропорциялар қалыптасты.

Экономикалық күйреу әлеуметтік тұрақсыздықпен қатар жүрді: дәстүрлі байланыстардың бұзылуы, панасыз балалар санының өсуі, халық жойылған көшпелі жүйе мен қалыптаспаған кеңестік модель арасында қалды. Жалпы, дағдарыс экономикалық, демографиялық және әлеуметтік-мәдени салаларға әсер етіп, терең және ұзақ мерзімді моральдық-психологиялық салдарға әкеп соқтыратын кешенді сипатта болды. Әсіресе, ашаршылықтың моральдық зардаптарының орны толмайды.

9. Қазақстандағы ашаршылық салдарын еңсеру жөніндегі мемлекеттік саясат кеш қалыптасты және шектеулі сипатта болды. Биліктің азық-түлік дағдарысының ауқымы туралы хабардар болуына қарамастан, саяси-экономикалық науқандардың орындалуында басымдық берілді, бұл жағдайдың одан әрі нашарлауына, өлім-жітімнің өсуіне және халықтың мәжбүрлі көші-қонына ықпал етті. Тек, 1932 жылдан бастап Орталық басшылық жаппай аштық фактісін мойындауға және азық-түлікпен қамтамасыз ету, жеңілдіктер беру және ауыл шаруашылығын қалпына келтіруді қоса алғанда, көмек көрсету шараларын қабылдауға мәжбүр болды. Алайда, жүзеге асырылған шаралар жүйесіз, біркелкі емес және кеш болды, ал олардың көлемі дағдарыс ауқымына сәйкес келмеді. Архив материалдары көмекті мақсатсыз пайдалану жағдайларын және оның ресми сипатын көрсетеді. Қазақ зиялыларының бір бөлігі мен жергілікті аппарат өкілдерінің апатқа назар аудару әрекеттері көбінесе «ұлтшылдық ауытқулар» ретінде бағаланды. Жалпы, мемлекеттік көмек жеткіліксіз болып, бастапқы кезде аштықтың салдарын айтарлықтай жеңілдете алмады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Тоқаев Қ. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. https://egemen.kz/article/260146-tauelsizdik-barinen-qymbat. 14.12.2025.

2 Маггеридж М. Хроника загубленного времени //Отечественные записки. – 2013. – №6. https://strana-oz.ru/2013/6/hroniki-zagublennogo-vremeni.

3 От небесных гор до Красных песков: Путешествие Эллы Майяр в Туркестан в 1932 году. https://fergananews.com/articles/6453. 14.12.2025.

4 Из документации международного союза против III Интернационала (международная Антанта) о голоде в СССР за июль-август 1933 г. 1 сентября 1933 г. https://istmat.org/node/43600. 14.12.2025.

5 Аяған Б.Ғ. Ашаршылық ақиқатына жаңаша көзқарас // Мемлекет тарихы. – 2012. – №2. – Б.9-16.

6 Крестьянство Казахстана в послевоенное десятилетие: социальная трансформация и повседневность / под. общей ред. Козыбаевой М.М. – Алматы: ИП «Мадияр», 2022. – 336 с.

7 Dalrymple D. The Soviet famine of 1932–1934; some further references. – https://www.tandfonline.com/doi/epdf/10.1080/09668136508410434?needAccess=true. 14.12.2025.

8 Olcott M. The Collectivization Drive in Kazakhstan // The Russian Review. – 1981. - Vol. 40, № 2. - P. 122–42. https://www.jstor.org /stable/ 129204?origin=crossref. 14.12.2025.

9 Конквест Р. Жатва скорби: советская коллективизация и террор голодом/ Пер. с англ. Коэн И., Май Н. Под. ред. Хейфедца. – http://sd-inform.org/upload/books/Antitotalitarism/Repressii/zhatva_skorbi_.pdf. 14.12.2025.

10 Viola L. The Best Sons of the Fatherland: Workers in the Vanguard of Soviet Collectivization. – New York, 1987. – 255 p.

11 Фицпатрик Ш. Сталинские крестьяне. Социальная история Советской России в 30-е годы: деревня. / пер. с англ. – М.:«Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001 – 422 с.

12 Фицпатрик Ш. Повседневный сталинизм. Социальная история Советской России в 30-е годы: город / пер. с англ. Л.Ю. Пантиной.–М.: РОССПЭН, 2008. – 336 с.

13 Hiroshi Okuda Revolution on the Volga: the Soviet Countryside under Stalinist Rule 1929 – 1934, Tokyo.: University Press, 1996. – 197 p.

14 Ким Чан Чжин. Государственная власть и кооперативное движение в России (СССР). 1905 – 1930. М.: Институт российской истории РАН, 1996. – 251 с.

15 Огайон И. Седентаризация казахов СССР при Сталине. Коллективизация и социальные изменения (1928–1945 гг.). - Алма-Ата: Санат, 2009. - 368 с.

16 Дэвис Р. Годы голода. Сельское хозяйство СССР. 1931–1933. – М., 2011. - 543 с.

17 Пьянчола Н. Казахские пастухи между коллективизацией и голодом. В книге: Казахстан и Россия: общество и государство. –М.: Права человека, 2004. –552 с.

18 Пианчола Н. Европейская и американская историография о великом голоде в Казахстане//Отан тарихы. –2015, №2 (70). – С. 100-125.

19 Пианчола Н. Сталинская «иерархия потребления» и великий голод. https://www.academia.edu/37560126/.21.01.2024.

20 Пианчоло Н. Великий голод в Казахстане: контекстуализация, сравнение, концептуализации – https://us02web.zoom.us/j. 14.12.2025.

21 Киндлер Р. Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық./ауд. Ө. Ахмет. – Астана: Фолиант, 2023.– 432 б. Сталинские кочевники: власть и голод в Казахстане / Р. Киндлер. - М.: Полит. энцикл., 2017. - 382 с.

22 Камерон С. Аштық жайлаған дала. Ашаршылық, озбырлық және кеңестік Қазақстанды орнату. – Алматы, 2023. – 304 б.

23 Таугер М. Голод, голодомор, Геноцид. https://istmat.org/files /uploads/66067/tauger.pdf. 14.11.2025.

24 Мартин Т. Империя «положительной деятельности». Нации и национализм в СССР, 1923-1939. / Пер. с англ. О.Р. Щелоковой.– М., РОССПЭН, 2011. – 855 с.

25 Грациози А. Великая крестьянская война в СССР. Большевики и крестьяне. 1917-1933. – М., РОССПЭН, 2001. – 96 с.

26 Payne M. Seeing like a Soviet State: Settlement of Nomadic Kazakhs, 1928–1934 – https://www.researchgate.net/. 20.11.2025.

27 Thomas A. Kazakh Nomads and the New Soviet State, 1919-1934. https://etheses.whiterose.ac.uk/.21.01.2024

28 Kaşıkçı M. Making Sense of Catastrophe: Experiencing and Remembering the Kazakh Famine in a Comparative Context// https://www.academia.edu/109690758/.21.02.2025.

29 Зеленин И. Е. Сталинская «революция сверху» после «великого перелома». 1930 – 1939: политика, осуществление, результаты.– М.: Наука, 2006. – 315 с.

30 Данилов В.П. Коллективизация сельского хозяйства в СССР // История СССР. – 1990. – №5. С. 7-30.

31 Ивницкий Н.А. Голод 1932-1933 годов в СССР: Украина, Казахстана, Северный Кавказ, Поволжье, Центрально-Черноземная область, Западная Сибирь, Урал. – Москва: Собрание, 2009. – 288 с.

32 Кондрашин В.В. Голод 1932-1933 годов: трагедия российской деревни. – М., 2018. – 566 с.

33 Кондрашин В.В. Голод 1932-1933 годов – общая трагедия народов СССР//Известия Пензенского государственного педагогического университета. Гуманитарные науки. –2009. -№11 (15). – С. 117-120.

34 Корнилов Г. Е. Голод в Казахской АССР в 1930-е годы: историографический дрейф // Новейшая история России. –2023. - Т. 13, № 1. - С. 99–121. https://doi.org/10.21638/spbu24.2023.107.

35 Козлов А.Б. Раскулачивание в Казахстане: специфика, последствия (1929-1933 гг.): www.gramota.net/materials/3/2014/5-1/33.html. 20.11.2025.

36 Козлов А.Б. Сплошная коллективизация в зерновых районах Казахстана (1929-1932 гг.) www.gramota.net/materials/3/2014/1-1/24.html. 20.11.2025.

37 Козлов А.Б. Демографический кризис в Казахстане 1932-1933 гг.: уроки истории и вызовы современности https://cyberleninka.ru/article/n/demograficheskiy-krizis-v-kazahstane-1932-1933-gg-uroki-istorii-i-vyzovy-sovremennosti/viewer. 20.11.2025.

38 Грозин А. Голод 1932-1933 гг. В Казахстане:феномен мифологизации истории как составная часть глобальной информационной войны // Постсоветский материк. –2017. –№1 (13). – С. 107-125.

39 Грозин А. Голод 1932–1933 годов и политика памяти в Республике Казахстан // Институт востоковедения РАН. – М.: ИВ РАН, 2014. – 178 с.

40 Синицын Ф. Советское государство и кочевники. История, политика, население. 1917- 1991. – М.: Центрполиграф, 2019. – 318 с.

41 Вехотуров Д. Ашаршылык. Великий голод в Казахстане 1932-1933 годов. https://www.litres.ru/book/dmitriy-verhoturov/asharshylyk-istoriya-velikogo-goloda-26122112/chitat-onlayn/. 20.11.2025.

42 Вехотуров Д. Казахский геноцид которого не было. – М., 2021. – 224с.

43 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939. Документы и материалы. В 5-ти тт./ под редакцией В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М.: «Российская политическая энциклопедия», 1999. – 880 с.

44 Голод в СССР. 1929-1934. В 3 т. Т.1 1929- июль 1932. В 2 кн./ Отв. сост. В.В. Кондрашин. – М.: МДФ, 2011. –656 с.

45 Советская деревня глазами ВЧК–ОГПУ–НКВД. 1918-1939. Документы и материалы. В 4-х т. / Под ред. А.Береловича, В.Данилова. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2000. – 1168 с.

46 «Первая заповедь»: Хлебозаготовки в СССР. 1931-1932. / Отв. составитель В.В. Кондрашин. – М.: МФД, 2016. – 784 с.

47 Кульчицький С. В. Голодомор 1932–1933 рр. як геноцид: труднощі усвідомлення. – Київ: Наш час, 2008. – 424 с.

48 Кузовова Н.М. Українці в казахстані під час колективізації, розкуркулювання та голодомору 1932–1933 років.//Південий архів. Історичні науки. -2024. - №48. -С. 10-22. https://pahs.journal.kspu.edu/. 20.11.2025.

49 Charles McGrath, Nygmet Ibadildin Kazakh Famine 1928-1932 // Ukrainian Policymaker, Volume 2, 2018. С. 12-19. https://www.researchgate.ne. 20.11.2025.

50 Сергейчук В.И. Голодомор в Украине и Казахстане: общие черты и различия крупнейшей трагедии двух народов // Сборник материалов

международной научной конференции «Великий голод в Казахстане: трагедия нации и уроки истории».– Астана, 2012. С. 309-319.

51 Огийенко В. Голодомор: трагедія казахського народу. https://zbruc.eu/node/117147. 20.12.2025.

52 Курманов З.К. Из истории дружбы и братства: борьба с казахским «ашаршылыком» в Кыргызстане. // Вестник КРСУ. 2021. – Т.2. - С. 181-189.

53 Батырбаева Ш.Д. Демографические потери киргизского населения в годы голода в начале 30-х годов XX в. Известия Томского политехнического университета. –2004.- Т. 307. № 6. С. 172 –173 с.

54 Битикчи Э. Голод 1930-х годов: казахские беженцы и Киргизская АССР. – https:// kghistory.akipress.org/unews/un_post:9712.

55 Zhumalieva V. «History of hunger: the past in the horizon of human research». – https://nomadit.co.uk/conference/cess2022/paper/67167. 20.11.2025.

56 Қозоғистондаги очарчилик. Фактлар (1932–1933 йиллар. https://tavorix.islamonline.uz/. 20.11.2025

57 История Всесоюзной Коммунистической Партии (большевиков). Краткий курс. – М., 1938. – 353 с.

58 Трапезников С.П. Борьба партии большевиков за коллективизацию сельского хозяйства в первой сталинской пятилетке. – М., 1951. – 264 с.

59 Абрамов Б.А. Партия большевиков – организатор борьбы за ликивидацию кулачества как класса. – М. 1952. – 136 с.

60 Очерки истории коллективизации сельского хозяйства в союзных республиках. // Под ред. В.П. Данилова.– М., 1963. – 560 с.

61 Зеленин И.Е. Колхозное строительство в СССР в 1931-1932 гг. // История СССР. 1960. – №6.

62 Мошков Ю.А. Зерновая проблема в годы сполшной коллективизации сельсвкого хозяйства СССР (1929-1932 гг.) – М., 1966. – 231 с.

63 Советское крестьянство. Краткий очерк истории (1917-1969). – М., 1970. – 276 с.

64 Нейштадт С. А. Социалистическое преобразование экономики Казахской ССР в 1917-1937 годах (от докапиталистических отношений к социализму, минуя капитализм). – Алматы, 1954. – 351 с.

65 Шаумян М.Х. От кочевья к социализму. – Алма-ата: Казахстан, 1965. – 200 с.

66 Турсунбаев А. Б. Победа колхозного строя в Казахстане. –Алма-Ата. Казгосиздат, 1957. – 326 с.

67 Дахшлейгер Г. Ф. Социально-экономические преобразования в ауле и деревне Казахстана (1921-1929 гг.). Алма-Ата: Наука, 1965. –536 с.

68 Нусупбеков А.Н. Формирование и развитие советского рабочего класса в казахстане (1917-1940 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1966. – 245 с.

69 Развитие народного хозяйства Казахстана за 50 лет Советской власти. – Алма-ата: Наука, 1967. – 463 с.

70 Баишев С.Б. Очерки экономической истории Казахской ССР (1860-1970 гг. –Алматы: Казахстан,1974. – 360 с.

71 Григорьев В.К. Разгром мелкобуржуазной контреволюции в Казахстане (1920-1922 гг.) – Алма-ата: Казахстан, 1984. – 176 с.

72 Дахшлейгер Г. Ф., Нурпеисов К. Н. История крестьянства Советского Казахстана. –Алма-Ата, 1985. Т. 1. –247 с.

73 История советского крестьянства / отв. ред. И.Е. Зеленин. - М.: Наука, 1986. – Т.2. - 488 с.

74 Горбачев М.С. Об агараной политике КПСС в современных условиях. Доклад Генерального секретаря ЦК КПСС М.С Горбачева 15 марта 1989 г. // Материалы пленума Центрального комитета КПСС. 15-16 марта 1989. – 41 с.

75 Данилов В.П. Дисскуссия в западной прессе о голоде 1932-1933 гг. и «демографической катастрофе» 30-40-х гг. в СССР // Вопросы истории. –1988. №3. – С. 121.

76 Жиромская В.Б. Всесоюзные переписи населения 1926, 1937,1939 годов: История подготовки и проведения // История СССР. –1990. –№4.– С. 84-104.

77 Коллективизация в Казахстане и республиках Средней Азии: опыт и уроки. – Алма-ата, 1990. – 180 с.

78 Абылхожин Ж. Казахстанская трагедия / Ж. Абылхожин, М. Татимов, М. Козыбаев // Вопросы истории. –1989. – № 7. – С. 53-71.

79 История Казахстана:белые пятна. Сост. Ж.Б. Абылхожин. – Алмат-ата: Казахстан, 1991. – 348 с.

80 Қозыбаев М., Абылхожин Ж., Алдажұманов Қ. Коллективизация в Казахстане:трагедия крестьянства. – Алматы, 1992. – 36 с.

81 Омарбеков Т. Зобалаң (күштеп ұжымдастыруға қарсылық): Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1994. – 272 б.

82 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат. 1997. – 320 бет.

83 Жакишева С. А. Элиминация байский хозяйств в Казахстане на рубеже 20-30-х гг. XX в.: новые подходы, методы и технологии. – Алматы: Қазақ университеты, 2021. – 222 с.

84 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.31. Жакишева С.А. Конфискация байских хозяйств в Казахстане на рубеже 20-30-х гг. XX века./ Под общ. ред. Е.Т. Карина. –Астана, 2022. – 176 с.

85 Смағұлова С. Зұлмат жылдар зардабы: 1931–1933 жж. - Астана, 2024. – 256 б.

86 Құдайбергенова А.И. Қазақстанның XX ғасырдың 20-40 жылдардағы демографиялық тарихы. – Алматы, 2023. -320 б.

87 Алексеенко А. Н. Голод начала 30-х годов в Казахстане: (методика определения числа пострадавших) // Историческая демография: новые подходы,методы, источники. – М.,1992. – С. 76-78.

88 Алексеенко А. Н. Население Казахстана (1920-1990гг.) / А.Н. Алексеенко. – Алматы:Ғылым, 1993 – 126 с.

89 Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980). – Алма-ата; Ғылым, 1991. – 192 с.

90 Козина В.В. Население Центрального Казахстана (конец XIX в. -30-е годы XX в.). – Алматы: Өркениет, 2000. – 144 с.

91 Абылхожин Ж.Б. Традиционная структура Казахстана социально-экономические аспекты функционирования и трансформации (1920-1930-е годы). – Алматы, 1991. – 240 с.

92 Абылхожин Ж.Б. Очерки социально-экономической истории Казахстана. XX век. – Алматы, Университет Туран, 1997. – 360 с.

93 Малышева М. П., Познанский В. С. Казахи-беженцы от голода в Западной Сибири (1931-1934).– Алматы: Гылым, 1999 – 536 с.

94 Алибеков С.Н. Аграрные преобразования в Казахстане в 20-е гг.: исторический опыт и уроки: дис....канд.истор. наук. –Алматы, 1992. –144 с.

95 Қозыбақова Ф. Қазақстан ауыл шаруашылығындағы «қанаушы таптарды» және жекешелер қожалықтарын жою: тарихы және салдарлары (1926-1933): автореф. канд. истор. наук. –Алматы: КазНУ им. Аль-Фараби, 1997. – 26 с.

96 Жакишева С. Баи-полуфеодалы в Казахстане на рубеже 20-30-х гг. XX в.: исторический анализ проблемы: дис. канд.истор. наук. –Алматы, 1996. –194 с.

97 Жұмагулов Б. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты және адай көтерілісі (1922-1933 жж.): тарих ғылым. канд. автореф.- Алматы, 1999. –26 б.

98 Танатарова Ж. Қазақ шаруаларын зорлап отырықшыландыру және босқындарды шаруашылықтың орналастыру (Батыс Қазақстанның және оған көрші аймақтардың материалдары негізінде 1930-1937): тарих ғылым канд. автореф. - Алматы, 1999. –29 б.

99 Ескендиров М. Восточный Казахстан в годы силовой модернизации (1926-1939 гг.): дис.. канд. истор. наук. - Алматы, 2001. – 128 с.

100 Нурбетова Г. История идейно-политического и агитационно пропагандистского обеспечения основных хозяйственно-политических кампаний тоталитарного советского режима в Казахстане (1925-1933 гг.): дис. канд. истор. наук. - Алматы, 2001. –140 с.

101 Сантаева К. Қазақтың дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі және оның ауыр салдарлары (Оңтүстік Қазақстан материалдары негізінде 1925- 1935 жж.): тарих.ғ.к. дис. - Алматы: КазНУ им. Аль-Фараби, 2001. –172 б.

102 Айкөзов С. XX ғ. 20-30 жж. оңтүстік және оңтүстік-шығыс Қазақстандағы ауылшаруашылық серіктестері мен бірлестіктері: Дис. тарих ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған дис. – Алматы, 2001. – 178 б.

103 Стамшалов Е. Қазақстанның оңтүстік-шығыс өңіріндегі босқыншылық: тарихы мен тағылымы (1918-1936 жылдар). https://farabi.university/storage /files/270975838369117d26690ba147836193_Диссертация_Стамшалов%20ЕИ_.pdf. 20.03.2026.

104 Нәубет: Публицистикалық ой-толғаулар. / Құраст. З. Қыстаубаев. – Алматы:Жалын, 1990. – 448 б.

105 Зауал: Мақалалар, естеліктер / Құрастырған: Б. Қойшыбаев.– Алматы: Жазушы, 1991.– 272 б.

106 Қызылдар қырғыны / Құраст.З.Қыстаубаев, Б.Хабдина. – Алматы : Өнер, 1992. – 256 б.

107 Михайлов В. Хроника великого джута / В. Михайлов. - 2-е изд, перераб.и доп. - Алматы: Жалын, 1996. – 400 с.

108 Өмірбек Ж. Қызыл қырғын. – Астана, 2001. – 236 б.

109 Мұхатова О. Қазақстандағы XX ғасырдың 20-90 жылдарындағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 177 б.

110 Таңатарова Ж.Т. Қазақстанның Батыс аймағындағы күштеп отырықшыландыру және оның ауыр зардаптары (1930-1937). – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 186 б.

111 Артықбаев Ж., Жакин М.С. Шет өңірінің тарихы. – Қарағанды. ҚарМУ баспасы, 1998. – 275 б.

112 Аланиязов Т.К., Таукенов А.С. Шетская трагедия Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930-1931 гг. – Алматы: Фонд «XXI век», 2000. – 164 с.

113 Аланиязов Т. «Коллективизация по-карсакпайский» 1928-1933 гг. Учебное пособие. – Алматы, 2001. – 232 с.

114 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане в 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов. – Алматы; Фонд «XXI век», 1998. – 263 с.

115 Под грифом секретности. Откочевки казахов в Китай в период коллективзации. Рэмиграция. 1928-1957 гг. Сборник документов. – Усть-Каменогорск, 1998. – 100 с.

116 Гонимые голодом. Сборник документов./сост. Сыдыков Е.Б. – Семей, 2010. – 693 с.

117 Трагедия казахского аула. 1928-1934.: Сборник документов./Сост. А.К.Зулкашева, Г.Т. Исахан, Г.М. Картаева. 1928 - 1929. – Алматы: Раритет, 2013. – Т. 1. - 744 с.

118 Трагедия казахского аула. 1928-1934.: Сборник документов/Сост. А.К.Зулкашева, Г.Т. Исахан, Г.М. Картаева. Т. 2. 1929 - январь 1932. – Алматы: Раритет, 2018. – 744 с.

119 Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.1. 1928-1929 / Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, Атамұра, 2021. – 920 с.

120 Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.2.: 1932-1934 / Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, Атамұра, 2021. – 1240 с.

121 Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Документальная хроника. Сб.док. Т.3.: 1932-1934 / Отв.редактор Б. Әбдіғалиұлы. – Алматы, Атамұра, 2021. – 1028 с.

122 Совершенно секретно: рассекреченные нормативные правовые акты и документы. Сб. Док. / под общ. ред. К.Е. Кушербаева. – Нур-Султан, 2021. - Т.1. - 622 с.

123 Ликвидация баев и кулаков в Казахстане в конце 1920-х – начале 1930-х гг. Сборник документов Сост. З.Е. Кабульдинов, М.Р. Сатенова, А.М. Абикей. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2021. – Т.2. - 548 с.

124 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.19. Ақмола облысындағы саяси қуғын-сүргін тарихы: құжаттар мен деректер негізінде құраст.: А. Т. Шукеева және т.б. – Астана, 2022.– 279 б.

125 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.23 Ақмола өңірі – архив құжаттарында. 1920-40 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құраст. Ғ.Т. Исахан, К.М. Ильясова, Қ.Ғ. Дәренов. – Астана, 2022. – 352 б.

126 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.32 Политические репрессии в Северо-Казахстанской области. Сост. С.З. Маликова, А.Г. Ибраева, Н.А. Абуев, З.К. Картова и др. – Астана, 2022. – 384 б.

127 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.17 Политические репрессии в Павлодарском регионе: тагедия народа. Сост. А.С. Аманова, К.И. Дощанова и др. – Астана, 2022. – 336 б.

128 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары. Т. 20: Абай облысында кеңестік қуғын-сүргін зобалаңы. Құраст: М.И. Перебеева, М.С Жумадилова т.б. – Астана, 2022. – 416 б.

129 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.22. Неизвестные страницы истории Семипалатинского Прииртышья. Сборник документов и материалов. Сост. Перебеева М.И., Жумадилова М.С, Кадырова Л.К. и др. – Астана, 2022. – 384 б.

130 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50-шы жылдары). Т.28. Орал, Бөкей губернияларындағы ашаршылық. Құраст. Б.С. Боранбаева, Ж. Сафуллин, С. Алгалиев т.б. – Астана, 2022. – 352 б

131 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) Т. 33. Архив құжаттарындағы Түркістан облысының шерлі тарихы. 1918-1954 жж. Құраст.: Х. Тұрсын ж. т.б.- Астана, 2022.– 391 б.

132 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50-шы жылдары). Т.16. Маңғыстау өңіріндегі саяси қуғын-сүргінге қатысты архив құжаттарының жинағы. Құраст. Н. Хайруллаев, Ж. Нұрмаханова, С. Алгалиев, А. Нургазиев. – Астана, 2022. – 408 б.

133 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.4. Народные восстания и протесты в Казахстане в 1920-1930-х гг. Сборник документов и материалов. Сост. А.С. Мусагалиева, С.А. Касымов, М.М. Козыбаева и др. – Астана, 2022. – 536 б.

134 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссия материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.5. Вынужденные беженцы. Сост. К.Н. Балтабаева, Р.К. Айдарбаева и др. – Астана, 2022. – 640 б.

135 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) Т.13. Государственные акты и документы по насильственной коллективизации, принудительному оседанию. Заготовительным и другим политическим кампаниям. Сборник документов и материалов. Сост.Е.А. Әбіл, С.А. Жакишева, М.М. Козыбаева, А.М. Смагулова. – Астана, 2022. – 296 с.

136 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т.25. Кәмпеске науқанына қатысты архив құжаттары мен мақалалар жинағы (архив құжаттары негізінде). құраст.: Г. Сүлеймен т.б. - Астана, 2022.– 255 б.

137 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). Т. 29: Сборник архивных материалов по реабилитации жертв политических репрессий Карагандинской области. Составители тома: Джумабеков Д.А., Елеуханова С.В., Козина В.В., Сактаганова З.Г., и др./ Под общ. ред. Е.Т. Карина. – Астана, 2022. – 224 с.

138 Орталық Қазақстандағы 1931-1933 жылдардағы ашаршылық: архивтік құжаттар мен естеліктер жинағы. / Құраст.: З.Г. Сактаганова, К.К. Абдрахманова, Ж.Ж. Ибраимова т.б.; жауапты ред. Н.О. Дулатбеков. — Қарағанды, 2022. – 461 б.

139 The Famine of 1931–1933 in Central Kazakhstan Collection of Archival Documents and Memoirs. – Srpinger Nature Singapur Pte Ltd: Palgrave Macmillan, 2023. – 608 p. https://link.springer.com/book/10.1007/978-981-19-8574-4DOI 10.1007/978-981-19-8574-4. 20.11.2025.

140 Қарағанды облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін (1920-1930 жж.): Зерттеулер, Мұрағат құжаттары. Естеліктер / құраст. Джумабеков Д.А., Козина В.В. Елеуханова С.В т.б. – Қарағанды. «Гласир» баспасы, 2024. – 516 б.

141 Қарағанды облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін (1920-1930 жж.): Естеліктер жинағы / Құраст.Джумабеков Д.А., Аршабеков Т.Т. және т.б.; жауапты ред. Д.А. Джумабеков. Қарағанды: «Гласир» ЖШС, 2025.– 272 б.

142 Саурыкова Ж.С. Қазақстандағы «бес масақ» заңы: 1932-33 жж. сот органдарының жазалау шараларының тәжірибесі (Қарағанды облыстық мемлекеттік архив құжаттары мысалында) // Отан тарихы – 2020. – №4 (92) – Б. 103-117.

143 Алдажұманов Қ.С., Стамшалов Е.И. Қазақстандағы мемлекеттік астық пен ет дайындау саясаты және шаруалар көтерілістері (1928–1932 жж.).//

Қарағанды университетінің хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы – 2021. – № 3(103). – Б.7-18.

144 Абдуллина А. Т. Воспоминания очевидцев о голоде 1930-х гг. в Казахстане: вопросы источниковедения и отражение повседневности. // Отан тарихы. – 2021. – №3. – Б. 92-100.

145 Стамшалов Е.И. Жетісудағы астық дайындау науқаны және ұлтаралық қақтығыстар көріністері (1928-1932 жж.). // Отан тарихы. – 2021. – №3. – Б. 100-105.

146 Қозыбаева М.М., Бекенова А.А. Қазақ босқындары XX ғ. 30-шы жж. басында Батыс Сібірде: бейімделу және орналасу мәселелер. // Отан тарихы. – 2021. – №3. – Б. 110-118.

147 Құдайбергенова А.И., Байдалы Р.Ж. Маңғыстау өңіріндегі аштық пен босқыншылық (1920 ж. соңы - 1930 ж. басы) // Отан тарихы. – 2021. – №3. – Б. 126-136.

148 Байсарина Қ.Қ., Токишкадыров Б., Мамырбеков А.М. Голощекиннің «Кіші қазан саясаты» және жайылымдық-шабындық жерлерді қайта бөлу науқаны// Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2022. – Том 4, №75. – Б. 53-62.

149 Қабыл А.Ә., Оразхан Н.О. 20-30 жылдардағы ауакөшу: Өзбекстан бағыты. // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2022. – Том 4, №75. – Б. 149-160.

150 Исенов Ө.И., Құдайбергенова А.И. Қазақстандағы ашаршылық пен босқыншылық (1920 ж. соңы – 1930 ж. басы) // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2022. – №3 (106). Б. 145-157.

151 Рахметуллин Е.Е., Төкішқадыров Б.Б., Ахметова Р.Д. 1928 жылғы декрет: қазақ байларының тағдыры мен трагедиясы. // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2024. – Том 1.№80. – Б. 47-58.

152 Бектасов Ш., Утегенов М. Хлебозаготовки 1931–1932 годов в Кокчетавском районе по материалам Государственного архива Акмолинской области// Вестник Карагандинского университета Серия История. Философия. – 2024. – № 3(115). – С.69-81.

153 Алланиязов Т.К., Балтабаева К.Н Эссе на тему: Кондрашин vs Кульчицкий: взгляд из Казахстана//ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. – 2026. - №1 (120). - С.225-231.

154 Сактаганова З.Г. «Ашаршылық - Великий джут» 1931–1933 гг. в Центральном Казахстане: к постановке проблемы//Вестник Карагандинского университета Серия История. Философия. – 2021 – № 2 (102). – С. 117-128.

155 Козина В.В., Кудайбергенова А.И., Джумабеков Д.А. и др. Голод в Центральном Казахстане в начале XX века и его социально демографические последствия.//Вестник Карагандинского университета Серия История. Философия. – 2022. – №2 (106). – С. 221-232.

156 Джумабеков Д.А. Козина В.В. т.б 1920 жылдардың соңында Орталық Қазақстандағы байларды жою науқаны // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Тарих. Философия» сериясы. –2024. –№4 (116). – Б. 18-31.

157 Альжаппарова Б.К. Из истории откочевок в Центральном Казахстане (конец 1920-х начало 1930-х гг.). // Edu.e-history.kz. – 2019. – №3(19). – С.13-23.

158 Мусагалиева А. С. Чистка колхозов от «байско-кулацкого элемента...»:репрессивная политика советской власти в Тельмановском районе Карагандинской области в 1932-1933 гг. // Отан тарихы. – 2021. - № 4 (96). - С. 125-136

159 Набиев С., Сейтқазина Қ., Мысыр О. Орталық Қазақстандағы кеңестік үкіметке қарсы көтерілістердің тарихи алғышарттары// Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар» сериясы. – 2023. –№1 (76). – Б. 122-130

160 Справочник по административно-территориальному делению Казахстана (август 1920 г. - декабрь 1936 г.). – Алма-Ата, 1959. - 282 с.

161 Ростоу В.В. Стадии экономического роста./первеод с англ. В.П. Марченко. Издательство Фредерик А. Прегер.- Нью-Йорк, 1961. – 242 с.

162 Парсонс Т. Система современных обществ / пер. с англ. Л.А. Седова – М., 1998. – 271 с.

163 Хантингтон С. Политический порядок в меняющихся обществах. – М.: Прогресс Традиция, 2004. – 480 с.

164 Арендт Х. Истоки тоталитаризма/пер.с англ. И.В. Борисовой, Ю.А. Кимелева, А.Д. Коалева, Ю.Б. Мишкинене, Л.А. Седова. Под.ред. М.С. Ковалевой, Д.М. Носова. – М.:ЦентрКом. – 1996. – 672 с.

165 Friedrich C.J Totalitarian dictatorship and futocracy/ By Carl J. Friedrich and Zbigniew K. Brzezinski. – Cambridge: Harvard univ. Press, 1956. -346 p.

166 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 967 б.

167 Walford C. The Famines of the World: Past and Present //Journal of the Royal Statistical Society. 1878- 1879. International Encyclopaedia of Social Sciences. London, 1970. - Vol. 5. - P. 433-535 https://www.jstor.org/stable/pdf/2338989.pdf?refreqid=fastly-default% 3Ab12f529 23a8bd6248ba0fd4c3fbaf7af&ab_segments=&initia tor=recommender&acceptTC=1. 20.11.2025.

168 Загоровский Б.В. Социально-экономические последствия голода в центральном Черноземье в первой половине 1930-х годов. http://yakov.works/libr_min/08_z/ag/orovsky_1.htm. 31.05.2025.

169 Сорокин П.А. Голод как фактор. Влияние голода на поведение людей, социальную организацию и общественную жизнь.– М.:Academia &LVS. – 2003 – 684 с.

170 Пашуто В.Т. Голодные годы в Древней Руси // Ежегодник по аграрной истории Восточной Европы. – Минск, 1962. – С. 61-63.

171 Cormac Ó Gráda. Famine: A Short History. https://www.researchgate.net/publication/352242543_Famine_A_Short_History. 20.11.2025.

172 Саламова А.С. Социально-экономические факторы борьбы с бедностью и голодом в современном мире: научный подход Амартии Кумара Сен.// Наука о человеке: гуманитарные исследования.– 2023.– №1. Т. 17. – С.237-245.

173 ҚОМА. Қ. 9п. Т.1. Іс.92. П. 26,32-35, 42-43,47, 60,82

174 Nolan P. The causation and prevention of famines: a critique of A. K. Sen // Journal of Peasant Studies. 1993. - Vol. 21, № 1.

175 Ellman M. The 1947 Soviet famine and the entitlement approach to famines // Cambridge Journal of Economics. 2000. Т. 24. https://www.researchgate.net /publication/5208259_The_1947_Soviet_Famine_and_the_Entitlement_Approach_to_Famines. 10.12.2025.

176 Осокина Е. А. За фасадом «сталинского изобилия»: Распределение и рынок в снабжении населения в годы индустриализации. 1927-1941. 2-е изд. доп. – М.: РОССПЭН; 2008. – 351 с.

177 Исқақов М. Халық календары. – Алматы: Қазмембас, 1963. – 210 б.

178 Ковальская С.И. Джут в казахской степи. https://e-history.kz/ru/seo-materials/show/29469. 10.04.2025.

179 Шахматов В. Ф. О происхождении двенадцатилетнего животного цикла летоисчисления у кочевников // Вестник АН КазССР.- 1955.- № 1. – С. 43-53.

180 Қайратұлы Б. Қара қоян жылы кірді. https://e-history.kz/kz/news/show/339056. 29.09.2025.

181 Масанов Н. Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества. Алматы «Социнвест». – Москва: «Горизонт», 1995.–320 с.

182 Қалиев А. Торғай ақындарының дәстүрлі поэзиясы. -https://e-history.kz/media/upload/1534/2014/05/28/3139e5c96b584bf4885d1e69bbb81e19.pdf. 20.11.2025.

183 Алдажуманов К.С. Голод 1931-1933 годов в Казахстане: проблемы истории и методологии. https://e-history.kz/upload/iblock /5bc/5bc5ff1 e929a9b55145219416553b659.pdf. 20.11.2025.

184 Сактаганова З.Г., Сақабай Т.Қ., Бодеев К.Т. Батыстық тарихнамадағы Қазақстандағы ашаршылық тарихы мәселелері (1931-1933 жылдар).// Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2023. – № 4(112). – Б. 99-110.

185 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты / Б.Ғ.Аяған редакциясымен. – Алматы: Литера М, 2012. – 336 б.

186 Олкот М. Ұжымдастыру мен ашаршылықты зерттеу мәселелері/Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы:

Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы. (31 мамыр - 1 маусым 2012 жыл). – Астана, 2012. – 400 б.

187 Камерон С. Батыс тарихнамасы мәліметтері бойынша қазақтардың ашаршылығы/Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих тағылымы: Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағы (31 мамыр - 1 маусым 2012 жыл). – Астана, 2012. – 400 б.

188 Кондрашин В. Пеннер Д. Голод: 1932-1933 годы в советской деревне (на материалах Поволжья, Дона и кубани). – Самара, Пенза, 2002.-432 с.

189 Есмағамбетов К. Мұстафа Шоқайдың Қазақстандағы 1932-33 жылдардағы аштықты жоюға қосқан үлесі зор. https://kaz.inform.kz/news/mustafa-shokaydyn-kazakstandagy-1932-33-zhyldardagy-ashtykty-zhoyuga-koskanulesi-zor-k-esmagambetov_a2833826/. 20.11.2025.

190 Шоқай М. Таңдамалы. – Алматы: Қайнар.– 1998. – Т.1. - 512 б.

191 Кәнпеске науқанының қорытындысы. قورىتىندىسى ناۋقانىنىڭ سكە كانپە / М.Қайыпназарұлы. – Қызылжар, 1928. - 19 б. https://kazneb. kz/kk/bookView/view?brId=1534778&simple=true. 20.11.2025.

192 Кәнпеске қорытындысы. قورىتىندىسى كانپەسكە./Сапарбекұлы Садықбек. – Қызылорда: Қазақстан баспасы, 1929. - 36 б. https://kazneb.kz/kk /catalogue/result?flt=simple&q.25.11.2025.

193 Селунская В.М. Борьба КПСС за социалистическое преобразование сельского хозяйства. – М., 1961. – 205 с.

194 Кукушкин Ю.С. Сельские советы и классовая борьба в деревне (1921-1932 гг.). – М., 1968. – 294 с.

195 Яковцевский В.Н. Аграрные отношения в период строительства социализма. – М., 1964. – 343 с.

196 Мошков Ю.А. Зерновая проблема в годы сплошной коллективизации сельского хозяйства СССР (1929-1932 гг.). –М., 1966. – 229 с.

197 Ивницкий Н.А. Классовая борьба в деревне и ликвидация кулачества как класса (1929-1932 гг.). – М., 1971.– 360 с.

198 Данилов В.П. Октябрь и аграрная политика партии // Коммунист. – 1987. - №16, С. 35-36.

199 Зеленин И.Е. О некоторых «белых пятнах» завершающего этапа сплошной коллективизации // История СССР. – 1989. - №2. – С. 3-19.

200 Ивницкий Н.А. Коллективизация сельского хозяйства СССР: опыт, уроки, выводы. – М., 1988. – 25 с.

201 Коллективизация: исторки, сущность, последствия. Беседа за круглым столом // История СССР. – 1989. –№3. С.51-55.

202 Козыбаев М.К. На вопросы Вестника АН КазССР отвечают ученые АН КазССР // Вестник АН КазССР. -1990. – № 8. – С. 6-8.

203 Қазіргі қоғам және қоғамдық ғылымдар. Ө. Жәнібековтің баяндамасы // Орталық Қазақстан. – 1991. - 10 қаңтар. – 1,2 б.

204 Алексеенко А.Н. Демографические последствия голода в Казахстане начала 30-х годов (оценка потерь казахского этноса. Электрондық ресурс]/ https://www.demoscope.ru/weekly/2003/0101/analit02.php. 21.12.2025.

205 Омарбеков Т. Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері. – Алматы, 2003. – 552 б.

206 Алланиязов Т. Крестьянские выступления 1929-1932 гг. в Казахстане: опыт и проблемы изучения / под ред. Т.О. Омарбекова. – Алматы, 2002. – 88 с.

207 Нәсенов Б. Абыралы - қанды жылдары (1905-1945 жж.). – 2-бөлім. 3 кітап – Алматы:Новосибирск, 2006. – 644 б.

208 Омарбеков Т. 1929 – 1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 б.

209 Омарбеков Т. Ашаршылық. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2019. – 80 б.

210 Нұрбекова А., Талюкенов М. Боқты көтерілісі. – Алматы, 2019. - 168 б.

211 Очерки по истории традиционной структуры казахов в первые советские десятилетия: социально-экономические и социокультурные аспекты / Абылхожин Ж.Б., Алимбай Н.А., Турганбаева Л.Р., Орынбаева Г.У., Жумадил А.К. – Алматы: LEM, 2022. – 455 с.

212 Бектасов Ш.Т., Утегенов М.З. Из истории оседания казахов Северного Казахстана в 1930-е годы:о чем свидетельствуют архивные документы? // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. –2025. –№2 (118). – С.17-28.

213 Агулыкова У.А., Исабек Б.Қ. Сырдария округі аудандарындағы ұжымдастыру және тәркілеу науқанының ерекшеліктері // Қарағанды университеті хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. –2025. – №3 (119). Б. 7-15.

214 Еркинбекова Б.А., Исабек Б.Қ. Созақ көтерілісінің тарихы:себептері мен нәтижелері // Қарағанды университеті хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2025. –№3 (119), – Б.127-135.

215 Байсарина К.К. Шығыс Қазақстан өңіріндегі ашаршылық және панасыз балалар тағдыры (1930-1932 жж.) // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2021. – Т. 1. №68. – Б. 9–14.

216 Айдарбаева Р.К., Уалиева С.К. Босқыншылық және қазақ балаларының тағдыры (XX ғ. 30-жж.) // Отан тарихы. –2025. Т. 28. –№ 2. – Б.290–306.

217 Каипбаева А.Т., Белялова А. Панасыз балаларды әлеуметтік қорғаудың мемлекеттік жүйесі (1920–1930 жж.) // Asian Journal «Steppe Panorama». –2025. Т. 12. –№ 3. – Б.803-822.

218 Балтабаева К.Н., Жакишева С.А. Политические репрессии казахстанских беженцев 20–30-х гг. XX в. и проблемы реабилитации // Отан тарихы. - 2023. Т. 26. - №3. - С. 670-682.

219 Смағұлова С.О., Беркімбай А. XX ғасырдың 20-30 жж. кеңес үкіметіне қарсы халық наразылықтары (Шығыс Қазақстан облысы бойынша) // Отан тарихы. – 2017. - № 1 (77). – Б. 38-49.

220 Смағұлова С.О. XX ғ. 30 жж. Шығыс Қазақстандағы аштық: демографиялық зардаптары // Үлкен Алтай әлемі – Мир Большого Алтая –

World of Great Altay. – 2017. №3(4). https://cyberleninka.ru/article/n/hh-30-zhzh-shy-ys-aza-standa-y-ashty-demografiyaly-zardaptary. 30.03.2025.

221 Смагулова С., Сайлаубай Е., Маслов Х. Голод и адаптационные практики казахского аула // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 145. – №.4. – С. 160-177.

222 Смағұлова С.О. Қыдырқожаева Н.С. Аштық жылдарындағы босқыншылық (XX ғ. 30 жж.) // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Тарих және әлеуметтік-саяси ғылымдар» сериясы. – 2025. - №2(85). – Б. 7-19.

223 ҚР ПА. Қ. 141. Т. 1. Іс. 2067. П. 1-5.

224 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Документы и материалы в 5 т. 1927-1939. – М.: РОССПЭН, 2000. – 927 с.

225 АОМА. Қ. 74. Т. 3. Іс.7. П.68.

226 АОМА. Қ.74. Т.1а. Іс.17. П. 112,113,114.

227 ҚР ПА. Қ. 141. Т. 1. Іс. 1687. П. 26.

228 ҚР ОМА. Қ. 5. Т. 21. Іс.15. П.1.

229 ҚР ОМА. Қ. 247. Т.1. Іс.168. П.7-13.

230 ҚР ПА. Қ.141. Т.1. Іс.5006. П. 87-91,117-119.

231 ҚР ОМА. Қ.30с. Т. 7 с. Іс.154. П. 69, 91.

232 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. 1927-1939: Документы и материалы. В 5-ти тт./Т. 3. Конец 1930- 1933 / под ред. В. Данилова, Р. Маннинг, Л. Виолы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. –1008 с.

233 ҚР ОМА. Қ. 1179. Т.1. Іс. 27. П. 8-9, 12-13.

234 Голод в России и Казахстане. 1927-1934: Сборник документов в 2 Т.ах./отв. Составители В.В. Кондрашин, М.Г. Жылысбаева. – М., 2024. –920 с.

235 ҚР ОМА. Қ. 698. Т.2. Іс. 274.

236 ҚОМА. Қ. 596. Т. 2. Іс. 13. П. 1-13.

237 ҚОМА. Қ. 15. Т. 1. Іс.3. П. 95.

238 Тоғамбеков С. Кент баурайында. – Қарағанды: Қазақстан-Ресей университетінің баспасы, 2011. – 394 б.

239 Теміржұлы М. Арман мен азап. Естелік. – Алматы: Санат, 1998. – 160 б.

240 Мақсұрақызы Қ. Ғибратты ғұмырлар. Ғұмырнамалық кітап. – Астана, 2018. – 268 б.

241 Ақпарова Ш. т.ж. 01.05.1921; Семей облысы, Қайнар ауылы Түлкілі жерінде туған. – Қарқаралы, 2023. – 30 наурыз

242 Рахметова А. 1928 ж. қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауданының Үшқара деген жерінде туған. – Қарағанды қ., Доскей ауылы, 2023. – 09 қараша. Сұхбат жүргізген Т.Қ. Сақабай.

243 ҚАМА. Қ. 2. Т.1. Іс. 9. П.77.

244 Козлов А.П. Хлебозаготовительная политика советской власти в Казахстане в годы первой пятилетки: ее результаты и последствия (1928-1933 гг.). // Клио. – 2024. – № 02(206). –С. 43-50.

245 АО МА. Қ. 590. Т.1. Іс.1. П.60, 29.
246 ҚР ПА. Қ. 141. Т.1. Іс. 2087. П. 47-56.
247 ОАМА. Қ. 258. Т.1. Іс. 2. П. 29-30, 56.
248 ОАМА. Қ. 258. Т.1. Іс. 5. П.31-34, 38,40,42,44, 45, 49, 53, 72, 91,94.
249 ҚОМА. Қ.1. Т. 1. Іс. 12. П. 30.
250 ҚОМА. Қ.237. Т.1. Іс.2. П.72-73об.
251 ҚОМА. Қ.1908.Т.1.Іс.1. П.12-13.
252 ҚОМА. Қ.677. Т.1. Іс.1 П.46, 48, 72, 87.
253 ҚОМА. Қ.18п. Т.1.Іс.2.П.4-5, 16-17.
254 ҚОМА. Қ. 15. Т.1. Іс.2. П. 5.
255 ҚОМА. Қ.18п. Т.1. Іс.3. П.21-24.
256 ҚОМА. Қ.18п. Т.1. Іс.4. П.54-65.
257 ҚР ПА. Қ. 141. Т.1. Іс. 2948. П.19-20.
258 ОАМА. Қ. 258. Т.1. Іс. 1 П. 61-62, 65.
259 Ашаршылық. Голод 1928-1934: документальная хроника. Т. 4. Сборник документов; отв. ред. Б. Әбдіғалиұлы. – Нұр-Сұлтан: Foliant, 2021.– 776 с.
260 Кондрашин В.В. Хлебозаготовительная политика в годы первой пятилетки и ее результаты (1929-1933). – М.: Политическая энциклопедия, 2014. – 330 с.
261 Постановление Политбюро ЦК ВКП(б) о скотозаготовках и мясо-снабжении от 15 июля 1930 г. –https://istmat.org/node/48988.
262 Ашаршылық. Голод 1928-1934: документальная хроника:куәгер естеліктері, ашаршылық туралы жазылған кітап-жинақтар материалдары, көркем әдебиет үзінділері. Т. 5. жауапты ред. Б. Әбдіғалиұлы.– Нұр-Сұлтан: Foliant, 2021. – 604 б.
263 ҚОМА. Қ.1. Т. 1. Іс. 23. П. 54-55, 39.
264 Кәменұлы С. Іңкәрлік.//Балқантау. –1993 ж. –16 қазан.- №40. – 1 б.
265 РҚЗТМА. Қ.3 Т.61. Іс.146. П.38,42.
266 ҚОМА, Қ. 822 п. Т. 2. Іс. 7. П. 10.
267 ҚОМА. Қ. 822 п. Т.1. Іс. 6. П. 23.
268 АОМА, Қ. 15. Т.2. Іс. 15. П. 94-99,103,247-248, 274.
269 АОМА, Қ. 15. Т.2. Іс. 14. П. 9-11.
270 АОМА, Қ. 15. Т.2. Іс. 23. П. 4, 7-8.
271 Жакин М.С. Шет ауданындағы зобалаң жылдар тарихы / Ғасырлар бойы созылған қасірет. Қазақстандағы қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / Жауапты редактор Ж.Ж. Тұрсынова. – Қарағанды, 2012. – 278 б.
272 ШАМА. Қ. 265. Т. 1. Іс. 227. П. 10, 18.
273 Трагедия советской деревни. Коллективизация и раскулачивание. Т 65 1927-1939: Документы и материалы. В 5-ти тт. / Т. 3. Конец 1930- 1933 / Под ред. В.Данилова, Р.Маннинг, Л.Виолы. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2001. –1008 с.

274 ҚАМА. Қ. 2. Т.1. Іс.2. П.4.

275 ҚОМА. Қ.822п. Т.1. Іс.1. П.11-13.

276 Кстаубаева У.А. Ликвидация казахского байства как класса в конце 20-х годов XX века. // Вопросы исторической науки: материалы III Междунар. Науч. Конф. – М.: Буки-Веди, 2015. - С. 17-19.

277 ШАМА. Қ. 265. Т. 2. Іс. 5. П. 70-71.

278 ҚОМА. Қ.15. Т. 1. Іс.2. П.14.

279 АОМА. Қ.74. Т.1а. Іс.17. П.112, 113-114.

280 Выписка из протокола №16 объединенного заседания Каз ЦИка и СНК от 24/XI-28 года. – https://cloud.mail.ru/public/CnJ9/d3gdjpYLo/181-1-121_36315-окончание%20конфискации%20баев.jpg. 20.11.2025.

281 1928 жылғы декрет: тәркіленген тағдырлар. Құжаттар жинағы. – Семей, 2021. – 299 б.

282 Наурызбай К. Ақайдың Хасені. – https://e-history.kz/kz/news/show/339675). 15.03.2025.

283 АОМА. Қ.74. Т. 1а. Іс. 19. П. 20-21.

284 Рахметуллин Е. Дала өмірінің данышпаны. – //https://e-history.kz/kz/news/show/77210. 15.03.2025.

285 Козина В.В., Джумабеков Д.А. «К вопросу о проведении кампании по конфискации байских хозяйств в Казахстане» // XX ғ. 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай қуғын –сүргін тарихы: жаңа мұрағат деректері және зерттеулер. 31-мамыр саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне арналған халықаралық ғыл.-тәжір. конф. материалдары. – Қарағанды: Қарағанды университетінің баспасы, 2023. – 350 б.

286 ҚР ОМА. Қ. 135. Т.1. Іс. 65. П. 113-114.

287 Аршабеков Т.Т. Оқа Сәттібайұлы ісі. XX Ғ. 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы жаппай қуғын –сүргін тарихы: жаңа мұрағат материалдары және зерттеулер. – Қарағанды: «Онлайн типография WebPrint» баспасы, 2024. – 291 б.

288 ҚОМА. Қ.677. Т.1. Іс.1. П. 46, 58.

289 Халидуллин Г.Х. Политика Советского государства в отношении казахских шаруа (1917 – 1940 гг.). – Алматы: НИЦ Ғылым, 2001. – 216 с.,

290 ҚОМА. Қ.501. Т.2. Іс.2. П.10-26.

291 ҚОМА. Қ.9п. Т.1. Іс. 2. П.6, 28,.

292 Абылхожин Ж.Б. К дискурсу об исторических оценках российско-имперского и советского опытов модернизации в Казахстане. // Вестник Карагандинского университета. Серия «История. Философия». – 2020.–№ 2(98). – С. 18-31.

293 ҚОМА. Қ. 76 Т. 1 Іс. 4. П.170.

294 ҚАМА. Қ.17. Т. 4. Іс. 3а. П. 54,81.

295 ҚОМА. Қ. 98. Т.1. Іс. 3. П. 15,52.

296 Шокин Ш. Өмірдің төрт мезгілі. Естеліктер және ойлар. – Алматы, 1998. – 518 б.

297 ҚОМА. Қ. 501. Т.2. Іс. 2. П. 16, 23.

298 Ашаршылық. Голод. 1928-1934: Документальная хроника. Сборник документов. Т.7. отв. ред. Е. Сыдықов.– Алматы, 2023.– 568 с.

299 Сактаганова З.Г. Голод в казахской степи и последствия «великого джута» 1931–1933 гг. в Центральном Казахстане: к историографии проблемы //https://e-history.kz/ru/library/show/2409421. 13.02.2023.

300 Дахшлейгер Г.Ф. Из опыта истории оседания казахских кочевых и полукочевых хозяйств (до массовой коллективизации) // Советская этнография, 1966. - №4. - С. 3-23. https://docs.yandex.kz/docs/view?tm=1 749143752&tld=kz&lang=ru&name=eoarchive_1966_4_003_dakhshleiger.

301 ҚР ПА. Қ. 141. Т.1. Іс. 2896. П. 1-5, 22.

302 Постановления VIII Всеказахского Съезда Советов по отчету правительства, об оседании, по всеобучу и ликбезу, о хозяйственно-массовой работе советов, о весенней посевной. –Алма-Ата: Москва: ОГИЗ, 1931. –52 с.

303 Рыскулов Т. Докладная записка в ЦК ВКП (б) И.В. Сталину, копия: в сельхозотдел ЦК ВКП (б) Л.М. Кагановичу и СНК СССР В.М. Молотову / Т. Рыскулов // Собр. соч. – Т. 3. – Алматы, 2009. – 323 с.

304 ҚОМА. Қ. 640. Т. 4. Іс. 606. П. 1-4, 18.

305 Saktaganova Z.G., Sakabay T.K. The Problem of Sedentarization of the Kazakhs of Central Kazakhstan in the 1930s. // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. – 2025.–№ 4(120). – С. 141-149.

306 ҚР ПА. Қ. 719. Т. 2. Іс. 125. П. 181.

307 ҚР ОМА. Қ. 30с. Т. 7с. Іс. 108. П. 67-74.

308 О плане оседания на 1933 год. Постановление Совета народных комиссаров КАССР и краевого комитета ВКП(б) // Большевитская кочегарка. – 1932 г. – 9 декабря.

309 ҚР ОМА. Қ. 30. Т.7. Іс. 123. П. 49.

310 ҚР ПА. Қ.141. Т.1. Іс. 5048. П. 152.

311 Сорокин П.А. Человек в условиях бедствий / П.А. Сорокин // Пульс – информ. –1991. – №4. – С.22–31.

312 ҚОМА. Қ. 3п. Т.1. Іс. 27. П. 10-11.

313 Оспанова М.Т. 11.10.1955 ж.т. – Қарқаралы қ., 2023. – 30 наурыз. Сұхбат жүргізген Т.Қ. Сақабай.

314 Әкілдеков Е. Аштық азабы // Орталық Қазақстан. – 1991. – 24 сәуір. - 4 б.

315 Мусенова Т.О. 25.03.1948 ж.т. –Қарағанды қ., 2024. – 21 мамыр. Сұхбат жүргізген Т.Қ. Сақабай.

316 ҚР ОМА. Қ. 30. Т.7. Іс. 159. П. 75-76.

317 ҚР ПА. Қ. 141. Т. 1. Іс.2040. П. 20-28.

318 ҚР ОМА. Қ. 30. Т. 7. Іс. 188. П.50.

319 ҚР ОМА. Қ.30. Т. 7. Іс. 165. П. 25, 205-207,227.

320 ҰО МА. Қ. 143 Т.1. Іс. 230. П. 7,11,63-64.

321 ҚР ОМА. Ф.30. Т. 7. Іс.186. П. 69-70,167-168.

322 ҚР ОМА. Қ. 30. Т. 7. Іс. 161. П. 25,32,66, 91-93,94.

323 Голод в казахской степи. Қазақ қалай аштыққа ұшырады [Письма тревоги и боли. Қасіретті жылдар хаттары. / ред.:Т. О. Нүсіпбаев, Н. Б. Жиенгалиев. - Алматы: Қазақ университеті, 1991. – 208 б.

324 Тұрар Рысқұловтың Сталинге хаты. – https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9004. 22.01.2026.

325 РҚЗТМА. Қ.3. Т.61. Іс.166. П. 8-9.

326 Қабылдинов З. Қазақстандағы ашаршылық зұлматына байланысты қазақтардың Батыс Сібірге босқыншылығы // https://e-history.kz/kz/ news/show/3358. 20.11.2025.

327 Исаев Е.С. 1975 ж.т. –Қарағанды қ., 2026. – 6 наурыз. Сұхбат жүргізген Т.Қ. Сақабай.

328 Әубәкіров С. 1937 ж.т. – Қарағанды қ. 2026 ж. – 6 мамыр. Сұхбат жүргізген Т.Қ. Сақабай

329 Солтангазинова Б.М. 1968 ж. Барнаул қ. (РФ) туған. – Барнаул қ. (РФ), 2025. – 20 сәуір. Сұхбат жүргізген Т.Қ. Сақабай.

330 Ибадильдин Н. Трагедия в цифрах и фактах. – mysl.kazgazeta.kz/news/15031.15.04.2023.

331 Famine Demography: Perspectives from the Past and Present. Oxford University Press. — Oxford, 2002. – https://onlinelibrary.wiley.com/doi/ abs/10.1002/psp.300. 20.11.2025.

332 Калькулятор Прогнозирования численности населения. – https://calculator.academy/population-prediction-calculator/. 20.11.2025.

333 ҚР ОМА. Қ. 30. Т. 2. Іс.787. П.26-28.

334 Совершенно секретно: Лубянка – Сталину о положении в стране (1922–1934 гг.): Сб. док. в 10 т. Т. 10 в 3 ч. 1932–1934 гг. Ч. 2 / Отв. ред. А.Н. Сахаров, В.С. Христофоров. М.: ИРИ РАН, 2017. – 712 с.

335 ҚР ОМА. Қ. 30. Т. 8. Іс. 11. П. 21.

336 ҚР ПА. Қ. 141. Т. 1. Іс. 5052. П. 315-321.

337 ҚОМА. Қ. 822 п. Т.3. Іс.3. П. 90-91.

338 Сактаганова З.Г., Сақабай Т.Қ. 1930-шы жылдардағы ашаршылық кезіндегі Орталық Қазақстандағы панасыз балалар мәселесі.//Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. – 2024. – №4(116). – Б. 156-166.

339 НАМА. Қ. 422. Т.1. Іс.11. П. 1,2,4,9, 12,16,21.

340 ҚОМА. Қ. 822 п. Т.3. Іс. 7. П. 100-101.

341 ҚОМА. Қ. 76. Т.1. Іс.10. П.11-12.

342 ҚОМА. Қ.76. Т.1. Іс. 26. П. 5.

343 ҚОМА. Қ.3. Т.1. Іс. 45. П.86.

344 Жұмашұлы Қ. 1936 ж.т. Егіндібұлақ ауылында туған. – Қарағанды облысы, Бұқар-жырау ауданы, Ботақара кенті., 2023. – 8 желтоқсан. Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай.

345 Ержанова Д.Е. 1979 ж. т. Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай.. – Қарағанды қаласы., 2026 ж. –12 қаңтар.

346 Шайжанова Г.К. 1989 ж.т. – Балқаш қ., 2025. – 6 желтоқсан. Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай.

347 Сактаганова З.Г. Сақабай Т.К. 1930-шы жылдардағы Орталық Қазақстандағы ашаршылық зардаптарын жою амалдары ретіндегі мемлекеттің көмек көрсету шаралары // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар сериясы. – 2024, - №81. Том 2. – Б.7-21.

348 Протокол №107 заседания бюро Казахского крайкома ВКП(б) о тяжелом продолвольственном положении в ряде районов Казахстана. 2 июля 1932 г. https://istmat.org/node/25731. 20.11.2025.

349 Ашаршылық – адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған алапат трагедия. kazgazeta.kz/news/84496 20.11.2025

350 ҚР ПА. Қ. 141. Т. 1. Іс. 5192. П. 157.

351 ҚР ОМА. Қ. 30. Т. 7. Іс. 159. П. 115, 116, 118, 119.

352 РҚЗТМА. Қ.3. Т. 61. Іс.166. П.6.

353 РҚЗТМА. Қ. 3. Т.61. Іс. 167.П. 7, 8, 21

354 Тоғамбеков С. Нәубет жылдар естелігі // Қарқаралы. – 2021 ж. – 3 сәуір.- 5 б.

355 НАМА. Қ. 422. Т.1. Іс.3. П. 36.

356 ҚР ОМА. Қ. 1179. Т. 1. Іс. 47. П. 86.

357 Бесеудің хаты. – https://e-history.kz/kz/news/show/1454. 25.05.2025.

358 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі күнге дейін). Бес томдық. 4 т. – Алматы. «Атамұра», 2010. – 752 б.

359 Касымова С.С. Нығмет Нұрмақов және Қазақстандағы ашаршылық.// Нығмет Нұрмақов – мемлекет және қоғам қайраткері: ұлт тағдырының күрделі кезеңдері және қазақ саяси элитасы: Нығмет Нұрмақовтың туғанына 130 жыл толуына арналған Халықаралық ғыл.-практ. конф. материалдары. – Қарағанды: Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің баспасы, 2025. – 340 б.

360 Қазақ жеріндегі ашаршылықты тоқтату туралы хаттар жоғары жаққа жетпей, қолды болып отырған. – https://kaz.inform.kz/news/kazak-zherindegi-asharshylykty-toktatu-turaly-hattar-zhogary-zhakka-zhetpey-koldy-bolyp-otyrgan-tarihshy_a4073100/ 10.01.2026

ҚОСЫМША А

Респонденттерге қойылған сұхбат сауалдары

Құрметті қатысушы! Бұл сауалнама XX ғасырдағы ашаршылық кезеңінде зардап шеккен отбасылардың тарихи естеліктерін жинауға арналған. Сауалнамаға қатысу ерікті, ал берілген жауаптар тек ғылыми-зерттеу мақсатында пайдаланылады.

1. Тегі, аты-жөні:
2. Туған жылы, айы, күні:
3. Туған жері (облыс/аудан):
4. Жынысы:
5. Ұлты:
6. Мамандығы, кәсібі
7. Қандай аймақпен (облыс/аудан) тарихи байланысыңыз бар?
8. Отбасыңызда ашаршылыққа ұшыраған адамдар болды ма?
9. Ашаршылықтан зардап шеккен адам Сізге кім?
10. Бұл оқиға туралы алғаш рет қайдан естідіңіз? (ата-ана, әже/ата, басқа туыстар, т.б.)
11. Ашаршылық туралы оқиғалар естідіңіз бе?
12. Сол кезеңде отбасы қандай қиындықтарға тап болған?
13. Ашаршылықтан аман қалу үшін қандай амалдар қолданылған?
14. Отбасыңыз қандай шығынға ұшыраған (адам шығыны, көшу, мүлік жоғалту)?
15. Ашаршылықтың отбасыңыздың қазіргі өміріне әсері бар деп ойлайсыз ба?
16. Отбасыңызда ашаршылық салдарынан қалыптасқан әдет-дағдылар, қорқыныштар, сақтықтар бар ма? (мысалы: тағамға үнемшілдік, жиналып қалу)
17. Бұл тарихи оқиға ұрпақтық жадыда қалай сақталған?
18. Осы оқиғаларды еске алғанда қандай сезімдер туады?
19. Отбасыңызда ашаршылық құрбандарына байланысты қандай да бір еске алу рәсімдері, әдеттері бар ма?
20. Бұл тақырыпты зерттеу неліктен маңызды деп ойлайсыз?
21. Қосқыңыз келетін басқа ақпарат бар ма?

ҚОСЫМША Ә

Ашаршылық куәгері Ш. Ақпаровамен сұхбат

Тегі, аты-жөні: Шамшабану Ақпарова

Туған жылы: 1921 жылы 1 мамыр, Семей облысы

Аштық жылдары 9-10 жаста болдым.

Семей облысы , Қайнар ауылы, Түлкілі елді мекенінде тұрдым.

Тұрғылықты мекен-жайы: Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Ақтерек ауылы.

Ашаршылық туралы көп нәрсе есімде жоқ. Бала болдым ғой. Әке-шешем қазақ заманында бар болған, ауқатты адамдар болды. Олар ештеңе көрген жоқ. Тек қана орыс келгенде малын кедей туыстарына жазып берді де, аман қалды әкем. Әкем оқыған адам болған. Көп малды халыққа, туған-туыстарына таратып берді. Сондықтан орыс келгенде кәмпескеге жатпады. Орыстың тісі батпады, оқыған орысша біледі. Аштық азабын көрмедім.

Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай
2023 жылы, 30 наурыз
Қарағанды облысы
Қарқаралы ауданы
Ақтерек ауылы

ҚОСЫМША Б

Ашаршылық куәгері А. Рахметовамен сұхбат

1. Ақлима Рахметова
2. 1928 жылы, Руы Алсай, Егіндібұлақ ауылы
3. Зейнеткер.

Аштық кезінде 3-4 жастағы бала болдым. Көп нәрсе есімде жоқ. Едірей Үшқара жерінде тұрдық. Әкем ерте өліп қалған, молда болған кісі екен. Әкем жоқ, шешем болды. Шешем сүйрелеп жүріп жалғыз өзі асырады. Отбасымызда менен басқа 3-4 бала болған екен, олар аштықтан қайтыс болған. Ұл баланың өлгенін жек көріпті. Мен аман қалыппын. Аш болдық. Жазды күні шешем жуа теріп әкеліп береді. Қыста ондай да жоқ қой, бір аш, бір тоқ болып жүрдік. Малдарымызды сыпырып әкетіпті. Тамағымызға дейін тартып әкетті. Соны білген елдердің кейбірі тамақтарын далаға тығып та қойды. Көріп қойғандарын тартып әкетті дейді шешеміз. Содан аш қалдық дейді. Анда-санда көмек ретінде көк бидайдан береді, соны жейміз. Ол таусылып қалады. Үлкен адамдар шыдады. Жазда жуа, бүлдірген теріп, жеп күнелтсек, қыста қоян жеппіз. Ауылдан адамдар көшіп кетіп жатты. Барлық туыстарымыз аштықтан өлді. Әкемнің үш інісі, үлкен шешесі өлді. Шешеміз екеуіміз ғана үлкен бір ауылдан аман қалдық. Кейінде елге мал тарата бастады. Бізге бір сиыр, бір қой берді. Бұны жемеңдер, соймаңдар, өсіріңдер деді. Өсірдік, жеген жоқпыз. Сонымен жетіліп кеттік. Арасында берген қойды сауып, сүтін іштік. Малды сойып жегенді көрсе соттайды. Қазан асуға болмайды, етті бертінге дейін самауырынға қайнатып жеп жүрдік. Ол кездегі адамдар шыдамды болды ғой. Шешем 90 жасқа келіп қайтыс болды.

Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай
2023 жылы 9 қараша
Қарағанды облысы
Бұқар-жырау ауданы
Доскей ауылы

ҚОСЫМША В

Ашаршылық куәгерінің ұрпағы М. Оспановамен сұхбат

1. Оспанова Мариям Толеухановна
2. 1955 жыл 11 қазанда Қарқаралы қаласында туған.
3. Мамандығы: тарих пәнінің мұғалімі. зейнеткер

Ашаршылық туралы 1922 жылы М. Мамыраев ауылында туған анам Дөнкебаева Рымкештен естідім. Отбасында 5 бала болған. Анам «ешкімге айтпа», - деп отбасымызда үш баламыз соның ішінде маған ғана айтты. Бұны ешкімге айтқан емеспін. Людмила Васильевна дейтін жалғыз басты кісі болатын (біз тетя Люся дейтінбіз). Сол кісі панасыз, қараусыз қалған балаларды үйіне қабылдап, өзі күтетін. Менің нағашы әжемді сол кісі ыдыс-аяқ, еден жуушы етіп жұмысқа алады. Жетім, қараусыз қалған балаларды асырап отырғаннан кейін жаңағы үйге кейбір қолында азығы бар адамдар азын-аулақ тамақ, сүт әкеліп береді екен. Жаңағы балалар үйі орналасқан үйдің артында кішкене өзен болған, сол өзенге күнде таңертең барып әжем сүт құятын бөтелкелерді жуатын болған. Бір күні түстен кейін әжем өзенге бармай қалып, он шақты бала өздері барып жуған ғой бөтелкені. Өзен бойында жаман киінген, түрі қорқынышты адам менің анамды алып қашқан ғой. Өзен бойымен қашып, Қамбар ауылына апарған екен. Үйде балаларға ескертіп айтып отырады екен, «далада босқа жүрмеңдер аш адамдар балаларды ұрлап әкетеді», - деп. Соны білетін балалар бірден, «Рымкешті алып кетті», - деп шулап әжеме барған. Әжем мен тетя Люся екеуі жүгіріп НКВД-ға барып, атты адам келіп, балалардан қай жерден алып кеткенін сұрастырған. Анамның айтуы бойынша ол кісіні апарып бір бөлмеге қамаған. Сол бастан кешкен оқиғасын анам: «Менде зәре жоқ, қамаған бөлменің тесіктерінен басқа бөлмелерге қарасам, бір бөлмеде ылғи балалардың киімі жатыр, оған аса мән бермедім. Екінші бөлмеде қазан қайнап жатыр. Терезелерінің бәрі жабық, қараңғы, ештеңе көрінбейді, тек қана тесіктерден бөлмелер ғана көрінеді екен. Зәрем ұшып не істерімді білмей отыр едім, қатты айғайлаған кісілердің даусын естідім. Одан бөлмеге саптама етік киген адам кіріп келгенін байқадым. Сөйтсем, ол кісінің қасында шешем мен тетя Люся да бар екен. Мені құтқарып қалды. Сөйтсем мені ұрлап әкеткен адам, бала етін жейтін адам екен. Жаңағы көрген киімдер сол жеген балалардың киімі болған көрінеді. Бала күнімде көрген осы көрініс әлі күнге дейін көз алдыма елестейді. Әлі күнге дейін шошынамын. Ұмытуға тырысамын бірақ, ұмыта алмаймын. Құтқарып қалған, жаңағы саптама етік киген адам, кейіннен сұрастыра келе, есімі Мананбай НКВД бастығы болған адам екенін білдім» – деп баяндап берген еді. Осылайша, анам аштықтың құрбаны бола жаздаған екен. Өте ауыр жағдай, өте қиын. Көз алдыңа елестетудің өзі қиын. Осы оқиғаны анам тіл жарып ешкімге айтқан емес. Маған да «ешкімге айтушы болма» – деді. Кейіннен сол тетя Люся бұрынғы №30 мектептің асханасында жұмыс жасады. Өте керемет, мейрімді адам болатын. Ұлтына қарамай, біраз баланы аштықтан аман алып қалған адам. Анам екеуі өте жақсы араласты. Анам, кезінде бұл кісі бізге көмектесті енді, мен көмектесемін деп, мектептегі

асханаға аспазшы етіп орналастырған екен. Бұл әңгімені айту анама өте қиын болды. Айтқан кезде жылады да, күлді де, қиналды. Бұндай сұмдықты енді ешкім көрмесін.

Тағы бір оқиға естідім: осы Қарқаралыда Мерсалимов Жамил деген ұстаз болды. Сол кісіге 1932 жылы Райком мал жинап әкелу туралы, тапсырма береді. Тапсыраманы орындау үшін «Новый путь» деген ауылға уәкіл ретінде барып, бір үйге түседі. Үйге кірсімен далада ақайлаған дауыстарды естіп, далаға шықса, мініп келген аты жоқ, болып кетіпті. Сөйтсе ауылдағы ашыққан адамдар, атын ұрлап, сойып алған көрінеді. Содан «Новый путь» колхозынан Қарқаралыға дейін жаяу келген екен.

Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай
Қарқаралы қаласы
30 наурыз 2023 жыл.

ҚОСЫМША Г

Ашаршылық куәгерінің ұрпағы Т. О.Мусеновамен сұхбат

Тегі, аты-жөні: Мусенова Төлжан Омашевна

Туған жылы, айы, күні: 25.03.1948 ж.

Туған жері (облыс/аудан): Қарағанды обл., Қарқаралы ауданы

Мамандығы, кәсібі: мал шаруашылығымен айналысқан, қазір зейнеткер.

Ашаршылық туралы әңгімелерді мен әке-шешемнен естіп өстім. Әкем үнемі: «Ой, құлындарым, сендерге ондай күнді Құдай көрсетпесін», – деп отыратын. Завферманың атының тезегіндегі бидайды да жегізбегенін айтып, сол заманның қаншалықты ауыр болғанын еске алатын. «Жандайшаптар көп болды. Бастық бір айтса, ауылдағы жандайшаптар екі айтып, халықты қыспаққа алды. Ел солардан көп зардап шекті. Содан жұрт қырылып қалды», – дейтін.

Бірде әкем біздің ауылдың маңындағы қыстаққа ерлі-зайыпты баласымен келіп қонғанын айтады. Ертеңіне сол қыстаққа барса, әлгі ерлі-зайыптылар балаларын тастап кетіпті. Бала жылап-жылап, шетінеп кеткен екен. Әкем оны бейітке жерлеуге алып бара жатқанда, алдынан 4–5 ер адам пышақтарын ала жүгіріп шығып, мініп келген атын сойып алмақ болады. Ішіндегі біреуі: «Ойбай, мынау Омаш қой!» – дегенде, екіншісі: «сенің де танымайтының жоқ екен», – депті. Сол сәтте әкем атына қарғып мініп, қашып құтылған.

Аштық басталған жылдары әкем Мүсенұлы Омаш отбасымен қазіргі Қарқаралы ауданы Аққора ауылынан Қарағандыға арбамен жетіп, одан пойызға отырып Сібір өлкесіне (Сепкрайға) кеткен. Анам «Сепкрайға барып паналап, күн көрдік» деп жиі айтатын, бірақ нақты қай қала, қай жер екенін білмейтін. Әкем елден шығарда ақ қағазға мөр бастырып алғанын, сол құжаттың арқасында барған жерінде паек алып, кейін жұмысқа тұрғанын айтатын.

«Ауылдан шығып Қарағандыға жеткенше жолдағы қыстақтарға тоқтаймыз. Үйлер жайнап тұр, бірақ адам жоқ – не өлген, не көшіп кеткен. Жол бойы қырылып жатқан адамдарды көрдік. Қарақшылар да көп еді: кезіксең, өзіңді де, малыңды да тартып алатын», – деп еске алатын әкем.

Қарағандыға бара жатқан жолда бір қыстақтан әкем бір қап сүйек тауып алып, соны қайнатып сорпа ішпек болады. Әжемнің көзі көрмейтін екен. «Не істеп жатырсың?» – дегенде, «Сүйек тауып алдық, соны қайнатып ішеміз», – дейді. Сонда әжем: «Әй, балам, ол сүйекті жемеші. Әлі біздің басымызға ондай күн туған жоқ. Төгіп таста», – деп сорпаны төккізген екен. Сөйтіп, елден алып шыққан азын-аулақ азықпен Қарағандыға жетіп, одан әрі Сепкрайға барып, паек алып күн көрген. Кейін елге оралған.

Аштық жылдары нағашы апам мен оның екі бауыры да Сепкрайға бірге барған. Кейін елге қайтарда нағашы апам теміржол станциясында су алуға түсіп, пойыздан қалып қояды. «Қолын көтерген күйі станцияда қалып қойды, сол сәт әлі күнге көз алдымда», – деп анам айтатын. Содан кейін одан хабар болмаған. Тірі ме, жоқ па – белгісіз. Анамнан апамның толық аты-жөнін сұрап үлгермегеніме әлі күнге өкінемін.

Сепкрайға кеткендердің бірі – нағашысының әйелі – елде қалып қойған екен. Үйде жылқының ескі тулағы мен бір қара тауық қана қалған. Жаз бойы тулақтың кішкене бөлігін кесіп алып қайнатып жеп, тауықтың жұмыртқасымен күн көрген. Қыста тауықты сойып жепті. Ара-арасында баласы тышқан ұстап, інге ыстық су құйып аулаған. Солай аман қалған.

Елге қайтып келгенде ауыл жүдеп кеткен еді. Үйлер қаңырап бос қалған, ит-мысықтан да ештеңе қалмаған. Аман қалғандар бастарынан өткенді айтып беріпті. Көрші кемпірдің баласы тышқан ұстап жегенімен, өзі аштан қайтыс болады. Әкемнің інісі Мырзатайдың екі ұлы ашаршылықта көз жұмған екен. Кейін екі қызы дүниеге келеді. Кемпірі тамақты күйеуіне беріп, балаларын аш қалдырған деседі. Шалы аман қалып, кейін басқа әйел алып, сол әйелден екі қызы туған.

Әкемдер елге оралған соң, көмекке таратылатын малды бағыпты. Бірде қасқыр 84 қойды қырып кеткенін айтып отыратын. Қалай аман қалғаны есімде жоқ, бірақ сотталмай құтылыпты. Мүмкін ауылдастары қолдау көрсеткен шығар.

Әкем үнемшіл, ұқыпты адам еді. Сол қасиетінің арқасында аштықты салыстырмалы түрде жеңіл өткергенін айтатын. Бізге үнемі нанды қадірлеуді, асты ысырап етпеуді үйретті.

Анам Қарағандыға келгенде барақта тұрғандарын айтатын. Сонда бір әйел баласын үнемі «өлімнен қалған құлыным» деп айналып-толғанып отырады екен. Бір күні анам одан неге олай дейтінін сұрағанда, әйел басынан өткенін айтып беріпті. Ауылдан күйеуі және баласымен аш-жалаңаш шыққан. Азық таусылып, әбден титықтаған соң күйеуі «баланы сойып жеп, жан сақтайық» деген. Әйелі қарсы болғанымен, күйеуі «онда сен баламен қал, мен кетемін» депті. Амалсыз келіскен. Әйел сыртқа шығып кетіп, үйдің саңлауынан қараса, күйеуі пышағын ұстап, баласына қарап өкіріп жылап отыр екен. Сол сәтте әйел сыртта бірдеңенің ағараңдап жатқанын байқап, жүгіріп барып қараса, бүркіт жарып кеткен дуадақ құс екен. Соны қайнатып жеп, етін кептіріп алып, қалаға жеткен. «Міне, сол өлімнен аман қалған балам еді», – деген екен.

Біз ашаршылық туралы осындай әңгімелерді естіп өстік. Кейін өз балаларымызға да айттық. Бірақ келесі ұрпақтың жадында қала ма, жоқ па – белгісіз. Дастархан басында әкем сол күндерді еске алып отыратын. Ол әңгімелерді тыңдағанда бойымызды қорқыныш пен үрей билейтін. Енді мұндай нәубетті адам баласы көрмесе екен деп тілейміз. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай
Қарағанды қаласы
21 мамыр 2024 жыл.

ҚОСЫМША Ғ

Аман қалған ашаршылық куәгерлерінің кейінгі жылдардағы фотосуреттері

Сурет Ғ.1 - аштық куәгерлері Сібір өлкесіне барып аман қалған Мүсенұлы Омаш, Әліқызы Қиғанша. (Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Аққора ауылында тұрған).

Ескерту: фотосуреттер сұхбат барысында Т. Мусенованың жеке отбасылық альбомынан алынды.

ҚОСЫМША Д

Ашаршылық куәгерінің ұрпағы Е. Исаевпен сұхбат

1. Исаев Ернұр Сафиуллин
2. 1975 жылы туған.
3. Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданы,Теректі ауылы.
4. Ер азамат.
5. Қазақ.

Әкейдің аты Исаұлы Сапиолла 1928 жылы туған. 1990 қайтыс болған. Атамның аты Жалдыбайұлы Иса, руы Арғын Қаракесек ішінде Монтақай. 1881жылы туіп, 1961жылы қайтыс болған. Менің атым Исаев Ернұр Сафиуллин. 1975жылы Қарағанды облысы Егіндібұлақ ауданы, Теректі ауылында туып өстім. 25 жыл сол ауылда, кейін 25жыл Теміртау қаласында тұрдым. Қазіргі уақытта Қарағанды қаласының тұрғынымын. Ашаршылық туралы әкем Исаұлы Сапиолладан естідім. Әкемнің айтуы бойынша ол ашаршылық жылдар 3-4 жаста болған, өзінің және анасынан естуі бойынша аштық басталған жылы Қу ауданынан (қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылы) шамамаен 1930-1931 жж. қараша, желтоқсан айларында «Әтей» қыстағынан туыстарымен Павлодар облысында тұратын туыстарына көшіп кеткен. Керекуге бара жатқан кезде арбаға жегілген екі құлынды биені арбасымен жолда НКВД-ның белсенділері кездесіп тартып алады. Атам мен әжем екі баласымен әрі қарай жаяу кетеді. Керекуге жеткен соң, әжем мен әкемнің қарындасын тастап, атам, менің әкемді ертіп жұмысқа жалданып, күн көру үшін Омбыға кеткен. Омбыға барып жұмысшылар тұратын бараққа орналасып, әкемді сол барақта заттарды қарап отырсын деп қалдырып кетеді. Әкем сыртқа шығып кетіп, жол бойы жан сақтап келген елден апарған ұндарын ұрлатып алады. Кешкілік әкесі келген соң ұрысып, шапалақпен бетінен тартып жібереді. Бірақ, олар Омбыда қалмай әрі қарай Кузбасқа өтеді. Ол жерде атам теміржолға жұмысшы болып, орналасып, әкем екеуі барақта тұрады. Әкемнің жазғаны бойынша әкемді балалар бақшасына берген екен. Кейін Кузнецк қаласынан атам әпкесін тауып алады да соның үйінде тұрады. Атам базардан ата-енесі туралы хабар алып, олардың Кемерово қаласына көшкенін естиді де, сонда барып, әжемді көшіріп әкеледі. Ал, әкемнің қарындасы сүзектен қайтыс болған екен. Осылайша барлығы атамның үлкен әпкесімен бірге тұрады, кейін атам шахтада жұмыс істей бастайды. Ақша жинап, елге қайтқысы келіп. Елде қалған туыстарынан хат жазып, хабар алып тұрады. Туысы К. Ахметов партия мүшесі Қу аудандық атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс жасайды. Ол Боқты көтерілісін басуға қатысқаны үшін осы қызметке тағайындалады. Және ағасы Әубәкір әйелі Қапизамен бірге Семейде оқиды. 1934 жылы жаңағы туысы К. Ахметов атам мен әжеме, құжатта 1928 жылы туған Сапи деген ұлдары бар деп құжат жібереді. Осылайша, ата мен әжем, әкем Семейге қайтады. Онда келіп Әубәкір ағасы Абыралы ауданына бара жатқан арба айдаушы Кәкімбай деген шалға 800-900 рубль ақша беріп, Қу ауданына жеткізіп салуды өтінеді. Абыралы ауданы арқылы бірнеше күн жол

жүріп туған жерлері Қуға жетеді. Атам тері илейтін (скорняк) жүген, қамшы аттың әбзелдерін өмілдірік құйысқан өретін өрімші болған адам. Бала кезімізде ескі сандықта қайыстан өрілген 32 таспалы өмілдірік құйысқан, божылар болатын. Кузбастан ауылға келгенде сол қолөнерімен азын-аулақ ұсақ мал жинап бала шағасын асыраған екен.

Кеңес өкметінің кезінде әкей, ауылдағы орыстармен жақсы тіл табысатын. Әскери борышын 1951-1954 жылдары Қиыр шығыста Приморский крайда өтеген. Әкем орыс тіліне бейім болатын, естеліктерін орысша жазған. Міне, менің отбасымның тарихында ашаршылық осындай із қалдырған екен. Әкем осы естеліктерді қағазға түсіріп, қолымен жазып қалдырып кетті.

Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай
Қарағанды қаласы
06 наурыз 2026 жыл.

ҚОСЫМША Е

Ашаршылық куәгері естелік қолжазбасы



Сурет Е.1 – ашаршылық куәгері 1928 жылы туған Исаұлы Сапиолланың қолжазбасынан сақталған үзінді.

Ескерту: қолжазба сұхбат барысында Исаев Ернұр Сафиуллиннің жеке мұрағатынан алынды.



Сурет Е.2 - ашаршылық куәгері 1928 жылы туған Исаұлы Сапиолланың қолжазбасынан сақталған үзінді (жалғасы)

Ескерту: қолжазба сұхбат барысында Исаев Ернұр Сафиуллиннің жеке мұрағатынан алынды.

ҚОСЫМША Ж

Ашаршылық куәгерлерінің кейінгі жылдардағы фотосуреттері

Сурет Ж. 1 - Исаұлы Сапиолла 1946-47жылдары Ташкент қаласында ремесленное училищеде оқыған кезі және 1970-1980-шы жылдары

Сурет Ж.2 - Исаұлы Сапиолланың анасы Омарқызы Бикатша 1900 жылы туған руы Орманшы

Ескерту: фотосуреттер сұхбат барысында Исаев Ернұр Сафиуллиннің жеке отбасылық альбомынан алынды

ҚОСЫМША Р

Ашаршылықтан Сібірге мәжбүрлі босқындар ұрпағы Б. Солтангазиновамен сұхбат

1. Солтангазинова Бахытчан Мургазиновна
2. 1968 жыл Барнаул (РФ) қаласында туған.
3. Мамандығы: заңгер

Мен ашаршылық жөнінде әкемнен естідім. Әкем Нұрғазы Сейтқазыұлы 1916 жылы, анам Кульзия Жұматайқызы 1928 жылы туған. Екеуі де Семей өңірінің тумалары болған. Әкем анасымен бірге Қазақстаннан 1930-шы жылдары ұжымдастыру кезінде ауыл болып, топтасып, арбамен, жаяу шыққан. Себебі, Қазақстанда одан әрі қалса аштан өлетіндерін білген. Қайда барып, тұрақтайтындарын да білмеген. Шамамен әкем ол кезде 15-16 жаста болады. Өздерімен азықтары болмағандықтан жол бойында елді мекендерден тамақ іздеуге балаларды жібереді екен. Азық іздеп кеткендерді ұзақ күте алмай, кешігіп, бір жерде ұзақ аялдаса басқалары аштан өліп қалу қаупі төнгендіктен, көп күтпей әрі қарай жол жүре беретін болған. Әкемнің айтуы бойынша жолшыбай кездескен елді мекендердегі орыстар мейрімділік танытып, оларға картоп, басқа да көкөністер бергеннің арқасында аман қалған. Аштық пен жүруден әбден әлсіреген емізулі балалары бар аналардың кейбіреулері жолда қайтыс болады. Өлген әйелдердің балаларын аман қалғандары бауырларына салып асырап, балаларды бөліп жарып, шететпеген. Бәрін бірдей өз балаларындай асырап, өсірген. Барнаул қаласына тоқтап, сол жердегі «Восточный» деген ауданға орналасады. Сол жерде жер кепелер қазып орналасады. Оны Капай город (жерден қазылған қала) аталып кеткен екен. Кейіннен оларға жер беріп, келген Тобықты руы үлкен бір көшеде орналасыпты. Ол көше бастапқыда Матросова болса, кейін Обводная деп аталған. Әкемнің айтуынша ол жерде тұрған қазақтар ұйымшыл, еңбекқор, пысық болған. Әкем кейін анама үйленіп, өмір бойы теміржолда қызмет етіп, зейнетке шықты. Анам үй шаруасымен айналысып, үйде қарап отырмай қолғап, күртеше тігіп сатқан екен

Әкем мен шешем отбасында 3 қыз 3 ұл тәрбиелеп өсірді. Қазір әрқайсымыздың отбасымыз бар. Менің мамандығым заңгер болағынымен, шығармашлыққа жақынмын. Ашаршылық жылдардағы әкемнің басынан өткізген қиыншылықтарын естіп, өлең шығардым:

Я родилась в России
И Родиной Россию я считаю,
Но пред тобой, родной мой Казахстан
Я низко свою голову сколняю!
Ты – колыбель родителей моих
И любащая мать детей своих,
Которые, уже в годах
Не в силах скрыть слез грусти на глазах.
Истории твоей печальный след
На Голощекинское время пролил свет.

Как голод, натворивший столько бед
На смерть цинично всем вручал билет.
Когда в дорогу собирался стар и млад,
На плечи взваливая свой нехитрый скарб
В путь в неизвестность шли.
Когда теряли близких по дороге,
Их хоронили прямо в поле.
Когда детишки рано сиротели,
То находились руки, что их грели.
В пути стали, как сестра, как брат.
Родной Семей остался позади.
Никто не знал, что ждет
Алтай их впереди.
И хоть жильем землянки стали,
Перселенцы свой поселок Капай-городом назвали.

Әкем өлеңде өзі басынан кешірген оқиғаларды жеткізгеніме ризашылығын білдірген еді. Ашаршылық кезінде әкеммен Барнаул қаласына көшіп келгендер 1990-шы жылдары ғана елге орала бастады. Әкем Нұрғазы Сейтқазыұлы 1999 жылы 83 жасында, анам 96 жасында қайтыс болды. Жақын-жуық туыстары Қазақстанға оралып, елге шақырғанымен өмірінің соңына дейін Барнаул қаласында көшпей қалды.

Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай
Барнаул қаласы
Алтай өлкесі
Ресей Федерациясы
20 сәуір 2025 жыл.

ҚОСЫМША И

Аман қалған ашаршылық куәгерлерінің кейінгі жылдардағы фотосуреттері

Сурет И. 1 - Аштық куәгерлері Сібір өлкесіне (Барнаул қ.) аштықтан мәжбүрлі көшіп кеткен Нұрғазы Сейтқазыұлы, Кульзия Жұматайқызы балаларының ортасында

Ескерту: фотосуреттер сұхбат барысында Б. Солтангазинованың жеке отбасылық альбомынан алынды.

ҚОСЫМША К

Ашаршылық куәгерінің ұрпағы Қ. Жұмашұлымен сұхбат

Тегі, аты-жөні: Жұмашұлы Қанағат

Туған жылы: 1936 жыл

Туған жері: Егіндібұлақ ауылы

Мамандығы, кәсібі: 46 жыл бас есепші болдым, қазір зейнеттемін.

Әкем Шыныбекұлы Жұмаш, шешем Рысбайқызы Рымтай. Аштық туралы әкемнен естідім. 1930-шы жылдары әкем Қарқаралы округі, Қу ауданы Едірей өңірін мекен еткен. Кішкентай ғана 4-5 үйден тұратын ауылда он шақты қойы, 3 сиыры, 4 жылқысы болған. Ауқатты болмаса да соның бәрін тартып алған екен. Әкем Жұмаштың асырауында 13 жан: әкесі, өгей шешесі, екі әйелі мен сегіз ұл-қызы болыпты. Аштықтан отбасындағы 11 жан дүние салып, әкей мен шешеміз Рымтай ғана аман қалыпты. Бүгінгі күнге дейін олардың қайда жерленгенін білмейміз.

Анамыз Рымтайдың басынан өткен азап пен қиындықты айтып жеткізудің өзі қиын. 1931-1932 жылдары қазақ даласын жайлаған аштық нәубеті салдарынан бауырындағы үш құлыншағынан айрылған анам аштықтың салдарынан әкеймен бірге тентіреп, соңынан кейін елге оралған соң да жан тиыштығын көрген жоқ. Жағдай түзеле бастағанда колхоздың жұмысына араласып, науқандық жұмыстардың ішінде жүрді. Едірей, Айрық өңірлерінде құрылған колхоздардың мүшелері қазіргі Шарықты ауыл округіне қарасты Опырмалы деген жерде егін салған.

Әкем айтатын ол кезде қоймада ет толып тұрды, бірақ халықты жолатпады деп. Сендерге ештеңе істемейді, әйнегінен түсіп бірдеме алып келіңдер деп, екі әйелді жіберіпті. Сол әйелдер қоймадан кішкене ет әкеліп, соны пісіріп жеп, бір жұмадай күн көрдік. Балаларын қамап тастап кеткендер де болды. Балалардың аш болғанына шыдай алмай, өлсек көрмей өлейік деп тастап кеткен ғой. Әкем мен шешем үй-іші өлген соң ауылды тастап тамақ іздеп тентіреп кеткен екен. Сол ауылдың маңын кезіп жүре беріпті, айналып жүре берген аштықтан есі ауысқан ғой. Теріп жейтін тау басында жуа да қалмаған ғой.

Ауыртпашылық барлық адамның басына түскен соң, әкем аштық туралы көп айта бермейтін. Қаңғырып жүре бергенін ғана айтатын. Менде көп естіген емеспін. Әкем өте үнемшіл болды, ысырапты ұнатпайтын. Текеметтің үстіне түскен нанның қиқымына дейін алақанына салып жеп отыратын. «Әй шырақтарым-ай, нанның қасиеті атады, сендер не білесіңдер, түкте көрген жоқсыңдар, бастарыңа бермесін. Біздің кезімізде нан алтынмен тең болды. Ысырап жасамаңдар, әр заттың өзінің құны болады» - деп айтып отыратын еді.

Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай
2023 жылы 8 желтоқсан.
Қарағанды облысы
Бұқар-жырау ауданы
Ботақара кенті

ҚОСЫМША Қ

Ашаршылық куәгерінің ұрпағы Д.Е. Ержановамен сұхбат

1. Ержанова Дана Елеусизовна
2. 21.04.1979
3. Қарағанды обл. Қарқаралы қ.
4. әйел
5. қазақ
6.мұғалім
7. Қарағанды облысы

8-21. Ашаршылық туралы әжемнен естідім. Әжем марқұм 1906 жылы туып, 1996 жылы қайтыс болған. Бала күнімде алғаш рет аштық жайлы әжемнен естітінмін. Бірақ сол кезде сондай оқиға болғанына сене қоймайтынмын. Оған да себеп бар. Әкем көп жылдар бойы талмай, демалыссыз Қарқаралы өңірінде жауапты жұмыс-басшылық қызмет атқарды. Әкеміз таң ата кетсе, күн бата жұмыстан келетін, әжеміз біздің тәрбиемізбен көп айналысты. Әжеміз үнемшілдікке, тазалыққа, ас ішіп болысымен дастарханды жинап алуға ерекше көңіл бөлетін. Әкеміздің еңбекпен тапқанын үнемдеп үйренсін деп айтатын шығар деп ойлайтынмын. Әжем: аштық кезінде өз баласының да етін жегендер болған дейтін. Атам- діндар адам болған екен, бір жылқы сойып алып, ұраға тығып тастап, түн ішінде бір кесімнен алып пісіретінбіз, содан бөліп көршілерге тығып, беретінбіз деп айтып отыратын. Атам да, әжем де 90-ға келіп қайтыс болған, сол көршілерінің алғысы шығар деп те ойлаймын.

Отбасымда ашаршылық салдарынан қалыптасқан әдет-дағдылар ретінде өзімнің тамаққа үнемшілдігімді айтуға болады.

Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай
Қарағанды қаласы
12 қаңтар 2026 жыл

ҚОСЫМША Л

Ашаршылық куәгерінің ұрпағы Г.К. Шайжановамен сұхбат

1. Шайжанова Гулзада Карифуллаевна
2. 29.06.1987 ж.
3. Қарағанды облысы
4. әйел
5. қазақ
6. Гуманитарлық ғылымдар магистрі, оқытушы
7. Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданы

8-21. Ашаршылық туралы алғаш рет әжем Иманқұлова Зейнештен бала кезімде, мектепте оқып жүрген шағымда естідім. Апам 1924 жылы туылған. Ашаршылық жылдары 8-9 да болған шағы. Өзінің басынан кешкендерін айтып беретін. Ашаршылық жылдары ата-анасыз сыртқа шықпайтынмыз, ұстап алып жеп қоюы мүмкін деген қорқыныш болды дейтін. Таңертең сыртқа дәретке шыққанда, әр жерде өлген адамдардың дененелері жататын, солдаттар теріп жинап жүретін деп мұңға батып, әңгімелейтін. Кішкентай кезімде нағашыларыма барған кезде үлкен бір қарт апаны көрсетті. Адамдар ол кісімен сөйлесе қоймайды – деп. Неге? деген сұрағыма: «кезінде ашаршылық жылдары адам етін жеген» - деген жауап естігенмін. Сол кездегі әр қазақ отбасының жағдайы қиын болып, күнделікті мақсат тіске басар талғажау іздеу болған.

Сіздер қалай тірі қалдыңыздар? - деген сұрағыма, әжем, ұмытпасам, нағашысы әскери қызметкер болған. Сол кісі бір үзім нанмен бөлісіп, солай аман қалдық, деген еді.

Апам аштықты, кейін соғысты көрді. Бейбіт, молшылық заманның қадірін түсінуге үйретті. Бұл дегеніміз үнемі астыққа толы сарай. Қант, ұн, күріш, тіпті тұзды қаппен алдырады. Азайып келе жатса, бітіп барады деп қайта алғызғанша маза таппайтын. Еш затты жарамсыз деп, лақтыртпайтын. Қаймақты шайқап, майды жуған судың өзінен жеуге жарамды зат жасайтын. Әлі дәмі есімде. Ысырап жасамай, қанағатшылыққа үйретті. Ол әдет бізде әлі де бар. Оны қазір өз балаларымның бойына дарытуға тырысамын. Бұл мүмкін кезінде аштық көрген апамның қорқынышынан туған сақтық әдеті болар...

Біздің жадымызда әсер қалдырарлықтай қалды. Әрине, өзім тарихшы болғандықтан, сол оқиғалардың куәгерінен есту оқиғаны өз көзіңмен көргендей әсер қалдырады.

Ата-бабаларымыздың басынан қандай қиындықтар өткенін сезініп, қазіргі жағдайға шүкір етіп, күнделікті өмірде болып жатқан мәселелердің сол кездердегі қиындықтармен салыстырғанда мүлдем түкке тұрғысыз екенін түсініп, бойға күш алып, серпіліп, басыңды тік көтеруге итермелейді.

Аштықтан қырылғандардың саны есепсіз болды. Осы күнге дейін нақты аштықтан, жұқпалы аурулардан қырылғандардың санын нақтылай алмай отырмыз. Себебі, ғалымдар зерттеу барысында түрлі пікірлер айтады. Сондықтан бұл мәселені жіті зерттеу аса маңызды.

Сұхбат жүргізген: Т.Қ. Сақабай

Балқаш қаласы, 6 желтоқсан 2025 жыл

ҚОСЫМША М

Ашаршылық куәгерлері ұрпағы Е.Б. Абдрахманмен сұхбат

1. Абдрахман Егінбай Бозұлы
2. 14 мамыр 1953 жылы туған.
3. Қостанай (Торғай) облысы, Аманкелді ауданы.
4. Ер.
5. Қазақ.
6. Инженер - құрылысшы.
7. Торғай даласы, Аманкелді ауданы.

8-21. Әкемнің аштық жылдары болған, мынадай бір әңгімесін естігенім бар. Таңға жақын жұрт шырт ұйқыда жатқанда, бос қалған жер үйдің ішіне қамап бағып жүрген ауданның бірінші хатшысының семіз жылқысын ұрлайды. Дыбысы шықпас үшін аяғымды қалың шұлғаумен ғана орап алып, ішінен салынған есіктің тиегін бәкіммен көтеріп ашып кірсем, күзетшісі бір қолында қос ауыз мылтық, екінші қолымен байлаулы аттың шылбырын білегіне орап ұстаған күйі ұйықтап отыр екен дейді. Жалма-жан қолымдағы бәкіммен аттың шылбырын білдірмей қиып жібердім де, тез сыртқа алып шығып үстіне қарғып мінген күйі шаба жөнелдім. Осы сәтте күзетші де оянса керек, сыртқа шығып мен жаққа қарай мылтығын тарсылдатып атып жатыр. Жан тәтті ғой, ат жалын құшып еңкейген күйі біресе оң жағыма, біресе сол жағыма қарай ерсілі-қарсылы жантайып келемін. Абырой болғанда ешқандай оқ дарымады, әйтеуір.

Сол бетіммен өзіміздің ауылға жақын жердегі өзенді бетке алып шауып келемін. Бір уақытта барып, өзеннің талы молдау жеріне тоқтадым да, ат ноқтасының жіңішке қылып өрген арқан жібі ұзын әрі мықты екен, төбесіндегі кекілін қоса орап жуандау биік талдардың біреуінің жоғарғы жағына тарта керіп қатты байлап тастадым. Сосын жаңағы арқанның артылғанын қиып алып, аттың алдыңғы және артқы аяқтарын тұсадым да, екеуін қоса тартып байлағаннан кейін, үлкен бәкіммен атты тамақтан орып - орып жібердім. Сол жерде сойып, сан етінің қалыңдау жерлерінен өзім көтергенімше кесіп - кесіп алып беліме орап алған дорбама салып алдым да, ешкімнің көзіне түспестен үйге алып келдім.

Сол жерде, пеште тұрған қазанға шақтап салып, қайнатып пісіріп жатырмын. Анам айғайлап ұрсып жүр. Ол кісі ондай ұрлық етті өлсе де жемейтін дінге берік, таза адам еді. Оны бұрыннан білемін. Негізгі ойым, ашығып әбден жүдеп кеткен Бибіш қарындасыма жегізу. Етім пісті-ау деген кезде, анамның көзін ала беріп, қарындасыма:

- Мә, же! - десем, оның да жемей қоймасы бар ма.

- Аштан өлесің ғой, жеп ал! - деп зорласам да болмайды. Оның да айтатыны сол, шешесі сияқты: «Арам тамақты жемеймін!» - дейді. Ақыры, жегізе алмадым. Олар, тек, үкіметтің бір айға деп өлшеп беретін ақ тарысымен ғана қоректенеді. Ал әкеме бір жылқының еті, сол жылы қыстай тамақ болыпты. Осы әңгімені кейініректе Бибіш апамнан бір реті келгенде сұрағанымда: «Ол рас. Ондай жағдайлардың неше түрлері болған» - деп құптаған еді. Ал әкемнің

осы бір ісін ұрлыққа жатқызуға бола ма, болмаса өзін аямаған үкіметке деген өшпенділігінен туындаған деп қарап, немесе аштан өлмес үшін амалсыздан жасаған ісі деп оған кешіріммен қарауға бола ма? Ол жөнінде кім не десе, о десін, ал өзім әкемнің сол жасаған істерін қоштаймын.

Аштыққа ұшырап, ағайындарының арасында өлгендер де болған.

Әкем аңшы болған кісі, қақпан құрып, мылтық ұстап, жабайы аң-құстарды аулап күн көрген.

Әкесінің інілерінің (ағаларының) отбасында біраз шығын болған. Оның себебі, 1928-1930 жылдары олардың малдарын байдың тұқымы деп, тәркілеп, өздері «халық жауы» атанып ұсталып, сотталып кетулеріне байланысты. Отбастарын тікелей асырайтын Ер азаматтарының болмауынан, ауданға жақын жерлерге қоныс аударуға тура келген..

Өткеніңді білмесең, болашақты болжай алмайсың! - дегендей, өткен тарихи оқиғаларды балаларға дастархан басында айтып отырған дұрыс.

Ашаршылықтың отбасыңыздың қазіргі өміріне әсері бар деп ойлайсыз ба? Әрине, бар. Аштықта жеген құйқаның дәмі кетпес! - деген емес пе!

Әрине, ондай жағдайлар әке-шешем бар кезінде болды ғой. Әлі де, өзім дастархан басында жиі айтып отырамын. Обал болады, ысырап жасамаңдар! - деп.

Бейсенбі, жұма күндері жеті нан құдайы пісіртіп, міндетті түрде, аруақтарға құран оқып отырамын.

Бұл тақырыпты зерттеу ұрпақ тәрбиесі үшін өте қажет дүние!

Сұхбатты жазып алған : Т.Қ. Сақабай
Астана қаласы
16 желтоқсан 2025 жыл

ҚОСЫМША Н

Ашаршылық куәгерлері ұрпағы К.Б. Даирбековпен сұхбат

1. Даирбеков Кенеспай Бәкірұлы
2. 12.12.1950
3. Қарағанды обл, Қарқаралы ауданы Жаңа жол ауылы
4. Еркек
5. Қазақ
6. Мамандығы, кәсібі :тракторист
7. Қарағанды обл, Ақтоғай ауданы

8-21.Менің отбасымда ашаршылықты ата-әжем басынан өткерген екен. Мен ол туралы кейіннен әке-шешемнен естідім. Естуімше ашаршылыққа дейін ата-бабамыздың туған жері Ақтоғай ауданы, Қызыл-арай елді мекені болған екен. Менің руым Майлық. Ашаршылық кезінде мал-мүліктен айырылып біраз Майлық руының адамдары Қарқаралы жеріне қарай Жаңа-жол (бұрыңғы атауы Қу мая) деген ауылға көшкен. Осы ауылда бір рудың адамдары тұрды. Ашаршылыққа қатысты білетінім осы. Қалай аман қалғаны туралы естімеппін. Отбасымда ашаршылық салдарынан қалыптасқан әдет-дағдылар, қорқыныштар, сақтықтар қазіргі кезде жоқ екен. Қазіргі ұрпақ ата тегінің жері Ақтоғай екенін біледі. Ашаршылықтан аман қалып, келер ұрпағы үшін жандарын құрбандыққа тіккен ата-бабалардың батырлығын, көнбістігіне қайран қаламын.

Сұхбатты жазып алған: Т.Қ. Сақабай
Қарағанды қаласы
12 қаңтар 2026 жыл

ҚОСЫМША П

Малдың ішек-қарнын тапсырудың маңыздылығы, оны тазалаудың әдістері көрсетілген үнпарақ

КОЛХОЗНИК и ЕДИНОЛИЧНИК!

ПОМНИ, что КИШКИ—ЗОЛОТО.

Собирайто бережно, не рвите, не выбрасывайто бараньи и козьи кишии, осзободита их от кала и сдавайте Разнозкспорту или потребнооперации.

Кишки вывозятся за границу, и взамен мы получаем машинное оборудование

Собирать нужно бараньи и козьи черева (тонкие кишки)— это дело нетрудное

ЦЕНЫ

на бараньи череаа (тоиние кишки) в зависимости от породы барана.

	Русские	Смеш.	Мелкын.
1 сорт 1 конец (допуск. до 2-х дыр)	1 р. —	1 р. 20 к.	1 р. 80 к.
2 сорт 2 конца без дыр	28 к.	36 к.	1 р. 20 к.
1 сорт 1 конца без дыр	18 к.	36 к.	36 к.
4 сорт 4 конца безз дыр	18 к.	40 к.	66 к.
5 сорт 5—8 концов без дыр	18 к.	36 к.	—42 к.

апоини правила сборки и хранения баньих и козьих черев (тоиние кишии):

1. Из овцы надо вымать череву сейчас в после того, как ее зарежут.
2. Черевy надо вымать сразу за два конца, один конец оторвать от синюги (слепой кишки), а другой от сычуга (желудка. см., рисунок).
3. Старайся черевку не рвать и е резать, — еем пельнее кишка, тем она ценней.
4. Вымотав всю черену из барана, надо из нее выпустить весь кал (содержимое), начиная отжатие кали от середины черены сразу с обоим коннам.

5. Останавать кал и черевке нельзя, ибо это вызовет порчу кишек, образуя зеленые и черные пятна, делающие черева браком.
6. Очистку от кала следует проделать два раза, первый раз слегка, а второй раз начисто.
7. После очистки от кал череаа связывают как возжи, споласкивают в воде и для охлаждения скалывают на чистую доску или рогожу.
7. Собранные кишки настуу хорошо посолить и положить в крепкую деревянную посуду не пропускающую рассол, до сдачи сборщику.
9. Кишки нельзя замораживать.
10. Хранать засоленные кишки в зимнее время в теплом помещении (погребе), а а летнее время прохладном.
11. Цельная череаз имеет от 25 до 30 метроа.

Нотда везошь мясо для продажи, не забудь обязатольно взять кишки—без предъявления кишен или неитанции о сдаче их Мясоконтродьная станция (встпункт) не заклеймит мясо.

Каждая колхозная форма, каждый совхоз, забивающие баранюи коз, должны обязательно собрать кишки и сдать государству.

РАЗЗАГОТСПОРТ ЦЕНТРОСЫРЬЕ

Ескерту- дерекөз: Қарқаралы аудандық мемлекеттік архивы Қ. 2 Т.1 І. 9. П.77.

ҚОСЫМША Ө

Астық дайындау науқаны кезіндегі кеңестік идеологияның саяси-насихаттық жұмысын көрсететін Д. Бедный өлеңі



Государству хлебосдача
Тем-то так и дорога.
С хлебосдачей незадача —
Потому-то лют враждебный
Кулачья вороный, карк:
Ведь обоз наш каждый хлебный —
Это наш снарядный парк.

Это наш колхозный улей,
Трудовой советский рой,
Каждым зернышком, как пулей,
Поражает вражий строй.

Тут не может быть урону.
Не допустим мы никак,
Чтеб под нашу оборону
Подкопался вор-кулак.

Потому-то так мы строги
К похитителям зерна.
Нет для них иной дороги,
Как туда, где дверь верна,
Где окошко за решеткой,
Где безвреден вражий вой,
Где походкой ходит четкой
Наш советский часовой.

Рис. Н. Ногоут

Демья́н Бедный

Ескерту-дереккөз: Қарағанды облыстық мемлекеттік архивы. Қ. 15. Т.1. І.2. П. 5а.

ҚОСЫМША С

1934 жылы Қарқаралы округін С.М. Кировпен бірге аралаған
К.П. Ботовтың естелік қолжазбасы



Сурет П.1 – К.П. Ботовтың қолжазбасынан сақталған үзінді.

Ескерту: қолжазба К.П. Ботовтың немересі А.Ю. Самохиннің жеке мұрағатынан алынды.